



АЗАҚ,
ЕТЕКТИВІ

А2008
3157К

Кемел ТОҚАЕВ


ТҮНДЕ АТЫЛҒАН ОҚ





Кемел ТОҚАЕВ

ТҮНДЕ АТҒЫЛҒАН ОҚ



“Елорда”
2007

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНІЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Тоқаев К.

Т 52 Түнде атылған оқ. *Повестер.*
– Астана: Елорда, 2007. – 368 бет.

Кітапты құрастырып, баспаға дайындаған
Тұрлыбек Мәмесейіт.

ISBN 9965-06-472-5

Кемел Тоқаев – артына мол мұра қалдырған қаламгер. Оның әр жылдарда жарық көрген повестері мен романдары оқырманның ойынан шығып, өз бағасын алған еді.

Қолдарыңыздағы жинаққа автордың бұрын жарық көрген «Сарғабанда болған оқиға», «Қастандық», «Түнде атылған оқ», «Таудағы жаңғырық» атты повестері еніп отыр. Төртеуінде де тәртіп сақшыларының қылмыскерлерді ашудағы табанды қимылдары, аңыз болар ерен істері суреттеледі. Отан алдындағы парыз, адалдық, тергеу кезіндегі қара қылды қақ жарған әділдік - кітапқа енген шығармалардың негізгі арқауы.

Повестердің сюжеті ширақ, оқиғалары шынайы, тартымды оқылады.

Т 4702250201-421
00(05)-07

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-06-472-5

© Тоқаев К., 2007.

© “Елорда”, 2007.

ҚАСТАНДЫҚ



БІРІНШІ ТАРАУ

Қаудырлақ көнетөз плащ киген, шүңірек көз, жирен сақал, арық адам қылмысты іздеу бөлімінің бастығына келді. Есікті ашып, босағада бір сәт тұрды. Қабырғаға тақау қойылған стол басында біреу шұқшия қағаз жазып отыр. Бұл майор Кузьменко екенін жирен сақал айнымай таныды. Ақ көйлекке зерлі қара галстук таққан. Ол кірген кісіні өз қызметкері деп білді ме, зейін қоймады. Сары сақал Кузьменконың назарын өзіне аудару үшін ақырын ғана жөтелді. Кузьменко басын шұғыл көтеріп, босағада состиып тұрған адамға қадала қарады. Сары сақал күйбіжіктеп, жасықтау үн қатты.

— Жолдас начальник... Мен... мен сізге келіп едім... Мен бір бақытсыз жанмын...

— Отырыңыз!— деп Кузьменко орындық ұсынды.— Не боп қалды?

Сары сақал күс басқан жалғыз қолымен тер сіңген кепкасып мыжғылап, булығып сөйлесі алмай, көз жасын төгіп-төгіп жіберді. Кезерген еріндері жуыспай дір-дір етеді. Бірдеңе айтайын десе, қояншық ұстаған кісідей аузы көпіріп, көзі аларып, қалшылдап кетеді. Аздан соң:

— Мен... мен... начальник жолдас, сізге келіп едім,— деп шұбатылған сілскейін сұртті.— Осының бәрі контузияның әсері. Өткен соғыс талай қыршынды қор қып кетті ғой. Мынау соның табы. Күйзелгенде осылай аздап беймаза ететіні бар,— деді де, сөзімді тыңдап отыр ма, жоқ па дегендей Кузьменкоға абайлап қарады.

— Кел, танысайық, аты-жөніңіз кім? Петрушкин Андрей Алексеевич дейсіз бе? Жақсы. Әдетте ересек кісінің ұстамды болғаны жөн. Өзіңізді қинағанмен іс бітпейді.— Кузьменко стаканға су құйып, оның алдына қойды.— Иә, Андрей Алексеевич, айта беріңіз. Сізді тыңдап отырмын.

Петрушкин қолы қалтырап, суды әрең жұтты да, күрсініп демін басты.

— Сізге әдейі келдім, начальник жолдас... Мен бақытсыз сорлымын. Табан астында қу құдай кәріпшілікке душар етті. Әйелімді іздеп жүрмін. Көз алдымда ғайып болды.

— Әйелімді дейсіз бе? Жоғалғаны қалай? — Петрушкин майордың күдіктенгенін байқаған секілді.

— Құдайдың күдіреті, бұл жұрт мені мәжнүн санайды, әйтеуір сенгісі келмейді. Кембағалдығым ба, әлде бас терім келіспей ме, болмаса есінен ауысқан әумесер дей ме, қайда барсам да сөзім өтпейді.

— Сіз кім туралы айтып отырсыз?

— Аудандық бөлімшеде қайыс қара, шақша көз лейтенанттарың бар екен ғой. Жаңылмасам, Байкин деді ғой деймін. Бәлкім, фамилиясын бұрмалаған шығар. Біз сияқтыларға кім дұрыс жөнін айта береді дейсіз.

— Аудандық бөлімшеде қашан болдыңыз?

— Мен онда жиі барып тұрамын. Кеше де болдым, — деді Петрушкин екі иығын көтере кең тыныс алып. — Осы күні жұрт қиын. Момын жанды жәбірлеуге жаны құмар-ақ. Әйтпесе жөн сөзін айтып көмектеспей ме? — Петрушкин қатты сұрланып: — Айласыз, әлсіз шығармын, әйткенмен азамат емеспін бе? Неге бүйтін қорлайды. Әлде кубас, жоқтаушысы жоқ дей ме скен! Менің де кеудемде жаным бар. Елдің сайқымазағына көне алмаймын. Төменгілер сөзімді тындамаса, тура жоғары бастықтың өзіне барам.

Ашу үстінде Петрушкиннің соқпа ауруы ұстап, тағы күйзеліп қалар ма скен деп еді, өйтпеді. Үні қатқыл, айқын. Мүләйім, былжыр емес.

— Мұңыңызды шақпай жатып, дау айтқаныңызға таңым бар, Андрей Алексеевич. Шағымыңызды айта беріңіз — тындап отырмын!

Кузьменконың сезіктенгенін аңғарғандай Петрушкин лезде құбыла қалды. Тағы жылап-сықтай бастады. Сөзін ұғу қиын. Әйелінің атын атаса, боздап қоя береді. Мұңын жеткізе алмай қиналады. Әлгінде ғана айбар көрсеткен Петрушкинге ұқсамайды. Петрушкиннің ұзақ әңгімесінен оның ұққаны мынау болды: Петрушкиннің әйелі екі кештің арасында ың-жыңсыз ғайып боп кеткен. Алғаш Петрушкин мән бермейді. Күн өтсді, іздей бастайды. Таныс үйлерден сұрау салады.

“Көрдiк, бiлдiк” деген жан кезiкпейдi. Көнiлiне корқыныш алып, аудандық милиция бөлiмшесiне барады. Ондағылар: “Таныстарында қыдырып жүрген шығар әбiгерленбе”, — деп қайтарып жiбередi. Арада тағы бiрнеше күн өтедi. Петрушкин аудандық бөлiмшеге тағы келедi. Соңғы жолы барғанында адресiн жазып алыпты.

Майор Кузьменко бiр сәт ой үстiнде отырды. Майордың жылы шырайын байқады да, Петрушкин ашыла сөйледi:

— Шiркiн, әйелдiң еркелеткен назына не жетсiн. Шаршап-шалдығып келгенде балаша қуанып, қарсы алушы едi. Кемтарлығымды слетпей, жұртқа бүтiн ғып көрсететiн. Қызғанышым да, қызығарым да сол Матрена Онуфриевна едi. Ендi кiмге керекпiн мен? Қалған тiршiлiк ит үйшiгiнiң жанында өткенi ме? Тым құрыса, алдыма алып алданыш етер балам да жоқ! — Петрушкин бұрыла берiп, көзiнiң жасын сығып алды.

Бөлме iшiн бiр сәт тыныштық басты. Кузьменко үндемей тыңдап отыр. Петрушкин өзiне қадалған көзден жүзiн тайдырып:

— Көмегiн аямас, жанашыр жоқтаушы болар деп өзiңiзге келдiм. Шет қақпақыз. Өтiнiшiм осы, — дедi.

Реңi тайған, кембағал, мосқал жалқы адамның жалғыз сүйенiшi, әрине, үйiндегi жары болмақ.

Петрушкиннiң күйiн осылай түсiнген Кузьменко оның жылап-сықтағанын сөге қоймады. “Казбек” папиросын алдына қойып:

— Темекi тартыңыз! Қандай папиросты қалайсыз? Мен “Казбек” папиросына дағдыланып кеттiм, — дедi.

— Қымбат затты ауыз талғамайды ақша тандайды ғой. Тартқан соң құтылы папиросқа не жетсiн! Жас кезiмiзде таршылықтың зардабын көп тарттық та, жылтыр затқа әуестенбей өстiк. Болса махорка, бұл жоқта жылқының қиын орап тартып жүрдiк. Махорканың ащы түтiнiне үйренiп кеткендiктен бе, құтылы темекiнiң дәмiн ажырата алмаймын, — деп Петрушкин қалтасынан махоркасын алып, орай бастады.

Кузьменко асықпай отырып, Петрушкиндi сөзге тартып, болған оқиғаны ұқпақ едi. Сол мақсатына жеткен тәрiздi. Петрушкин орындыққа жотасын тiреп, шалқалап отырып, жайбарақат әңгiмеге кiрiстi:

— Кiсi бiрдемеге әдеттенсе, оны тастауы қиын екен. Менiң кемпiрiм, байғұс, сүйексiз тамақ жасамайтын. Қуырдақ

қуырса да омыртқа, қабырға секілді бірдемелерді майдалап шауып, етке қоса салатын. Тісіміз сүйекке тимесе, тамақ ішкен құрлы болмайтынбыз. Мен ет комбинатында ит үйретушімін ғой. Иттер сүйекке таласып, ырылдап жұлқыласып жатқанда менің де тісім сыздап кетеді. Кісі сүйекті де сағынады екен. Осындайда кемпір байғұс еске түседі.

— Неге кемпір дейсіз? Сізден кәрі ме?

— Жоқ-а, менен үш-төрт жас қана үлкендігі бар болатын. Өзін қыздай алғаным жоқ. Соғыстан кейінгі қиын жылдарды өзіңіз білесіз ғой. Госпитальдан әбден жүдеп шықтым. Жас кезімдегі ұстама ауру қайта қозды. Өзім болсам кембағалмын. Менде қатын тандарлық қай күдірет бар? Сүйретіліп жүріп, осының дайын төсегіне біртіндеп кіре бастадым. Алғаш “кемпір” деп жүріп, соған аузым үйреніп кетіпті.

— Қазір сол Матрена Онуфриевнаның үйінде тұрасыз ба?

— Ол үйден көшкенбіз. Былтыр жаңа үй салып алдық. Матрена байғұстың ескі тамын бұзуға көзім қимады, оны кілет жасадық. Үйге шыбын-шіркей үймелемесін деп, жазда тамақты сонда ішеміз.

Майор Кузьменко папиросын күл салғышқа мыжғылап өшірді де:

— Еркек деген қыжыр халық. Оның адам сүймейтін қылығы аз емес. Болымсыз нәрсеге тулап, бұлданатынымыз бар. Жалпы семья арасында кикілжің болмай тұрмайды. Солай емес пе? Бәлкім, Матрена Онуфриевнаны ренжітіп алған шығарсыз?

Петрушкин майорға таңдана қарады:

— Мен Матренаны тілдеймін бе? Құдай сақтасын, атай көрменіз. Бұлай дегеніңізге әуелі ренжір едім. Бірақ сіз біздің қалай тұрғанымызды білмейсіз ғой.— Ол өңменінен өткен салқын көзден жүзін тайдыра беріп, ауыр күрсінді:— Сіз маған қарағанда жассыз. Осы күнгінің жастары кәріпке ұшыраған кәрінің жанын ұға бермейді. Серіксіз, баласыз кәрі тірлік тиянағы жоқ тайғақ неме екен. Өзіңіз ойлаңызшы, сол кемпірді не бетіммен ренжітемін. Оны жәбірлегенше мүрдем кетсем қайтеді! — Ол қабағы түсіп төмен қарады. Көз шарасы жасқа толы, екі-үш тамшысы сақалына тамды.

Кузьменко еркектің жылағанын жек көруші еді. Қандай қасірет кешсе де еркек мойымауға тиіс деп ұғатын. Ол әңгімені одан әрі созбады. Петрушкин кеткеннен кейін аудандық милиция бөлімшесіне телефон соғып, оның арызын алдырды.

ЕКІНШІ ТАРАУ

Арыз тор көз дәптердің парағына ірі әріппен жазылған екен. Көмескі түскен әріптер қою сиямен түзетілген. Түзетілген әріптер майдалау, арыз иесінің қолына ұқсамайды. Милицияға берместен бұрын біреу қарап, мұқият тексерген секілді. “Кемпірден басқа тілдесетін жанашыр кісім жоқ” деген сияқты еді. Мынау сырлас, ниеттес кісінің қолы сияқты...

Кузьменко арызды әрі-бері парақтап, басынан бастап қайта оқи бастады. Арызда былай деп жазылыпты:

“Л. аудандық екінші милиция бөлімшесінің бастығына! Уфа көшесінің № 3 үйінде тұрушы А.А. Петрушкиннен

АРЫЗ

Жолдас начальник, мосқал жасымда мен үлкен бақытсыздыққа ұшырадым. Бақытсыздық демей не дейін. Он жыл отасқан зайыбымнан көзбе-көз айрылдым. Әңгіме былай болған еді: Пасха алдындағы жексенбіде әйелім қоярда қоймай базарға сүйреді. Зауқым соқпаса да, маған костюмдік мата алам деген соң, еріксіз ыркына көндім. Құдайдын өзі сездірді ме, кежегем кейін кетті: “Бармасак қайтеді, онан да бір жартылық алып, үйде демалып отырайық”, — деп өтіндім. “Мені сәндегеннен жасармаймын!” — деп қырсыктанып бақтым. Өзінің бет алған жағынан қайтпайтын әдегі бар еді. Қырсығып көнбеді. “Осы байғұсты ашуландырып қайтемін, менің қамымды жасап жүр ғой”, — деп ақыры ыркына көндім. Бір құдай азабына, не ажалына басты ма, жайма базарға түстік. Базар ығы-жығы. Ескі-құсқымен сауда жасаушылар көп. Жаңа зат аз. Көздеген затымызды ала алмадық. Матасы кезіксе, пұлымыз жетпей, пұлымызға сай келгенде, матасы ұнамай, әбден әурелендік. Матрена айтқанынан қайтпайды дедім ғой. Күнәкар болсам бір құдай өзі кешірсін. Дел-сал боп шаршағанымызға карамай, қала дүкендерін араладық. Күн кешкіріп қалған еді. Комиссионка магазинінің алдында жұқа өнді әдемі келіншек тап болды. Шашын дөңгелетіп, желкесін қырғызып, балаша алдырыпты. Өзі тілді неме екен. Біздің анқау әйелді әп-сәтте үйіріп әкетті. Әйелдердің оңай тіл табыса қалатын әдеті емес пе? Әрнемені бір шатып магазин алдында тұрып алды. Сөздері таусылатын емес.

“Кетейік!” деп тықыршып қасына барғанымда, Матрена: “Ей, саған не болған, кішкене қоя тұршы!” — деді де, менен кұтылғысы келді ме: “Үйге бара бер. Сен балпаңдап жеткенше, мен де келем. Ерте барсаң кастрюльді плитканың үстіне қоя сал”, — деп кұлағыма сыбырлады: “Өзіңе әдемі костюм әкелем, аландамай жүре бер!”

Мен байғұста қарсыласуға дәрмен жоқ қой. Сүйретіліп үйге қарай кеттім. Келісімен ыдыс-аяқтарды жуып, пельмен пісірдім. Матренаны күтіп әрі отырдым, бері отырдым. Қас қарайын, ымырт жабылды. Есік алдына қайта-қайта шығып қараймын. Келмеді. “Әлгі сойлескен әйелдің адресін сұрап алмаған екенмін-ау” деген ойға келдім. Иесіз үйде доңбекшіп, таңды көзіммен атырдым. Матрена ертеңіне, оның арғы күні де келмеді. Сөйтіп ол көз алдымда ғайып болды...”

Бұдан кейін жүзі таныс адамдардан сұрастырғанын, бүкіл қаланы шарлаған хикаясын жазыпты. Арыз соңына: “Қалалық ет комбинатының күзет итін үйретуші А. Петрушкин” деп қол қойған.

Майор Кузьменко арыз үстінде бір сәт ойға кетті. Әдетте, өз өмірін баласыз оңаша өткізген кәрі әйел күйікшіл, мұндар болмақ. Әрі кілт етпе кінәмшіл келеді. Әрине, жасы асып ақыл тоқтатқан Матрена Онуфриевнаның мұндай шайпау мінезі болмас. Әйткенмен оған тырнақтап жиған дүниесі, мүлкі, үйі бәрінен қымбат болса керек еді. Ол қандай жағдайда болмасын, үйін иесіз тастап кете алмайды. Тіпті күйсеуімен ажырасқысы келгеннің өзінде де тиесі мүлкін сұрап бір келуге тиіс. Ал ол бар дүниесінен безіп кеткен. Оның мұндай жағдайға баруының себебі қалай?

Кузьменко өз сұрағына өзі жауап іздеп көрді. Бірақ ойын тиянақтай алмады. Өз долбары өзіне қайшы келді. Бақытсыздыққа ұшырап қалды ма дейін десе, қалада ондай оқиға тіркелмеген. Басқа қалаға кете қоюының жөні жоқ сияқты. Петрушкиннің айтуынша, Матрена Онуфрисвнаның жанашыр жақыны жоқ.

Майор Кузьменко алдында жатқан арызды тағы бір шолып өтті де, тергеушіні өзіне шақырды. Капитан Карпов шабандау жігіт болатын. Әдетінше балпаңдай басып, майордың қасына келді.

— Отырыңыз, Григорий Матвесвич. Біз өткен жолы ісіміз сәтті өтті, көздейсоқ оқиға болған жоқ деп бар жерге жар салдық. Ал шаңқай түсте бақандай бір адам жоқ болып кеткен.

Қайда жүр? Ешқайсымыз білмейміз. “Кісім жоғалды, арызымды тындамады!”— деп Петрушкин зар қағып ол жүр.

Майор Кузьменко Петрушкинмен арадағы жайды айтып түсіндіргенде, капитан Карпов абыржи қоймады:

— Жай. Петрушкиннің өзі беймазалық жасап жүргені ғой. Әйтпесе шаңқай түсте кісі жоғалушы ма еді?

— Сонда ақырын күт дейсің бе? — Капитан Карпов күмілжіп қалды.

— Мен олай дегенім жоқ.

— Егдс адамның мұндай саяхаты, Григорий Матвеевич, әрдайым тоймен біте бермейді. Меніңше, бізге мәлімсіз, көмескі жай секілді. Арнайы іс қозғаған жөн. Алдымен барлық милиция бөлімшелеріне телефон соғып ал. Әркім өз участогын мұқият тексерсін. Үй кітабына тіркелмеген келіметім кісілерді анықтасын,— деді де, Петрушкиннің арызын сейфке салды.— Ол жаққа өзім барып қайтам.

— Құп болады!— деді де ол Кузьменконың шыдамсыздығына іштей танданып кетті.

Майор Кузьменко көп бөгелмеді. Карпов кеткеннен кейін, іле-шала аудандық милиция бөлімшесіне аттанды.

Кіре берісте телефон түбінде қалғып отырған кезекші кіші лейтенант ұшып тұрып, майордың қойған сұрағына мүдірмей жауап берді. Бастықтардан ешкім жоқ екен. Аудандық партия комитетінің бюросына кетіпті. Кузьменко демалыс бөлмесіне бұрылып есікті ашқанда, түкпірде диван үстінде отырған біреуді көрді. Беті газетпен бүркелген. Сырт тұлғасы таныс.

— Бұл кім?— деп дауыстады да:— Ә-ә, Майлыбаевпысың? Амансың ба, Талғат. Мына отырысыңнан өзінді тану қиын. Көзілдірік салғанда кәдімгі ғұламаға ұқсап қалады сенсің? Кәне, не оқып отырсың? — деді.

Кузьменкоға амандасып, орнынан атып тұрған Майлыбаев:

— Жәй, әншейін, майор жолдас. Қызмет алдында көз жүгіртіп шығайын деп едім,— деп көзілдірігін алып, төс қалтасына салды.

— Газетте не жаңалық бар екен?

— Махаббат жайында әңгіме қозғапты.

— Махаббат дейсің бе? Алдымен ойда жоқта жоғалып кеткен мына кісіні табайық,— деп Петрушкин жайын әңгімелесп шықты.— Елудегі естияр адамның із-түзсіз ғайып боп кеткені маған ұнамайды. Менің бұл қылығым кейбіреуге

ұшқалақ көрінетін шығар. Бірақ мен бұл істі елеусіз қалдыра алмаймын.

— Сіз Петрушкиннің айтқан сөзіне сенесіз бе?

— Сенбеуге дәлелім жоқ.

Майлыбаев үндемеді. Оқиға оған жұмбақ та, қызық та көрінді. Істің анығына жетпей бастығы алдында кесімді пікір айтуды ыңғайсыз көрді.

ҮШІНШІ ТАРАУ

Темір жол мен тас жолдың түйіскен жерінде жолаушы пойызының өтуін күтіп ұзақ тұрған машина қима жолдан өткенде қалың ағаш арасынан жыпырлаған жұмысшы поселкесі көрінді. Үйлер түзу көшенің бойымен біркелкі салынған. Өңшең ақ шатырлы қызыл үйлер.

Кузьменко мен Майлыбаев қалың поселкенің ішінен Петрушкиннің үйін іздеді.

Петрушкин үйінде жоқ болып шықты. Қабырғасын көтеріп биіктетіп салған ұзынша көк шатырлы үй қойма тәрізді. Төңірегін тақтаймен саңылаусыз қоршап тастапты. Қоршаған тақтайын да көк сырмен сырлаған. Жат кісінің иісін сезді ме, танадай көкжал төбет шынжырын жұлқып, арсылдап үріп, қақпаның үстіне секіреді. Алдыңғы аяғымен қабырғаға асыла қалады. Шынжырдан босанса сыртқа атып шығатын түрі бар. Кісінің айбатынан сескенетін емес. Табаны табақтай, нағыз қасқыр төбет. Аяғы талғанда қайта секіріп, дарбаза астындағы саңылауға тұмсығын тығып, қылыштай азу тісін ақситады. Көзі қанталап, от боп жанып тұр.

Қақпа алдында екі адамның тұрғанын көрген жас әйел көшені қиып оларға қарсы жүрді. Шамасы, ол Петрушкинге араласып тұратын кісі секілді. Көрші үйлердің иттерін шулатып беймазалық жасаған төбетке зекіп, тебініп қалды:

— Кет әрмен, үнінді өшір, оңбаған! Кісі көрмегендей мұнысы несі екен?— Көкжал төбет әйелге несіндей бой ұсынып, аспанға бір үріп, қыңсылап, қора түкпіріне кетті.

Әйел жас. Отызға жетпеген. Дене тұлғасы тіп-тік, әдемі. Тек бет пішіні ажарсыздау, көздері қыли біткен. Ол арагідік бөксесін бүлкілдетіп, Кузьменкоға қырындау тұрды. Қырынан қарағанда кескіні сұлу секілді. Көзінің қитарлығы байқалмайды. Майор Кузьменко әйелдің дәмелендіріп, құбылып тұрғанын байқамаған кісідей:

— Тәңір алғыр, өршеленіп, өшігіп тұр еді. Сізді таныды білем. Үні өше қалды,— деді де, қақпаға қарай иек тастады.— Үй иесін де жақсы білетін шығарсыз.

— Сіздің сұрағыңызды ұға алмадым. Көршілік жағын сұрап тұрсыз ба, әлде әйелге деген ықыласыңыз ба?

— Өзі жарымжан адам, жасы да келген, әйелді еліктіре қоятын қайбір қауқар бар дейсің?

— Тапқан екенсіз, кәріпті!— деп әйел сықылықтап күлді.— Өңмендеп кіріскенде сауыңызға дес бермейді. Қазір байгүс кемпірін жоғалтып, сағы сынып жүр. Қанша жек көргеніммен бір төсекте жатып үйреніп қалған емес пе?

— Петрушкин әйелін ұнатпаушы ма еді?

— Құдай-ай, басқанын қатынына барғанда оны “сүйдім, күйдім” деп өліп-өшеді де, өзінің әйелін жатып жамандайтын еркектің әдеті емес пе? Кейін алды-артына қарамай үйіне қарай безеді. Бұл да сондай сұмпайының бірі.

Майор Кузьменко әңгімелесе келе әйелдің аты-жөнін білді. Аты — Глафира, фамилиясы — Данишевская. Әкесінің атын айтпады.

— Әкемнің атын қосақтап айтатындай жасқа жеткенім жоқ. Қартайғанымды мойындағанда өзім барып айтамын.— Ол оң қолыммен мықынын таянып:— Шолақты іздессендер, ол жұмыста, ит үйшігінің қасында отыр. Ал мен керек болсам — үйім мынау, кіріңіздер! Барымды аямаймын, жоқты сұрамайсыздар,— деді.

— Матрена Онуфриевна хабарсыз кеткелі бұл үйде болдыңыз ба?

— Жоқ, өзі жөн біліп шақырмаса, еркек үстіне қалай кірем. Осы күні көрші-қолаң деген қиын, ауыздарына сөз тұрмайды, өсектеп ала жөнеледі. — Глафира әлдене есіне түскендей Кузьменкоға шұқшия қарады: — Сендер, өздерің кімсіңдер? Қайдан жүрсіндер?

Кузьменко куәлігін көрсетті.

Глафира басын ұстап:

— Милиция! Құдай-ау, мен не көкіп тұрмын?— деді де байсалды үнмен:— Менің жаңағы сөзімді шын көріп жүрмеңдер. Тегін жатқан мал жоқ...

Глафира Петрушкиннің үйімен бір кезде қатты араласып тұрған екен. Алғаш Матрена қызғаншақтық көрсетіпті. Кейін Глафираның зілсіз, ашық мінезін білген соң, онысын қойыпты. Әуелі пасха алдындағы демалыста бәрі жайма

базарға бірге барған. Күні бойы жайманы бірге аралайды. Одан әрі не болғанын Данишевская білмейді. Глафираның өз басы кемпірдің зым-зия жоқ боп кеткенінен шошынады. “Жас күйеуін уысынан шығармай сақ ұстайтын әйел бұлай ұзақ жүрмеуі керек еді”, — дейді. Матрена хабарсыз кеткелі Петрушкин күрт кеткен. Глафираммен қалжыңын да қойыпты.

— Қанша сыланғанмен еркекке елу жас аз емес қой. Отын жағып, түтінін түтетіп отырған таянышынан айырылу оңай ма оған. Өзі де милау боп кетті білем. Тіл қатсаң, құлағы қалқиып, мсңіреу кісідей мелшиіп тұрады. Ол байғұстың шағымын да слемейтін көрінеді. Арызданып барса, милициядағылар өзін мазақтап қуып шығыпты. Тірегі жоқтың күні осы да! — Глафира өзінен-өзі долданып барып тоқтады.

Майлыбаев танданған пішінмен:

— Петрушкинді қуып шығыпты дейсіз бе? Оны сізге кім айтты? — деді де, майорға қарап: — Байқадыңыз ба, бұлар істің байыбына бармай, бүкіл милицияны қаралайды, — деді.

— Жігітім, сен жассың. Бойыңа қатандық әлі дарымаған шығар. Олармен істес болғаным бар.

— Егер сіз милициямен бұрын таныс болсаңыз, сыр сақтауды білетін шығарсыз, — деді Кузьменко. — Біздің бұл үйге келгеніміз жайында жан адамға айтушы болмаңыз. Келістік пе?

Көшенің екінші бестінде қалқада тұрған машинаға келіп отырғанда, Талғат:

— Петрушкиннің қарап жүрмей, милицияны жамандауын қарашы. Ол өз мұңын шаққан болып, бүкіл көршілерін бөлімшедегі қызметкерлерге қарсы қойған. Бұған қалай қарайсыз? — деді.

— Петрушкинді кінәлау қиянат. Жардай сүйенішінен айрылған адам не демейді. Осының бәрі Байкиннің парықсыздығынан туған әңгіме ғой, — деді Кузьменко.

Майлыбаев бұл поселкеге учаске милиционері болып жақында тағайындалған еді. Үйлерді түгел араламаған. Адамдары да таныс емес. Петрушкиннің кім екенін де білмейді.

Машина ет комбинатына тақағанда:

— Сенің орнына уақытша Байкинді тағайындасақ қайтеді? Сен бұған қалай қарайсың? — деді Кузьменко.

— Менің өз орнымда болғаным істің тезірек шешілуіне көмектеспей ме?

— Қайта іс қиындап кететін сияқты.— Кузьменко сәл отырып, оқыс сұрақ қойды:— Сен қалай ойлайсың, кемпір қайда кетуі мүмкін? Адасты деудің жөні жоқ. Қаланың кәрі тұрғыны.

— Тымырсық әйел күйеуіне өз қадірін білдіргісі келген шығар.

— Сонда жан-жаққа сұрау салып іздеу керек пе?

— Қылмыс жасаған жоқ, іздеп қайтеміз?

— Басқармаға барған соң, тағы ақылдасып көрелік.

* * *

Комбинат ауласы далиып жатыр. Кең. Қасап жасап жатқан цех жақтан қан-жынның иісі келіп, мұрныңды жарады. Түкпірде, ауланың шеткі бұрышында үйілген тақтай үстінде екі тізесін құшақтап біреу отыр. Майор Кузьменко Петрушкиннің қарасын алыстан танып, Талғатты тоқтата берді.

— Талғат, сен осында қал. Жалпы сені Петрушкиннің білмегені жөн. Өз ойымды кейін айтам.

Кузьменко ауланы өрлеп жалғыз кетті. Талғат майордың ту сыртынан қарап тұр. Шамасы, тақтай үстінде отырған адам майорға назар аудармаған секілді. Кузьменко жақын келгенде де ол мойын бұрған жоқ. Есі ауысқан әумесер кісідей өзінен-өзі күбірлеп, кішкене бормен тақтай бетін сызғылайды. Жеңімен дереу өшіріп, қайта жазады.

— Сәлеметсіз бе, Андрей Алексеевич? Хал-ахуалыңыз қалай?— Майор тақау келіп кенет сұрақ қойғанда ол жалт қарады. Сол сәт өңі қашып, құп-қу боп кетті. Сәл аңырып тұрды да, беті тыржиып, жыларман түрге келіп, кепкасын алып басын ізей берді.

— Жолдас начальник, күйікке душар кісіден не хал сұрайсыз? Жегенім желім боп өтіп жатқан күндердің сиқы мынау.— Шолақ қолы жағындағы салбыраған бос жеңін қалтасына нығыздап салды да, қабаттап жиналған тақтайларды сықырлата басып, Кузьменконың қасына келді. Кузьменконы көргенде тыным таппай үріп тұрған сұр қаншық иесі орнынан тұрған соң, еліріп, өшігіп кетті. Даусы ащы, қарғы бауын жұлқып Кузьменкоға таптап береді. “Кет, жағың қарыскыр неме!”— Петрушкин жерді теуіп қалғанда, үркек қаншық емшегі саландап, тақтай қуысына кіріп кетті.

Петрушкин күрсініп сөзін жалғастырды:

— Кісінің күйінгендегі халі қызық екен. Бірдеме өзегінді өртеп күйдіріп бара жатқан секілді. Басың ауған жаққа қаңғып кеткің келеді. Жоғынды іздейсің. Ашу қысады, күйінесің. Бірақ қайрат қылуға дәрменің жоқ. Мұндайда кісінің сіркесі су көтермейді екен. Кейде бойым үйреніп кеткен мына қаншықтың үргенін де жақтырмай қалам.— Петрушкин қалтасынан дорбасын алып темекі орады. Жалғыз қолы епті-ақ. Саусақтары жыбырлап қағазды ернімен шапшаң жалап, жапсырып орап алды. Көк түтінді асықпай жұтып, бұрқырата шығарды да:

— Қасындағы әйелінің қадірін қай еркек біле береді дейсіз. Бетінің қызылы бар біреу көлденең кезіксе, құмарың тарқағанша ынтығып өліп тұрасың. Тіршіліктің бар қызығы соның қасында секілді. Байқасаң, мұның бәрі алдамшы бірдеңе екен. Тегі кексе тартқан кісіге зайыбынан артық жар қайдан болсын. Кәріп екснімді Матрена жоғалған соң білдім.

Кузьменкоға күдік келді. Басқа әйел жайында бұл не сөйлеп тұр. Әлде Глафира Данишевская бұлардың келгенін алдын ала телефонмен хабарлап қойды ма?

Әйткенмен Кузьменко сыр тартты.

— Көрші-қоланда Матренаның сырластары бар шығар? Солармен әңгімелесіп көрсек қайтеді? Бәлкім, олар көмектесер.

— Кемпір байғұс табиғатында тұйық жан еді. Мен оның көрші әйелдермен сырлас боп ашылғанын байқаған емеспін. Арагідік қитар Глафирамен тілдесетін. Бір жолы үйге оны ертіп әкелгенімде үлкен жанжал шығарғаны бар.

— Бәлкім, Матрена Онуфриевнаның үйде екенін білмеген боларсыз?

— О, не дегеніңіз, білем ғой. Жаманат ойласам, Глафираны үйге ертіп келем бе? Еркектің жақсы ниетін жаманшылыққа жоритын қатынның қиянаты ғой.

— Оқиға қалай болған еді?

— Бұл өзі бір ұзақ әңгіме. Өткен мейрамда ғой деймін. Иә, солай. Құдайдың рақымы түсті ме, маған, ит үйрестушіге сыйлық бергені бар емес пе? Кәдімгідей жұмыста озғанға беретін үлкен сыйлық! Қуанышым қойныма сыймады. Бүкіл жұрт маған қарап қошеметтеп тұрған секілді. Жүрегім лүпілдеп, ұшып-қонып келе жатқанымда сырахананың алдынан қитар Глафира жолықты. Сонда оның түрмеден шыққан кезі еді. Аздап жұтатыны бар-тын. Алдымен жүз грамнан, сонан

соң екі жүзден күйдырдық. Сыраға арақ араласқан соң кісіні оңдыра ма, естен танып қаппыз. Әйтеуір, бір мезгілде үйде отырғанымды білемін. Алдымда үш-төрт шөлмек тұр. Тағы бір кезде көзімді ашсам, тонып қалыппын, жерде жалғыз жатырмын, Глафира да, Матрена да көрінбейді. Көрші үйге қоныпты. Қандай қылмыс жасағанымды білмеймін. Кемпірімді жалынып-жалпайып үйге әрең әкелдім...— Петрушкин әрнемені бір шатып, үй ішінің ұзақ әңгімесін қозғады. Ол кемсендеп кепкасымен көзінің жасын сүртті.

— Андрей Алексеевич, қапаланба, өзіңе берік бол. Бізге тірелген іс аяқсыз қалмайды.— Кузьменко “Осы антұрған мені алдап тұрған жоқ па?”— деп Петрушкинге тесіле қарады. Момын Петрушкин шын жылап тұр.

— Қамықпа!— деді майор қоштасып. Ол ет комбинатынан шыққаннан кейін поселкеге қайта оралды. Петрушкиннің көршілерімен әңгімелесті. Күн бата басқармаға оралды.

— Кемпір хабарсыз кетердің алдында бұл үйге біреу келген,— деді Талғат Глафирамен болған әңгімені есіне түсіріп.

Кузьменконың құлағы елең ете қалды:

— Ол не қылған адам? Кім айтты саған?

— Данишевская көріпті. Қоңқақ мұрын, дөңгелек қарын, маймақ аяқ, тапал кісі. Күрек тістері алтын. Төбесі тақыр, ойма таз. Данишевскаяның байқаған белгісі осы.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Осы әңгімеден кейін бір жеті өтті. Үлкен қала қызығы мен тамашасы мол дәстүрлі Май мерекесін шығарып салып, сабырлы өмір құшағына қайта оралған.

Салқын үйде күні бойы қағазға үніліп отырған Кузьменко терезенің тиектерін ағытып, шалқайта ашты. Бөлмеге даланың ыстық лебі лап ете қалды. Кузьменко енді байқады: сидиған жалаңаш теректер жапырақ төгіп, жердің көгі сдәуір көтеріліп қалған. Гүл өсімдіктері басын күнге иіп, самал желмен бұлғақ қағады. Көктемнің мол шуағы төгіліп тұр. Көшелерде жеңіл киінген халық көп. Әлдеқайдан гармонь үні, ән сазы естіледі.

Кузьменко мейрам алдында Петрушкиннен екінші рет жауап алғанда, ол жылап-сықтай қоймады. Барлық сұрауға

сабырлы жауап қатты. Матренаның тілдеспей кеткеніне қайран қалады.

— Білсеңіз, начальник жолдас, мен күдер үзген емеспін. Бірақ күн асқан сайын көңілге қорқыныш ұялайды. Кейде өзімнен-өзім отырып “дүкен алдында жолыққан қатын қиянат жасамады ма екен” деп ойлаймын.

— Егер біз Матрена Онуфриевнаға соңғы рет жолыққан әйелді іздеп тапсақ, сіз оны таныр ма едіңіз?— деді.

— Осы күні қатын құбылмалы ғой. Шашын түрлі құбылтып, тарап, опасын жаққанда, құрғырлардың өңі өзгеріп кетеді.— Петрушкин ойланғандай бір сәт отырды да:— Содан бері бірталай уақыт өтті. Албасты басып қалмаса, сонда да танырмын-ау. Бірақ мына құжынаған қаланың ішінен қалай табасыз?

— Қылмыскер өзінше жасырынып, бұғынып жүрмін дегенімен біздің арамызға сыйыса алмайды. Бәрібір әшкереленеді. Адамдар өздері араларынан аластатады.

Петрушкин сенбеді.

— Аластағаны қалай? Оның бұзық екенін қайдан біледі?

— Адал адамдардың арасында бұзықтардың өзі сыйыса алмайды, бұған күмәнданбаңыз.

Кузьменко Петрушкинмен арада болған бұл әңгімені полковник Дайыровқа баяндағанда, ол:

— Біздің қылмыскерді іздеуде алған осы бағытымыз дұрыс па?— деп Кузьменкоға ойлы жүзбен қарады.— Сіз қалай ойлайсыз?

— Қылмыскерді емес, жоғалып кеткен кісіні іздеп жүрміз, полковник жолдас.

Полковник Дайыров сүйір ұшталған түрлі түсті қарындаштарды алақанына салып, әрі-бері уқалап, басын шайқады.

— Жоғалған кісіні іздеп жүрмін дейсіз бе? Меніңше, қылмыскерді іздеген жөн. Бос өткен әрбір күн қылмысты ашуға көмектеспейді, қайта оның ізін жасыра түседі. Денесі шіріп, тек сүйегі қалған өліктен оның өзі өлгенін, яки біреудің азаптап өлтіргенін білу қиын. Солай емес пе?

— Полковник жолдас, сіз Матрена Онуфриевна Петрушкинаны өлді деп есептейсіз бе?— Кузьменко талас пікір айтпақ еді.

— Тап солай, Петр Петрович!— деп полковник суық қарап басын изеді. — Ересек адам себепсіз үйінен безбейді. Петрушкинаның осы уақытқа дейін хабар-ошарсыз кетуіне қарағанда ол тірі емес. Оны өлтірген кім? Қайткенмен де

қылмыскерді табуымыз керек. Алдағы іс-әрекет жоспарын қайта жасаңыз. Даяр болған кезде маған айтарсыз,— деген.

Кузьменконың бүгін, жексенбі күні жұмысқа келуінің себебі сол еді. Алдағы күндердің жұмыс қамымен отырған. Бірақ қанша ойланса да, өзіне мәлім жайдан әрі аса алмады. Күдік алғанда кімнің ізіне түседі? Жоспар жасайын десе, лекер таппай қиналады.

Қазіргі қолындағы бар мәліметте, Петрушкин азулы, өктем әйелдің уысынан шыға алмай, бар өмірін бұғып өткізген жан. Үй ішінде тыныштық, татулықтан басқа дәнене тілемеген. Құса боп, үйінен безіп, ит үйшігінің алдында өткен қазіргі күйі осыны аңғартады. Полковник Дайыровтың хабарсыз кеткен адам жөнінде “өлді” деп байлам жасауы қалай? Әлде Петрушкинаны ертіп әкеткен белгісіз әйелге күдік тудыра ма?

Майор Кузьменко көктемнің жомарт шуағына ойлы жүзін тосып, жасаурап ашыған көзін уқалап, керіле дем алды. Матрена Онуфриевнаны алдап ертіп әкеткен әйел бейнесін көз алдына елестетті. Өңі жұқалау келген аққұба әйел. Реңі бөтен емес. Қыр мұрынды әдемішенің өзі. Көк бастоннан белін қынамалап тіккізген бешпенті бар, етегі кеңдеу. Иегін көтеріп, қасын керіп, кербез сөйлейді. Ерекше белгісі — үстіңгі екі күрек тісі алтынмен қапталған. Белгісіз әйел жөнінде Петрушкиннің айтуы осылай.

Ол әйелді қайта-қайта еске түсіріп, ойға алғандықтан ба, Кузьменко оны бір жерде көрген сияқты болып тұрды. Қайдан? Қай жерде көрді? Оған жауап таба алмады. Елес бар да, із жоқ.

Кузьменко басқарма бастығынан осы іске лейтенант Майлыбасвтың араласып, көмектесуін сұраған еді. Сол себепті оны негізгі қызметінен босатып алған. Талғат Тастақ жаққа кеткен еді. Қазір одан хабар ала алмай отыр.

Осы кезде телефон ұзақ шылдырлады. Үмітпен елең ете қалған Кузьменко жалма-жан трубкаға жармасып, құлағына тақай берді. Телефон соққан Сережа екен. Кузьменко ұлының сөзін күліп тыңдады:

— Қалай, Сережа, жарты адам жетпейді дейсің бе? Сенің шығарған есебінде бір жарым адам магазинге барған болып шыға ма? Мұның қызық екен, балам. Ал есебіңнің жауабы қалай? Онда екеу ме? М-м-м...— Кузьменко желкесін қасыды.— Ал, балам, менде жарты адам емес, базарға барған

бір адам жоқ болып отыр. Иә, бір адам. Көрдің бе, екеуімізге де сәтсіз есеп келген екен. Одан да, Сережа, былай келісейік: әрқайсымыз өз бетімізше ойланып көрейік. Бәлкім, дұрыс шешуін табатын шығармыз. Жауабымен сәйкес келгенде хабарласа қояйық. Мақұл ма? Онда келістік.

Сөйткенше ендіге басып Байкин кірді. Қоңырқай жүзі тотығып, түтеп кеткен. Қастарының арасынан тер шып-шып шыққан. Петрушкинаны іздеу кезінде Байкинді жақсы таныды. Бастықтар алдында жалтақ, айтқанды екі еткізбейді. Өткір ұстарадай лыпып тұр. Басына іс түссе, бұғып кетер жасқаншақ. Ал елден бөтен жаңалық ести қалса, бастықтарға сыр етіп, оңаша айтуды сүйеді.

— Отыр, Қожаш. Байқауымша жаңалығың бар секілді.

Байкин қалтасынан орамалын алып, тершіген мойнын, бет-аузын сүртті:

— Әй, дәу де болсаң, соның өзі шығарсың деп, бұрын қыр соңынан қалмай жүргем. Бірақ ақиқатына жетіп алайын дедім. Ауызша портретін алған соң, бұған әбден көзім жетті. Долбарым дұрыс боп шықты.— Жадырап күліп, креслоға шалқая отырды.— Өзі қу неме екен. Түлкі секілді жүрген ізінен жаңылдырады. Өз көзімен көрсін деп автоматтан телефон соғып едім, линия бұзылған ба, жауап ала алмадым. Оқасы жоқ, енді ол ешқайда кете алмайды.

Байкиннің қуанышында шек жоқ еді. Петрушкиннің арызы қырсық боп тиіп, оны оперативтік жұмыстан елеусіз шеттете бастаған. Ол бастықтардың алдында осы мінінен ақталғысы келді. Күн-түн демей “жұмбақ әйелді” іздесуге өз бетімен қатысты. Қазір майордан мақтау сөз естігісі келіп, қолын ұсынуға ыңғайланып отыр. Тершіген алақанын тізесіне қайта-қайта сүртеді.

Бірақ Кузьменко жарқылдап ашыла сөйлемеді. Столға шынтақтап еңсесін төмен салған күйі орнынан қозғалмады. Құптап, қолпаштамады. Тіпті бұл іс жайында өз пиғылын білдірмеді. Майордың мұнша сабырлылық жасағанына Байкин қатты күйінді. Ішінен кіжініп отыр: “Қаланы шарлап, табаныңнан тозып келгенде бұлардың көрсететін сыйы осы. Бәрін өзі істеген болып басқарма бастығына құлаш-құлаш ақпар жазады. Сыйлық алып, иығына шен тағады. Ал мына Байкин сияқты жалаңқайларға дым да тимейді. Байкиннің ақысын осы жұрт жеп болды. Онымен қоймай келемеж етеді. Бұл іске енді ол ешкімді ортақ ете алмайды. Кәне, Байкинмен санаспай көрсінші...”

Кузьменко еңсесін көтергенде, Байкин шапшаң ұшып тұрып:

— Кетуге рұқсат ететін шығарсыз?— деп сыздана үн қатты.

Кузьменко состиып тұрған Байкиннің бас-аяғына көз жүгіртіп, басын шайқады.

— Тым ебелектеп кеттіңіз. Мұныңыз қалай? Әдетте, асығыстық — адастырады. Ебелектемей отырыңыз!— Майордың соңғы сөзі әмірлі естілді.— Сонымен кімді көрдім дейсіз?

— Анау әйел ше, өзіміз іздеп жүрген... Езуінде алтын тісі бар.

Кузьменко кейіді:

— Жарқыным, сен былжырамай жөндеп түсіндірші!

— Мен... Мен сол әйелдің өзін таптым. Әлгі Петрушкинаны ертіп әкеткен алтын тісті қатын бар ғой. Сол

— Баяғыдан бері солай демейсің бе? Жарайды, анығын білмей алдын ала дабырламайық.— Кузьменко қағаздарын жинастырды.— Кәне, кеттік!

БЕСІНШІ ТАРАУ

Кейбір адамдар өмірдің ащы азабын, жоқшылықтың не екенін білмейді. Уақыт атаулы бар ләззатын солардың басына үйіп-төккендей қызық көріп жатады. Масловтың үрім-бұтағы сондай жандар еді. Өткен ғасырдың куәсі болған Маслов Воронеж губерниясының қалталы ірі байы. Дәулетімен, амал-айласыммен патша сарайындағы үлкен ұлықтарға, жандаралдарға жақсы жағынған. Қартайғанда тыныш өмір сүріп, балаларын, немерелерін оқытты.

Инженерлік мектепті бітірген жақын шөбересі Қарғалы шұға кәсіпорнын салуға қатысып, кейін Верныйда қоныстанып қалды. Бұл аймақта да Масловтың үрім-бұтағы шұбырып өсіп жатты. Текті атаны мақтан еткен ұрпақтары, тіпті күйеуге шыққан қыздары да фамилиясын өзгертпей, арғы атасының атын сақтады. Галина Придановна Маслова да семья дәстүрін берік ұстады. Әуелі күйеуін де өз фамилиясына көшірткен-ді. Мұнысы жақсылыққа бастамады ма, бірінші күйеуі көп ұзамай дүниесін салды. Маслова бар мүлікке ие болып, Тастақ селосының оңтүстік жағында тұрып жатты. Масловада ұқыптылық пен әсемдік барын оқшау,

сәнді салынған үлкен үйдің бар көрінісі танытқандай еді. Көк бояумен нақышталып сырланған биік дарбазаның үстінде қанатын қағып, жұлқына мойнын созып шақырған әтеш бейнесі алдымен көзге түседі. Кіре берістегі жылтыр тастан қиюлап төселген тар жолдың екі жағы хош иісті гүлдер, самсаған жеміс ағаштары. Бақ ішінен бір қылау таппайсыз, тап-таза. Мөлдір бұлақ суы салқын лебімен бақ ішіне ерекше көрік беріп, жайнатып тұр. Кең тыныс алып, бой жазар демалыс мекені тәрізді бұл үйі.

Шарбақтан үй жаққа қарап тұрған Кузьменко мен Байкин қақпаны аша беріп, кілт тоқтады. Өз көздеріне өздері сенбеген секілді. Ағаш көлеңкесінде, сәкі үстінде, лейтенант Майлыбаев үй иесі Масловамен рақаттанып шай ішіп отыр. Ақ самаурын столға жаңа қойылған тәрізді. Буы бұрқырап тұр. Тамақ түр-түрімен қойылған. Алдарында жылтырауық ыдыстар көп. Өздері ұзақ көріспеген жандардай қызық әңгімеге кіріскен. Әйелдің сыңғырлаған күлкісі жиі естіледі.

— Осы әйелдің дәл өзі! Бәлемнің сайқалдығын қарашы, құрдай жорғалайды. Ырық бермей, лейтенантты жемтігіндей үйіріп алған. Мен мұның сиқыр жынын қағып тастайын!— Шарбақтың есігін аша берген оны майор тоқтатты.

Екеуі қақпаның сыртына шығып, көшеснің екінші бетіне қарай аяңдады. Емен ағаштың түбіндегі тақтайдан жасалған орындыққа келіп отырды.

Уақыт өтіп барады. Күн шақшиып төбеге келді. Жел жоқ. Ауа ауыр. Тыныс алғанда кеуденді жаншиды.

Байкин тықыршып тағат таппады. Екі көзі қанталап кеткен. Талғаттың өзінен бұрын Масловаға келгеніне қатты қапаланып тұр. Ішін өртеп барады. Тілін алса, Кузьменконы қайрап салып, өшін қайтармақ.

— Жолдас майор, бостан-бос күн көзіне қақталып қайтеміз. Іздеген қылмыскер анау, алдымызда тұр. Қамап, тергеуге алыңыз! Ал Майлыбаевтың беделі қымбат болса, онда бекер әуреленбейік. Жабулы қазан жабуымен қалсын.

— Сабыр ет, Қожаш. Талғаттың да бір білгені бар шығар. Байкин сөзін елемегенге күйініп кетті:

— Кейде кісіні терең білмей, дабырайта мақтайтынымыз бар. Міне, мынау — соның жемісі. Осындайларға ерекше тапсырма берілетініне қайран қаламын.

— Лейтенант жолдас, Майлыбаевтың ісіне баға беретін жер бұл емес!

— Қойдым онда!— Байкин майордың жақтырмағанын байқап, басын төмен салып, қабағы түсіп, теректі айнала берді. Осы кезде Талғаттың қарасы көрінді. Ол бұл екеуінің күтіп тұрғанын байқады ма, қақпадан шығысымен солай қарай беттеді. Кузьменко Талғаттың балбыраған жүзіне кейігендей түрмен:

— Пәлсапашым, өмірді әлі зерттеп жүрмісің? Кәне, не білгенің бар?— деді.

Майлыбаев тіке жауап қатпады. Қасын керіп, сәл езу тартқандай болды. Күлкі белгісінен гөрі реніш, мысқыл бар тәрізді. Мұндайда қисық қасын тіліп өткен тыртығы қабыршақтанып, жиырыла қалады. Майор Кузьменко жас серігінің күйін осы белгіден де аңғаратын. Біреумен келіспегенде ол ылғи сөйтеді. Қазір де сонысына басты. Маслованың семьясын жамандыққа іліндіргісі келмейтінін сезіп келеді. Бірақ милиция өмірінің айнымас заңы бар. Әрбір іс долбарға, қиялға емес, нақты фактіге құрылады. Петрушкина осы үйге келгеннен кейін хабар-ошарсыз кеткені белгілі. Жазықсыз жанды өлтіруге Маслованың қатысы бар деген күдік бар. Ал Майлыбаев бұл әйелді үнсіз әрекет қимылмен арашалағысы келеді. Ол Кузьменконың “Өмірді зерттеп жүрсің бе?” деп, қағытқан сұрағына бірден жауап қатқан жоқ. Тек басқармаға келгенде ғана:

— Милиция өмірінің қиындығын енді аңғарғандаймын, Петр Петрович. Бұрын қызықты оқиғалар қуып, оның шытырман жаймен шешілуіне әуестенуші едім. Бетім қайтқан секілді. Айталық, күні-түні сабылып іздеген, қаһарыңды төккен жерге барасың. Табанда байлап-матап ұстағың келеді. Жұрттың бәріне шүбәлана қарайсың. Ал бара қалғанда уыздай жарасты, кішіпейіл, ындыны жуас адамдар кездесе қайтесің? Кейде осыған қарамастан дәрекілік көрсетеміз.

Кузьменконың жұмсақтық жасап, Талғаттың ырқынан шықпағанына іштей күйініп, кектенген лейтенант Байкин шыдамай орнынан атып тұрды:

— Қылмыскермен астасып, рақатқа батқандар ақылды жандар да, ал нұсқауға сәйкес тәртіп сақтағандар топас адамдар екен ғой! Сеніңше, біз дәрекіміз, жұртқа сенбейміз, елдің бәріне күдікпен қараймыз. Ал сен көрегенсің, ақылдысың! Мен сені осылай түсіндім ғой деймін, лейтенант жолдас.— Байкин майордың қолдауын күтіп, оған жалтақтап қарай берді.

Талғат қызбаланбады, сабырлы жауап қатты.

— Қожаш, сіз бекер өршімеңіз. Мен сізді дөрекі, басбұзар деп кінәлаған жерім жоқ. Өзіміздің атқарып жүрген қызметіміздің ауырлығын, жалпы ортақ кемшілікті айтып отырмын. Ал өзіңізді жұрттан ала бөтен қуыс кеуде, топастардың қатарына қоссаңыз, ерік сіздікі.

Байкин сөзден ұтылып, Кузьменконың алдында күлкілі жағдайда қалғанын сезіп, осы мінін мысқылмен жуып-шайғысы келді.

— Сенің бойдақ күйінді түсінем, Талғат. Жол-жөнекей үйіне соғып, жылы-жұмсағын жеп жүрген әйелді кінәлау, оған жамандық тілеу, әрине, қиын. Өзі жас, өзі әрлі болса, әрі сұрауы жоқ жесір әйел болса, қалайша бәлеге қиярсың.

— Мен Маслованың үйінде болғаным үшін ақталмаймын.— Талғат өз сөзін өзі құптағандай басын изеді.— Қылмыс жасағанына көзіңіз жетсе, бұлтартпайтын дәлеліңіз болса, қазір барып тінту жүргізіңіз, қамауға алыңыз, ешкім сіздің қолыңызды қақпайды.

Кузьменко сөзге килікті:

— Ондай шараларды қолдану бізге жат емес, Талғат. Ерте ме, кеш пе, одан жауап алуға тиіспіз. Бірақ қазір сіздің пікіріңізді білгім келеді.

Байкин көтеріліп қалды. Кузьменкоға қарап:

— Біздің майор дұрыс айтады. Өзімшілдік іске көмектеспейді,— деп Талғатты кінәлай түсті.— Сіз қылмыскерді ашық қорғап отырсыз. Онымен сот алдында бір орындыққа отырып қалып жүрмеңіз.

Майлыбаев Байкинге сығырая қарап күлді:

— Істің ақиқаты, шындығы және жеке адамның сол іске көзқарасы өзімшілдік болып табылмайды. Ал кімнің қылмыскермен бір орындықта отыратынын болашақ көрсетер.

— Сіздей жұмбақ сөзге шеберлігім жоқ. Бірақ жылтыр сөзбен алысқа бармайтыныңызды ұмытпаңыз. Егер маған ерік берсе, табанда Маслованы қамауға алар едім.

— Қылмыс жасамаса қайтесіз?

— Онда ақтап босатамыз.

— Кінәсіз адамға күдік келтіріп, қамаудың өзі оның адамгершілігіне нұқсан келтірмей ме?

— Заң кешірім береді.

— Қожаш, екеуміз ұғыса алатын түріміз жоқ,— деп Талғат Кузьменкоға бұрылды.— Қожаштың маған жесір әйелді

таңып қойғанына таңым бар. Бәлкім, сөзін әсерлеу үшін жалған мәліметті әдсіі қосқан болар. Ыза қысқанда кісі не демейді. Мен лейтенанттың күйін түсінем. Маслованың үйіне Петрушкинаның барғанын дәлме-дәл анықтағаннан кейін, көзіме кәсіпсіз алаяқ алыпсатар жан елестеді. Маслова жөнінде бірсыпыра деректер жинадым. Бірақ ол материалдар Маслованы ақтайды. Жаманатқа бермейді. Сонан соң көзбе-көз тілдесуді жөн көрдім. Әйткенмен алаяқ сұм әйел көкейімнен кетпей қойды. Өздеріңіз көрген қақпаны аттағанда алдымнан жайдарлы, әдепті адамдар шықты. Олар жайында қиянат ойлағаныма өзім ұялдым. Сөйтсе де жан-жағыма тінте көз жүгіртіп қарап қоям. Олар менің қандай мақсатпен келгенімді сұрап, білгісі де келмеді. Сірә, пәтер іздеп жүрген студент деп ұқты білем. Әйтеуір, жұрт мені осылай ұғатын болды ғой. Маслованың үйінде інісі өзімен бірге тұрады екен. Аты — Владимир. Геолог-барлаушы. Биыл институт бітіреді. Кетуге ыңғайланғанымда жігіт жолымды кесіп, өзінің бүгін туған күні екенін, оның үстіне диплом жұмысын бітіргенін айтып, “әңгімелесейік отыр” деп, қиылып қоймады. Әңгіме үстінде Петрушкинаның бұл үйге келгенін олар жасырмады.

Майлыбасев сөнген темекісін күл салғышқа салды да, Қожашқа бұрылды.

— Иә, айтқандай, ұмытып барады екем. Лейтенант Байкин соңғы көзде менің қыр соңымнан қалмай, өкшелеп аңдып жүрді. Сірә, сондай тәсілмен Маслованы іздеп табудың оңай жолына түскен кісі секілді. Сондықтан Қожаштың ол әйел жөніндегі деректерінің ұшқарылығына таңданбаймын. Бәлкім, “Өзі жас, сұлу әйел, күйеусіз тұрған соң шыдамас” деп жорамалдаған шығар. Бір өкінішті жері — оның күйеуі бар. Соңғы күйеуі де геолог: қазір Қаратау маңында жер қойнауын барлау сапарында жүр.

Талғаттың әр сөзін мұқият тыңдап отырған Кузьменко ақырын күрсінді.

— Дәрекі, тұрпайы әрекет атаулының бәріне менің қарсы екенімді білесің, Талғат. Кейде оқиғаның шындығын анықтау үшін шапшаң әрекет-қимыл жасауға тура келеді. Мұндайда адал ниетіміз жұртқа құбыжық болып көрінуі мүмкін. Қайтесің, кәсібіміз осындай. Ойымыздың бір жерден шықпағанына өкінем.

— Асын ішкен қатынның адал дастарқанын қалай аттасын, — деп Байкин қосарласа түсіп еді.

— Лейтенант Байкин, қоя тұрыңыз!— деп Кузьменко Қожашты тыйып тастады.— Білсең, Талғат, Петрушкина да осы қоғамның мүшесі, оның да тағдырын ойлауымыз керек. Кейде қара шайдың тіл қуыратынын ескермейміз.

— Маслованың кінәлі екеніне көзіңіз жетсе — қамаңыз, тергеуге алыңыз.

— Әрине, сенің айтқаныңа сенемін, Талғат. Әйтсе де, Маслованы назардан тыс қалдыра алмаймыз. Петрушкина осы үйге барғаннан соң, із-түссіз кетті, үйіне оралмады. Оны өлтіруге Маслованың қатысы жоқ деп кім кепілдік бере алады? Іс ақиқатына жеткенше әрқайсымыз өз пікірімізде қала тұрайық. Келістік пе осыған?

Майлыбаев үндемеді.

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Арада екі күн өтті. Майор Кузьменко Маслова жайындағы қолдағы бар материалдармен танысқаннан кейін оның өзімен бетпе-бет сөйлесуді мақұл көрді. Милицияға шақырғанды әркім ұната бермейді. Ондай шақыру келе қалса бір оқиға болған деп біліседі. Адал адамдардың өздері де әбігерге түсіп қалады. Ал Маслова абыржи қоймады.

— Сізді не үшін шақыртып отырғанымызды білесіз бе?— деген сұраққа:

— Қайдам,— деп күліп жауап қатты.— Мен милиция алдын көрген жан емеспін. Олардың кәсіп-тіршілігі маған жұмбақ. Соны көрсін, білсін деген шығар.

— Сіз азамат Петрушкинаны танысыз ба?

Маслова сәл ойланды.

— Жоқ, көрген адамым емес,— деп сәл отырды да:— Ә-ә, Матрена Онуфриевнаны айтасыз ба? Анау, екі самайы ағарған аласалау келген арық кемпір ғой. Білем оны. Біздің үйде болған. Күйеуіне костюм алуға келген.

— Қашан?

— Содан бері бірталай уақыт өтті ғой. Екі айдың жүзі болған шығар. Қарашы, уақыт қалай тез өтеді. Өстіп жүріп өмірдің өткенін де білмей қаламыз.

— Сіз Петрушкинаны бұрын танитын ба едіңіз?

— Бұрын көрген адамым емес. Со жолы кездейсоқ кездестік.

— Қайда?

— Дүкен алдында.

— Не жайында сөйлестіңіздер?

— Әйелдердің қайбір мардымды әңгімесі бар дейсіз? Әрнеменің басын бір шаттық білем. Шіркеудің попы елден жиған ақшаны жеп қойғанын әңгіме еткеніміз есімде бар.— Маслова аңқау, сенгіш пішінмен Кузьменкоға күле қарады.— Сіздің қайдағы кемпірмен әуестеніп кеткеніңізге таңым бар. Ондайыңызды білгенде Матрена Онуфриевнаның ата-бабасынан бермен қарай сұрап алатын едім. Өзі де “колым тигенде келем, жолығам” деген еді. Енді көрсем алдыңызға сүйреп әкелейін.

— Петрушкинаның оралатынына сенесіз бе?

— Уәдесінен таймаса, соғам деген.

Кузьменко Масловаға іштей сенбеді. Сырын бүгіп отырған сияқты көрінді. Бірақ оған кінә тағарлықтай желеу де жоқ еді. Ол креслоға жайыла түсіп, еркін отырған Масловаға салқын үнмен:

— Сіз бар шындықты айтып отыр деп сенемін. Өзіңіздің Петрушкинамен қалай кездескеніңізді, араларыңызда қандай әңгіме болғанын, үйіңізден қай мезгілде кеткенін түгелдей жазғайсыз,— деді де алдына қағаз қойды.

Маслова ұзақ ойланбады. Бір бет қағазға Петрушкинаның келіп-кеткенін қысқаша жазып майорға берді. Кузьменко шапшаң көз жүгіртіп шықты.

— Бұған қосарыңыз бар ма?

— Басқа не айтам?

— Рақмет, мазалағаным үшін кешірім сұраймын. Кетуіңізге болады.

Сыртта інісі Владимир тұрған. Әпкесін қылмыстыларды іздеу бөліміне шақыртқанына қорқып, бірге ілесіп келгенді.

— Немсеге шақыртыпты?— деп әпкесін көріп қуанып қалды.

— Жай әншейін,— Галина Придановна қолын сермеді.— Баяғыда біздің үйге бір кемпір келіп кетіп еді ғой. Соның жайын сұрады.

Сол күні түстен кейін майор Кузьменко Талғатты өзіне шақырды.

— Мен бүгін Масловамен әңгімелестім. Байқауымша, сырын ашпай әлденені бүгіп-жасыратын секілді. Мынау оның түсініктеме хаты. Оқы,— деді.

Талғат дыбыстамай оқи бастады.

Талғат түсінік хатты оқып, Кузьменконың алдына қойды. Майор креслоға шынтактай қисайып:

— Бұған қалай қарайсың, Талғат?— деді.

— Меніңше, ол өзінің көргенін жазған.

— Солай ойлайсың ба?— Кузьменко орнынан тұрып терезе алдына барды. Сәл ойланып сөзін жалғастырды:— Бізге керегі Петрушкина жайындағы мәліметтер ғой. Ал мына түсініктемеде дәнеңе айтылмайды. Петрушкина өзіне төнген қатерді білмей, аңдамады деу қиын. Көңілі жүдеу, күпті адам, өзіңізге белгілі, біреумен сыр шашпай тұра алмайды. Әуесқой Маслова бұған қалайша зер салмады екен?

— Петрушкинаны өлтіруге Маслованың қатысы бар дегеніңіз бе бұл?

— Мен олай айтқаным жоқ. Бірақ оған сенбеймін. Петрушкинаның қайда, қалай кеткенін Маслованың білмей қалуы мүмкін емес. Ол өзінің түсінік хатында осының бәрін жазуы керек еді. Бірақ ол шындықты айтқысы келмейді. Осыдан өзің қорытынды жасай бер.

— Жалаң ой жалған дәлелдермен ұштасса, ақиқат түбіне жетпейсіз. Тегі, теріс қорытынды жасап жүрмейік.

— Білем, Талғат, сен Масловаға кір жуытқың келмейді. Қиянаттан аулақ, ары таза жан дейсің. Лайым, солай болсын. Бірақ біздің кәсібіміз кісінің нәзік сезімін әрдайым көтере бермейді, шұғыл әрекет жасауды талап етеді. Мұндайда жаңсақ кетуіміз де ықтимал.

— Мен одағай оспақтан көрі бұлтармас дәлелді ұнатамын.

— Саған керегі айғақтық дәлелдер ме? Қам жеме, ондай айғақтық заттар табылады.

— Сіз оған сенесіз бе?

— Иә.

Ұзақ тәжірибе, ішкі сезім Кузьменконы бұл жолы да алдамады. Маслованың үйін тінткенде Петрушкинаның шәлісі, сумкасы табылды. Ақ жолағы бар жүннен тоқылған қара шәліні Матрена Онуфриевна базарға барғанда басына салыпты.

Алдын ала жүргізілген тергеуде Масловамен бірге Петрушкин де басқармаға шақырылды. Стол үстінде жатқан таныс затты көріп, көзі шарасынан шыққан Петрушкин:

— Құдай-ау, тірі ме едің? Сені де көрер күн бар екен!— деп шәліні кеудесіне басып, еңкілдеп жылады. Істің жайын түсіне алмаған Маслова қатты шошынды. Мүсәпір күйге түсіп азап шеккен жанның қазіргі халін көріп, қатты аяушылық білдірді.

— Мына бейшараның әйелін біреу өлтірген бе?— деп қасындағы Байкинге қарады.

— Сіз мұны білмей қалғаныңыз!— Байкин кекеткен түрмен мырс етті.— Мұныңыз ғажап екен. Онда шәліні, сумканы қайдан алдыңыз? Бұл заттарды Петрушкина әдейі тастап кетпеген шығар.

— Маған не айтқыңыз кеп тұр?

— Сізге не айтатынын тергеушінің өзі біледі.— Капитан Карповты иегімен нұсқады.— Біз олардың ішкі істеріне араласпаймыз. Біздің міндетіміз — қылмыскерді тауып беру.

Маслова өзін Петрушкинаның өлімімен байланысты жаманатпен ұстағанын енді ғана білді. Ол өз ісіне тәнті боп масайрап тұрған Байкинге түйіле қарады.

— Кемпірді өлтірген мен емес. Мен оны танымаймын.— Маслова басын ұстап отыра кетті. Тергеуші бұған назар аудармады. Жайбарақат жауап алуға кірісті. Маслова сұраққа жауап беруден бас тартты. Араға мезгіл салып жауап алғанмен ол өз жазғанынан танбады.

— Петрушкинаның өліміне менің қатысым жоқ. Күдік келтірудің өзін қорлағандық деп білемін.

— Кісіні қорлаудан аулақпыз,— деді капитан Карпов сабырлы қалыппен.— Бізге істің шындығы, ақиқаты керек.

— Мен түсінік хатта бәрін жазғанмын. Оған алып-қосарым жоқ.

— Түсініктемеңізді оқыдым. Неге екені белгісіз, сіз Петрушкинаның қалдырып кеткен заттары жайында дәнеме айтпағансыз. Мұныңыз қалай?

— Сумкасын үйде қалдырғанын ұмытып кетіппін.

— Сіз Петрушкинаның оралуын күттіңіз. Күндер, айлар өтті. Келмеді. Иесі жоқ затты сіңіру оңай ғой. Жоқтаушысы болмаған соң, әдейі жазбаған шығарсыз.

Маңдайына түскен жібектей жұмсақ шашын саусақтарымен кейін қайырып, Маслова ауыр күрсінді. Аз-кем үнсіз отырды да:

— Бұл шәлінің бәле боп жабысарын білсем, осы уақытқа дейін іргеге іліп сақтаймын ба? Білсеңіз, сонша қастерлейтін әкеден қалған мұра емес қой. “Неге сақтадыңыз, неге тұр?”— деп жазғырасыз. Ұмыт қалғанмен біреудің аманаты емес пе? Есіне түссе келер, алар деп ұқтым. Бәле боп жабысарын білсем оны сақтап қайтем?

— Сіз қазақ тілін білесіз бе?

— Қазақ ішінде отырып, неге білмейін? Көршіміздің бәрі қазақ.

— Оныңыз жақсы екен,— деді де, капитан Карпов алдында тұрған қағаздарын шетке ысырып қойды.— Өзін араласып, тіршілік кешкен қалың елдің әдет-ғұрпын, дәстүрін білем деген адам алдымен тілін үйренгені жөн. Мен енді ғана сабак алып жүрмін. Қазақта “от алуға келген әйелдің отыз ауыз сөзі бар” дейді. Сөйлемнің сыртқы түрі одағайлау көрінгенмен бар халықтағы әйелге тән әуесқойлықты аз сөзбен тұжырымдаған. Петрушкинаның заты әйел ғой. Үйге келгеннен соң, өре тұрып кетпеген шығар. Мүмкін болса оның соңғы бір айтқан сөздерін есіңізге түсіріңізші.

Маслова ойланды. Аздан соң:

— Шығарып салған кезде ғой деймін, иә, солай,— деп басын изеді.— Қақпа алдында екеуміз тағы бірдемеге кідіріп қалдық. Ол менің бетіме тесіррейе қарап: “Сіз қандай бақытты адамсыз”,— деді. “Құдайға шүкір, қазір ел тоқ, молшылық қой. Енді жылағанымыздың не қисыны бар, киім көк, тамақ тоқ. Бұл да бақыттың нышаны емес пе?”— дегенімде, “Ех, Галина, әлі дүмбілез екенсің ғой”,— деп кемпір күрсінді. “Мен өмір бойы сондай ләззатты, тыныш өмірді аңсаған едім. Әуелден құдай жақсылығын жазбады білем. Қалай тырыссам да тілегіме жете алмадым... Қой, асығып тұр екенсің. Жолыңды бөгемейін”,— деп апыл-кұпыл қоштасты. Шынында, ательеге баруға асыққаным рас еді. Онымен сөйлесіп тұруға уақыт тығыз болатын. Үйге келсем, әлгі шәлісі мен сумкасы жатыр екен. Соның артынан жүгіріп жүрем бе, керек болса келіп алар деп, сарайға апарып қоя салдым.

— Сумканың ішінде не бар еді?

— Сенсеңіз, ақтарып қарамадым. Біреудің затын тінтіп қайтем?

— Петрушкинаның әлгі мұңлы сөзіне нендей жауап қаттыңыз?

— Қазір дәл есімде жоқ. Танымайтын адамға несіне жалпылдайын.

— Мынандай соңғы сұраққа жауап беріңіз: ательенің қасында Матрена екеуіңіз әңгімелесіп тұрғанда, оның қасында күйсуінің барын байқамадыңыз ба?

— Ол жалғыз болатын.

— Сіз Петрушкинді көрмедіңіз бе?

— Ол қандай кісі? Әлгі жылауық шолақ па? Жоқ, оны осы жерде көрдім.

— Бұл ғажап екен! Ол сізді жақсы байқаған. Әуелі кемпір екеуіңіздің сөздеріңізді естіген. Сізді іздеп табуға Петрушкиннің септігі тиді. Әйтпесе құжынаған мұнша халықтың ішінен сізді іздеп таба алмас едік.

— Мені іздеудің қажеті жоқ. Ұры емеспін, қашқын емеспін. Өз үйімде тыныш тұрып жатқан адаммын.

— Сөйтіп, сіз Петрушкинді көрген жоқпын дедіңіз.

— Иә.

— Бүгінгі әңгімемізді осымен тамамдайық. Сіз сәл отыра тұрыңыз.— Капитан Карпов жауап жазылған қағаздардың төменгі бұрыштарына қол қойдырды да, папкасын құшақтап шығып кетті.

Сол күні Маслова дереу босатылды. Қамауға алынбады. Айғақтық заттар бола тұрса да, оның қамауға алынбау себебін Кузьменко мен Карповтан басқа ешкім білмеді. Маслованың тұтқындалмағанын естігенде Байкин күйініп кетті. “Майлыбаевты ақтау үшін қылмыскерді әдейі босатып отыр, жақтаушысы барлар осылай масайрайды. Әділет жоқ бұл күнде” деп жатып тулады. Сол күні басқарма бастығына түні бойы отырып ұзақ арыз жазды. Әйелі тіл маманы ғой. Әріп қатесін соған түзеттіріп қайта көшірді. Арызды бітіргенде көңілі тоғайып, жанын қинаған үлкен істі тындырғандай болды. Бойы сергіп, ұйқысы ашылып кетті. Арызды басқарма бастығына берудің түрлі тәсілдерін ойластырып, таңды көзімен атырды. Осы арызды басқарма бастығына берсе бақыты ашылып, қызметі жоғарылайтындай көрінді. Бойын қуаныш кернеп, жүрегі лүпілдей бастады...

Майор Кузьменко тергеу ісін алдырып, Маслованың жауабын зейін салып оқып шықты. Оны түсінік хатпен салыстырды. Алғаш тергеу ісі хабарсыз кеткен адамды ізіне түсуге көмектесер деп дәмеленген-ді. Бірақ іс жұмбақ боп қала берді. Маслованың жауабында Петрушкинді бұрын-соңды көрмеген боп шыққан. Ал Петрушкин оның сөзін жоққа шығарып, безек қағады. “Менде әйел қызығарлық қай түр бар дейсің? Байқамағаны рас болар. Әйткенмен Матрена ексуміздің арамыздағы әңгімені естуі керек еді. Мойнына алмаса қайтем. Одан жоқтың орны толмас. Бәріне бір құдайдың өзі куә”,— деп өкініш білдірді. Сырт қарағанда Петрушкиннің Масловамен көріскенінде тұрған дәнеңе жоқ

сияқты, бірақ іс үшін мұның үлкен маңызы бар еді. Маслованың айтқанына сенсе, қылмыс жасаушы Петрушкин болып шығады. Екі әйел сөйлескен кезде ол әдейі жасырынып тұрған да, олар Маслованың үйіне бет алғанда ізіне түсіп аңдып отырған. Матрена Онуфриевна ол үйден шыққан кезде сәтті кезді тауып қапылыста қастандық жасаған... Ал Петрушкиннің айтқаны дұрыс деп тапса, онда кемпірдің өліміне тікелей кінәлі Маслова болғаны. Петрушкиннің үйіне кеткенін білгеннен кейін тонау мақсатымен кемпірге қастандық жасалуы мүмкін. Бірақ Маслованы ақтайтындай мынадай жай бар еді: Петрушкиннен алынған жауаптың бәрінде олардың базарға үш жүз сом ақшамен түскені айтылады. Ал Маслованың үйінде қалған кемпірдің сумкасынан бес мың сом ақша табылған. Оны Петрушкин білмейді, әуелі көрмеген. Бұған қарағанда ерлі-зайыптылардың арасында бір-біріне сенбеушілік, сыр бұгушілік бары байқалады және кемпірдің мұндай көп соманы не үшін алып шыққаны белгісіз. Маслова ақшаға қызығып, қастық жасаса, бұл ақшаны иемденіп кетер еді...

Тағы мынадай жай Кузьменконың көңілін бөле берді. Матрена Онуфриевна Маслованың үйінен кешкі сағат 7-де шықсын-ақ, жаяу сылбыр жүрген күннің өзінде комбинат поселкесіне сағат сегізде жетуге тиіс. Кузьменко мен Майлыбаев бұл аралықты өздері бірнеше рет жаяу жүріп байқады. Сағат сегізде күн ұясына кірмейді. Бұл мезгілде біреу көшеде кемпірге қиянат жасаса, арашашылар табылар еді. Оның үстіне ақшасы жоқ құр қол әйелге өкшелеп аңдыған ұрының өзі де тиісе қоймайды. Олай болса Матрена Онуфриевна жат адамның қастандығына ұшырамаған...

Әдетте, қылмысты анықтағанда айқын, даусыз фактіге сүйену керек екенін біле тұра, Кузьменко бір сәт өзінің қиял-сезіміне ерік берді. Егер Петрушкинаға бөтен біреу қастандық жасамаса, онда ол жолшыбай өзінің жақын таныс кісісіне кездескен болады. Және қапылыста сол адамның қолынан қаза тапқаны. Жақын адамдарынан кемпірді кім өлтіруі мүмкін?

Ерлі-зайыпты Петрушкиндер бұйығы, оңаша тіршілік кешкен. Жұртпен әмпей-жәмпейі жоқ. Сырт таныстары сирек. Глафира Данишевскаяның айтқанынан артық мәлімет жинай алмады. Глафира да бұрынғы сөзін қайталай берді.

— Мен ол кезде қатты мас едім. Төбел таздың қасымда жабысып сыбырлап отырғанын білем. Оның не айтқаны

есімде жоқ.— Сол кештен кейін Данишевская оны көрмеген. Матрена Онуфриевнаға ендігі жақын адамы — күйеуі Петрушкин. Ол байғұс қайғырып, зарлап жүр. Халі кісі аярлық.

— Матрена Онуфриевнаны өлтірген кім?— Кузьменко өзіне осы сұрақты сан рет қайталап қойды. Кім болса да кісі өлтіруші адам алыста емес. Кім ол?

Полковник Дайыров Петрушкинаның ісімен алғаш танысқан кезде: “Өлікті тіріге санап бекер әуреленесіңдер. Қылмыскердің ізін суытпай тапқан жөн”,— деп кеңес бергенде, Кузьменко: “Өлгені қалай? Үйінен кеткен кісіні өлді деу дұрыс па?”— деп қатты шүбәланған еді. Енді полковниктің сол кездегі айтқаны дәл келіп тұр. Өз тіршілігінен артықты көксемеген момын кемпір қатал жауыздықпен жазаланатындай не жазды екен? Байғұстың кінәсі не?

Майордың ойын есіктен сөйлей кірген Майлыбаев бөлді.

— Маслованың ісін қалай шештіңіздер, Пстр Петрович?

— Оны айыптауға дәлел таппадық, босатуға тура келді. Әйткенмен күдік көмейден кетпейді. Мына істі анықтағанша қаладан кетпеуіне тілхат алдық.— Кузьменко орнынан тұрып Майлыбасвтың карсы алдындағы орындыққа келіп отырды.— Қылмыскер өзіне керекті затын алғаннан кейін өлікпен әуреленбейді, шапшаң жасырынуға, қолға түспеуге тырысады. Бір сөзбен айтқанда, өлікті көмбейді.

— Иә, бұл “мокрушниктерге” тән қасиет. Тек қылмыскер өзіне жақын кісіні өлтірген шақта жауаптан тайсақтау үшін өлікті жасырады.

— Мен де солай ойлаймын. Матрена Онуфриевнаның қалтасында көк тиын жоқ. Ақша сумкада қалған. Оны өлтірген адам тонау мақсатын көздемеген.

— Залалсыз кемпірді өлтіргеніне таңым бар.

— Кемпірдің өлгеніне көзім жеткеннен кейін, осындай сауал менің де көкейімнен кетпей қойды. Неге өлтірді оны?— Кузьменко папиросын алып тұтатты да, кабинеттің ішінде әрі-бері жүрді.— Затында адал адам ақталмайды, қуыстанып көз жасын төкпейді. Мен жасқаншақтың жасық жасынан жиренемін.

Талғат ту сыртында тұрған майорға бұрылды.

— Кім туралы айтып тұрсыз, Петр Петрович?

Кузьменко “ойды бөлме” дегендей Талғаттың иығынан басып:

— Шамадинов жайындағы оқиға есінде ме, Талғат? Ұмытпасам, соңғы жолы сендер “Алатау” ресторанында

отырдыңдар. Оларды қорадан шығатын қақпа алдында ұстадық.

— Қай Шамадинов? Әлгі он мың сом ұтқан Красникованы өлтірген бандит пе?

— Иә, тап соның өзі.

Майлыбаев бар денесімен бұрылып таңдана қарады. Қанжарынан қан тамған, айлакер, аяр сұмды қалай ұмытсын ол Шамадинов өз тобымен ресторанда отырып ешкімнен сескенбей, “болашақ олжасын” қамдап жатқанда олардың ішінде Талғат та бар еді. Бірге ішті, бірге жеді. Оған ұзақ уақыт қолға түспей тобымен құтылып кетіп жүрген бандиттерді анықтау тапсырылған-ды. Бірақ Шамадинов көр кеуде, доғал емес-тін. Өзінде зор білім бар. Институтта механика факультетін бітірген. Мұндай азғындық жолға түсуін сипаттау қиын. Институтты бітіру кешінде өзімен бірге оқып шыққан қызды зорлайды. Осыдан соң, жауаптан қашып, ізін жасырып жоғалып кеткен. Айлашыл неме, алар жемін алыстан көздеп, жымын білдірмейді. Тобы шымыр, жігін ашпайды. Бәрі қанды қол қасаптар. Талғатты жұмырында ұстап, дымын өшіріп қою үшін оның да қолын қанға бояп, жыра кетпейтіндей тұсап қоймақ еді. Нұсқау тығыз. “Мынау сенің соңғы рюмкаң. Басқа ішпейсің. Бермеймін. Қанжар ұстаған қол қалтырамау керек. Пышақ салғанда дыбысы шықпасын. Өзім тексерем. Неменеге татитыныңды көргім кеп тұр. Тайқысаң, жақсылық күтпе. Табанда өз қолыммен лақша бауыздаймын. Бақыртпаймын” деп араққа желіккен бұзақылар “Ювелир” магазинін сол сәтте тонамаққа бекінді де, күзетшіні бауыздауды Талғатқа табыстады. Бүкіл топ қоршап қызықтап қарап тұрмақ. Бұл Талғаттың ойына келмеген жай еді. “Магазинді құр қолмен ашу қиын, сигналы бар, арандап қайтеміз”,— деп сылтауратып еді, “Сен өйтіп былжырама, магазин сенің қамың емес”,— деп тыйып тастады. Сол күні Кузьменко бастаған оперативтік топ бандиттерді ұстамағанда, бұл кездесудің немен тынатынын бір құдайдың өзі білсін.

— Есінде жоқ па?— Кузьменко тағы сұрады. Талғат қабағын түйіп төмен қарап отырды да:

— Оны несіне сұрадыңыз, Петр Петрович?— деді. Кузьменко қарсы сұрақ қойды:

— Олар ұрлаған затты кімдер арқылы сатамыз деп еді?

— Жаңылмасам, Темникова болу керек

— Оны соттады ғой. Одан басқа тағы кімді айтып еді?

— Қазір,— Талғат сәл ойланды.— Ә-ә, енді есіме түсті. Шаштараз Соломон деп отырды. Иә, тап солай. Бұлардың Петрушкинаның ісіне қандай қатысы бар?

— Қатысы бар ма, жоқ па, әзірге белгісіз. Оны айта алмаймын. Бірақ сол Соломон шаштараздың немен кәсіп стетінін анықтаған жөн. Бұл істі өзіңе тапсырсам деп отырмын. Қалай қарайсың?— Талғаттың жауабын күтпестен:— Байқа, шаштаразға бару үшін сақалды емін-еркін өсірген жөн. Түсіндің бе?

ЖЕТІНШІ ТАРАУ

Таң нұры жаңадан білінген мезгіл. Қала ұйқыдан оянбаған. Аспан ашық шымқай көк емес, бұлыңғыр. Шығыс жиектен төңкеріліп, аспандап қызғылт сәуле көтеріліп келеді... Қошқыл қызылы барған сайын молая түседі. Кабинетте ұзақ отырып, жұмыстан қажыған Кузьменко таза ауаны тілеп, төсскі әдейі дәлізге салдырған еді. Машинаның гүрілдеген дауысынан ба, әлде көшеден естілген айқай-шудан ба, шырт ұйқыдан оянып кетті. Әдетінше жеңіл кимылмен жаттығу жасап жүргенде, әйелі Евдокия Кирилловна терезеден басын сұғып айқайлады:

— Петя, мұнда келші төзірск!— Өзі іш көйлекшең, көкірегі ашық, дауысында еркелік наз бар.

— Не боп қалды, Дуся?— Кузьменко мойнын созып дауыстады:— Шай ішуге әлі уақыт бар. Асықтырмасаң қайтсіді?

— Ой, Петя, түсінбейтін қандай жан едің? Сені телефонға шақырып жатыр.

Кузьменко биік басқышты бір-екі аттап, үйге құлаш сермей жүгіре кірді.

— Бұ кім?— деп трубканы алды.— Алло, сізді тыңдап тұрмын. Қашан? Бүгін бе? Қазір келем!— деп алдыңғы сөзге жауап қатпастан трубканы қойды да, шапшаң киіне бастады.

Есік алдында машина күтіп тұр екен. Ішінде капитан Карпов отыр. Ол жолшыбай Кузьменкоға болған оқиғаны қысқаша баяндап шықты.

— Үш пен төрттің арасында алдырса керек. Өйткені бір ұйықтап тұрып оянғанымда бар еді дегенді айтады. Әйтеуір, біз үшін ыңғайсыз жан. Қасарысқандай дәл соған кезіккенін қарашы!

Кузьменко тергеушінің сөзін шала ұқты:

— Өзі қайдан келген неме? Кім өзі?

— Орталықтан келген біреу көрінеді. — Кузьменко басқармаға келісімен тергеуші берген істі ақтарып қарай бастады. Ішінде жәбір көрушінің арызы да бар.

Кузьменконы ыза кернеді. Сұп-сұр боп, арыз тіркелген жұқа папканы сілкіп, лақтырып тастады да:

— Бұл не сұмдық?! Айла-әрекет пе, әлде шындық па? Айыптыны жер астына кірсе де табамыз, жұрт алдында әшкерелейміз. Кімнің кінәлі екенін көрейік, — деп, Карповқа сұрақты пішінмен қарады. — Қонақ үй маңын кімдер күзеткен еді?

— Кезекші милиционерлер түнгі сағат он екіге дейін тұрған. Лейтенант Байкин таң алдында жай аралап шығыпты.

— Байкин онда неғып жүр? Қонақ үй оның участогы емес қой!

— Білмеймін, жолдас майор. Сірә, қонақтан қайтып келе жатып, жолшыбай соқса керек. Істің анық жайын білетін сол.

— Қазір қайда ол?

— Бөлімшеде болар.

Аз уақыттан соң, бет-аузы домбыққан Байкин кірді. Осында келместен бұрын тәтті ұйқыдан оянған секілді. Көзі жасаурап, есіней береді. Керіліп, маңғаз тұр. Егер майор дәл қазір маңызды іс тапсыра қойса, оған кіріспестен бұрын алдымен ойланып алатынын, тіпті келісім беруінің өзі екіталай екенін сездіреді. Өйткені Байкин енді Кузьменкодан қорқа алмайды. Малованы құжынаған қала ішінен тауып, айғақтық затпен ұстаса да, Майлыбаевтың тіліне еріп, қылмыскер әйелді босатып жіберді. Әрине, Байкин бұған өкінбейді. Майор көрін төгіп, Байкиннің айтқанын істемей, жырақ кетсе, үндемей ғана жазған арызын үлкен бастықтың өзіне ұстата қояды. Сонан соң ақталып көрсін. Байкин әзірге майорды уысынан шығармақ емес... Осы күнге дейін қарсы келмей, Кузьменкоға жалпақтап жүрсе, үлкен бастықтың көзіне ілігіп қалуға септік жасай ма деп ойлаған. Қазір де сол мақсатпен келіп тұр.

Байкиннің қазіргі немкетті тұрысы оның бұл ойын айтпай-ақ танытқандай еді. Кабинет ішін аз ғана тыныштық басты. Байкин заматта құбылып өзімшіл мінезінен айырылып, тықыршып, қипақтай бастады.

— Мені шақыртып па едіңіз, жолдас майор?

— Чемоданды кім ұрлады?

— Оны қайдан білейін? Таң сәріде біреу қонақ үйді басына көтеріп байбалам салып жүрген. “Затым ұрланды” деді ме, әлді “біреу алып кетті” деді ме, сөзін жөнді ұға алмадым.

— Ал сіз қайда болдыңыз?

— Түсінбеймін, жолдас майор. Әйтеуір, маған дегенде қабағыңыз бір ашылмай-ақ қойды. Әділетке көшсеңіз қайтеді? Біріншіден, бұл менің участогым емес. Екіншіден, жұмыстан кейін менің де ел секілді еркін жүріп демалуға правом бар шығар. Қаңғырған біреудің мүлкіне бола жазғырғаныңыз, тіпті қисынсыз.

— Милиционер уақыт талғамайды, күн бе, түн бе, әрдайым поста болуға тиіс. Жұрт бізді қорғаным деп біледі. Жұрттың тыныштығы — біздің тыныштығымыз. Ал сіз оқиғаның ішінде жүріп, шара қолданбағансыз.

Лейтенант Байкин істің насырға шабатынын байқап, ақтала бастады:

— Айтқандарыңыздың бәрі дұрыс, жолдас майор. Біз әрдайым өз орнымызда болуға тиіспіз. Бірақ үй ішінде не боп жатқанын қайдан білейін?

— Егер жоғалғаны рас болса, шындап жауап бересіз. Түсінікті ме?— Кузьменко күйініп кетті. — Осы күнге дейін өз міндетіңізді ұқпайтыныңызға таңым бар.

— Мені бекер жазғырасыз.

— Бұл — қылмыс...

Байкин төмен қарап, кепкасының күнқағарын сипалап, қабағы түсіп, қиналғандық түр байқатты. Қипақтап, ойындағысын айта алмай, сәл тұрды да, мүләйімсіген түрмен шығып кетті.

Майор Кузьменко іс жайымен танысқаннан кейін оқиға болған жерге келді.

Кузьменко сағат онда Дайыровка кіріп, қонақ үйдегі оқиғаны түгел баяндады. Дайыров екі қолын алдына бос салып, қошқардың мүйізіндей иірілген әйдік емен столға ксудесін тіреп, Кузьменконы үнсіз тыңдады. Сөзін бөлмеді. Әлден соң шалқайып, жотасын орындыққа тіреп, еңсесін көтерді.

— Сонымен бөгде адамның із таңбасы жоқ де. Чемоданды иесінен басқа ешкімнің ұрлауы мүмкін емес дейсіз.

Кузьменко құптап бас изеді:

— Дәл солай, полковник жолдас.

Дайыров қасын керіп, сұрақты пішінмен қарады.

— Сөйтіп, чемодан ұрланбаған.

— Біз ұрлық ізін байқай алмадық.

— Жалған арызбен әлек жасауының мәнісі қалай?

Майор Кузьменко күмілжіп қалды. Өз долбарын нақты пікір ретінде кесіп айтуды ыңғайсыз көрді.

— Жеміс-жидек пісіп жатқан мезгіл. Ал біздің қала өзінің апорт алмасымен әлемге әйгілі. Саяхатшымыз осыны көріп, сылтау тауып алдағысы келген шығар.

Дайыров иегін сипалап отырды да:

— Біздің міндетіміз қайткенмен де қылмыскерді табу, әшкерелеу. Күмән тудырғанмен қонақтың чемоданы ұрланды делік. Оның өзі сондай дақпыртты қаласа, біз де тайсалмайық. Әділст кімнің жағында екенін көрейік. Меніңше, бұл ден қоярлық үлкен іс. Әрине, барлық әдептілікті, сыпайылықты сақтайық. Келістік пе?

— Дәл солай, полковник жолдас!

— Қонақтың арызын, әрине, аяқсыз қалдыра алмаймыз. Бұл іспен бір адамның арнайы шұғылданғаны жөн. Лейтенант Майлыбаев Красникованың ісін ашуда аса ұстамдылық, тапқырлық көрсетіп еді. Өзі қатігез жігіт. Бұл істі соған тапсырсақ қайтеді?

— Лейтенант Майлыбаев қазір аса маңызды іспен жүр. Оны “шаштаразбен” істес болуға бөлдік.— Кузьменко полковниктің бұрын берген тапсырмасын есіне салды.

Дайыров күтпеген қорытынды жасады:

— Петр Петрович, сіз қалай ойлайсыз? Меніңше, бұл тапсырма Майлыбаевқа кедергі жасамайды.

— Мен түсінбедім, Мұқан Дайырович?— Кузьменко қатты таңданды.—“Шаштараз” қаланың кәрі тұрғыны, Петрушкин болса кәсібі бөлек ит үйретуші. Олардың алыстан келген қонаққа қандай қатысы бар?

— Бұлардың арасында байланыс бар ма, жоқ па, оны білмеймін. Бірақ мынадай жай ойландырады: бұдан біраз күн бұрын Петрушкин жұмбақ хат алады. Одан соң оның әйелі кенеттен жоғалып кетеді. Соның арасында Петрушкиннің “шаштаразбен” ымы-жымы бір бола қалады. Байқасаңыз, жігі жоқ тұтас бір оқиға секілді іс өте күрделі. Қылмыскерді іздеу жолын қайта жоспарлаңыз. Өз тәжірибеңіз көрсеткендей, ұсақ деген істің өзі де елеусіз қалмасын. Келістік пе?

Майор Кузьменкоға жұмбақ боп келген істің өзегі енді ғана айқындалған секілді. Бұрын қанша ойланса да әр тұста өрбіген істің байыбына жете алмаған еді. Ол “өз тәжірибенің көрсеткендей” деген полковниктің сөзін құлақ ұшына дейін қызара тындады. Оған үлкен сенім артып отыр. Кузьменко орнынан шапшаң тұрып:

— Тапсырма орындалады, полковник жолдас!— деді.

Кузьменко есікке тақала беріп, тықылдатқан дыбысқа еріксіз бұрылды.

— Масловадан жауап алған тергеу ісімен таныстым. Оны қамаудан босатқандарыңыз дұрыс. Бірақ күдік алған адамнан жауап алу үшін алдымен оның кінәлі екенін білген жөн. Кінәраттау үшін оспақпен сұрау қоюға жарамайды. Адал кісінің жүрегіне дақ салмайық. Осы жағына мұқият болыңыз.

— Құп болады, полковник жолдас!

Дайыров кете беруге болады дегендей басын изеді.

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

Қаланың демалыс және мәдениет паркі. Прожектор сәулесі қызылды-жасылды оймышталған гүл алаңын құлпыртып тұр. Ағылған жұрт аллея бойымен сапырылысып өтеді. Анастасия Алтынбаева да осы көптің ішінде жеңгесімен серуендеп жүр. Өткен аптада институт студенттері концерт қойған еді. Концерт үстінде Қожаш деген тықыр қара жігітпен танысып, осы жексенбіде жолығуға уәделескен. Қалың көптің ішінде адасып, әуреленбес үшін фонтан түбін белгі етті. Фонтанды екі-үш мәртебе айналып өтті. Бірақ Қожашқа ұқсас жігітті Анастасия байқай алмады.

— Бұл қалай? Шынымен келмей ме? Мен осы бір күнді соншама асығып, ынтығып күтіп едім. Мынау мені жынды қылар!— деп, жеңгесін түртпектеп дегбірі кетті. Анастасияның жеңгесі Ольга Степановна — жасы қырықтан асқан, айна-тарақтан қалып бара жатқан кісі. Еркекке көп зауқы жоқ. Әйтсе де, қайын сіңлісінің жаңа адаммен танысқанын ұнатып тұрады. Жаңа таныс — ішім-жемге мол, барын аямайды. Ольга Степановна екі жасты жарастырып, солардан ішкен-жегенді пайда көреді. Қожаштың уәделі сағатта көрінбегеніне о да әбігерленіп жүр.

— Ойпырым-ай, мұнысы несі? Сөз байласқан жерлерің осы тұс па? Ұмытқан жоқсың ба?— деп Қожашты танымаса

да, өткен-кеткен кісілерге көз тігіп, қара жігіт көрсе:— Анау дудар бас қара емес пе?— деп қолын шошайтып, бір көрсетіп қалады.

— Қайсы? Кімді айтып тұрсың?— деп, жеңгесі қол сілтеген жаққа телміре көз сүзеді де:— Қайдағыны айтады екенсің!— деп күйіп кетеді.— Ондай бок қарын үйде де отыр ғой. Оны қайтем?

— Әнеу бір жігітті қарашы, сол емес пе?— деп Ольга Степановна қайын сіңлісінің көңілінен шыққысы келіп, жастау балаң жігітті нұсқады.— Киім формасы өзгешелеу екен өзінің!

Анастасия ернін шығарып, қолын сілтеді.

— Қалтасындағы ақшасы стақан араққа жетпейтін, ашқарақ студентті қойшы. Ең құрыса өнері жоқ, құр сөзбен ішінді кептіреді.

Анастасияның өткір көк көзі көпті барлап, өткен-кеткенді қалт жібермей жіті қарап тұр. Бір кезде Ольга Степановнаны шынтағымен түртіп қалды.

— Келе жатыр!— деп, жүрегі лүпілдеп, қуанып кетті. Қақпадан өте беріп, кідіріп жан-жағына қарап тұрған Байкинге:— Қожашка, мен мұндамын!— деп жүгіріп барып құшақтай алды. Жалтақтап жатырқаған жоқ, жабысып, қолтығына қытықсыз кіріп кетті. Байкин оның жеңіл қылығын сөкет көрмей, мұны әйелдің ынтыққаны, жақсы көргені деп білді.

Анастасия өзінің жеңгесімен таныстырды:

— Мынау менің туған жеңгем, Ольга Степановна, танысып қой. Үшеудің бірі артық дей ме? Бірақ бұл кісі ондайға жатпайды. Қымсынба, судағы балықтай мылқау.

Байкин иіліп амандасты да:

— Бұл не тұрыс? Бір жерге барып жүрек жалғалық. Мен таңертеңнен бері нәр татқаным жоқ,— деп, “Аралға” баруға ұсыныс жасады. Екі әйел кешігіп келген жігітті сөкпеді, қиқарланып қарсылық көрсеткен де жоқ. Ежелгі таныстай қолтықтасып, топтасып, ресторанға бет алды.

“Арал” рестораны бүгін өзгеше думанды еді. Босағада телміріп күтіп тұрғандар көп. Байкин даяшылармен жанасып, сыбырласып жүріп, оңашалау бұрышқа стол, орындық қойғызды. Осы жолы да қалтасындағы қызыл куәліктің жәрдемі тиді. Қайта-қайта жылтыңдатып көрсетіп жүр. Даяшы бұларды көп күттірмеді. Поднос толы шөлмектерді

столдың үстіне самсатып қойды. Арасында армянның жұлдызды коньягы да бар. Тоңазытылған ет, көк қияр, лимон, қуырылған тауық табақ-табағымен әкелініп жатыр.

— Қожаш, сен бүгін қарнымызды жарайын деген екенсің. Мынаның бәрін қалай тауысамыз?— деп Анастасия ризалығын еркелікпен білдірді.

Ольга Степановна Анастасияны ала көзіммен атып жібере жаздады. “Ала берсін, сенің пұлың шығып бара жатыр ма?” дегендей оны шынтағымен түртіп қойды. Байкин бұларға зер салған жоқ. Шанышқымен етті қабаттай алып асап:

— Осы да сөз бе, ыстық тамақ әкелгенше жүрек жалғай тұрайық!— деді де, рюмкаларға толтыра құйып:— Келіндер, денсаулық, амандық үшін алып қояйық. Осының бәрі тірліктің арқасы!— деді де, рюмканы аузына апарып, қылқ еткізіп бір-ақ жұтты. Екі әйелге ырық бермей, рюмканы түбіне дейін ішкізді. Анастасияның аузына етті өз қолымен салып, тамағынан, құлақ түбінен иіскеп, жегені үшін ризалық білдірді. Анастасия иығымен қағып, еркелеп, күліп, жадырай түседі. Біраз ішіп-жеп, тоғайып алған соң, столдан еңсесін көтере, сырыла отырып, салқын сыраны ішуге кірісті. Байкин енді байқады: Анастасияның шолақ көйлегі түріліп, мықын-дап кеткен екен. Аппақ, әдемі жұмыр сандары жарқырап, кісінің делсбесін қоздырады. Байкин ақырын қол жүгіртіп, сипалады. Анастасия түршіккен де жоқ, көз қиығын тастап, күліп қойды. Жігіттің ықыласын бұзбай, бүйірін тақап, тығылып, ыңғайлана түседі. Өзі де шыдай алатын смес. Әлден соң жігітке біржолата бұрылып, иығына қолын салып, құшақтап отырды.

— Мен сізді жақсы көрем!— деп Байкиннің құлағын тістелеп сыбырлады. Жігіт те мәз. Белінен қатты құшып, қысып, қымсынбай ұзақ сүйді. Ауыртып, тістелеп сүйеді. Анастасияның шыдамы таусылды. Дауысы дірілдеп:

— Жүрші, кетейік!— деді.

Даяшы әкелген ыстық асты шала жеп, үшеуі рестораннан жедел шығып, аялдамай Анастасияның үйіне қарай тартты. Анастасия ссріктерін асықтырып, өзі бастап келеді. Жолда қайта-қайта жабысып, құшақтап сүйіп, бөгей берген Байкинге:

— Шыдашы, — деп, сүйір саусақтарымен қолын қысып-қысып қойды.

Бұлар топтасып дабырласып үйге кіргенде, Ахметжан Алтынбаевичтің ыңырсыған дауысы шықты:

— Настя, келдіңдер ме? Құдай үшін бір жұтым су беріңдерші! Таңдайым кеуіп кетті.— Үні өктем емес, жалынышты. Кезерген ернін жалап, есік жаққа жаутандап қарайды. Ахметжан үлкен ғалым ғой. Физика саласында ашқан жаңалығы көп. Институттың соңғы курсында Анастасия қосымша сабақ, түсінік алған боп Ахметжанға келгіштеп, жұғысып, ыңғай керсеткен соң, Ақаң көп ойланбай, қатын, бала-шағасын тастап Анастасияға үйленген. Алғаш өмір қызықтау өткенімен кейін Анастасия салқындық жасайтын болды. “Жолдас қыздың үйіне барам”, “Жеңгемнің үйіне барамды” сылтауратып кеш келетінді шығарды. Кейде түнеп қалады. Қыстан бері аурулы-сырқаулы болып жүрген Ахметжан соңғы айда белі шойырылып, қозғала алмай, төсек тартып жатып қалған. Содан бері Анастасия мүлде шеттеп, үйге қарамайтын болды. Оған Ахметжанның бір кездегі жұмсақ үні түрпідей тиеді. Қазір де бұрқ ете қалды:

— Осы-ақ шөлігіп, өзегі кеуіп тұрады екен! Ольга, қақсатпай анаған су бере салшы!— деді де еркек дауысын естіп, сескеніп босағада тұрып қалған Қожашты саусағымен ымдап, бөлмесіне шақырды. Байкин үркіп тұр. Қозғалар емес. Анастасия өзі барып, құшақтап, ернінің ұшымен шымшылап сүйіп, сыбырлады:

— Қорықпа, ол орнынан тұра алмайды, сал боп жатыр!— деп Қожашты қолтықтап бөлмесіне әкелді. Есікті кілттеп жапты да:— Демалайық, мен шаршадым,— деп қымсынбай шешіне бастады. Жалаңаш денесі әжімсіз, тығыршықтай аппақ. Кеудесінде тікірейген қос алмасы, талдырмаш белі, кіндігінің шұқыры... бәрі кісіні еріксіз тартып, елітіп әкестіп барады. Байкин бұдан әрі шыдай алмады. Шапшаң шешініп, Анастасияның жалаңаш қойнына кіріп кетті.

Әлден уақытта Анастасияның бұлданған үні естілді:

— Кісіні бекерге әурелемей, маза беріңізші!— деп, Байкиннің өңкиген денесіне қарап дәмеленіп қалған жас келіншек енді қанағаттанбай теріс қарап, бұртиып жатыр.

Байкин байғұс шылқылдап қара терге түскен. Төмен қарап, киіне бастады. Анастасия оны шығарып салған жоқ. Есікті тарс жапты да, күйеуінің қасына келді. Ахметжанның самайын, маңдайынан сипалап:

— Шашың мүлде ағарып кетіпті ғой,— деді. Ахметжан Анастасияның қолын қақпады. Жерлеп табаламады, олай деуге онда дәрмен жоқ. Сырты сезгенмен, іші жақсы көрседі,

сүйеді. Оны қиянатқа қимайды. Бар шарасы — түнеріп, түйіліп сөйлеспейді. Қазір де қабағын шытты. Күрсінді.

Креслоның үстінде аппақ санын көрсетіп, аяғын айқастырып отырған Анастасия:

— Сен бұлқынатындай дәнеңе жоқ, бәрі орнында!— деп сигаретаны тұтатып, көк түтінді үсті-үстіне құмарта жұтты да, жеңгесін шақырды:

— Ольга Степановна, тоңазытқышта кешеден қалған ет бар ма еді. Соны қуыра салшы. Мына Ахметжанның қарны ашқан шығар.

Бұдан соң Ақаң Настяға қалай ашулансын! Оның әдемі сүйір саусақтарын тарамыс қолымен сипалап, қысып, аппақ алақанын сойдифан сақалды бетіне басты.

— Жаным, қимаймын сені.

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

Күн сенбі еді. Шаштаразда кезек күтушілер көп. Майлыбасев кезекте төртінші болып тұрған. Бұл жерге осымен скінші рет келіп отыр. Бөлмеде шаш алатын төрт мастер бар. Оның үшеуі әйел. Олар тіркестіріле қойылған қалың биік айнаның алдына қатар орналасқан. Тек төртінші шаштараздың жұмыс орны бөлек. Ол кісі бойындай сопақ айнаны көше жақ беттегі терезеге қырындау қойыпты. Пердені ысырғанда әйнектен әрі-бері өткен жүргіншілер тұлғасы ап-айқын боп айнаға түседі.

Бұдан бір жыл бұрын Шамадиновтың шайкасы ұсталғанда “қымбат мүлікті Соломон шаштараз арқылы өткізіп жүрміз” деп көрсеткен еді. Тексерген кезде, ондай фамилия да, кісінің аты да жоқ боп шықты. Бүркеншік атпен айтқанын Майлыбасев кейін анықтады. Көп күнгі зерттеу, оқиғаларды салыстыру нәтижесінде, әрі Петрушкиннің үйінде болған “бұхар еврейі” осыған ұқсастау көрінген соң, Майлыбаев Сигаловқа тоқтаған. Астыртын алтынмен сауда жасайды деген сыбыс та бар.

Майлыбасев екінші рет келіп Сигаловтың әр қимылын ұзақ уақыт бақылағанымен, күдік аларлық дәнеңе таппады. Жылы жүзді, жұмсақ кісі. Сақал-мұртын басқаннан кейін, әтірді мол сеуіп, салфеткамен ұзақ желпиді. Ризалық білдірген, кісіге иіліп, бас шұлғып тәнті боп қалады. Сөзге сараң.

“Ара” журналының соңғы номерін алып оқыған боп бетіне тосып отырған Майлыбасев Сигаловтың есіктен кірген

адамдарды тумбочка үстіндегі кішкене айна арқылы көріп отыратынын байқады. Бұрыштағы үлкен айнаға түскен адам бейнесі шағылысып, бар тұлғасымен кішкене айнаға көрінеді. Шаштараздар табиғатында әуесқой жандар, келім-кетім кісілерге бұрылып қарап жатпайды. Алдындағы айна арқылы келген кісіні көріп отырады. Мұндай шарайналар шаштараздарда көп. Айна үшін кісіге күдік келтіруге болмайды.

Осы мезетте терезеден иін тіресіп қақтығысып өткен екі адамның тұлғасы көрінді. Қолтығына кенеп қап қысқан үшінші біреу кідіре тұрып ішке үнілді. Сигалов оған да назар аудармады. Тек кішкене айнаға бас изеп, “компресс ыстық емес пе?” деп креслодағы адамның жағына буы бұрқыраған ыстық орамалды баса берді. Осы бір сәтте қоңырқай жүзі шұғыл өзгеріп, сұрланып кетті. Саусақтары қалтырайтын тәрізді.

Майлыбаев есік жаққа мойын бұрды. Әлгінде терезеден көрінген екі жігіт есіктің пердесін жұлқып, айқайлап көңілді кірді. Ептеп қызып алған секілді. Кезек соңын сұрап, стол үстінде жатқан шахмат тақтасына жармасты. Бәс тігісіп, ойынға кіріскен олар өзімен қабаттаса кірген қолтығында кенеп қабы бар адамға:

— Соңы біз боламыз. Әй, қалай жүресің? Пешканы қозғама, шах ашылады!— деп еңгезердей жас жігіт бас көтермей сөйледі.

Майлыбаев соңғы кірген адамды жүзбе-жүз көрмесе де, майор Кузьменконың айтуына қанық болғандықтан ба, Петрушкин екенін жазбай таныды. Ол Петрушкиннің мынадай саяхатына таңданғандай болды. “Мүшкіл халдегі мүгедек қанша жасар дейсің. Қалған жасты несіне құрмет тұтып, қастерлейін. Матренаның тұсында бір сәрі еді, ендігі өмірдің әкесін ұрдым!..” деп дүниеден безген адам, енді сонау ет комбинатынан сәндік іздеп, қалаға түскен. Қаланың шет жағындағы шаштаразда халық бұдан әлдеқайда аз, уақыт кетірмей, сақал-мұртты тез алдыруға мұнда келуі қалай? Әлде Сигаловқа жолығуға келді ме? Кәсібі әр түрлі, мінез-құлқы мүлде ұқсамайтын бұл екі адамның бір-біріне қандай қатысы бар? Әйтпесе базарға түсіп, магазин кезіп жүрген адамның кездейсоқ жүрісі ме? Әлгінде Сигалов кімнен сескенді?

Петрушкиннің жүзінде уайым-қайғы табы білінбейді. Жүріс-тұрысы айбатты, өктем. Ол кенеп қабын астына төсеп, аяғын айқастырып, шалқая отырды. Отырысы тіп-тік. Мәнері

өзгешелеу, әскери адамға ұқсайды. Бұл кезде Майлыбаевтың кезегі тақап қалған еді. Петрушкинді көргеннен кейін кідіруді ойлады. Бірақ кезегін өткізіп жіберудің қисынын таппай, кипактап отырғанда бес-алты жастағы баланы ертіп, ерні мен тырнақтары қып-қызыл, әдемі жас келіншек кірді. Ол ешкімге назар аудармастан отырған адамдардың алдын кесе өтіп, кабырғаға ілінген айнаның алдына келді. Жабысқан кірпіктерін саусақ ұшымен түзеп, көтеріп:

— Қазір кезек кімдікі еді? Сіздің кезегіңіз бе, жігітім,— деп бас изеген Майлыбаевқа күлімсірей қарады.— Кезегіңізді бір жолға қимайсыз ба?

— Әбден болады.

— Құдай тілеуіңізді берсін,— деп Майлыбаевқа сүйкене отырды. Бұртиып жұлқынған баланың қолынан тартып, зекіп қалды.

— Жұлқынбай жөніңе тұрсаңшы!

Бұл бала Ахметжанның ауылдағы немересі Әшім ғой. Ахметжан “көзіме шөп салдың” деп қапалана берген соң, Анастасия күйеуінің көңілін жібіту үшін іш тартқан боп, осы баланы біраз күнге “қаланы көрсетем” деп әдейі ауылдан алып келген. Әшімді түйгіштеп қасына отырғызды:

— Бәле неменің тақасуын қарашы! Бара-бара не болар екенсің? Тәлімсіз тәйтiк болмасаң игі еді. Құтырма, әйтпесе анау атай құлағыңды кеседі. Көрдiң бе қайшысының өткірiн!— деп қайшыны қайшылап көрсеткен Сигаловты саусағымен нұсқады.— Жә, сүйкенбей осылай отыр. Кісінің үстiн былғайсың!— деп иегiнен шымшып-шымшып алды. Ауылда еркiн өскен бала қыспаққа көне алмай солқылдап жылап жіберді. Дауысын шығара алмайды. Көзінен жас моншақтап ағады. Анастасия Әшімге жирене қарады:

— Осы күнгі балалардың пейілі жаман. Жөн сөз айтсаң, теріс көріп, тақаса қалады. Қаршадай басынан мынаның қасаруын қарашы! Жә, жасыңды сорғалатпа!— деді.

— Бар бәле осындай тілазар сотқарлардан шығады. Ана жолғы сенбiде бiр конақтың чемоданын қағып кетiптi,— деп кiре берiстегi шаш алушы әйел өзiнен-өзi долданып, қайшыны тараққа сарт-сұрт соқты.— Бұл жердi кiсi тонаушы деп даттап кетпей ме ендi. Не масқара бұл! Бұзақыны тыя алмаған соң милицияның керегi не?

— Милиционерлер iзшiл ит салып iздеп жүр деп едi. Таппапа екен?— деп имек сапты таяққа сүйенiп отырған шал сөзге араласты.

— Адам білмегенді ит қайдан білсін,— деп шаштараз әйел қағытып тастады.

Анастасия бұл оқиғаны алдыңғы екеуден көрі өзінің жақсы білетінін, қонақты жақын тұрып көргенін, көңіл бөлерлік сымбатты адам екенін айтып, көп сөз етіп отырғандардың назарын өзіне аударды.

Лейтенант Майлыбаев жас келіншектің жалған сөзіне қатты налыды.

— Қайда жүрсек те надандығымыз, топастығымыз бадырайып тұрады. Ұрыны шапшаң тауып, ұстаудың орнына итін арпылдатып, қонақтың алдында тұрып алғанын қайтерсің. Милиционердің дәрекілігін елемей итіне конфет тастады емес пе?

Майлыбаев шыдай алмады:

— Жалған сөзді ерінбей қалай айтасыз?— деп еді, Анастасия бүкіл шаштаразды қоштатып, өзіне өре бас салды:

— Сен, жігітім, милиционердің жыртысын жыртпай-ақ қой. Оларды сізден гөрі біз жақсы білеміз. Өңкигені болмаса көбі өнерсіз келеді!— деп, Анастасия сылқ-сылқ күлді.

— Қой, өйдеме, көңілі қалар. Осы күнгі жастар тапаншаға әуес,— деген шаштараз әйелдің сөзіне Анастасия саусағын шошайтып:

— Өзің шүріппенің қай жерде тұратынын білесің бе?— деп Талғаттың иығынан тартып жұртқа естірте сыбырлады:— Өзі былай имектеу келеді...

— Сізді үйретуге жараймын.

Анастасия күлімсірей түсіп, қылжақтай бастады:

— Жігітім, аспа! Мықтымын дегендердің талайын көргенбіз. Өзің мұнда неменеге келдің? Иегіндегі ербиген қылдарыңды қырғызғанша, жұлып-ақ тастамайсың ба? Қаласаң, іскек берейін. Кісінің тамағын қытықтаған қылды жаным сүймейді. Неге дейсің бе? Жай, адамның аңсары ауып жатқанда құрғыр көңілінді бөле береді...

Таяқ ұстаған шал имек трубкаға “Дели” темекісін салып, нығыздап:

— Басқаны қайдам, ал мен осы жігіттің айтқанына ден қоямын,— деп, Майлыбаевқа иск қакты.— Қонақтың документін сұрап, зіркілдеді дегені бекер шығар, келінім. Милиционер дегенің заң жолымен жүретін адамдар.

— Қартым, соларды жақтамай-ақ қой. Көк жағалылардың жайы сізден гөрі бізге мәлім. Алдымен мықтап тоналыңыз.

Сонда олардың кім екенін білесіз. “Мас боп жүргенде заттарыңды өзің шашып алғансың!”— деп, бөлені өзіне аударып салады. Осыдан кейін айыпты емеспін деп ақталып көр.

— Мына түріңізге қарағанда тоналып, сотқарлардан жәбір көрген жеріңіз бар-ау, келін. Сөз төркініңіз солай.

Шалдың мысқылына Анастасия қатты шамданды.

— Тоналмасам, тоналғанды көргенім бар!— деп шал адаммен тақасуды мін санайтынын сездіріп, теріс қарап отырды.— Алжыған ақсақ-тоқсақтарды несіне асырайтынын білмеймін. Осылардың жасын ұзартқаннан не пайда бар?

— Бір адамға жәбір көрсеткен сотқардың ісінен көп адамға бәле жапқан сайқал қылық жаман. Мен милиционер болсам, алдымен осылардың ізіне түсіп, аластар едім.

— Өзіңіз не танып отырсыз? Сайқал, өсекшіл демексіз бе? Көзіңді ашып қара. Кірген есің қай жақта екенін білмей қаларсың!— деп, Анастасия орнынан ыршып тұрды.

— Настя-ау, сөз ұғатын теңіңіз бе ол? Таласып қайтесің?— деп, шаштараз әйел сабыр еткізіп еді, Анастасия өзін қолпаштаған кісіні көрген соң, тіпті өршіп кетті:

— Қазір бұған сайқалдың қалай екенін көрсетейін!— деп тысқа жүгіріп шықты.

Майлыбаев екінші мастер әйелге кеп отырды. Ел сөзімен ісі болмай, шахмат ойынының қызығына түскен екі жігіт бұл жолы да кезектерін өткізіп жіберіп, Петрушкинге ұсынды. Петрушкин асықпай-саспай креслоға жайғасты. Айнаға қарап, қалың сақалын сипалады. Сигалов әдеттегісінше иіліп:

— Сақал-мұртты қырамыз ба?— деп быртыған саусақтарын Петрушкиннің сабалақ сақалына әрі-бері жүгіртті.

Ол үнсіз бас изеді.

Осы кезде долданып, тулап шыққан Анастасия біреуді ертіп кірді. Өзі көгеріп, қалшылдап кеткен.

— Бұл не сұмдық! Тамам жұрттың көзінше мені сайқал деп масқаралады. Кімнің қасында жатқан екем, ұстадың ба? Кәнс, айтшы!

Жас келіншекпен ілесіп кірген Байкин екен. Ол Анастасияның сөзін құптап, ілесе шалға зекіді:

— Сіздің азаматшаны мазақтауға қандай хақыңыз бар? Алдымен соны айтыңызшы!

— Кешіріңіз, мен ешкімді мазақтағаным Жоқ. Сөзіне қисынды жерінде жауап қаттым.

Анастасия бажылдап бет қаратпайды:

— Алжыған басыңмен өтірік айтуға ұялмайсың ба? Қарашы, өзі міз бақпайды! Біздің лейтенант саған қалай сөйлесуді көрсетер!— деді де Байкинге түйілді:— Мына қақпаспен осылай тақасып тұрамыз ба? Ырылдатпай әкетсеңші!

Байкинде қарсыласуға күдірет жоқ. Анастасия алдындағы кінәсін біліп, құрдай жорғалайды. Сөзін екі етпейді. Жас келіншектің желге тосқан зырылдауығы секілді...

Байкин байғұс шалды үйіріп, қуырып барады:

— Қайда қызмет істейсің? Сенімен ресми адам сөйлесіп тұр.

— Мен жұмыс істемеймін, лейтенант жолдас. Ол жастан өткенмін.

— Сонда немен шұғылданасың? Алыпсатарлық па кәсібің? Сендейлердің қалай тыныс алатынын білемін. Документіңізді көрсетуге рұқсат етіңіз.

Майлыбаев жазықсыз шалға дікіндеген Байкиннің қылығына қатты қынжылды. Бірақ дәл қазір онымен тілдесу мүмкін емес еді.

— Мынадан басқа документім жоқ,— деп, шал пенсия алатын кітапшасын көрсетті.— Тергейтініңізді білгенімде барлық документімді қалтама салып келетін едім. Құдайға шүкір, бір кісіні ақтарлық қағаз жетеді.

— Сөз таластырмай, дұрыс жауап бер. Мен сенен қағаз сұрап тұрғаным жоқ,— деп Байкин ырық бермей тиісіп, шалды итермеледі.

Анастасия айызы қанғанын қас-қабағымен білдіріп тұр. Шалды дедектетіп алып бара жатқан Байкинге:

— Мен әнеугүнгі жерде болам. Сонда келерсің. Тек кешікпе! Мақұл ма?

Майлыбаев шаштаразды асықтырып, иіс майды шала септірді де, тысқа жүгірс шықты. Пенсионер шалды жазықсыз жазғырып алып кеткенін, оны дереу босату керектігін айтып, милиция бөлімшесіндегі кезекшіге телефон соқты.

Майлыбаев мынадай бір жайға таңқалды: әлгі жас келіншектің жұртқа оғаш көрінген теріс қылығын лейтенант Байкин елемейді. Алдында құрдай жорғалайды. Неге олай? Оның үстіне ол әйелдің жоғалған чемодан жөнінде дәл мәліметі бар. Қазір туристер шұбап келіп жатқан мезгіл. Тұрғын халықтың көбі оларға назар аудармайды. Ал жанағы

жас келіншекке Джон Дрейердің қайдан келгені, кәсібі, сөйлеу мәнері, бәрі де айнадай айқын. Тіпті оның милиция органына арыз бергенін де біледі. Мұндай анық мәліметтерді ол қайдан алған?

Шеттен келген қонақтың арызданғанына бірсыпыра уақыт өтті. Оның үстіне мынадай сыбыры бар қала күн сайын жүздеген жолаушыны шығарып салады. Жайсыз әңгіме түрлі сакқа жүгіртіліп, қанша жерге жеткенін бір құдайдың өзі білсін! Әрине, мұның бәріне кінәлы бір-ақ адам.

— Ол кім?— Майлыбаев өзіне-өзі сұрақ қойды.

ОНЫНШЫ ТАРАУ

Лейтенант Майлыбаев автомат будкасынан милиция бөліміне телефон соққаннан кейін, трамвай тоқтайтын аялдамаға келіп, орындыққа отырды. Шаштаразда болған әңгімені еске түсірді. Неге екені белгісіз, Сигалов Петрушкиннің келгеніне тәнті емес. Өңі өзгеріп, қабағы түйіліп, жақтырмаған кейіп білдірді. Әлде күйікке ұшыраған жүдеу жанның мүсәпір кескіні ұнамады ма?

Сигалов пен Петрушкиннің арасында байланыс бар дегенге Майлыбаевтың өз басы шүбә келтіретін. Қазір бұл екеуінің кездескеніне танданып отыр. Лейтенантқа белгілі мәліметтерде Петрушкин әйелі хабарсыз кеткеннің соңында қалаға сирек түсетін болған. Жұмыстан соң үйінен ұзап алысқа барған емес. Оңашадағы кәсібі қора ішін жөндеу секілді күйбеңдеген үй тіршілігі.

Ол басын көтеріп, жан-жағына қарап еді, электр сағат төрт жарымды көрсетіп тұр екен.

— Төрт отыз? Неге төрт жарым? Төрт сом отыз тиын төлеңіз,— деп жатқан Петрушкинге. Өзі сияқты ол да сақалын алдырған. Майлыбаев екі сом елу тиын төлегенде, Петрушкиннің төрт сом отыз тиын төлеуі қалай? Әдетте шаштараздар сомға жетпесе санауға жеңіл болсын дей ме, оны бөлшектемей, отыздың орнына “50 тиын” деп жаза салады. Он бес, жиырма тиынның артық-кеміне жұрт назар аудармайды. Ал Петрушкинге сомын асырып, әрі тиын қосқан. Әлде елден артық алып, жоспарын орындайын деген тәсілі ме? Отыз тиынды қоспаса да тарифтен артық алған жоқ па?

Петрушкин артық ақша алғаны үшін қарсылық көрсетпеді. Тек ол:

— Екі тиным жетпейді, ірі ақшаны ұсатуға майдаңыз бар ма?— деді.

— Ірі ақшаңыз қанша сомдық?— деген кассиршаның сұрағына:

— Елу сомдық,— деп жауап қатты.

— Елу сомға майда жоқ, барыңызды төлей беріңіз. Екі тиынды кейін әкеп берерсіз...

Майлыбаев майорды алтыға тақағанда қайыққа билет сататын касса алдында жолықтырды: Екі беті тотығып, қабарып кеткен. Екі иінінен ентіге дем алады. Алғашқы айтқан сөзі:

— Әпкеңіз ғайып боп кетті. Со жақтан қайтқан бетім осы!— деді. Жүзінде реніш әрі өкініш бар.

— Оныңыз кім? Кім туралы айтып тұрсыз?

— Шынымен білмейсіз бе? Таңқалам!— Кузьменко Майлыбаевты қолтықтап оңашалау жердегі орындыққа апарды да:— Біз оның сөзіне, алдымен, Талғат, саған сенген едік. Басқарманың белді қызметкері әрі милиция офицері қолдаса, қалайша сенуге болмайды. Міне, соның нәтижесі. Ешқандай із қалдырмай бір түнде зытқан. Оның қайда кеткенін інісі де білмейді,— деді.

Әңгіме Маслова жайында екенін білгенде Майлыбаев түсі қашып, сұп-сұр боп кетті. Маслованың жасырынып кеткеніне сенерін де, сенбесін де білмеді. Шынымен Петрушкинаны өлтіруге Маслованың қатысы болғаны ма?

— Не айтарымды білмеймін, Петр Петрович,— деп Талғат төмен қарады.— Бәлкім, күйеуінің артынан кеткен шығар.

— Біз оған қаладан кетуге рұқсат бергеміз жоқ қой.

— Милиция талабын әркім дұрыс ұға береді дейсіз бе?

— Бұл жолы да қорғаншылық жасамақсың ба?— деді Кузьменко қатуланып. — Біздің алдымызда ол қылмыс жасап отыр. Барлық жерге іздеу салдық. Тапқан жерде дереу қамауға алынады.

— Шешім асығыс емес пе?

— Мен істің қалай өрбігенін айтайын. Содан өзін қорытынды жаса. Петрушкина Маслованың үйінен сағат жетіде емес, қас қарайып, ымырт жабылғанда кеткен. Және сол түні Маслова үйіне түнемеген. Күйеуінің айтуынша, ол тігінші әйелдің үйіне қонған. Ал жауапкер бұны бекерге шығарады. Оңаша әңгімеде шіркеуге түнегенін мойындайды. Әрине, қайда қыдырам десе де оның өз еркі. Милицияның ісі

емес бұл. Бірақ Маслова Петрушкинаны қараңғы түскенге дейін әдейі кідірткен. Бұл мезгілде қылмыскерлер әзірлік жасап үлгереді.

— Петрушкинаны не үшін өлтірді деп ойлайсыз?

— Олар тонау мақсатын көздемеген. Бұл айқын. Мұның бәрін Маслованы тұтқындаған кезде анықтаймыз.

— Петр Петрович, мұндай мәліметтерді қайдан алдыңыз? Кім берді сізге?

— Немене, күмәнің бар ма?

— Егер сіз осының бәрі қисынды деп тапсаңыз, таласуға хақым жоқ.

— Сен өзің қызықсың, Талғат!— деп майор Кузьменко реніш білдірді.— Әңгіме кісінің хақы, правосы жайында емес, қылмыстыларды әшкерелеу жайында болып отыр емес пе?

— Бізде, Петр Петрович, правомен бірге үлкен лауазым, шен бар. Соңғылар тұрған жерде кісінің правосы әрдайым сақтала бермейді. Оған зорлық жасалады. Кейде адам тағдырының ойыншыққа айналып кететін кезі де бар. Мен сондай озбырлықтан аулақ болайық дегенім ғой.

— Егер біз оны тұтқында ұстасақ, бұлай әбігерленбес едік.

— Кінәсі жоқ болса қайтесіз?

— Босатамыз.

— Кісінің өміріне дақ қалады. Ал Маслова жөніндегі ондай дерекке қосылмаймын. Менің пікірім бөлек. Оны сізге айтқанмын.

Бұл тұста Кузьменко мен Майлыбаевтың пікірлері алшақ кетті. Майор Кузьменко өз жолдасының қарсы пікірін әкімшілік әмірмен тыйып тастағысы келмеді. Оның үстіне әр кезде әрқилы тәсілмен жасалған қылмысты көп адам емес, бір адамның жасап жүргенін аңғарған еді. Масловаға сырттай бақылау қойғызып, істі Сигаловтан бастағанды мақұл көргенді. Маслова үйіне түнемеген күні Сигаловқа жолықпады ма екен, соның үйіне қонбады ма екен деген ой келген. Майлыбаевқа: “Шаштаразға көз қырыңды сала жүр” дегенде, Сигалов пен Маслованың арасындағы байланысты анықтап, әйелдің қылмысына көзі жетер деп ойлағанды. Егер Маслова жалғыз дара кетіп, ізін жасыруды көздесе, оның Сигаловпен ешқандай байланысы болмағаны. Олай болса, шаштаразға күдік келтіру бекершілік.

Оқиғаның кенет былай өзгергеніне Кузьменконың өзі қайран қалады. Майлыбаевтың сөзіне иланса — Маслова кінәсіз жан. Сонда қылмысты жасаған кім?

Ол Майлыбаевтың қабағы түскенін көріп:

— Кісіні аяушылық — оны да, өзінді де жәбірлеу ме деймін. Мысалы, өзінді алайық. Маслованы ақтап, арашаға түстің. Қазір ақтаған кісің қашып, берекесі кетіп ол жүр. “Оған тиме, адал еді” деп күйзеліп мұнда сен отырсың.

Майлыбаев радио үніне құлақ түріп отырған Кузьменкоға бұрылып:

— Жок, Петр Петрович, мен әрдайым өз пікірімде қаламын. Мен Маслованың қылмыскерлермен байланысы бар дегенге шек келтіремін.

— Неге бұлай ойлайсың?

— Маслова алды-артын ойламайтын ақымақ емес. Өзін іздейтінін біледі. Өз ісінің ақтығына сеніп, жорта кетуі мүмкін.

Кузьменко Майлыбаевтың сөзін естімегендей ауаны жаңғыртқан репродукторды мезгеп:

— Абдуллиндер өлеңін айтып кетіпті. Бар қызықтан құр алақан қалған екенмін,— деді де, темекісін тұтатып ақырын жымыды.— Талғат, сен адвокаттықты қумай, әдебиетші боламын дегенге таңым бар. Сенен Плебако секілді жүйрік қорғаушы шығар еді. Әрине, мен де ешкімнің қылмыс жасамағанын, жұрттың қиянаттан, бәледен аулақ жүруін тілеймін. Көріп отырсың, кейде осының бәрі өз ойлағаныңдай бола бермейді. Ақиқатқа жеткенше жаңсақтық жасауың да ықтимал. Біздің жұмыстағы басты нәрсе — өз мініңді сезіп, соны түзете білу. Шындықты көре тұра бүркеп, одан ойқастап, бұра тартсаң өзімшілдікке салынасың. Ең жаманы осы. Біз өзін айтқандай, адам тағдырымен ойнай алмаймыз.

Майордың жекімей жеткізген әр сөзін ой елегінен өткізіп, аз-кем ойланып қалған Майлыбаев Кузьменконың мол тәжірибесіне, біліміне сүйсіне отырып, сұрағына мүдірмей жауап беруге тырысты. Шаштараз ішіндегі әңгімені, өзінің көргендерін баяндағанда, Кузьменко:

— Байкиннің теріс қылығын бөлімшеге хабарлағаның дұрыс болған. Еңбегі сіңген ардагерлерді ренжітуге қақымыз жоқ,— деді де:— Өзіңнің Петрушкинмен кездесуің қызық екен! Мен оны шаштаразға бара қояды деп күтпеген едім. Маслова соғар деген ойда болатынмын. Мынауың үлкен жаңалық. Петрушкиннің мөлшерден тыс төрт сом отыз тиын төлеуі қалай? Бұл цифр нені аңғартады?

— Меніңше, бұл жолығудың шартты мерзімі ме деймін.

— Мен де солай ойлаймын, — деді Кузьменко. — Әйтеуір, олар бір жерде сағат төрт жарымда кездесуге тиіс.

— Петрушкин артық ақша төлегеніне қарсылық та көрсетпеді.

— Петрушкин кассаға ақша төлегенде Сигалов қайда еді?

— Кассаның жанында қол шаятын орын бар. Ол сонда қолын жуып жатқан.

— Глафира Данишевская жаңылыспапты, Петрушкиннің үйіне барған “бұқар еврейі” осы болды, — деп Кузьменко аз уақыт ойланып отырды да, тізесін алақанымен шарт соғып: — Меніңше былай: жетпеген екі тиын — кездесетін күннің реті. Сонда олар сейсенбі күні бір жерде жолығыспақ. Әрі жөн сілтеуші шаштараз емес, Петрушкин. Сигалов оның ығында жүрген атшабары. Байқасаң, Петрушкин конспирацияның тәсілін жетік біледі. Қайдан үйренген ол?

— Оқыған шығар.

— Қайда? Мектепте ме? Отыз тоғызыншы жылға дейін артельде етікші болып істейді. Онан соң армияға шақырылады. Қырық бесінші жылы жараланып, қолынан айырылады. Қырық алтыншы жылдан бері ет комбинатында ит үйретуші болып істеп келеді. Қайдан оқымақ ол, білесің бе, Мұқан Дайырович: “Петрушкинаның ғайып болуы, чемоданның ұрлануы тұтас оқиға емес пе? Сол арасын байқашы?” деп тіксінген еді. Бақсам, полковник болжауы кеп тұр. Жарайды, сейсенбіге дейін дем ал. Сонан соң сөйлесерміз.

...Бұл күні де аспан төрі тозанданып тұр. Көз көрім жер сағымданып, құбылып, азайып көрінеді. Шілде ішінде жауын көрмеген қала шаңданып, сұрғылт тартқан. Ағаш жапырақтары бүрсиіп сарғайған.

Сағат төртке жақындағанда вокзал жақтан қайтқан троллейбустан ақ қалпақ киген біреу түсті. Ол ешқайда бұрылмастан басын төмен салып, көшені қиып өтті. Биік үйдің бірінші қабатындағы фотовитринаны қарап ұзақ жүрді. Темекіні тынымсыз тартады. Қасына біреу кеп жөн сұрады ма, басын шайқап “білмеймін” дегендей ишарат білдірді. Троллейбус тоқтайтын жерге қайта келді. Сағат төрт жарымда троллейбус пен трамвай жолдары түйіскен бұрышқа келіп, екінші вагонға китель киген адамның қасына отырды. Келген Петрушкин, вагонда отырған Сигалов еді.

Кузьменко мен Майлыбаевтың долбары дұрыс боп шықты. Петрушкин шаштаразбен сейсенбі күні сағат дәл төрт

жарымда трамвай ішінде кездесті. Вагон ішінде бұлардан басқа кісі болмады. Не сөйлескені белгісіз. Травмай Ұйғыр көшесіне келіп тоқтағанда, екеуі вагоннан түсіп, дүкен алдында кідірді. Аздан соң қарама-қарсы екі көшенің бойымен екеуі екі жаққа кетті.

Петрушкиннің шолақ қол жақ қолтығына қысып алған кенеп қабы бар еді.

ОН БІРІНШІ ТАРАУ

Шілденің күні желсіз, қапырық. Кузьменко қағаздан басын көтеріп, бір сәт тыным алмақ еді, тұла бойы зіл тартып, ауырлап, буындары сырқырай бастады. Екі кұлағы дамылсыз шыңылдады. Сыздаған шекесін алақанымен қысып, сан қабат ақтарып қараған қалың папканы шынтағының астына қойды.

Петрушкиннің жалаң арызы тіркелген жұқа папка бұл күнде қалындап, қампия түскен. Әр түрлі қолмен жазылған әрқилы қағаздар ой тоқтатарлық сыр бермей, шытырман жайға бастайды.

Кузьменкоға күдік қалдырған ауру тарихы жазылған шеті күйген сары ала қағаз еді. Онда бұдан он жыл бұрын Гомель қаласының түбіндегі армиялық госпитальда Петрушкиннің жатқаны айтылған. Гомель қаласына сұрау салғанда, ондай адамның сол мезгілде емделгенін дәл айта алмады. Өйткені госпитальдың архиві өрт кезінде жойылып кетсе керек. Сол жылдары қызмет жасаған дәрігерлер тарап кеткен. Бас дәрігер ондай аурудың өзінде емделгенін есіне түсіре алмады.

Майор Кузьменко титығы жеткен қазіргі халін аңғарса да, қағазға қайта үңілді. Бірақ жаза алмады. Көз алдынан өткен күндердің шытырман жайлары сол көмескі қалпымен шұбатылып өте береді.

Бүгін Петрушкин мен Сигалов қала сыртында, Алматы өзенінің жағасында тағы кездесті. Күн жексенбі ғой. Өзен жағасында халық көп. Сигалов оңашалау талдың көлеңкесіне басын тығып, жүндес кеудесін жалаңаштап, күнге қақтап жатқан. Петрушкин қасына келіп, қабын жайғанда ол басын көтеріп бірдеме деді де, қайта жатты. Сырт қараған адамға қалың көптің бірі секілді, оғаштығы байқалмайды.

Петрушкин аяғын суға шайып, Сигаловтың аяқ жағындағы көк шалғынға қисайды. Ақ шетен қалпағымен бетін бүркеді. Бұл да түймесін ағытып, кеудесін жалаңаштады. Кеудесі

тықыр, қызыл шақа. Екеуінің сөйлесіп жатқанын есту қиын еді. Бұларға ұсақ әңгімеге шебер Карпов қосылды. Ол темекі тұтатуға сіріңке сұраған боп, Сигаловтың қасына жантая кетті. Сигалов басын шапшаң көтеріп, түрегеп отырды. Карповтың күн қаққан қоңырқай денесін көріп:

— Тәуір тотығыпсың. Қара теңіздің жағасына қақталғансың ба?— деді.

— Табиғаты тамаша, мынадай жер тұрғанда, Қара теңізді қайтем? Ол жақ ақшаның соры ғой,— деді де, Карпов Сигалов ұсынған сіріңкені алып, папиросын тұтатты.

— Оның рас, алыс жаққа ақша шақ келмейді. Әйтпесе теңіз жағасына не жетсін? Суы бөлек қой.

— Қыз-келіншектерін айтсаңшы!— деп Карпов әңгімені қоздыра түскісі келді.

— Біз қыз-қырқыннан қалдық қой,— деп, Сигалов сыпайылық жасады.

— Қой, өйдеме, түрің жас, қауқарың бар секілді.

— Сыртымыз борбиғанмен, бұрынғыдай емес, қимыл шамалы.

Сигаловтың бұл сөзі Петрушкинге ұнамады ма, ол шапшаң тұрып, суық суға бір сүңгіп алды да, киімдерін қолтығына қысып, өзеннің арғы бетіне өтті.

— Бұл кім өзі?— деді Карпов таңданған пішінмен.— Танисыз ба?

— Былай шырамытам, шаштаразға бір-екі мәрте келген секілді. Өзі әумесер ме деймін.— Сигалов Карповтың қалтасында бұлтиған жартылықты көріп, тамағын қырынып, қадала түсті:—Анауың арақ па? Өзің естияр жігіт екенсің!

Карпов шөлмекті қалтасынан алып:

— Қалай, ішеміз бе?— деді.

— Өз үлесімді төлейін.

— О не дегеніңіз, арақ сатып байыған емеспін.

— Пұлын алмасаң, бір рюмкадан артық ішпеймін.

— Сөзді қой, жейтін бірдемең бар ма?— деді де, Карпов шөлмектің түбінен бір ұрып, тығынын ытқытып жіберді.

— Менде жейтін дәнеңе жоқ.

— Тұздаған балықтың күйрығы қалған еді. Соны бөліп сорармыз.

— Одан артық жемнің керегі не?— деп тегін араққа Сигалов қуанып қалды. Екеуі жартылықты қақ бөліп ішіп алды. Аздан соң Сигалов:

— Сенің келгеніңе қуанып қалдым. Әйтпесе әлгі ит ұрып жазым ете ме деп қорқып жатыр едім. Байқадың ба, өзінің сіреспе ауруы бар секілді. Өңі бұзылып, көзі аларып кетті. Езулері көпірши қалды. Ол ит бір жерінді мерткітіріп жүрсе, кімнен күн даулайсың!— деп Карповқа қарай қырындап жатты.

— Өзің қайда істейсің?

— Балық тресінің басқармасын естуің бар ма?

— Үлкен мекемеге құлағым қанық емес? Естігенмен ұмытып қалам.

— Әйтпесе біліп ал Сол мекемеде инспектор болып істеймін.

— Балыққа қожамын десеңші. Балықтың қос сорпасы, шіркін, балдан тәтті-ау. Балықшылар мұндай күндері Іле жағалап кетуші еді. Немене, тобыңнан адасқансың ба?— Сигалов лезде есін жинап, Карповқа күдікпен қараған тәрізді. Бастапқыдай жылы ұшырамайды. Тосырқай қарады.

Карпов өзінше дәлел іздеді.

— Бір минут та тұрмас едім, қайтесің, әйелі құрғыр аттап бастырмайды. “Жер татыған сасық балығың кімге дәрі? Сенің аулайтының балық емес, басқа” деп қажап, кісінің зықысын шығарады. Оған көзіне көрініп жүрсең болғаны. Қалғаны бір тиын. Анау қайыңның түбінде дөңкиіп жатқан немені көрдің бе? Менің күзетшім сол.

Сигалов қостағандай басын изеді.

— Әйел қисайса қиын, жеңе алмайсың,— деп шалқасынан жатты.— Бос сөзге кісі шаршайды білем. Кішкене жатып дем алайық.

Осымен Петрушкинмен және Сигаловпен жүзбе-жүз жолығысу тамамдалды. Карпов: “Келесі жексенбіде Ілеге барайық. Мен бір лажын табармын”,— деп өзінің балықпен кәсіп ететінін сендірмек еді, Сигалов жалтарып, ықылас білдірмеді:

— Белімнің мүкісі бар еді. Суық тисе шойырылып қалам. Ұзақ жүрісті көтере алмаймын.

— Еркіңіз білсін?

Сигаловтың өмір жолы Петрушкинге ұқсамайды, бөлек. Оның орта білімі бар. Бір кезде шет ел тілі факультетіне түсіп, оны оқымай тастап кеткен. Институт іргесінде жүргенде шаштараз боп тиын тауыпты. Кейін оқуды біржұла тастап, осы кәсіпке көшкен. Соғыстан бұрынғы мекені — Тула

қаласы. Немістер қалаға қатер төндіргенде Москваға ығысқан. Фашистер астанаға тақаған қиын-қыстау кезеңде Қазақстанға көшіпті. Он төрт жыл бойы осы бейбіт жасыл қалада өмір сүріп келеді.

Үлкен қалада әркім әрқилы адамдармен кездесіп жатады. Оларда ешкімнің жұмысы жоқ. Ал Петрушкин мен Сигаловтың өзгеше сақтығы олардың бір кезде жапа шеккенін аңғартады. Бұлардың құпиясын біреу білген. Әрине, ол — Петрушкиннің әйелі — Матрена Онуфриевна. Өзіне қалтқысыз берілгеніне сенген Петрушкин әйелі тарапынан қарсылық болар деп ойламаған. Үрейі кеткен Петрушкин әйелін өлтірудің қамын жасайды. Оған шаштараз көмектеседі. Сөйтіп кемпірді өлтірген оның өз күйеуі Петрушкин мен Сигалов.

Оқиға барысын зерттеп осындай тұжырымға келген Кузьменко Петрушкинаны қалай өлтіргенін топшылап өзінше болжау жасады. Ерлі-зайыпты Петрушкиндердің костюм іздеп базарға барғаны рас. Бірақ Петрушкиннің ондай затты сатып алуға ынтасы жоқ еді. Оның бар ойы тиімді мата кездеспегенді сылтау етіп, қас қарайғанша жүруді ойлады. Ыңғайлы кезегін тапса, Матренаны қаладан жырақ әкетпек. Күйеуінің жат қылығынан үркетін Матрена Онуфриевна өзін өлімге қияды деп күтпеген. Әйткенмен ол сақтық жасады. Қатер төне қалғанда басқа жаққа кетуді ойлады. Оның сумкаға күрделі ақша салып жүруі содан болуы ықтимал. Комиссионка магазиніне келгенде күн кешкіріп қалған еді. Петрушкин асығады. Тықыршиды. Сүйткенше бұларға Маслова ұшырасады. Матренаны күн батқанша кідіртуге желеу табылған секілді. Ол әйелінің ізін бағып Маслованың үйіне келеді. Оны тасада күтіп тұрады. Матрена Онуфриевна күйеуін көріп сескенгенімен, машина ішінде отырған таныс кісіні көріп, сабырлық жасайды. Машина ішіндегі адам Сигалов еді. Сөйтіп кісі өлімі бұдан екі жарым ай бұрын жасалған.

Егер Петрушкин көп жыл отасқан, сырлас әйелін өлтіруге дейін барса, оның қазіргі әрекеті аса қауіпті болғаны. Бәлкім, Матрена Онуфриевна азғындаған күйеуін бәледен арашалағысы келген шығар. Тілін алмаған соң, қыр көрсетуі ықтимал. Ол өзінің осы жайын Масловаға айтқысы келген болар. Бейшара жан өз өмірінің ақырғы сағатында не айтқысы келді екен?

Кузьменко столында жатқан іс тіркелген папканы ақтарып Маслованың алғашқы жолы берген жауабына көз жүгіртті. Ол өзіне шаң жуытпайды. Әлде бұл сырттан жылтырап көрінген залым әйелдің айласы ма? Ары таза болса неге қашады? Ол өзінің әшкереленетінін білген шығар...

Әр түрлі ойға кеткен Кузьменко сағатына қарады. Сағат алтыға он бес минут қалған екен. Бүгін Петрушкин жұмыстан кеш шығуға тиіс. Оның үй жағын торып шықпақ. Бәлкім, көмескі жайларды анықтауға себі тиер.

ОН ЕКІНШІ ТАРАУ

Ымырт жабылған мезгіл. Қала оттары жағылған. Алматы түні қараңғы, әрі жылы. Жұлдыздар жымындап тым қалың көрінеді. Жиегі болымсыз сәуле шашады, кәдуілгі гауһар секілді.

Кузьменко Петрушкиннің үйінің қасына келіп, қақпа сыртында біраз жүрді. Осы маңдағы екі-үш үйге кіріп шыққан. Көршілері Петрушкин жайында мардымды дәнеңе айта алмады. Кембағалдың мүшкіл халін ескеріп, мүсіркейді. Хабарсыз жоғалған зайыбын еске алады. Милицияның көмектеспегіне қайран қалады, дәрменсіз дейді. Петрушкиннің үйі биік тақтаймен қоршалған ғой. Кузьменко қақпа сыртына келіп, сәл кідірді. Көкжал төбеттің үні шықпайды. Қора іші жым-жырт. Есікті итеріп көріп еді, ашылмады. Іштен кілттенген. Осы мезетте ту сыртынан тықыр естілді. Кузьменко бойын тез жинап:

— Бұл кім?— деп, қол фонарь сәулесін дыбыс шыққан жаққа жүгірткенде, дарбазаның босағасына жабысып тұрған біреуді көрді. Жарықтан жасқанып, көзі ұялып, бетін басып, шегіншектей берді. Майор шырамытты. Қитар Глафира екен.

— Данишевская, бұл сіз бе? Мұнда не ғып жүрсіз?

Глафира жат дауыстан үркіп, бұғына түсті.

— Бұл кім өзі?

— Танымадыңыз ба? Мен милициядан, Кузьменкомын.

— Ә, ә, білем, есімде.— Глафира жақын келіп амандасты.— Сәлеметсіз бе? Мен ұры екен деп қорқып қалып едім. Андрей Алексеевичке жолығайын деп пе едіңіз? Ол жалғыз емес-ау деймін. Үйінде қонақ бар секілді.

— Қонақ дейсің бе?

— Иә, кетіп қалмаса, мана біреудің қақпадан кіргенін көріп едім.

— Еркек пе, әйел ме?

— Онысын ажырата алмадым. Қара шапан жамылып алған Поп тәрізді.

— Ақырын сөйлеңіз. — Глафира сықылықтап күлді.

— Шолақтан қорқасыз ба? Мүсәпір түрі үркітпесе, өзі сондай қайырымды. Қорықпаңыз.

Осы бір сәтте майор Кузьменкоға сан қилы ой келді. Бүгін Петрушкин жұмысқа бармаған. Үйінде неге отыр? Үйіне келген кісімен әдейі жолығысу үшін қалған ба? Ол кім? Данишевская мұнда не ғып жүр? Әлде оны сырттан торытып қойды ма?

— Мұнда не істеп жүрсіз?

— Сіздіңше не істеуім керек? Байы жоқ бойдақ әйел қатыны өлген жесірдің босағасын аңдып жүр де! Одан басқа оның қандай шаруасы болушы еді?

— Сіз оны сүйесіз бе?

— Мен ешкімді сүймеймін? Маған бай керек. Еркек болса болды маған.

Кузьменко қақпаға асылып, қолын созып есіктің тиегін ағытты.

Глафира тақап келіп:

— Байқаныз, иті бос. Кісі келсе ауыз үйіне қамайды. Бұхар еврейі келгенде сүйткен.

— Үйге қалай кіреміз?

— Білмеймін.

— Итті, бәлкім, сіз ұстай тұрарсыз, сізді таниды.

— Бұлқынса әлім жетпейді. Айырылып қалсам, жазым етер.

Кузьменко есікті қақты. Жат кісінің иісін сезді ме, арлан төбет атып тұрып, қатты үріп сыртқа ұмтылып, ауыз үйде асыр салды. Екпіні қатты, қалың тақтайды зірк-зірк еткізеді. Петрушкин есікті аша қоймады. Кузьменко не істерін білмей дағдарып тұр.

— Мен дыбыс берейін, бәлкім, шығар,— деп, Глафира есікке тақағанда:

— Былай тұр!— деп, Кузьменко әмірлі үнмен бұйырды.— Бұл жерден шапшаң кетіңіз!

Глафира майордың қаһарынан сескеніп, қақпаға қарай жылжи берді. Кузьменко сыртқы есікті тақылдатып жатқанда Глафира жүгіріп келді:

— Есік ашылғанда ит бас салып жүрмесін. Байқаңыз! Көк төбет бүкіл поселке итін шуылдатты. Қаңғыбас шарылдақ күшіктердің үні тым ащы. Қақпаға тап-тап береді. Бәрі Петрушкиннің үйіне қарай жабыла үреді. Тұнық кешті азан-қазан етті. Кузьменко есікті арагідік тықылдатып, жауап күтіп тұрған. Бір кезде есіктің тиегі ағытылғандай болды. Көк төбет арс етіп алға ұмтылды. Есікті иығымен тіреп, басып тұрмағанда тура Кузьменконың кеңірдегінен ала түсетін еді. Әлден уақытта Петрушкиннің самарқау үні естілді:

— Ей, бұ кім өзі?

— Андрей Алексеевич, ашыңыз! Бұл мен,— Кузьменко есікке құлағын түрді.

— Мені кім? Жөніңді айтсаңшы? Ә-ә, начальник жолдас па? Қазір, мына итті байлайын. Тіл ұқпас неме, жазым етіп жүрер.

Үйдің іші жым-жырт бола қалды. Петрушкин итті қыңсылатып, сүйреп бара жатты. Әлден уақытта есік ашылды.

— Кіріңіз, түнделетіп қайдан жүрсіз? Жақсылық хабармен келдіңіз бе? Жоғары шығыңыз.

Үйдің іші астаң-кестен шашылып жатыр. Петрушкин үйдің ішін жинастырып, сөйлеп жүр.

— Келетініңізді білмедік. Анау-мынау әзірлеп қоятын едім. Енді барына разы болыңыз.

— Рақмет, Андрей Алексеевич, өзім де қонақтан келемін.

— Қуыс үйден құр шықпа дей ме, отырыңыз. Дәм татыңыз.

Кузьменко төрге шығып жайғасқанда:

— Алыстан келесіз бе?— деп, Петрушкин елеусіз сұрақ қойды.

— Осында жоғарыдан келген қонақтың чемоданы жоғалып кеткен еді. Ұрыны сонау Қаскеленнен таптық. Сол жақтан келе жатқан бетім.— Кузьменко Петрушкин сөзге ере ме деп жорта айтып еді, ол бұған мән бермегендей, өзінше сөйлеп кетті.

Майор Кузьменко табалдырықтан аттаған бетте үй ішінің мүлкіне, бөлмелердің құрылысына ерекше назар аударған. Ауыз үйден кіре берістегі екі қанатта екі бөлме бар. Есіктері ашық. Төргісіне қос төсек қойыпты. Біреуі көптен бері жиналмаған. Бір кездегі кіршіксіз ақ жамылғыштар мен ақ жастықтар кір басып, қоңырқай тартқан. Бұрышқа өрмекшілер ұя салған. Тозаң қалың. Шифоньер жаңа бір әзірде

ашылған. Саусақтың таңбалары баттиып тұр. Үй ішінде сигаретаның жеңіл түтіні, иіс майдың жұмсақ жұпар иісі сезіледі. Кузьменко үй ішін тінте қарағанмен Петрушкиннен басқа кісіні көре алмады.

Стол үстіндегі рюмкаларды көрсетіп:

— Қонақ сыйлағансыз ба? Жұрттың бәрін даттап жатырсыз, жақтырмайтыныңыз бар, сыйлап қайтесіз?— деді.

— Начальник жолдас, сіз де мені мазақтайын дедіңіз бе?— Петрушкин қарсы орындыққа отырды. Қалтасынан “Беломор” алып тұтатты.— Мен секілді ғаріп-ғасыр кімге керек дейсіз? Кісі қабылдаудан қалып барамыз. Қыдырымпаз, жүргіш жандарға күйік дарымайды білем. Осында сатпақ Савелий деген жынды бар. Бір таза жүргенін көрмейсің. Аузынан арақ иісі мұңкиді де тұрады. Сол иттің әйелі өлгелі қай заман. Өзінде сана жоқ. Уайым-қайғы дегенді білмейді. Сол антұрған төсегін күніге жаңартады деп естимін. Ал біз жалғыз кемпірдің күйігін тартып отырғанымыз мынау.— Петрушкин шүңірек көзін төмен түсіріп, күрсінді.— Бүгін байғұс кемпірдің туған күні еді. Құдайдың рақымы түсіп дүниеге келген күнді атап өту бұл үйдің баяғыдан келе жатқан салты. Тірі жүрсе есіне алсын деп, өзінің сүйікті рюмкасын алып қасыма қойып отыр едім. Мұны да көзіңіз шала қойыпты. Бүгін қитар Глафира келе ме деп дәмеленіп, анау-мынау алып қойып едім. Байғұс, алданыш тапты ма, кейінгі кезде көрінбей кетті.

— Глафира дегеніңіз кім?—Кузьменко жорта сұрады.

Петрушкин таңданғандық білдірді.

— Шынымен білмейсіз бе? Милиция түрмеден шыққандардың есебін жүргізіп бақылайды деуші еді. Онысы бекер болғаны ма?

— Ниеті бұзықтар мен жуликтерді тыйып алсақ та жарар. Ақталғандарды торып қайтеміз.

— О да жөн екен.

Майор Кузьменко темекінің сорттары мен әтірдің көптеген түрінің иісін айнымай ажырата алатын. Петрушкин жеңіл сигаретаның түтінін “Беломордың” ащы түтінімен тұншықтырмақ болса да, дәл тапты. “Лайка” сигаретасына ұқсастау көрінгенімен, тамақ қырнар жеңіл иісі бар. Кәдуілгі “Тройка” сигаретасы. Иіс май “Жасмин” мен “Шипрдың” қоспасы. Сірә, бұл үйге келген қонақ бұдан бұрын сақалын алдырғанда, шаштараздың “Шипр” әтірін септіргенін

жақтырмай, жұмсақ “Жасминді” кұйдырған. Сонымен бұдан аз-кем уақыт бұрын бұл үйге еркек адам келген. Және қол таңбаға қарағанда шифоньерді ашып, одан керекті затын алған...

Петрушкин берекесі қашып, сескене бастады. Әңгімемен алдандырғысы келді ме, сауал қойды:

— Начальник жолдас, әнеугүнгі ұсталған қатынның ісі немен тынды? Сазайын тартқан шығар?

— Кім туралы айтып тұрсыз?

— Әлгі біздің қатынның сумкасы табылған әйел ше?

— Ә-ә, Маслованы айтасыз ба? Қашып кетті. Ұстатпай жүр.

— Қамауға алды, ісін тергеп жатыр деп еді. Түрмеден қалайша қашып кетті екен. Сайқал неме, милициядан да таныс тапқан екен-ау. Жылмындасы жаман еді. Одан бәрін күтуге болар. Айырылып қалғаны өкінішті екен.

— Матрена Онуфриевнаны өлтірген ол емес, басқа адамдар!— Петрушкин не айтар екен дегендей Кузьменко сынай қарады.

Петрушкин шошып кетті:

— Не дедіңіз? Матрена өлді дейсіз бе?

— Тірі болса бір хабарын берер еді ғой. Ол өлген. Қазір қылмыскерді іздеп жатырмыз.

Петрушкин біраз уақыт үнсіз отырды. Әлден соң:

— Дерек бар ма?— деді.

— Сіздің көмегіңіз керек, Андрей Алексеевич. Қолғабыс жасаймын деп едіңіз, өзіңіз көрінбей кеттіңіз.

— Менің көмегім дайын ғой, начальник жолдас.— Петрушкин күйік жеңген кісідей мүләйімсіп, жұмсақ сөйлемек еді, бірақ көңілге алған күдік шошытты ма, түсі сұрланып, екі көзі қанталап, үні кесектеу шықты.— Сөйтіп, Матрена өлді дейсіз, ә?— Ол рюмкаға арақты шөпілдете кұйып, қағып салды да:— Жиіркенбесеңіз, бір рюмка алыңыз. Қайғыма ортақ болыңыз,— деді.

— Рақмет, Андрей Алексеевич. Кісіден кісі жиіркенуші ме еді? Жайласып отырып өзіңізбен әңгімелесуге кұштармын. Бірақ қайтесіз, жұмыс бар. Ұрыны ұстап, көңіл жай болған соң, әдейі соға кетейін деп бұрылдым.

— Келгеніңізге рақмет, начальник жолдас.

Майор Кузьменко қақпа сыртына шыққанда, қалбалаңдап жүгіріп келе жатқан біреуді көрді.

— Бұл кім?— деді де, Майлыбаев екенін танып:— Мұнда неғып жүрсің?— деді катулы үнмен. Бір көше ұзап шыққаннан кейін:— Саған мұнда келуге болмайды. Петрушкин сені білуге тиіс емес.

Майлыбаев екі кештің арасында басқармаға телефон соққан. Секретарь қыздың майордың “бір жаққа” жалғыз кеткенін естіп, ойына күдік алып, Петрушкиннің үйіне жеткені осы. Сырты мүсәпір Петрушкин ыңғайын тапса уысына түскенді аямайтынын о да сезген. Кузьменконың түн ішінде жалғыз кеткеніне қауіптенді. Қорғаншы боп жүргенін бүгіп, жалтарды.

— Шаштаразды жоғалтып жүргенім. Бүгін ол да жұмысқа шықпады. Шарқ ұрып іздеп жүрсем, антұрған неме, үйінде отыр. Қызметші әйел менен мұны жасырыпты.

— Үйінде екенін қайдан білдің?

— Кәрі бөрінің кассиршадан көңлі аулақ емес екенін сезетінмін. Сол арқылы білдім.

— Үйінде отырғанына көзің жете ме?

— Дәл солай, Петр Петрович.

— Мен Петрушкиннің үйіне кіргенде шифоньерден сол жақ қолдың таңбасын көрдім. Ал оның сол қолы жоқ қой. Олай болса, оған біреу келген. Бұл үйге Сигалов келген шығар деп ойлаған едім. Онда басқа біреу болды. Кім болуы мүмкін?

— Петрушкиннің біз білмейтін басқа танысы болғаны ғой. Қалай байқамағанбыз?— Талғат өкініш білдірді. Аздан соң ол:— Қонақ үйге телефон соғайық!— деді.

— Неменеге?

— Біздің қонағымыз бөлмесінде ме екен, білейік.

— Мынау менің ойыма келмеген жай еді. Жүр, шапшаң!— Кузьменко Талғатты қолтықтай жөнелді. Жолшыбай:

— Талғат, сен Данишевскаяны көрдің бе?— деп сұрады да, оның жауабын күтпей, сөзін жалғастырды.— Әттең, байқаусыз бұзақылардың торына түсіп қалған. Әйтпесе ақылы бар қыз. Алғаш Петрушкиннің үйінде кісі барын содан есіттім. Бірақ ол үйден үй иесінен басқа адамды көре алмадым. Қабырғаның бәрі тықыр, қосалқы есік жоқ. Погребін де байқамадым. Еден нық, дүңкілдемейді. Терезе де жабық.

— Үйі жаңадан салынған. Біз білмейтін жасырын жолдары бар шығар. Үйді кімнің салғанын білейік.

Ертеңіне Кузьменко қалалық архитектура бөліміне телефон соқты. Ит үйретуші құрылыс үйінің көмегінен бас

тартып, үйді өзі салыпты. Кузьменко капитан Карповты шақырып алып:

— Сіз Сигаловты білесіз ғой?— деді.

— Солай, Петр Петрович, өзен жағасында жартылықты ортаға алып, танысқанмыз бар.

— Онда тіпті жақсы. Бүгін сол жолғы кездесуді еске алған болып, шаштаразға барыңыз. Бұдан былай оның тұрақты клиенті болыңыз.

Капитан Карпов Майлыбаевтың ақыл азабынан тапқан күрделі ісіне төтеннен килігуді жөн көрмеді.

— Лейтенант көптен бері осы іспен шұғылданып жүр. Оның ақиқаттаған ісіне араласқанымның қисыны келер ме екен?— деп жалтарып еді.

— Ол көсе ғой. Жақ түгін күніге қырса да сақал өспейді. Бес тал мұртын қыра-қыра ернін жауыр етіп алыпты, — деп сүйсініп күліп отырды да:— Талғат бұған қарсы емес. Оның ризалығы бар. Полковник Дайыровтың ұйғаруы солай. Қазір лейтенант Майлыбаевқа маңызды жұмыс тапсырылып отыр. Сіздің көмегіңізге ренжімейді ол Іске кірісе беріңіз!

— Құп болады, жолдас майор!— Карпов тік тұрып басын изеді.

Ісі, әрекеті күн сайын жұмбақталып бара жатқан Петрушкиннен көз жазып қалмауды лейтенант Майлыбаевқа тапсырды. Бұл күрделі іс оған лайықты саналды.

ОН ҮШІНШІ ТАРАУ

Лейтенант Майлыбаев үш тәулік бойы поселкеден шықпады. Петрушкиннің үйіне біреу келмей қоймайтындай көрінген еді оған. Бірақ Петрушкин көшеде де, үйде де жалғыз. Тіршілігі күйбең, өнімсіз, кимылы бірқалыпты. Әбігершілік байқалмайды. Қаңыраған бос жәшіктердің тақтайын сөгіп, кілеттің қуыс тесіктерін шегелеп жүр. Иінағашпен су көтеріп бара жатқан Данишевскаяны көріп, дауыстады:

— Глафира, мұнда кел! Сөйлесетін әңгіме бар,— Данишевская қасына келгенде:— Көрінбей кеттің, бірдеңе тапқансың ба, қалай? Зауқың соқса, үйге кір. Мен бүгін боспын. Отырып шер тарқатайық.

Глафира ықылас білдіре қоймады.

— Кір жуып жатыр едім, қолым тимейді.

— Сен маған осындай қиқар мінезіңмен ыстықсың, тәттісің. Сенің сабалақ түрінді көргенде, құдайақы бір түрлі қызығып кетем.

Глафира күлді:

— Қойшы?

Шолақтың мына сөзін Глафира қызық көрді. Қитар көзін күнге шағып, қырындай қарады. Жүрегін қытықтап, елтетін сияқты.

— Үйіңе кіргенде одан маған қандай пайда бар? Алдымен соны айтшы?

— Нені қаласаң соны жасайың, шыбын жанымды да аямаймын.

— Жақсы айтасың, Андрей, көпірме сөзді қайдан үйренгенсің? Мен сені бұлай деп ойлаған жоқ едім.

— Не тілейсің, жаным, айтшы.

— Өз басыма ие болсам да жарайды. Біреудің тағдырын жетелеп қайтем. Мені бүйтіп бекер әурелеме. Ал әйел ғып алар ниетің болса, ашық айт!

— Жалғыздық шаршатты. Бұдан әрі шыдай алатын емеспін. Жарым бол, тілегім осы!

— Тойды қашан жасайсың?

— Мына әуре-сарсаңнан құтылайын, кемпірдің ісі бітсін! Сонан соң тойды бір-ақ күнде жасаймын.

Глафира көңілшек қой, ықыласы ауды. Петрушкиннің үйіне кірді.

— Ешкім жоқ, именбе, кіре бер. Өзің көрген жай-мекенің ғой.— Петрушкин жүгіріп барып есікті ашты.

Глафира таңқалды: стол үсті жасаулы, жайнап тұр. Тоңазытылған құстың еті, тураған шұжық, магазинде таптыра қоймайтын қара уылдырық, қызыл балықтың жотасы табақтабағымен тұр. Тұздалған қияр, помидор шыныға бөлек салынған. Қағазы әсем қылтанақ мойын коньяктың шөлмектері дастарқан үстін түрлендіріп, кісіні ішпей-жемей тоғайтады.

Петрушкин Глафираның мойнын, құлақ түбін иіскелеп:

— Бір нәрсе сұрайын, айтасың ба?— деді.

— Құлағым сенде, айта бер.

Петрушкин сәл бөгеліп отырды да:

— Осында милиционерлер келіп, астыртын сұрау салып жүрсе керек. Сенімен сөйлеспеді ме?— деді.

Глафира бұрылып, бажырая қарады.

— Оны саған кім айтты?

— Білем, есіттім. Сенімен де сөйлесіпті.

— Сен өйтіп былжырама. Кемпірім жоғалды, қаран қалдым, сорладым деп милицияны шақырып жүрген өзің емес пе едің? Келсе, сенің жоғыңды жоқтап жүрген шығар. Оны маған несіне айтасын?

— Глаша, мен сүюмен бірге күйе де білемін. Кейін қатты батты тырнағың деп жүрме. Көмейіндегіні бүкпей, шыныңды айт!

— Сенің не айтып отырғаныңды түсінсем, бұйырмасын. Елдің өсегіне әуестігім жоқ. Отырғаным артық көрінсе, кетем қазір.— Глафира бұлданып тұра бергенде, Петрушкин:

— Шошандама, отыр!— деп иығынан тартып қалды. Қолы зілдей, жерге жаншып жібере жаздады. Глафира иығын жұлып алды.

— Не керек өзіңе?! Күшінді көрсетпексің бе? Мә, саған!— Екі саусағын бүгіп, ортасынан бас бармағын қылтитып көрсетті.

Петрушкин Глафираның қикарлығын күшпен жеңе алмайтынын аңдады ма, амалға көшті:

— Глаша-ай, қайдағыны айтып кеттің ғой. Өзің былай отыршы. Ашуыңды бас, жаным!— Глафираны қасына алып құшақтап баяу үнмен сөйледі.— Кісі біреуді өлгенше жақсы көргенде, қарасын көрсе қанағат тұтып, соған да мәз болады екен. Бір сәт көзден тасаланса, жаныңды қоярға жер таппайсың. Мен сені милиция майорынан да қызғанам. Оның неменеге жүргенін сұрағаным сол. Қызғаныш не дегізбейді? Сөлекет көрінсе, мен қойдым. Кешір, айып менен!

Глафира сенерін де, сенбесін де білмей Петрушкинге бажырая қарады. Петрушкин мұнды, көзі жасаурап кеткен. Глафира көңілшек қой, аяп кетті. Мойнынан құшақтап шашын сипалады. Бетінен аймалап сүйді.

— Біз мәңгі-бақи, өмір бойы бірге боламыз. Солай ма, Андрюша?

— Солай, жаным.— Петрушкин сақалымен Глафираның танауын қытықтап:— Анау майор келгіштеп жүргенге сені тегін малданып кете ме деп ішім күйіп жүр еді. Енді көңілім жай тапты.

— Өзің тұрғанда, басқаны қайтем? Маған өзің қымбатсың! Майор анау жолы осы үйге келгенде мен қақпа алдында тұрғанмын.

— Ол саған не айтты? Не деді?

Глафира осы тұста шынын айтпай, бүгіп қалды:

— Тұрма, аулақ кет!— деп қуып жіберді.

— Мінезін қиқар еді, сен оны қалай тыңдай қойдың екен?

— Милициямен байланысқым келмеді. Оны өзің жақсы білесің.

Петрушкин сенбеді. Рюмканы Глафираның аузына тосып:

— Қайдағыны айтып кеттік қой. Милициясы өзімен кетсін.

Отырысымызды бұзбай, жақсылап ішелік. Кәне, алып жібер.

Арада біраз мезгіл өткеннен кейін Петрушкин:

— Жатып дем алайық! Коньяктың уыты тарасын!— деді.

— Мейлің, өзің біл

Осы мезетте көк төбет қатты үріп, қораны басына көтерді. Біреулер қақпаны ашып дауыстаған секілді. Петрушкиннің түсі бұзылып кетті. Қалтыраған жалғыз қолымен қалтасын сипалай берді. Шапшаң тұрып, жастықты жөндеген боп, астынан бір затты алып, қалтасына салды. Глафира оны көрген жоқ. Ол несіне қам жейді? Жаңа ғашығы қасында, қарағайдай үй басында. Өмірінің шат боп тұрған шағы. Енді ол ешкімнен қысылып, қымтырылмайды. Қасында болашақ байы бар адам неге сасады? Ол еркін басып, тайтандап есікті ашты.

Үйге екеу кірді. Бірі егде тартқан тапал семіз кісі, екіншісі балаң жігіт. Глафира жақтырмай: — Сіздерге кім керек?— деді.

— Біз өрт сөндіру бөлімшесіненбіз,— деді семіз кісі Глафира мен Петрушкинге кезек қарап:— Үй-жайдың өрттен қауіпсіздігін байқайық деп келдік. Үйдің жоспары өзіңізде ме? Болса, көруге рұқсат етіңіз.

Петрушкин пештің үстінде тозаң басып жатқан чемоданды бауынан сүйреп шықты да, ішін ашып, үйдің жоспарын алды. Өрт сөндіруші үйдің қалай орналасқанын көрді, электр сымдарын тексерді.

Глафира өрт сөндірушіні өлердей жек көріп тұр. Үй-жайы бар, басы бос еркекпен жұптасып тұру оның арманы еді. Сондай күннің ләззатын көрейін деп тұрғанда мыналар келіп шырықты бұзды. Бұлар өрт сөндірушілер емес, Глафираның өмірін өшірушілер сияқты көрінді. Үлкен ашу қысып, терісіне сыймай, шытынап тұр. Сыралғы Петрушкин долы әйелді өршітпейін деді ме:

— Сен ренжіме, Глаша, қазір қалаға түсетін жұмыс бар. Қайтарда соғам. Бүгін үйде бірге боламыз. Мақұл ма?— деді.

Глафира оның сөзін естіген жоқ. Көз шарасы жасқа толып, қақпадан шығып бара жатты.

Петрушкин өрт сөндірушілер кеткеннен кейін көп аялдамады. Қалаға бет алды.

Майлыбаев Петрушкиннің қалада жүргені жайында басқармаға телефон соқты да, оның келер жолын тосты. Жарты сағаттан кейін ит үйретуші трамвайдан түсіп, 8-март көшесінің бұрышындағы бағанаға жапсырылған хабарландыруларға қарап ұзақ тұрды. Пәтерге берілетін бөлме жайында жеке адамдардың құлақтандырулары ілінетін. Петрушкин жан-жағына ұрлана қарап, жапсырылған қағаздың біреуін жұлып алды. Онда төрт кісілік әсем, жарық бөлме өткізілетіндігі, үй иесіне студент болғаны қолайлы екені жазылған. Қағазды алғаннан кейін көп аялдамай, кенеп қабын қолтығына қысып, көк базарға бет алды. “Динамо” магазинінің алдында кідірді. Магазин іші жөнделіп жатқандықтан қызу сауда сыртта, лавка үстінде болатын. Екі аңшы қосауыз мылтықтың ұңғысына үңіліп, шаппасын, шүріппесін ұстап көріп, сынасып таласып жатқанда, Петрушкин олардың қасына келді. Қарамен қапталған құс мылтыққа қолын созып:

— Бері әкелші, көрейін!— деп киліге кетті. Әрі-бері аударып, ұңғысын сығалады.— Шіркіннің бұрандасында мін жоқ екен. Жарқырап тұр. Оғы қаңғымай дәл тиетін шығар.

Қайдан келгені мәлімсіз, осы мезетте Сигалов бұлардың қасынан сусып өте шықты. Петрушкин оған зер салып қарамады.

Екеуі екі көшенің бойымен кетті.

Сол күні кеште лейтенант Майлыбаев өзінің көргендерін Кузьменкоға баяндады. Екеуі әрбір сөзге мән беріп, талқылап ұзақ отырды. Әлден уақытта майор Кузьменко:

— Сондай бөлме пәтерге беріле ме, анықтадың ба?— деді.

— Білдім. Бірақ үй иесі ол бөлмені бұдан екі жарым ай бұрын пәтерге берсе керек. Онда салт бастылар тұрады. Үй иесі “Студент болғаны жөн” деген сөзді жазбаған.

— Таңқаларлық жай екен бұл.— Майор Кузьменко қағаз бетін шимайлап біраз отырды.— Шаштараз сенің төрт рет, түсіндің бе, төрт кісілік бөлме емес, төрт рет шаштаразға барғаныңа қатты күдіктенген. Сигалов: “Студент болса

жақсы, ал аңдушыға ұрынсақ қайтем?” деп Петрушкиннен ақыл сұраған. Әрине, бастығы бұл іске қалай болса солай қарай алмайды. Шаштараздың әшкереленуі оның өзіне қатер. Сигаловты шартты жерге шақырып, мылтықты көрсету арқылы жауабын айтады. “Ұңғысында мін жоқ. Жарқырап тұр. Оғы қаңғымай дәл тиетін шығар” дегенін “Жаңа дәрінің әсерінде мін жоқ, айнымай дариды” деп жоруға болады. Шартты белгімен тілдесуге бұрынғы хабарландыруды пайдаланған. Осылай ұғысқан соң, олар сөйлесіп қайтеді? Ол бүгін Данишевскаяны үйіне бекер шақырған жоқ. Екеуінің не жайында сөйлескенін білуіміз керек?

— Глафира сырын аша қоя ма?

— Ертең таңертеңгісін Петрушкин жұмысқа барады. Күзетте бір тәулік тұруға тиіс. Сменасы бітер кезде Данишевскаяны осында шақырмақпын. Петрушкин біз жайында Данишевскаядан тәптіштеп сұраса, онда долбарымыздың дұрыс боп шыққаны. Матрена Онуфриевнаны өлтірген Петрушкин болады. Егер бағытымыз теріс болса, істі қайта бастаймыз.

— “Өрт сөндірушілердің” жаңалығы бар ма?

— Үй бекітіліп берілген жоспарға сай салынған. Артық құрылыс жоқ,— деді Кузьменко.

Майлыбаевтың өз басы темекі тартпайтын. Сонда да папиростың біреуін алып, қыршып бөлді де, болымсыз темекі қалдырып тұтатты.

— Менің байқауымша, Петрушкин мен Сигалов жалғыз емес. Бүгін сағат үште Петрушкин “Есік” қонақ үйінің алдындағы киоскіден екі қорап сигарет алды. Киоск газет-журналдарға арналған, темекі сатпайды. Оның үстіне оның сигарета тартқанын көрген емеспін. Осында бір сыр бар секілді. Петрушкинді дереу қамауға алып, үйіне тінту жүргізейік. Айғақтық заттар табылатынына күмән жоқ. Кейін кеш қаламыз.

— Петрушкинді қамауға алдық дейік. Сонан соң не істейміз?

— Қылмысты ашамыз.

— Ол жөнін айтпаса қайтесің?

— Қыстаймыз, айтады!

— Қостамаймын, Талғат! Құр күдік қамауға негіз бола алмайды.

Майлыбаев шығуға айналғанда:

— Талғат, Маслованың ізіне түстік. Таныс құрбысының үйінде жүр екен,— деді Кузьменко.

— Қайда, қалада ма?

— Жамбыл қаласынан таптық. Осында келетін секілді. Қамауды тоқтата тұрдық. Сол қырсық қатыннан түбі бәле көретін шығармыз. Кейін айтпады деп жүрме!

— Кәсібіміз қауіп-қатер екен, енді оның бәлесін де көтерелік.

ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Майор Кузьменко Петрушкиннің жұмысқа кеткенін әбден анықтағаннан кейін Данишевскаяның үйіне келді. Глафира ышқырын түріп тастап, веранданы жуып жатыр. Екі балтырының жоғарғы жағы қанталап көгерген. Бір жақ аяғын тобық үстінен байлап алыпты. Кузьменко жөтеліп дыбыс бергенде, Глафира жалт қарап, басын шапшаң көтерді.

— Ә-ә, майор жолдас, сәлеметсіз бе?— Ол су қолын кеудесіне сүйкеп сүртіп ұсынды.— Жоғары шығыңыз. Мен сізді бұдан былай көрмеймін ғой деп едім. Жақсы келдіңіз.

— Көрмегені қалай?

— Милиция бастығының қолы тие бермейді ғой.

— Бүгін көңілдісің, Глафира. Не жаңалығың бар?

— Көңілді болмағанда қайтем?

— Құпия жасамасаң, білуге бола ма?

— Мен күйеуге шығайын деп жатырмын.

— Құттықтаймын. Тойды қашан жасайсың?

— Бәрі сізге байланысты, майор жолдас. Қалай рұқсат етсеңіз, солай болады.

Кузьменко таңданды:

— Менің рұқсатым керек пе?

— Кейде дым білмегенсі қалатыныңыз-ай!

— Шын айтып тұрмын, Глафира.

— Матрена Онуфриевна өлді. Андрей снді бойдақ жүре алмайды. Мен оған ұнаймын. Соған байға шыққым келеді. Кемпірдің өлгені туралы қағаз берсеңіз, дереу той жасаймыз.

— Петрушкин дейсіз бе?

— Неге таңданасыз? Біз кемтар, кембағал жандармыз. Екі жарты қосылып, бір бүтін болармыз. Құдай кісінің бәріне тілегін бере бере ме? Барына қанағат қылайық дедік.

Майор Кузьменко өткен жолы Петрушкинге Матренанын өлгенін, қылмыстыларды іздеп жүргенін әдейі айтқан еді. Петрушкин өзі қылмыс жасаған болса, ол қайткенмен де милиция орындарының қандай бағытта жұмыс істеп жатқанын білуге тырысады. Екі ортаға аңқау Глафираны салып, жағдайды білгісі келген. Егер милиция органдары Глафираға күйеуге шығуға қарсы болмаса, онда Петрушкинге күдік жоқ. Қылмыстыларды басқа жақтан іздеп жүрген болады. Петрушкин Глафираны жұмсап қойып, милицияның әрекетін осындай тәсілмен біліп алмақ. Майор Кузьменко Петрушкиннің үйлену хикаясын осылай ұқты.

— Ол сізге қашан сөз салды.

— Біз бәріне өткен түні бір-ақ келістік. Созып қайтеміз? Есік көрген адамдармыз. Сіз менің бақытыма қарсы болмайтын шығарсыз. Сізге бір құпия сыр айтайын ба? Андрей Алексеевич әуелі мені сізден қызғанады.

— Менен бе?

— Иә! Өмірімде мені кісі қызғанып көрген жоқ еді. Еркек сүйсе сөйтеді дейді ғой. Бір жолы кітаптан оқығаным бар.

Кузьменко ит үйретуші аңқау әйелді осал жерінен оңай қолға түсіргенін аңғарды. Глафира майордың құптап құттықтай қоймағанына реніш білдірді.

— Қалай, менің бақытыма сенбейсіз бе? Сіздіңше, түрмеден шыққан әйелдің бәрі бұл дүниеден тұл қалып өтуі керек қой. Мен өмір сүргім келеді. Мен әйелмін, ана болғым келеді.

— Сенің бақытты болуыңды шын көңілден тілеймін. Өзің білесің, Глафира, өмір дегеннің оспағы көп, байқамасаң опық жегізеді.

Глафира оқыс сұрақ қойды:

— Сізге Андрей Алексеевич ұнай ма?

— Біреуге мінездеме беру үшін оны жақсы білу керек. Ал мен оны білмеймін. Матренаға байланысты анда-санда жолығысып тұрамыз. Былай сырлас емеспін.

— Мына сөзіңіз күйеуге шықпа дегеніңіз бе, қалай?

— Ойланғаныңыз жөн.

— Сіз төсек қызығын көріп қалған әйелдің күйін ұқпайсыз. Бос жатқан әрбір күн азап. Сорлы боп тумасам, бұрынғы қате көлденең шықпас деймін. Онда мен еркектің жастығынан опық жедім. Енді ересек адам опасыздық жасамас.

— Глафира, сіз мынаған жауап беріңізші, маған сенесіз бе, әлде Петрушкинге сенесіз бе?

— Түсінбеймін!— Глафира басын шайқады.— Еркек деп танысам, сізге сенем. Күйеу деп қарасам, Петрушкинге сенуім керек.

Кузьменко сәл ойланып тұрды да:

— Сіз оған әлі күйеуге шыққан жоқсыз. Солай ма? Олай болса менің сөзіме ден қойғаныңыз жөн!

— Бұл жолы сізге құлақ салмаймын, начальник жолдас. Көктен бақыт тілеймін деп жүріп, қасымдағы қуанышымды қуып қайтем?

Кузьменко Глафираның түсінбейтінін білген соң:

— Бақытты болыңыз!— деді.

— Рұқсатты қашан бересіз?

— Қандай рұқсат?

— Матренаның өлгені туралы қағазды айтам. Байғұс кемпір бәрібір тірілмейді. Біздің бақытымызды бөгеменіз.

— Милиция өлік туралы қағаз бермейді. Оны ЗАГС органынан алыңыз.

— Андрей маған милиция береді деп еді, ол байғұс та білмейді екен ғой. Келген соң, ақылымды айтайын.

— Глафира, сіз қашан жұмысқа барасыз?

Глафира күлді:

— Менімен жолығысуға уәде байласайын деп пе едіңіз? Мен дайын. Бүгін сменамды атқарғанмын. Қолым бос.

— Ертең кешкісін басқармаға келіңіз. Сонда сөйлесейік.

— Ертең кешкісін дейсіз бе? Жоқ, болмайды. Андрей жұмыстан шығады. Кетіп қалсам іздейді ғой. Оны қалай жалғыз тастап кетем?

— Мен сізді көп ұстамаймын.

Майор Кузьменко дереу басқармаға оралды. Кабинетке ілесе кірген Карповке:

— Григорий Матвеевич, киоскідегі сатушымен сөйлестіңіз бе?— деді.

— Сөйлесіп үлгере алмадым. Қырсық атқыр неме, екінші жолы шақыртқанда зорға келді.

— Қазір қайда?

— Осында отыр.

— Шақыр. Осы сылбырлығымыз да жетер. Асықпасак болмайды.

Карпов бұты бір тұтам, дөңгелек қарын, тапал семіз кісіні ертіп келді.

Кузьменко орындық ұсынды.

— Отырыңыз, танысып қоялық. Мені Петр Петрович деп атайды. Фамилиям — Кузьменко. Ал сіздің аты-жөніңіз кім?

— Милициямен танысуға әуестігім жоқ. Мұнда неге шақыртты. Алдымен соны айтыңызшы?

— Есті адамсыз, дауыс көтеріп сөйлеу жарамайды.

— Сендер кісіні айқайлатпай қоясындар ма? Жазығым не?

— Менің сұрағыма жауап беріңіз, аты-жөніңіз кім?

— Михаил Моисеевич Тюнин.

— Жақсы, Михаил Моисеевич, мен сізді тыңдап отырмын.

— Не айтам? Бірдеме дейтін қылмыс жасаппын ба?

— Екі қорап сигаретаны кімге бердіңіз?

— Қандай сигарета?— Тюнин шошаң етіп, жан-жағына қарады.

— Қандай сигарета екенін сіз айтыңыз!

Тюнин қолы жыбырлап, таңданған пішінмен қарады.

— Сигаретамен көптен бері сауда жасап жүрсіз бе?

— Жолдас начальник, киоскі темекіге арналмаған. Біз газет-журнал сатамыз.

— Ал сигаретаны қайдан алдыңыз?

— Менің өз басым темекі тартпаймын. Сигаретамен әуестігім жоқ. Сірә, сіз мені басқа біреумен шатастырып отырсыз ғой деймін.

— Бала сөйлесе, білместік дейміз, үлкен жалған айтса не дейміз? Есіңізге түсірейін, кеше сағат үшке бес минут қалғанда шолақ қолының күлтесіне кенеп қап қысқан адам киоскінің алдына келді. Сегіз тиынға газет беріңіз дегенде, сіз: “Ескісі ме, әлде жаңа номерлері ме?” деп жауап бердіңіз. Ол: “Бүгінгісі болса жарар еді” деді. Солай ма?

Тюниннің өңі өзгеріп кетті.

— Солай болып еді, начальник жолдас. “Самолеттен қалып барам, бере сал” деп жалынған соң, алып қалып едім.

— Сізге сигаретаны кім берді?

— Былай жақсы білмеймін. Бірақ жүзі таныс. Киоскіден ағылшын тіліндегі “Московские новости” газетін алып тұратын. Сырт пішіні мәдениетті адам секілді. Сөкет қылығын көре алмадым. Немене, сигаретаның ішінде бір бәле бар ма екен?

— Оны сізден білгіміз келеді?

— Сенсеңіз, ашып қарамадым.

— Сигаретадан басқа не қалдырды.

— Қорапты ораған газеті бар.

— Қандай газет?

— Байқамадым.

— Оған оттықты кім берді?

— Білмеймін, мен бергенім жоқ.

— Мұндай қызметіңіз үшін қанша төледі?

— Ауыз тұшырлық дәнеңе жоқ.

— Әйткенмен?

— Бес сомды ұстатты.

— Ол ақша қайда?

— Қалтамда,— деп Тюнин қапшығынан бес сомдықты алып, Кузьменконың алдына қойды.

— Григорий Матвеевич,— деді Кузьменко бес сомды Карповқа беріп,— мынаны дереу сарапшыға жіберіңіз. Қорытындысын мүмкін болса тезірек берсін.

— Қош болыңыз!— Кузьменко Тюнинмен әңгіменің тамамдалғанын білдіріп, орнынан тұрды. Мемлекеттік автоинспекцияға телефон соқты.

Майор Кузьменко телефонмен сөйлесіп жатқанда, кабинетке Майлыбаев кірген. Кузьменко қолын ұсынып:

— Амансың ба, Талғат. Отыр,— деді де, телефонмен сөйлескен әңгімесін айтты.— Бүгін сағат бір шамасында белгісіз біреулер вице-президенттің кеңсе алдында тұрған машинасын мініп кеткен. Бір сағаттан кейін машина екінші көшенің бұрышынан табылыпты. Спидометр қырық километр жүргенін көрсеткен. Поста тұрған милиционер сондай “ЗИМ” маркалы машинаның сағат бірде Медеуге бара жатқанда жолдағы көпірден өткенін көрген. Машинаны таныған. Бірақ тоқтатуды ыңғайсыз көріпті.

— Машинаны қуған кім екен?

— Әлі анықтай алмай жатырмыз.

Майлыбаев өзінің келген жұмысына көшті:

— Петрушкин қораның ішінен жаңа клет салып бітірді. Погребі кең, цемент төсеген. Ол бұдан біраз уақыт бұрын кемпірінің бұрынғы ескі үйін жөндеп сарай жасаған еді. Жалғыз жанға мұншама қора-жайдың керегі не? Клетті асығыс салуын түсінбеймін. Ақтарып, қопарып қарасақ қайтеді?

— Қазір автоинспекцияның адамдары ғылыми-техникалық бөлімдегі жігіттермен бірге “ЗИМ” машинасының ізімен кетті. Мен де со жаққа барайын деп отырмын. Келген соң ақылдасайық. Мен келгенше Тюниннің түсініктемесімен таныса тұр.

“ЗИМ” машинасы Медеу демалыс үйінің тұсындағы тоғай ішіне тоқтаған. Екі адамның ізі жатыр. Алма бағында алма

теріп жүрген ересек қыздар сүліктей қара машинаның ойға тоқтағанын алыстан байқапты. Бірақ адамдарды көрмеген.

Кузьменко басқармаға келісімен шаруашылық бөліміне телефон соқты.

Петрушкиннің түстік үзіліс кезінде қайда болғанын ешкім дәл айта алмады. Біреулер үйіне тамақтануға кетті десе, енді бірі үйшігінің қасында отырған десті.

Вице-президенттің машинасын қуған кісі табылмады, жұмбақ болып қала берді.

ОН БЕСІНШІ ТАРАУ

Данишевская уақытынан ерте келді. Тойға баратын кісі секілді сәнденіп киінген. Бетіне аздап опа жағыпты.

— Келіңіз,— деп Кузьменко орындық ұсынды.— Уәделескен уақытымыз сағат алтыдан кейін еді ғой. Асығыссыз ғой?

Глафира қитар көзін қадап, иығын бір қозғап қойды.

— Ертерек келіп қайтайын дедім. Әйтпесе Андрюша алаңдайды.

— Глафира, ашық әңгімелесейік, мақұл ма?— деді.

— Мен де бүкпесі жоқ сөзді қалаймын.

— Сіз Петрушкинге күйеуге шыққан жоқсыз ғой?

— Кісінің некесі құр қағазбен қиылмайтын шығар. Некесіз де кісілер өмір сүріп жатады ғой.

— Петрушкин сізді сүйе ме?

— Иә.

— Мен Петрушкиннің сізді сүйетіндігіне сенбеймін.

Глафира таңданды:

— Неге сенбейсіз?

— Тыңдаңыз, оның қалай ғашық болғанын айтып берейін. Жаңылмасам, сіз құдықтан су алып келе жаттыңыз. Солай ма? Петрушкин тоқтатып, үйіне шақырады. Сіздің барғыңыз келмеді. Ол өзінің ғашық екенін, сізсіз тұра алмайтынын айта бастады. Мұның бәрі сізге қызық көрінеді. Өйткені сізге көптен бері мұндай сөзді ешкім айтқан жоқ еді. Үйіне кірдіңіз, стол үсті жайнап тұр. Алғашқы кезде коньяк іштіңіздер. Сонан соң шампанға араластырып көрдіңіз. Бой балқып, маужырай бастайды. Осы мезетте Андрей Алексеевич менің келгенімді, сенімен жолыққан-жолықпағанымды сұрайды. Сіз ашуландыңыз...

Глафираның көзі шарасынан шығып кетті:

— Мұның бәрін кім айтты? Қайдан білдіңіз? Әлде андушы қойып па едіңіз?

— Менің осы айтқандарым рас па? Алдымен соны айтшы?

— Бәрі де рас.

— Біз кісі босағасын аңдымаймыз, Глафира. Ондайдан аулақпыз.

— Кісі қоймасаңыз қайдан білесіз?

— Милиция жұмысының сыры осында. Шынтуайтка келгенде мұның бәрін өзіңіздің айтқаныңыздан аңғарып білдім.

— Менің бе?

— Тыңдаңыз. Сіз ашуланған кезде Петрушкин тағы да ғашықтығын айтады, әуелі менен қызғанатынын білдіреді. Әрине, ондай жылы сөзді есту сізге ұнайды.

— Кісінің ойындағысын қалай дәл табасыз?

— Осының бәрін Петрушкин не үшін істеп жүр?— деді Кузьменко Глафираның таңқалғанын елемей.— Сіздің милиция органымен байланысыңыздың бар-жоғын, олардың қандай әрекет жасап жүргенін Петрушкин білгісі келеді. Сізді екі ортаға делдал етпек.

Глафира бірер минут тоқырап ойланып қалды:

— Маған не бұйырасыз, начальник жолдас?— деді бәсен үнмен.

— Менің бұйрығым дәл қазір сізге жүрмейді. Тек жолдастық ретінде тілек айтамын.

— Ол қандай тілек?

— Күйеуге шығуға асықпаңыз. Мақұл ма? Матренанын қайда екенін әлі білмейміз.

— Бұл өзі бітетін іс пе?

— Жуырда аяқтаймыз.

— Кейін Петрушкин айнып кетсе қайтесіз? Айтпады деме, онда тура өзіңізге жармасам. Сіздей ақылды еркек бір әйелдің құшағына қалай сыяды? Оның көрген қызығын басқа да көрсін де!

— Өзің айнымасаң, Петрушкин қашпайды.

— Мені қолпаштап жібердіңіз-ау, майор жолдас. Еркек талғаса Глафираның адам болғаны ғой! Мейлі сіздің айтқаныңыз болсын. Түрмеде де шыдадық қой, өлмеспіз.

Бұл күндері қылмысты іздеу бөлімінің қызметкерлері қауырт жұмыс үстінде еді. Вице-президенттің машинасын мінген адамдар әлі табылмаған. Күдік алған адамдар бұл кезде

қалада болмаған. Майор Кузьменко қат-қабат ой үстінде отырған кезде есіктен лейтенант Майлыбаев айқайлай кірді.

— Петр Петрович, вице-президенттің машинасын мінген адамды таптым. Ол — Петрушкин екен!

— Петрушкин дейсің бе? Ит үйретуші ме? Мұны қайдан білдің?

Майор Кузьменко комбинаттың шаруашылық бөліміне телефон соғып, Петрушкиннің түскі үзіліс кезінде қайда болғанын сұрағанда, Майлыбаев та комбинатпен хабарласқан болатын. Түскі үзілісте Петрушкиннің немен шұғылданғанын ол да біле алмаған. Кузьменкоға айтқан жауапты бұған да берген. Кеше ол жұмыстан кейін поселкеге тағы барады. Петрушкиннің жұмыста екеніне көзі жеткен соң Глафираны іздеді. Ол үйінде жоқ боп шығады. Көршілерінен сұрас-тырады. “Қазір көңілі тоғайып, сабасына сыймай жүр. Сірә, байға тиейін деп жүр-ау!”

Майлыбаев Данишевскаяны үйінен таппаған соң, көршілердің сілтеуімен “Жынды базарға” келген. Глафира ет сатушылардың қасында жүр екен. Талғат Глафирамен тікелей сөйлесіп кетудің қисынын таппай, бір-екі мәртебе қасынан өтеді. Еркек танығыш Глафираның жіті көзі жас жігіттің айналсоқтап жүргенін байқайды.

— Жігітім, сенің тұлғаң, қимылың таныстау, біз осы бір жерде кездескен жоқпыз ба?— деп қасына келді.

— Біз қалада тұрамыз. Бәлкім, көрген шығармыз,— деп Талғат Данишевскаяны қолтықтап шеткерірек алып шықты. Глафира танданған жоқ. Жігіттің сөзін күтіп тұр.— Глафира, мен сізді іздеп жүр едім,— деді сәл ойланыңқырап.— Сізбен сөйлесейін деп едім...

— Мені іздеп қайтесіз? Әйел керек кісі түнде үйге келмей ме?— деп Глафира өзінің өткір әзіліне басты.

— Сіздің Андрей Алексеевичті жақсы көретініңізді білемін. Ал ол сізді сүйе ме?

Глафира қынжылды.

— Бірін — бір, екін — екі келіп, қазбалап қоймайсыңдар. Сендер соңына түсіп қоймайтындай ол байғұс не жазды? Сол шолақта нелерің бар?

— Жазығы бар ма, жоқ па, оны менен гөрі сіз жақсы білесіз.

— Менің алдымда Андрюшаның қылмысы жоқ. Өз ыңғайымның ығында жүрген адам.

— Сірә, ол сізге сырын айтпай, жасыра ма деймін.

— Бізде құпия дәнеңе жоқ, бәрі ашық...

— Сіз солай ойлайсыз ба?

— Ойлап қайтем, мен оны бес саусағымдай білемін.

— Білсеңіз, алдыңғы күні түскі үзіліс кезінде Андрей Алексеевич қайда болды?

— Ет комбинатында, жұмысында тұрды.

— Жоқ, бұл кезде ол қыдырып жүрді. Біреудің машинасын мініп Медеуге барған.

— Өтірік айтпа, түскі үзіліс кезінде мен онымен өзім сөйлестім!

— Милицияның қателеспейтінін білесіз. Сенбесеңіз өзінен сұраңыз. Мына жерде пошта бөлімшесі бар. Андрей Алексеевичке телефон соға қойыңыз.

— Қыдырған машинасының түрі қандай?

— “ЗИМ” маркалы қара машина.

— Айтқаның өтірік болса, тура бастығыңның өзіне шағым етем. Айтпады деме!

Данишевская ет комбинатының күзет будкасына телефон соқты. Трубканы біреу алған секілді. Күбірлеген дауыс естілді.

— Андрей Алексеевич пе? Қайда ол? Телефонға шақырып жіберіңізші. Иә, Петрушкинді айтам.

Аздан соң Петрушкиннің дауысы естілді:

— Бұл кім?

— Андрюша, бұл мен ғой. Иә, кезегің қалай өтіп жатыр? “Жынды базарға” барып ет алып қайттым. Жалғыз отыра отыра зеріктім. Сен мені сағынған жоқсың ба? Қойшы... Оныға сенбеймін. Ылғи алдайсың, Андрюша. Алдыңғы күні қайда болдың? Иә, түскі үзіліс кезінде. Маған “ғашықпын” деп өліп-талып құлай жығыласың да, күндіз басқа қатынмен қыдырасың. Өзің айтады ғой деп үндемеп едім. Соқыр кісідей ұмыттырып барасың. Сен өйтіп жалтақтама! Қандай машинамен кетіп бара жатқаныңды өз көзіммен көрдім. Қасыңда кім отырғанын айтпасаң бұдан былай менің табалдырығымды аттап баспайсың. Білдің бе? Кім дейсің?— Глафира жайрандап, көңілдене бастады.— Машинаны қайдан алдыңдар? Жақсы, үйге келген соң, өз аузыңмен айтарсың.

Данишевская трубканы қойғанда, лейтенант Майлыбаев:

— Маған сенбеген едіңіз, айтқаным дәл келді ме?— деді.

— Андрюшаны осы үшін жазалайсыңдар ма?

— Мен кісіні жазалап көрген емеспін.— Талғат сәл тұрды да:— Глафира, сізге көп рақмет. Енді байқадым, сіз ақылды адамсыз,— деді.

— Әй, жігітім-ай, әйелге ақыл емес, әр керек екен!—деді Данишевская күрсініп.— Бетінің әрі бар менен сорлы ұшқалақтар байдан-байға шығады. Сөйтсе де өтімді. Бәрінен әйелдің кемтарлығы қиын екен. Бір шолақтың аңсары ауып сді, оны да бұйыртпайтын түрлерің бар. Тағдырға не жазғанымды білмеймін.

— Егер, қаласан, Глафира, сырлас жолдас болайық. Сіздің өмірден көргеніңіз көп. Оны әр кісінің білуі артық емес шығар.

— Мен татқан өмірдің ащысын татпай-ақ қой, жігітім. Жассың, шөгіп, жүнжіп кетерсің. Ал достығыңды ұсынсаң, оныңнан қашпаймын. Бірақ, әйелге құр достық нәр бола ма?— деді де күліп қалды.

Осы әңгімеден соң Майлыбаевтың басқармаға жеткені осы екен. Майор Кузьменко Талғаттың сөзін бөлмей бар ықыласымен тындады. Талғат әңгімесін аяқтағанда:

— Мен қуанып отырмын, Талғат! Ұзақ уақыт бойы сыр бермей, әбден әбігерлеген адамның құпиясын аштың. Енді одан жауап алуға желеуіміз бар,—деді.

Майор Кузьменко Карповты шақырып алған соң, Майлыбаев үшеуі ұзақ отырып мәслихат құрды. Ақыры мынадай қорытындыға келді: Петрушкинді кешеуілдетпей дерсу тұтқынға алу керек. Алғаш оған вице-президенттің машинасын ұрлап мінгені айып ретінде тағылады. Ал Сигалов бұл тұста бақылауға алынуға тиіс. Петрушкинмен сыбайлас, қылмысқа қатысы бар деген жорамал дұрыс шықса, ол жасырынуға тырысады. Оны осындай әбігершілік үстінде қамауға алған жөн. Матрена Онуфриевнаның өліміне байланысты шындықты сол арқылы ашпаса, Петрушкиннің мойындай қоюы неғайбыл.

Бірақ бұл жоспар аяқ астынан бұзылып қалды.

ОН АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Секретарь қыз өкпесі өшіп, ентігіп жүгіріп келеді.

— Сәуле, не боп қалды?— деп Кузьменко таңдана сұрады.

— Телефон соқсам, ылғи дыңылдап тұр. Линия бос емес.

— Мен ешкіммен сөйлескен жоқпын,— деп Кузьменко телефонға қарап еді, трубка дұрыс қойылмаған екен.

— Полковник тез келсін деп шақырып жатыр.

Кабинетте полковниктен басқа екі адам отыр. Бірі — басқарманың партия ұйымының секретары Колпашников та,

екіншісі — Республикалық милиция басқармасынан келген ілмиген арық сары — Кравченко. Ол қазіргі күннің ыстығына лайықтап жібек аралас ақ кенептен костюм киіпті. Онысы арық денесіне қонбай, қолқылдап тұр. Мол жеңнің ішінде сидіған қолы қалақ сияқты.

Полковник Дайыров кабинеттің ортасында кідіре тұрып қалған Кузьменкоға:

— Петрушкинді қамауға алдыңыздар ма?— деп түйіле қарады. Өңі салқын.

— Әзір тұтқындағанмыз жоқ. Ертең ол жұмыстан кешкісін шығады. Сол мезгілде ұстауды жөн көрдік.

— Неге сол уақытта ұстамақсыздар?

— Петрушкин кезекте бір тәулік тұрып, екінші және үшінші тәулікте демалады. Оны жұмыстан шыққан кезде басқармаға шақырып тергеу жасауды ұйғардық. Екі тәуліктің ішінде оны қызметтес адамдары жоқтай қоймайды.

— Айыбы, кінәсі бар адам қамауға алынады. Сіздер оның қылмысын анықтадыңыздар ма?— деді Кравченко.

— Вице-президенттің машинасын ұрлап мінгенін білдік. Тергеуді осыдан бастаймыз.

— Машинаны бүлдіріп пе?

— Техникалық бөлімнің адамдары ондайын байқамады.

— Өз бетімен машинаны жүргізген кісіні қамап, тергеуге алатындай үлкен кінә емес қой?

— Өз бетімен машинаны рұқсатсыз мінгені үшін ескерту жасап, штрафпен шектелуге болады,— деп Дайыров Кравченконың сөзін қостады.

Кузьменко бөгеліп қалды. Өйткені Петрушкин мен Сигаловтың қылмысын полковник жақсы білетін-ді. Қылмыстыларды ұстаудың жолы өзімен келісілген-тін. Ал қазір білмегенсіп, сұрай қалған. Майор Кузьменко таңданған пішінмен жауап қатты.

— Олардың кісі өлтіргенін, қылмыс жасағанын қолдағы бар материалдар толық дәлелдейді.

Полковник Дайыров қасындағы скеуге көз қырын тастап, Кузьменконың таңданып қалғанын аңғарды да:

— Оларды қалай қамауға алу жөнінде келіскенбіз. Солай емес пе?— деп майордың жауабын күтпестен сөзін жалғастырды.— Әңгіме онда емес, машинаны ұрлап мінгені Петрушкинді тергеуге алуға толық желеу бола алады. Жолшыбай күдік алған жайларды анықтай кетеміз. Байқа-

саңыз, Петр Петрович, қылмыскерді іздеп жүріп, біз өзіміз қылмыс жасап алғанбыз.

— Түсінбедім, полковник жолдас?

Полковник Дайыров шынтағының астында жатқан папканы ашып, қағаздарын парақтап аударыстыра бастады.

— Мына жазылған арыздар сол қылмыс жайын баяндайды. Өзіміз сыйлайтын Кравченко жолдас осы мәселемен келіп отыр. Мына жазылған бірінші арызға мән бермеуге болар еді. Таққан кінәсі жала, қылмысты ашуға бөгет жасау үшін әдейі жазып отыр деп қарайық. Бірақ екінші арызға көңіл қоймасқа болмайды. Мұны жазған басқа адам емес, өз адамымыз, милиция офицері. “Қылмыскер өз ішімізде, оған дереу тыйым салындар, жауапқа тартындар!” деп ашынып жазады. Милиция офицері басқармаға тура арызданғанда, әрине, оның дабылын аяқсыз қалдыра алмаймыз.

— Арызды жазған кім? Қандай қылмыс жасаппыз? Білуге болар ма екен, полковник жолдас?

Полковник Дайыров Кузьменкоға қарап:

— Неге тұрсыз? Отырыңыз!— деп қарсы алдынан орындық ұсынды.— Әңгіме арызды кімнің жазғанында емес, оның мазмұнында болып отыр.

Сіз қылмыскердің қайда екенін білмей, әбігерге түсіп, бекер әурс боп жүргенде, лейтенант Байкин қылмыскердің адресін дәл тауып, үйіне апарады. Күдік дұрыс боп шыққан. Ол үйден Петрушкинаның шәлісі, сумкасы табылады. Тергеу үстінде Маслованың сол түні үйіне қонбағаны да анықталады. Әрине, мұның бәрі Петрушкинаны өлтіруге Маслованың қатысы бар деген орынды күдік туғызады.

— Бірақ...

— Тыңданыз!— деп Дайыров жұмсақ үнмен тіксіне қарап, сөзін бөлді.— Сіз лейтенант Майлыбаев екеуіңіз бар шындықты көре тұра бұрмалап, қисық жолға түскенсіздер. Маслованы жазалаудың орнына оны еркіне қоя бергенсіздер. Және жай жібермей, бес мың сом пара алып босатқансыздар! Сөйтіп, шын қылмыс жасаған адам жасырынып, бір түнде қашып кеткен де, ал пара алған лейтенант Майлыбаев пен оны қолдаушы әрі сыбайлас майор Кузьменко жазықсыз жанды жазғырып, жалған документ жасауға кіріскен. Сөйтіп жәбірленушіге зор қиянат, зорлық жасалып отыр, заңды бұрмалаушылар жауапқа тартылсын дейді. Майлыбаевтың пара алғанын мойнына қойып беретін мықты куәлар бар.

Олар да растап, арызға қолдарын қойған. Міне, арыздың мазмұны осы.

Полковник Дайыров креслоға шалқая жайласып отырды да:

— Сіз азаматша Анастасия Алтынбаеваны білесіз бе?

— Көрген адамым емес, атын бірінші рет естіп отырмын.

— Ольга Степановна Лукинаны ше?

— Жоқ, білмеймін.

— Бұл қалай? — полковник таңданды. — Олар сізді жақсы біледі.

Майор Кузьменко оперативтік қызметкерлердің адал ісіне көлденең киліккен үлкен бәлесі бар жалаға қатты күйінсе де, ашу шығармай баяу үнмен сөйледі. Бірақ тынысы тарылғандай тоқтап, ентігіп үзіп-үзіп әңгімеледі.

— Қылмыскер Петрушкин өз әйелін өлтіріп, оны милицияға хабарламай қоюға шамасы жоқ еді, жасырса бүгін болмаса ертең әшкереленетінін сезеді. Және әйелін жоқтамай тым-тырыс жүруі оның өзіне күдік туғызар еді. Бірақ бірден келіп айтуға оның батылы жетпеді. Көп ойланды. Сыбайласы Сигаловпен ақылдасты. Ақыры мүсәпір халге түсіп арыз апаруды мақұл көрісті.

Ұзақ уақыт зерттеудің барысы қылмыскер өз әйелін ашу үстінде, байқаусыз өлтірмегенін көрсетеді. Петрушкин белгілі мақсат көздеген. Оның тымырсық мінезі, құпияны сақтай білуі, шартты белгімен жолығысу тәсілдері, үлкен мектептен өткенін байқатады. Сірә, сондықтан да болар, алғаш біз жаңсақ кетіп, оның айтқанына ердік, қарапайым, момын зиянсыз жан деп қарадық. Іштей есіркеп жүрдік. Өрескел істерін байқасақ та, елемей, қолдан келген көмекті аямауға тырыстық. Маслованы шапшаң тергеуге алып қылмыс таңып, оған шүйілгеніміз де содан. Тіпті Петрушкин вице-президенттің машинасын ұрлап мініп кеткенге дейін, қайда жүрсе де Масловадан көз жазбадық. Қылмыс жасаған күннің өзінде де Маслова біреудің жетегінде жүретіні айқын еді. Сондықтан бар бәле шаштараздан емес пе екен деп Сигаловқа бақылау қойдық. Өйткені Шамадиновтың шайка-сы ұсталған шақта оның жаманат аты сезілген еді. Ол кезде қолымызда Сигаловты айыптайын дәлел болмады. Шамадинов атыс үстінде ауыр жарақаттанып, тілге келмей өліп кетті. Қолға түскен басқа қылмыскерлер оның айыбын мойнына қоя алмады. Қай шаштараз екенін де айта алмады. Осының бәрі, әйтеуір, қылмыскер ұстала қалса, шаштаразды ауызға

алатынын байқадық. Бандиттерден тірек іздеп жүрген біреу бар емес пе екен деген күдік қалдыра береді. Сөйтіп алғаш Сигаловқа қадалдық. Мұнымыз дұрыс та еді. Осы тұста Сигаловпен Маслова емес, Петрушкиннің байланысы барын аңғардық. Алғаш біз бұған шүбәландық. Бірақ бұлардың шартты белгімен кездесуі ұлғая түсті. Бақылау үстінде барлық іс Петрушкин арқылы өрбитіні, соның ықпалымен жасалатыны аңғарылды.

Міне, Петрушкин жөніндегі іс жол-жөнекей осылай басталған еді.

Кузьменко тершіген маңдайын орамалмен сүртіп, сәл отырды да:

— Қылмыскерлер мен арызқойлардың арасында байланыстың барына таңым бар. Петрушкинді жазықсыз деп тану — қылмыскерге болысу! Мен бұл жалған арыздардың мәнін осылай түсінемін.

Кравченко таңданған пішінмен:

— Айыпкер Маслова жасырынып, қашып жүр. Оны тергесуден босатып, ақтауыңыздың мәнісі қалай?— деді.

— Қазір Маслова үйінде. Бірақ оның қылмысқа қатысы жоғын дәлелдейтін мынадай жай бар: Маслова тонау мақсатымен бұзақыларға қосылды десек, онда ол жоқтаусыз қалған бес мың сомды иемденіп кетер еді. Ол ақшаның Матрена Онуфриевнада барын Петрушкиннің өзі де білмейді. Маслова ақшаға тимеген.

Кравченко Кузьменконың сөзін бөлді:

— Меніңше, Маслова сумкада ақша барын білмеді. Бұл оның адалдығы емес, аңғалдығы. Бұл — бір. Екіншіден, сіз өз кінәңізді айтпай кеттіңіз. Пара алғаныңыз жөнінде Майлыбаев екеуіңізге зор айып тағылып отыр. Бұған не дейсіз?

— Бұл — жала, жалаға жауабым жоқ!

— Менің өз басым сізді құрметтеймін, Петр Петрович. Бірақ бөтен біреу емес, өзіңіз секілді милиция қызметкері сіздерге айып тағып отыр. Сіздің айтқаныңыз дұрыс та, оның айтқанын қалайша жала дей аламыз. Жала десеңіз, жалғандығын айтып дәлелдеңіз. Өзіңізді айыптан аршып алмай тұрып, біреуді даттағаныңыз қисынсыз!

Полковник Дайыров Кузьменкоға түйіле карап:

— Лейтенант Майлыбаев қайда?— деді.

— Қылмыскерден пара алу — ең ауыр жаза. Алдымен өзі ақталып алсын. Бұл іс айқындалғанша оны атқарып жүрген

қызметінен шеттете тұрған жөн,— деп Кравченко Дайыровка қарады.

— Сізге лейтенант Байкин көптен бері өз ықыласымен қызмет жасап жүрген көрінеді. Оны оперативтік жұмыстан ылғи аулақтата берудің қисыны келмейтін сияқты. Ол сіздер шұғылданып жүрген мәселеге қанық. Лейтенант Майлыбаевтың міндетін әзірге сол атқара тұрсын.— Дайыров Кузьменкоға аса қынжылғандық білдірді. “Сендерге сеніп едім. Бұларың не?” дегендей қабағы түйіліп үнсіз отырды да:— Арыз берушілер жалғыз Майлыбаевқа ғана емес, сізге де үлкен айып тағып отыр. Майлыбаев екеуіңіздің кінәңіз бірдей. Сізді де қызметтен шеттете тұру керек еді. Бірақ істің күрделілігін ескеріп, уақытша қалдырып отырмыз. Барлық іске жауап беретініңізді ұмытпаңыз.

Қатты қиналған Кузьменко кабинеттен қалай шыққанын да білмеді. Оқыс жала кісіні жүдетіп тонағандай. Майор кабинетіне келгенде аға лейтенант Майлыбаев күтіп отыр екен. Майордың түсі қашып, еңсесі түсіп кеткенін көріп:

— Не болып қалды, Петр Петрович? Петрушкинді қамауға келісті ме?— деді.

— Петрушкин әлі жүре тұрар!— деп Кузьменко басын ұстап орындыққа отыра кетті.

Талғат таңқалды:

— Жүргені қалай?

— Кінәлі Петрушкин емес, мына біз боп шықтық. Есіңде ме, мен саған: “Қанжарлыға қайрат жасарсың-ау, ғайбаттан қайтып құтыларсың!” деп айтқан едім ғой. Сен жеңіл-желпі қарап мән бермеген едің. Енді бәледен аршылып көр!— Кузьменко басқарма бастығында болған әңгімені түгел айтып шықты.

Майлыбаев сұп-сұр боп, үнсіз отырып қалды. Бірбет-кейлігін мін етіп, жұмыстағы кемшілігін сынар, сөгер, басқа менде қандай жұмысы бар деп ойлайтын. Бірақ мынадай жан түршігерлік жала жабылады деп үш ұйықтаса ойына кірмеген. Ыза іші-бауырын өртеп, күйдіріп барады. Бірақ осы сұмдыққа қарсы айла жоқ сияқты. Мойнына мықтап қойған қайдағы бір куәлар табылған. Осындай қатты күйзеліс үстінде отырса да:

— Петрушкинді бір минут те көзден таса қалдырмаңыздар. Қазір ол да қарап жатқан жоқ,— деді.

— Бұл іспен лейтенант Байкин шұғылданады.

— Бұл жұмыс Қожашқа қол емес. Капитан Карповқа неге жүктемедіңіздер?

— Петрушкин Карповты жақсы біледі. Олар бұрын өзен жағасында кездескен. Ал ет комбинаты лейтенант Байкиннің участогы. Оның келіп-кетіп жүргеніне ешкім мән бермейді.

Осы мезгілде телефон шылдырлады. Кузьменко трубкуны көтерді.

— Сізді тындап тұрмын!— Телефон соққан Колпашников екен. Лейтенант Майлыбаевты іздеп жатса керек.— Сені парторг сұрап жатыр. Бәрін айтып түсіндірерсің. Қызбаланба, мақұл ма? Қазір Покровкаға барып қайтам. Өткен түні бір топ бандиттер сақтық кассасына түскен. Күзетшіні өлтіріп, сейфті өздерімен бірге алып кетіпті. Сол жаққа барып қайтқаннан кейін менің де түсініктеме жазуым керек. Ине шаншарға уақыт таппай жатқанда, бұл да бір қырсық боп жабысты.

Майлыбаев шығып бара жатқанда, кабинетке лейтенант Байкин кірді. Көңілді. Кідірмей, төрге тұра ұмтылып, Кузьменкоға қолын берді.

— Петр Петрович, амансыз ба? Халіңіз қалай?— Құрдас кісідей амандасып, аяғын айқастырып, креслоға шірене отырды.

Кузьменко тұнжырап, төмен қарап:

— Сізге аса жауапты міндет жүктеліп отырғанын білесіз бе? Бұл іске жауапты қарау керек!— деді.

Байкин полковниктің ұсынысын білмейтін еді.

— Қандай тапсырма?

— Лейтенант Майлыбаевқа айып тағылып, жұмыстан шеттетіліп отыр. Басқарма бастығы бұл істі сізге жүктеуді ұйғарды. Бұдан былай Петрушкиннен және Масловадан көз жазып қалмаңыз.

Әңгіменің не жайында екенін біліп алғаннан кейін Байкин жадырай түсті.

— Полковниктің өзі “осы істі созып алдық, Қожаш. Осыны қолыңа алсаң қайтеді” деп сұрап жүр еді. Бүгін шақырып алып тағы айтты. Қайта-қайта тілек қып қоймаған соң, қарсылық жасамайын дедім.

Майор Кузьменко полковник Дайыровтың лейтенант Байкинмен сөйлеспегенін, шақырмағанын біле тұра үндеген жоқ.

— Сіз бұл жұмысты шындап қолға алып, жеделдетеді деп сенем. Алдымен бұл жайындағы материалдармен мұқият

танысып шығыңыз. Талғатпен сөйлесіңіз. Жалпы жағдайды біліп алыңыз.

— Мен не істейтінімді өзім білем ғой. Ол жағынан қам жеменіз.

Байкин басқармадан шығысымен ет комбинатының поселкесіне қарай тартты. Коридорда қарсы жолыққан Талғатқа қарамады. Онымен сөйлесуді өзіне лайық көрмеді.

ОН ЖЕТІНШІ ТАРАУ

Күн бесіннен ауса да, жалын атқан леп өкпені қабып, тыныс тарылтады. Кузьменко ет комбинатынан жаңа бір әзірде қайтқан-тын. Петрушкин өзінің жұмыста тұратын кезегін қатарынан екі рет өткізіп жіберіп, жұмысқа бармады. Комбинаттың шаруашылық бөліміне телефон соққанда “ауырып жатыр” деген қысқа жауап алды. Тексере келгенде бюллетень алғанын білді. Дәрігер қарап жатқан кезде қояншығы ұстаса керек. Жүріп-тұруға біржола тыйым салыпты. Содан бері Петрушкин далаға да шықпады. Кузьменко телефон соққанда Байкин біраз үнсіз тұрып:

— Дәл қазір ме? Жарайды!— деп, жауап қатуға ерінген кісідей трубканы іле салды. Ол асықпады, өзін біраз күттірді. Жұмыс басты боп тұрған кісі тәрізді қиналып, болдырып келді. Жайлап креслоға жайғасты. Кузьменконың сөзін күтті.

Кузьменко Қожаштың осы жасанды қылығынан жалыққандай ренжіген түрмен төмен қарап отырып сөйледі.

— Бақылауға алған кісіміз бір жеті бойы көрінбеді. Үйіне кірудің қисынын таппадым. Тегі, сіздің барып қайтқаныңыз лайық па деймін,— деді.

Байкин поселкеге жұмыс соңында соқты. Петрушкин үйінде жалғыз екен. Төсек үстінде жатыр. Киімшең, шешінбеген. Үсті-басы шаң-тозаң. Сабалақ сақалының арасына балшық қатып қалған. Жіті көз жер астында жұмыс жасағанын бірден аңғарар еді. Бірақ Байкин елемеді. Қатты науқастанып жатқан адам орнынан тұрушы ма еді деп ойлады.

Петрушкин сақтық жасады:

— Көп күн бойы төсек тартып жаттым. Әлгінде еңсемді көтеріп, дәрет сындыруға шығып едім, соқпасы күрғыр тағы ұстады. Топыраққа біраз аунатып алды.

Байкин орындық алып Петрушкинге жақын отырды.

— Андрей Алексеевич, мұныңыз қалай? Мен сізді бой бермес шымыр ма десем, осал ма едіңіз?

— Көптен бері ұстамап еді. Айыққан шығармын деп жүргем. Сірә, қайғы, кемпірдің жоғы жанға батып, дендетіп жіберді ме, соңғы жолы қатты соқты. Буын-буынымды алып тастады. Күш-қуаттан айырылған сияқтымын.

Байкин Петрушкиннің китар Глафирада көңілі барын сезетін. Өзінше әзіл айтты:

— Жасқа дәмесі барды шал деуге қалай ауыз барады?

Петрушкин участковойдың ойын ұқты. Басын шайқап, мырс етті:

— Дені сауда кісінің нәпсісі тыйыла ма? Оныңды бекер демеймін. Жай сыбыс, өтірік десем, бәрібір сенбейсіз. Еркектің жас әйелмен жүргені мақтаныш емес пе? Жақсы ырымнан несіне қашайын? Кімге телісең де мейлі.— Петрушкин бір сәт үнсіз жатып:— Үйде келін бар ма еді?— деді.

— Оны несіне сұрадыңыз?

— Жай, әншейін.— Петрушкин күрсінді.— Дүниеде, жігітім, жалғыздық қиын ғой.

— Кісі күндейтіндей халіміз жоқ, Андрей Алексеевич. Қызмет өрлеген сайын санасыз неме өршелене түседі, төбене ойнақтайды. Бәрінен қиыны сол..

Петрушкин участковойды бөгеп, әңгіме шығарып, сыр тартты:

— Өзіңізбен тілдесуге ынтық боп жүр едім. Құса қысып, шерлі боп жатқанда, жақсы келдіңіз. Сіз келгенде бұлай көсіліп жатқаным келіспес.— Петрушкин жалма-жан орнынан тұрып, столға дастарқан жайды.

— Әуре болмаңыз, мен қазір кетем!— Байкин ықыласына ризалық білдірді. Бірақ өзі орнынан қозғалмады. Жуық арада кете қоймайтын ыңғайын байқаған Петрушкин:

— “Жақсы сөз — жарым ырыс” деген, лейтенант жолдас. Мен доктордың дәрісінен әбден шайлықтым. Сол құрғыр кісінің қуатын тайдырады білем. Таблеткасын ішсем, жүрегімді көтеріп, басымды айналдырады. Отырыңыз, сол дәрінің уытын қайтарайық.

— Науқас адамсыз, көтере алмай қаларсыз.

— Ажал келсе жан қала ма? Бәріміздің баратынымыз бауыры суық кара жер. Бізге жұмақ жоқ шығар. Аз тіршілікті капаланбай, сауықпен өткізейік. Кел, дастарқанға жақын отырыңыз.— Петрушкин тоназытқыштан коньяк, ет, жас қияр әкеп қойды. Ет қолдан піскен емес, магазиндікі. Қияр да

солмаған, тығыршықтай, көкпенбек. Бақшадан қазір ғана жұлып әкелген секілді. Байкин: “Тамағы жаңа піскен, бұзылмаған. Магазиннен бұған кім тасып жүр?” деген күдік алды да, қырлы стақанның белдеуінен асырып коньяк жұтқаннан кейін ол ойынан айырылып қалды. Бұлар әңгіме қызығына түскен боп, уақыттың өткенін байқамағансып біраз отырды. Петрушкин қонағын әңгімеге алдандырып, қыздырып алып, сыр тартқысы келсе, Байкин әңгіме қызығымен уақыттың өткенін білмеген боп, тегін коньякқа бір тойып алғысы келді. Шөлмекті әрі-бері төңкеріп:

— Магазинде жоқ коньякты қайдан аласыздар? Үйде заводуңыз бар ма?— деді де, жарты стақан коньякты қағып жіберді.

— Жұрттың бәріне берілетін коньяк қайда? Өзіңіздей сыйлы қонақтар келгенде ағынан жарылып қалатынымыз бар.

Байкиннің маңдайынан шыпшып тер шықты. Қабағы ашылып, күлім қақты. Жайдарлы қалыппен Петрушкиннің иығына қолын салды:

— Андрей Алексеевич, сен маған ренжіп жүрген жоқсың ба? Бөлімшеге келгенінде сені өкпелетіп алдым-ау деймін.

— Жас адам әйел қадірін біле ме? Менің жасыма жеткен соң ұғарсыз. Кемпірден айырылып, қатты ашынып жүрген кезім еді. Кісі күйінгенде не демейді. Ашумен байқамай бастығына барып шағындым. Өзімнің сол қатемді біліп, алдыңнан ақталып өтсем деуші едім. Жассың, болашағың бар. Жүрегің кең болса, өзіңіз кешіріңіз.— Петрушкин кәдімгідей көзіне жас алды.

— Ой, Андрей Алексеевич, сен қайдағыны айтып кеттің? Ол әңгімені ұмытқаным қашан? Бауырым, милиция одан да жаман сөзді естіп жатады. Оның бәріне үйренгенбіз.

Петрушкин түсінбегендей бажырая қарады:

— Кісіге жақсылықтан басқа ниетім жоқ еді. Қайдан білейін?

— Эх, сен бейшара дым да түсінбейсің ғой!— Қожаш иығын көтеріп, кең тыныс алды. Саусақтарымен бос шөлмекті шертіп отырды да стақандағы коньякты лақ еткізіп аузына құя салды. Көк пиязды иіскеп тістеп, қатты кекірді.— Кейде қайдағы жоқты ойдан құрап, кісіге бәле тілейтініміз бар, осыдан сақ болуымыз керек. Ұқтың ба? Білем... сен түсінбейсің.

— Бізде кісі ойын ұғарлық не сана бар дейсіз? Тек осы жұрт азғана тірлігімізді қызғанбаса екен дейміз.

— Өзіңнің саңылауың бар, бірдеңе сезесің ғой деймін. Оқасы жоқ, мына Қожаш тұрғанда қорықпа! Құдайға күдіретіміз жетпегенімен, адамнан келген ажалдан жұлып алам. Арашашыңды мына мен деп біл!— Байкин ыңыранып орнынан тұрды. Бөлмелерді қыдырып, әрі-бері жүрді. Ысқырып ән салды.— Мына бөлмелердің бәрі өзіңдікі ме? Бір... екі... үш... ауызғы үйді қоссаң төрт. Матренаның ескі үйі тағы бар. Мұның бәрін қайтесің?

— Жұрт салып жатқан соң, солардан қалмайық деген талас бәсеке де! Әйтпесе қайбір сән тасып салды дейсіз?

— Бұл бөлмелер ылғи осылай бос тұра ма?

Петрушкин Байкиннің ойын ұқты:

— Бұл үйді өз меншігіңіздей көріңіз. Қай мезгілде келсеңіз де, есік ашық. Мен кілетке жата салам.

— Байғұсым-ай, жүрегің адал-ау. Кісі ойын айтпай ұғасың. Әзірге қоя тұр. Керек кезінде өзім айтам.

— Ықтиярыңыз білсін.

Қожаш ертеңіне басқармаға келгенде оны асыға күтіп отырған Кузьменко:

— Не жаңалығың бар?— деп Қожашты сауалмен қарсы алды.

— Кеше мен ол үйде болдым. Петрушкиннің ауруы қатты. Дәрі қонбаса, түбі кісі қатарына қосылуы екіталай.

— Петрушкин шын ауырып жатыр ма? Соған көзің жете ме?

Қожаш шамданды.

— Байқауымша, майор жолдас, сіз Петрушкинге ғана емес, маған да сенбейді екенсіз. Мен көргенімді айттым.

— Сізге сенбесек, ондай тапсырма бермеген болар едік. Сонымен Петрушкин науқас, төсек тартып жатыр дейсіз. Мақұл көргеніңізді рапортқа жазарсыз.

— Мен жазып қойғанмын.— Қожаш қолтығына қысып алған папкасын ашып, бір парақ қағаз ұсынды.

Кузьменко шапшаң көз жүгіртті де:

— Жақсы!— деп тартпаға салды.

— Бүгін маған беретін тапсырмаңыз бар ма?

Оперативтік тапсырма әрдайым бастықтың бұйрық-жарлығымен орындала бермейді. Әрбір қызметкер өзі тапқырлық көрсетуі керек. Кузьменко дәл қазір оған не дей қойсын? Қожаш жауап күтіп тұрған соң:

— Жұмыс уақыты қазір басталды. Жағдаймен танысайық. Қажет болса шақырармын,— деді.

Кузьменко оперативтік деректермен таныса бастады. Бұл күндері шаштараз Сигалов та жұмысқа шықпаған. Мейрам кезінде жұмыс істегені үшін қосалқы демалыс алса керек. Капитан Карпов рұқсат сұрап кабинетке кірді.

— Отырыңыз, Григорий Матвеевич.— Карпов креслоға жайласып, папкасын стол үстіне қойды. Кузьменко сөзін жалғастырды.— Кеше лейтенант Байкин Петрушкиннің үйінде болды. Ол қатты науқас көрінеді. Сөйлескен кезде орнынан тұра алмапты.

Карпов таңданды:

— Шынымен ауру ма екен?

— Мынаны оқыңыз!— Кузьменко лейтенант Байкиннің жазған рапортын ұсынды. Карпов асықпай екі қайтара оқып шықты да, рапортты Кузьменкоға беріп жатып:

— Петрушкин аса сақ, әккі адам. Оның әр сөзін, қимылын бағып отырып, тұтпасаң, оны жалаңаш қолмен ала алмайсың. Қайткенмен де одан тіл тартқан дұрыс болар еді. Глафира барып тұра ма екен, біліп пе оны?— деді.

— Қатты жатқан науқас адаммен бұл жайында сөйлесуді лайықсыз көрсе керек.— Кузьменко орындыққа жотасын тіреп, шалқая отырды.— Мен сізбен осы жайында ақылдасайын деп едім. Басқармаға түскен арыз қолымызды бөгеп қойды. Петрушкинмен тура барып сөйлесіп, жауап ала алмайсың. Жәбір жанды қорлағандай боп көрінсін.

— Басқа бір сылтау тауып өзіңіз барып қайтсаңыз қайтеді?

— Жақында болғанмын. Енді қисыны жоқ секілді. Байкиннен кейін қабаттасып менің барғанымды қалай көреді?

— Жағдай қиын екен.

— Осындайда Талғаттың жоқтығы сезіліп-ақ тұрады.— Кузьменко күрсінді.— Дүкенші Тюнинді сырт қалдырғанымызға Талғат тәнті емес. Бір сәт көзден таса етпеген жөн дейді. Оның ойынша, дүкенші Петрушкиннің байланысшысы есепті.

— Меніңше, мұның қисыны бар. Дүкеншіні араға делдал еткен адамдар оны еркіне бос қоя бермейді.

— Бұл істі кімге тапсырсақ екен? Өзіңіз қолыңызға алсаңыз қайтеді?

— Петрушкин де, Тюнин де мені жақсы таниды. Оларды үркітіп алуымыз ықтимал.

— Тюнинге алдын ала ескертіп қоямыз.

— Мен оған сенбеймін, ол екі жүзді адам. Егер бұл іске Талғатты тартсақ қайтеді?

Кузьменко шошып кетті:

— О не дегеніңіз, үстімізден арыз түсіп, жаманатқа ілігіп жатқанда, бұл ұсынысты ешкім де қостамайды. Қайта жала үстіне бәле тілеп алармыз.

— Талғат — коммунист, офицер. Осындай қиын сәтте көмектесуге правосы неге жоқ. Шындыққа жүгінсек, осы шытырман істің түйінін шешкен Талғат емес пе?

— Оны маған несіне айтасың? Бәрін білем ғой. Бірақ басқа жұрт бұған келісс қоя ма?

— Мұқан Дайыровичпен сөйлесіп көріңіз. Шындықты айтыңыз, меніңше полковник қарсы болмайды ғой деймін.

Осы кезде ішкі телефон шырылдады. Кузьменко трубканы көтергенде, дауысынан таныды. Полковник Дайыров екен. “Келіп кетіңіз!” деген бір-ақ ауыз сөз айтылды.

Кузьменко қабылдау бөлмесінде сәл бөгелді. Полковник өзіне тағы біреулерді шақырған секілді. Аздан соң подполковник Колпашников қабылдау бөлмесіне келді. Ол Кузьменкоға қол беріп амандасты да, секретарь қызға бұрылып:

— Сәуле, полковник жалғыз өзі отыр ма?— деді.

— Қасында кісі бар.

Кузьменко мен Колпашников кабинетке кіргенде полковник жас жігітпен әңгімелесіп отыр екен. Оның сөзін құптай, бас изей береді. Кузьменко мен Колпашниковты көріп, еңсесін көтерді.

— Төрлетіңіздер,— деді де, қасындағы жігітке қарап:— Бәлкім, таныс шығарсыздар,— деп бұл екеуінің лауазымын атап таныстырып өтті. Колпашников жас жігітті таниды екен. Жылы лебіз білдіріп, күлісіп қол алысты.

Кузьменконың өз басы бұл жігітті сырттай шырамытқаныммен, жөнді танымайтын. Соны сезді ме, Дайыров:

— Жөн білісудің артықтығы болмайды, танысып қой. Майор Нәсір Бөгембасев, мемлекет қауіпсіздігі комитетінің қызметкері,— деді де, Кузьменкоға қарап:— Петр Петрович, мына жігіт Петрушкин жайындағы мәліметті түгел білгісі келеді. Мемлекет қауіпсіздігі комитеті ұзақ жылдар бойы соғыс кезінде ауыр қылмыс жасаған опасыз сатқынды іздеп жүрсе керек. Ол фашистердің 10-а СС зондеркомандасында қызмет атқарған. Бұл қандықол баскесерлер 1942 жылы Қырымның бейбіт халқын қырып, Мариупольде, соның артынша Ростов облысында болып, кейінірек Дондағы Ростов қаласында сан мыңдаған елді мекендерді өрттеп-

жайпағаны сізге мәлім болар. Сол командада Штерн деген біреу қызмет атқарған. Туған жері — Поволжье. СС зондеркомандасы Дондағы Ростов қаласының халқын жаппай жазалаған кезде, Штерн солардың арасынан шыға келген. Ол жүздеген адамдарды өз қолымен өлтірген. Қауіпсіздік органдарындағы мәлімет бойынша, Штерн партизандарға қарсы ұрыста қатты жараланып, госпитальға түскен. Куәлардың көрсетуінше операция үстінде өлген. Бірақ қолда бар материалдарды саралаған кезде, соның біреуі Штернге ұқсастау болған. Анықтай келгенде, ол Петрушкин болып шығады.— Дайыров бір сәт үнсіз отырды да:— Біздің осы жұмыстан Талғатты шеттеткеніміз асығыстық болды ма, қалай?— деп Кузьменкоға қарады.

Кузьменко осы сәтті пайдаланып қалғысы келді.

— Біз Талғатқа маңызды жұмыс тапсырайық деп едік, полковник жолдас. Егер сіз қарсы болмасаңыз...

— Қандай жұмыс?

Кузьменко Карповтың ұсынысын айтып шыққанда, Дайыров бір сәт ойланып отырды да, Колпашниковқа қарады:

— Меніңше, бұл бөлімшенің ішкі жұмысы. Біз оған араласпайық. Ал Байкиннің арнайы жазған рапорты мені қанағаттандырмады. Байкин мәселенің өзегіне түсінбеген секілді.— Ол Кузьменкоға қарап:— Мемлекет қауіпсіздігі комитетіндегі жолдастар Петрушкиннің өткендегі қылмысты ісін жете зерттеген. Майор Бөгембаев осы мәселемен әдейі келіп отыр. Мен Петрушкинмен шұғылдануымыздың мәнісін түсіндірдім. Әйткенмен сіз қолдағы бар материалдармен таныстырып шығыңыз.

— Құп болады, жолдас полковник!

Бұл күні Нәсір Кузьменконың кабинетінде ұзақ отырып, Петрушкиннің жеке ісімен танысып шықты.

— Әрбір фактіні бал жинаған ара секілді терген екенсіздер. Мына жігіт табиғатында қылмысты ашуға жаралған ғой. Қараңызшы, дүкеншінің Петрушкинге сигаретаны берген кезеңін айнытпай қалай дәл жазған. Әрбір қимылын қалт жібермеген. Бұл кезде мен де дүкен маңында жүрген едім. Бірақ бөгде адамды байқамаған сияқты едім. Ал ол мені байқап қалыпты,— Нәсір Талғаттың жазған анықтамасына тәнті болып отырды.— Неге оны бұл жұмыстан шеттеттіргенсіздер?

— Қылмыстылармен байланысы бар, пара алды деген арыз түсті.

— Шын солай ма?

— Қылмысқа қарсы күресіп жүрген адам қылмыс жасай ма?— деп Кузьменко қарсы сұрақ қойды.

— Менің өз басым арызды қаламаймын, домалақ арызға сенбеймін.

— Домалақ арызға ешкім мән бермейді ғой. Ал мынау арыз милиция қызметкерінің өзінен түскен.

— Арыз жазған кім?

— Бастықтар бізге баяндамайды.

— Өкінішті екен.— Нәсір бір сәт үнсіз отырып:— Петрушкинге берген сигаретаның ішінде не барын біз де анықтай алмадық. Әйткенмен құтыдағы тез әсер ететін у емес пе екен деген ой келеді. Оның ішінде микропенка да болуы мүмкін. Петрушкинді осында шақырып, жауап алсақ қайтеді? Вице-президенттің машинасын рұқсатсыз ұрлап мінгені одан жауап алуға жетіп жатыр.

— Қазір оны шақыра алмаймыз.

— Неге?

— Петрушкин науқас, тұра алмай үйінде жатыр.

— Сіз оған сенесіз бе?

— Мен дәрігерге сенем, оның бюллетені бар.

— Мен дәрігермен таласпаймын, Петр Петрович. Соңғы кесікті сөз солардікі. Әйткенмен, анықтағанның терістігі жоқ.

ОН СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

Осыдан бір жеті өткен соң, Петрушкин бюллетенін жаптырып, жұмысқа шықты. Сырқаттың ізі қалмаған. Демалыс үйінен кайтқандай өзі тың. Қаба сақалын иек ұшына ғана қалдырып, дөңгелектеп күзеп, сәндеп қойған. Мұрты да келісті, сақалымен ұштасқан қиықша мұрт. Түрі ажарланып, жасарып кеткен. Милиция басқармасына шақыртқанда ол осы қалпын өзгерткен жоқ.

Майор Бөгембаев жауапты өзі алмақ болып, Кузьменконың кабинетінде отырған-ды. Петрушкин кабинеттегі бөгде кісіні көріп, кілт тоқтап, артымен шегіншектей берді.

— Азамат Петрушкин сіз боласыз ба?— Нәсір еңсесін алға беріп түйіле қарады. Петрушкин қипақтай бастады.

— Иә, мен едім... Начальник шақырған соң келіп едім. Жүрегім лүпілдеп, қуанышты сезіп еді, мұнысы не екен, ә?

— Майор қуанышты хабарға шақырып па еді?

— Жоға, менікі жай далбаса үміт қой.

— Құпия жасамасаңыз, білуге бола ма?

— Мен кемпірімді жоғалтып жүрген бақытсыз жанмын...

Нәсір езу тартты:

— Қандай кемпірді айтасыз? Өзіңіздің әйеліңіз бе? Мен естімеген едім. Мынауыңыз қызық екен. Кемпіріңізді қалай жоғалтып жүрсіз?

— Мұның тарихы ұзақ,— деп, Петрушкин қатты күрсінді.— Бұл жайында жазған арызым бар. Онда бәрі айтылған.

— Қағаздан гөрі кісінің өз аузынан естіген тәуір ғой. Қиынсынбасаңыз, айтыңызшы.

— Біреудің жарасын ашып, күйінішін қоздыруға құмар болсаңыз, айтып берейін,— деп, Петрушкин мұңды түрге еніп, күйік батып жүрген кісідей сөйледі. Милицияға бұрын белгілі жайды қайталап шықты. Нәсір сөзін бөлмеді. Ықыласпен тыңдаған кейіп көрсетті. Петрушкин сөзін аяқтап болғанда:

— Матрена Онуфриевнаны осы уақытқа дейін таппағаны қиын екен. Кузьменко жолдас сізге не айтып еді?

— Не десін, іздеп жүрген көрінеді. Бүгін әдейі шақыртқанына қарап, дәмеленіп қалып едім. Сізге дәнеңе айтпаған екен ғой.

Кабинетке майор Кузьменко кірді. Майор Бөгембаев Петрушкинге әңгіме айтқызып қойып, өзі 10-а СС зондеркомандасында қызмет еткен Курт Штерннің суретін Петрушкиннің қазіргі суретімен әр қырынан асықпай салыстырып отырған.

Петрушкин Кузьменконың сұсты түрін көріп, сескене бастады:

— Начальник жолдас, сіз шақырды деген соң келіп едім...

— Жұмысқа қашан шықтыңыз?

— Екі-үш күн боп қалды.

— Жұмысқа шығысымен хабарлассын деп едік. Неге келмедіңіз?

— Сырқат тарағанымен, дәрігердің емі қала ма? Күніге шақырып маза бермейді. Қанша айтқанмен жан тәтті ғой.

— Жан тәтті болса, біреудің машинасын рұқсатсыз неге мінісіз? Апатқа ұшырасаңыз қайтесіз?

— Қандай машина, жолдас начальник?

— Ұмытып қалдыңыз ба?

Петрушкин басын шайқады:

— Сірә, милициядан кісі ештемені бүгіп, жасыра алмас.— Майор Кузьменко Матрена Онуфриевнаға қатысты мәселеге

келгенде, көбіне Петрушкинді шақыртпай, өзі іздеп баратын. Бұлай ресми шақыртқан емес. Шақыру қағазын көргенде Петрушкин қатты қорыққан. Өзіне тағылған жеңіл кінәні естігенде, жадырап қоя берді.

— Жолдас начальник, мен бұрынғы шофермін ғой. Шофердің сырын білесіз. Судай жаңа машинаны көргенде дәтім шыдамады. Әй, мейлі, Сібір айдап жіберсе де, бір айдап көрейінші деп отырғаным рас. Айыпты санасаңыз, қандай жаза қолдансаңыз да ризамын. Өзіңіз білесіз, мен шер құсып жүрген адаммын ғой. Көңіл жадырай ма деп ойладым.

— Сіздің кәсібіңіз етікші емес пе?— деді Нәсір сөзге килігіп.— Қазір ғана сіз солай деген сияқты едіңіз.

— Соғыс бейбіт мамандықтың бәрін өзгерткен жоқ па? Бізде батальон комиссары болды. Әй, өзі де ағып тұрған шешен еді-ау. Сөйлегенде аузы-аузына жұқпайтын. Бұрын үлкен қызметкер деп жүрсем, жай мұғалім екен.

— Қазір қай мектепте істейді?

— Былтыр дүние салды. Өз қолымнан зиратына топырақ салдым.— Петрушкин көзінің астымен Нәсірге бір қарап:— Шоферлікті мен соғыста үйрендім. Қолға түскен машинаны жүргізе беретінбіз. Ешкім право сұрамайтын.

— Қазір право алдыңыз ба?

— Машинаны бір адамнан кем жүргізбеймін. Бірақ правоны маған кім берсін? Бізде осы күні кісінің өзінен гөрі қағазға көбірек ден қояды.

Кузьменко Нәсірдің қасына орындық қойып, тақалып отырды. Нәсір столдың суырмасын ашты. Кісінің көзі, маңдайы, бір жақ беті, иегі бөлек-бөлек түсірілген көп суреттерді қатар-қатар қойыпты. Бұл суреттер әр адамдікі болғанымен, бір-біріне қатты ұқсайды. Кузьменко Петрушкинді алдандыру мақсатымен:

— Андрей Алексеевич, тындап отырмын, айта беріңіз,— деді.

Нәсір Петрушкиннің қадалып отырғанын байқап:

— Біз Андрей Алексеевичпен бірталай әңгімелестік,— деді тартпаны жауып.— Матрена Онуфриевнаның хабарсыз кетуі кімді болса да қайғыртады. Қайткенмен де шұғыл шара қолдану керек.

Кузьменко Нәсірге қарап:

— Біз осы уақытқа дейін Андрей Алексеевичке көмектесіп келдік. Ал ол милциядан жалтарғысы келеді. Машинамен қайда барғанын айтпай отыр.

— Қайда барды дейсіз. Алақанның қышуы қансын деп, Медеу жақты бір айналып қайттым. Машина жүргізуді ұмытпаған екенмін. Жолда милиционерлер тосқауыл жасамады.

— Жалғыз ба едіңіз?

— Қалай дейін, начальник жолдас, қасымда кісі бары рас еді.

— Ол кім?

— Шынымды айтайын, қасымда китар Глафира отырған. Сүліктей қайқиған қара “ЗИМ”-ді көріп: “Мынадай машинаға отырған кісінің арманы бар ма екен?” деп қиялдағаны. “Ей, келші, осы үшін сотты болсам мейлі!” деп қасыма отырғызып алдым да, Медеуді бір қыдыртып қайттым. Машинаның дәнеңесіне тигенім жоқ. Сол қалпында орнына әкеп қойдық.— Осы сәтте Петрушкин өзінің тұтылғанын аңдамады.

Кузьменко елеусіз сұрады:

— Әрине, қыздың өтінішін орындамау еркекке қолайсыз. Бірақ рұқсатсыз машинаны міну қылмыс екенін ұмытпаған да жөн.

— Қайтесіз, жолдас начальник. Сондай оқиға болды. Кінәлімін. Қандай жаза қолдансаңыз да еркіңіз.

Кузьменко Нәсірге ақыл салды:

— Не істейміз, Нәсір? Штрафпен шектелеміз бе, қалай?

— Машинаны бүлдірмесе, солай етуге болар. Протоколда штрафтың не үшін салынғаны айтылса болды ғой. Бірақ Андрей Алексеевич Медеуге кіммен барғанын, бұдан былай мұндай жүгенсіздікті істемейтіндігін айтып түсініктеме жазсын. Әйтпесе финанс орындары өзімізге тиісіп жүрер.

— Қазір жазу керек пе?

— Иә.

— Қажет болса жазайын.— Петрушкин ұсынған қағаз-қаламды алды.

Кузьменко түсініктеме хатты оқыды да:

— Төлеуді ұмытпаңыз!— деп штраф қағазын ұсынды.

— Айтқаныңыз орындалады.

Кузьменко Петрушкин кеткенде суретке анықтап қарап алу үшін тартпаны ашты. Нәсір қолын қағып, бөгей берді:

— Петр Петрович, сабыр етіңіз, қазір Петрушкин қайта кіреді.— Сөйткенше есіктен Петрушкиннің қылтиған басы көрінді.

— Начальник жолдас, мына қағазбен кез келген жинақ кассасына төлеуге бола ма?

— Иә, болады!— деп Кузьменко бас изей берді. Петрушкин есікті жапқанда:— Оның оралатынын қалай білдіңіз, Нәсір?— деді.

— Петрушкин өзінің жай-күйін айтқанда сіз оған ден қоймай, тартпадағы суреттерге үңілдіңіз. Ол сезіктеніп тықыршыды. Сол күдігін анықтау үшін ол тағы қайта кірді. Біздің жайбарақат сөйлесіп отырғанымызды көріп, көңілі жай тапқан секілді. Милиция “басқа қылмысын таппаған соң” Петрушкин бұдан былай өзін еркін ұстап, именбей әрекет жасауы мүмкін. Осы сәтте оның жасырын пиғылын білеміз. Біз Петрушкиннің Сигаловтан басқа тағы кімдермен байланыс жасайтынын білуіміз керек. Әзірге оны “еркіне” қоя бергеніміз жөн.

— Петрушкиннің кейбір белгілері сіздің Штерніңізге ұқсайды. Қабағы, көз қарасы айнымаған. Бірақ мынаның шықшыты шығыңқы, жақ сүйегі ірілеу. Бетін бүркеген мына қағазды төменірек түсірсеңіз, бет әлпеті мүлдем өзгеріп кетеді.

— Штерннің бұл суретін оның 1942 жылғы жеке делосынан таптық. Суретке ол 1941 жылдың аяғында түскен. Соғыстың біткенінс, міне, он бес жыл өтіпті. Сонда бұл фото жиырма жылдан аса уақыт сақталған. Әрине, барлық белгінің сай келуі қиын. Әуелі бұл аралықта кісінің мінез-құлқы өзгеріп кетеді. Біз асықпаймыз. Әлі тексереміз.— Нәсір бөлек-бөлек қиынды суреттерді конвертке салып, аузын желімдеді де:— Соғыс кезінде армияда ерекше бөлімде істедім, тұтқынға алынған фрицтермен сөйлесуге тура келді. Олардың көбі дәрскі, менмен келеді. Артын аңдамайды. Петрушкинге сондай мінез жүкқан секілді. Вице-президенттің машинасын мінген күні қасында Данишевская болмаса да, оны куәға тартуы осыны аңғартады. Данишевскаядан жауап алады деп ойламайды.

Петрушкин басқармадан шыққаннан кейін ешқайда бұрылмай, тура поселкеге тартты.

Шапшаң барып, онашада Глафираны нығыздап қоймақ. Глафира үйінде еді. Петрушкин құшағын жайып, айқайлап кірді.

— Глаша, келші, қасыма отыршы!— Шегіншектеп қашқан Глафираның қолынан тартты.— Өзінді көргенде козып кстетін сайтаным бар. Сірә, жақсы көретін шығармын. Әйтпесе қайбір әйелге жармасып жүр дейсің мені? Кейде

өзімнен-өзім отырып қайран қаламын. Осы дүниеде сен тек мен үшін жаратылған секілдісің. Бүгін бойымды қуаныш кернеген бір шақ еді. Сен оның мәнісін сұрап білгің келмейді.

— Кірмей жатып, кісінің есін шығарып жібердің. Сұрауға мұрша бердің бе? — деп Глафира ақталды. — Немесе, кемпір байғұстан хабар бар ма? Тірі ме екен?

— Ой, сен қайдағыны айтып кеттің ғой, — Петрушкин күйінген түрмен теріс бұрылды.

— Сені бағып-қағып күткеннен басқа, ол бейшараның қандай жазығы бар?

— Жазығы жоқ екенін өзім де білемін. Бірақ өзің тұрғанда, ол бәрібір маған әйел боп жарытпас еді. Бұл дүниеде өзіңнен басқа жар жоқ маған. Ғашықсыз өмір тұл екен ғой. Мен енді ғана ұққандаймын. Сен қасымда отырсаң, кемістігімнің орны толғандай боп тұрады. Кембағалдығымды ұмытам. Өзіңе ынтығып қарай бергім келеді. Өзімді ұстай алмай, әбігерленем, оны сөкет көрсең, кешір.

— Еркеске ұстамды болған жөн ғой.

— Ех, Глаша, бұрын машинаны рұқсатсыз мінгенім қырсық боп жабысып, сотты боп жүрем бе, сенің бақытыңды бекер байлаймын ба деп жүруші едім. Соңымнан қалмаған сор көлеңкесінен құтылдым. Штраф төлеп, бәлесінен арылып келдім.

— Қуаныштымын, Андрюша! — Глафира Петрушкиннің шашын уыстап өзіне тартып, маңдайын маңдайына түйістірді.

— Енді бізге тірі жан бөгет жасай алмайды. Біз мәңгі-бақи бірге тұрамыз! — Петрушкин қатты құшып, сүйіп аймалады. — Білгің келсе, сені қасымда бір сәт болмады деген сөздің өзін жақтырмаймын. Майор: “Сен машина ішінде жалғыз емес едің, қасында кім бар?” деп дікендеп қоймаған соң: “Қасымда отырған Глафира!” дедім. Тегі, сенен сұрай қалса “рас” дей сал. Әйтпесе тағы да кісінің мазасын алып жүрер.

Глафира Петрушкиннің кесудесінен итеріп, кейін шегінді.

— Сен машинаға басқа кісімен отырдым демеп пе едің? Мені көрсетуің қалай?

— Глаша, мұнша үрейленгенің не?

— Андрюша, кешір. Милициямен байланысым келмейді.

— Онда қиналмай-ақ қой, жаным. Басқа әйелмен отырдым десем басымды кесер дейсің бе? “Басқа” деген сөзден аулақ

боп жүрегіңе дақ салмайын деп едім. Мейлі, өзің біл. Сенің дегенің болсын.

Глафира Петрушкиннің мойнынан күшақтап, бұралып алдына күлады. Сақалын да сипалады. Керіліп, шалқая түсті. Осы сәт Петрушкин не жасаса да оның қылығын теріс көріп, қарсылық көрсетер ойы жоқ еді...

Петрушкиннің мақсаты бөлек еді. Сырты күлгенімен іші түтін. Дүкенші тараптан қатер ойлайды. Қисынын тауып Глафираны Тюнингге жіберіп алмақ.

Ол Глафираның тамағын сақалымен қытықтап:

— Мені шын жақсы көресің бе?— деді.

— Онда біз бүйтіп отырмас едік қой?

— Сені бір жерге жұмсасам қайтеді?

— Қазір ме?

— Тап қазір.

Глафира таңқалды: Петрушкин әлгінде ғана өзін-өзі ұстай алмай күтырынып отыр еді, лезде суып, басыла қалған. Еркектің күбылмалы болатыны несі? Әйелдің көңілі нені қалап тұрғанын ұқпай ма? Петрушкин Глафираның ойын айнымай тапты. Темірдей жалғыз қолымен әйелдің денесін езгілей сипап:

— Сені бскер жіберер дейсің бе? Өзіңнің аяғың, балтырын қандай әдемі! Сыптай түп-түзу!— Жалаңаш балтырын сипалады. Глафира оның кіріспе мылжыңын тыңдаған жоқ. Көзін жұмды. Осы мезетте біреу есікті қатты тоқпақтап, әлсіз ілмекті шегесімен жұлып алды.

— Бұл кім?!— Глафира мен Петрушкин есікке жалт қарап, бастарын көтеріп алды. Төртпақ жуан қара өңмендеп кіріп келеді. Қолы томардай, кесек, жуан. Қара күштің иссі скенін айнытпай танытады. Шықшыт үстін осып кеткен айғыз таңба бар. Сол жақ күлағы жоқ. Түбінде шеміршек қалған. Шұнақ күлақ, дәу қара.

Глафира үрейленіп ұшып тұрды:

— Шұнақ күлақ? Мына бәле қайдан жүр?— деп денесімен Петрушкинді қалқалай берді.— Неге келдің мұнда? Кім шақырды сені?— Шұнақ күлақ қанталаған көзімен сүзе қарап, қасына тақап келді.

— Былай тұр!— деп қағып жібергенде, Глафира екі бүктеліп бұрышқа ұшып түсті. Неге арашаламайды дегендей Петрушкинге жалтақ-жалтақ қарады. Ол жалғыз қолын желкесіне жастанып, аяғын айқастырып, төсекте шалқасынан

жатыр. Шұнақ құлақ түйіліп үстіне төніп келгенде именбеді. Шұнақ құлақ Петрушкиннің бас-аяғына көз жүгіртті де, жиіркеніп, Глафираға бұрылды.

— Ех, Глаша, саған құдай бүтін адамды да жазбаған екен! Кеше шұнақпен жүріп едің, бүгін шолақты тауыпсың. Жас, ажарлы болса бір сәрі, ал мына шалдан не қасиет таптың. Түбі сен, Глаша, бақытсыз боларсың!

Петрушкин папиросының сабағын шайнап, езуіне жүгіртті:

— Глаша, маған сіріңке әпере салшы. Бұл ұсқынсыздың сөзін тыңдап қайтесің. Түрмешімен сөйлесуге жиренем.

Шұнақ Петрушкинге тап берді:

— Сен ит, аузыңды жап! Әйтпесе ербиген сақалыңды иегіңмен қосып, мылжа-мылжасын шығарамын.

— Күшін қарай көр өзінің!

Шұнақ томардай қолын көтере бергенде Глафира баж ете қалды:

— Хакім, тиме оған!

Шұнақ құлақ күжірейіп бұрылды.

— Қорықпа, кембағалды ұру кәсібім емес!— Осы сәтте Хакім бүйірден тиген соққыдан қалай ұшып түскенін білмей қалды. Әлден уақытта көзін ашқанда сары сақал төбесінде төніп тұр. Шұнақтың есін жиғанын біліп, бүйіріне тағы бір тепті. Хакім бүйірін ұстап орнынан тұрды:

— Бізде олай емес, былай ұрады!— Петрушкинді түйіп қалғанда, ол тәлтіректеп барып, бүк түсіп отыра кетті. Есін жидырмай кеңірдегін қысып жібергенде, мұрнынан қан бүрк ете қалды.

— Хакім, қолыңды тарт! Сен тағы кісі өлтірсең! — Глафира бажылдап арашаға түсті.

— Сен салдақы, үніңді өшір! Мен кісі өлтіріп көрген емеспін!— Хакім Петрушкиннің кеңірдегінен қолын босатып, орындыққа отырды. Петрушкин есін жиды. Сүйретіле тұрып, кереуетке қисайды.

— Қолың қандай қатты. Сүмбе секілді. Абайламасаң, кісінің ішек-қарнын ақтарарсың.

Хакім ымыраға келіп, темекі тартты.

— Мен де бұлай ойлаған жоқ едім. Қаперсіз соғады екенсің. Қайдан үйренгенсің?

— Сен көп былжырамай, сіріңкеңді берші.— Петрушкин қолын созды. Хакім сіріңкені беріп жатып:

— Сырт түрің нәзік, ал ұрғанда талдырып жібересің. Осындайды кинодан көргенім бар. Шпиондарға түрлі тәсіл үйретеді екен.

Петрушкин шапшаң сөзін бөлді:

— Түрмеден бе?

— Иә.

— Қашып шықтың ба?

— Жоқ, амиссиямен.

Петрушкин шұнақты кеудесіне нұқып қалды:

— Өкімет кешірім береді, босатады, ал сен оның атып дұрыс білмейсің. Амнистия десеңші.

— Түрмеден шығып алған соң, қалай айтса да бәрібір емес пе?

Глафира көйлегінің омырауын жұмырлап ұстап, жылжып басып, Хакімнің қасына келді.

— Сені босатты ма? Кінәнді кешірді ме? Құдай-ау, рас па?— Хакімнің иығынан сипалады.— Жүдеп қапсың ғой!

— Түрмеде ешкім маңдайыңнан сылап-сипамайды!

Петрушкин шұнақты шынтағымен түртті.

— Шын атың кім?

— Естімедің бе? Хакім деді ғой.

— Бұл не отырыс, Хакім. Үйге жүр, сенің түрмеден шыққаныңды жуайық.

Хакім бажырая қарады:

— Сен осында тұрмайсың ба?

— Жоқ, өзің ескілді жолшыбай соқтым. Мен жаланқай, жалғыз адаммын. Жақында кемпірім қайтты. Іш пысқанда осында келіп-кететінім бар.

— Кемпірің неден өлді?

Петрушкин бұл сұраққа үйіне келгенде жауап қатты:

— Неден өлді дейсін бе? Өзім де білмеймін. Екі кештің арасында жоғалып кетті.

— Сен де өтірікті соғады екенсің. Кемпір жоғалушы ма еді?— Хакім қарқылдап күліп, саусағымен мойнын егеді.— Кәлләсін өзім кесіп алдым десеңші!

— Сен бүйтіп әзілдеме, отпен ойнамайды.— Петрушкин арақ, ащы қияр әкеп қойды.— Кісі өлтірсем бұлай жүрмес едім. Мені еркіме қоя ма?

— Қорықпа, мен кісінің сырын сақтай алам.

Біраз уақыт өткеннен кейін Петрушкин Глафираның үйіне жалғыз оралды. Глафира үрейленді:

— Хакім қайда?

- Сен оны сүйесің бе?
- Ол менің байым болған.
- Қорықпа, ол қалаға кетті.

Петрушкин қараптан-қарап отырып, өзіне-өзі сөйледі.

— Ақымақ адамды жаным сүйеді. Неге дейсің бе? Ақымақтан серік тапсаң, өмір сүру оңай. Алдап, әурс боп жатпайсың. Сілтеген жағыңа қарай ыға береді. Мынау да дүмбілез топастың бірі.

Глафира үндемеді. Кеудесіне қолын қусырып, басын төмен салды. Кешегі күндерді есіне түсірді. Онда Хакім мұндай емес еді. Төбелес десе жайнап кететін. Құлағын қанжар сылып кеткенде де мыңқ етпеген. Салбыраған шеміршекті жұлып тастап, бір өзі үш адамды жалаңаш қолымен жайратқан. Қаланың уақ шпаналары Хакімді көрсе тым-тырақай қашатын. Сол балуан жігіт шолақтың бір тепкеніне шыдай алмай, бұралаң етіп құлай кетті. Кешегі өзі көрген Хакімге ұқсамайды. Хакімді техникумның соңғы курсынан ұстап әкеткен. Оның “амнистия” деген сөзді білмеуі таңқаларлық жай. Әлде түрме кісіні есенгіретіп жібере ме?

— Ойланып қалдың, сірә, шұнақты қимайсың-ау деймін. Қасыма келші!— Петрушкин Глафираның қолынан тартты.

— Жібер!— Глафира жүлқынды.— Қалаға бар деп едің ғой. Қайда барайын?

— Сені әурелеп қайтем? Шұнақты жібердім. Өзі түрмеден шыққан адам. Бой жазып жүріп қайтсын. Ондай жаттығу пайдалы оған.

— Оны қайда жұмсадың?

— Сенен жасыратын сырым жоқ, Глаша. Бәрі өзіңнің қамың. Көптен бері “Москвич” сатып алуға ақша жинап жүрген едім. Арасында заемнан ұтқаным да бар. Осы күні жең ұшынан жалғаспаса қиын. Қалағаныңды ала алмайсың. Осында таныс дүкенші бар еді. Соның машина сататын магазинде кісісі бар екен. Дүкенші араға жүрмек болған. Өзіне делдал ақысын беріп қойдым. Машина түсті ме екен, біліп кел деп, шұнақты соған жібердім. Машина ала алсақ біз бұлай отырмаймыз, Глаша. Жер-дүниені шарлап, саяхат жасар едік. Қасымда өзің отырсаң болғаны.— Петрушкин құшақтамақ болып, икемдеп еді, Глафира илікпеді. Қолын қағып тастады.

— Қойыңызшы!

— Көңілің соққанда өзің айтарсың. Мен кеттім!— Петрушкин Глафирадан жауап күтіп босағада бір сәт тұрды. Глафира қолын кеудесіне қусырған бойы қозғалмады.

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

Талғат “Есік” қонақ үйінің алдында, дүкеннің тұсында қалтасын қарап әбігер болды. Бір-екі кісіні тоқтатып сіріңке сұрады. Ешқайсысы темекі тартпайды екен. Талғат Шұнақ құлақты анадайдан таныды. Петрушкиннің үйінен шығысымен қалаға түскенін естіп, алдын тосқан. Талғаттың қасынан өткен адамдарды тоқтатып, әлде нәрсе бірдеңе сұрай қоятынын ол да байқаған секілді. Қаннен-қаперсіз жүре берді. Талғат оны да тоқтатты:

— Сіріңкеніз бар ма?

Хакім Талғаттың бас-аяғына состия қарады. Қалтасынан сіріңке алып шықты.

— Темекі тартатын кісінің қалтасында сіріңке жүруі керек.

Талғат сигаретаны үсті-үстіне сорып, түтінін жұтпай сыртқа шығарды.

— Темекі құмар кісінің қалтасында шегетін темекісі таусылып, жұрттан сұрап тартады. Мұның сөкеттігі жоқ. Ал сіріңке сұрағанның не айыбы бар?

— Темекінің жөні бөлек, таусылып қалады. Сонан соң сұрайды.

— Тартасың ба?— Талғат болгар сигаретасын ұсынды. Алтындаған сарыбас темекіні көргенде Хакімнің дәті шыдамады.

— Бірсуін тартайын. Шетелдікі ме? Дәмі қалай?

— Мен мұның дәмін ажырата алмаймын. Жаңадан үйреніп жүрмін.

— Көріп тұрмын, әуелі жөндеп ұстай да алмайсың.

— Жай зеріккен соң сирек етсейін деп едім. Осында бірсеумен жолығуым керек еді.

— Оның кім? Қыз ба?

— Әрине.

— Қалыңдығың шығар.

Талғат Хакімнің бетіне қарап жымиды. Оның ту сыртында көшенің бойымен өрлеп келе жатқан таксиді, оның ішінде отырған адамды көзі шалды. Басына қалпақ киген. Үлкен қара көзілдіріктен маңдай асты көрінбейді. Петрушкин екенін сақалынан шырамытты. Шұнақты өкшелеп, ізін бағып келеді. Талғат тротуардың шетінде көрінген қызға қолын көтеріп, қуанған кейіппен тұра жүгірді.

— Сәуле, мен мұндамын!— Жүгірген бойы Сәулені қапсыра құшақтай алды. Осының бәрі бірер секундтың

ішінде, Петрушкиннің көз алдында өтті. Егер Сәуле машинаға қарама-қарсы келе жатқан болса, Петрушкин жасанды скенін бірден аңғарар еді. Сәуле Талғаттың далбалақтап жүгіріп келе жатқанын көргенде шошып кетті.

Жарқылдап күліп:

— Сонша сарғайтқаның не?— деді де, бетін тақап сыбырлады.— Сәуле, сенің көмегің керек боп тұр. Көп ұстамаймын. Үрпимей ғашық болған қыздың кейпін білдір.

Сәуле тұла бойы дірілдеп, от боп жанды. “Құдай-ау, еркек не деген аңқау, өзінің бұл жігітке іштей ғашық екенін ол неге ұқпайды? Әрі-бері өткендегі қас-қабағы, жүректің дүрсілі осыны айтып тұрған жоқ па?” Талғатты бір күн көрмесе қатты зарығатынын неге білмейді? Полковник Кузьменконы шақыра қалғанда, Сәуле телефон соқпай, сонау үшінші этаждан бірінші этажда дереу өзі жүгіріп келетін. Талғаттың Кузьменкоға жиі келіп тұратынын сезіп, бір көріп қалуға ынтығатын. Сөйткен Талғат өзі тілек айтқанда, Сәуле қалай қарсы тұрсын.

Талғат Сәуленің үндемей тоқтап қалғанын байқап:

— Сіз көңілі бар қыз секілді икемге келсеңізші! Әлде жолыңыздан қалдырдым ба?

— Менің көмегім керек болса, ерік сізде. Жұмсай беріңіз.

— Рақмет, Сәулеш!— Талғат нәзік саусағынан қатты қысты. Сәуле қолын тартып алмады. Жігітке тығыла түсті.— Тыңда, Сәулеш, қазір дүкенге тоқтамай біреуді іздеген боп қонақ үйге кіреміз. Сен менің айтқанымды істейтін бол!

Сәуле Талғатты дәл ұға қоймады. Сөйткенмен оның айтқанын жөн көріп тұр. Мақұлдап басын изеді. Бұлар қонақ үйде көп бөгелмеді. Төменге түсті. Дүкен алдында кезек сиреп қалған екен. Талғат Хакімге естіртіп:

— Сенің кесіріңнен қонағымыздан айырылып қалдық. Бөлмесінде жоқ. Олар бізді қашанғы күтсін. Өзің бір сағаттай кешігіп келдің. Осы уақытқа дейін қайда жүрдің!— деп Сәулеге зекіді. Кәдімгідей ашуланып, ұрсып тұр. Сәуле құлақ ұшына дейін қызарып, от боп жанды. Талғат қабағын түйіп:— Отыра тұр, жаңа газет алып кетейік,— деді. Кезекке Хакімнің артындағы бір кісіден кейін тұрды.

Хакім кезегі жеткенде терезеге басын сұқты. Гүжілдеген дауысы естілді:

— Оқитын газетің бар ма?

Тюнин байпаң қақты:

— Сізге қандай газет керек еді?

— Айталық, “Спорт” газеті.

— Ой, бұл газетті сұраушылар көп, соңғы номерін алдыңғы күні алдық. Одан кейін келген жоқ. Сағат бесте пошта әкеледі. Бәлкім, соның ішінде жаңа номерлері болып қалар. Отыра тұрыңыз.

— Әзірге ермек ететін бірдеңе бар ма?

— “Араны” алыңыз, ішінде қызық суреттері бар.

— Жақсы, біреуін беріңіз!

Хакімнің талайдан бері газет-журнал ұстамағаны көрініп тұр. “Ара” журналының сыртқы бетіндегі суретті аударып, төңкеріп ұзақ қарады.

Дүкен сыртына артқы кабинасында әйнегі жоқ тырбиған машина тоқтады. Бір қап газет-журнал әкел тастады. Қабы қосқабат сары қағаз. Тюнин қапты кіргізіп алды да, Шұнаққа ымдады. Хакім дүкенде ұзақ кідірмеді. Қолтығына “Спорт” газетін қысып, ресторанға бет алды. Осы мезетте көшенің арғы бетінде, аялдамада тұрған Петрушкин де машинаға отырып, төмен қарай кетті.

Осыдан екі күн өткеннен кейін Хакім ресторан ішінде төбелес шығарып, милицияға түсті. Милиционер ұстаған кезде, өршеленіп қарсыласпады. Ығына көне берді. Аудандық бөлімшеге алып келгенде таныс адамына кезікті. Ол Байкин еді. Қос милиционердің еңгезердей шойын қара жігітті айдап келе жатқанын көріп:

— Әй, сен Шұнақсың ба? Қайдан жүрсің? Сені түрмеден босатып па еді. Әлде қашқынсың ба?— деп сұрақты жаудырды.

— Менің атым Шұнақ емес, Хакім екені сізге мәлім болар!

— О, кешіріңіз, мәртебелі Хакім мырза! Сіздің ашуланатыныңызды білмедім!

— Атыма лайық, құдай әкімдікті бермегеніне өкінемін. Байкин Хакімді күлкі еткісі келді:

— Хакім мырзаға әкімдік тисе қайтер еді?

— Алдымен жолсыздықты тыяр едім. Екіншіден, сен ескілді милаудың сыбағасын берер едім.

— Әй, сен ит не деп тұрсың?!— Байкин тап берді.— Сені Үркіт айдатып, мүрдем кетірем, түрмеде шірітем.

Хакімді алып келген милиционерлер аңырайып тұр. Екеуі қазақша ұқпайтын еді. Аяқ астынан мұндай жанжалдың шыққанына таңырқайды. Олар лейтенанттың бажылдауының мәнісін түсінбей тұр.

Бөлімшедегі кезекші аға лейтенант кірді.

— Бұл не қылған айқай?— деп милиционерлерге, сонан соң Байкинге қарады.

— Мына бандиттің көзін жою керек,— деп Байкин Хакімнің кеудесін нұқыды.— Мұны білем, қанішер, баскесер адам. Түрмеден қашып келген шығар. Өзін апарып қамап тастандар!

— Сабыр етіңіз!— деп, кезекші аға лейтенант қабағын түйді.— Лейтенант жолдас, сіз жұмысыңыздан қалмаңыз. Біз мұнда өзіміз қарап тексереміз.— Байкин кеткеннен соң, кезекші лейтенант Хакімді қасына отырғызды.

— Бұл не қылған жанжал? Маған түсіндіріңізші.

— Өзіңіз бәрін естідіңіз. Мен не айтамын. Сумандаған тілін қолқасымен жұлып алар едім. Әттең...

— Қолқасымен дейсіз бе?

— Иә, келесі жолы бұлай бейберекет сөйлемес еді. Қолым бос болмады. Көрдіңіз бе, байлаулы.

Аға лейтенант шапшаң бұйырды:

— Мынаны кім байлаған? Шешіндер!

Милиционерлер ақтала бастады:

— Еңгезердей неме, жолда бұлқынып жүрсе, жазым етсе ме деп қорықтық. Бұларға сенім жоқ. Абайламаса қиын...

Екеуі оңаша қалғанда аға лейтенант:

— Бұлар дәрскілік жасады деп ұғасыз ба?— деді темекі ұсынып.

— Бір жаман мінезім — кісінің ащы сөзін көтере алмаймын. Жауап қатуға олақпын. Амалсыз жұдырық ала жүгіремін.

Аға лейтенант милиционердің жазған актісін оқыды да столдың үстіне қойды.

— Сіз жігітті сүйген қызының алдында, тамам жұрттың көзінше сабадыңыз. Бетіне таңба түсірдіңіз. Білсеңіз, мазақтың ең үлкені осы емес пе? Ол жігіттің сіздің жұдырығыңызға қайтаратын жойқын күші жоқ. Амалсыз таяк жеді. Ашу үстінде қару жұмсаса қайтер едіңіз? Милиционерлер килікпесе дәл солай болар еді. Міне, қылмыс деген осы.

— Ақиқатына жетсеңіз кінәлі мен емес. Алдымен жігіттің өзі тиісті. Би кезінде байқамай аяғын басып кетіп едім. Мені жатып сөкті: “Музыка үнін ұқпайтын өгіздерге не жоқ екен мұнда” деп серіктерін бір күлдірді де, бидің бір айналымында қасыма тақап келіп: “Сізге би билесуден гөрі шошқа қорасының боқтығын тазалаған лайық” деп күліп өтті. Би

биленіп біткенде столға келіп: “Неге жауап қатпайды десем, құлағы жоқ саңырау екенсіз ғой. Бүгін газетті оқыдың ба? Соқырлар мен мылқаулар қоғамына кісі керек екен. Менің ағайым жұмыс істейді сонда. Бәлкім, сол жерге қызметке тұрарсыз” деп тағы кекетті. Жұрт күлген сайын сөзін мәнерлеп, өрши түседі. “Сен жігіт маған тиіспе, әзілді қой!” деп бір-екі мәрте ескерттім. “Қарай гөр, өзінің тілі бар!” деп кекетуін қоймады. Ал менің не істеуім керек? Жұдырық жұмсауға тура келді.

Телефон шылдырлады. Кезекші аға лейтенант трубканы көтерді.

— Кезекші аға лейтенант Жетібаев тыңдап тұр! Иә, солай, осында... Қашан? Қазір ме? Жақсы. Қалай? Мақұл, майор жолдас,— кезекші трубканы қойды да, Хакімге:

— Сіз облыстық милиция басқармасын білесіз бе?— деді.

— Біліп қайтсем, менің бір басыма аудандық милиция да жетеді.

— Қазір облыстық милицияға барасыз. Тоғызыншы кабинетте сізді күтіп отыр.

— Мені ме?

— Иә!

— Мені кім айдап апарады?

— Күзетсіз жүре алмайсыз ба? Қосып беретін адамым жоқ, өзіңіз барыңыз.

— Жолда қашып кетсем қайтесіз?

— Қайда қашасыз?

— Мәселен, Піспекке!

— Піспек алыс емес. Зеріктірсе өзіңіз келесіз. Әзірге қош болыңыз.

Хакім облыстық басқармада коридор ішінде біраз жүрді. Тоғызыншы кабинетті келген бетте тапқан. Кіруге батпады. Қағазға үңіліп, шапшаң басып келе жатқан Сәулес қабырғаға соқтығып қалдым десе керек, тәлтіректеп кейін шегініп басын көтерді. Кессе-көлденең тұрған дәу қара жігітті көріп:

— Сізге кім керек? Тоғызыншы кабинет пе? Мына бұрылыстағы есік қой,— деп жеңінен сүйреп жанын қоймай есіктен кіргізіп жіберді. Хакім қыздың қолын қағып тастауға батпады.

Кузьменко босағада состиып тұрған Хакімге:

— Таңатаровсың ба? Мұнда кел, жақын отыр!— деп орындық ұсынды да, қасындағы Нәсірге таныстырды.— Хакім Таңатаров деген жігіт осы. Ауыл шаруашылық

техникумында оқыған. Соңғы курста оқып жүріп кетті.—
Хакімге қарап:— Сізді қашан босатты?—деді.

— Түрмеден шыққалы жарты айдан асты.

— Қайда тоқтадың? Данишевскаяның үйіне ме?

Хакім таңырқады:

— Оны қайдан білессіз?— Басын төмен салып, қабағын түйді.— Айтқандай, Глафира да түрмеге түскен еді ғой.

— Біз түрмеден шыққандардың тізімін алмаймыз.

— Глафира бұзылған. Ол өзінің антын бұзды. Мен онда бармаймын. Шолақтың қолтығына тығылған соң, одан не сұрайсыз.

Нәсір ұқпады:

— Шолақ дегеніңіз кім?

— Көршісі білем, қолы жоқ шал.— Хакім өзінің Петрушкинмен Глафираның үйінде қалай кездескенін айтты. Төбелескенін де жасырмады.

— Төбелестік дейсіз бе?

— Иә.

— Қалай, кәдімгідей ме? Кембағал адамға қол көтсруге қалай дәтіңіз барды?

— Ондай шолақ екі-үшеуінді жайратар. Мына күшпен өзімнің қалай сұлап түскенімді білмей қалдым. Ішек-қарным ақтарылды ма десем, әйтеуір, аман скен. Қимылына көз ілеспейді. Қол-аяғы бірдей қимылдайтын тас денс.

— Солай де! Маған әлсіз, күйгелек жан көрініп еді...

Хакім болған жайдың бәрін айтты.

— Төбелескен бойы ләм демей қалаға кете бердіңіз бе?

— Иә.

— Өтірік айтуға да қабілетіңіз бар екен. Мен олай ойлаған жоқ едім. Неге дейсіз бе? Күш иесі уақ сөзден аулақ, мәрт келеді. Арамдық жұғыспайды. Ал сіз осыған жақындаусыз ба, қалай? Петрушкинмен оның үйінде отырып, “таныстық үшін”, “достық үшін” ішкеніңізді неге ұмыттыңыз?

— Сізге мұны кім айтты?— Хакім ыршып тұрды.

— Отырыңыз!— Нәсір иек қақты.— Айтасыз ба, жоқ па?

— Түсінбеймін!— Хакім басылып отырды.— Менің өз басым сөз тасудан аулақпын. Бірақ кісі құпиясын сақтай білемін. Ал мынау ит “тісіңнен шығарма” деп өзі жалынады да сіздерге сөз тасиды. Хакімді тағы сөзден жығып, адастырып түрмеге тықпақ ойлары бар ғой! Ондай сасық қулық жүзеге аспайды.

— Қылмыс жасаған кісіге темір тор алыс емес.

— Біреудің құпиясын сақтай білу қылмыс па?

— Қылмыскердің құпиясын сақтау қылмысты жасырумен бара-бар. Мұндай статья сізге таныс болар. Сонымен, дүкеншіге қанша ақша бердіңіз?

— 500 сом.

— 500 сом екенін қайдан білдіңіз? Санадыңыз ба?

— Жок, оны Петрушкиннің өзі айтты. Және ақша ашылмаған, белдеуінде банкі қаттаған “500” деген сан бар.

— Ақшаны дүкенші Тюнингке қалай бергеніңізді толықтырақ айтыңызшы.— Нәсір алдында жатқан қағазға белгілер жасады да, Кузьменкоға ұсынды. Ол шапшаң көз жүгіртіп, басын изеді. Хакім бұған зер салған жоқ. Төмен қарап отырып сөйледі:

— Петрушкиннің үйінде бір жартылықты оңай босаттық. Оның өзі көп ішкен жоқ, маған берді. Сол сәтте у берсе де тайынбас едім. Шолақ менен кешірім сұрады. Глашаның алдында таза екенін айтып, ант ішті. Ендігәрі жуымасқа уәде берді. Арақ кекті шайды, татуластырды. Кетуге ыңғайланғанымды көріп: “Аз ғана өтінішім бар, жолшыбай бере салсаң қайтсіді?” деп, ақшаны ұсынып тілек айтты. Маған жұрт сенбейді ғой. Шолақтың сенімі жүрегімді жылытты. “Мұны кімге берейін?” деп сұрағанымда, дүкеншінің түртүсін айтты. “Машина алайын деп ақша жинап жүр едім. Соның машина сататын магазинде танысы бар. Сол иттің тамағы жаман” деді. Шолақтың сөзін жеткізіп тұрмын. Дүкенші жатып тулады. “Сендер бүйте берсеңдер мені күртарсындар! Бір жолғы аман қалғаным жетер!” деді. Мен аң-таң болдым. “Жолшыбай бере сал деп сұраған соң” деп кетуге ыңрайландым. “Сен тұра тұр, артындағы жігіт кетсін!” деп сыбырлады да, аздан соң: “Оның сәлемдемесі жоқ па?” деді. Газетке ораған ақшаны ұстата салдым. Үстімнен ауыр жүк түскендей болды. Ақшадан құтылғанымға қуандым. Ол газетті шапшаң ашып, белдеуіндегі цифрды көріп жымың-жымың етті. “Шолаққа айт, сақ болсын, милиция ізіне түсіп жүр. Менен жауап алды. Әрең құтылдым. Ұмытпа, айтып бар!” деп күбірлеп қалды.

— Петрушкинге бұл сөздерді жеткіздіңіз бе?

— Онда барғаным жоқ деп сіздерге айттым ғой. Қызғаныш козып, абайсызда біреуін жазым етем бе деп қорқамын. Түрмеге екінші рет отырғым келмейді.

Нәсір алдында жатқан “Казбекті” ашып, темекі ұсынды:

— Темекі тартыңыз.— Хакім темекі тұтатып тартқанда.— Түрмеге не үшін отырдыңыз?— деді.

— Не үшін отырғанымды өзім де білмеймін.

— Қалай?

— Солай!

— Бәлкім, өткен істі еске түсіру ыңғайсыз шығар.

— Өзімнің арым таза. Он рет қайталасам да қынжылмаймын.

— Біздегі мәліметте: Данилов Артур деген жігіт қоймада қосалқы жұмысшы боп істеген. Момын, жуас. Сіздер қойманы тонау ниетімен Артурды азғырдыңыздар. Ол көнбейді. Артурдың да Глафирада көңілі болады. Қыздардың жатақханасы алдында төбелесте сіз Артурды өлтіруге серт бердіңіз. Антыңызды бұзбадыңыз. Сол түні оның өлігі қойма алдында табылды. Солай ма?

— Шындықты тілессеңіз айтайын: ол кезде мен техникумда оқитынмын. Глафира ательеде киім тігетін. Ерлі-зайыпты кісі құсап тұрғанмен ресми тойды жасаған жоқпыз. Бәрін кейінге қалдырдық. Оқу біткен соң жасаймыз дедік. Бір күні жатақханада оқушылар кеш өткізді. Бұл кешке сіз айтқан Артур да келді. Кешке ішіп келген екен. Менімен бірге оқитын Дмитрий деген бала бар еді. Оның қарындасы өзінен бір курс төмен оқитын. Артур келісімен Светаға тиісті. Света шашы беліне түскен, ақшыл сары әдемі қыз болатын. Дене тұлғасы ағасы секілді емес, кесектеу біткен. Би арасындағы үзіліс кезінде Артур Светаны далаға сүйреп шығарып, қараңғы жерге апарып тұншықтырады, сзгілейді. Жасырынбақ ойнап жүрген уақ балалар көріп қалып, айқай шығып Светаны арашалап алдық. Артурдың шын аты бұл емес, басқа, оның бүркеншек аты “Удав” деп еститінбіз. “Удав” бекер әрекет жасамайтынын сездіріп оңашада Светаны ұстап алып, тағы да қинайды. Қыз ырқына көнбейді, қарсылық көрсетеді. Алыс-жұлыс, қызыл ала қан үстіне Дмитрий келіп калады. Ол шыдай алмайды. Жатақханаға жүгіріп барып өткір балта әкеп, “Удавтың” басын шабады. Бар шындық оқиға осы.

— Сізді неге қамады?

— Осы оқиғадан екі күн бұрын мен Артурмен жатақхана алдында шекісіп қалған едім. Біздің жанжалымызды вахтер көрген. Сотта басты куә сол болды. Мен де “айыбымды” мойындадым. Қойманы тонау үшін өлтірдік дедім. Бір сөзбен айтқанда Светаның абыройын төккім келмеді...

— Дмитрий ше?

— Ол өзінің айыпты екенін, Артурды өлтіргенін айтып, бар жерге хат жазды. Одан да жауап алған болатын. Ол да Светамен байланысты шындықты бүкті, жай өлтірдім деді. Оған ешкім сенбеді. Өзін күлкі етті. Кейін арнаулы комиссия шығып, бәрін анықтады. “Удавтың” кім екенін білді. Бізді ақтап босатты.

— Қазір не істеп жүрсіз?

— Мен мұнда Глафира үшін келген едім. Екеуміздің дәм-тұзымыз жараспай ма деймін. Ертең Талғарға кетем. Қалған сабақтарды экстерно тапсырсам ба деген ойым бар. Светадан телеграмма алдым. Колхозда агроном екен. Өзіне шақырады. Техникумды бітірсем, сол жаққа кетем.

Таңатаровтың сөзін түрегеп тыңдап тұрған Нәсір:

— Қалада бір жеті қалуға мүмкіндігіңіз бола ма? Бізге көмгіңіз керек боп қалуы мүмкін.

— Кімге көмектесуім керек?

— Айталық, майор Кузьменкоға, маған. Жалпы милицияға көмектесуіңізді сұраймын. Жаңа сіз өз басыңыздан жақсы мысал айттыңыз. Біз басқа біреу жөнінде сондай қатені қайталағымыз келмейді.

— Жақсы, — деп Хакім орнынан тұрды. — Мен Краснодар көшесіндегі 25-үйді тұрамын. Қажет кездерінде келсін.

Хакім кеткеннен кейін Нәсір дереу генералға телефон соқты. Петрушкиннің дүкеншіге Таңатаров арқылы бес жүз сом бергенін айтты.

ЖИЫРМАСЫНШЫ ТАРАУ

Полковник Дайыров мәжіліс алдында Кузьменконы өзіне шақырды. Полковник жайдарлы. Орнынан тұрып қол берді:

— Петр Петрович, жұмыс көп, адамдар жетіспейді деп киналып едіңіз. Майор Бөгенбаев біздің жұмысымызды жеңілдетіп, ауыр салмағын өзіне алғысы келеді. — Полковниктің қарсысында отырған Нәсір күліп басын изеді. — Өз адамдарымызға ескертіңіз: бұдан былай Петрушкиннің мәселесімен шұғылданып жүрген басқа опертивтік қызметкерлер майордың рұқсатынсыз бұл іске араласпайтын болсын. Бірақ бұл сізді жауаптылықтан босатпайды. Іс біржола аяқталғанша Майлыбаев екеуіңіз майор Бөгенбаевқа көмектесетін боласыз, — деді де, қоңырау соғып секретарь қызды шақырды. Сәуле кірді.

— Қызметкерлер жиналды ма? Кірсін!

Оперативтік мәжіліс қысқа болды.

— Қылмысты іздеу бөлімі соңғы кезде үлкен жұмыс істеді. Мемлекеттік қылмыстың бетін ашты. Мен өз атымнан майор Кузьменкоға және капитан Майлыбаевқа алғыс айтамын.— Подполковник Колпашников пен Нәсір Бөгенбаевтан басқа қызметкерлер Кузьменколардың қандай тапсырмаларды орындап, нендей қылмысты ашқанын жөнді ұға қоймады. Подполковник сөзінің соңында Кузьменкоға қарап:

— Сіз Покровка оқиғасымен шұғылданыңыз. Жинақ кассасын тонаған бандиттер ізін таптырмай жүр. Олар кассаның бір жарым тонна сейфін өздерімен ала кеткен. Қырғыз жолдастармен хабарласқан жөн. Қаладан тарайтын жол аз. Егер олар Құлжа жолына түссе өрісі тар, алысқа бара алмайды. Талдықорғанға кете алмаса керек, ол жаққа сіңісу қиын. Беттерін Батысқа түзесе Піспекке соғады. Осымен байланысты Москвадан жолдастар келе жатыр. Сіз алдын ала әрекет жоспарын жасаңыз. Соңынан тағы ақылдасармыз.

Осымен мәжіліс жабылды.

Кузьменко жоғары этаждан төмен түсіп келе жатқанда коридорда жүрген Байкинді көрді. Қожаш полковниктің оперативтік мәжіліс өткізіп жатқанын алдында естіген. Өзін мәжіліске шақырмағанына күйінді. Оны Кузьменкодан көрді. Ыза қысып, кіжінді.

Кузьменко қасынан өтіп бара жатып:

— Лейтенант Байкин, маған кіріп шығыңызшы! — деді. Кузьменконың ресми сөйлеуі Қожаштың ашуын онан әрмен қоздырды. Бірақ майорға батып сөйлей алмады. Жалтақ, жағымпаз мінезіне көшті:

— Майор жолдас, маған тапсырма берейін деп пе едіңіз?

— Отыр, Қожаш.— Кузьменко Байкиннің алдына темскі қойды. Өзі жайласып отырып:— Матрена Онуфрисвнаны іздейміз деп біраз әуре-сарсаңға түстік. Өзімізге де, өзгеге де тыныштық көрсетпедік. Енді бұл іс осымен тамамдалды. Сіз өз бөлімшеніңізге барып қызметіңізге кірісе беріңіз. Әлгінде бөлімше бастығымен сөйлестім. Ол сізді күтіп отыр.

Қожаштың бұл әңгімеге көңілі толмады. Майор одан әлденені жасыратын секілді. Іштей Кузьменкоға да, Талғатқа да кектенді. Басқармадан шығып келе жатқанда есік алдында Карповқа жолықты.

— Қожаш, аман ба, хал қалай? Ортақ қуанышпен құттықтаймын!— деп қолын алды.

Байкиннің жүрегі лүпілдеп кетті. Капитанға дәмеленіп қарады:

— Мені ме? Немен, Григорий Матвеевич?

— Естімедің бе? Майлыбаевқа капитан деген атақ берілді!

— Кімге? Майлыбаевқа дейсің бе? Капитан?!— Қожаштың өңі қашып, сұп-сұр болып кетті.— Не үшін? Қылмыс жасағаны үшін бе?

— Сен оперативтік мәжіліске қатысқан жоқ па едің?

Қожаштың “мені шақырмады” деуге аузы бармады. Үйреншікті өтірігін айта салды.

— Полковник бір жұмыстар тапсырған еді. Сонымен жүріп кешігіп қалдым. Келсем, мәжіліс басталып кеткен екен. Баса-көктеп кіруді ыңғайсыз көрдім.

Капитан Карповтың оқыс жаңалығы Қожашты күйгелектікке салды. Оған бұл жалғанда әділет жоқ сияқты көрінді. Қайткенмен де Талғатқа тосқауыл жасап, оны мұқатқысы келді. Оған қарсы қандай әрекет жасай алады? Ойланып келеді. Сәуле есіне түсті. Көшені айнала беріп бұрыштағы автоматтан телефон соқты.

— Сәулешпісің? Бұл мен, Қожаш қой! Амансың ба, жаным. Сабағың қалай? Ой, жарайсың, Сәулеш! Енді төрт-бес жылдан кейін білдей юрист боп шығам десеңші! Қуаныштымын. Сәулежан, Сәулеш, өзіңмен оңаша сөйлесетін әңгіме бар еді. Қалай жолықсақ екен? Бүгін дейсің бе? Бірақ қазір қолым тимейді. Полковниктің тапсырмасы бар. Кешке жолығайық. “Аралда” күтемін.

Сол күні кешке Қожаш Сәулені “Арал” ресторанының алдында, көпірдің аузынан күтіп алды. Қыз еңтігіп, терлеп кеткен.

Ресторанда кісі аз. Түкпір жақтағы столдарда, қараңғылау жерлерде екі-үш адамның басы көрінеді. Шырмауықпен қоршалған беседканын ішінен көңілді дауыстар шығады. Қожаш бұрылып қарады. Ала тақиялардың ішінде екі әйел отыр. Анастасия Қожашты көріп, көзін қысып жымың етті. “Дүние кең, бәрімізге жетеді!” дегендей шырай білдірді. Қожаштың жүрегіне қызғаныш ұялады. Анастасияны мына алыпсатарларға қиғысы келмеді. Бәрін қуып шығып құшағына қысқысы келді. Бірақ батпады, ынжықтығы басты.

— Анау әйел сізбен амандасты. Танысыз ба?— деді Сәуле.

— Осындағы көп әйелдердің бірі де, қайсыбірі ағаңның есінде қалсын!— Қожаш Анастасияның жүрегіне қызғаныш отын ұялатпақ боп, Сәулемен иық тіресіп, тақасып отырмақ еді. Қыз ыңғай бермей, столды айналшақтап ығыса берді.

Қожаш қызды қыстаудың қисынын таппады. Сәулені ала көзімен атып, бүрк ете қалды.

— Жеп қоятындай бұ несі екен? Мені әйел көрмеді дейсің бе?

Сәуле от боп жанды. Ернін тістеді. Қожаш Анастасияның алдында жас қызбен жаңа танысып жүргендей кейіп көрсетті. Сәуле қарама-қарсы отырған ғой. Қожаш алға ұмтылып, басын төмен салып, сыбырлап сөйледі. Жас қыздың жүрегін қытықтап, еркіне қоймай елтіп, әкетіп бара жатқандай қимыл байқатады. Ал өзінің айтқаны мынау еді:

— Сәулежан, полковникте өткен мәжілісте қандай мәселе қаралғанын білмедің бе?— Қожаш Сәуленің Талғатта көңілі барын сезетін. Майлыбаевтың шен дәрежесі жоғарыласа, Сәуле қайткенмен де білуге тиіс.

— Жоқ, білмедім. Онда не қарапты?— Сәуле Қожаштың өзінен сұрады.

Байкиннің көңілі жай тапты. Карповтың айтқаны бекер екен. Ол күлімдеп Сәулеге қарады. Өзінің қызды шақырғандағы негізгі мақсатына көшті.

— Сәулеш, бұлай жаңалықтан шет жүрсең, өмірден құр қалып қаласың. Құлағың түрік болғаны жөн.

— Ағай, мен сізді ұқпадым. Бүгінгі мәжілістің маған қандай қатысы бар?

Байкин басын шайқады.

— Өзің біле ме десем, естімеген екенсің ғой. Талғат жайында білмеуің қызық екен.

— Ағай, не дедіңіз? Талғат қылмыс жасаған ба?

Байкин күрсінді:

— Сәулежан, сен әлі баласың. Көп нәрсені ұқпайсың.— Қыздың нәзік саусақтарын алақанына салып сипалады.— Серік боп, қызметтес жүрген адамды даттау қиын. Өзін білесің, мен Талғатқа титтей қиянат ойламаймын. Арамдық жасасам, бұйырмасын. Бірақ оның істеп жүрген ісі адамгершілікке жатпайды.

Сәуле үрейленді:

— Ол соншама не жасапты?

— Мұның өзі ұзақ әңгіме, Сәулеш. Осы уақытқа дейін бір адамға тіс жарып көрген емеспін. Өзің сұраған соң ғана айтып отырмын.— Қожаш кружка толы сыраны түбіне дейін сімірді де, Сәулеге қызыл сусын құйды. Сәуле қол тигізбеді. Қожаш аузы-басын сүртіп әңгімесін жалғастырды.

— Сен осында, бір кемпірдің жоғалып кеткенін естіген шығарсың. Иә, ет комбинатында істейтін бір мүсәпірдің әйелі. Бейшара арызданып келгенде бастығы Кузьменко боп: “Ей, қайда кетер дейсің, таныстарыңда қыдырып жүрген шығар” деп мән бермеді. Істі өзім алып жүргізіп, “кемпір өлген” деген қорытындыға келдім де, полковникке пікірімді айттым. Ол мені қостады. Кемпірді өлтірген қылмыскерді іздедік. Аты-жөні белгісіз, қолда белгісі жоқ адамды табу оңай ма? Күндер өтіп жатты. Кузьменко полковниктің кәрінен сескеніп, Талғат екеуі жалған документ жасады, шолақтың өзіне жабысты. Мен: “Қылмыскер ол емес, басқа адам” деп қарсы тұрып алдым. Дәлелдер келтірдім. Бәрі менің айтқанымға көнді. Ақыры қылмыскерді Тастақтан таптық.

— Қылмыскер кім? Әйел ме?

— Өзі жас, тығыршықтай келген сұлу әйел екен. Кісі өлтірді деуге аузың бармайды. Боз сарайдай жеке меншік үйі бар.

— Кісі тонап байыған неме де!

— Әрине, әйтпесе жесір қатын соншама дүниені қайдан алсын? Үйін тінткенде байғұс кемпірдің сумкасы, шәлісі табылды. Сөйтсе де ол қатын ешкімнен қаймықпайды, сайрандап жүр. Аң-таң болдым. Неге ұсталмай жүр деп байқасам, сенетін кісісі бар екен. Біздің майор бірбеткей кісі ғой. Талғаттың азғырма тіліне еріп, ақиқаттан жалтарды.

— Ол әйелге Талғаттың қандай қатысы бар?

— Қатысы бар жай сөз ғой, Сәулеш. Әуелі ол әйелді қамауға алған жерінен қашырып жіберді. Тексеріс жасағанда бұлар бұрыннан таныс, әмпей-жәмпейі бір екен. Жесір қатын бойдақ жігіттен несін аясын. Талғат еркін малданып келген.

Сәуле көзі жасаурап, қалтырап орнынан ұшып тұрды:

— Рақмет, мен тойдым.

Қожаш ресторанның шыққанда Сәулені қолтықтап алды. Басын иығына салып сыбырлап келеді.

— Сәулеш, Талғаттың опасыз қылығы сен түгіл, бәрімізді ашындырды. Комиссия ісін қарап сотқа берсе керек. Өзіңе қиянат жасаған кісіні аяуға болмайды. Саған кейде қылжақтаушы еді ғой. Соның бәрі мазақ екен.

Сәуле жауап қатпады. Үйіне қарай тұра жүгірді.

Қожаш тасырлап жүгіріп бара жатқан Сәуленің ту сыртынан қарап тұрды. Әлден соң қараңғы бұрышқа кіріп жоқ болды.

ЖИЫРМА БІРІНШІ ТАРАУ

Сәуле айна алдында тұр. Өз түрінен өзі шошынады. Рені кісі көргісіз. Жақ түктері үрпиіп, беті қуарып, көз еттері домбығып кеткен. Мөлдір қарашықтары қанталап, от шашып тұр. Қоңырау соғылғанда шошынып, тұла бойы дір ете қалды.

Полковник Дайыров қайта қоңырау бергенде зілдей қара есікті зорға ашты. Ақырын басып ішке кірді. Столға жақындамай алыстау тұр. Әмірін алысымен тез шығып кетпек. Дайыров шұқшиып қағаз өңдеп жатқан.

— Мынаны тез баса қойыңыз!— деп қағазды Сәулеге ұсынды да:— Науқастан амансыз ба?— деді.

— Денім сау, полковник жолдас. Түнде кітап қызығына түсіп жай жатып едім...

— Онда оқасы жоқ.

Сәуле қағазды қасына қойып, машинкаға асылып бір сәт отырды. Көз қиыры “МІНЕЗДЕМЕ” капитан Майлыбаев жолдас...” деген сөздерге түсті. Қағазды жұлып алып көкірегіне басты. Талғатқа берілген жақсы мінездеме еді.

Сәуле қолы қолына жұқпай шапшаң баса бастады.

Байкин кірді. Ол Сәуле Талғаттың үстінен арыз жазып отыр десе керек.

— Сәулежан, амансың ба?— деп жылмиып, күліп қасына келді. Машинка үстіндегі қағазға үңілді. Сәуле жалт қарап:

— Сіз оңбаған, пасық адам екенсіз!— дегенде, мінездеме мәнін ұққан Қожаш шошып шегіншектей берді.

Қабылдау бөлмесіне майор Кузьменко кірген еді. Ол Сәуленің сөзін естіген секілді. Қожаш безек қакты:

— Ей, мына қыздың есі дұрыс па? Мен жай, әзілдеп едім. Талғат скеуміз құрдаспыз. Осылар қазақтың әзілін түсінбейді!

Сәуле Кузьменконы сыйлайтын. Жасы үлкен кісінің алдында Байкинмен ұстасып жатуды өзіне мін көрді. Басқан қағазын алып, Кузьменкомен бірге полковниктің кабинетіне кірді. Дайыров мінездемеге қол қойып жатып, Сәулеге көз қиығын тастады. Лезде екі беті нарттай боп құлпырып, әдеміленіп кеткен. Әлгіндегі азап табы қалмаған. “Қыз деген шапшаң өзгереді екен-ау” деп ойлады полковник.

— Мына қағазды қазір жіберіңіз!— деп адресті көрсетіп, мінездемені қолына берді.

— Жарайды,— Сәуле шапшаң шыққанда Қожаш ізін суытыпты.

Байкиннің дегбірі кетті Сәуле сырымды ашады, іс насырға шабады деп қорықты. Осы қысылшаңда өзіне серік іздеді. Басқармадан шығысымен ет комбинатының поселкесіне тартты. Оның өз басы осы күнге дейін Петрушкинді кінәлі санаған емес. Момын, бейшара адамның соңына түсіп жүргені үшін, Кузьменко мен Майлыбаевқа іштей кіжінетін. Байкиннің ойынша Кузьменко Матрена Онуфриевнаны өлтірген қылмыскерді дәл таппады, өзі жауаптан құтылу үшін Петрушкинге жала жауып отыр деп ұқты. Енді қисынын тауып Петрушкинді Талғатқа қарсы жұмсамақ. Байкиннің өз басы Кузьменко мен Талғаттың екеуіне бірдей қарсы тұра алмайды. Талғат қараланса, Кузьменко сау қалмайды. Байкин осындай тәсілмен өзі жазған арызды нықтай түскісі келді.

Қожаш поселкеге келгенде, Глафира үйінде еді. Жұмысқа баратын Петрушкинге тамақ әзірлеп жатқан. Ол учаскелік милиционерді көріп:

— Қожаш, аман ба? Бүгін қабағың салыңқы ғой. Қызметіңді жоғарылатпай жүр ме, қалай?— деді.

— Маған үлкен қызметтің керегі не, Глаша? Оны қаласам, бүгін-ақ бола салмаймын ба? Осым жақсы. Жоғарылап жүріп құлап қалсам, кейін орнымды аңсап жүрермін.— Қожаш қарқ-қарқ күлді. Суық күлкі, шаттық нышаны білінбейді.— Бастықтар бүгін маңызды жұмыс тапсырып еді. Соның жай-жапсарын білейін деп осы жаққа бұрылдым.

— Құпия болмаса, қандай іс екенін айтсаңшы.

— Айтсам, шошып кетесің дедім ғой. Сені бекер уайымдатып қайтем. Алдымен өзім тексеріп, анықтап алайын. Құдай біледі, солардың жасап жүргені теріс.

Петрушкин үйінен шығып келе жатып, Глафираның учаскелік милиционермен сөйлесіп тұрғанын көріп, қайта бұрылды. Қақпа саңылауынан сығалап тұр. Дауыстарын естімегенмен қимылдарына қарап, әңгіменің сыры мол, маңызды екенін шамалап тұр. Бір кезде Глафираның таңқалған, сонан соң күлген түрін байқады.

Петрушкиннің қасына сатпақ Савелий келді. Аузы сасық, ішіп алған. Петрушкин оны сөзге тартты.

— Савелий, халің қалай? Көрінбейсің, көршінді ұмытайын дедің бе?

— Сен бойдаксың, мен бойдақ. Менің әйелім өлді, сенің әйелің жоғалды. Сенің жас келіншегің бар, ал менде дым да жоқ. Бұл жалған жаратылысында әділетсіз жаратылған

білем. Жұртқа тең қарамайды. Анау жалпиған тамда бір әйел тұрады. Сенің көзің жасқа түседі ғой, оны білмейтін шығарсың. Сол оңбаған әрі-бері өтсем қылмындап қоймайды. Жасың қаншада деп сұрасам, “басқаға кәрі болсам да, саған жаспын” дейді. Менің нем шығындап барады. Бір күні үйге шақырдым. Кір сасып кетіп едім. Бір жағынан киім-кешегімді жуғызып алайын дедім.

— Сен, Савелий, қусың-ау!— Петрушкин құтыртып қойды.

— Сен тында әуелі, Андрей. Әлгі әйел сөйлесе тілі күрмеліп, ысылдай береді. Бұнысы несі деп, қасыма отырғызып әрі-бері қараймын. Сөйтсем, құдай соққан неменің аузында бір тісі жоқ, қаусаған кемпір. Бір рюмканы жұтқаннан кейін қылжиды да қалды. Сенің Глафираң, несін айтасың, бетіне қаны шығып, күйлеп жүр. Өзі ақылсыз да емес. Бір еркектің жардай жары болуға жарайды.

— Менің Глашам жаман қатын болмайды. Бірақ өзің білесің, мен үйде бір тәулік болмай, күзетте тұрамын. Бұрын еркін жүріп қалған әйел, көңілшектікке салынып кете ме деп қорқамын. Сен боссың, көз қырыңды сала жүр. Көз майыңды төлеймін. Қарыздар болмаймын.

Арақ тілеп тұрған Савелий қуанып кетті:

— Өзіңнің бірдемең бар ма? Құрғырың кеңірдектен өткеннен кейін жорғалап жөнелеміз ғой.

— Ішкің келіп тұрса, үйге кір. Бөтелкенің түбінде қалған-құтқан бірдеме бар шығар.

Савелий алақанын шапалақтап, Петрушкинді асықтырып, қолтықтай үйге кірді. Столдың үстінде аузы ашылған арақ тұр екен. Савелий стақанның белдеуінен асырып құйып жіберді де, сіміріп салды.

— Сенің Глафираға күдік жасауың бекер емес. Дәмін татқан ба, милиция атаулы осыны төңіректен шықпайды. Аңада “жынды базарда” біреуі шыр көбелек айналдырып еді. Тағы да мына біреусі келіп тұр.— Савелий оңай жолмен ішетін арақ тауып алғанына іштей қуанып отыр. Глафираны даттай түссе Петрушкиннің қызғанышы күшейеді, бақылауды нықтап, арақты көбірек береді деп ұқты. Біраз уақыт өткеннен кейін бұлардың үстіне Глафира келді. Ол Петрушкинді оңаша шығарып алып:

— Андрюша, үйге жүр. Саған ет қуырып қойдым,— деді де,— жұмыстан шыққаннан кейін участковоймен сөйлес. Ол маңызды іспен жүрген көрінеді.

— Жүрсе мейлі, онда менің қандай жұмысым бар?

— Сол маңызды ісінің саған қатысы бар ма деймін. Сыр тартып едім, айтпай қойды. Аузына арақ тисе мылжындап кететін әдеті бар. Сонда бірдеменің ұштығын шығармаса, қазір діні берік дәнеңе айтпайды.

Петрушкин ойланып қалды. Жалғыз қолының сыртымен сабалақ сақалын сипалап тұрып:

— Мен жұмыстан ертең кештетіп шығамын. Арақ-шарап алып, тамақ әзірлеп қойсаң қайтеді?— деді.

— Қай үйде жасайын?

— Өзіңнің үйінде әзірле.

Глафира көшені бойлап кетіп бара жатқан Байкинді шақырып, дауыстады:

— Қожаш, ертең біздің үйге келесің бе?

— Неменеге?

— Ертең менің туған күнім.

— Онда кімдер болады?

— Кімдердің болуын қалайсың?

— Мен сенің онаша қалуыңды тілеймін.

— Қойшы, мені қайтесің. Одан да фабрикада бірге істейтін күрбымды шақырайын. Өзі жас, әрі сұлу.

— Танымайтын кісіге әуестігім жоқ.

— Маған көңілің ауған екен, мейлі. Қай уақытта келесің?

— Ертең қолым тимейді. Бүрсігүні келем. Сағат алтыдан кейін соғамын.

— Күтем сені, Қожаш!

Осыдан екі күн өткеннен кейін уәделі сағатта Байкин Данишевскаяның үйіне келді. Глафира үйде жалғыз, стол үстін жайнатып қойған.

Глафира Қожашты көрісімен қуанған болып, үйге қолтықтап алып кірді.

— Үйде ешкім жоқ па?

— Менің жалғыз болуымды тіледің ғой.

— Сенің ақылың бар,— деп Қожаш Глафираны аймалап, құшақтады. Глафира қарсылық көрсеткен жоқ. Төрге отырғызып арақты өз қолымен құйды да:

— Не үшін ішеміз?— деп, Глафира күлді.

— Сені туған күніңмен құттықтаймын!

— Рақмет!

Байкин алды-артына қарамай рюмканы қағып салды. Глафира ернін тигізді де қойды.

— Сенің етті жақсы көретіңді білемін. Ет асып жатырмын. Қазір нанын салып әкелем.— Глафира ауыз үйге шығып кетті. Қожаш қарап отырмады. Оңашада бір-екі рюмканы тағы сілтеп жіберді. Глафираға көңілдене тиіспек. Егер ол қолын қағып, бұлдана қалса, ішіп алған арағын, мастығын сылтау ете қояды.

Глафира табакпен етті әкеліп, столдың үстіне қойды.

Қожаш Глафираның білегінен тартып, қасына отырғызды. Иығынан құшақтап:

— Сенің денсаулығың үшін! Әрдайым осылай жомарт бол!— деді.

Глафира Қожаштың белінен құшақтап, жалаңаш мықынын сипалағанын сөкет көрген жоқ. Ашық үнмен, сықылықтап күліп, Қожашты қоздыра түсті.

— Кісінің денесін күр бекер жыбырлата бермеші!

Бұлар ұзақ отырды. Қараңғы түскен. Үйдің шамы жағылған жоқ. Қожаш екі аяғын көсіліп жіберіп, шалқая жатып әндете бастады.

Қожаш қасына Глафира келгенде, белінен айқара құшақтап бас салды.

— Жіберші, ұят болады!

Осы мезгілде біреу есікті қақпай дауыстап кіріп келді.

— Үйде кім бар? Глафира, шамды неге жақпағансың?— Петрушкин жарықты жаққанда, төсекте көсіліп жатқан Қожашты көрді. Глафира киімін түзеп ысырыла берді.

Байкин шалқайып жатқан күйі қолын ұсынды:

— Петрушкинсің бе? Амансың ба? Қайдан жүрсің?

— Иә, мен, начальник жолдас! Аманбыз ғой. Өздеріңнің арқаларыңда жүріп жатырмыз. Жұмыстан шығып едім. Мына Глафира айбалтамды шарықтап бер, отын жара алмай жүрмін деген соң бұрылғаным.

Қожаш қолын шошайтып әмір етті:

— Неге тұрсың, Петрушкин? Отыр! Глафираның бүгін туған күні. Кел, соның денсаулығы үшін көтеріп қояйық.

— Мен мұны қойып едім. Сіз айтқан соң, болмас.— Петрушкин столға жақын отырды. Глафира басталмаған жартылықты әкеп қойды.

— Біздің Глаша, қонақты қалай сыйлауды біледі. Көрмейсің бе, саған басталмаған арақ әкеп қойды.— Қожаш Глафира өз меншігіне тигендей еркінсініп сөйледі. Рюмканы сырып, арақты стаканға құйды.— Кел, ішейік!

Қожаш әбден қызды. Есін білмейтін халге жетті. Петрушкин де бұлғалақтап, мас болған кейіп білдіріп, басы салбырап кеткен. Қожаш оның иығынан тартқылады:

— Біз еркекпіз, солай емес пе? Глашаның денсаулығы үшін ішуіміз керек.

— Өзіңіздей үлкен кісімен тізерлесе отырып, табақтас болу бізге үлкен ғанибет. Сіз аса ақылды адамсыз. Ұлы адамдар сөйтеді.

— Андрей Алексеевич, біз екеуміз доспыз. Қазақта мұны тамыр дейді. Тамырлар бір-бірінен сыр бүкпеуге тиіс.

— О не дегеніңіз, оған сөз бар ма, начальник. Мен қынаптағы кездігің тәріздімін. Қалай сілтесеңіз де еркіңіз. Салған жеріне қадаламын.

— Тамыр болған соң мен саған сенемін.— Қожаш басы қалтаңдап орнынан көтерілді.— Білесің бе, бізде ақымақтар көп. Мен ақымақ кісілерді жек көрем. Олардың не айтатынын білесің бе? Матренаны өлтірген сен дейді. Түсіндің бе? Сен! Ха-ха-ха!

Петрушкиннің үрейі ұшты.

— Мен!

— Иә! Қандай топастық десеңші. Сендей кембағал әйелін өлтіре ме екен? Өлтіріп қайтеді? Ұнамаса, ажырасып кете бермей ме? Бізде, бауырым, нағыз қылмыскерді таппағанда жәбірленушінің өзіне жабысатын әдетіміз бар. Біз осыдан арылуымыз керек. Бірақ сен байқа. Тіс жарып біреуге айтып жүрме!

— О не дегеніңіз, начальник. Бұрын өзіңіздің тұлғаңызға қарап сырттай мәз болушы едім. Кісінің ақылы иығындағы шенімен емес, басымен өлшенеді екен ғой. Ақылыңызға дән ризамын.

— Шен керск болса қазір-ақ ала саламын. Республикалық басқарманың өзінде істейтін тамырым бар. Оған телефон соқсам жетіп жатыр.— Қожаш қолы қалтырап, стақанға арақ құя алмады. Петрушкин көмектесіп, өз қолымен ішкізе бастады.

Глафираның бажылдаған дауысы шықты:

— Андрюша, қой, берме! Араққа күйіп өлсе қайтесің? Бәлесіне қалармыз.

Петрушкиннің екі көзі қанталап кеткен. Көзінің ағы қыпқызыл Глафираға ашумен қарады:

— Сөйлем, арақтан кісі өлмейді!

Үйдің іші тастай қараңғы. Терезенің қақпағы жабық. Саңылаудан сыздықтап болымсыз сәуле түседі. Қожаш көзін ашып біраз жатты. Таңдайы қаңсып, өзегі кеуіп барады. Тұруға дәрмен жоқ. Жан-жағын сипалады. Қалайы кружкаға қолы тиді. Ішіп еді, жылымшы татыды. Арақ қосылған жуынды екен.

— Глафира, кел, қасыма жатшы!— Ешкім жауап қатпады.— Глаша, неге үндемейсің!

Осы мезгілде сырттан айқай-шу естілді. Бәрі жапатармағай бір жаққа жүгіріп бара жатқан секілді. “Бұл жұрт неге шуылдап жүр?”— деп ойлады Қожаш. Басын көтерді. Қолын созып, қараңғылықты қармалады. Саусақтары жұмсақ денеге тиді. Ақырын сипалады. Глафира екен. Қорылдап ұйқтап жатыр. Әрі-бері жұлқылап еді, оянбады.

— Глаша, неге жатырсың? Тұр!— Ол қозғалмады.

Қожаш тәлтіректеп орнынан тұрды. Есікті ашқанда күн арқан бойы көтеріліпті. Шақшиған күнге қарай алмай, бетін қолымен қалқалап, жасыра берді.

ЖИЫРМА ЕКІНШІ ТАРАУ

Басқарма партия ұйымының секретары подполковник Колпашников бюро мүшелерімен бірге Майлыбаевтың үстінен түскен арыздарды қарап жатқан. Бюроға Кравченко да қатысты. Арызданушылар ретінде Анастасия Алтынбаева мен Ольга Лукина шақырылды. Анастасия сары ала киімді өңшең тұлғалы еркектерді көріп, тамсанды. Ерекшеліктерін бөлек танығысы келіп, әрқайсысына көз тоқтатып қарайды.

— Сіз Майлыбаевты білесіз бе? Бұрын онымен жолығып па едіңіз?— дегенде селт етіп, алақтап, бойын тез жинап алды.

— Кім дедіңіз?

— Талғатты танысыз ба?

— Оныңыз кім? Өзі жас адам ба?

— Сіз оны шынымен білмейсіз бе?— подполковник Колпашников таңданды.— Сіз оны жақсы білем деген сияқты едіңіз.

— Жалпы еркектерді білем. Бірақ ондайдың атын естіген емеспін.

— Сіз аға лейтенант Талғат Майлыбаевты білуіңіз керек. Басқарма бастығына жазған арызыңызда: “Милицияның аға лейтенанты Майлыбаевтың істеп жүрген ісі милиция

қызметкері деген атаққа сыйыспайды. Ол Галина Маслова деген әйелмен ашына...”

— Ойбай-ау, еркектің әйелмен жүргені қылмыс па екен? Еркек болған соң жүреді де! Күндеп қайтем. Еркек пен әйел ләззат таппаса бұл дүниенің шақшиған жарығында қандай қасиет бар?! Суық көрден несі артық!

— Сіз кішкене сабыр етіңіз!— Сөзін бөлгізбей басқаға тындатып үйренген Кравченко тіксініп қалды. Ол арыз текстің жатқа оқып жалғастырды. “...Маслова өзінің сүйгені Талғат арқылы Кузьменкомен танысады. Жесір қатын ортақ үйге айналады. Маслованың қылмысы ашылып, қамауға алынған жерінде Майлыбаев оны босатып, бір түнде қашырып жіберді. Маслова қайырымын қайтарып бес мың сом берді. Ол параны екеуі бөліп алды...” деп едіңіз. Ал бүгін танатын секілдісіз, Әлде біреулер қыстап, жолдан тайдырды ма?

— Қыстағанда оңай көне қоятынымды қайдан білдіңіз?

— Азаматша Алтынбаева, мәселе аса күрделі, мұндай іспен әзілдесуге болмайды. Дұрыс жауап беріңіз!

— Қандай арызды айтасыз? Түсінсем бұйырмасын.— Анастасия ойланды. Лукинаға қарады. “Кім еді?” дегендей сұрақты пішінмен иек қакты. Әлден соң:— Ә, енді есіме түсті. Қожаш айтқан анау жігіт екен ғой!

— Қожаш деген кім?— Кравченко қасындағы кісілерге қарады.

— Сіз Қожашты білмейсіз бе?— Анастасия екі иығын көтерді.— Милицияның қызметкері, офицер.

Подполковник Колпашников кім туралы екенін аңғарды:

— Лейтенант Байкин жолдасты айтасыз ба?

— Иә, сол

— Аға лейтенант Майлыбаевты танымасаңыз, оның пара алғанын қайдан білесіз?

— Қожаш айтқан соң жаздық.

— Сонда сізге жалған арызды лейтенант Байкин жаздырған екен ғой.— Колпашников Кравченкоға қарады. Бұл екеуінің таңданып қалғанын байқап, Анастасия:

— Қожаш айтқан соң, Ольга Степановна екеуіміз жаза салдық. Ол милиция лейтенанты. Милиционер өтірік айтып жалған арыз жаздырмайтын шығар.

Осы мезгілде майор Кузьменко кірді. Ол бюроға шақырылған еді. Кравченко Кузьменконы көрсетіп:

— Сіз мына кісіні танысыз ба?— деді. Анастасия майордың бас-аяғына қарады. Басын шайқады.

— Жок, көрген адамым емес.

Подполковник Колпашников Кузьменкоға бұрылып:

— Анастасия Алтынбаева және Ольга Степановна Лукина арызды Байкиннің айтуымен жазған. Бұл екеуі аға лейтенант Майлыбаевты өмірінде көрмеген. Галина Маслованы танымайды,— деді.

Кузьменко сұрақ қойды.

— Майлыбаевтың пара алмағанын біле тұрып қалайша жаздыңыздар?

— Біз Қожашқа сендік.

— Иә, солай.— Лукина басын изеп қостады.— Қиылып сұрап тұрған соң, қағазды аяймыз ба, жаза салдық.

Коридор жактан айқай-шу естілді. Бір әйел кезекшімен жанжалдасып жатыр. Ерік бермей, мәжіліс үстіне жүлқына кірді:

— Сендер осы не бағасындар? Бұл не деген маскара! Байкин деген біреу “Қараңды көрсетпе, сені қатаң жазамен қамағалы жатыр. Ақиқатқа жеткенше жан сауғалай тұр. Бекер күйіп кетесің!” деген соң, тіліне еріп Жамбылға кетіп едім. Одан қайтып келгеннен кейін тағы қыр соңымнан қалмай қойды. “Өзіңе көр қазба, айтқаныма көн!” деп, хат жазып жіберіпті.

Подполковник Колпашников Маслова берген қағазды алып жатып:

— Ол сізден не сұрайды?— деді.

— “Аға лейтенант Майлыбаев дегенге бес мың сом пара бергенім рас” деп қағаз жазып бер. Әйтпесе қараңғы қапаста шірітем. Кісі өлтірген сенсің!” деп дікендеп қоймайды. Мұнысы не сұмдық! Милицияның зұлымдықпен күресуге шамасы келмей ме?— Төрде отырған Кравченкоға қарап:— Сіздердің қайсыларыңыз бастық? Байкинді тыюға шамаларың келе ме, жоқ па? Келмесе тура үлкен бастықтарыңа барам.

— Меніңше, әңгіме түсінікті ғой деймін!— Подполковник Колпашников Кравченкоға қарады.

Мәжіліс үстіне капитан Карпов шапшаң басып кірді. Кузьменконың қасына тақап келіп, құлағына сыбырлады:

— Петрушкиннің үйі өртеніп жатыр!

— Лейтенант Байкин қайда?— Кузьменко ұшып тұрды.

— Қайда екенін білмеймін. Екі тәуліктен бері үйіне келмеген.

Подполковник Колпашников үш әйелге қарап:

— Сіздер үйлеріңізге қайта беріңіздер. Керек уақытта өзіміз хабарласып шақыртып алармыз,— деді.

Колпашников, Кузьменко, Карпов үшеуі машинаға жедел мініп, ет комбинатының селосына қарай тартты. Үй айналасында үймелеген жұрт, көбі қатын-қалаш, уақ балалар. Үй әбден өртеніп біткен. Төрт қабырғасы қаңқайып қалған. Өрт сөнген шақта, қоңыраулатып өрт сөндірушілер де жетті. Әр тұста бықсып, көмірленген бөренелерді сүйреп, құлатып үй ішін күл-қоқыстан аршып жүр. Аз уақыттан кейін Нәсір мен Талғат та жетті. Қастарында ғылыми-техникалық бөлімнің сарапшылары бар. Кузьменко түпкі үйдің қоқысын көтеріп жатқан. Нәсір қасына келді.

— Бұдан екі күн бұрын біздің жігіттер лейтенант Байкиннің осында жүргенін байқапты. Ол Данишевскаямен сөйлескен. Сіз Байкинді осында жіберіп пе едіңіз?

— Жоқ, ол бұл жұмыстан босатылған.

— Қазір қайда?

— Іздеп жатырмыз. Жұмысқа шықпаған, үйінде жоқ.

Өртшілер, сарапшылар тамның төбесі басып қалған төргі үйді аршығанда, әбден күйіп біткен, сүйегі қалған өлікті көрді. Аршу жұмысын дереу тоқтатып, өлікті зерттей бастады. Әр қырынан суретке түсірілді. Ұзын-көлденеңі өлшенді. Өліктің сол жақ қолының орны жоқ, күлтесі жанған. Капитан Карпов бойшаң ғой. Жұрттың иығының үстінен қарап тұрған.

— Байғұс күйіп өліпті,— деді. Оның бұл сөзіне ешкім жауап қатқан жоқ. Еденді қопарып жатқан Кузьменко Карповты шақырды.

— Тақтайы қандай қалың. Екі жағын бұрандап, бекітіп тастапты. Шегесінен ажырату қиын боп жатыр. Мына шетін сүйменмен көтерші,— деді. Аздан соң погребке түсті. Қабырғалары жалпақ тастармен қаланған. Жігі білінбейді. Кузьменко әр шаршы тасты ұрып, тыңдайды. Еденге жақындау плитаны соққанда балға дүңк ете қалды. Жұмсақ затқа тигендей шақылдамайды. Қашау салып, тастың жігін ашқанда ар жағынан кісі сыярлық қуыс көрінді. Қол фонарь сәулесін түсіргенде түбіне жарық жетпеді. Ұзалаң кең қуыс.

Кузьменко қараңғы қуыспен еңбектеп біраз жүрді. Бір-екі жерде қабырға құлап, топырақ басып қалыпты. Оны аршып біраз әбігерленді. Қуыстың сыртқы есігі қоқыс төгетін сайдың жарқабақ бетінде екен. Майор Кузьменко үсті-басы топырақ боп есіктен шыққанда, сатпақ Савелий жарқабақтың үстінде ыржиып күліп тұр.

— Начальник жолдас, кімді іздеп жүрсіз?

Майор Кузьменко үстін қағып, Савелийдің қасына келді.

— Сіз көршілеріңіздің бәрін жақсы танысыз ба?

— Бұл поселкеде он жыл тұрамын. Мен алғаш келгенде мұнда үй түгіл бір тал ағаш та жоқ болатын. Бәрі көз алдымда өсті. Неге білмейін. Бұл поселкенің кәрі-жасын түгел танымын.

— Мына көршің қайда?— Кузьменко Петрушкиннің үйін нұсқады.

— Петрушкин бе? Байғұс сырты бұқпантай көрінгеніммен намысқой ер неме екен. Күйікке шыдамай күйіп өлді.

— Күйікпен өлгені қалай? Сіз не туралы айтып тұрсыз?

— Өздеріңіз қусыздар-ау, оңашада ұялмай жасайсындар да жұрт алдында түк білмегенсіп, аңқау бола қаласындар. Біз де адамбыз, алдап қайтесіндер. Үндемесек — білместігіміз емес, сыйлағанмыз. Жұрттың сол сыйын ұқсандаршы! Петрушкин байғұс осының бәрін көре тұрып шыдамады. Осында Глафира деген қитар қыз бар. Түрінің кемістігі демесең, бір еркекке лайық-ақ қатын. Киінсе, антұрған құлпырып кетеді. Өзінің дене бітімі сыптай әдемі. Соған Петрушкин құмартып жүрген. Үйленсем деген ниеті де болды-ау деймін. Алдыңғы күні сендердің учасковойларың келіп бұлардың шырқын бұзды. Мас боп, әбден әлек салды. Жанжалдың басы Глафирадан басталды. Петрушкин қимай қызғаныш жасап еді. Бейшараны әбден жерледі: “Кемпірінді өлтірген өзіңсің, сенің көзінді жоям!” деп қорқытқан соң байғұстың зәресі кетіп, Глафираны тастап қашты.

Майор Кузьменконың қасына оперативтік қызметкерлер, бұл төңіректегі кісілер жиналып қалған. Лейтенант Байкин де осылардың арасында жүр. Кузьменко Савелийге состия қарады.

— Не сөйлеп тұрсыз? Глафираны тастағаны қалай?

— Кәдімгідей қасына қалдырып кетті.

Байкин баж ете қалды:

— Жолдас майор, бұл азаматтың айтып тұрғаны шылғи өтірік. Маскүнемнің сөзіне сенбеңіз!

— Әй, сен кімді маскүнем дейсің?— Савелий шап ете қалды.— Білсең, мен сенен арақты көп ішпеймін. Түпсіз, нағыз жалмауыз сенсің. Өтірік болса, кәне, айтшы? Сен қазір ғана Глафираның жылы төсегінен тұрдың ғой. Оны мына жұрттың бәрі біледі. Алдыңүні “Осылардан қорқам, қасыма отыра тұршы!” деп Глафира шақырған соң барғанымда мені үйден қуып шығып, бөтелке лақтырғаның, кәне! Оны да бекер дейсің бе?

Қожаштың түсі кісі аярлық еді. Үсті-басының мыж-мыжы шыққан. Пиджагінің етегі сірне-сірне, көзі көлкілдеп, беті домбығып ісіп кеткен. Савелийдің сөзін қостаған дауыстар шықты:

— Шалдың айтқаны рас!

— Обалы не керек бұл байғұс ішеді демесең, өтірік айтпайды.

— Глафира шақырған соң, күлқыны жаман неме, сбслектеп бара қойып еді. Басын әрең алып шықты ғой!— Қоршаған жұрт Байкинге жеңіс бермеді.

— Майор жолдас, сіз мені мына топырдың талқысына салып милиция офицерін қорлап тұрсыз. Бұлардың бәрі алаяқ, алыпсатарлар. Сөзіне сенбеңіз. Әйтпесе мен шағым етемін!

Кузьменко терісіне сыймады.

— Сіз мұнда не ғып жүрсіз? Посслкеден аулақ жүр дегенім қайда?

Байкин Кузьменконы кекеткендей ыржиды:

— Сіз, майор жолдас, Петрушкинге бекер жабысасыз. Ол ексумізден адал. Оның өліміне жауап беріп жүрмеңіз!

Майор Кузьменко қысқа бұйырды:

— Шапшаң басқармаға барыңыз. Өз ісіңіз жөнінде рапорт жаз! Түсіндіңіз бе?

Байкин топтан жырылып, басы салбырап ақырын аяндады. Өртенген үйдің қасында жүрген Талғатқа көзі түсті. Үстіндегі киімі жіптен шыққандай судай жаңа. Төрт жұлдыз тағылған зерлі погоны күнмен шағылысады. Қожаш қызметті Талғаттан бұрын бастады. Бөлімшеге келгенде дәрежесі бір саты артық еді. Талғат кішкентай жалғыз жұлдызбен жүргенде, Қожаш лейтенант болатын. Аз жылдың ішінде Талғат шен дәрежесі өсіп, жоғарылып кетті де, Қожаш өспей қалды.

Петрушкинді соңғы жолы көрген куә сатпақ Савелий еді. Нәсір оңашалау шығарып алып, аты-жөнін сұрап, сұрақ қойғанда:

— Сендердің қайсыларың бастық, қайсыларың үлкенсіңдер? “Ең үлкен начальнигінің қолына табыс ет” деген марқұмның өтініші бар еді. Тіріге қадірім кетсе де, өлетін кісіге сыйлы екем. Марқұмның аманаты мойныма қарыз болмасын,— деп ышқырын көтеріп шалбарының ауын шешті. Төрт бүктелген қағазды алып Нәсірге берді.

Нәсір қағазға шапшаң көз жүгіртіп, Талғатқа берді.

— Өлім алдындағы ақырғы хат па, қалай ойлайсыз?

Талғат асықпай оқыды. “Мен кембағал, мұңлы жан едім. Арызданып бармаған жерім қалмады. Әділет таппадым. Өмірден түңілдім. Бұған кінәлі милицияның майоры Кузьменко мен оның сыбайластары. Мені көрге тыққан осылар. А. Петрушкин”. Аздан соң Талғат:

— Бұл хатты қайтем?— деді.

— Әзірге қалтаңа салып қой. Кейін ақылдасармыз.

Сарапшылар бір қорытындыға келе алмады. Шамамен былай топшылады: “Петрушкин қатты мастықтың салдарынан үйге байқамай от қойып алған. Өзі түтіннен тұншығып өлген. Немесе темекіден өрт шыққан. Алдымен киімі, үй-мүлкі жанған. Нақты қорытынды лабораториядан кейін шықпақ”.

Талғат Петрушкиннің ниетін әбден зерттеген еді. Жүзбежүз сөйлеспегенімен айласы мол адам екенін сырттай бақылап таныған. Өз мақсатына жету үшін талай өлікті аттаған адамның оңай өле қалғанына сенгісі келмейді. Петрушкин ұзындау, сұңғақ бойлы еді. Ал мына күйген адамның бойы қысқалау. Күлденген дене де қомақты, жуан. Бірақ шала жанған ботинка — Петрушкиннің аяқ киімі. “Кісі өртеніп өлгенде бойы кішірейе ме?”— деп ойлады Талғат. Қасына Кузьменко келді. Қабағы түскен. Осы сәтсіздікке өзі кінәлі кісідей қиналып сөйледі:

— Абайламасаң арадағы арамза да дұшпан екен. Кеш білдік. Әйтпесе мұндай жайға ұшырамас едік. Бұл іске әуелде оны қатыстырғанымыз қате болған.

Талғат өз ойымен әлек еді. Әр түрлі жорамал жасайды. Ол ойы өзіне қисынсыз көрінеді. Алдында кісі өліп жатқанымен нақ соның Петрушкин екеніне көңілі дауаламайды. Қарсы дау айтуға дәлелі жоқ. Кузьменконың әлгі сөзіне ол:

— Петр Петрович, мемлекеттік автоинспекциямен хабарласайық. Машинасын ұрлатқандар жоқ па екен? Соны анықтасақ қайтеді?

Үшеуі басқармаға оралғанда, Нәсір Талғаттың пікірін жақтады:

— Жеке меншік машиналар мұқият тексерілсін. Бізде тілхатпен біреудің машинасын айдап жүргендер көп. Соларға зер салынсын. Және шаштараз Сигаловтың қайда жүргенін шапшаң анықтау керек. Оның гаражында машинасы жоқ көрінеді. Кіммен кеткенін де білген жөн.

Талғат пен Нәсірдің күдігі Кузьменконың көкейіне қонбады. Іздеген адамы өртеніп, кара күйе болып жатыр. Петрушкиннің өлгенін көрген куәлар да бар. Кузьменко телефон трубкасын еріксіз көтеріп:

— Енді аруақты іздейміз бе?— деді. Нәсір күлді:

— Қажет болса, Петр Петрович, аруақты да іздейміз.

ЖИЫРМА ҮШІНШІ ТАРАУ

— Түріңе қарасам, жас бала екенсің. Ал сөзің кісіге инеше қадалады. Мен әкеңмен құрдас адаммын. Мұнша жәбірлеп, қинағанда саған не түседі? Кісінің түсіне кірмеген қайдағы жоқ пәлені әкеп танаасың? Бес жүз сом ақшаны не үшін берді дейсіз? Ол не қылған тегін ақша? Көрсем, ұстасам бұйырмасын. Петрушкинді танымаймын. Менің өзің сияқты жеткіншек ұлым, бала-шағам бар. Сақалымның ағында солардың алдында масқара еткеніңіз қалай?— Тюнин көзінің жасын сығып алды.— Болашағың, үмітің бар баласың. Мені бекер зарлатпай өз ықтиярыма жібер. Біреуді жылатқанда мұратқа жетесіз бе?

Талғат дүкенші Тюниннен екінші рет шақырып, жауап алып отырған. Өзіне қойылған кінәні мойындамай бәрінен танады. Бірінші берген жауабын магнитофонға түсірген еді. Бүгін де сол сөзін бұлжытпай қайталайды.

— Сенің қолыңда күш, билік бар. Өз мақсаттарыңа жету үшін, бәлкім, қол жұмсарсыңдар. Бірақ өзімнің жанымның адалдығына кәміл сенем. Сендердің жолсыздықтарыңа адал арымды қарсы қоямын. Сіздің жалған протоколыңызға қол қоймаймын. Осыны біліп қойыңыз.

— Азамат Тюнин, мен ойдан құрап протокол жазбаймын. Қағазға айны қатесіз өз сөзіңіз жазылады. Тыңдаңыз!— Майлыбасев магнитофонды қойғанда Тюнин өз сөзін естіді.— Егер осы айтқан сөзіңізде жалғандық болса, кейін өкпелемейсіз.

— Әрине... Солай.— Тюнин қипактап қалды.— Мен өзімнің білгенімді айтамын.

— Әлгінде жеткіншек ұлым бар дедіңіз. Аты кім? Қайда істейді?

— Бірінші әйелімнен туған бала ғой. Ажырасқанда шешесінде қалған. Ер жеткенше алиментін алып тұрды. Әкелік парыздан құтылғам. Сібір жақтағы құрылыстың бірінде прораб көрінеді.

— Азамат Тюнин, сонымен сіз Петрушкинді білмейсіз?

— Ондай кісіні танымаймын.

Талғат қоңырау берді. Күзетші солдат кірді.

— Куәгер Таңатаровты шақырыңыз!

Хакім кірді. Бұрышта бүрісіп отырған дүкеншіге, сонан соң Талғатқа қарады. Қасына тақап келді. Таңырқап тұр. Бұл жігітті бір жерде көрген секілді. “Иә, соның өзі. Қонақ үйдің алдында жолыққан. Темекі тарта білмейтін жігіт. Оның қасында уыздай жас қыз болған. Бұл дүкеннен газет алғанда қыз орындықта отырған...”

Талғат Хакімнің танығанын сезді. Оны елемегендей:

— Таңатаров, сіз мына азаматты танысыз ба?

Хакім дүкеншіге бұрылды:

— Өзін жақсы білмеймін. Бірақ бір жолы жолыққаным бар.

— Қалай кездестіңіз?

— Мен бұл бәлені көргенім жоқ. Өтірік айтпасын.—
Тюнин бұлқына тұрды.

— Отырыңыз, азамат Тюнин!— Талғат Хакімге қарап:—
Айта беріңіз,— деді.

Хакім Таңатаров Талғаттың өзіне белгілі жайды жайма-жай түгел айтып шықты.

— Мен ақшаны бергенде мынау дүкенші “Петрушкинге айта бар, сақ болсын, милиция ізіне түсіп жүр!”— деді.

— Жә, жетеді, өзім айтам,— Тюнин Хакімге оқты көзімен қарады.

— Азамат Тюнин, айта беріңіз, тыңдап отырмын.

— Кешір, азамат тергеуші, менің Петрушкинді білетінім рас еді. Өзі сұйықтау кісі болған соң, қырсығы тиіп кете ме деп есімі аталғанда шошып кеттім,

— Онымен қалай таныстыңыз?

— Мен Петрушкинмен “жынды базарда” танысқан едім. Арзан жас етке қарық боласың деген соң, біреулердің сілтеуімен сол жаққа бардым. Етті өлшемейді, дорбалап сатады. Базардың қақ ортасында сыраханасы бар. Сыраханаға кірсем, іші ығы-жығы, кісі көп. Алдыңғы жағында шолақ адам тұр. Кезегі жетіп қалыпты. “Ала шық” деп екі сапты аяққа ақша бердім. Сыраны алып шыққаннан кейін бірге отырдық. Бірге іштік. Лезде танысып кеттік. Онда ол қазіргі үлкен үйін тұрғызып жатқан. Төбесін жабатын шиферге ақшам жетпей тұр деп қиналды. Ішкен адам көңілшек бес жүз сомды қалай суырып бергенімді білмеймін. Әні-міне деп жүріп сол ақшаны бермей созбалаңға салды.

— Сіз Петрушкинмен танысу, оған бес жүз сом беру хикаясын осы жерде ойдан шығардыңыз. Алғашқы ниетіңіз бұлай емес еді. Сонымен, сізді тыңдап отырмын.

— Менің басқа айтарым жоқ. Қарыз ақшамды алғанымға кінәлімін бе? Үйім бітпей тұр деп қиналған соң, бейшараның қажетін өтейін дедім.

— Сіз Петрушкиннің өртеніп кеткен үйін айтасыз ба?

Тюниннің беті күлімдеп кетті, Талғатқа тура қарады:

— Ол бейшараның үйі өртеніп кетті ме? Обал болған екен.

— Қарызға алған ақшасын Петрушкиннің бөтен біреуден жасырып беріп жіберуі қалай? Өзі неге әкеп бермеді?

— Шолақтың бұл сырын ұқпадым. Оны өзінен сұраңыз.— Тюнин сығырайып көз қиығын тастады. Талғат сабырлы жауап қатты:

— Петрушкин қазір ауруханада жатыр.

— Не боп қапты оған? Өзі аман ба?

— Аман. Аз күннен кейін сізбен беттестіреміз. Сонда өзіңізге қиын боп жүрмесін.

Кузьменко мен Нәсір басқа бөлмеде Тюниннің жауаптарын тыңдап отырған. Петрушкиннің үйі өртенгенін Тюнинге білдіріп қойғанда, осыны жас тергеуші бекер айтты, байқамады, тәжірибесіздік жасады-ау деп екеуі қынжылған еді. Талғат Тюниннің алдын торып, оның Петрушкинмен беттестіруді сұрайтынын сезіп, әдейі алдын ала жорта айтқанын білді.

Талғат орнынан тұрды.

— Сіздің әлгі айтқан хикаяңызға сенелік. Бірақ қарызға берген ақшаны алған кезде “сақ болсын, милиция ізіне түсіп жүр” деп Петрушкинді сақтандыруыңыздың мәнісі қалай? Бұған қарағанда Петрушкин қылмыс жасаған. Оны сіз жасырып отырсыз.

— Азамат тергеуші, мен оның қылмысын білмеймін.

— Бәлкім, ол сіздің қылмысыңызды білетін шығар.

— Қойыңыз, мен қандай қылмыс жасаппын?

— Оны өзіңіз айтқаныңыз жөн.

— Мен адал адаммын. Бұл — жала!

— Қылмысты жасыру — кінәні ауырлата түседі. Қажет десеңіз, өзіңізге салайын. Дүкен ұстаудан бұрын аптекте істедіңіз. Әйелдерге түсік тастататын дәрі бердіңіз. Сіз осы жолмен пайда тапқыңыз келді. Бір жолы сізден дәрі сатып алған қыз, оны ішкенде кенет соқпасы ұстап, қайтыс болды.

Сіз қатты қорқып, аптектен бездіңіз. Ол кезде уландыратын дәріні қызға кімнің сатқанын анықтай алмап едік. Сіз екенін соңынан білдік.

Тюнин екі алақанымен тізесін сипалап:

— Мен ешкімге у дәрі берген емеспін. Ал ептеп дәрі жасап сатқаным рас. Оны мойындаймын.

— Жас қызды кім өлтірді? Сізден алған дәріні ішпесе ондай қайғылы оқиға болмас еді. Сіз тағы да қылмыс жасап отырсыз.

— Петрушкин менің аптекте істегенімді естіп, бір дәрілер тауып бер деп қоймай жүретін.

— Милиция ізіне түсіп жүр деп Петрушкинді сол үшін сақтандырдыңыз ба? Азамат Тюнин, жалған сөздің де қисыны бар. Әлгінде қарызымды алдым деп едіңіз, енді аптек хикаясын қозғадыңыз. Поселкеде аптек бар. Петрушкин керекті дәрісін содан сатып ала алады. Мұнда сізді араға жалдауының сыры бөлек. Шындықты айтқыңыз келмесе өзіңіз біліңіз. Кейін өкінесіз.

— Шынымды айтсам, кешірім бере ме маған?

— Оны сот шешеді.

— Азамат тергеуші, мен совет заңының әділдігіне сенемін. Кінәмді мойныма алғанымды ескерер деп ойлаймын. Өзіңізге алдында айттым ғой, бар бәле сол “жынды базардан” басталды. Арақтың желігі қоя ма, Петрушкин екеуміз құшақтасып, әндетіп сыраханадан шыққаннан кейін оның үйіне келдік. Кемпірі момын адам екен, үнсіз қарсы алды. Күйеуін сөккен жоқ. Сол үйде отырып тағы іштік. Петрушкин мойнымнан құшақтап сыбырлады: “Иіскеткенде шапшаң ұйықтататын дәрі тауып бер. Аса қажет боп тұр” деді. Сол сәтте: “Осының жас әйелге көңілі түсіп жүр-ау” деген ой келді де, “жарайды” дей салдым. Ол “әжетіңе жаратарсың” деп бір қат ақшаны төс қалтама жып етіп сала қойды. Үйге келіп санасам, аттай мың сом. Ертеңіне Петрушкин дүкенге келді. Осы ақшасын қайтып алғалы жүр ме деп зәрем кетті. Ол сұрамады. Дәрінің қашан әзір болатынын білді. Бір күні сыртқа серуендеп қайтуға шақырды. Ішіп отырған кезде ол: “Рақмет, саудагер, сенің көмегіңнің арқасында кемпірден құтылдым” деді. “Қалай” деп шошып кеттім. “Сен үрейленбе, ешкім білмейді. Жетіқабат жердің астында жатыр. Өзі тілімді алмай әбден зықымды шығарып еді. Тіпті мені өкімет органына айтам деп қорқытты. Енді сол өкіметіне шағымданғанын көрейін” деп қарқ-қарқ күлді. Алған ақшаны сол

сәтте бетіне лактырып жібергім келді. Бірақ қимадым. Өлер кемпір өлді, жерде жатқан мал жоқ. Ақшаны неге бекер шашам деп ойладым. Осыдан соң Петрушкинді бірталай уақыт көрмедім. Оның бұл дүниеде барын ұмытқандай едім. Белгісіз адам екі қорап сигаретаны тастап кеткенде соны Петрушкин келіп алады деп ойлаған жоқпын.

— Қораптағы шынымен сигарета ма еді?

— Сырты темекіге ұқсағанымен біреуі көгілдір түсті порошокпен нығыздалған. Дәмі тотияйын секілді, удай. Екінші құтыға темекі толтырылған.

— Мұны неге айтпай жасырдыңыз?

— Айтуға жүрексіндім.

— Сонан соң...

— Петрушкин дүкенге келіп екі қорап сигаретаны сұрағанда өзім тандандым. Осы пәледен тезірек құтылғым келді. “Ашқан жоқсың ба?” дегенде: “Темекімен әуестігім жоқ” дей салдым. “Сен фармацевтермен таныссың. Алдағыны жасап бере салшы, қарыздар болмайын” деп өтінді. Петрушкиннің істеп жүргені қисық екенін сездім. Жылан арбаған торғайдай қарсы келе алмадым. Дәрінің рецепті ақшаның белдеуіне ораған қағазда жазылған екен. Сол рецепт бойынша таныс кісілерден дәрі-дәрмек іздедім. Құрамы күрделі боп, дәріні құрастыру қиынға түсті. Жоғын басқа дәрімен ауыстырдық. Рецепт бойынша дәрі дайын болғанда өзім тандандым. Сахар қайнататын күл секілді, түсі қоңырлау бірдеме.

— Дәріні сізден кім алды?

— Қонақ үйдің қарсысында шаштараз бар. Соған апарып бердім.

— Шаштаразды танысыз ба?

— Бұрын көрген адамым емес, білмеймін.

— Петрушкин осы үшін төледі ме?

— Иә, әлгі шұнақтың әкеп берген ақшасы сол болатын.

— Сіз осындай “қызметіңізбен” екі адамды өлтіруге көмектестіңіз. Бұл ауыр қылмыс.

— Азамат тергеуші, жұрттың нендей пиғылы барын мен қайдан білейін? Өтініп сұрап тұрған соң, қолдан келгенді аяғың келмейді. Оның үстіне күн көру керек. Аз ғана айлық түс-тұстан түскен алименттермен кетеді. Жол-жөнекей кіріс кірмесе қиын. Өздері ұсынып тұрғаннан кейін қиғың кел-

мейді. Ақшаның арамды жоқ, қайда салсаң да өтеді. Өз кінәмді сіз айтқан соң ұғып отырмын. Үлкен әбестік жасағанымды білдім.

Күзетші солдат Тюнинді алып кеткеннен кейін капитан Майлыбаев Кузьменко отырған бөлмеге келді. Кузьменко орнынан тұрып қарсы алды.

— Талғат, сен үлкен жұмбақтың сырын аштың. Петрушкин өзінің әйелін дәрімен есеңгіретіп, сонан кейін өлтірген екен. Кемпірді мұнша қинап өлтіргені қалай?

— Біз Петрушкинді ұстап, тергеуге алғанда мұның сырын әлдеқашан шешер едік.

Нәсір әңгімеге қосылмай, бір шетте сарапшылардың берген қорытындыларын салыстырып жатқан. Ол қағаздан бас көтерместен:

— Мұнда өртенген кісінің күлі мен жанған үйдің күлі арасында айырмашылық бары айтылған. Өлік өте жоғары температурамен өртенген, күлі майда. Ал үйге тиген жалын ондай өткір емес, ағаштар көмірленіп қана күйген,— деді.

Нәсір Талғатқа бұрылды:

— Сіз бұған қалай қарайсыз?

— Дүкеншіден жауап алған кезде Петрушкин соңғы жолы дәріні не үшін жасатып алды? Сонысы кісі өртейтін дәрі емес пе деген ой келген еді. Үй ішін өрт шалғанда жанатын мүлкі стол, шифоньер, орындық секілді ағаш дүниелер ғой. Үйдің едені, төбесі де өрттенсін делік. Мұның бәрі кісінің сүйегі балқитындай қызу бере алмайды. Олай болса біреу үйге от қоймастан бұрын өлікті аса ыстық жалынмен өртеген. Күл арасында айырмашылықтың болуын осыдан деп білемін.

— Мен де солай ойлаймын,— деді Нәсір басын изеп.

Кузьменко қайран қалды:

— Өртенген Петрушкин емес пе? Онда ол кім?

— Мен де соны ойлап отырмын.— Нәсір қағаздан басын көтерді.— Біз кеше ғана орталық архивтен материал алдық. Біздің көп жыл бойы іздеп жүрген Штерніміз төрт мүшесі сау кісі деп ұғып жүрген едік. Оның қолынан, кеудесінен жараланғанын білетінбіз. Оны көрген куәлар бар. Ал ол кейін жарасын әдейі асқындырып, қолын алдырып тастаған әрі бетіне пластикалық операция жасатқан. Сөйтіп кісі танымастай өзгеше адам болып шыға келген. Осындай айлакер адамның оңай өле қалатынына сенбеймін.

— Өртенген өліктің бойы тым қысқа. Сол шаштараз Сигалов емес пе?— деді Талғат.

— Сигалов аман-сау, міне, көріңіз!— деп Кузьменко Сигаловтың телеграммасын алдына қойды. Телеграмма Іле поселкесінен жіберілген. Кассир әйелдің атына келіпті. Өз атынан үш күнге еңбек ақысыз демалыс сұрап арыз жазуды өтінген.

Кузьменко Талғаттың бөгелгенін көріп:

— Бұған не айтасыз?— деді.

— Телеграмманы Сигаловтың өзі берген бе?

— Оны кім бергенін қайдан білейік. Мұндағы жазуда Сигаловтың аты-жөні көрсетілген. Петрушкинді тіріге жорысаң ол өзінің жүрген жерін жарияламайтын шығар.

Нәсір қолын артына ұстап бөлменің ішінде әрі-бері жүрді. Ол Кузьменконың қасына тоқтап:

— Меніңше, Петр Петрович, телеграмманы берген Петрушкин бе деп ойлаймын. Тегі, оқиға былай болған сияқты: Петрушкин Байкиннен милиция ізіне түсіп жүргенін білгеннен кейін, Данишевская екеуіне ұйықтататын дәрі беріп, өзі дереу Сигаловты шақырады. Машинасын мініп келуді сұрайды. Сигалов қаннен-қаперсіз оның үйіне келеді. Петрушкин дәрімен есеңгіретіп, оны өлтіреді. Қолын шабады. Өртейді. Осының бәрін бітірген соң, жер асты жолымен шапшаң шығып, Сигаловтың машинасына отырады. Екеуі бұрын Ілеге жиі баратын. Кісі қысылшаң шақта өз әдетін қайталағанын білмей қалады. Петрушкин де сол әдетіне басып Ілеге тартады. Поселкеге жеткенде ары жүруге өрісі тар скенін сезеді. Есін жияды. Қуғыншылардан құтылу үшін оған уақытты ұту керек. Мұндай кезде ол не істеуге тиіс?

— Сигалов болып телеграмма беруден басқа амал қалмайды,— деді Талғат.— Ол біздің Сигаловты іздей-тінімізді біледі.

— Дұрыс айтасыз,— деді Нәсір қостап.— Петрушкин тірі, қайткенмен де оны іздеп табу керек.

— Савелий шал Петрушкиннің өлгенін өз көзімен көрді. Соңғы хатын табыс етіп отыр. Мұны бекерге шығарасыз ба?— деді Кузьменко.

— Петрушкин бұл хатты Савелийге бұрын жазып берген. Сірә, үйді өртер алдында, Сигалов келместен бұрын жазып, оның қалтасына салған болуы керек. Өйткені Савелий бұл қағазды қай уақытта бергенін білмейді, ұмытып қалған. Өрт шыққанда мастығы тарамаған Савелий үйге жүгіріп кіреді. Өртенген өлікті Петрушкин деп ойлайды. Мұның бәрі

Петрушкиннің әдейі кұрған торы. Аңқау Савелий оны аңдамаған.

Кузьменко орнынан тұрды:

— Не бұйырасыз, майор жолдас? Қылмыскерді қай жақтан іздегеніміз жөн?

— Іледен телеграмма бергеніне қарағанда ол бұл бағытта болмайды. Құлжа жолы қысқа, Кеген асып кете алмайды. Сонда қайда бет алуы мүмкін? Тек Піспек қалады. Ар жағында Ташкент, Қызылорда асатын үлкен жол бар.

— Петрушкиннің ерекше белгілері тым көп. Ашық жүре алмайды. Оны елсіз жақтан іздеген дұрыс,— деді Талғат.

— Мұның да қисыны бар,— деді Нәсір сәл ойланып.— Сигаловтың машинасының түсі қандай еді? Көк түсті “Волга” ма? Сондай машинаның Фрунзе жаққа өткен, өтпегенін білсін. Шапшаң іздеу салайық.

Бір сағаттан кейін Нәсір мен Талғат Фрунзе қаласына жүріп кетті.

ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Талғат көзін ашты. Үйдің іші аппақ. Төсек те кіршіксіз таза. Қасында отырған қыз да ақ халат киген.

— Сәуле, бұл сен бе? Мен қайда жатырмын?— Талғат басын көтерейін деп еді, тұла бойы зіл тартып қозғалтпайды. Сол жақ қолтығы, жүрек тұсы ине сұққандай шаншып өтті.

— Қиналып жатқан жоқсыз ба? — Сәуле Талғаттың ашық омырауын қымтап, сүйір саусақтарының ұшымен көзін сұртті. Мөлдір қара көзі жайнап кетті. Екі бетіне сәл қызыл ойнаған. Ашық ажары Талғатқа соншама сұлу, әдемі көрінді. Сәулелің нәзік қолын алақанына салып сипалады. Өткен күндерді есіне алды. Ауруханаға қалай түскенін ойлап жатыр.

Олар сол күні Фрунзеге жүріп кетті. Бұл уақытта Нәсір Бөгембаев бастаған оперативтік топ қырғыз астанасына жетіп үлгерген еді. Олар Петрушкиннің қайда бет алғанын шамамен анықтап та үлгерді. Екі тәулік бұрын көк түсті “Волга” көрменің тұсынан өтіп, тура тауға бет алған. Айдаушы жалғыз. Қасында кісі жоқ. Үлкен қалада машинаның көзге түсу себебі қаладан шыға берісте асханаға сыра тасып жүретін арбакештің арбасына соқтығысып, машинаның сол жақ көзі күл-талқаны шығып қираған. Темірлері жапырылыпты. Сонда да машина тоқтамай өткен. Арбакеш шофердің күн даулап, жанжал шығармай өз бетімен кеткеніне қуанған. Машина

ішінде отырған кісі Петрушкин екенін оперативтік топ бірден аңғарған еді. Қираған машина үлкен жолдың бойымен ашық жүре алмайды. Кісі көзіне кеп көрінбейтін елсіз бұрма жолға түседі. Олар машинаны жырақ жолдан іздестірді. Келесі күні тауды кескен қия жолдың қуысынан қираған машинаны тауып алды. Айдаушысы жоқ. Тіпті із қалдырмаған. Оның қайда кетуі мүмкін? Жақын маңайдағы ауылдарға бара алмайды. Сіңіспейді. Фрунзеге оралады. Қаладан іздестірген жөн десті. Талғаттың өз басы Петрушкиннің бұл жақта тиянақтай қоятынына сенбеді. Қала оған таныс емес. Қонақ үйге қона алмайды. Түнеуді сұраған тосын кісінің тілегі күдік туғызады. Амалсыз ол Алматыға қайта қайтады. Қала сырлас, онда таныстары бар. Ол үйлерде жасырынып жүре алады. Талғат өзінің бұл пікірін айтқанда Нәсір қостады.

— Машинаның осы тұста қирағанын көргеннен кейін өзін осы маңнан іздейді деп ойлайды. Бізді әлекке салмақ амалы бұл Талғаттың айтқаны дұрыс. Ол бұл жерде емес.

Нәсір Алматымен сөйлескенде генерал мұндай жорамалды қисынды санады. Әйткенмен оперативтік қызметкерлердің бір тобының Фрунзеде қалып, іздестіру жұмыстарымен айналысуын қажет деп тапты. Әсіресе Фрунзе — Жамбыл асатын жолдардың бойын қадағалау керек екені айтылды.

Нәсір сол күні Талғат екеуі Алматыға қайта оралды. Талғат ұзақ күндер Петрушкиннің ізіне түсіп, бақылауға алғанда оның біреудің үйіне аялдағанын, я түнегенін көрген емес. Бірақ Тастақта “Голубой Дунай” деп аталатын шайхана Петрушкиннің рақаттана дем алатын орны секілді еді. Қаланы шарлап шыққаннан кейін ол осы жаққа бұрылып, шайханаға соғып тамақтанатын. Ұзақ отырып сыра ішетін. Буфетші әйелмен әзілдесетін. Буфетші жесір әйел. Петрушкин астына қабын төсеп отыра бастағанда ол қасына жетіп келіп, столдың үстін реттеп, Петрушкиннің мұнда келгенін теріс көрмейтінін сездіретін. Петрушкинді қаланың қай тұсынан іздеу керек дегенде Талғат осы буфетші әйелді есіне алған еді.

Әншәйінде кеудесін көтеріп, тайтаңдап жүретін менмен әйел жасқаншақ, қорғаншақ боп қалған. Баяғыдай емес, келім-кетім кісілерге күдіктене, сескене қарайды. Мұның бәрі бекер емес екенін Талғат бірден аңғарды. Петрушкин буфетшінің үйіне жасырынғанын сезді. Буфетші үйінен бір қадам шықса есігін кілттеп, жан-жағына көз салып абайлап

қарайды. Әр жолы терезені тықылдатып белгі береді. Оперативтік топ бірнеше күн буфетшінің үйін бақылауға алды. Бірақ ішке кіре алмады. Көршілеріне де есігін ашпайды. Не істеу керек? Буфетші жеке меншік үйде тұрады. Қоражайы бөлек. Жалған өрт шығаруға ұйғарысты. Сырыққа мақта орап, керосин құйып, от қояды. Терезе тұстан әрі-бері бұлғайды. Лаулаған жалын көтерілгенде “өрт!” деген айқай-шу шығуға тиіс. Үйде жатқандар аңдамай, атып шығатыны айқын. Қылмыскерді осындай қапылыста ұстамақ болды. Талғатқа мұндай тәсіл қызық әрі баланың ойыны сияқты көрінді. Қараңғы түнде лапылдаған от кәдімгідей өртке ұқсаған еді. Буфетші әйел бажылдап, есіктен тұра қашқанда, Петрушкин терезені бұзып, қиратып шыққан еді. Сол сәт ол өрттің жалған екенін ұққан секілді. Көзіне қара көрінсе талғамай атып, бақ ішіне жасырынғысы келді. Талғат үлкендердің ісін тамашалап, көрші үйден жүгіріп шыққан баланы денесімен қорғаштап, нақ түптен атылған оққа кеудесін тоса берді. Құлап бара жатып өзі де атып қалды. Петрушкиннің жалғыз қолынан пистолеттің сусып түсіп бара жатқанын көзі шалды. Одан арғысы есінде жоқ. Білмейді...

Талғат әлсіз саусақтарымен Сәуленің қолын қысып:

— Мен осылай көп жаттым ба?— деді.

Сәуле Талғаттың ыстық қолын кеудесіне басты.

— Жоқ, сіз жай ұйықтап жаттыңыз.

Палатаға дәрігер кірді. Талғаттың тамырын ұстады. Маңдайына алақанын салып:

— Енді қауіп жоқ,— деді. Кузьменко қасына Нәсірді ертіп Талғатқа кірді.

— Петрушкин өзінің әйелін өлтіргенін мойындады ма?— деп сұрады Талғат амандықтан кейін.

Кузьменко есік жаққа жалтақтап қарап:

— Талғат, саған сөйлеуге болмайды. Өйтсек дәрігер мені қуып жібереді. Бәрін өзім айтам, сен тыңда. Петрушкин біреуден жұмбақ хат алғаннан кейін қуаныштан мас болып отырып, байқамай фашистердің жазалаушы отрядында қызмет еткенін Матрена Онуфриевнаға сыр етіп шертеді. Зәресі кеткен Петрушкин бұл сырды Масловаға айтып қойды ма деп қорқады. Оның үйінен келген бетте дәрі иіскетіп есенгіретіп, басын балтамен шауып тастайды. Өлікті кілеттің табанындағы цементтің астына көмеді. Алғашқыда ол кемпірдің сүйегін өртеп тастағысы келеді. Дәрінің қоспа-

сында қателік болған ба, от алмайды. Амалсыз кілетке апарып көмеді. Ашқанда байқадық: өлік иістеніп, былжырап аға бастаған екен. Куәгерге Глафираны шақырған едік. Көрден шығарып жатқанда Глафира шыдай алмай бетін басып: “Осындай да жауыздық болады екен!” деп жылаған қалпы үйіне тұра жүгірді. Ал чемодан ұрлатқан қонағымыздың кім екені анықталыпты. Міне, бар оқиға осы. Дәрігердің маған берген уақыты бітті. Әзірге қош боп тұр. Қазір Покровкаға бара жатырмын. Бандиттер әлі қолға түскен жоқ. Қалғанын келген соң сөйлесерміз.

Кузьменко жайлап басып шығып кетті. Талғат Сәулеге қарап еді. Иығына басын салып ұйықтап отыр екен.

Талғат оятпады, ақырын құшақтап бауырына тартты.

САРҒАБАНДА БОЛҒАН ОҚУҒА



БІРІНШІ ТАРАУ

— Е, жаратқан. Жалғызымның жанын сақтай гөр! Дүние қызығын көрмей өткен сорлы пенденді аясаңшы. Жиырма жыл бойы мәпелеп өсірген бақытым, үмітім емес пе еді. Менің көрген азабым аз ба? Жақсылығыңды менен аясаң, бар жамандығыңды мен бейбақтың басына үйе бер. Тек жалғызымның жанын қалдыр!— Зембілдің жақтауын саусағымен демеп келе жатқан Сәндібала бөртпе шәлісінің ұшымен көзінің жасын сүртіп, зарлап келеді.

— Апа, жыламаңыз. Міне, ауруханаға да жеттік. Енді қауіп жоқ. Рахымыңыз әлі айығып кетер,— деп сестра Аида Глухова Сәндібаланы жұбатады.

— Құдай тілеуінді берсін. Сөзің періштенің құлағына шалынсын.— Сәндібала күрсініп, тіршілік белгісін бермей сұлық жатқан баласына қарайды. Дірілдеген саусақтарымен Рахымның тамырын ұстап қояды. Бар үміті әлсіз соғып жатқан көк тамырда.

Сәндібаланың ауылы биыл күзде Сарғабанның сазында отырған. Ол қаладан қырық шақырым жер. Рахымды сол жерден жедел жәрдем машинасымен алып келе жатқан. Аурухананың қабылдау бөлмесіне әкеп жатқызғанда жаны бір сәтке жай тапты ма, Рахым көзін ашты. Аузын орамалмен басып, егіліп отырған шешесіне:

— Ма-а-м-а, жыламашы... Мен қайда жатырмын. Өкпемді жел қарып барады. Күпім қайда? Үстіме жапшы,— деп ақырын күбірледі.

— Жаным, күпің мынау. Жаурасаң жабайын,— деп Сәндібала қамзолын шешіп, баласының үстіне жапты.

Рахым көзін қайта жұмды. Ыңырсыған дауысы естіле бастады. Сестра Аида бұл кезде бас хирургті іздеп кеткен еді. Аз уақыттан кейін Цой келді. Қаланың бас хирургы, бұл

өңірге белгілі адам. Ол ес-түссіз жатқан Рахымды иегімен нұсқап көрсетіп:

— Бұған не болған? Қашаннан бері бұлай ес-түссіз жатыр?— деді.

Рахымды алып келген жеңіл машинамен бірге Сәндібаланың күйеуінің жан жолдасы болған Жабағы бірге ере келген еді. Бас дәрігердің сұрағына жауапты сол берді:

— Не болғанын өзіміз де жөнді білмейміз. Түсте қойын қайтаруға өріске кетіп еді. Кешке таман қой өрістен оралды. Ерттеп мінген аты да келді. Ал қойшымыз жоқ. Бүкіл ауыл боп шапқылап іздедік. Ел орынға отыра ши түбінде қансырап жатқан жерінен зорға таптық. Біреулер пышақтап кетіпті.

— Олардың кім екенін таптындар ма?

— Кім екенін тапсам, сотсыз-ақ мына қолыммен лақша бауыздар едім. Ондай иттер ізін білдіруші ме еді.

— Оған медициналық жәрдем көрсетілді ме?

— Қаладан жедел жәрдем машинасы келгенше, өзіміздің колхоздың докторы қарап отырды ғой.

— Есін жиып, тілге келді ме?

— Мен есім шығып, кіріп-шығып жүрдім. Сонда шешесіне бірдеме демесе, өзім айтқан сөзін ести қоймадым. Ентігіп Аида жүгіріп келді.

— Бұл бітпейтін неғылған мәслихат? Ауруға дереу операция жасау керек емес пе?— деп бас дәрігерге қарады.— Борис Вениаминович, операция бөлмесіне апарайын ба?

Рахым көзін ашты. Шешесіне, сонан соң өзін қоршап тұрған адамдарға қарады. Цойға көзі түскенде қан кеткен ақ-сұр жүзі одан әрмен сұрланып, көзі шарасына сыймай барады. Басын сәл көтеріп, тістеніп, қайта сұлық түсті.

Цой жан-жағына сәл көз тоқтатып. Аидаға әмір берді:

— Дереву операция бөлмесіне апарындар!

Рахым бар қайратын шақырып, кең тыныс алды да шешесіне ымдағандай болды.

— Қарағым-ай, әбден қиналдың-ау. Не айтайын деп едің! Ерінің кезеріп кетіпті. Су әкеп берейінші,— деп, Сәндібала орнынан түрегеп еді.

— Ма-а-ма, бұған сенбеңіз...

— Қалқам, не дедің?

— Мені жәбірлеген осы...— Рахым талып кетті.

— Ей, мынау кімді айтып тұр? Жаңағы доктор-сымақ ит қайда? Шақыршы өзін!— деп Жабағы орнынан атып тұрды.

Сәндібаланың баласын біреу пышақтап кетіпті, әл үстінде жатыр дегенді естіп, қаладағы нағашы әпкесі Қаракемпір де келген еді. Ол Жабағының етегінен тартып:

— Әй, мына сорлы қайтеді? Ауру қозғанда кісінің көзіне әрнеме елестеп, сандырақтайтын әдеті емес пе? Басқа біреумен шатастырып жатқан шығар. Тәйт, өкімет адамына едірендемей жайыңа отыр, шәйт боп кетерсің, бейшара!— деп, өзінің қалада тұратын көзі ашық адам екенін сездірді.

Рахым тілге келген соң, оның тірлігінен күдер үзіп, өзара күңкілдесіп тұрған ағайындары төңірегіне шүпірлей түсті.

Сәндібала баласының басып көтеріп:

— Не дедің, жаным? Кімді айтасың? Сені жәбірлеген кім? Қайта айтшы. Мына Рысбек пе? Ол ағаң ғой. Тойда өкпелеп кетсе де сенің халінді естіп келді. Қарашы, өзің,— деді.

Рысбек ағаш аяғын шолтаң еткізіп шошып кетті:

— Ей, мына тентек не дейді?

— Бәсе, қанішер сен екенсің ғой!— Қаракемпір Рысбекке дүрсе қоя берді.— “Тойыңды ойран етемін! Өкінесің, жас қыршын!” деген сөзіңді естіп едім. Ақыры Рахымның түбіне жетіп тынған екенсің ғой! Ой, көктей солғыр, жалмауыз!

Жан қиналғанда кісінің бойындағы ең ауыр нәрсе кірпігі бола ма, қалай, Рахым кірпігін көтере алмай, ұзақ қимылдатып жатты. Әлден уақытта жылтыраған көзі көрінді. Өзіне үңіле, төніп тұрған адамдарға сүзіле қарады. Анасына көз тоқтатты. Ақырын күлімдеді. “Гүлсара” деп сыбырлағандай болды... Ел-жұртын, анасын, жас жарын қимай кетіп барады... Мойыны былқ етіп, басы бір жағына қисайып, жаны үзіліп кетті.

Рахымның жас жары Гүлсара кешеден бері дауыс шығармай, күйеуінің аяғын құшақтап, үнсіз, ұзақ жылау үстінде еді. Бетіне басып отырған Рахымның аяғы әп-сәтте мұздай қалғанынан шошынып:

— Апа-ау, жалғызыңнан, Рахымыңнан айырылдың ғой! Мен бейбақ сендерге қуаныш әкелмей, сұм ажал әкеппін ғой. Қос жетімнің не жазығы бар еді?.. Осы жолға мені құрбан етсең қайтетін еді...— деп, дауыс салды. Жас жардың зарына қасіретті ананың жоқтауы қосылды.

Колхоздан келген жедел жәрдем машинасымен қабаттаса өз алдына бір топ болып, Рахымның жолдастары, тілектес ағайындары ере келген еді. Олар аурухананың ауласында екі-үшеу боп топталып, әңгімелесіп, іштен хабар күтіп тұрған. Қабылдау бөлменің ішінен шыққан зарды естіп, бір сұм-

дықтың болғанын сезіп, “Бауырым-ай!”, “Асыл тектім-ай!”, “Арманда кеткен құлыным-ай!” деп үйге жылап кіріп жатты. Аурухананың іші азан-қазан. Жұрттың бәрі жылаулы. Сорлы ана мен жас жардың жоқтау зарын естігенде кісінің сай сүйегі сырқырайды.

Бұл кезде Аида Глухова қабылдау бөлмесінде еді. Ол да көзінің жасын тыя алмай егіліп тұрған. Қаралы топқа Цой жетіп келді. Ол Аидаға қысық көзін алартып:

— Өлді ме? Жасық жаспен өлікті тірілте алмаймыз. Өлімге жасар медицинаның айналасы жоқ. Тірінің қамын ойлайық. Дереу палатаға барыңыз!— деп бұйырды.

Аида жылаған қалпы коридордың бойымен жүгіре жөнелді.

Осы оқиғадан соң, бір апта өткеннен кейін, Алматы облыстық Ішкі істер басқармасына Бестөбе қаласынан хат түскен. Хатты қалалық милиция бөлімінің бастығы Ділдәбеков жазыпты. Ресми қағазға қоса, Рахымның сөзін естідім деген куәлардың көрсетпелері тіркелген. Полковник өзінің атына жеке келген хатты қайтара оқып шықты да, трубканы көтеріп, әлдебіреуге телефон соқты.

— Ғалия Нұғманова ма? Сәлеметсіз бе? Бұл облыстық Ішкі істер басқармасынан. Ия, халіңіз қалай? Ия, Ғалия Нұғманова, сіздің аздап көмегіңіз керек боп тұр. Сіздерде, Бестөбе қаласында Цой деген қызмет істей ме? Ия, солай ма? Бас дәрігер ғой. Жо-о-ок, ондай жаманат пікірден аулақпыз. Жақсы, рақмет.— Дайыров оның сөзін бөлмей тыңдады да трубканы іліп қойды. Столдың жиегіне қолын жүгіртіп, кнопканы басып, қоңырау берді. Сәуле кірді.

— Маған капитан Майлыбаевты шақырып жіберіңізші. Телефонын ала алмай отырмын.

— Қазір шақырайын,— деп Сәуле шапшаң шығып кетті.

Екі минут өтпей Талғат Майлыбаев полковниктің кабинетінің есігін ашып, кіруге рұқсат сұрады. Мұқан Дайырович орнынан тұрып, қол беріп амандасты.

— Денсаулығыңыз қалай? Біржола айығып кеттіңіз бе?— деп халін сұрады. Петрушкинді ұстау кезінде ауыр жараланғаннан кейін Талғатты осымен екінші рет көріп отырғаны еді. Ауруханада жатқан кезінде барды да, онан соң сөйлесе алмаған.— Дәрігерлер қала шегінен шығуға рұқсат ете ме?

— Неге етпесін. Денім сау. Қандай тапсырманы болса да орындауға дайынмын, жолдас полковник.

— Онда жақсы, қуаныштым. — Полковник қасындағы орындықты ұсынды. — Жақынырақ отырыңыз. — Талғат жайғасқаннан кейін: — Талғат Майлыбаевич, сіз Бестөбенің қалалық бөлімінің бастығын білесіз бе? Айтқандай, оны көрген жоқ екенсіз ғой. Ол менің бұрынғы шәкіртім. Кейде сонысын ұмытпай ма, қалай, хабарласып кеңес сұрап тұрады. Кеше одан хат алдым. Бұдан бір жеті бұрын далада мал бағып жүрген қойшыны біреулер пышақтап, қатты жарақаттап кетеді. Ауыл адамдары жаппай іздеп жүріп, әл үстінде жатқан жерінде оны тауып алады. Қалалық ауруханаға алып келген жерінде ол есін жинап, өзін өлтірген адамды таниды.

— Кім екен? — Талғат шыдамсыздана полковниктің сөзін бөлді. — Сірә, оны ұстап қамаған шығар?

— Білсеңіз, қылмыскер әлі қамалған жоқ.

— Неге?

— Рахым көзін ашқан кезде бір топ ауыл адамдары оны қоршап тұрған. Шешесіне айтқан сөзді ондағылардың бәрі естіген. Бірақ ол кімді айтқысы келді? Ешкім білмейді. Сәндібаланың қасында әпкесі Қаракемпір отырса керек. Ол Рысбекті көрсетеді, өз құлағыммен естідім деп ант етеді. Менің сөзім түсінікті болу үшін алдымен мына хатпен танысыңыз, осының ішінде бәрі айтылған. Содан кейін пікір алысайық.

Талғат хатты асықпай, екі мәрте оқыды. Жабағының, Қаракемпірдің көрсетпелеріне көз тоқтатып, тағы жазған сөздері жоқ па дегендей қағазды әрі-бері төңкеріп қарады. Ойланып қалды. Рахым сол тұрған адамдардың ішінен кімді көрсеткісі келді? Рысбек Рахымға жақын ағайын. Маскүнем, бұрын сотталған. Бұл үйдің түтіні өшсе, мал-мүлікке ие болам деп ойлады ма ол? Шыдамы жетпей тойда бүлік салғаны да сол шығар. Сол адамдардың арасында Ақжолтай да тұрған. Ол Рысбектің серігі. Аузына арақ тисе кісімен шатаспай тынбайды. Екеуі өріске барып, Рахымға тиісіп, бөле шығарды ма? Рахымды қоршаған топтың ішінде тағы кім болды? Кісілердің тасасында, шеттеу Цой тұрған жоқ па еді. Бәлкім?..

Полковник Дайыров Талғаттың осы ойын сезгендей жымып күлді.

— Әлгінде мен облыстық денсаулық сақтау бөлімінің бастығымен сөйлестім. Цой сол өңірге белгілі адам көрінеді. Институтты бітіргеннен кейін аз уақыт совхоз орталығында істейді. Сонан соң қабілетті маман ретінде қалаға ауыстырылады. Бір сөзбен айтқанда, ол жақсы маман, дәрігер,

ауданда беделі өтімді кісі. Майор Ділдәбеков тәжірибесі бар, іс жөнін білетін қызметкер. Әйткенмен ол жергілікті жердің ықпалынан аса алмауы мүмкін.

— Мұқан Дайырович, сіз Цойды кінәлі, Рахымның өліміне қатысы бар кісі санайсыз ба?

— Оны айыпты санасак, дереу қамауға алуға прокурордан санкция сұраған болар едік. Рахымды кім өлтіргенін білмейміз. Куәлардың керсетуімен Рысбекті қамауға алып, тергеу ісін жүргізіп жатқан көрінеді. Бәлкім, қойшы өліміне оның да қатысы бар шығар, бірақ біз негізгі қылмыскерді табуымыз керек. Майор Ділдәбеков көмек сұрайды. Сіз бұл ұсынысқа қалай қарайсыз?

— Мен дайын, жолдас полковник.

— Қашан жүріп кете аласыз?

— Рұқсат етсеңіз, қазір жүріп кетуге дайынмын.

— Онда рұқсат алдым деп есептеңіз, барған соң қайда тоқтамақшысыз?

— Жеке меншік біреудің үйіне аялдасам деймін. Көзге түсе беріп қайтем.

— Оныңыз дұрыс,— деді полковник Талғаттың пікірін мақұлдап.— Қала шағын. Келім-кетім кісілер жұрт назарынан тыс қалмайды. Сізден бір өтініш, істі айқайсыз, дабырасыз жүргізіңіз. Адам арына нұқсан келмесін.

— Қолдан келгеннің бәрін жасаймыз, Мұқан Дайырович.

— Жолыңыз болсын.

— Рақмет.

Сол күні түс кезінде Талғат Бестөбеге ұшып келді. Бір жарым сағаттан кейін аэропортта оны Ділдәбеков қарсы алды. Машинаға отырған кезде Талғат:

— Жеке меншік машина ма? Кімдікі?— деді.

— Бұл “Победаны” жақында алған едік. Автоинспекциямен келісіп, осындай номер тақтық. Былайша айтқанда, сіздің жеке меншік машинаңыз болып табылады. Қалаған кезіңізде жүріп тұрасыз.

— Онда рульге отыруға рұқсат етіңіз. Осы бастан дағдылана берейін.— Талғат машинаны өзі жүргізді. Қала орталығына қарай бет алғанда қасындағы Ділдәбековке бұрылып:— Не жаңалықтарыңыз бар, Әлихан Ділдәбекович. Қылмыстылардың ізіне түсерліктей саңылау табылды ма?— деді.

— Полковникке жазған хатпен танысқан шығарсыз. Біз бұл оқиғаны естісімен Сарғабанға оперативтік топты

жібердік. Ешқандай белгі таба алмадық. Ауыл адамдары Рахымды іздеп жүргенде бүкіл өрісті қым-қиғаш таптап тастаған. Оның үстіне өріске қой жайып жіберіпті.

— Рахымның соңғы сөзі жайында не айта аласыз?

— Шара қолданып жатырмыз. Сол күні ол Ақжолтай Сартбаевпен екеуі өріске барғанда, Ақжолтай қайтып кеткен. Мұны Рысбек өзі бекер демейді. Жұрттың көзінше кешірім сұрауға ұялып, оңашада татулық сұрап барып едім дейді.

— Бұған сіз қалай қарайсыз?

— Әй, маскүнем адамда ұят болушы ма еді,— деп Ділдәбеков қолын сермеді.— Өзінше сылтау іздеп ақталмақ сиқы шығар.

— Рахым қайраты бар денелі жігіт көрінеді. Шіңкілтек Рысбекке бой бере қояр ма екен?

— Қаруды кім бұрын жұмсаса, күш сонда. Рысбек байқаусызда пышақ салып, қайратын қайтарып, сонан соң азаптауға кіріскен шығар.

— Ал оның өзі не айтады?

— Рысбектің түрмеге түскені жалғыз бұл емес. Кісі өлтіргеннің өлім жазасына кесілетінін біледі. Әрине, қасарысып бағады.

— Істің жағдайы қиын екен,— деді Талғат сәл ойланып. “Рысбек себепсіз өзінің жақын адамына қол көтеруі қалай?” деген сұрақ көкейінен кетпейді.

— Мас кісі жақын-алысына қарай ма? Адам ақылынан адасқан кезде қылмыс жасағанын аңғармайды.

— Бұл жайында кейін әңгімелесейік. Ақылдасуға уақыт жетер. Қазір кеңсеге барасыз ба? Апарып тастайын сізді.

— Алдыменен қонағымызды орналастырып алайық,— деді Ділдәбеков тоқта дегендей белгі беріп. Көшенің шетіндегі үйді нұсқады.— Қалың ағаш арасындағы анау шошак қызыл шатырды көрдіңіз бе? Сонау үйдің иесімен барып сөйлесіп көріңіз. Пәтерін жалға беретінін білгеннен кейін сіз келгенше дайындап қояйық деп едік, Мұқан Дайырович мұнымызды мақұлдамады. Үй иесімен өзіңіздің жолыққаныңызды мақұл көрді.

— Өздері қандай жандар?

— Осы жердің қазаққа сіңіп кеткен орысы. Үш бөлмелі үйде кемпір мен шал ғана тұрады. Баладан ексу: үлкен қызы тұрмыста. Кішісі Алматының ауыл шаруашылық институтында оқиды. Екі қарттың ермегі сол үлкен қызының

балалары. Немерелері жаздай қолдарында тұрады. Оқу басталған соң қызы ұлдарын алып кетсе керек. Соған шал қатты наразы боп қалыпты. “Осында да оқу бар. Мен бала бағып көрмеппін бе? Қолымда жүрсе қайтеді?” деп, бұланталан болды. Күйеу баласы қазақ. Ол атасының көңілін қимай үлкен ұлын қалдырғысы келген екен, қызы: “Бала жас, жазатайым бірдемеге ұшырап калып жүрер” деп, көнбепті.

— Мұндай адамдармен жүздесудің өзі жүрекке жылы әсер қалдырады. Шалдың аты кім дедіңіз? Захар Антонович пе?

— Ия, шалдың көңілінен шықсаңыз, ол сізге мұңын шағады.

Талғат бес минуттан кейін үй иесімен аула ішінде кездесті. Захар Антонович судай жаңа машинаға мінген жігіттің пәтер іздеп жүргеніне күдіктенді ме:

— Өзің қайдан келген баласың? Мына машина өзіңдікі ме?— деді сенімсіздеу түрмен.

— Алматыда қызмет істейтін едім. Демалыс алып елге келе жатырмын. Ашаршылықта балалар үйіне кетіп едім. Ағайындарымды іздеп келемін.

— Елің қай жақта?

— Мына Бестөбенің маңайы.

— Оның қай жеріненсің?

— Кәлпеденмін.

— Е, өзіміздің ауылдың баласы екен ғой.— Иығына орамалын салып, кесесін сүртіп тұрған кемпір бұлардың сөзін естіп, қастарына тақау келді.— Далада неге тұрсыңдар? Үйге кірсеңдерші.

Захар Антонович есікті нұсқады:

— Міне үй, кіріңіз.

Талғат үй ішін шолып шықты. Бөлмелердің әрқайсысының есігі бөлек салынған. Ал мына үлкен бөлменің қора жағынан тағы қосымша есік жасапты. Захар Антонович осы бөлмеге дастарқан жайдырды.

— Кемпір, бірдемең бар ма? Алып кел Жас қонақ дәм татсын. Алматы бірталай жер. Жол жүріп қарыны ашқан шығар.— Кемпір ыстық борщ пен жартылық әкеп қойғанда:— Мынау менің кәрі серігім Акулина Захаровна деген. Бірге тіршілік кешкенімізге қырық жылдай боп қалды. Бала дейтіннен екі қыз бар еді. Біреуі тұрмыста, екіншісі оқып жатыр. Осы бөлмеде тұрмыстағы қызым тұрған. Жастардың ыбыр-жыбырын естімейік деп есігін бөлек жасатқам. Кемпір-шалды мазаламаймын десең осында тұр. Өзіңнің қалауың білсін. Үй жетеді. Ал өзің мұнда қанша болмақсың?

— Бір ай демалысты осында өткізсем деген ойым бар.

— Балпылдап сөйлеп кісіге тамақ ішкізбедің ғой,— деп кемпір күңк ете қалды.

— Кемпірдің осынысы дұрыс екен-ау. Кел, тамақ алдында мынаны алып жіберейік.— Захар Антонович белдеулетте арақ құйылған стақанын көтерді.

— Рақмет, мен ішпейтін едім. Дәрігерлер қоспайтын. Жакында ауруханадан шығып едім.

— Ішпейтін адамға өкпем жоқ,— деді Захар Антонович стақанын столға қойып.— Мен де бұған әдеттенбеген жанмын. Осындай кісі келгенде ырымын жасаймын. Ал біздің кейбір шалдарымыз ішімдікті сән көре ме, таң атпай ауызбасы сасып, беті көлкілдеп, дүкен алдында жүреді. Қасына кісі жолауға жиренеді.

— Ауру қалса да әдет қалмайды. Құнығып алған соң тастау қиын шығар.

— Бала, сен бір жаққа баруға асығып отырсың ба? Жұмысың болса, бөгемеймін,— деді.

— Осындағы медицина училищесінде жақын ағайынның қызы оқиды деп естіген едім. Соған барып жолығып қайтсам деймін.

— Олай болса, жолыңнан қалма.

Талғат үйден шығысымен дереу қалалық милиция бөліміне барды. Майор Ділдәбеков күтіп отыр екен. Ол Талғатты жылы шыраймен қарсы алып:

— Захар Антонович қандай адам екен? Таныса алдыңыздар ма?— деді.

— Танысқанда қандай, жалпы ақ көңіл, жақсы кісі.— Талғат өзіне дайындап қойған стол үстіндегі папканы ашып, ақтарып қарай бастады. Онда Жабағы Қыдырбаевтың арызы, Рахымды қалай өлтіргені жөніндегі медицина сарапшыларының қорытындысы, куәлардың сөздері, мінездемелері тіркелген. Талғат асықпай оқып шықты. Қағаздарды әрі-бері парактап:— Сәндібаланың түсінігін көре алмай отырмын. Гүлсараның да көрсету қағазы жоқ,— деді.

— Сәндібала баласын лақатқа салып жатқан кезде талып қалған еді. Содан бері есін жимады. Қазір ауруханада жатыр. Гүлсара қатты қайғы үстінде отырып, Рахымның сөзін жөнді ести алмаған. “Сенбеңіз” деген әңгімесін құлағым шалып қалды” дейді.— Ділдәбеков қағаздан бас алмай үңілген Талғатқа:— Сіз Рахымның соңғы сөзіне мән бересіз бе?— деп тағы сұрады.

— Әлихан Ділдәбекович, мен фактіге сенемін. Сондай сөз айтылған екен. Оны іске тіркеуіміз керек. Рас-өтірігін анықтау біздің міндетіміз.— Талғат папканы сырғытып қойды да:— Қазір Сарғабанның сазына, Рахымдардың қоныстап отырған жеріне жүріп кетсем деймін. Серік тауып берсеңіз қайтер еді? Іс күрделі, жалғыз қиын ғой,— деді.

— Қарсы болмасаңыз, мен барайын.

— Айдалада қой бағып жүрген қойшыны тапа-тал түсте өлтіру үшін пышақтап азаптағанымен қоймай, атуы қалай деген сұрақ көкейімнен кетпейді. Мұнда үлкен сыр бар секілді. Қылмыстылардың бұл сырын Рахым білген. Сол үшін ол қыршын өмірін құрбан етті. Рахымды өлтірушілер қазір қылмысты іздеушілердің басқан қадамын бағып отыр. Істі қалай жүргізіп жатқанымызды аңдиды. Біздің міндетіміз оларды қайткенмен де жаңылыстыру керек. Сондықтан менің қасыма ерген кісіні қаланың тұрғыны білмегені жақсы. Және сіз бұл жерге де керексіз. Біздің жұмысымызды басқарып, облыспен байланыстырып, үйлестіріп отыратын бір адам болуға тиіс.

— Бұл айтқаныңыздың қисыны бар екен. Жақында бізге милиция мектебін бітірген жігіт келіп еді. Ол өзі қылмыстыларды іздеу жұмысын қалап алған. Қазір шақырайын,— деді де Ділдәбеков трубканы көтеріп, біреуге телефон соқты. Бір минут өтпей кабинетке жас жігіт кірді. Қиықша мұрты бар қара торы жігіт.

— Сізді тындап тұрмын, жолдас майор.

— Мынау әлгі айтқан жігіт. Лейтенант Нұржан Мақатаев,— деді Ділдәбеков Нұржанды таныстырып.— Ал мына отырған капитан Талғат Майлыбаев, Алматыдан келді. Қазірден бастап осы кісінің қарауында боласың.

— Құп болады, жолдас майор.

Талғат Нұржанға жолығатын жерді белгілеп, шапшаң жүріп кетуге дайындалу керек екенін айтқанда, Ділдәбеков:

— Үйге ас әзірлетіп қойып едік. Тамақ ішіп, біржолата шыққандарыңыз дұрыс болар,— деп, сыпайы өтініш жасады.

— Бекер әуре болған екенсіз.

— Қарағым, қонақ сыйлау халқымыздың ежелгі салты. Сол дәстүрімізден айнығымыз келмейді. Екеуіңіз де жүріңіздер. Үйде жеңгеніз күтіп отыр.

Талғаттар ақшам алдында Сарғабанның сазына қарай, Рахымның ауылына жүріп кетті.

ЕКІНШІ ТАРАУ

Талғат пен Нұржан ел орынға отыра Сарғабанның сазына жетіп, Қыдырбаевтың үйіне тоқтады. Жабағы ақырға шөп салып, атын байлап жатыр екен. Ауланы қоршаған шарбаққа түмсығын тіреп тоқтай қалған машинаның өз үйіне келгенін байқап, ішінде отырғандардың аты-жөнін сұрамастан қақпаны ашты. Машинадан шыққан екі жігітті көріп:

— Жолдарың болсын, танымадық,— деді. Талғат жауап қатты.

— Қонақпыз, ағасы.

— Қонақ болсаңыздар үйге кіріңіздер,— деп жалма-жан есікті ашты.— Жоғары шығыңыздар.

Талғат пен Нұржан бір бөлмеден екінші бөлмеге өткенде, қабаттасып келс жатқан Жабағы бүйірдегі үшінші бөлменің есігін ашып:

— Мында кіріңіздер,— деді. Қонаққа арнап салған ба, бөлме тым үлкен. Еденге сырмақ төсеп тастапты. Талғат мұндай әсем өрнекті көрген емес еді. Ақ киізге қызыл барқытты мүйіздеп ойып, сары жібек жіппен әдіптесен. Шам жарығымен жайнап көздің жауын алады. Үстіне жата қалып аунағың келеді. Төр жақтағы қабырға тұсқа тұтасымен түкті кілем ілінген. Сол тұста пианино тұр. Оған қарама-қарсы қызыл гүлі бар ақ сары плюшпен қаптаған диван-кереует қойыпты. Орта жастағы әйел екі баласымен үшеуі телевизордан Бибігүл Төлегенованың әнін тыңдап отыр екен. Жабағы бейтаныс кісілерді көріп, орнынан тұрып амандасқан әйелге:

— Бәйбіше, үйге қонақ келді. Отын-суыңды әзірле,— деді де, телевизор көріп отырған ересек балаға:— Ей, Асқарбек, Мейманкүлдың үйіне барып, ағаң мен жеңгенді шақырып кел. Үйге қонақ келді дегейсің. Апаңа көмектессін. Мен шаруа қамын жасаймын, — деп қара сапты пышақты алып, үйден шығуға айналды. Талғат пен Нұржан жолын кес-кестеп, ере тұрды:

— Ағасы, малға әурс болмаңыз. Біз жаңа ғана тамақ ішіп шықтық. Ықыласыңызға ризамыз,— деп жалынып еді. Жабағының әйелі состия қарады:

— Мұнысы несі? Қой, жаман ырымды бастамандар. Қазақ кәдесін білмейтін қандай жансындар!

Жабағы күлді.

— Мына кемпірден тағы сөз естігілерің келмесе, енді тыныш отырыңыздар.

Жарты сағаттан кейін Жабағы жуынып, шайынып үйге қайта кірді. Ала сырмақтың үстіне шәйі көрпені қалыңдап төсеп, қос жастықты шынтағының астына басып, жамбастай жатты. Диванда отырған Талғат пен Нұржанға:

— Балалар, жерге жатқанымды сөкет көрмеңдер. Осылай қол-аяғымды жазып жатпасам, демалған ғұрлы болмаймын. Кісі күні бойы қақайып отырғанда қалай іші кеуіп кетпейді екен деп ойлаймын, — деп күлді де:— Ал жөндерінді айта отырыңыздар. “Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл” дейді. Таныса отырайық.

Талғат осында келер алдында Жабағымен қалай танысу керектігі жайында Ділдәбековпен ақылдасқан еді. Сол аңызын айтты.

— Ағасы, мен Алматының мал дәрігерлік-зоотехникалық институтында сабақ беруші едім. Рахым менің қарамағымда оқып еді. Біреуіміз оқытушы, екіншіміз студент болғанмен ағайын кісідей жақын боп кетіп едік. Соның қайғылы хабарын естіп келе жатқан бетім. Оның өз үйіне түсейік деп едік. Екі кештің арасында қара жамылып, қайғырып отырған жас жесірді мазаламайық дедік. Сол үйдің жанашыр, жақын адамы өзіңіз деп естіген соң, көлік басын осы үйге бұрдық. Қасымдағы жігіттің аты Нұржан. Осы елдің жігіті.

— Бәрекелде, келгендеріңіз тіпті жақсы.— Жабағы орнынан шапшаң тұрып, жастықты тізесінің астына қымтай түсіп, оңтайлана отырды да:— Несін айтасың, Рахым жігіттің сұлтаны еді-ау. Қыршын кетті ғой, есіл жас. Өзі де әкесінің аузынан түскендей аумаған еді. Қыр мұрын, кең маңдай, ақ құба жігіт болатын. Тағдыр шіркін, сол бір үйге қаталдығын аямады. Бір үйдің түтіні өшті деген осы емес пе?— деп, Жабағы күрсінді де, әңгімесін жалғады.— Біз Жұматай марқұммен үй-жайымыз бөлек болғанмен енші бөліспеген ағайынды адам секілді едік. Оның себебі бар. Жұматай екеуіміз жасымызда бірге өсіп, балалар үйінде бірге тәрбиелендік. Оның менен бір-екі жас үлкендігі бар еді.

Соғыс басталатын жылдың алдында Сәндібалаға үйленді. Армияға шақырылып, майданға жүргелі тұрғанда осы Рахым туды. Елге жау тигенде тойдың қай сәні бар дейсің. Әйткенмен жас нәрестенің дүниеге келгені қуаныш қой.

Шілдеhana ырымын жасадық. Жұматай бұл сапары барса келмес екенін сезді ме, вагонға мінгелі тұрғанда:

— Сәндібала, мен бұл дүниеде жалғыз-жалқы жан едім. Өзіңмен отасып, екеу болдым. Тірегім, қуанышым бір өзін едің. Енді, міне, отбасымыз көбейіп, үшеу болдық. Өрісім кеңейген секілді. Егер мен алай-бұлай боп кетсем, Рахымды жетім ете көрме. Сенен тілегім осы,— деп, баласы мен әйелін бауырына ұзақ қысып тұрды.

— Жұмаш, жаман сөз айтпашы. Жас нәресте біздің бақытымызға туған шығар. Аты Рахым ғой. Тәңірісі бір рақымын тигізер. Аман-сау ораларсың. Мұнаймашы,— деді Сәндібала жылап тұрып.

Жұматай Сәндібаламен осылай қоштасып қалған еді. 1943 жылдың ноябрінде Сәндібала кара қағаз алды. Жұматай Киевті азат ету кезінде Днепр өзенінің үстінде оққа ұшып өліпті. Сәндібала ұзақ жылдар күндерін жылаумен өткізді. Оған жаралы Жұматай суға тұншығып өлгендей көрінетін. Оны есіне алғанда: “Жаным-ай, саған ешкім қол ұшын бере алмады-ау, жаның қиналды-ау” деп егіліп кететін. Кейін Рахымның тілі шығып, сөйлеген кезде Сәндібала қайғыдан арыла бастады. Өзі де он жетіге толмай жас босанған еді. Баласы өзімен қатар өсті. Мектебіне де бірге барып жүретін. Сол Рахым биыл күзде институттың соңғы курсына көшіп, ауылға келді. Байғұс бала шешесі жалғызсырайды деді ме, ауылдан кетпей, қойын бағып жүрді.

Рахымның қарауында бір отар саулық қой бар болатын. Биыл қозыны да келістіріп алды. Алдағы жазда қойларын өткізіп, мамандығына сәйкес жұмысқа көшемін деп жүрген. Қазір колхоз малы жайлаудан қайтып, Сарғабанның сазын жайлап жатыр ғой. Қар жауғанша қыстауға көшпей сонда қоныс тебеді. Түс мезгілінде Рахым қойын өзен жағасына иіріп, үйінен шай ішіп кетеді. Кетерінде келіншегіне: “Ар жақ қабактың шөбі тың скен. Қойды сонда бір өргізіп қайтайын” деп айтып кетіпті. Бесін кезінде Көкмойнақ төбет жетіп келген. Бір көзі қызыл ала қаң, оның ағып түскенін ешкім білмейді. Қасқыр талады деп ұкса керек. Артқы екі аяғымен топырақ шашып, ұлып маза бермеген соң, балалар ауылдан қуып жіберіпті. Ол қыңсылап үріп, өріске қарай зымырапты. Кешке таман қой өрістен оралды. Қой соңында Рахымның кара жорғасы көрінді. Ері бос. Рахым да, Көкмойнақ та жоқ. Бір сұмдықтың болғанын сездік. Аттылы, жаяулы өріске қарай шұбадық. Бұл кезде қараңғы түсіп, ымырт жабылып

қалған еді. Айнала от жағып, шам ұстап жүріп, ши түбінде жатқан Рахымды тауып алдық. Әйтеуір кеудесінде жаны бар. Біздің мұндағы дәрігерлер жеңіл-желпі жараны жазғанымен ауыр операцияға шамалары келмейді. Жеңіл жәрдем машинасын шақырып, осыдан көлік тапқанымызша, марқұм жолда үзіліп кетті,— деп, Жабағы жіпсіген көзін орамалмен сүртті. Талғат абайлап сұрады.

— Ауруханада қайтыс болды деп естіп едім. Сіз жолда өлді дедіңіз бе, қалай?

— Е, шырақ, адам өлген соң, ол қайтып тіріліп келмейді. Ауруханада өлді ме, жолда өлді ме, жанын алып қалмаған соң бәрібір емес пе?

Әңгіме үзілді де жас жанға жасалған қиянат, зұлымдыққа күйінгендей үйдің ішінде отырғандар үнсіз тұнжырап қалды. Жабағының әйелі Қатыш пен үй шаруасына көмектесіп жүрген жас келіншек уілеп жылау үстінде еді. Әңгіменің тамамдалғанын байқады ма, қимыл-тұрысын білдірмей, орындарынан тұрып, тысқа шығып кетті. Жабағы әйелдер шыққан есікке шегір көзін қадап:

— Төрт аяқты хайуанаттың ішіндегі адамға жақыны ит екен. Ол сорлы иесін қарақшылар пышақтап жатқанда басына оқ тигеніне қарамай, көмек тілеп, ауылға келген екен ғой. Өңшең әмбі адамбыз, иттің тілін қайдан ұғайық. Сол сәтінде барғанымызда, жауыздардың тырнағынан Рахымды арашалап алып қалар ма едік, қайтер едік?— деді.

Ұзақ әңгімені үнсіз тыңдап отырған Нұржан:

— Көкмойнақ итті таптыңдар ма? Сол келгеннен қайта көрінбепті, ұрыларды өзенге дейін қуып тығыпты деп естіп едім,— деді.

— Шырағым-ай, адам кеткен соң, итті кім іздеді дейсің. Ертеңіне милиция келіп, Сарғабанның сазын түгел шарлап, оқиға болған жерлерді суретке түсіріпті, Көкмойнақтың өлігін өзеннің жағасынан тауыпты деп естідік. Одан кейінгісін білмеймін,— деді де, Жабағы енді бұл жайында әңгіме қозғағысы келмейтінін білдірді.

Талғат қылмыстылардың Көкмойнақтың басынан және кеудесінен екі рет пистолетпен атқанын, соңғы оқ жүрегіне тиіп өлгенін сарапшылардың қорытындысынан білген. Қазір өздері отырған “Шұғыла” колхозының орталығына келместен бұрын, Рақым жайындағы материалдармен танысқанда, шешуі табылмайтын бас-аяғы белгісіз тұңғыық оқиғаға

кездескендей болып еді. Қаншама ойлағанмен қылмыстылардың ізіне түсерліктей саңылау таба алмаған. Майор Ділдәбеков үйінде отырғанда:

— Сарғабанда болған оқиғаны мұқият зерттеп, бәрін қағаз бетіне түсірдік. Сол жаққа жүрем деп отырсың. Әрине, қылмыс жасалған жерді өз көзіңмен көргенің дұрыс. Әйткенмен біз сипаттағаннан артық жаңалықты таба қояр ма екенсіз?— деп күмәнданған еді.

— Өмірінің ақырғы минутында Рахым өзін пышақтаған, атқан адамды көрген екен. Оның сөзін елес, галлюцинация деп есепке алмайсыз. Ал сіз бен бізге қылмыскерді табу міндеттелген.

— Қылмыстылар мені ұста деп Сарғабанның сазында ләйліп жүр дейсіз бе? Біз шарлаған жалпақ сазды көріп қайтарсыз.

Жолда келе жатқанда Талғат: “Майор Ділдәбековтың айтқаны дұрыс-ау. Екі кештің арасында пысықсынып нем бар? Тосыннан келіп, айдаладан не табамын”,— деп, көңілі бір сәт жабырқап қалған. Жабағымен әңгіме үстінде, осы сәтте жарқ еткен сәуледей, оған мынадай ой сап ете қалды. Рахымға жабылып (Рахымға тиіскен кемі екі адам болуға тиіс. Жалғызға ол бой бермес еді), пышақтап жатқанда, Көкмойнақ арсылдап жетіп келіп, азу тісін салып, жұлқына иесін арашалауға кіріскен. Иттің талағаны жанына батқаны сонша, қылмыскер мылтық дауысы естіліп қалады деген сақтықты ұмытып, жанын сақтау үшін дереу пистолетін суырып алып атады. Оқ Көкмойнақтың көзіне тиеді. Қорыққанда ит те өзіне пана іздейтіні белгілі. Ол ауылға қарай қашады. Жұрт оны сол кезде көрген. Ит қауып жарақаттанған адам қайткенмен де дәрігерге көрінуге тиіс емес пе? Құтырудан сақтану үшін укол жасатады.

Талғат кісінің уысынан көрінбейтін қызыл мұқабамен қапталған қойын дәптерін суырып алып, “бір” деген белгі қойды да, мынадай жазу жазды:

1) Ит талаған, дәрігерге көрініп жүрген адамды тексеру керек;

2) Көкмойнақ жайындағы сарапшылардың қорытындысы қайта қаралсын;

3) Жабағы Рахымды жолда өлді деп, өз арызынан бас тарта бастауы қалай? Оған мұны кім үйретіп жүр? Аты-жөні анықталсын;

4) Бұған Гүлсара не айтады?

5) Сарғабанның сазы мен сай қуыстары түгел тексерілсін;

6) ...

Талғат алақандай дәптерінен басын көтергенде, Жабағы:

— Қарағым, не жазып жатырсың? Менің сөзімнен тәлім аларлық бірдеңе таптың ба?— деп, мысқыл күлкімен тесірейс қарады.

— Ия, ағасы, Рахым қазасы маған ауыр батты. Оның өлімі жұмбақ көрініп еді. Сіздің мына әңгімеңіз көп ой салды.

— Оқуға жетік адам емеспіз. Дәлдір сөзіміз қала адамына қызық көрінуі мүмкін-ау.

Қатыш тамақтың піскенін білдіріп, Жабағыға ымдап белгі берді. Жабағы орнынан атып тұрып:

— Кәне, балалар, қол жуыңыздар. Құрғақ сөз ас болмас,— деді де, ауыз бөлмеге шығып, қол жуатын орынды көрсетті.

Түн ортасы ауғанда етті алып келді. Жарым түнде ет жеп дағдыланбаған Талғат ұялғаннан ауыз тиіп, дастарқан шетінде отырды да қойды. Бұған қарағанда Нұржан жемпаз екен. Жабағыдан қалыспай, ұрты тыным таппай, бұлтылдап, үйме табақты үңгіп, алдын ойсыратып барады. Талғат Нұржанның жегеніне қызығып бір-екі мәрте асап еді. Жүрегі айнып, қарай алмады. Алдындағы етті Нұржанға сырғытып, сорпа ұрттап отырды.

— Мына бала дым жемеді-ау,— деп, Қатыш қиналып “ет алғызсаңшы” дегендей күйеуіне қарай берді. Жабағы соны сезгендей сәл сырыла қозғалып:

— Алдына ас қойдық, екі қолын бос қойдық. Жемесе, қайтеміз. Асатайын десем, қала адамы ар көреді. Енді не істеймін бұ бәтірге?— деді.

— Рақмет, ағасы, жедім, тойдым.

Жабағы күлді:

— Жемей тойғанды сенен көрдім.

Таңертеңгісін Талғаттар ерте тұрып, колхоздың малы жатқан Сарғабанның сазына жүріп кетті. Рахымның үйі сонда екен. Қайғылы оқиғадан кейін келіншегі үйін жықпай, енесін күтіп, орталыққа көшпей отырған көрінеді. Талғат пен Нұржан машинамен көлбеңдеп жұрт көзіне түспеу үшін салт атпен шыққан еді. Күн шыға Рахымның отауына кеп тоқтады. Түнде Жабағы тамақтан кейін Мейманкүлді осы үйге жіберіп: “Дауыс салып жыламай-ақ қойсын, өзі мұғалім екен, қасындағы жолдасынан ыңғайсыз боп жүрер”,— деп хабарлаған екен.

Гүлсара тұтас қара киім киіп, басына да қара орамал жамылышты. Талғаттар үйге кіргенде шәлісімен бетін көлегейлеп, теріс бұрыла отырып, ұзақ жылады. Жылаудан тыйылмай:

— Рахым, “Қуанышым, бақытым” деп мені еркелетіп көп айтушы еді. Мен бұл үйге бақыт әкелмей сор әкелгендеймін. Ең болмаса, апам аман шықса екен,— деп, енесінің тілеуін тілсіді.

Талғат төмен қарап, тұнжыраған қалпы біраз уақыт бойы үндемеді. “Милициядан едім” деп ашық келсе, Гүлсара бұлай жыламас па еді, қайтер еді деген ой келді де, қаралы үйге қандай адам келсе де, жылаумен қарсы алады. Оның үстіне қайғырып, күйреп отырған үйге мен милициядан едім деп жетіп келудің өзі қисынсыз. “Милициядан болсаң қайтейін. Қаралы үйді торымай, қан ішерлерді таппайсың ба?” десе, не айтады? Істің мүддесі үшін осы бет алысым дұрыс деген қорытынды жасады. Гүлсараны жұбатып көңіл айтты:

— Рахым аяулы жан еді, елдің асыл азаматы еді. Жас кеткеніне, арманда кеткеніне бәріміз күйінеміз. Өмірін өшірген бұзақыларға лағынет айтамыз. Гүлсара, мен сол сұрқияларды тауып, жазасын тартқызуға Рахым атынан ант стейін. Жыламаңыз. Жылап, өзіңізді жасытқанмен өлген оралмайды. Өзіңізге берік болыңыз!

— Сен бүйтіп жылай берсең, апан мүлде күйреп кетпей ме? Осы үйдің естияры енді өзіңсің,— деп, Нұржан да шын пейіл, жастық тілеуін айтып жатты. Екі жастың достық тілекпейілі Гүлсараның көңілін көтеріп, қатайтты ма, тілге келді, Есіктен кірген дудар бас жас қызға:

— Еркежан, самаурын қойып жіберші, мына кісілер шай ішсін,— деді.

— Әуре болмаңыз, тіпті рақмет. Біз жаңа ғана шай ішіп шықтық,— деп, Нұржан жас емес пе, өзімсініп сөйледі.— Апанның халі қалай? Одан да соны айтсаңшы. Оңалып тәуір боп келе ме?

— Апанның түрінен қорқам. Сол баяғы қалпы. Кісі танымайды. Есін жиған жоқ. Тірі аруақ секілді. Дәрігерлер жазылады деп үміт айтады.

— Рахымды ауруханаға апарғанда бір сәт тілге келіпті, жәбір көрсеткен кісіні таныпты деп естіп едім. Сол не сөз? Ағына жетіп тексерген адам бар ма екен?— Талғат бұған Гүлсараның қалай қарайтынын білгісі келді.— Біреулер сандырақ, елес дегенді шығарыпты. Осының дәлі қайсы?

Гүлсара Талғатқа белгілі әңгімені қысқа айтты да, сөзінің соңында:

— Кісі қайғысын қасірет тартқан ұғады. Бір үйді күйреткен күйік аз ба? Енді бұл қасіретті тағы біреуге жамап, балашағасының обалына қалғым келмейді. Есім ауып отырғанда “сенбеңіз” деген сөз құлағыма шалынғандай болды. Бірақ оның кім жөнінде айтқанын білмеймін. Әлде “Сенбеңіз, өлмеймін” деп айтқысы келді ме, тіпті білмеймін. Рахымның аузынан шыққан ақ сөзін адал жанға қарғыс етіп байлаудан аулақпын,— деді.

Талғат бұдан әрі беймаза сұрақпен әңгімені жалғастыруды қисынсыз көрді. Нұржан екеуі көп аялдамай Сарғабанның сазын аралап жүріп кетті. Бұл маң Қарашеңгелдінің басқа жеріне қарағанда өзгешелеу екен. Қара жолдың еңіске құлаған тұсында қалың қайың басталады. Арасында тал, жидектері де бар. Жалпақ көк сазды жиектеп ағып жатқан өзенге жеткенде сиреп, азая түседі. Өзеннің оңтүстік-батыс жағы мидай көк жазық. Талғат пен Нұржан күні бойы Сарғабанның ойшұңқырын, қылтиған бұтасын үңіле, тінте қарап, Рахымның жатқан маңайына біраз кідірді. Бұл жақты Нұржан жақсы білетін көрінеді. Майор Ділдәбеков екеуі сарапшылармен бірге келіп араласа керек. Талғат пен Нұржан аттан түсіп, жаяу, қатар әңгімелесіп келе жатқан. Жердің беті айқұш-ұйқыш, шым-шытырық. Малдың, адамның жыпырлаған ізі бірінің үстіне бірі түскен. Талғат кілт тоқтап, жүресінен отыра қалды. Таяқ батқан шұңқырды шимен сызып.

— Жоқ, бұл емес,— деді.

Талғаттың не жайында айтқанын Нұржан ұқпады. Төңірекке қарап, әрбір шұңқыр — ізге үңілген Талғатқа:

— Күні бойғы жүрісіміз бекер әурешілік пе деймін, жолдас капитан. Күн кешкіріп қалды. Қайтайық. Бәрібір мылқау дала қылмыстыларды анықтап бермейді. Осы жерді майор скеуміз кезгеніміз бар. Дәнсеме таппадық,— деді.

Талғат жас шәкіртінің күдер үзген, дәрменсіз үмітқылығын шенемеді. Орнынан тұрып, атын жетелеп, жаяу жүрді. Өзі төмен қарап, жер сүзіп келеді.

— Қылмыстыларды тұтатындай көмек таппасақ біз несіне жүрміз, Нұржан? Соны айтшы?— деді.

— Осы қара жер көмектеседі дегенге сенбеймін, тіпті миыма кірмейді.

Талғат кілт тоқтап, қолын көтеріп, Нұржанның кеудесіне алақанын тақап:

— Тапжылма, осылай тұр,— деді де, өзі отыра қалып, кішкене шұңқырды шимен сызып, белгілер жасай бастады.— Гипс қайда? Шапшаң, бері әкел.— Талғат әлгі шұңқырлардың бірнешеуін гипске таңбалап алды. Көңілденіп орнынан тұрды.— Нұржан, сен мылқау даланың қандай көмегі бар деп, күмәнданған едің. Көрдің бе, қылмыскердің қандай адам екенін дәл анықтап берді.

Нұржан еш нәрсенің жайын түсінбеген еді. Талғаттың әлгі сөзіне:

— Жолдас капитан, мені күлкі етейін дедіңіз бе?— деп, ренжіп қалды.

— Сен мына таяқ батқан шұңқырды анықтап қарап алшы,— деді Талғат Нұржанның иығынан құшақтап.— Саған дамыл бермеген себебім, мен күні бойы осы шұңқырды іздеп жүрдім. Енді Рахымды өлтірген қылмыскердің біреуі бізге белгілі. Оның бір аяғы жоқ, күпшекттей ағаш аяқпен жүреді. Ағаш күпшектің темір өкшесінің жерге батқан таңбасына қарағанда кесек, ірі денелі адам. Салмағы 85—90 килограмм. Сірә, алпыстың айналасындағы жасы келген кісі секілді.

Талғаттың сөзін тыңдап тұрған Нұржан:

— Жерге батқан ағаш күпшектің таңбасынан оның салмағын білдіңіз делік. Мұндай ілімнен хабарымыз бар. Ал оның жасын қалай анықтай қойдыңыз?— деді.

— Бұл жай, логикалық ойдан шыққан түйін. Өзіңе белгілі, кембағал жас адамдар көбіне арнайы жасалған жеңіл протез киеді. Ал мұндай қолдан жасалған ағаш күпшекті салақ үнемқор, пайдакүнем, ескі әдет бойынан кетпеген қарт адам киеді.

Бұлар атқа қонып, “Шұғыла” колхозының орталығына қарай келе жатқан. Нұржан көмейіне тығылған бір сауалын сұрағысы келіп, атын бір тебініп шаужайлап жіберіп, Талғатқа қатарласты.

— Талғат Майлыбаевич, Сарғабан оқиғасына байланысты іспен мен де танысқан едім. Онда қылмыскердің кім екені, қайдан келгені жайында бір ауыз сөз айтылмайды. Көрдік-білдік деген адамды кездестірмедім. Сіз қылмыскердің кембағал екенін, күпшекттей ағаш аяқпен жүретінін қайдан білес қойдыңыз? Әлде біреулер сізге айтты ма? Құпия санамасаңыз, айтыңызшы,— деді өтініп.

— Маған ешкім де қылмыскердің ағаш аяқпен жүретінін айтқан емес,— деді Талғат таңқалып қалған жас шәкіртіңе

қарап.— Байқасаңыз, адам ойынан жүйрік, ұшқыр нәрсені көре алмадым, Нұржан. Мұнда пәлендей сиқырлық сыр жоқ. Өзің оқыған, көрген фактілерді жинақтап, содан қорытынды жасадым. Есіңде ме, сарапшылар Көкмойнақтың қызыл иегіне ағаштың кішкентай жаңқасы кіргенін айтқан. Мен әдет бойынша “Қандай жаққа? Жас ағаштікі ме?” деп сұрай салдым. Сол сәтте ол сұраққа өзім де мән бермедім. Жабағымен әңгімелесіп отырғанда “Келі сияқты ескі ағаштың жаңқасы” деген сарапшы Мәруа Ибрагимованың сөзі есіме түсті. Көкмойнақ иесін арашалауға ұмтылып, қылмыскердің біреуін қапқан кезде тісі ағаш аяққа тиген. Қызыл иектегі жаңқа содан қалған деген тоқтамға келдім. Өзімнің осы долбарымның дұрыс-бұрыстығын анықтау үшін мен күні бойы ағаш аяқтың өкшесі батқан шұңқырды іздеген едім. Оның қалай табылғанын өзің көрдің.

— Қылмыскердің біреуі жайында көзбен көргендей ұғымды тілмен дәл айттыңыз. Сіздің ойыңызша, қылмыскер бірнешеу секілді.

— Бірнешеу емес. Не бары екі-ақ адам.

— Екі адам дейсіз бе? Сонда екіншісі кім?

— Бұл жөнінде тиянақты пікірге келгенім жоқ, Нұржан. Ой айқындалғанда бәрін айтып беремін.

— Мен де естіген, көргендерімнен қорытынды жасап, сізге айтып берсем қайтеді?

— Шын ықылас пейілмен тындайтын болам.

Сол күні кеште олар қалаға жүріп кетті.

ҮШІНШІ ТАРАУ

Бас дәрігердің кабинетіндегі телефон ұзақ шылдырлады. Есік ашық еді. Медсестра жүгіріп барып трубканы көтерді.

— Сізді тындап тұрмын.

Жауап естілмеді. Ендіккен демі сезіледі. Жүрегінің талмасы бар аурулар, жазатайым оқиғаға ұшыраған адамдар әдетте ауруханаға тура телефон соғады. Сондай кісілердің бірі ме деп Аида қайталап сұрады.

— Бұл аудандық аурухана, сізге кім керек?

Трубкадан біреудің қырылдаған үні естілді.

— Кешіріңіз, маған бас дәрігердің өзі керек еді. Шақырып жібермейсіз бе?

Аида бас дәрігердің атын атады.

— Сізге Цой керек пе?— Сестра мақұлдаған дауысты естіп:— Борис Вениаминович палаталарды аралап, обход жасап жүр. Кейінірек хабарласыңыз,— деп еді, бейтаныс адам:

— Айналайын сестра, мен жолаушы адам едім. Вокзалдан сөйлеп тұрмын. Бес минуттан кейін поезд жүреді. Егер сіз қазір барып шақырмасаңыз, мен ескі досыммен тілдесе алмай қаламын. Ексумізге обал жасайсыз. Сізден өтінем, бұл үшін бас дәрігер сізді сөкпейді,— деп, қиылып сұрап тұрып алды.

Цой бұл өңірге аты белгілі дәрігер, хирург. Қала халқы оны жақсы таниды. Дертті қатты кісілерге өзі барып, ем жасап тұрады. “Цойдың қолы жеңіл. Емі тез қонады, оның пышағынан шетінген жан кемде-кем” деген лақап ел арасына тарап кеткен. Жүрісі жеңіл, мінезі сыпайы. Оның бір әдеті кісінің бетіне тура қарап сөйлеседі. Тұнжырап, төмен қарап тұрады. Аурухана қызметкерлері Цойдың біреуге зекіп, ұрысқанын көрген емес. Әйткенмен одан қатты сескенетін. Цой өзіне жақпай қалған кісіге қысық көзін қадап, күлген тәрізді тісін ақситады. Танауы жыбырлайды. Аппақ тісін шықырлатып шапшаң бұрылып кетеді. Цойдың мұндай “күлкісіне” іліккен адам ауруханада ұзақ тұрмайды. “Өз еркімен” жұмыстан дереу босанып кетеді. Арызданып, әділет іздегендер өздері шатылып, сотты боп, бәлеге ұшырап жатады. Әйтсеуір, оның бүкіл ауданға беделі өтімді. Цойдың осы мінезін білетіндер оның шеніне жоламайтын. Медсестра Аида Глухова да сондай еді. Ол бас дәрігермен кездесуге қорқатын. Жұмыс бабымен тілдесе қалғанда, қызарып, қысылып, әрең тыңдайтын. Тезірек кетуге асығатын. Енді ойда жоқта, тамам аурудың көзінше Цойды жұмысынан бөліп, телефонға шақыруы керек. Егер ол жақтырмай, қысық көзін қадап, тісін ақситып күлсе қайтеді?

Аида телефон трубкасын көтергеніне өкінді. Соншама ебселектесп, Цойдың кабинетінде не жұмысы бар десеңші! Ал телефонға шақырмай қойса қайтеді? Өйтсе, тағы бәлеге ұшырауы мүмкін. Бөгде адам жанын қоятын емес. Цойдың өзін білетін кісідей сөйлеседі.

Аида жүрегі лүпілдеп, қорқып, палатаға зорға кірді. Цой аурулардың сырқатын баяндаған емдеуші дәрігерге қысқа нұсқау беріп жатыр екен. Төсекте жатқан аурулар жым-жырт. Жанына батқан дерттен Цой арашалап алып қалатындай

жалынышты көздерімен жалтақтай қарайды. Егер біреу осы сәт бас дәрігерге қарсы дау айта қалса, өзінікі дұрыс болса да мына аурулардың арасында күнәкар саналар еді.

Ауруханада Цоймен бірге Айша Сейітқұлова дейтін дәрігер істейтін. Қалалық ауруханада жұмыс істегеніне жиырма жылдай болып қалған. Ол Алматыдағы медицина училищесін, сонан соң медицина институтын бітіріп, Бестөбеге келсе керек. Содан бері үздіксіз жұмыс істеп келеді. Аида қазақ арасында өсіп, қазақша білетіндіктен оны “Айша апай” деп атайтын. Цой кісінің үрейін ұшыратын суық күлкісімен Айша апайға талай ыржия қараған-ды. Бірақ Цойдың залым күлкісі Айша апайға дарымай-ақ қойды. Айша Сейітқұлова бас дәрігердің кеңесін мұқият тындайды да, бірақ оның айтқанының бәрін қолданбайтынын Аида жақсы білетін. Қазір Айша апай бас дәрігердің кеңесін ықылассыз тындап тұрғанын байқады. “Осы кісі Цойдан несіне қорқады екен? Жоғары білімі бар. Кез келген жерде жұмыс істей алады. Цойдың қатесін бетіне басып неге айтпайды екен?” — деп ойлайтын. Бірақ бұл ойын айтуға өзі батпайтын. Айша апайға айтқан сөзін Цой естіп қоятындай көрінетін.

Аида бас дәрігерге жай басып, қасына тақағанда екі-үш қазақтың өзара күңкіл сөзін естіді:

— Пай-пай, шіркін білгіш-ау! Қарашы, емдеуші дәрігердің қатесін тауып көрсетіп жатыр.

— Осы кісінің қолынан пышақтан кеткен адам кемде-кем дейді ғой.

— Әй, болса болар.

— Осының тәуіптігі бар деп жұрт айтып жүр. Анау Жұрынбаев деген райфоның әйелінің пұшпағы қанамаған екен. Осыған қаралып жүрген көрінеді.

— Бәсе, сондайы да болар, түрі сондай.

— Ей, сендер қызық екенсіңдер, — деді үшінші қазақ сөзге килігіп. — Бекер кісіге ауданның ауруханасын билете ме? Бұл кәріс білімділігінен алып жүр ғой. Өзінің түрін қарашы, айбатынан кісі сескенгендей сұсты, қасындағы дәрігердің аузын аштырмайды. — Қазақтар аңқау кісіше сөйлеген болып, Цойдың өзіне естірте мақтап жатыр. Цой құлағын түріп тұрған секілді. Бұлардың қасынан кетпей тұр. Дәл осы кезде Аида бас дәрігердің қасына келіп, ақырын үн қатты:

— Сізді телефонға сұрайды.

Цой қабағы түйіліп жалт қарады:

— Сіз қолымның бос емес екенін көріп тұрсыз. Неге айтпадыңыз?

— Білемін... Ол кісі жолаушы көрінеді. Сізді шақырып бер деп қатты өтінді. Шақырмаудың қисынын таба алмадым.

— Ол қайдан телефон соқты?

— Вокзалдан.

Цойдың өңі бұзылып, сұрланып кетті. Өзінен-өзі жұлқынып есікке барды да, тұтқаны ұстап тұрып, артына бұрылды:

— Айша Сейітқұловна, өзіңіз обход жасай беріңіз. Сірә, менің қолым босамайтын шығар.— Әлгінде өзін мақтаған қазақтарды ымдап көрсетіп:— Жаңа дәріні қосып укол жасап көріңіз. Бәлкім, жарасы тез тартылар,— деді де, кабинетіне қарай асыға басып кетті.

Айша Сейітқұлова палатаның ортасында состыып тұрып қалған Айданың қасына келіп, қолтықтап, палатадан ертіп шықты.

— Бас дәрігердің тосын киліккен кісіні жақтырмайтынын білесің. Әсіресе өзін мақтап жатқан сәтте біреудің араласқанын мүлде ұнатпайды. Осыны ескермеген екенсің, қызым.

— Бас дәрігер аурулардың сөзін қайдан ұғады? Олар қазақша сөйлеп жатты ғой.

— Ол қазақша түсіне ме, жоқ па? Онысын білмеймін. Бірақ Цой қазақша сөйлегенде құлағын түретіні хақ.

— Мен мұны байқамаған едім. Онда Цой науқас кісілердің сөзін түсінбедім деп маған аудартатыны қалай?

— Бастықтардың бұқарасы ұға бермейтін бүкпе сыры болады. Бұл жолы оңай құтылсаң жарар еді, қызым. Цой тым қатты құбылып кетті ғой.

— Жолаушы адам екен. Жолымнан қалып барам деген соң, бетін қайтара алмадым.

— Цойдың мінезін білесің. Жалпы, көзге түсе бермегенің жақсы.

— Жұмысымды адал атқарып жүрсем, ол маған не істей алады дейсіз?

— Жұмысты адал атқарсам дейсің-ау, қызым. Адалдықпен қоса билік те барын ұмытпа. Ал билік ниеті бұзық адамның қолына тисе, ол істің ақ-қарасына қарамайды. Билікті өз қалауынша қолданады.

— Біздің Борис Вениаминовичті ниеті бұзық кісі демексіз бе?

— Мен олай деп айтқаным жоқ. Бірақ ол тұйық, жұмбақ жан. Абай бол, қызым,— деп Айша Сейітқұлова Айданың маңдайынан сипады.

Бұл кезде Цой мен “вокзалдан” телефон соққан адамның арасында мынадай әңгіме болып жатқан еді.

Цой трубканы көтеріп:

— Ие, мен сізді тыңдап тұрмын, – деді.

— Цой жолдас па?

— Ия!

— Мен көп жылдан бері демікпе ауруына шалдығып жапа шегіп жүрген жан едім. Сіз соны емдеудің әдісін тапты деп естіп, әдейі жолаушылап келем. Ауруым күн санап асқынып барады. Қабылдай аласыз ба?

— Демікпе ескі ауру. Бұл дерттің емін таппай, әуреге түскен ғұламалар аз емес. Біз дала дәрігеріміз. Қолымызда қазіргі заманның аспаптары жоқ, әйтеуір, бірдемені долбарлап жасаған боламыз. Сірә, менің жасаған емім сізге қонар ма екен?

— Оны сіздің ықыласыңыз біледі.

Цой үстіндегі ақ халатын шапшаң шешіп, киім ілгішке ілді де, күздік пальтосын қолына ұстап, кабинеттен асыға шықты. Есіне әлдене түсті ме, сәлдең соң қайта оралды. Трубканы көтеріп таксиге телефон соқты.

— Такси ме? Маған шұғыл машина керек еді.

Бұл кезде Талғат пен майор Ділдәбеков тура сым арқылы Алматымен, полковник Дайыровпен сөйлесіп жатқан. Талғат “Шұғыла” колхозына барған сапары, өрісте қалған ағаш аяқтың ізі, қылмыстылардың біреуі кембағал екені жайында өзінің ойын, долбарын баяндап шықты. Рахымның өліміне Тілеуовтың қатысы жоқтығына көп сенімді дәлелдер келтірді. Рысбектің Рахымға жолыққан уақыты мен Рахымды жаралаған мезгіл арасында алшақтық барын айтты.

Осы тұста полковник Талғаттың сөзін бөлді.

— Бұл жайында ойыңыз қалай?

— Рахым қылмыстылармен кездейсоқ кездескен. Және медицина сарапшылары көрсеткендей, үстіне түскен жара таңбаларға қарағанда Рахымды тілгілеп, қатты қинаған. Соған қарағанда ол қылмыстылардың құпиясын білетін болуы керек.

— Қандай сыр болуы мүмкін?

— Бұл жұмбақты шешуге тырысамыз, жолдас полковник.

— Трубканы майор Ділдәбековке беріңізші.

Майор трубканы жалма-жан алды.

— Сізді тыңдап тұрмын, жолдас полковник.

— Сәлеметсіз бе? Жағдай қалай?

— Жұмыста аздап ағаттық жасап алған сияқтымыз, жолдас полковник. Ол мінімізді капитан Майлыбаев түзетіп жіберді.

— Алдағы жоспарыңыз қалай?

— Осы “Ойынға” Рысбекті тартсақ па деген ойымыз бар.

— Ең алдымен Рысбек Тілеуовті тергеуден дереу босатыңыз. Кешірім сұраңыз. Екіншіден, бұл іске оны қосу ойыңыз болса, оның жеке келісімін алыңыз. Түсінікті ме?

— Құп болады.— Майор трубканы ілді де, Талғатқа қарап:

— Сарғабанға барғанда ізінде белгісі қалмаған қылмыскер қайдан табылсын деп үміт үзген едік. Сонан соң Рысбекке жармастық. Бұл ісіміздің бұрыстығын өзің аштың. Сіз Тілеуовпен сөйлесуді қалаған едіңіз ғой. Қазір шақырайын,— деді де, кнопканы басып, Тілеуовті алып келуге бұйырды.— Оны ақтап шығарған өзіңіз ғой. Ол да ақтаушысын көрсін. Мен аудандық прокурормен сөйлесіп қайтайын.

Аз уақыттан кейін күзетші еңкіштеу келген, иықты, орта жастағы кісіні алып келді. Ұстарамен алған шашы тікенектей өсіп, басын үрпитіп тұр. Қою сақалы ұйпалақтанып қалған Талғат күзетшіге:

— Сіз бара беріңіз. Қажет болса шақырамын,— деді де, босағада состиып тұрған Рысбекке алдында тұрған орындықты нұсқады.— Отырыңыз. Танысып қояйық. Аты-жөніңіз кім?

— Анау, сары шапақ тергеуші айтпады ма? Өзі ұмытып қала ма, көрген сайын менің әкемнің атын сұрайды. Білгіңіз келсе айтайын. Атым — Рысбек, әкем аты Төлеу.

— Өте жақсы, менің атым Талғат, фамилиям — Майлыбаев. Біз таныстық қой деймін. Ал енді Рахымды пышақтаған күні өріске баруыңыздың мәнісін айтыңызшы.

— Азамат тергеуші дейін бе, қалай атайын сізді?— деді Рысбек басын сипап.— Мен алғаш не үшін ұсталып қамалғанымды білмедім. Осында, сіздің алдыңызда жауап алған тергеушінің сөз ыңғайына қарағанда Рахымның өліміне қатысы бар, қылмыскер деп көрсетіп, жауаптағысы келеді. Адалдығымды айтып, ақтала бастасам, өткендегі міндерімді алдыма көлденең тартып қояды. Шыныңды айт, жазан жеңіл болады дейді. Шынымды айтсам, ақырып онымды өтірікке шығарады. Бұрын кінәм болған. Мойындаймын. Төбелесіп түрмеде жатқаным рас. Бірақ мен кісі өлтіруден аманмын.

Осы кезде кабинетке майор Ділдәбеков кірген еді. Орнынан тұрып, ілтипат көрсеткен Талғатқа:

— Әңгімеңізді жалғастыра беріңіз,— деп, өзі оның қасына отырды.

Майор Ділдәбеков келгенде Рысбек бөгеліп қалған еді. Талғат оғын:

— Сіз менің сұрағыма жауап бермедіңіз,— деді.

— Ие, сөйтпін тергеуші менің кісі өлтіруге қатысым барын қалап, солай ыңғайлай түседі. Тойда Рахымға ренжігенімді салық етеді. Ағайын арасында болатын ұсақ кикілжіңнен үлкен бәле шығарғысы келеді. Сол күні неге өріске бардың дейсіз ғой? Айтайын. Мен сол баланың әкесімен дәмдес, көңіліміз жақын болған адам едік. Ақылдыны күдай тез көреді ғой. Ол соғыстан қайтпады. Мен бір аяғымды беріп оралдым. Сол бала үйленеді деп естігенде қуанышып қойныма сыймады. Неге қуанбассың, бір үйдің түтінін түтетіп отырған жалғыз көз ғой. Әйелмен ақылдасып, тұмса туған қызыл қашардан торпақ бар еді соны ал, тойыңа жарат деп лепілдеп бармайын ба. Шешесі екеуі төрде шай ішіп, әңгімелесіп отыр екен. Менің аузым арақтан босайтын күні бар ма, тәйірі. Таңертеңгісін қызыл шараптан жұтып алғанмын. Көңілділеу отырып, тойға деген ағайыншылық ықыласымды білдірдім. Сонда марқұм: “Өздерінде де бала-шаға баршылық. Алда қыс келе жатыр. Соғымға жаратып, талшық етіндер, біз малдағы адамбыз. Мал жетеді”,— деді. Арақ ішкен адамның қайбір түзу сөзі бар деді ме екен деп, ішімнен ренжіп қалдым. Кемсіткендей көрінді. Арақ ішіп алған соң, әлгі өкпем өрши түссе керек. Тойға қарамай өкпелеп кетіп қалдым. Жұрт қайбір түзу ойынды ұға береді дейсің. Рахымның тойын көре алмағандай көрініппін. Кейін есімді жинаған соң, ісімнің теріс екенін ұғып, баладан кешірім сұрағым келді. Менің өріске бара жатқанымды Сарбайдың баласы Ақжолтай көрген. Ол арақ дәметіп, қипалақтап, біраз жүрді де, түк шықпаған соң, орта жолда қалып қойды. Міне, менің өріске барған себебім осы.

— Сіздің барғаныңызды Рахым қалай көрді?

— Ол бітімі бөлек бала еді ғой. “Ей, Рахым, мен сорақы іс жасаппын. Қызығынды көре алмағандай болыппын. Бұл өкпем түзу ниетімнен шыққан еді. Оны өзің білесің. Әйткенмен мен айыптымын. Әкеңмен құрдас едім. Шашымның ағы бар. Алдыңа келдім, әкем. Кешір мені”,— дегенімде,

атын шаужайлап жіберіп, қатарласып келіп, иығымнан құшақтады: “Ой, Рыке-ай, қайдағыны айтады екенсіз, дырдусыз тойдың қызығы бола ма?” — деп, менің теріс сөзімді түзу қып қойды. Әйел екеумізді кешке қонаққа шақырды.

— Рахымның қонаққа шақырғанын жұбайыңызға айттыңыз ба?

— Кейде арақ есіртіп, бой бермей кеткенде болмаса, әсте әйелдің айтқанынан шықпаймын. Оған Рахыммен татуласқанымды айтқанымда қуанып қалды. “Елдің бетіне қарай алмай жүр едік. Адамшылық жасапсың”, — деп, жартылықты өз қолымен алдыма әкеп қойды. “Осы итте әкемнің құны кеткен жоқ. Жүдә, абыройдан жүрдай етті. Қойдым, әйел! Ішпеймін”, — деп стақанды лақтырып жібердім. “Ой, бейшара, адам боларсың”, — деп әйелім жымың-жымың етті.

— Бұл айтқаныңыз мына протоколдың ішінде неге жоқ? — деді Ділдәбеков қағаздарды аударыстырып. — Әлде жаныңыздан жаңа қосқан аңызыңыз ба?

— Айтпайын деген мен бе екен? Жөн сөзімді жалғай бастасам, анау тергеушің: “Сен маған ертегі айтуды қой. Одан да Рахым сені иығыңнан құшақтап тұрғанда оған қалай пышақ салып алғаныңды айт”, — деп, бәлесін үйіп сөйлеткізбей қояды.

— Сонан соң? — деді Талғат орнынан тұрып. — Әңгімеңізді жалғай беріңіз.

— Не деп едім? — Рысбек шекесін ұстады. — Ие, әлгіден соң әйелімнің дегбірі қалмады. Мен араққа салынып, лағып кетсем бала-шаға тозбасын деп жинап жүрген ақшасы бар екен. Соны сандықтың түбінен алып, магазинге жүгірді. Келін аяғының астына төсесін деп 120 сомның түкті кілемін әкелді.

— Біз оны білеміз. Жұбайыңыз Патшайым сатушыға ол кілемді кімге арнап алғанын да айтқан.

— Сіз біздің ауылға барып па едіңіз?

Талғат естімегендей сұрақ қойды:

— Тағы не айтасыз?

— Ей, шырақ, тірі жан өлмей тұрмайды. Өлімнен қорқатын мен емес. Менің бес балам бар. Әкесі қанішер еді, туысын өлтіріп, сотты боп кетті деген даттан қорқамын. Әулетімнің бетіне шіркеу келе ме деп қорқамын. Мені ұрпақтан-ұрпаққа тарайтын осы лағынет қарғыстан құтқар. Тілегім осы. Сонан соң дарға ассаң да мейлің. Сол жазаға риза екеніме тіл хат берейін.

— Біз кісі жазаламаймыз. Қылмысты іздеушіміз. Ал осы іске, Рысбек аға, сіздің көмегіңіз керек,— деді Талғат.

— Қарағым, не дедің? Қайта айтшы.

— Сіздің көмегіңізді тілейміз,— деді майор Ділдәбеков. Рысбек төмен қарап көзінің жасын сығып алды.

— Шын айтасыздар ма? Рысбек әділет жолында жанын құрбан етуге әзір.

— Сізді Рахымның өліміне байланысты қамағанымызды білесіз. Мынау алдыңызда отырған жас жігіт Сарғабанда болып, оқиғаны зерттеп, мұның теріс екенін дәлелдеді. Біз ағаттық жасапмыз. Бұл үшін кешірім сұраймыз,— деді майор Ділдәбеков Талғаттан көз алмай қарап қалған Рысбекке.— Ал осы інің көмек сұрайды.

— Рахымды өлтірген қан ішерлерді тапсаңыздар, мен осы жерде қанша отыр десеңіз де жалықпаймын. Жарқыным, сол залымдарды мына ел-жұрттың алдына алып келіп, көрсетіндерші! Мені қалай жұмсаймын десеңіз де еріктеріңіз білсін. Мен әзірмін!

Аздан соң күзетші қамаудағы кісі секілді Рысбекті алып кетті.

Быжы өзенінен өте берісте жерден қазған құмды қиыршық тастардан ажыратып, елеп жатқан карьер бар. Құмы ма, тасы ма, қайсысы пайдалы екенін кім білсін? Екеуі де тау-тау болып үйіліп жатыр. Осы төбелердің қалқасында, жарқабақтың астында жалғыз жер там бар. Төбесіне ермен өсіп айналасын құрай басып қалған. Қаңырап қалған ескі мола тәрізді. Цой машинаның ұзап кетуін күтіп тұрды да, әлден соң, жер тамға қарай бет алды. Жер там кезінде екі бөлмелі етіп жасалған екен. Ауызғы үйдің бір жақ бұрышы құлап, топырағы үйіліп жатыр. Цой одан әрең өтіп, түпкі жақтағы есікті ашты. Балшық сәкінің үстінде балтыры мен санындағы ырсиған жараларын таңып отырған дүрдей толық кісіге:

— Борис Натанович, қолға түскің келді ме?— деді сыздана сөйлеп.— Шаңқай түсте телефон соққаның қалай? Саған жұрттың көзіне көрінуге болмайды деп айтқаным қайда? Милиция қарап отыр екен деп ойлама! Жалғыз аяқпен шойнаңдап жүргенде тыпыр еткізбей ұстап алады. Осыны да ұқпайсың ба?

— Менің аяғымда жұмысың қайсы. Білсең, сенің мәртебеңді көтеріп, ұшпаққа жеткізіп жүрген осы сыңар аяқ. Құдайыңды ұмытпа!— Ол жалғыз балдаққа сүйеніп орнынан

тұрды. Бүгіліп тұрса да бойы тамның төбесіне жетеді. Қозғалғанда салалы саусақтары жаңа балдақтың тұтқасын сықырлатып жібереді. Ол қалың қабағы астынан алара қарап:— Үңгір-үңгір деп жүріп бар алтынды жоғалттық. Сол бәлені қалай ойлап тапқаныңды білмеймін. Өзін тірідей алып кетейік, кейін тілін шығарамыз деп құдайдың зарын қылдым. Қазір әкеп берсең, ол шешесінен тірі туғанына өкінер еді. Сенің ақылыңды тыңдаймын деп алты килограмм алтыннан айырылды. Бұл қанша екенін білесің бе? Жүз жиырма мың сом таза ақша!— деді де, дірілдеп отыра кетті.

— Алтынды алғаны, жасырғаны үшін ол өмірімен қоштасты.

— Маған оның өмірінің бір тиынға керегі жоқ. Мен сол алтын үшін алты қойшыны құрбан етсем де өкінбес едім. Маған ақша керек. Түсіндің бе? Ақша!

— Борис Натанович, жоғалған нәрсе қайтып келмейді. Қазір бас амандығын ойлайық. Сенің не үшін телефон соққаныңды білгім келеді. Бұлай ету екеуімізге де қауіпті,— деді Цой сабырлы үнмен. Самсонов оған діні жуас, момын адам көрінген. Алтыннан айырылғалы аяқ астынан еліріп, есі кетіп, ашу шығаратын болды. Бұрқырап сөйлеп, ақыры ақылға келеді. Ол Самсоновтың жуасығанын байқап:— Сіз, Борис Натанович, ренжімеңіз. Біздің сөзімізді тыңдауы ықтимал. Бұдан былай телефонға жоламайық.

— Уәде бойынша сені мазаламаймын деп едім. Бүгін таңертеңгісін осында екі адам келіп кетті. Сөздерін шала естідім. Карьердің жұмысшыларына ұқсайды. Осы үйді жөндеп, қажеттеріне жаратқысы келе ме, қалай? Әңгіме әлпеті солай көрінді. Карьер қайта жұмысқа қосылса, мұнда бір минут қалуға болмайтынын білесің.

— Шапшаң жиналыңыз. Мен әрі кетсе, жарым сағаттан кейін ораламын.

— Қайда барамыз?

— Біздің үйде тұрасыз.

— Қатын-балаңды қайтесің?

— Кеше кешкі пойызбен Қызылордаға жібердім. Туыстарына кетті. Әзірге қайтпайды.

Цой айтқан мезгілінде келіп, Самсоновты алып кетті. Ол қаланың шетінде, бау-бақшалы үйде тұратын. Аула төңірегі биік тақтаймен қоршалған. Оның үстіне жебе темір жүргізілген. Цой машинаны қораның ішіне кіргізіп, қақпаны жапты да, Самсоновқа үйге кіруге белгі берді.

Самсонов диванға жайласып отырғаннан кейін, теріс қарап, серванттан коньяк алып жатқан Цойға көз қиығын тастап:

— Құдай үшін ағаш күпшегімді әкеп берші. Мына ши бұт балдағыңмен жүре алатын емеспін. Қолтығымды әбден қажап бітті.

— Мен оны отқа тастадым.

— Әзілің бе бұл? Ағаш аяқпен ойнама, ол менің кәрі серігім.

— Сондықтан да оны отқа жақтым.

— Сен шын айтып тұрсың ба?

— Оған өкінбе, Борис Натанович. Милицияның жұмысымен аздап таныстығым бар. Олардың екі күн бойы Сарғабанның сазын аралап, қойшы жатқан жерлердің айналасын суретке түсіріп алғанын білемін. Сау аяқтың ізі тапталғанмен ағаш аяқтың темір өкшесінің жерге батқан шұңқыры сақталып қалуы мүмкін. Салмағыңыз да әжептәуір. Ағаш аяқ өртенді екен деп өкінбеңіз, ол Борис Натановичке өз қызметін жасап кетті.

— Сол жалпақ даладан алақандай шұңқырды таба қояды деп ойлайсың ба? Және қойшыны өлтірген ақсақ адам екенін, оның бір аяғы жоқтығын олар қайдан біледі.

— Құдайдың өзі де “Сақтанғанды сақтаймын” деген.— Цой коньяк құйып көтергенде, Самсонов:

— Кәне, не үшін көтереміз?— деді.

— Бұл жолы да қырағы милиционерлерді біздің қарапайым Борис Натановичтің оңай алдап кеткені үшін көтерейік.

— Қалай? Түсінбедім.— Самсонов рюмкасын жерге қойды.— Мынауың жүрегімді жыбырлатып, ішімді жылытып барады. Жұмбақтамай дұрыстап айтшы.

— Милиция Сарғабанда қойшыны өлтірген қылмыскерді тауып, міне, бүгін үшінші күн тергеу жұмысын жүргізіп жатыр. Кісі өлтіруші Рысбек Тілеуов, бұзақылығы үшін бұрын түрмеде отырған маскүнем. Былайша айтқанда, сенімсіз адам. Бұл хабарым ұнай ма, саған?

— Сен шын айтып тұрсың ба?

— Мұндай іспен кісі әзілдемейді.

Самсонов рюмканы қағып салды да, аузын жеңімен сүртіп, аяғының күлтесін шошаң еткізіп, диванға шалқалақтап құлай кетті. Қарқылдап күледі.

— Милиция соңыма түскен қызыл көзім бе десем, менің “қорғаным” екен ғой. Қылмыскерлерді дәл тапқанын

қарамайсың ба? Бұзақы. Бұрын түрмеде отырған. Милицияның барлық статьясына сай келеді. Қане, мықты болса арашалап көрсінші оны! Аты-жөні қалай? Тілеуов дедің бе? Сен мұсылманша білесің ғой. Ол не деген сөз?

— Сұрау деген мағынаны білдіреді.

— Онда құдай тілеуін берейін деген екен. Түрмеде шіриді десеңші. Ха-ха!

Арада бір күн өткен. Цой есіне әлдене түсіп, шошып кетті. Рахымды қабылдау бөлмесіне әкелгенде ол өзін азаптаған адамды көрсеткен жоқ па еді? Сонда қасында Глухова тұр еді ғой. Осы уақытқа дейін мұны қалай аңғармаған? Цой шапшаң киініп, ауруханаға беттеді. “Мен қандай ақымақпын. Қас дұшпаным көз алдымда тұрғанда жайбарақат мәз-мейрам боп жүрмін” деп, жолшыбай өзін-өзі сөгіп келеді. Осы бойда ауруханаға жеткенін де сезбей қалды. Кабинеті ашық екен. Aidаның үй сыпырушы Қаракемпірге айтқан сөзін естіді:

— Апай, осы жерден өтсем, Вишневскийдің майы мұңк етіп, мұрныға иісі келеді. Сіз иісін сезесіз бе? Оны кабинетке кім әкеліп жүр?

— Қайдан білейін, шырағым. Үйді жинап жүрмін, бір жерге тығып қоймаса, төгіліп жатқанын көргенім жоқ. Лөктірдің өзінен сұрасаңшы.

Цой қалтырап, сұрланып кетті. Самсоновтың жарасын таңуға Вишневскийдің майын алып, кеше ол телефон соққан кезде есі шығып жүріп, ұмытып кабинетте қалдырғаны есіне жаңа түсті. Ол состыып тұрған Аидаға:

— Глухова жолдас, мен сізді ылғи кабинет тұсында бос жүргеніңізді көрем. Медсестраның орны аурудың қасы емес пе? Әлде менің орныма отырайын деп пе едіңіз?— деп, тісін ақситты.— Егер жұмыс істегіңіз келмесе, қолыңызға сыпырғы берейік. Бізге аула тазалайтын қара жұмысшы керек.

Жарты сағаттан кейін коридордың ішіндегі қара тактаға бас дәрігердің бұйрығы ілінді. Медсестра Аида Глухова соңғы рет ескертіліп, қатаң сөгіс жарияланған. Тағылған айып, жұмысына салақ қарайды. Дөрекі... Аурулардан шағым жиі түседі. Бұрын оған ескертілсе де, ол қорытынды шығармаған, тағы сондайлар. Бұйрық аурухана қызметкерлерінің арасында күнкіл әңгіме туғызды. Жас қызға обал, қиянат жасады десті. Бірақ ешқайсысы бас дәрігерге батып, сөз айта алмады. Қайта Оның көзінше: “Осы күнгінің жасы қиын. Өстіп тыйып қоймаса, бетімен кетеді”,— деп, қостап мақұлдағансып қойды.

Айша Сейітқұлова кәсіпшілер одағының аудандық конференциясына катысып, жұмысқа түстен кейін келген еді. Ол Айданы әдепті, сыпайы, іскер қызметкер санайтын. Келер жылы институтқа оқуға түсуге кеңес беріп жүрген. Бас дәрігердің қаһарлы бұйрығының мәнісін түсіне алмады. Осының себебін білгісі келіп, сағат алтыға тақағанда бас дәрігердің кабинетіне кірді. Цой Айшаның қандай жұмыспен келгенін сезіп отыр. Жақтырмағанын білдірмеді. Жұмсақ сыпайы үнмен:

— Айша Сейітқұловна, жақсы келдіңіз. Мен сізді таба алмай отыр едім. Ә, айтқандай конференцияда жүрген екенсіз ғой. Біз, міне, жұмыс-жұмыс деп ең болмаса, сондай жиынға да қатыса алмаймыз. Кісі аз да болса тынығар еді,— деп Айшаның қоғамдық жұмыспен жүргеніне мән бермегенсіді.

— Сіз аудандық конференцияны еріккеннің ермегі санайсыз ба?

— Түу, сіз үлкен саясаттан бастадыңыз ғой. Жұмыс аяғы бітті, кісі шаршады деп ойламайсыз. Қалай десеңіз де жиналыс жұмыс емес. Оның нормасын орындамасаңыз, сізді ешкім сөкпейді. Құр дақпырттан гөрі өзіміздің ісімізге тікелей көшейік? Бүгін облыстан телефон соқты. Жуырда бізге комиссия келетін көрінеді. Аудандағы денсаулық сақтау жұмысының жайын тексеретін секілді. Әрине, біздің аурухананың жұмысымен де танысады. Жақсы есепте жүргенмен өзімізге өзіміз сын көзбен қарағанымыз жөн. Әсіресе тәртіп жағына назар аударсақ деймін.

— Жақсы тәртіпті қатал бұйрықпен орнатқыңыз келді ме, қалай?

Цой күлген тәрізді тісін ақситты:

— Сіздің сөзіңізді ұқпадым.

— Медсестра Аида Глуховаға берген бұйрығыңыздың мәнісін ұға алмадым. Соның себебін білейін деп келіп едім.

— Сіз аудан активтері қатысқан жиналысты тыңдадыңыз. Сондағы жаңалықты айта ма десем, үй арасында жоқтаушы боп жүрсіз ғой. Бұл үлкен басыңызға лайық емес.

— Аида жас адам және жақсы қызметкер саналады. Бұйрықта үлкен айып тағылған.

— Глухованы жақсы қызметкер санатына кімнің қосып жүргенін білмеймін. Әкімшілік шара — кісіні айыптамайды, тәрбиелейді. Түзелсің, жұмысты жақсы істесін деп ескертіп жатырмыз. Бұл басқаларға да сабақ. Сізге жеке адамнан гөрі

бүкіл коллективтің жұмысы қымбат болса керек еді. Бұл пікір теріс десеңіз, бұйрықты бұзайын. Мұндай уақ іспен уақытты алмайық. Оны ешкім жұмыстан қуып жатқан жоқ. Бүгін сөгіс алса, ертең оны алып тастаймыз.— Цой сәл ойланғандай шекесін ұстады.— Ие, айтқандай, комиссия туралы айтқан екенмін ғой. Жақында ауруханаға жаңа төсек-орын береді. Барлық заттарды ауыстыру керек. Бұл үлкен жұмыс. Осыны өз қолыңызға алсаңыз қайтеді? Біздегі қызметкерлердің жайы белгілі. Мұны ұқсата алмауы мүмкін. Оның үстіне жаңа дүниені кім көрінгенге тапсыра алмаймыз.

— Бізде шаруашылықпен айналысатын сестра бар емес пе?

— Мен сестраның жұмысын істе демеймін. Бірақ оған да көз керек. Қалай, келістік пе? Онда жақсы.

— Борис Вениаминович, медсестра Глухованың айыбын білгім келіп еді. Бұйрығыңыздан әділет таппадым.

Цой қалтасынан сағатын алып, Айшаға көрсетті:

— Айша Сейітқұловна, жұмыс уақыты бітті. Менің көңілшектігімді пайдаланбаңыз. Және мені клиент күтіп отыр. Оны қабылдауым керек. Ел кетеді, Цой жұмыс жасайды. Міне, әділеттік деген осы!

Есіктен әйелдің сыңғырлаған әсем үні естілді:

— Борис Вениаминович, мен кешігіп қалғаным жоқ па? Кетейін деп тұрғанымда бастығымыз шұғыл жұмыс тапсырып, шыға алмадым. Сізден кешірім сұраймын.

Цой басын иіп:

— Уақасы жоқ, дәрігер уақытпен санаспайды. Сіз процедура бөлмесіне бара беріңіз. Мен қазір келем,— деді.

Бұл келіншекті Айша білетін. Райфонның бастығы Ахат Жұрымбаевтың келіншегі. Әйелі өліп, осы Аймангүлге үйленген. Аудандық прокуратурада істейді. Хатшы. Бұл екеуінен бала жоқ. Аймангүл Ахатқа ермек тауып берем деп, Цойға қаралып жүрген.

Цой Рысбек Тілеуовты танымайтын. Оның есебі бойынша, егер милиция Тілеуовты қылмысты санап, тергеу ісін онан әрі жүргізетін болса, прокурордың рұқсатын алуға тиіс. Мұны кімнен білуге болады? Сол кезде есіне Аймангүл түскен. Оған күндіз: “Сирек кездесетін аса бағалы дәрі алдық. Жұмыс аяғында соғарсыз”,— деп телефон соққан.

Айша кеткеннен кейін Цой процедура бөлмесіне кірді. Қолын сабындап ұзақ жуды. Аймангүлдің көңіл-күйін сұраған болып:

— Бастықтардың бәрі бірдей қарамағындағы адамдармен санаса бермейді. Кейде бір жаққа баруға асығып тұрғаныңызда, қасақана жұмыс тапсыра қоятын әдеті бар. Қайтесің, амалсыз орындауға тура келеді,— деп күлді.

— Ұсақ жұмыс болса, қарамай кетіп қалар едім. Мынау аса күрделі іс,— деді Аймангүл мәселені өзі шешетін кісідей сөйлеп.— Жуырда Сарғабанда бір қойшыны өлтіріп кетті дегенді естігеніңіз бар ма? Міне, сол қойшыны өлтірген қылмыскерді қамап ұстаған болатын. Біздің прокурорды білесіз. Әр істің әрпін санап шықпай, қағазға қол қоймайды. Алдында майор Ділдәбеков телефон соққанда, оған әжептәуір кінә тағып қамауға рұқсат бермей қойған. Бізде телефон линиясы біреу-ақ қой. Біреумен керіскенде сондай қызықты сөздерін тындап қоямын. Майор Ділдәбеков бір кезде өзі келді. Әйтеуір, біздің бастыққа дәлелдеп жеткізді білем, тиісті қағазын алып кетті.

Цой шприцке новокаин қосқан пенициллинді толтырды, Аймангүлге қолданатын жаңа дәрісі сол

Аймангүлге укол салған кезде Цойға ғажап ой түсе кетті. Қуанғаннан инені батыра түсті. Ие, солай, Рахымның алтынды жасырғаны айқын. Ақсақ Самсонов кетісімен қоян аулаған болып, алтынды іздейді. Оны тауып алса, Цойдың арманы не? Ен байлыққа кенелмей ме? Аймангүлдің күн тұтқан жалаңаш құйрығы Цойға табақтай алтын сияқты көрінді.

Аймангүл киінді. Цойға көзін төңкеріп:

— Темір инеңізді аямай саласыз. Шипасы тиетін бұдан басқа қатты бірдеменіз жоқ па?— деді.

Цой күлімдеп, кәдімгідей дәмеленіп қалды.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Рысбектің ұқыпты жары: “Қыс тақап қалды. Ісі созылып кетіп, жаурап қала ма?”— деп, күйеуінің қыстық киімдерімен қоса, үйде кимеген таза киімдерін де ала келген еді. Рысбек судай жаңа костюмін киіп, Ділдәбеков пен Талғаттың ортасында отыр. Үшеуінің қазіргі әңгімесі бөлек. Рысбек қылмыстыларды ұстауда милицияның айласын анық білмесе де, үлкен іспен шұғылданып жатқанын байқайды. Осыған көмегім тисе екен деп іштей тілейді. Бірақ майор Ділдәбековтың мына сұрағына ойланып қалды.

— Рыке, сіз бүгін сабырлылық жасап, өзіңізге келген келім-кетім кісілерге сыр бермедіңіз. Сөйтіп, сізбен ісіміз өте сәтті басталды. Мына Талғат екеуіміз сізге тағы қолқа салғымыз келеді. Айталық, бір айға, әрі кеткенде бір жарым айға басқа жаққа кете алар ма едіңіз?—деді.

— Бір айға дейсіз бе?— Рысбек тақыр басын сипалады.— Алдымызда қыс келеді. Отын-су керек дегендей. Соғым қамын жасамадық. Балалар қызылсырап қала ма, қалай?

— Патшайым жеңгей осы күнге дейін үй тіршілігін өзі жасап, сізге көп салмақ салып көрген емес сияқты еді. Сізді бір-екі айға жоқтата қоймас деп ойлаймыз. Ал балаларыңыздың тоңбайтынына біз кепілдік берейік.

— Менің осы жерден кетуім сондай қажет пе?

— Қажет болмаса, сұрамас едік.

— Ойпырай-ә, үйдегі әйелге айтып кеткенім жөн-ақ еді. Байғұс, уайымдап бітеді ғой.

— Кезі келгенде Патшайым жеңгейге өзіміз айтамыз,— деді Талғат Рысбектің қобалжығанын байқап.— Ал қазір сыр шашуға болмайды. Өзіңізбен бірге сәтті бастаған істі бүлдіріп алуымыз ықтимал.

— Жарайды, айтқандарыңыз болсын.

— Қайда кеткіңіз келеді?

— Алматыда біздің Күшіктің қызын алған күйеу бала бар еді. Соның үйінде ілдәлай тұрармын.

— Егер жұмыс істесеңіз қайтеді?— деді Ділдәбеков.

— Ойбай-ау, біреудің үйінде жасырынбақ ойнағандай тығылып жатқанша, жарқылдап еңбектенгенім жақсы емес пе? Лайықты жұмыс табыла қойса, оған не жетсін!

— Сіз бір кезде есепші қызметін атқарыпсыз.

— Иә,— деді Рысбек басын изеп.— Бәрін арақ жаңылыстырып жіберді ғой. “Шұғылада” менен озған есепші жоқ дейтін.

— Сіз есеп-қисапты ұмытқан жоқ шығарсыз деп ойлаймын. Жуырда аудан ағаш дайындау үшін Омск жаққа кісілер жібереді. Оларға да есеп ісін білетін адам керек. Бұған қалай қарайсыз?

— Омск маған таныс қала. Соғыстан кейін онда госпитальда жатқан едім. Дәмін татқан жердің жұмысын да жасап көрелік.

Талғат бұдан кейін Рысбекке жүріс-тұрыста кұпиялықты сақтай білудің қажеттігін түсіндірді. Бұдан соң майор

Ділдәбеков екеуі Алматыға телефон соғып Мұқан Дайыровичпен сөйлесті. Полковник қылмыстыларды іздеуде бұлардың айла-тәсілдерін мақұлдағанымен, қылмысты ашудың баяулығын айтып, іске тәнті емес екенін білдірді. Рахымды өлтірген адамның біреуі кембағал, ағаш аяқпен жүреді. Жас шамасы да белгілі. Іздеу ісін осы бағытқа құрған дұрыс деп тағы да кеңес берді. Майор Ділдәбековтен кейін трубканы алған Талғатқа:

— Жолдас капитан, үш күннен кейін сізден жаңа мәлімет күтемін. Қылмыстылар өріске мал ұрлауға бармағаны мәлім. Сонда өз бетімен жүрген қойшыны қинағаны қалай? Бұл жайындағы пікіріңізді жазып жіберіңіз,— деп қорытты ойын.

Талғаттың алғаш айтқан болжамы дұрыс болған күнде, қылмыстылардың бірі құтырғаннан сақтану үшін қайткенмен де дәрігерге қаралу керек еді. Мұндай оқиға емханада дереу тіркеліп, есепке алынады. Полковниктің сөзіне қарағанда соңғы екі жетінің ішінде облыста мұндай жаймен бірде-бір адам емханаға келмеген. Олай болса, Талғат о баста істі шалағай тексеріп, теріс қорытынды жасағаны ма? Бәлкім, ол сыңар аяқты адам емес шығар... Талғат пәтеріне кеш оралды. Үй иелері жатып қалса мазаламайын деген оймен қора жақтан кіріп, жатқан бөлмесінің сыртқы есігін ашпақшы еді. Үй иесінің дауысы естілді:

— Ей, бұл кім? Қайсыларың болса да бері кел. Талғат көше жақтағы қақпаға бұрылды.

Захар Антонович есік алдында, табалдырықтың үстінде темекі тартып отыр екен. Талғатты көріп:

— Ә, бала, аманбысың? Соңғы кезде сирек көрінесің. Осындай демалыс бола ма? Балық аулауға құмармын деп едің. Түнде балық қармаққа оңай түсе ме, қалай?— деп күлді.— Әлде біздің Жетісудың қыздары басыңды айналдырып қойды ма?

— Шынын айтсам, Захар Антонович, басым айналып жүргені рас. Өңшен жұмбақтың ортасында қалып, шешуін таба алмай, қиналып жүрмін.

— Қайратың, жігерің барда басыңнан кешкен қиындығың кейін жас ұлғайғанда естен кетпес қызығың болар. Соны есіңе алып, көңілің тояттап қалады. Кәдімгідей бойыңа қауқар бітеді. Өмірге әлі де үміттеніңе қарайсың. Қазір сенің жігіт ағасы боп, толықсыған шағың. Осы күнде жүнің жығылып, жүдеп түңілсең, ертеңгі қызығың қайсы? Соны айтшы.— Захар Антонович орнынан тұрып Талғатқа жол берді.

Акулина күйеуінің дауысын естіп:

— Әй, Захар, кіммен сөйлесіп тұрсың?—деді. Өзі ас үйдің есігін жартылай ашып, сығалады.

— Жазым боп қалмаса жарар еді деп жоқтап жүрген пәтерші балаң келді. Шайыңды қой, күн салқын, жылынсын.

Акулина амандасты да:

— Балам, қайдан жүрсің? Түнде жүргенде қорықпайсың ба? Осы күні түн түгіл, шаңқай түстің өзі мазасыз көрінеді. “Шұғылада” мынаның Ахмет деген құрдасы тұрады. Кәлпенің кәдімгідей молдасы. Сол ауылдың бір жігітін шаңқай түсте пышақтап өлтіріп кетіпті. Бейшара бала жана үйленген екен. Тіпті обал Шешесі күйікке шыдай алмай, есінен адасып, ауруханада жатса керек,— деп Сарғабандағы оқиғаны көзбен көргендей түгел айтып берді. Бірақ Рысбек жайында ләм демеді. Талғат білмегенсіп:

— Кісі өлтірушіні ұстап па екен?— деп сұрап көріп еді. Акулина сәл ойланып тұрып жауап қатты:

— Милиция сол ауылдың бір адамын ұстап, тергеу алып жатқан көрінеді. Аздап жұтатыны айып демесе, ақ көңіл момын адам секілді еді. Өзіміз соның қиянатын көрген жоқпыз.

— Ей, кімді айтып тұрсың?— деп түпкі үйден күл салғыш іздеп жүрген Захар Антонович әңгімеге араласты.

— Анау, Рысбекті айтам да.

— Оны сөз ғып қайтесің? Өкімет ақ-қарасын өзі ажыратып алады. Кісі жатар алдында қайдағы үрейлі әңгіме айтады екенсің. Зәрені алмай шайыңды әкелші,— деп Захар Антонович күлді.

Акулина етін мол турап, баклажан қосқан бір табақ лағманды әкеп қойды. Талғат табақты сырғытып, әлгінде тамақ ішкенін айтып еді, Захар Антонович:

— Атаң қазақ алдынан ас қайтарып көрген жоқ. Түнде тойып жатпаса, өзегі талып, таң атқанша жаман түс көріп шығады. Сен бізді ренжіткің келмесе, мына тамақты ішпей жатпайсың,— деді. Өзі де бір табақ лағманды алдырып, жеуге кірісті.

Түн ортасында ішкен тамақ ұйқыны ашып жіберді ме, Талғат көпке дейін көз іліндірмеді. Әлгінде қалжырап, ұйқы басып, манаурап шаршаған дене шиыршық атып, тыңайып қалған секілді. Ойы да сергек, бұлдырсыз ашық қалпында әр

жаққа алып қашады. “Қылмыскерлердің айдалада өз бетімен жүрген қойшыға соқтығуы қалай?” деген сұрауына жауап іздейді. Соның шешімін тапқысы келеді. Қылмыстың сипатын анықтамай, қылмыскерді табу қиын.

Полковник айтқандай, бұлар қой ұрлауға келген ұрылар емес. Солай болған күннің өзінде олар мұндай зұлымдыққа бармас еді. Сонда олар кімдер?

Әлде өзеннен балық аулауға келген балықшылар ма? Өзеннен, көлден тормен балық аулауға қатаң тыйым салынғанын бұл жақтың тұрғындары көп біле бермейді. Өйткені балық аулауды кәсіп етпейді. Үйінің іргесіндегі ағып жатқан өзендегі балықты ауламай, бір жегенге жеңсік тамақ деп, қаланың базарынан барып сатып алады. Олай болса, Рахымға кезіккен балықшы да, аңшы да емес. Сонда олар кім?

Талғат орындықтың арқалығында ілулі тұрған пиджагіне қолын созып, қалтасынан блокнотын алып, шапшаң парақтай бастады. Жабағының үйінде отырған кезде және одан кейін істі зерттеу барысында тізген көп сауалдарына көз жүгіртті де керексізін қатарынан өшіре бастады. Солардың арасында әлгіндей сауалдар да бар еді. Ол екі алақанын желкесіне төсеп, кеудесін көтере кең тыныс алып көзін жұмды. Тағы бір сәт өз ойына ерік берді.

Талғат өзінің жұмыс жасаған шағында талай жандармен кездесіп, көптеген қылмыстардың бетін ашты. Бірақ Рахымға көрсетілген азап бұрын-соңды жасалған зұлымдықтардың ешқайсысына тең келмейді. Кісінің жанын қинайтын ауыршаң жерлерді таба білген. Өкпесіне шеге жүгірткен, бас бармақтарының тырнағын жұлған. Сондай азапқа салатындай қандай кінә жасады? Бәлкім, сол тұста қазына ұрлаушылардың жасырын қоймасына кезіккен де, соны алып жатқанда үстінен түскен шығар. Өйткен күнде қылмыстылар оны азаптамай-ақ бірден неге өлтіре салмады? Сөйтіп куәдан оңай құтылуына болатын еді ғой. Олардың бұлай жасамауында бір сыр бар. Бәлкім, ол құпияны қылмыстылар емес, Рахым білген шығар.

“Тап солай!— деп, Талғат орнынан атып тұрды. — Шамамен былай долбарлауға болады. Сол тұста қылмыстылардың бағалы заттарды сақтайтын көмбесі болған. Қылмыскерлердің бір тобы ұрлаған мүлкін осында әксп тастайды да, екінші тобы ол мүлікті алып, оның орнына ақша

қалдырады. Әрине, ол көмбе кісінің көзіне түспейтін, қаға беріс жерде. Сірә, Рахым қылмыстылардың бірінші тобының заттарды көмбеге тығып жатқанын көрген де, олар кеткеннен кейін, оны алып басқа жаққа жасырған және күн сайын өріске шыққанда көмбеге кімдердің келетінін сырттай бақылап жүрген. Қылмыстылардың кім екенін бір-ақ анықтап, ұстап беру ниеті болған. Бірақ қылмыстылардың екінші тобы тыққан затты алу үшін алдымен сол маңды торып байқаған. Жалғыз қойшыдан басқа жанды көрмейді. Өзенге қармақ салған болып, не басқа амалмен қойшының көзінен жасырып, көмбені қарайды. Сол кезде Рахым өзіне төнетін қатерді аңғармай, ұрылардың қасына тасырлатып шауып келеді. Қылмыстылар өздерінің алданғанын біледі. Рахымды ұстап алып, жасырған көмбені шапшаң тауып бер деп қинайды. Егер жасырған мүлік пәлендей құны жоқ, арзан, татымсыз болса, қылмысшылар қойшыға тиіспей өз жөндеріне кетер еді. Олай болса, көмбеге тығылған зат асыл, қымбат тастар немесе алтын. Сонымен асыл тастарды немесе алтынды алуға келген адамдардың бірі кембағал, сыңар аяқ. Бұған талас жоқ. Сонда ағаш аяқты қылмыскердің сыңары кім?” Талғат бір сәт тағы ойға кетті. Ит талаған адам қайткенменде дәрігерге көрінуге тиіс еді. Облыс көлемінде соңғы жетінің ішінде ондай оқиға тіркелмегенін полковник хабарлады. Сонда қасқыр алып жүрген айлалы Көкмойнақ қылмыскерге тісін дарыта алмағаны ма? Олай болуы мүмкін емес. Қылмыскердің осы уақытқа дейін дәрігерге көрінбей жүруінің мәнісі олардың арасында медицинадан хабары бар, аса тәжірибелі кісі болғаны.

Сонымен Рахымды өлтірген екінші адам — дәрігер. Бұл екеуінен басқа үшінші қылмыскер бар ма? Әдетте асыл тастармен немесе алтынмен сауда жасайтындар қымбат дүниені ұсақтап, бөліске салғысы келмейді. Сөйтіп, Рахымды жәбірлеп өлтірген — екі адам.

Талғат өз ойынан тағы мынадай қорытынды жасады. Көмбеге жасырған асыл тастарды немесе алтынды таба алмаған соң, ол жайында оны әкелушілерге дереу хабарлауы керек емес пе? Талғат блокнотын алды да: “Соңғы апталарда жіберілген шұғыл телеграммаларды қарау керек” деп жазу жазды.

Талғат бықсық ұяны қалай табудың жолдарын ойлап жатып, таң алдында ғана маужырап ұйқыға кеткен еді. Біреу иығынан қозғап оятқан сияқты болды. Көзін ашса, Нұржан

екен. Оның бұл үйге бұрын да келгені бар. “Машинамен жалғыз жүргенде қатты зерігеді екенсің. Серік таптым. Жерлесім”, — деп Талғат үй иесіне таныстырған еді. Захар Антонович пәтершісінің мұнысын мақұлдады да қойды. Нұржанның кім екенін, қайдан келгенін сұрамады. Талғатқа келіп жүрген бала деп қарады. Нұржан ақырын сыбырлады:

— Жолдас капитан...

— Тсс...

— Сағат он болып қалды. Жүреміз бе? — Нұржан қолындағы сағатын көрсетті.

Өткен жолы “Шұғыла” колхозында болып, Сарғабан сазын аралап қайтқаннан кейін Талғат Нұржанға аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінен пенсия алатындардың тізімін қарауды тапсырған еді. Содан бері оны көрмеген. Ол жас шәкіртінің иығынан күшақтап, сілкіп қысты:

— Халің қалай?

— Бәрі жақсы.

— Мә, мына кілтті ал. Мен жуынып-шайынып алғанша, машинаны от алдыра бер. Сонан кейін әңгімелесерміз.

Машинамен қорадан шығып, былай ұзап барғаннан кейін Талғат:

— Біз қазір Сарғабанға жүре алмаймыз. Мұнда жасайтын шұғыл жұмыстар бар. Бүгін күн сенбі ме? Орталық телеграф жұмыс істейтін шығар? — деді.

— Бүгін сағат оннан бастап ашық.

— Онда біз дәл уақытында келе жатыр екенбіз, — деді де, Нұржанға: — Тізбені түгел қарай алдың ба? Табысың қалай? — деді.

Нұржан қысқа баяндады:

— Ауданда 1330 адам пенсия алады екен. Оның 419-ы қалада тұрады. Пенсия алатындардың 216-сы Отан соғысының мүгедегі. Соның ішінде Рысбек те бар. Одан басқа бұл ауданда жалғыз аяғынан айырылған мүгедек жоқ. Бұрын өздері алтау екен. Біреуі Жаркент жаққа кеткен де, қалғаны дүние салған.

— Жылдар өткен сайын кешегі майданға қатысушылардың қатары сирей береді десеңші, — деп Талғат күрсіне кең тыныс алды. Телеграф үйіне келгенде ғана: — Іске кіріселік, Нұржан, — деді.

Нұржан телеграф үйіне Талғаттың кандай себеппен келе жатқанын білмеді. Өткен жолғы уәде бойынша олар Сарғабан

жаққа барып қайтпақшы еді. Сәндібала айықса, Талғат онымен сөйлеспек ойы бар-тын. Қандай телеграммаға назар аудару керектігін айтқанда ғана Нұржан аңғарайын деді. Әйткенмен дәл ұға алмады. Бұлар бір сағаттан астам уақыт жіберілген телеграммалардың текстін қараумен болды. Бір кезде Талғат:

— Нұржан, бері кел Таптым, — деп, орнынан ұшып тұрды. Нұржан телеграммаға көз жүгіртіп еді. Онда былай деп жазылған екен: “Алматы, Главпочтамт, Новиковқа “Бәрімізге ортақ атамыздың мезгілсіз қайтыс болғанын қайғырып хабарлаймыз. Жақын күндерде сіздерге ағайдың өзі барады”.

Телеграмма Рахым өлген күннің ертеңіне салынған. Былайша айтқанда, көмбені таба алмаған соң жіберілген.

— Телеграмманы жіберген кім?— Телеграмма қабылдап отырған қыздардың ешқайсысы айта алмады. Содан бері жарты айдан аса уақыт өтті. Зейін қойып әдейі қарамаған соң, есте сақтау қиын еді. Әрине, қолтаңбаға қарап ажыратуға болар еді. Бұл уақыт алады. Оның үстіне оқушы қолымен жазылған. Ең бастысы, телеграмманың табылуының өзі Талғаттың болжамының дұрыс екенін айқындай түсті. Біріншіден, Рахымды өлтірген қылмыскерлер осы қалада тұрады. Екіншіден, Рахым көмбені қайда жасырғанын айтпай, бұл сырды езімен бірге ала кеткен. Олай болса, қылмыстылар қымбат дүниені далада қалдыра алмайды. Іздейді.

Талғат өзінің осы ойларын айтқанда, майор Ділдәбеков:

— Васса деген кім?— деді телеграмманы әрі-бері қарап. — Мұнда әйелдің аты жазылған. Сонда қылмыстылардың біреуі әйел болғаны ма? Бәлкім, дәрігер әйел шығар.

— Әлихан Ділдәбекович, қылмыскерлер бізге шын сырын айтады деп ойлайсыз ба? Бұл — жалған, бүркеншік ат, — деді Талғат өз ойын жалғастырып. — Рахымның қылмыстылардан қызғыштай қорыған қазынасын біз де іздеуіміз керек. Мен алғаш осы іске жасырын араласуымның сырын жөнді ұға қойған жоқ едім. Мұқан Дайыровичтың көргендігін енді аңғарғандаймын. Біздің машинамызда Алматыда тұратынды көрсететін “АТЖ” номері бар. Қылмыскерлермен бетпе-бет кездесе қалған күннің өзінде бізді ізіне түсіп жүрген адам деп ойламайды. Бұл қылмыстыларды іздеп табудың оңай жолы, — деді.

— Біз мұның қиын жолынан да қашпауға тиістіміз. Телеграмманың текстін кімнің жазғанын анықтағанымыз жөн,— деді Ділдәбеков.— Бұл аса күрделі жұмыс. Дегенмен оны білуіміз керек.

Келесі күні жексенбі болатын. Талғат пен Нұржан оқ-дәрі алып, құс аулайтын кісілер кейпінде Сарғабанның сазына қарай жүріп кетті.

Бір сағаттан кейін өзен жағасына жетті. Алыстан жолдан жырақтау жарқабақ тасасына қойылған машинаны байқады бұлар. “Москвич” секілді. Артқы есіктері ашық. Сәлден соң бір әйел шықты. Желге қарап, бетін тосып, алысқа көз тігеді. Сол мезетте машинадан еркек көрінді де, сайға түсіп өзен жағалап кетті. Әйел қалып қойды.

Нұржан машинаны жүргізіп келе жатқан Талғатқа бұрыла отырып:

— Не істейміз?— деді.

— Біз құс аулап жүрген адамдармыз. Серік іздеген кісілер секілді тақауырақ барып тоқталық. Және кімдер екенін білуіміз керек,— деді.

Бұл кезде әйел “Москвичтен” ұзап шығып, оңашалау тұр еді. Талғат машинасын солай қарай бұрды.

Жақындай түскенде Нұржан күңк ете қалды:

— Өй, мынау Жұрымбаевтың әйелі ғой. Аймангүл ғой. Мұнда неғып жүр?— деді.

— Ол сені тани ма?

— Білмеймін.

— Сен сыр берме, бейтаныс кісідей селқос, жаттау ұста өзінді,— деп Талғат сыбырлады.

Аймангүл артқы орындықтан құс ататын қосауыз мылтықтары мен иыққа салатын дорбаларын шығарып жатқан екі жігіттің қасына ақырын, баяу басып келеді. Екеуіне кезек көз жүгіртіп күлімдей қарайды.

— Қалада жігіт таппайсың. Бұлар қайда десең, далада аңмен бірге жайылып жүре ме, қалай?— деп нәзік саусағымен бетінің шұңқырын басып, сыңғырлай күлді. Басында желкесіне қарай түйген ақ жібек орамал, құлағында айшықты алтын сырға, саусақтары тасты, тассыз алтын жүзіктерден майысады. Дене тұлғасы тіп-тік, әдемі. Қара көздерінен қызғылттау ұшқын көрініп, жігіттерге бейіл-ынтасымен қарайды.

Талғат ойы ұшқыр, байқампаз, сергек жігіт болғанымен ауыл арасының өткір әзіліне жоқ-ты. Мұндайда қалай жауап қайтаратынын білмей, жас серігіне қарай берді. Нұржан епті екен.

— Біз де жақсыны көрмекке зар едік. Сөйтсек, асыл періште алыста, далада ел кезеді екен ғой. Мың бір түннің хикаясындай алдымыздан күндей жарқырап шыға келдіңіз,— деп құшағын жайып көзін жұмды. Талғат Нұржанның сөз тапқанына риза болғанымен, “Осы тым әсерлеп жіберді, жалғандығын байқап, әйелден сөз естіп қала ма?”— деп, қыпылдап тұр. Осы бір сәттегі күдікті ойды Аймангүлдің ашық дауысты әсем күлкісі серпіп тастады.

— Кішкентай қайным-ау, өзің артиссің бе? Әлде артист болып ойнап тұрсың ба?

— Бүйдесең, жеңеше, тура өзіңе өкпелеймін,— деп Нұржан кәдімгідей бұртиды.

— Қойшы, мен не жаздым?— деді Аймангүл күлкісін тыя алмай, Нұржанның иығынан ұстап, өзіне қарай бұрды.— Кінәм не? Алдыңнан шығып, қарсы алғаным ба?

— Мені кішкентай деп кемсітуіңіз қалай? Бұл қорлыққа шыдай алмаймын.

— Байқамай айтып қалыппын. Кешір. Кел, татуласайық,— деп аппақ алақанын жая ұсынды.

— Айдаладағы ақ отауда ай мен күндей періштеге кезіктім бе деп, қуанып қалып едім. Байқамаппын, қасында оның өңкиген дию перісі бар екен ғой. Көкке алып ұшып, мойныма қыл бұрау салса қайтем,— деп жарқабақтың астынан көтеріліп өздеріне қарай келе жатқан еркекті иегімен нұсқап көрсетті.

Аймангүл артына бұрылып қарады.

— Мені азаптан құтқарушы ием болсаң, қайратың қайда? Арашалап алмайсың ба? Шалдан үріккенің не?— Аймангүл тағы күлді.

Нұржан әлгі кісіге қадала қарап қалған еді. Байқамаған боп, мылтықтың дүмімен Талғатты түртіп қалды. Бұл келе жатқан Цой еді. Талғат та, Нұржан да оны айнымай таныды. Ол мұнда неғып жүр? Әлде Рахым тыққан қазынаны іздеп жүр ме? Қисынсыз секілді. Ол осы өңірге белгілі дәрігер. Бұзақы ісі байқалмаған. Аймангүлдің күйеуі Алматыға демалысқа кеткен еді. Соны пайдаланып, жас келіншекті таза ауаға, сейілдеп қайтуға алып шыққан шығар? Осы бір сәтте Талғатқа талай ой келді. Әйткенмен ол Цойды жаманатқа

қиғысы келмеді. Сондықтан ол қасына келген дәрігермен жылы, ашық көңілмен амандасты.

— Рұқсатсыз қоныс тепкен жеріңізге келіп қалдық. Құс ауласақ бірге болайық, уақыт көңілді өтер деп едік. Қасыңызда кісі бар екен. Өзіміз ыңғайсыз жағдайда қалдық.

Цой бірден жауап қатпады. Түсі бұзылып, сұрланып, сыздана қарады. Машинаның номерін көріп, көңілі орнына түсті ме, қалтасынан темекі алып, Талғатқа, сонан соң Нұржанға ұсынды:

— Қайдан келесіздер?

— Мен Алматыданмын. Сондағы Зоовет институтта қоғамдық пәннен сабақ беремін. Мынау менің студентім. Демалыс алған едім. Нұржан үйіне шақырып қоймаған соң,— деді Талғат Нұржанды көрсетіп,— қонаққа келдім. Бүгін демалыс, құс, қоян аулауға шықтық.

— Олжалы болып қайтындар,— Цой Аймангүлге қарады.— Бүгін сенбі екен ғой. Менің тарс есімнен шығып кетіпті. Ауруды операцияға дайындауды айтпаппын. Бізге шапшаң қайтуға тура келеді.— Цой қастарында тұрған Талғат пен Нұржанға қоштасқан түрмен үнсіз басын иді де, Аймангүлді қасына отырғызып қалаға қарай жүріп кетті.

Талғат пен Нұржан да күн бата қалаға оралды.

БЕСІНШІ ТАРАУ

Майор Ділдәбеков Сарғабаннан Талғат пен Нұржанның қайтуын күтіп отыр еді. Талғат телефон соққанда ол:

— Қалай барып қайттыңыздар? Қандай жаңалықтарыңыз бар?— деді.

— Жаңалық мол, Әлихан Ділдәбекович.

— Мен өзімде отырмын. Келіңіздер, сөйлесейік.

Талғат пен Нұржан есіктен кіргенде майор орнынан тұрып, күле қарсы алды:

— Сол жаңалықтарыңызды естігенше тынышым кетіп, дегбірім қалмай отыр. Бірдеме таптыңыздар ма? Кәне, айтыңыздаршы,— деді.

Талғат өздерінің Цоймен және Аймангүлмен Сарғабанның сазында, Рахым жатқан жердің тұсында кездескендерін айтқанда Ділдәбеков ойланып қалды. Столдың үстінде жатқан темекісін алып, Талғаттың қарсысындағы орындыққа отырды.

— Шынын айтсам, сенгің келмейді. Көңілге қонбайтын секілді. Бәрімізге құрметті Цой Сарғабанға барады деп кім ойлаған. Және қасында жас келіншегі бар,— Ділдәбеков мырс етіп, басын шайқады.— Қылмысты іздеуде кісі әр түрлі оқиғаға кездесуі мүмкін. Бірақ мұндай жаңалықты күткен жоқ едім.

— Байқауымша, сіз біздің Цоймен кездескенімізге шүбәланасыз ба?

— Неге сенбейін. Мен, жай, өзімнің таңқалғанымды айтып отырмын.

— Цой Сарғабанға бекер барып жүр ме? Қалай ойлайсыз?

— Рахымның жасырып кеткен қазынасын іздеп жүр деп айтпақшысыз ба?

— Мен олай дегенім жоқ. Бірақ оның қаладан соншама ұзап кетуіне таңым бар.

— Аймангүлді қаланың бәрі біледі. Жас келіншектің бетіне шіркеу болмасын дегені шығар.

— Әлихан Ділдәбекович, Қаратал мен Көксу өзендерінің бойында жасырынбақ ойнаса адасатын, түйе кірсе көрінбейтін тасалары көп. Қаладан жырақ, айдалаға, маңайында қалқаны жоқ Сарғабанның сазына баруы қалай?

Осы кезде фотолаборант кірді. Газетке суы кеппеген суреттерді жайып тастап, майордың алдына жылжытып әкеп қойды да, өзі шығып кетті. Ділдәбеков суреттерге үңіліп қарай бастады. Нұржан алыста “Москвич” машинасының тұрғанын, одан бір еркек пен бір әйелдің шығып бара жатқанын, ақ жарқын Аймангүлдің өздерімен сөйлескен кезін, Цойдың жарқабақтан көтеріліп, машинаның қасына келгенін, номеріне үңіліп қарағанын, былайша айтқанда, Сарғабан сазындағы барлық кездесулерді суретке түсіріп алған еді. Майор суреттерден көзін тайдырып, жотасын орындықтың арқалығына тіреп, шегініп отырды.

— Ия, соның өзі. — Талғатқа тура қарап:— Сіз Сарғабанға баруын қалай жорисыз?— деді.

— Мен Цойды танымаймын. Бірінші рет көрдім. Бірақ оның Сарғабанға баруы күдік қалдырады.

— Демалыс күні жұрт қыдырып, жадырап қалады. Әлгінде сіз осы маңда кісі көзінен тасаланатын жерлердің бар екенін айттыңыз. Мен оған таласпаймын. Бірақ мынаны да есіңізге алыңызшы: Алматыдай әсем жер кемде-кем кездеседі. Айналасының бәрі бау-бақша, көк шалғын. Медеу маңы қалын

арша мен қарағай, кісіні жадырататын курорт орны есепті. Он бес тиын төлесеніз, автобус рақат орнына апарарды да тастайды.

Адам табиғаты қызық қой. Соған қарамай, жексенбі күндері Іле бойына қарай машинамен, мотоциклмен шұбап бара жатқан жұртты көресің. Іленің айналасы кісі аялдауға жайсыз, кеш мезгілінде маса тыным бермейді. Соған қарамай қонып, түнеп жатады.

— Цойдың жүрісін сондай қыдырыстардың бірі деп санаймыз ғой, сірә?

— Жаманатқа жоруға менің дәлелім жоқ, Талғат Майлыбаевич. Сіз менің жағдайымды түсініңіз.

— Демалыс күн жұрттың сейіл жасап, көңіл көтеруі үшін беріледі. Бас дәрігер кіммен қыдырып жүрсе де өз еркі. Оны милиция тіркемейді. Бірақ Цойдың Рахымның дәл жатқан жеріне, қазынаны жасырған тұсқа баруы қалай? Мұны кездейсоқ деп қарайсыз ба?

— Талғат Майлыбаевич, менің осы қалада жұмыс істегеніме он бес жылдай болып қалды. Цой менен бұрын келген. Осы жылдардың ішінде оның қызметі, мінез-құлқы жөнінде суық сөз естіп көрген емеспін. Қалада, активтер арасында болсын тек жақсы жағымен ғана танылады. Оны арамдықтан аулақ, кіршіксіз таза кісі санайды. Сенсеңіз, қазір сіздерге не айтарымды білмей отырмын.— Ділдәбеков темекісінің күлін бұжыр дөңгелек шыныға шертіп түсірді де:— Цой қалада ғана емес, бүкіл аудан көлемінде белгілі, сыйлы дәрігер. Оны бәрі құрметтейді. Теріс қылығын айтқан күннің өзінде, “Демалыс күні сейіл құрған шығар. Ол да адамның баласы ғой” деп, әуелі онысын қуаттап, құттықтайтындар да табылады. Цойға қарсы материал қозға-саң, көп адамдардың қырына, теріс көзқарасына ілігесің. Міне, Цой дегеніміз сондай адам,— деді.

— Әлексе, менің өз басым бас дәрігердің беделінің мұқалмауы, осы бір жағымсыз оқиғадан аулақ болуын тілеймін. Қиянат жасауға хақым жоқ. Бірақ біз фактіден алыс кетпеуіміз керек. Бүгін оның Сарғабанға барғаны хақ.

Осы кезде полковник телефон соқты. Майордың дауысын танып:

— Үйге телефон соқсам, жұмыста дейді. Байқасам — үшеуің де кеңседе көрінесіздер. Демалысты осылай өткізіп жатыр екенсіздер ғой,— деді де, телефон соғу мәнісіне көшті.— Көмбені іздеуді қолға алдыңыздар ма? Нәтижесі қалай?

Майор Ділдәбеков Талғат пен Нұржанның Сарғабанға барып, іздеуге кіріскенін, онда Цойға кездескенін түсінікті тілмен қысқа баяндап берді. Бас дәрігер жөнінде өзінің пікірін айта бастап еді, полковник оның сөзін бөлді:

— Хаттарыңызды алдым. Қылмыстыларды табу үшін алдымен олардың кім екенін, қандай кәсіппен шұғылданатынын шамамен болса да біліп алған жөн, сонда оларды іздеу оңайға түседі. Бұл жайындағы ой-жоспарларыңыз маған ұнады, шынында, қылмыстылардың Рахымды қинап, жәбірлеуіне қарағанда олар аса қымбат дүниені жасырған. Екінші қылмыскердің дәрігер екеніне дау жоқ. Бұл жөніндегі қорытындыларыңыз дұрыс. Бірақ қылмыстылар еркіндікте жүр. Олардың жолын кесу керек. Қайткенмен де жасырған қазынаны табу керек. Сонда ойлаған мақсатқа тезірек жетеміз. Мұны — бір деп біліңіз. Екіншіден, біздің қаланың бас дәрігерінде жұмысымыз жоқ. Оны сыйлаймыз. Бірақ Сарғабандағы Рахымның жатқан жеріне барған адамдар қатаң бақылауға алынуға тиіс. Ал “Вассаның” телеграммасына келсек, телеграмма алған адамды іздестіріп жатырмыз. Сірә, табылады дегенге күмәнім бар. Почтамтқа келген телеграммаларды куәлікпен де бере береді. Ол куәліктің жалған болуы да ықтимал. Қылмыскер бүркеншік атпен жүрген секілді. Телеграмманың текстімен арнаулы адам шұғылданып жатыр. Жазған адам табыла қалса, өздеріңізге дереу хабарлаймыз. Сіздерден өтініш, қазынаны тапқан күнде оны жан адам білмейтін болсын. Қылмыскер оны іздеп, дәмелі боп жүре берсін. Мен енді сендерге телефон соғып мазаламаймын. Жаңалық болса, өздерің хабарласыңыздар, — деді.

Талғат қалалық милиция бөлімінен шықты да, орталық көшеге түсіп, пәтеріне қарай бет алды. Алыстан машинаның жарығы көрінді. Бар екпінімен зымырап келеді. Жақындағанда бүкіл көшені жарқыратып жіберді. Талғат жолдың шетіне шықты. Қасынан өте бергенде таныды. Цойдың машинасы. Шаң-тозаң басқан секілді. Күндізгідей ашық көк емес, түнгі жарықпен бозғылттау көрінеді.

“Екі кештің арасында неменеге асығып жүр? Қайда барып қайтты?” Талғатқа осындай ой келді. “Бүгін күн демалыс. Ол мұнда көптен бері қызмет істейді. Таныстары көп. Қыдырып жүрген шығар”, — деді де, ойына тағы да күдік келе қалды. “Машина өзінікі. Оны аямай, мұнша айдағаны қалай? Бірдемеге соқтығып қалса қайтеді? Неден шошынды ол?”

Цойдың үрейі кетіп, шошынғаны рас еді. Сарғабанның сазында Талғат пен Нұржанның кездесуі оны қатты мазасыздандырған. Қазір қым-қиғаш науқан кезі. Студенттердің бәрі жұмыста. Осындай жанталас кезінде соқталдай екі жігіттің серуендеп жүргенін жақсылыққа жорыған жоқты. Ол үйіне келісімен бөлмені қараңғылап алып ұйықтап жатқан Самсоновты оятуға кірісті.

— Борис Натанович, шапшаң тұрыңыз. Болды, осы демалғаныңыз жетеді.

Цойдың өңінің қуарып кеткенін көріп:

— Не боп қалды? Айтсаңшы жөніңді!— деді де, орнынан атып тұрып, жалғыз аяғымен секеңдеп, сервантқа барды. Коньяқтың жанында стақан тұрған. Соны кернеулетте құйды да, кеңірдегіне қағып салып, бір-ақ жұтты.

— Қазір қала сыртынан қайттым,— деді Цой тесіле қарап қалған Самсоновқа.— Мені біреулер андитын сияқты. Үйді торып жүр ме деп те қорқамын.

Самсонов ойына күдік алды:

— Қала сыртына неменеге бардың? Жоғалтқаныңды іздеп жүрсің бе? Сен маған олай деген жоқ едің ғой.

— Не туралы айтып тұрғаныңызды ұқсам бұйырмасын, Борис Натанович. Жан алқымға тақалғанда қайдағыны айтады екенсіз,— деп Цой өзінің Сарғабанға барғанын, алтынды іздемек әрекетін жасырды.— Өзіңіз көрген әнеугүнгі келіншек бар емес пе еді. Сонымен Қаратал жағасына барып қалың талдың арасында отырғанбыз. Алдымызға тамақты қойғанымыз сол еді. Жер астынан шыққандай, сопаң етіп, еңгезердей екі жігіт шыға келді. Зәрем кетсе де, білдірмеуге тырыстым. Аймангүлде сана жоқ қой. Еркек көрсе жайнандап кетеді. Соның күлкісін ықтап, танысқан боп жөн сұрасам, қайдағы жоқты мыжыды. Балық аулап жүрміз деп сылтау ратады. Бір сөзбен айтқанда, айтқандарының бәрі өтірік. Қазір жұрт қызылшамен әуре боп жатқанда балық аулаушы ма еді.

— Сен қалай абайламағансың? Ұлы адамдар да әйелдің қырсығынан өлген. Ұлыны да, ұрыны да құртатын әйел ғой. Оқығанмын дейсің, соны білмейсің! Енді маған мұнда қалуға болмайды. Не істейміз? Амалын тап.

— Дәл бүгін қоштасамын деп ойламап едім. Өзім де қиналып отырмын,— деп Цой қатты қайғыратын кісінің түрін көрсетті. Өзі Самсоновтың кеткеніне қуанып отыр. Самсонов кетсе, оған ешкім бәле таға алмайды. Ұсақ күдікті басып

тастауға беделі жетеді, шеніне жолай алмайды. Сөйтіп, Аймангүлді қасына алып, қыдырған болып, сенбі және жексенбі күндері алтынды іздейді. Оны тауып алса, Цой арманына жетпей ме?

Цой Самсоновты Айнабұлақ станциясына шығарып салып, қайтып келе жатқан беті еді. Талғат оны осы кезде көрген.

Талғат ұзап бара жатқан машинаға бір сәт қарап тұрды да пәтеріне қарай аяндады. Алагеуімнен тұрып, Нұржан екеуі “Шұғыла” колхозына жүріп кетті. Мұндағы ойы — жұрт ұйқыдан тұрғанда машинаны Жабағының үйіне қойып, таңертеңмен Сарғабанның сазына қарай жүріп кету еді. Колхозға келгенде, көшеде қыбыр еткен жанды көрмеді. Жабағының үйіне қарай беттеді. Ол ақырын тазалап, қорасын сыпырып жүр екен. Көшеден бұрылған машинаны таныды. Таныс екі жігітті көріп қуанып қалды. Қысқа амандықтан соң, жүгіріп барып есікті ашып, әйеліне дауыстады:

— Қатын, тұр! “Қайда жүр екен? Ауылдарына кетті ме скен?” деп сұрап жүр едің. Әне, әйбат қайындарың келді,— деп кісі жатпаған оңаша бөлмеге екі жігітті кіргізіп жіберді.

Сәлден соң Қатыш кірді.

— Балалар, амансыңдар ма? Дені-қарларың сау ма?— деп, екі жігіттің келгеніне қуанышын білдіріп, шай қоюға кірісті.

Ертеңгі шайдан соң Талғат:

— Жәке, демалыста жүрген соң, аң аулап, таза ауада жүріп, сейіл жасап қайтсақ деп едік,— деді Жабағыға қарап.— Нұржан екеуміз бір жолы машинамен шығып көріп едік. Шоқактап жүре алмайды. Көліктің ыңғайы келсе, бізге ат тауып берсеңіз қайтер еді?

— Менің шабдар биемнен басқа көліктің ыңғайы келмейтін сияқты. Таң атпай жұрттан көлік сұрап жүргеніміз қалай болар екен? Мейманкүлдың торысын алсақ па екен? Ол қалаға барам, жұмысым бар деп жүр еді,— деп, Жабағы ойланып қалды.

Қатыш күйеуін түртіп:

— Ей, отағасы, анау көк байталды ерттеп бермейсің бе? Өзіңнің атын тұрып, жұрттан көлік сұрағаның қай сасқаның?— деді.

— Ой, байғұс, мен көк байталды аяп отыр дейсің бе? Бұлар тақымы қатпаған қаланың баласы, бас білмейтін асау немеге мінем деп, бір жерге құлап жазым боп жүрсе қайтесің?

— Қазақтың баласы ғой. Атқа отыра алмай не бопты. Жазыққа шыққаннан кейін шауып, ақ көбік қып алса, асаулығы басылады. Енесі жуас мал, мөңкіп қайтеді дейсін.

— Жеңгем дұрыс айтады. Сол асауға мен-ақ мінейін,— деп Нұржан бұрын асау үйреткенін білдірді.

— Ондай жүген тимеген асау емес. Анда-санда отағасының өзі мінеді. Әлі жуасып, ырыққа көнбейді дегені болмаса, былай жүріске жарайды,— деп Қатыш көк байталдың сырын Нұржанға айтып жатты.

Көк байтал үстіне ер салдырғанымен, кісі мінгізбей, үркіп біраз әлек салды. Нұржан атқа мықты екен. Ерге жабысып, айырылмады. Көк байтал құлағын қайшылап, аяғын тық-тық басып, бір бүйірлей жұлқынып алып, қашып тұрды.

Талғат шабдар биеге мінген. Аздаған жорғасы бар екен. Жүгенін қағып отырса, байпаңдап жорғасына салады. Еліріп, ауыздықпен алысып тұрған көк байтал енесін көрген соң, соған қарай ұмтылып, сүйкенісе қатарласып жүрді. Сарғабанның жазығына шыққаннан кейін Нұржан атының басын ірікпеді. Бетін батысқа түзеп, шаба жөнелді. Жиырма минуттай шапқаннан кейін көк байталдың екпіні бәсеңдей бастады. Әлгіндей емес, шабысы баяу, кібіртіктеп қалған. Екі танауынан бу атып, дір-дір қағып енесіне ықтап, соқтығыса келіп тоқтады. Аздан соң басын шұлғып пысқыра түсіп, аяндап жүріп отырды. Кең далада құстың пыр етіп ұшқаны, бұта түбінен қоянның тұра қашқаны секілді оқыс дыбыс естілгенде басын шапшаң көтеріп, құлағын қайшылап, еліре қарап, жұлқына түседі де, сонан соң, үйреншікті аяңына қайта басады. Талғат Нұржанға бұрылып, бір аяғын үзеңгіден шығарып, ерге жамбастай отырды да:

— Бүгін күн дүйсенбі ме? Бір жұмаға дейін бүкіл өрісті кезсек те Рахымның қылмыстылардан жасырған қазынасын қайткенмен де табуымыз керек. Сәтсіздікке ұшырасақ, онда шапшаң кетуге тура келеді.

— Ұға алмадым, жолдас капитан. Қалайша кетеміз?

— Қазынаны іздеуге бізден басқа адамдар да келеді. Біз олардың ниетіне кедергі жасамауға тиіспіз.

— Кім олар?

— Өз көзіңмен көргенше айту қиын,— деді Талғат ердің үстіне оңтайланып отырып.

Рахым қайтыс болғаннан кейін өрісте жатқан жерлерінің жобасы сызылып, шамамен қағаз бетіне түсірілген еді. Талғат

сол картаның көшірмесін алған болатын. Жотасын желге беріп, ық жасап картаны жайды. Қасына келіп тұрған Нұржанға:

— Мынау қалың ши Рахым жатқан жер. Ал мына белгі,— деді алыстағы шошайған курайды көрсетіп,— Көкмойнақ жұлып алған шалбардың балағы жатқан жерді көрсетеді. Сол курай өскен төмпешіктен бастап мына сайдың қуысын ала өзенге дейінгі аймақ бір шаршы километрге жақындап қалады. Рахым бұл жерден алысқа жасыра алмаса керек. Осы тұсты бір шолып шықсақ қайтеді? Қалай, кірісеміз бе?

Екеуі аттан шапшаң түсті де, шабдар биені тұсаулап, көк байталдың шылбырын Талғаттың үзеңгісіне байлап қоя берді. Екеуінің қолында екі істік темір. Шұңқырларды шұқылап, бұтаның арасын ашып, бір сүйем қалдырмай қарап, күмәнданған жерін қопарып қазып келеді. Алғаш жедел кірісіп, біраз өндіріп тастаған секілді еді. Аздан соң қол ауырып, бел тала бастады. Шаршағандарын білдіргісі келмей, жұмыстарын жалғай берді. Түс ауған шамасында Нұржан шыдай алмай түрегеліп, белін жазды, шидің түбіндегі бос топырақты кішкене күрекпен қопарып жатқан Талғатқа:

— Қарынға құйып айран ала шықпаған екенбіз. Таңдайым кеуіп барады,— деді.

— Аңшылар азық алып шықпайтын болар. Өйтсек, біздің бұл жүргенімізді теріс жориды ғой...

Жабағы күн қайтқаннан бері қайта-қайта тысқа шығып, Сарғабан жаққа көз тігіп, Талғаттардың келуін асыға күтіп жүрген. Бұрын аң-құс аулап көрмеген екі жас аттарды бекер қинай ма деп іштей күдіктеніп, шыдамсыздана күткен. Алыстан екі аттыны көргенде Талғаттар екенін байқады. Қақпаны ашып, көбіктеніп ақ тер басқан шабдар бие мен көк байталды суытпақшы болды. Қораға кіргенде екі аттың тың екенін байқады, бірақ екі жігіт қалжыраған. Түрлері кісі көргісіз. Күні бойы топырақ пен балшыққа аунаған секілді. Жабағы мұны аттан құлап, әбігерге түскен деп ойласа, Қатыш басқаша жорыды. Түлкінің ініне кезігіп, соның бос қуыс екенін аңғармай, бекер қазып, тәжірибесіздік жасаған ғой деп ойлады.

Талғат пен Нұржан жуынып-шайынып алған соң, бір-екі кесе шай ішті де, кешкі асты ішуге мұршасы келмей, төсекке құлай кетті. Ұйқысы қанып тұра қалса, тамағын жылытып берейін деп, Қатыш түннің біраз мезгіліне дейін ұйықтамай жатты. Екі жігіт оянбады. Ертеңіне олар тағы таң сәріде Сарғабанның сазына қарай аттанды. Жабағы күндегі әдетінше

шабдар бие мен көк байтал зорығып қалды ма деп ойлайды. Бірақ күн сайын шаршап, болдырып қайтқан екі жігітті көреді.

Осылай төрт күн өткен. Бұл күн бейсенбі еді. Екі жігіт әдеттегіден мүлде кеш оралды. Қатыш жас қонақтарының күнде тамақты күтпей, қалжырап, төсекке құлайтынын көрген соң, бүгін пельменді шаймен әкелді. Шай ішіп болғаннан соң, өздері қалған оңаша отырыста Нұржан:

— Бізден бұрын біреулер өзен жағасын шарлап, қазынаны іздеген бе деймін. Әлгі шұңқыр ін емес, қолмен қазылған. Айналасында қым-қиғаш іздер жатыр,— деп, өзінің қаупін білдірді. Мұның орны бар еді: бүгін өзен жағасында оқшау өскен шоқ талдың түбінен кісі қолымен қазылған үлкен шұңқыр табылған. Топырағы ескі емес, жаңа, дымқылы кеппеген. “Енді қайттік? Қазынадан тал түсте айырылғанмыз ба? Осы тұсқа жасырғанын аңғармай, құр даланы неменесіне кезгенбіз”,— деп отыра кетті. Талғат та көңілі жадау тартып, не айтарын білмей ақырып тұрып қалған. Әдетте, біреулер оқыс жайды айтқан кезде, соның сөзіне ілесе қалу жай адамның басында да бар. Алғаш Талғат та Нұржанның сөзіне ерді. Алтынды өздерінен бұрын біреулер алып кеткен ғой деп ойлады. Қазылған шұңқырды зерттеген кезде бұл пікірінің қателігін байқады. Өйткені шұңқырдың түбі мен аршылған топырақтың түсі бір тектес, айырмасы білінбейді. Шұңқыр қазылғанымен қайта жабылмаған. Тегі, Рахым қолындағы затты алғаш осы жерге жасырғысы келген де, кейін бұл ойынан шапшаң айныған және қазған шұңқырын қайта жаппаған.

Талғат өзінің бұл ойын Нұржанға айтқанда, ол мақұлдағандай үнсіз тыңдағанмен, бұл оның көңіліне қона қоймаған еді. Қазір де өзінің осы қаупін айтып жатыр.

Талғат денесі сал-сал боп, шаршап, көзіне ұйқы тығылып жатқан. Ол Нұржанның сөзін селқостау тыңдады. Бірнеше күн бойы бүкшендеп, жер қазып қиналған соң, айтып жатқаны ғой деп ойлады.

— Ертең соңғы күн. Қазынаны таба алмасақ, дүйсенбіге дейін келмейміз. Екі күн демаламыз, Нұржан. Ал шұңқыр жайында бекер басыңды қатырма, бұрын қазылған шұңқыр екені айқын. Жаңа қазылған секілді топырақтың дымқыл боп тұрған себебі таңертеңгі қалың шықтың суы. Үйіндінің астына қол жүгіртсең, топырағы құрғақ. Ертең өзің тағы байқап көрші,— деді.

Таңертең ертемен тұрып, Сарғабанның сазына тағы аттанғалы жатқанда Жабағы қатарына келіп, екеуінің жүзінс кезек қарап тұрды да:

— Ей, балалар, сендер күн сайын қолдарың ойылып, топыраққа аунап қайтасындар. Осы сендер, құс қумай, ін қазып жүргеннен саумысындар?— деп көптен бері көкейінде жүрген сауалын берді.

— Ағасы, өзеннің шағылға тірелген сағасында қия қабақ бар екен. Сол түлкінің іні деген соң мына Талғат екеуіміз әлек болып қазғанымыз рас,— деп Нұржан айта салды.

— Қарағым, қой көктемде қоздамай ма? Барлық хайуанат көктемде балаламай ма? Қара інді қазғанда не таппақсындар?— деп, Жабағы шегір көзін қадап, жымыды.

— Қап, солай екен-ау!— деп Нұржан санын бір соқты.

Жабағы бұл екі жігіттің күні бойы тынымсыз жұмыс жасап, шаршап-шалдығып қайтатынын, жүрістерінің тегін еместігін білетін. Бірақ Нұржанның әлгі сөзі өзін алдау екенін білсе де ренжімеді.

— Баяғыда сол жиекте қаракұрт бар деп қой жаятын едік. Қазір ол жұрт иесіз қалды ғой. Байқандар,— деп Жабағы сақтандырып жатты.

Бүгін екі жігіт көңілді еді. Ауылдан шыққаннан кейін, аттың басын қоя беріп, жарысып көрді. Көк байтал ұшқыр, денесі қызған сайын төрт аяғы тең түседі. Нұржан оқ бойы озып барып тоқтады. Өзенге дейін бүлкіл аяңға басты.

Нұржан ауыздығымен алысып келе жатқан көк байталдың басын ірке бсріп, бұрылып бірдеме айтқысы келе жатқандай ыңғай білдірді.

— Неге бөгелдің, Нұржан? Ойынды бүкпе, айт,— деді Талғат.

— Менің мұным тіпті қисынсыз көрінуі мүмкін, жолдас капитан. Жай, өзіңізге еліктеген ниет шығар,— деп Нұржан сәл бөгеліп қалды.

— Менің де айтқаным әрдайым дәл келе береді дейсің бе? Кейде қисық ойдан теріс қорытынды жасап қаласың. Ақылдасып пішкен тон келте болмайды дейді ғой. Ақылдасқанның айыбы жоқ.

Нұржан аз бөгеліп сөйлеп кетті.

— Кешегі қазылған шұңқыр жайындағы сіздің дәлеліңіз маған көп ой салды. Соның дұрыстығын енді аңғарып келе

жатқан сияқтымын. Сіз Рахымның қылмыстылардан жасырғаны алтын немесе гауһар тас, әйтеуір, қымбат дүние дедіңіз. Егер мен сондай көз қимайтын асыл затты тауып алсам және оны жасырғым келсе, жерге көмбес ем. Адамның психологиясы қызық қой. Алтын жерден қазылып алынғанымен, оны көмсе былғанып қалатын сияқты көрінеді. Сондықтан ондай асыл дүниені тауып алған адам оны жоғары, биік жерге сақтағысы келеді. Ағаш бұтағының арасына жасырды дейтін мұнда қалың орман жоқ. Сонда ол қайда тығуы мүмкін? Әрине, өзінің бойы жететін бір жерге жасырды. Тауып алған адам ат үстінде жүрсе, сөз жоқ ол оны жарқабақтың қуысына, құстың ұясына, не інге жасырар еді. Анау-мынау жаяудың қолына түспес үшін суды кешіп барып, ат үстінде тұрып, бүркеп тығуы мүмкін. Жарды жағалап, ұяларды, үңгір-қуыстарды көрсек қайтеді?— деді.

— Жарайсың, Нұржан!— Талғат Нұржанның иығынан құшақтап сілкіледі.— Бұл менің ойыма келмеген жай еді. Өйткені мен атпен көп дағдыланған емеспін ғой. Сен менің осы олқылығымды таптың. Кеттік, бауырым!— деп шаба жөнелді.

Талғат пен Нұржан тізгіндерін бос тастап тіркесе жүріп, өзенді жағалап су кешіп, қол жетер жердегі қуыстарды істік темірлерімен сүңгіте қарап, түгендеп келе жатқан. Нұржан жарқабақты қиялап салған түлкінің ескі ініне темірін жүгірткенде, әрі қарай батпай қатты нәрсеге тірелді. “Немене бұл?” деп бойын созып қарап еді, қуыста жатқан әйелдердің сумкасын көрді.

Нұржан қуанғанынан дауыстап жіберді:

— Жолдас капитан, мұнда келіңіз. Таптым!

Талғат Нұржанның қасына жетіп келіп, аттың үстінен мойнын созып, үңгірге көз жүгіртті. Іннің аузы майда топырақ екен. Соның үстіне былғары емес, шиден тоқылған тәркеш топатай сумка тұр. Бер жағын қураған шыбықпен қалқалай салыпты. Талғат сумканың қалай жатқанын, өзеннің осы жарқабақ бетін түгел кинолентасына түсіріп алды. Нұржанның топатай сумканы алып жатқанын бөлек, ірі көрініспен бейнеледі. Былай құрғаққа алып шығып қарағанда, шүберекке ораған екі бөлек алтын шықты. Кішілеу бөлегінің ішінде тілдей қатырғы қағазға жазылған мынадай жазу бар: “Студенттің жеке өзіне!” Талғат осылардың бәрін қолтаңбасын тигізбей, орап, иық қапқа салды.

— Кеттік, Нұржан!— Талғат шабдар биенің қатты жорғасына салды. Жануар үйреншікті қорасына келе жатқанын сезді ме, қамшы салдырмай, басы қайқандап, жорғасын барған сайын үдете түседі.

Екі жігіт күн сайын үсті-басы топырақ-топырақ болып, шаршап-шалдығып, әрең жететін. Олардың күр қол келгенін елемеді. Аттарды қора сыртындағы сырыққа байлап, жүргелі жатқан екі жігіттің қасына келді:

— Е, балалар, мұнша неге асықтыңдар? Үйде жеңгелерің “Қойдың етін жемей жүр, шықты білем” деп, қаз сойып жатыр еді. Оның бейнетін еш етпендер. Әне, оның өзі де келді,— деп, үйден шыққан Қатышты көрсетті.— Қатын, балалар тамаққа карамаймыз дейді. Кәне, не айтасың?

— Тамаққа карамаймын дегені несі? Қой, күн ерте, қайда барсандар да уақыт жетеді.— Қатыш осымен сөз бітті дегендей үйге кіріп кетті. Талғаттар селтиіп тұрып қалды. Ләм деп аузын аша алмады. Оның сөзі бұйрық есепті көрінді.

Түскі астан кейін екі жігіт Жабағының үйімен қоштасты да, Бестөбеге қарай жүріп кетті. Дәл осы күні Талғат Алматыға ұшты.

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Қалалық аурухананың ішінде бүгін дәрігерлерден басқа ақ халат киген адамдар да көп. Бұлар қалалық қылмысты іздеу бөлімі мен ғылыми-техникалық бөлімнің адамдары. Араларында арнайы шақырылған прокуратураның қызметкерлері де бар. Бұдан екі күн бұрын төсек-орындарды жаңалау үшін ауруханаға жаңа заттар берілген. Сол заттарды біреулер қойманың терезесін ашып, алып кеткен. Із тапқыш мамандар терезенің жақтауларын, әйнектің әрбір көзін үлкейткіш шынымен қарап, төңіректі суретке түсіріп алып жүр. Бұл өңірде қойма тонау, үйге ұры түсу дегенді білмейтін. Мынау бұрын-соңды болмаған оқиға еді. Осы жайды естігеннен кейін қылмысты іздеу бөлімінің қызметкерлерімен бірге майор Ділдәбековтың өзі де келген. Ол терезенің табалдырығына тақау тұста қабырғаға сызықтанып түскен ізге үніле қарап, суретке түсіріп алып жатқан лейтенанттың қасына келіп:

— Мәруә Ибрагимовна, мынау әйелдің туфлиінің таңбасы ғой. Қойманы тонаған әйел ме, қалай?— деп таңданып қалды.

— Иә, бұл әйелдің аяқ киімінің ізі. Отыз алтыншы размер. Басқа дәнеңе айта алмаймын. Қылмыскер қойманы тонауға

өте мұқият әзірленген. Терезенің әйнегінде, жаппа темірлерінде саусақтардың таңбасы білінбейді. Ұры резина қолғап киген. Лабораторияда тағы анализ жасап көрерміз. Байқайсыз ба, майор жолдас, ұры ауа райын да сәтті пайдалана білген. Жауын жауған соң, қара суық жүрді. Жер тоң болып қатып жатты. Одан кейін, міне, қар жауды. Ұрлық осы екі арада жасалған.

— Дұрыс айтасыз, Мәруә Ибрагимовна.— Майор басын изеді. — Ұры аса әккі адам екені байқалады.

Соңғы кезде менің бір аңғарғаным, қылмысты ашу, қылмыскердің кім екенін бұлжытпай табу үшін үлкен талант иесі болу керек пе деп қалдым. Жігіттер жоғалған заттардың тізімін алып жатыр. Біраздан кейін сіз қабырғаға түскен туфлидің таңбасын әкелесіз. Осымен бар әрекетіміз тамам. Ит із алмайды. Қар жауған. Маған жан-жақтан телефон соғып, салмақты дауыспен қылмыскерді шапшаң табыңдар деп әмір етеді. Олардың кім екенін мен қайдан білейін, міне, осындайда алғыр ой, ұшқыр қиял, күшті логика керек екен. Қылмыс жолына түскендер әшкереленбеу үшін әрқилы айла-әрекет жасайды.

Оларды ұстау үшін мынадай жалаң факті жеткіліксіз. Оған ақыл, ой керек. Мен қазіргі жұмыс тәсілімізді осылай жаңа бағытпен құрғанды қалар едім. Ал осыған өзіміз ілесе аламыз ба? Әй, білмеймін.

Мәруә Ибрагимовна майордың кім туралы айтып келс жатқанын сезді. Рахымды пышақтап өлтірген қылмыскерлер туралы іс алғаш: “Қылмыс жасаушылар белгісіз. Ізіне түсуге мүмкіндік болмады” деп, баянсыз қалдырылған еді. Капитан Майлыбаев Көкмойнақтың қызыл иегіне кірген тікенек жаңқаға қарап қылмыскердің біреуі ағаш аяқпен жүрген деген қорытынды жасап, соның таңбасын өрістен іздеп табады. Оның сыбайласының кәсібі жөніндегі болжамы дұрыс. Ақыры олардың алтынмен сауда жасайтынын да тапты. Осының бәрін ол нақты фактімен емес, логиканың күшімен дәлелдеді. Мәруә майордың Алматыға кеткен Талғатты өгейсіп, жоқтап келе жатқанын сезді. Қоймаға түскен ұры жайында майор Ділдәбековтың пікірін сұрағысы келді де, кейін бұл пікірі Талғаттың дәлеліне қайшы келіп жүрсе, сынағандай болармын деп, ол ойынан тыйыла қалды. Келесі күні Мәруә қоймаға байланысты сарапшылардың қорытындысын әкелгенде, майор Мәруәның ойындағы сұраққа жауап

қатқандай болды. Ол алдында жатқан суреттерді әрі-бері қарап:

— Мынау әйелдің туфлиінің таңбасы екені анық қой? Әлгінде жоғалған дүниенің тізімін қарап шықтым. Жиырма одеял, алты метр түкті кілем төсеніш ұрланған. Онша көп дүние емес. Тегі, осыны ұрлаған әккі қылмыстылар емес, маскүнемдер ме деймін. Осында Құрымбайдың Сәния деген әйелі базарды жағалап, шұлығы бұралып, арақ ішіп жүруші еді. Мынау соның ісі ме деп білем. Базарда одеял сатып жүрген жерінен ұсталды. Этикеткасын салыстырғанда ауруханаға әкелген одеялдармен бірдей боп шықты. Сәния өзінің ұрлығын мойындамайды, көшеден тауып алдым дейді. Оның тауып алғанын ешкім көрмеген. Тағы сөйлесіп көрейік,— деді де, Сәния Байболованы алып келуге әмір етті. Мәруә кетуге ыңғайланып еді, Ділдәбеков оны тоқтатты.— Мен Сәнияны, оның күйеуін Құрымбайды жақсы білетін едім. Мен милицияға келгенде, Құрымбай аудандық партия комитетінде қызмет істеп жүрген. Құрымбай кісі жатырқамайтын, кіші пейіл адамның асылы еді. Үй болып араласып тұрдық. Сәния осы өңірге белгілі паң мінезді, онысы өзіне ұнаған кербез келіншек еді. Күйеуі түрмеден қашқан қаныпезердің қолынан қаза тапты. Сәния күйеуінің күйігіне шыдай алмай, араққа салынып, ақыры азып-тозып кетті. Сіз отырғаннан кейін, бәлкім, сұраққа дұрыс жауап берер,— деді.

Сәлден кейін күзетші егде жастағы әйелді алып келді. Үстінде түймесі жұлынған, оқамен зерленген ескі қамзол, жамау-жамау ескі көйлек. Бір аяғына туфли киген де, екінші аяғындағы — өкшесі қақыраған бәтіңке. Мастығынан айықпаған секілді. Бұлғақтап кірді. Кезекші иығынан басып, орындыққа отырғызды. Сәния күзетшіге:

— Қайным, темекің бар ма?— деп еді, майор орнынан тұрып темекі ұсынды. Сәния темекісінің түтінін үсті-үстіне жұтып, құмары тараған соң, жаң-жағына қарады.— Ей, сен Әлиханбысың? Мына сарбаздарың алды-артыма қаратпай, сүйрей жөнелді. Пальтомды киюге мұршамды келтірмеді. Не жазығым барын білмеймін. Әлде, сен күйреген үйге күшінді көрсетейін деп пе ең? Бұл қай қорлығың?

— Сіз кешіріңіз, Байболова, келіп кетсін деп сұрап едік. Өз жөніңізбен келмедіңіз. Ұрланған одеялды сатып жүргеннен кейін, әрі жөніңізді айтпаған соң, шара қолдануға тура келді.

— Әлихан, сен айтатыныңды мәймөңкелемей дұрыстап айтшы. Ұрлаған деген бәлені қайдан таптың. Анау сар шапағың да: “Қоймаға кашан түстіңіз. Қасыңда кімдер болды?” деп, құдайдың қайдағы жоғын сұрайды. Шындықты білгің келсе айтайын: оны таң ертемен дүкенге кетіп бара жатқанда аурухананың дәретханасының жанынан тауып алдым. Судай жаңа дүние маңдайыма жазған ба? Қалтамда көк тиын жоқ болған соң базарға апарып сатып, талшық етейін дедім.

— Азаматша Байболова, сіз шыныңызды айтқыңыз келмейтін сияқты. Қалған одеялдар мен төсеніш кілемді қайда жасырдыңыз? Кінәңызды мойындасаңыз жаза жеңілдейді. Дүние түгел табылса, босату кепілдігін өзім алайын.

— Кепілдігіңізге рақмет. Ал дүние ұрланса оны өздеріңіз тауып алыңыз. Мені шатпаңыз.

— Сіз алдыңғы күні түнде қайда болдыңыз?

Сәния бажырая қарады:

— Өзіңіз майорсыз ба? Майор болмай, маубассың ба? Менің үй қыдырарлық қай бетім бар, байдан қалғаным қай заман. Өзің не былжырап отырсың.

Мәруә төмен қарап қызарып кетті. Соны сезді ме, Сәния:

— Қызым, кешір. Құдай менен жамандығын аямаған жанмын. Мынау отырған сырмінез, көз көрген жан еді. Менің сорым аздай, бұл да жаласын жапқан соң, не дейін енді!

Ділдәбеков түсін суытып:

— Ұрлағаныңызды мойындайсыз ғой? Кейін өкінесіз.

— Құрымбай марқұм ұры-қарының қолынан өліп еді. Енді сен де мені ұры етіп құртайын деген екенсің. Тірлігімді көпсінсең, мәртебең көтерілсе, айтқаның болсын. Азаматсың ғой, дәм татысқан, бетінді қақпаймын. Жолыңа қырсық жасамаймын. Мен бейбақ жоқтаусыз жанмын. Өз ыңғайыңа келтіріп, протоколыңды жаза бер, жарқыным. Мен бәріне қол қоямын. Мен ұрымын. Қойманы тонаған мен. Құдай разы қылсын, енді мені қинамаңыз.— Сәнияның көзінен жас моншақтап ағып бара жатты.

Майор Ділдәбеков төмен қараған бойы үнсіз отырып қалды. Ол Сәнияның кеткенін де байқамады.

Бұл кезде ауруханада да қойманың ұрланғаны көп сөз болып, әкімшілік жолымен қалай жазалаудың түрлерін сұрап, Цой таныс кісілерінен татымды кеңес алып жатқан. Оның жүгінетін адамы Жұрымбаев. Ауданның бүкіл финансын

қолына ұстап отырған ірі тұлға. Онымен жұрттың бәрі санасады, сөзін тындайды. Аймангүл аурухананың қоймасы тоналғаны жайында хабарды естігенде Цойға қырсығы тие ме деп қатты абыржыған. Ұрлық сестра Глухованың кінәсынан болды дегенде жүрегі лүпілдеп қуанып кетті. Ауруханадағы әрлі әйелдердің бірі осы Аида болатын. Өзі жас, сауатты, әрі екі тілге бірдей жүйрік. Іштей күндеп Цойдан қызғанатын. Ол сотты боп жатса Аймангүл тілегіне жетпей ме? Цой Жұрымбаевқа телефон соққанда Аймангүл күйеуінің қасында тұрған. Ахаттың жауабына қанағаттанбай, “Ұрлыққа себепшіні заң қатаң жазалайды, кәсіподағы дегенді қайдан шығардың? Ісін тура сотқа берсін демейсің бе?” — деп, күңкілдеп ұрсып жүрді. Жұрымбаев әйелінің камшылауымен Цойға ақылын бір-ақ айтты.

— Глухова бұрын жаза алып па еді? Онда жұмыстан шығарып жіберіңіз. Әрине, алдымен жергілікті комитеті дей ме, сонысымен келіскен болсайшы.

— Оның бәрін білем! Ахат Жұрымбаевич, әлбетте олардың келісімі керек. Ал кейін сот орны қолдамай жүрсе қайтем? Олардың жұмысқа қайта ал дейтін заңы бар ғой.

— Мен тұрғанда қорықпа, бауырым. Олармен өзін сөйлесемін.

— Менің сенетін кісім өзіңіз, Ахат Жұрымбаевич. Осы істі ақырына дейін жеткізіп берсеңіз, қарыздар қалмаймын. Жақсы, ал Аймангүл Жұрымбаеваның халі қалай? Бәрі кісінің көңіл-күйіне байланысты. Иә, солай. Біз жаңа препарат күтіп отырмыз. Аймангүл абыржымасын, қолдан келгенін аямаймыз.

Жұрымбаевтың күжілдеген даусы естілді:

— Айманжан сізге сәлем айтып жатыр.

— О, сәлемат болсын. Өзіңіз де сау болыңыз. Бір кілтипан туа қалса, өзіңізді мазаласам, айыпқа бұйырмассыз.— Ар жағынан Жұрымбаевтың мақұлдаған дауысы естілді ме, Цой көңілденіп, трубканы іліп қойды. Қоңырау беріп, секретарь қыз арқылы Сейітқұлованы шақырды. Айша келгенде Цой жұмыс үшін ашынып, күйінген жан секілді, кабинеттің ішінде әрі-бері тыным таппай жүр еді. Кіре беріп, босаға жақта состиып тұрып қалған Айшаның қасына келіп, үңіле қарап:

— Тәжірибеніз бар адамсыз. Кәне, ақылыңызды айтыңызшы, не істейміз? Сіздің сенген Глухованыз бәрімізді жалаңаштап тұрып мұзға отырғызып кетті. Содан аулақ жүр

дедім. Көнбедіңіз. Бәлкім, тағы қорғаныш болмақ ойыңыз бар шығар,— деді.

Аурухананың шаруашылық жөніндегі сестрасы бұдан бір жеті бұрын демалысқа кеткен еді. Оның орнына Айшаның сұрауы бойынша Аида Глухова тағайындалған. Бас дәрігер бүкіл коллективтің көзінше Глуховаға сенім көрсетпейтінін сездірген. Бірақ Айша аурухананың төсек-орнын жөндеп, тәртіпке келтіру өзіне тапсырылып отырғандықтан бұл іске Глухованың көмегін ғана қалаған. Астанада комиссия келгенде бүкіл палаталар жарқырап тұрса, оған сестра Глухованың еңбегі сіңгенін білсе, бас дәрігердің берген сөгісін алып тастауға көмегі, себебі тиер ме деп ойлаған еді. Цой енді Глухованы ғана емес, Айшаны да кінәлайтын сияқты. Осы бәледен аулақ болу үшін “Глухованы қызғыштай қорғаудан аулақ жүр” дегендей ыңғай білдіреді.

— Менің сөзім сізге түсінікті болса керек еді. Глуховамен бірге жауап беремін десеңіз, өзіңіз біліңіз.— Цой шаршаған түрмен орнына барып отырды.

— Бәлкім, Глухованың салақтығы бар шығар. Бірақ дүние-мүліктің ұрлануына оның қатысы жоқ. Милиция орындары қылмыстыларды іздеп жатқан көрінеді. Базардан одесял сатып жүрген бір әйелді ұстаса керек. Кінәлы адамдарды табар өздері,— деді Айша.

— Сіз айтып отырған әйелді милиция әлдеқашан босатып жіберген. Бұл — қылмыс жасаушы басқа адам деген сөз. Милицияны тағы ауруханаға қаптатып жібере алмаймын. Маған мекеменің беделі қымбат. Глухова қазіргі сағаттан бастап жұмыс істемейді. Бұйрыққа қол қойылған. Жергілікті комитеттің председателі ретінде бұйрықпен танысқаныңыз үшін қол қойыңыз,— деп, Цой бір жапырақ қағазды алдына қойды.

Айша көз жүгіртіп оқып шықты. Бұйрыққа Глухованың бұрыннан-ақ өз жұмысына салақ қарап келгені, қанша айтылса да одан тиісті қорытынды шығармағаны, әкімшілік түзеле ме деп соңғы рет сөгіс бергені тізбектеліп жазылған. Қойманың ұрлануы Глухованың салақтығы деп тапқан. Еңбек заңының жұмыста сенім керсетуге жарамайды деген қатал тармағымен шығарыпты.

— Бұйрықта әділдікті байқамай отырмын. Біріншіден, Аиданың ондай кінәсі болған емес. Екіншіден, қойманы ұрлауға оның қатысы барын білмейміз. Анығына жетпей тұрып, жазықсыз адамға қатал бұйрық жазу келіспейтін шығар.

— Айша Сейітқұловна, мен заңның адамы емеспін. Бірақ оның кінәсі бары анық. Бұйрыққа мен жауап беремін. Ал сіз бұйрықпен танысқаныңызға қол қойсаңыз болды. Басқа нәрсені талап етпеймін.

Цой қалам беріп, Айшаның қолын қойдырып алды да, дереу сейфке салды. Бұйрықтың көшірмесін тақтаға ілуге хатшыға берді. Цой осымен әңгіме бітті дегендей орнынан тұрды. Өзіне-өзі көңілі толып, тәнті болған түрмен терезенің алдына барды.

Аурухананың солтүстік жағы тақтаймен қоршалмаған. Тақтай қағуға қадалған қадалар қисайып-қисайып тұр. Ауруханаға келгендер бұл жақты жол қып тастаған еді. Цой сол тұста біреулердің жүргенін байқады. Пердені кеңірек ашты. Бет-пішіні, тұлғалары таныс секілді. Бұларды қайдан көріп еді? Ә, енді есіне түсті. Сарғабанның сазында ұшырасқан аңшылар. Мұнда олар не істеп жүр? “Жұмысы жоқ кісі еріккен соң, қаңғып жүре береді екен-ау”, — деп ойлады Цой.

Цой жаңылысқан жоқ еді. Расында бұл кетіп бара жатқан Талғат пен Нұржан болатын. Талғат әлгінде ғана самолеттен түскен. Нұржан аэропорттан қарсы алды. Жолшыбай аурухананың қоймасы тоналғаны жайында оқиғаны айтқанда, Талғат:

— Жолдан соға кетейік. Маған туфлидің ізі түскен жерді көрсетерсің, — деген. Екеуі ұры түскен терезенің маңын көріп бара жатқан беті еді. Талғат ғылыми-техникалық бөлімге кіріп, Мәруәға жолықты. Сарапшылардың қорытындыларымен танысты. Мәруә ұры жайында Талғаттың пікірін білуге құмар еді. Орнынан тұрып, кетейін деп тұрған Талғатқа:

— Жолдас капитан, сізден сұрауға рұқсат етіңіз. Қойманы тонаған ұры кім деп ойлайсыз? — деді.

— Дәл айту қиын. Бірақ қолдағы материалға қарағанда бұл нағыз ұрының ісі емес, біреу қаскөйлікпен әдейі жасаған секілді.

— Кешіріңіз, жолдас капитан, мен жөнді ұға алмадым. Ең алдымен ұры әйел ме, әлде еркек пе?

— Қоймаға түскен әйел емес, еркек. Бірақ ол білместіктен өрсскел қателер жіберген.

— Ал біз оны әйел деп жорамалдадық.

— Бұл айтып тұрғаным жай долбар, Мәруә. Менің де қателесуім ықтимал. Жаңсақ пікірден аулақ болсын десеңіз, маған терезенің астыңғы табаны мен туфлидің ізі түскен аралықты дәлме-дәл анықтап беріңізші. Бұған өте мұқият

қарауыңызды өтінемін. Мұнда бір сантиметрдің өзі адам тағдырын шешуі мүмкін.

— Біз мұның бәрін тексергенбіз. Әйткенмен, тағы бір қарап шығайын. Материал дайын болған кезде қайда әкелейік?

— Мен майор Ділдәбековте отырамын. Сонда әкелерсіз.

— Құп болады, жолдас капитан.

Майор Ділдәбеков Талғатты асыға күтіп отыр еді. Есіктен кірген сәтте, қысқа амандықтан соң, тура іске көшті.

— Қойманың қалай ұрланғанын естіп жатқан шығарсыз. Мұның өзі біраз жұмбақ қалдырды. Жоғалған одеялдың біреуін сатып жүрген жерінен Байболова дегенді ұстадық. Дүниені тонаған сол ғой деп отырғанда, қалған мүлік медсестра Глухованың кілетінен табылды. Мұның бәрі маған оңай тиіп жатқан жоқ, ұрыларды қасақана ұстамай отырған сияқтымын. Жан-жақтан ұрыларды неге ұстамайсың, неге тергеуге алмайсың деп, мазамды алып барады. Осының өзі бізді негізгі қолға алған істен алаңдататын түрі бар. Сіз кеткелі әңгімеміз осы қойманың жайы.

— Әлихан Ділдәбекович, аурухананың қоймасының тоналуы меніңше қылмысты бүркеудің өрескел түрі секілді.

— Талғат Майлыбаевич, қойманы ұрлап тұрып, оны қылмысты жасырудың өрескел түрі дейсіз. Ұрлықтың өзі қылмыс емес пе? Байқауымша, мұны алтынмен астыртын сауда жасаушылардың ісі деп соларға телитін секілдісіз. Кешіріңіз, ұқпадым.

— Мен лейтенант Ибрагимованың қорытындысын күтіп отырмын. Әкелгеннен кейін сіздің сұрағыңызға жауап берсін.— Есіктен кірген Мәруәны көріп:— Міне, лейтенанттың өзі де келді. Қазір төрт көзіміз түгел отырғанда ақылға салып көрелік. Өздеріңіз қараңыздар, терезенің астыңғы табаны мен жерге дейін бір жарым метр екен. Ал туфлидің таңбасы терезенің астыңғы табанына мүлде жақын түскен. Арасы не бары бес-ақ сантиметр. Айталық, мен терезенің крест түрінде салынған темірінің біреуінен ұстап, аяғымды қабырғаға тіреп көтерілдім дейін. Сонда мен жерде тұрып, аяғымды бір жарым метр соза аламын ба? Бұл мүмкін емес. Мейлі менің аяғым табалдырыққа дейін жетсін делік. Онда мен ішке кірсем алмас едім. Тізем кеудеме тіреліп, кедергі келтірер еді.

— Сонда қабырғадағы туфлидің таңбасы қайдан келген?— деді Нұржан Талғаттың сөзін бөліп.

— Мен де соны айтайын деп едім. Қойманы тонаушы ұрыны әйел етіп көрсету үшін туфлиді қолына кигізіп, бар күшімен қабырғаға басқан. Таңбаға карағанда мұны жасап жүрген адам мол күштің иесі емес, әлжуаз әлсіз жан, бойы да биік болмаса керек.

— Қалай?— деді майор сенімсіз түрмен.— Мына сөзіңізге карағанда, қылмыскердің қойманы тонауға ниеті болмаған секілді. Сіздің бұл долбарыңызды теріске шығаратын айғақ дәлелдер бар.

— Әлихан Ділдәбекович, фактіден ешкім бұлтара алмайды. Байқасаңыз, мен де кұр қиялға берілмей дәлел айтып отырған сияқтымын. Қойманы тонаған күні қар жауғаны белгілі. Одан бұрын бет қаратпайтын қара суық жүрді. Жер қара қатқак боп жатты. Сондай кезде мынадай жаздық туфлиді қалай киеді? Сарапшылардың қорытындысына карағанда, қабырғадан қырып алған әкте күйе бары анықталған. Қылмыскер қоймаға түсуші әйел етіп көрсету үшін туфлидің табанына күйе жаққан.

Олай стпесе таңба түспеген болар еді. Сөйтіп, қойманы тонаған ұры әйел емес, еркек.

— Талғат Майлыбаевич, сіздің қылмыстыларды әшке-релеу мәнеріңізге тәнтімін. Қылмысты ашу үшін үлкен ой иесі, ақыл иссі болу керек екенін ұққандаймын. Бірақ біз үшін факті үлкен күдіретті күш. Одан аса алмаймыз. Біз жақында аурухананың қоймасынан ұрланған заттарды базарда сатып жүрген жерінен Байболова дегенді ұстадық. Ол мұны көшеден тауып алдым деген сылтау айтты. Бірақ біз оған қалған одеял мен кілем төсеніш табылса, жазаны жеңілдетіп, босатамыз деген шарт қойдық. Байболова қойманы кімнің ұрлағанын айтып берді. Он тоғыз одеял Глухованың үйінің клетінен табылды. Ал сіз қылмыскер әйел емес, еркек дейсіз. Және кілеттің аузында Глухова салған балғадай шойын қара құлпы бар.

Талғат бүгіліп, басын төмен салып, бір сәт үнсіз отырды. Саусағын шошаң етіп көтеріп:

— Әлихан Ділдәбекович, қылмыскерді онша ақымақ деп ойлау қиын. Сестра Глухованың ұрлыққа бейім емес екенін біледі. Ұрлаған заттарын соның кілетіне жасыра тұрып, кейін алайын деген шығар. Солай жасауы мүмкін бе? Глухованың үйіне заттарды жасыруын осылай ойлауға болады ғой. Немесе

Глухованы ұры етіп көрсетіп, қаралап, одан құтылғысы келген. Ие, әлгінде сіз “Қойманы тонаудың өзі қылмыс емес пе? Сөйтіп тұрып, ол қылмысты жапқысы келгені несі?” — дедіңіз. Қылмыс пен қылмыстың арасында үлкен айырма бар. Дәлелденбеген ойды күн ілгері жария ету жарамайды. Сөйтсе де, қойманы тонаушы өзінің үлкен сұмдығын жасыру үшін арзан, пасық іске барған.

— Байқасаңыз, Талғат, мен жұрт көзіне қылмыстыларды ашкерелеуші емес, қорғаушы секілді көрініп барам. Рысбек Тілеуовтың жөні бөлек дедік. Біз бұл жайында келіскенбіз. Мен Байболованы да босатуға мәжбүр болдым. Ол куә ретінде қалды. Глухованы сіз кінәсыз дейсіз. Сонда мен не істеуім керек? Қандай ақыл бересіз?

— Глухованың тергеуде жатқанын Цой біле ме?

— Оны айта алмаймын.

— Цойды куә ретінде шақырып көрелік. Оның айтқандарын тындайық. Бір мекеменің басшысы.

Өзінің қарамағындағы қызметкер жөнінде пікірін білгеніміз жөн.

— Мен бұған қарсы емеспін.—Майор трубканы көтеріп:— Шақырғанмызға келе қойса жақсы,— деді де ауруханаға телефон соқты.— Бұл Цой жолдас па? Сәлеметсіз бе? Сізді мазалап тұрған майор Ділдәбеков. Сөйлесетін әңгімеміз бар еді. Қалай жолықсақ екен? Сіз бөлімшеге келе алмайсыз ба? Ие, бүгін. Қолыңыз тисе, қазір келіп кетіңіз.

Цойдың жұмсақ, майда үні естілді:

— Ертең бізде операция жасайтын күн. Біраз дайындық жұмыстарын жүргізетініміз бар. Аурулардың өздерін пышаққа жатуға әзірлеу керек деген сияқты. Тек түстен кейін ғана шығуға мұршам келеді. Әңгімеміздің тақырыбын білуге бола ма? Құпия демесеніз, айтыңыз.

— Қойманы тонағандардың ізіне түстік. Әйткенмен кейбір жайлар көмескі. Өзіңіздің көмегіңіз керек боп тұр.

— Мен дайын. Сағат төртте келемін.

— Цой бұл уақытты бекер белгілеп отырған жоқ, Талғат Майлыбаевич,— деді майор трубканы қойып жатып.— Сағат төртке дейін ол сөзі өтетін салмақты адамдарға телефон соғып, жұмысының көптігін, қиын екендігін айтады. Алматыдан комиссия келейін деп жатқанын білдіреді. Қойма тоналып, соған дайындала алмай жатырмыз деп мұңын шағады. Милиция не бітіріп жатыр деген сұраққа: “Милиция

қылмысты табудың орнына өзімді шақыртып, әлекке салып жатыр”, — дейді.

— Сіз өз құлағыңызбен естігендей айтып тұрсыз ғой, жолдас майор, — деп Талғат күлді. — Оның олай дейтінін қайдан білесіз?

— Осы қалада он бес жыл онымен бірге қызмет істеп келемін. Арагідік кездесіп тұрамыз. Бас хирургтің сөзі милицияға қарағанда, өтімді екенін өзіңіз де байқарсыз.

Бестөбе ауданға бағынатын қала ғой. Бір сағат өтпей майор Ділдәбековты аудандық атқару комитетіне шақырып әкетті.

ЖЕТІНШІ ТАРАУ

Талғат Бестөбе қаласына жүрер алдында полковник оны өзіне шақырып алып, лабораторияның қорытындысын хабарлаған еді. Үңгірден табылған алтынды таразыға салғанда үлкен кесегі төрт килограмм, студентке жіберген кішілсу бөлегі екі килограмм тартқан. Бұл кесек алтындар С. қаласының маңынан өндірілетін алтынмен тектес екені анықталды. Сонымен Бестөбе қаласында алтынмен астыртын сауда жасайтын қылмыстылар бар да, олар көзге түспеудің тәсілін қарастырып, елсіз жердегі өзеннің қалтарыс жағалауынан өздеріне көмбе жасап алған.

— Сірә, олар осындай құпия жолмен көп уақыттар бойы алыс-беріс сауда жасап келген, — деді полковник сөзінің соңында. — Бұл жайында сіздің долбарыңыз дәл келді. Әйткенмен, қылмыстылар әлі бостандықта жүр. Алтынмен сауда жасаушылар мемлекетке көп зиян жасайтынын білесіз.

Кісі өлтірген қылмыскерді қайткенмен де табуға тиіспіз. Бұл оқиға Бестөбе қаласының маңында болып отыр. Сондықтан ондағы әрбір уақ істің өзіне назар аударуды ұмытпаңыз, — деп кеңес берген еді.

Талғат алғаш аурухана қоймасының тоналғанын естігенде алғашқы сәтте қалалық милиция бөліміндегілер ұрыны өздері шұғылданып, тауып алар деп, мән бергісі келмеп еді. Қабырғаға түскен туфлидің таңбасын көргеннен кейін дереу ден қоя бастады. Әккі бұзақылар мұндай ұсақ қателерді жібермейді. Бұл біреуге қастандық ойлаған, ұрлықтан аулақ кісінің шалағайлығы. Талғат өзінің осы ойын майор Ділдәбековке айтқанда, ол қазіргі тұста фактіге көбірек сенетінін сездірді. Ұрланған нәрселер Глухованың үйінің кілетінен

табылды. Арашалау қиын. Әйткенмен Талғат Глуховамен әңгімелесуді мақұл көрді. Мұның алдында ол Алматыға телефон соғып, полковник Дайыровтың келісімін алды.

Талғат тергеушінің бөлмесіне келгенде, аға лейтенант Быстров Глуховадан қайтадан жауап алып жатыр екен. Бөлмеде артық орындық жоқ. Ол шапшаң тұрып, өз орнын капитан Майлыбаевқа ұсынды. Талғат отыра бер дегендей, қолымен белгі берді де, өзі тергеушінің қасында түрегеп тұрды. Быстров сұрағын жалғастырды.

— Ұрлықтың не екенін білмеймін дейсіз. Айтқаныңызға сенейік. Ал сонда қоймадан ұрланған одеялдардың бумасымен сіздің үйдің кілетінде тығулы жатқаны қалай? Оны басқа біреу апарып құлыптап қоймаған шығар. Өйткен күннің өзінде сізден құлыпты ашу үшін кілтті сұрап алар еді. Солай ма?

Глухова жауап қатпады.

— Жауапкершіліктен үндемей құтылғыңыз келе ме? Қасарысқанмен жаза жеңілдемейді, қайта ауырлай түседі.

— Ұрлық жасау, біреуге қиянат ойлау секілді жат істен аулақпын. Сондықтан сізге беретін жауабым жоқ.

Глухованың бұл жауабы бұрын да айтылған ба, Быстров шыдамай, өрттей күйіп орнынан атып тұрды:

— Сіздіңше, ұрланған мүлікті кілетке мен апарып қойдым ба? Неге түзу сөзге көшпейсіз. Өзіңіз алмасаңыз, мүлікті жасырған сыбайластарыңызды айтыңыз. Ерте ме, кеш пе, бәрібір мойындайсыз. Шындықты бүге алмайсыз!

Талғат тергеушінің сөзін бөлді:

— Жолдас аға лейтенант, бір-екі сұрау беруге рұқсат етіңіз,— деді де, Глуховаға жылы шыраймен:—Осында келместен бұрын аудандық комсомол комитетімен сөйлескен едім. Ондағы жолдастар сіз жайында жақсы пікірлер айтты. Қойманы тонаумен, ұрлықпен байланысты іспен шұғылданғаныңызға қайран қалады. Алдағы жазда институтқа жолдама бермекші едік, мұнысы несі деп өкінеді. Менің өз басым аудандық комсомол комитетінің айтқанына сенемін. Бірақ кісіге сену бар да және кісінің бетіне шіркеу болатын жағымсыз факті де бар емес пе? Сол жағымсыз фактінің бірі қоймадан ұрланған мүліктің сіздің үйдің кілетінен табылғаны болып отыр. Осыны қалай түсіндіресіз?

— Білмеймін, тергеуші азамат...

— Кешіріңіз, мен өзімді таныстырмаған екенмін ғой. Капитан Майлыбаев Талғат, облыстық милиция бөлімінің

кызметкері. Ал мен сізді білемін. Аида Глухова, аурухананың медсестрасы. Солай ма? Ал енді ашық әңгімелесейік. Кілетке біреулер одеялды апарып тығып қойсын делік. Дәл қойманы тонаған күні терезенің тиегін салмай, ашық қалдыруыңыздың мәнісі қалай? Бұрын әйнектерді тұтас жауып тұратын тақтай бар екен. Оны да алып тастапсыз. Бір сөзбен айтқанда, терезені өзіңіз әдейі ашық қалдырғансыз. Әлбетте, осының бәрі сізге күдік туғызады.

— Бұл жайында өзім де көп ойландым. Терезенің тиегі салынбай қалғанына өзім де таңқаламын. Қойманы жаппастан бұрын алдымен терезені қарайтынмын. Ұры түскен күні де жабық болатын. Сырттан әйнекті сындырмай, қалай ашқанын білмеймін. Ал сол күні кешінде кенеттен жарық сөніп қалды да, мені дереу операция бөлмесіне шақырып әкетті. Жас қыз соқыр ішекпен түскен еді. Соған операция жасап жатқан. Жан-жақтан май шам ұстап тұрдық. Операция ұзаққа созылды да, шаршап шыққаннан кейін үйге қайттым. Терезенің тақтайын жауып кетуді ұмытып кетіппін.

— Қойма есігінің қанша кілті бар?

— Сестра хозяйка маған бір кілт беріп кеткен. Басқасын білмеймін.

— Қойманы құлыптағанда сүргіш салына ма?

— Есік коридордың ішінде, оған сүргіш салғанын көрген емеспін.

— Кілеттің кілтін қайда қоясыздар?

— Күндіз үйде ешкім болмайды. Және үйге ұры түскенін естіген емеспіз. Үйдің, кілеттің кілттерін сырттағы табалдырықтың астына тастай саламыз. Інім мектепте оқиды ғой. Мен жұмыста жүргенде, есікті өзі ашады.

— Кілеттің жиі ашып тұрасыздар ма?

— Кілеттің ішінде ор бар. Соған күзде картоп толтырып тастағанбыз. Одан кейін ашқанымыз жоқ.

— Менің сұрағым бітті. Сізге рақмет.

Талғаттың жылы сөзі дәмелендірді ме, Глухова өтініш айтты:

— Мамам әжеміз науқастанып, Жаркентке кеткен еді. Інім үйде жалғыз. Шайын жөндеп іше алмай жүр. Мамам келгенше мені босата тұрсаңыз қайтеді? Бұл іс тынбай, бәрібір қаладан кетпеймін.

— Облыстан келгенімді сізге айттым ғой деймін. Тергеуде үлкен айып тағылып отырған кісіні босатуға хақым жоқ. Оны

осындағы милиция басшыларының өзі шешеді. Кейде қоғамдық ұйымдардың сұрауы бойынша, іс анықталғанға дейін уақытша шығара тұратын сәттер болады. Аудандық комсомол комитетімен бірге сізге кепілдікке жүруге уәде берейін. Бізді ұятқа қалдырмассыз деп ойлаймын.

— Рақмет. Сеніңіз маған.

Өздері оңаша қалған кезде Талғат аға лейтенант Быстровқа аудандық комсомол комитетінің өтініш талабымен Глуховаға сенетіні жөніндегі кепілдігін көрсетті. Аға лейтенант шегіншектеп бажырая қарады:

— Жолдас капитан, сіз шынымен араға түспексіз бе? Бұл көпе-көрінеу қылмысты бүркеу ғой.

— Жолдас аға лейтенант, сіз бұған таңқалмаңыз. Қылмысты кім жасағанын біз әлі ашқанымыз жоқ, білмейміз.

— Фактілер Глухованың қылмысқа қатысы барын мойындатып отыр. Оны көрмегенсіп, жаба салудың реті қалай келетінін білмеймін. Майордың рұқсатынсыз дәнеңе жасай алмаймын.— Осы кезде кабинетке майор Ділдәбеков кірді.

— Ол майдалап жүріп, барлық жерге шағынады деп айтып едім ғой, Талғат Майлыбаевич. Дәл солай жасаған. Бірінші секретарьға дейін баруға тура келді.

— Хатшы не айтты?

— Тиісті кісілерге қатты ескертіп қойды. Енді бізге ешкім бөгет жасай алмайды. — Ділдәбеков тергеушінің қолындағы Талғаттың кепілдемесін, аудандық комсомол комитетінің өтініш талабын көріп:— Сіз өз логикаңызға қатты сенесіз білем. Ал Глухованың қылмысқа қатысы барын дәлелдейтін фактіні қалай жоққа шығарасыз?

— Мұның бәрі жалаң фактілер. Қылмыстың беті әлі ашылған жоқ.

Майор Ділдәбеков Талғаттың түпкі ойын түсінді. Иегін сипалап, ойланып отырды да:

— Осының бәрі Сарабағандағы оқиғаға қатысы бар деп қарайсыз ба?— деді.

— Оны дәлелдеуіміз керек, Әлихан Ділдәбекович.

— Бұл жолы да сіздің долбарыңызды байқайық. Шынында, Аида Глухованың қамаудан босанып, еркіндікте жүруі кейбірсуді қатты абыржығуы ықтимал. Бәлкім, батылырақ әрекет жасар.

— Тек осындай жолмен ғана күдікті анықтай аламыз.

— Жақсы, менің қарсылығым жоқ.

— Қолдағаныңызға рақмет айтамын.

— Сіз асықпаңыз, әлі біз алғысыңызды өзіңізге жаудырамыз. Ие, айтқандай, бірінші секретарь сізге сәлем айтты. Тегі, біздің полковникпен жақсы таныс кісілер секілді. Қолыңыз тигенде келіп кетуіңізді сұрады.

— Неге шақыратынын білмедіңіз бе?

— Әңгімелескісі келетін ойы бар.

— Шұғыл баруым керек пе?

— Секретарьдың сіз жайында пікірі бөлек. Құр қол жарамайтын шығар, осы оқиға тамамдалған соң барсаңыз да болады.

Талғат бұл күні де жұмыстан кеш қайтты. Ол пәтеріне бармастан бұрын аурухананың ауласын, Глухованың үйінің кілетін көріп, сол жақты кезіп көп жүрді. Шым-шытырық ой көмескі қалпымен сан қияға жетелейді. Әлгінде өзіне айқын көрінген іс әп-сәтте қисынсыз саналып, жаңа, соны дәлел іздейді. Алғаш Глухованың үйінің кілетінен ұрланған одеял табылған кезде, бұл қылмысқа Айданың қатысы бар ма деп қалып еді. Кейін бұл ойынан шапшаң айныды. Көп мүлік пен алты метр кілем төсенішті жалғыз, жаяу адам көтеріп жүре алмас еді. Көтерген күнде де жұрттың көзіне түсіп қалар деп сескенер еді. Ұрланған заттарды тез алып кету үшін қайткенмен де көлік керек. Арбамен келу қисынсыз. Оған тисп жатқанын жұрт бәрібір көреді. Мұндайда ең қолайлы көлік — машина, қызметтегі машиналардың шофері көпекөріңсу ұрлыққа бармайды. Сонда қойманы жеке меншік машинасы бар адам тонаған. Бұл бір жағынан Глухованың кінәсыз екенін дәлелдей түседі. Екіншіден, ол мүлікті ұрлаған күннің өзінде кілетке апарып жарқыратып қоймас еді. Қойманы тонаушының мақсаты біреу: қайткенде де Глухованы қаралап, одан құтылуды көздеген. Момын жас қыздан сонша сескенуі қалай?

Айданы қылмыстан арашалайтын тағы бір жай бар: ұры түскен терезенің крест түрінде айқастырып, жақтауға қаға салған темірі бар. Темірдің бір жақ басын шығарса, кісі еркін сыяды. Сол темірлерде Айданың саусақтарының таңбасы табылмады. Бұған қарағанда қойманың екінші кілті болған. Жұмыс уақыты бітіп, жұрт тараған кезде қылмыскер қойманы ашып, темірдің бір жақ шегесін суырып, босатқан, әрі терезенің тиегін ағытып кеткен. Былайша айтқанда, ұрлыққа күн ілгері әзірленген. Осыны жасап жүрген кім?

Осындай ой үстінде Талғат пәтеріне жеткенін де байқамай қалған еді. “Түнделетіп жүргеніңді қоймадың-ау!” деген сөзден селк ете қалды. Бұрылып қарап еді, Захар Антонович

екен. Талғаттың машинасы қораның ішінде тұрған. Қар жауғалы жүрген жоқ. Захар Антонович машинаның қарын тазалап, үстін брезентпен жауып жатыр екен.

— Машинаны күтіп ұстасаң, ұзақ жолда алаңдамай еркін жүресің, қиналмайсың,— деді де, Талғаттың бас-аяғына қарады.— Киімің жұқа ғой, балам. Жаураған шығарсың, үйге кіре бер. Мен өзім-ақ бәрін жайғаймын.

Талғат ертеңіне жұмысқа келгенде, Ділдәбековпен сөйлесіп отырған полковник Дайыровты көрді.

— Сәлеметсіз бе, жолдас полковник?

— Сәлем, жолдас капитан,— деп Дайыров қолын ұсынды.— Хал қалай?

— Жаман емес.—Талғат қасына отырғанда Дайыров:

— Сарғабандағы оқиғаға байланысты облыстық милиция басқармасына шұғыл міндет жүктеліп отыр. Біз майор Ділдәбековпен әлгінде осы жайында әңгімелесіп отыр едік. Алтынды Бестөбеге әкеліп, арада делдал болып жүргені қайсы? Дәрігер ме, әлде ақсақ па? Кісі өлтіру — үлкен қылмыс. Мұны олар да біледі. Рахымды өлтіргеннен кейін қылмыстылар бұл қалаға мүлде жоламай кетуі мүмкін емес пе деген күдік келеді.

— Қылмыстылардың қайсысының астыртын тәсілмен алтын тасып жүргенін кесіп айту қиын. Дегенмен оның біреуі дәрігер десек, қайткенмен де ол жұмыс орны бар адам, еркін кезіп, қыдырып жүре алмайды. Сірә, осы топты байланыстырушы күпшек аяқты кісі ме деп ойлаймын. Ал олар Рахымның өлімінен соң бұл қалаға келе ме деген мәселеге келсек, олар оралуға тиіс. Өйткені оларды үркітіп алмау үшін бұл іске Рысбек Тілеуовтың көмегін сұрадық. Ол да күпшекттей ағаш аяқпен жүретін адам. Меніңше қылмыстылар осы торға түссе керек.

— Тілеуов аузына берік адам ба?

— Отан соғысының мүгедегі, өмірдің ащы-тұшысын көрген кісі.

— Онда белгісіз ақсақ кісі мен дәрігерді осы қаладан күтетін болдық қой.— Полковник Сарғабан оқиғасы жайындағы үлкен папканы ақтарып отырып:— Цойдың жауабында ол бар кінәні Глуховаға аударғысы келетіні байқалады. “Терезені әдейі ашық қалдырған да, ұрлық жасаушы да сол Глухованың өзі”,— дейді.

— Глухованы тергеуден босатқаннан кейін бұған оның қалай қарайтынын анықтаған жоқпыз.

— Цой бұдан жиырма минут бұрын өз машинасына отырып, Сарғабанға жүріп кетті. Қасына бір жігітті қосып, Нұржан Мақатаевты соңынан жібердік. Олар Сарғабанның тұсында Цойға жолығуға тиіс.

— Цой Нұржанды таниды. Бұрын кездескен. Сонысы бөгет болмай ма?

— Майор Ділдәбеков ол жайын да айтты. Нұржандар дәрігермен бетпе-бет кездеспейді. Оның қажеті де жоқ. Тек Цойдың қай тұста тоқтағанын анықтап қайтады. Сол жерге вертолет жібереміз.

Бір сағат өтпей стол үстінде тұрған арнаулы аппараттан Нұржанның дауысы естілді. Цой резинка етік киіп, ашпалы басқыш алып, өзенді жағалап кеткен. Ол Рахым жатқан шидің түбіне барып, нақ сол тұстан өзенге беттеген.

Майор Ділдәбеков қысқа жауап қатты:

— Сізді жақсы түсіндім. Көзге түспей, шапшаң қайтыңыздар!

— Құп болады, жолдас майор!

Арнаулы аппараттың дыңылдаған үні естілді...

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

Олег Майснер тоғызға он бес минут қалғанда үйінен шығатын. Емхана алыс емес, он минуттық жол. Ол көшенің бір жақ бетімен жүріп, жұмыстан қайтқанда да сол жүрген жолымен қайта оралады. Сұңғақ бойлы, арықша келген жас жігіт. Киімі де, жүріс-тұрысы да бірқалыпты, өзгермейді. Үстінде сәнмен тіккен жалпақ қалталы қысқа пальто, алтын түйме қадалған ақ көйлектің жағасы пальто омырауынан көрініп, өңін ашып, тұла бойын жинақылап жарасты көрсетеді. Оның айнымайтын серігі — сары портфель, өзін ересек кісі танытқысы келе ме, қолынан тастамайды.

Олег бүтін де портфелін ұстап, үйреншікті жолына түсіп алып, жұмысына бара жатқан. Қазықша етіп қадаған көк шарбақтың тұсынан өте бергенде Дарьяның дауысын естіді:

— Жігітім, халін қалай? Түрің боп-боз, нәр татпаған түрің бар. Үйге кір, сары май салып, ыстық сүт берейін. Базардың көк суы емес, өзіміздің ала сиырдың сүті. Өзің дәмін көрші, кейін мен шақырмай-ақ, жүгіріп келіп тұрасың.

— Рақмет, Дарья апай, жұмысқа асығып бара жатырмын.

— Онда қайтар жолыңда соқ, алтыдан кейін сені ешкім мазаламайды ғой.

— Кешіріңіз, қолым тимейді.

— Ех, Олег, шақырғанға келмесең, кейін өкінесің. Ол өкінішің ғұмыры көкейіңнен кетпейтін болады.

— Сіз қорқыта да білесіз-ау деймін, Дарья апай.

— Сен сияқты білімдар емеспін, оқымағанмын. Бірақ өмірдің сабағын білемін. Соны саған үйретейін деп едім.

— Өзің көзбен көріп, бастан кешпеген соң, біреудің үйреткен тәлімінде қанша қасиет бар дейсіз.

Олег қай мезгілде өтсе де, Дарьяның шарбаққа асылып, жолын тосып тұрғанын көреді. Олег мұны алғаш елемегенімен кейін оны әбден мезі етті. Бұл көшенің бойымен жүрмеуге қанша рет ант етсе де, онысын ұмытып, қалай жүріп кеткенін білмей қалады. Ол Дарьяның барылдақ дауысын естігенде ғана үйреншікті көшеге түскенін бір-ақ сезеді.

Олег емханада тіс салушы техник болып істейтін. Жылдан астам уақыт құрылысшылардың жатақханасында тұрды. Бестөбеде тіс салатын техник жоқ еді де, қала мұндай мамандыққа зарығып отырған. Олегке келген бетте жатақханадан жеке бөлме берді. Көршілерінің бәрі қыздар болатын. Өткен Май мейрамында қыздар кеш өткізіп, оған Олегті де шақырды. Өңшең әйелдердің ішінде ол жалғыз болды. Еркек жалғыз болған соң, қыздардың бәрімен кезектесіп билеуге тура келді. Сол кеште Дарья да болған. Қыздар оның ыдыс-аяғын алыпты да, шақырмай қоюды ынғайсыз көріпті. Әрі жалғыз бас, әрі зарыққан жесір әйел көңілін көтерсін деп ойлап Олег оны да биге шақырды. Дарья өтіріктен-өтірік мас болғансып, басқа қыздардың кезегін бермей, Олегті бас салып, биге сүйреп жүрді. Қыздар Дарьяның көргенсіздігін елемегенсіді. Кешке өздері шақырғаннан кейін қызықты отырыстың шырқын бұзбайын деді. Дарья қолы мен балтыры келсаптай жуан, быртиған семіз әйел еді.

— Менің денемнің толықтығы демесеңдер, сендерден жасым онша үлкен емес,— деп томпандап билеп жүрді. Бөксесін қозғай алмағанымен, кеудесін көтеріп қояды.

— Біздің Дарья апай жарайды. Табаны-табанына жұқпай билеуін қарашы, нағыз биші секілді,— деп қыздар мазақтап күлісті. Оны Дария мақтау есепті санады. Би кезінде Дарья:

— Жігітім, мынадай шошандаған қыздар саған әйел боп жарытпайды. Біз сияқты есік көргенді күш. Өзіме келсең өкінбейсің. Жұмақ төріне шыққандай отырғызып қоямын, тәнті боласың,— деп сыбырлағанда Олег ішек-сілесі қатып

күлгені бар. Қыздардың алдында оның сөзін қайталап, жесір әйелді ұялтпайын деді. Дарья жас жігіттің әдеп сақтағанын көңілі бар деп ұқса керек, ол жұмысқа барарда және қайтқанда жолын тосатынды шығарды. Ынтық, ғашық екенін білдіріп бір сөйлеп қалады. Олег үндемей басын шайқап жүре береді. Дарьяның шыдамы таусылды. Бүгін ол әңгіменің басын біржола ашып алғысы келді. Олегтің илікпейтінін көрген соң, ұяң жігіт жасық па деп ойлап, қорқытып алмақ еді. Олег қатты ашуланып кетті:

— Қырықтан асып қырқылжың тартсаңыз да, балаңыздай адаммен солай сөйлесуге ұялмайсыз ба? Ар қайда? Ұят қайда? Бұдан былай жолымды тоспай, аулақ жүріңіз!— деді.

— Айтпады деме, жігітім, кейін өкінесің. Өзіме келмесең, басқаға да бұйыртпаймын. Басыңа бәле үйіп, айдатып жіберем!— деп Дарья жұдырығын түйіп қалды.

Көрші кемпір Дарьяның айқайлаған дауысын есітіп, қасына келді:

— Байғұс-ау, таң атпай кімге кіжініп тұрсың?

— Мынау сүмелекті көрдің бе? Сол неме мазамды алып қоймайды. “Жаланаңаш етіңнен сипат, қойныңа ал” деп, қиқалақ салады. Жесірдің қорғанышы жоқ дей ме екен. Соған жыным келіп тұрғаны.

Вероника қызыл иегімен тамақ іше алмай көп жылдан бері қиналып жүретін. Қалаға тіс салатын техник келгенде, оған бірінші болып жазылып, аппақ маржандай тіс салдырып алған еді. Ол Олегті таныды.

— Бұл жігіт тіс технигі емес пе? Жас балаға жаман сөз айтуға қалай ұялмайсың? Мас кезінде қасыңа жиіркенбей жата салатын сасық Егор деп пе едің. Құдайдан қорықсаң кайтеді!

— Алжыған албасты неме, сенен ешкім ақыл сұрап тұрған жоқ. Өзің әукең қышымаған соң, еркектің қайбір қасиетін ұғатын едің. Басымды қатырмай аулақ кет.

— Түрің кұрысын, сайқал неме, сен біреудің басын жұтарсын!— Вероника жерге түкіріп жөніне кетті.

Олег Дарьяның сөзін естімеу үшін бұрылыстау болса да, жұмысқа барғанда және қайтқанда басқа көшемен жүріп жүрді. Алғаш Дарья адасып қалды. Командировкада деп ойлады. Мүлде көрінбей кеткен соң “Осы қайда жүр?” деп, емхананың алдын тосып андыды, қай көшемен жүретінін біліп алды. Бір күні көшенің тасалау бұрылысында қарсы жолықты.

— Менен қашып құтыла алмайсың. Жер астына кірсең де қоймаймын. Жаныма жоламай жалтарсаң, зорлаған есепті ұстатып берем. Абыройыңнан айырылмай тұрғанда қасыма өзің келіп жат. Төсегім дайын. Қалай аунатсаң да еркіне көніп берем.

— Бұл сөзіңізді қоймасаныз, тиісті орынға хабарлаймын.

— Айтқаныма көнбейсің ғой? Онда мен қалай хабарлайтынын көрсетейін!— Дарья пальтосын шешіп, лақтырып тастады да, көйлегінің омырауын пәре-пәресін шығарып, қардың үстіне айқайлап жата қалды:— Ойбай, құтқарындар! Адамдар, қайдасындар, мына ит мені шаңқай түсте зорлап кетті. Жұртқа енді не бетімді айтам. Бүйтіп қор болғанша өлгенім жақсы!— Әп-сәтте қараңғы кешті басына көтеріп, аттан салып жылай бастады. Жұрттың жұмыстан қайтқан мезгілі ғой. Әп-сәтте жиналып қалды.

Олег Дарьяның бажылдаған айқайынан шошып, жедел басып жүгіріп бара жатыр еді. Милиционер Өкісбай ысқырығын шалып, қуып жетіп желкеден бір түйді.

— Шәлтиіп алып, бұл иттің айғырлығын қарай көр. Ысқырық шалғанда неге тоқтамайсың? Әйелге жәбір керсеткеніңді көрейін, алапес сүм!— деп қолын артына қайырып, сүйрей жөнелді. Аздан кейін Олег Майснер мен Дарья Пименованы милиция бөлімшесіне алып келді. Акт жасады. “Қалай, қай кезде болды?” деген сұраққа Пименова жылап отырып жауап қатты:

— Бұл сұмыраймен өткен майда қыздардың бөлмесінде танысқан едім. Жесір қатынның сұрауы жоқ, онай көне салады деп ойлады ма, қойныңа алсаңшы деп қиғылық салып жүрді. Шешендей адаммын, сөз айтуға ұялсаңшы деп дарытпай жүр едім. Жаңа жұмыстан қайтып бара жатқанда қараңғыда көрмейді деді ме, бас салып, көйлегімнің дода-додасын шығарды.

— Мұның бәрі жалған, сүмдық!— деп, Олег шыдай алмай айқайлап жіберді.

— Азамат Майснер, сіз айқайламаңыз,— деді Быстров қағаздан басын көтеріп.— Адал адам айқайламайды.

— Кешіріңіз, жолдас аға лейтенант. Сіз бұл әйелдің айтқанына сенбеңіз. Айтып тұрғаны шылғи өтірік. Өзі айтқан май айының кешінен бері менің қыр соңымнан қалмай, жолымды торып, өзімен бірге тұруға қыстағысы келді. Көнбеген соң, осындай айла жасап отыр.

— Жас басыңмен жалған айтуға ұялсаңшы. Мен шешендей адаммын. Саған сөз айтуға қалай аузым барады. Сендей сұмырайларға өкімет білім бергенде, жалған айтсын деп үйретіп пе еді?— деп, Дарья бет қарататын емес.

Быстров жалған айтқаны үшін заңмен жауапқа тартылатынын айтқанда, Пименова:

— Бір күдай төбемде, тек шындықты айтамын. Сөзімнің жалғаны жоқ.

Бұл кезде полковник Дайыров пен Талғат, Әлихан үшеуі Цойдың Сарғабанға барған сапары жайындағы пленканы көріп отыр еді. Цой ашпалы басқышты жарқабаққа тіреп қойып, істік темірмен үнгір қуыстарды шапшаң қарап жүр. Қимылына көз ілеспейді. Пленка вертолеттен түсірілген ғой. Сірә, үстінен ұшып бара жатқанда төбесіне бажырая қараған ба, Цойдың бет-пішіні тым айқын, қатпарына дейін көрінген. Ал мына көрініс тым қызық. Талғат пен Нұржанның алтын тапқан үнгіріне жеткенде мойнын созып, үңіле түседі. Істік темірін оңтайлап алып, үнгірге тыға бергенде тісін ақсита айбат көрсетіп, тұра қашқан қасқырдың күшігінен сескеніп, шалқалақтап, өзін ұстай алмай, суға былш етіп құлаған. Үйелеп көтеріліс алмай, тыпырлап жатыр. Әлден соң үсті-басы малмандай су қалпымен машинаға әзер отырады. Соңғы көріністерді тағы бір көріп шыққаннан кейін полковник Дайыров Ділдәбеков пен Талғаттың пікірін білгісі келді ме, екеуіне кезек қарап:

— Цой өзінің бұл сапарын қалай ақтар екен? Қандай желеу айтады деп ойлайсыз?— деді.

— Ол Сарғабанға бармастан бұрын айтатын сылтауының жауабын ойлап қойса керек-ті. Оны ертең еститін шығармыз,— деді Талғат.

— Өзін әшкерелеп аламын деп қорықпай ма?

— Ол несіне сескенеді? Қуыс ұялар мен індерді қарадым десе де, біздің оған тағар айыбымыз қайсы? Қасында куәға тартар Аймангүлі бар. Ол Цойды қызғыштай қорытынын білесіз.

— Аймангүл машинадан шықпады. Цойдың ін-қуыстарды тіміскілеп жүргенімен әуестенбеді. Аймангүлдің мінезі ондай сабырлы емес сияқты еді,— деп Ділдәбеков таңқалғандығын білдірді.

— Дұрыс айтасыз,— деді Талғат майорды қостап.— Аймангүл Цойдың қасынан бір елі қалмауы керек еді. Тегі, Аймангүлге алдап, ұйықтататын дәрі ішкізген секілді.

Кабинетке аға лейтенант Быстров кірді.

— Жолдас майор, баяндауға рұқсат етіңіз, — деді Ділдәбековке қарап. — Олег Майснер әйелді зорламақ болған жерінде ұсталды.

— Майснер дейсің бе? — Ділдәбеков сабырсызданып орнынан ұшып тұрды. — Зорлағаны қалай?

— Жәбір көрген Пименова осында отыр. Сарапшыларды шақырдым. Майснердің қаншалықты кінәлі екенін анықтау керек шығар.

— Майснердің бұл іспен шатылғаны керек емес еді, — деп, Ділдәбеков өкініш білдіргендей желкесін сипалады. Оның себебі бар еді. Бұдан бір жеті бұрын Майснердің астыртын алтын тіс салумен шұғылданатынын, қарақан басы тұрып, бес мың сомға бау-бақшасымен үлкен үй сатып алғанын көрсеткен домалақ арыз түскен. Аға лейтенант бұл жайындағы әңгімені білетін. Ол майордың өкінішін ұқты. Сол арыздан соң, алтынды ұрлаушылардың тіс салушы техникпен байланысы жоқ па екен дегендей күдік туған. Мұндай күдік расталса, олар Майснердің қамалғанын білгеннен кейін ізін білдірмей кететіні айқын. Не істеу керек? Майор Ділдәбеков полковник пен Талғатқа қарады.

— Майснерге тағылып отырған айып үлкен. Дәл қазір оны босатып жібере алмаймыз. Сарапшылардың қорытындысын көрейік. Олардың не айтатанын байқайық, — деді полковник.

— Солай істегеніміз дұрыс болар, — деп, Талғат та оны қостап басын изеді.

Бұдан кейін бірнеше күндер өткен. Қала тіршілігі өзінше жүріп жатты. Талғаттар тыным көрмей, күдік қалдырған жайдың бәрін қайта-қайта тексеріп, алтынмен сауда жасаушылардың қалаға келуін күтті. Бұлардың ойынша қылмыскерлер Цойға немесе Майснерге жолығуы тиіс деп білді. Қолдағы материалдарды сұрыптағанда осы екеуінде ғана күдік қалған еді. Ал Олег Майснер енді Дарьядан сескенбей-ақ өзінің үйреншікті көшесімен жүріп жатты. Сарапшылар Пименоваға сырттан зорлық жасалмағаны, оның байбаламы жалған екенін дәлелдеген. Оның үстіне жатақхананың қыздары мен Вероника шешей Дарьяның сұмдық айласын мойнына қойып дәлелдеп берген. Бұл кезде қалаға дабыраған тіс салушы техниктің әңгімесі басылып, жұрт оны ұмыта бастап еді. Бірақ Майснерді милиция орны ұмытқан жоқ. Оның үйді қандай табыспен тапқан ақшаға сатып алғанын тексеріп жатқан.

Цой мен Майснердің жексенбі күнгі кәсіптері бір-біріне ұқсамайтын. Майснер ертеден кешке дейін үлкен бағын аралап, ағаштарының түбіне қар үйеді, көң шашады, арықтарын тазалайды. Күні бойы күйбендеп, қолынан күрек түспейді. Ал Цой таңертеңмен міндетті түрде ауруханаға соғады. Бұдан кейін машинасына отырып алып, келесі темір жол станциясына барып қайтады. Соңғы кезде Аймангүлді қасына алмай жалғыз кетіп жүрді. Алтынды таба алмайтынына көзі жетті ме, Сарғабанға баруды қойды. Ол өзінің суға құлаған кездегі сапарын жасырған жоқ. Соңғы кезде журналдарда құстың жасаған ұясына тамақ пісірсе, ем екені жазылып жүр. Аймангүлге шипасы тие ме деп, көк қарғаның ұясын қарадым дей салды.

Күндер кезегімен өтіп жатты. Бүгін жексенбі еді. Майснер сатып алған қасқыр итіне тақтайдан үйшік жасап, әбігерленіп жүр. Цой бұл кезде ауруханаға кірген. Талғат қалтасынан сағатын алып Нұржанға көрсетті:

— Қазір сағат 10. Сағат 11-ден он минут өткенде ол ауруханадан шығып, машинасына отырып, келесі темір жол станциясына қарай кетеді.— Талғат сәл ойланып:— Бәлкім, ол тура вокзалға баруы мүмкін,— деді.

— Вокзалға дейсіз бе?— деді Нұржан танданып.— Онда барғанда не істейді. Кімге жолығады?

— Цой дсмалыс күндері ауруханаға келгенімен палаталарды аралап, обход жасамай, ылғи кабинетінде отырады. Әуслі басқа жұртты рұқсатсыз кіргізбейді. Дәл осы уақытта Новосибирск жақтан Ташкенттің поезы өтеді. Поезд станциядан өткеннен кейін ғана кабинетінен шығады. Соған қарағанда, сол уақыттың ішінде әлдебіреудің телефон соққанын күтетін секілді. Менің байқауымша, Цой өзіне телефон соққан кісімен кездеседі.

— Бәлкім, өзіңіз айтқан күпшек аяқты кісі шығар?

— Оның кім екенін қазір айту қиын, Нұржан.

Дәл осы кезде Цой біреумен сөйлесіп жатқан еді. Трубканы көтергенде бейтаныс әйелдің дауысы естілді.

— Бұл Цой жолдас па?

— Ия.

— Мен көп жылдан бері демікпе ауруына шалдығып, жапа шегіп жүрген жан едім. Сіз соны емдеудің әдісін тапты деп естіп, әдейі жолаушылап келемін. Ауруым күн санап асқындап барады. Қабылдай аласыз ба?

— Демікпе ескі ауру. Бұл дерттін емін таппай әуреге түскен ғұламалар көп. Біз дала дәрігеріміз. Қолымызда қазіргі заманның аспаптары жоқ. Әйтеуір, бірдемені долбарлап жасаймыз. Сірә, менің жасаған емім сізге қонар ма екен?

— Оны сіздің ықыласыңыз біледі.

— Сіз қазір қайда тұрсыз?

— Қазір вокзалдың алдындағы көшемен баққа қарай шығамын. Келесі көшенің түйіскен жерінде сізді күтемін. Менің қолымда өзіңізге таныс қара чемодан бар. Үстімдегі жалғыз түймесі бар көк пальто, қара жаға салған. Адаспассыз.

— Жақсы, қазір келем.

Цой вокзалға бірден бармай, соңында андушының баржоғын білгісі келді ме, көшелерді кезіп көп жүрді. Қасынан бір-екі такси, жүк машинасы өтті. Онда майор Ділдәбеков бастаған оперативтік топ отырған еді. Цойға бұл қала арасына қатынайтын такси сияқты көрінді. Ізіне түскен көлікті байқай қоймаған соң, бақты жағалап, екінші көшеге шығып, аялдамаға қарай беттеді. Әйел қолын көтеріп, жалғыз саусағын шошайтып көрсетті.

Цой өтіп барып тоқтады. Терезеден басын сұғып:

— Қайда барасыз?— деді.

— Жартыбелге апарып тастаңызшы.

— Отырыңыз.

Жартыбел Бестөбе қаласынан жиырма бес шақырымдай жер. Осы тұста үлкен аялдама бар. Қысы-жазы ыстық шашлық, шай үзілмейді. Жақындағы колхоздың адамдары қымыз, күрттарын әкеп сатады. Жол қысқа болғанымен қаладан шыққан машиналар Жартыбелге тоқтамай өтпейтін. Цой Жартыбелге жеткеннен соң, әйелді түсіріп тастады да, өзі Тентекке қарай кетті. Әйелдің қолындағы чемодан әлгіндей емес, одан сәл кішіректеу еді. Нұржан Жартыбелден бүйірлей қосылып, Цойдың машинасын көз көрім жерге өткізіп жіберген. Ол рациямен майор Ділдәбековпен дереу байланыс жасады:

— “14” Тентекке қарай кетті. Жолаушы жолда түсіп қалды. Қалай бұйырасыз? Жолаушыны ұстаймыз ба, жоқ па? Әйелдің қолындағы басқа чемодан, машина ішінде ауыстырып алды.

— Әзір тимендер, осында келген соң ақылдасамыз. “14”-ті Тентекке дейін өткізіп салыңыз да, шапшаң кейін қайтыңыз. Онда оны басқа адамдар қарсы алады.

— Құп болады!— Нұржан қабылдағышты іліп қойды.

Бір сағаттан кейін Нұржан бастаған оперативтік топ Цойдың қалаға оралғанын хабарлады. Цой жолда ешқайда бұрылмаған. Бестөбеге келісімен үйіне келіп, машинаны ауласының ішіне қойды. Қаракемпір ауруханада үй тазалаушы болып істеумен қатар, жетісіне бір рет Цойдың үйінің қызметін жасайтын. Едендерін жуып, шаң-тозаңын сыпырады, пешінің күлін тазалайды. Цой үйіне келгенде Қаракемпір қорасының қарын күреп жүрген. Цой келгесін Қаракемпір көп бөгелмеді. Шелек, сыпырғыштарын алып, үйіне кетті.

Бұл кезде полковник Дайыров пен майор Ділдәбеков оперативтік топпен кеңес өткізіп жатқан. Полковник поездан түскен жолаушы әйелді дереу тұтқынға алу керек пе деген сұрақтарға жауап бере келіп:

— Бестөбеде алтынмен сауда жасайтын қылмыстылар тобының барына енді күмән жоқ,— деді де, Талғатқа қарап:— Сіз Рахымды өлтірген қылмыскердің біреуі дәрігер деп едіңіз. Енді оның кім екенін білеміз. Бірақ екінші қылмыскердің қайда жүргені белгісіз. Егер жолаушы әйелді ұстасак, оны үркітіп алуымыз ықтимал, алтынмен сауда жасап, ақша жинаған адам ізін білдірмей, оңай құтылып кетуі мүмкін. Бұл іздеу жұмысын біраз қиындатады. Оның үстіне Цой әкелген алтынды кім арқылы өткізетінін білмейміз. Мұнша көп алтынды қылмыстыларға беріп жүрген кім? Кәсібі не, қайда істейді? Бұл да бізге жұмбақ. Осы топты түгел әшкерелемейінше, әзірге тұра тұрайық,— деді.

Полковниктің сөзін отырғандардың бәрі жөн көрді. Қарсы пікір айтушылар болмады. Оперативтік топ тараған кезде майор Ділдәбеков Талғаттың қасына келіп:

— Сіз осы қалаға келген сәтте Цойға үлкен күдік келтіріп, соны бакылауға алуға ыңғай көрсеттіңіз. Менің өз басым бұған іштей наразылық көрсетіп жүрдім. Қанша айтқанмен мен онымен осы қалада он бес жылдан артық жұмыс істеп келемін. Оның бүге-шігесін білемін деп есептейтінмін. Адамды тану үшін дабыраған атағына сырттай сену жеткіліксіз екен. Сіз соны қалай бірден біле алдыңыз,— деді.

— Рахымның өлер алдындағы сөзі есіңізде ме? Ол өзін қинаған, жәбір көрсеткен адамды көрсетіп берді. Сіз бен бізге сол істі аяқтау, анықтау ғана қалды.

— Оның бұл сөзіне сол сәтте мән беру қисынсыз емес пе еді? Біріншіден, Цой белгілі дәрігер, қалаға беделі күшті.

Жұрттың бәрі онымен санасады, оның өзін өлімнен арашалаушы деп қарайды. Екіншіден, Рахымды өрісте жаралап кеткен күні Цой күні бойы ауруханада операция жасаған. Қаладан ешқайда шықпаған. Үшіншіден, Рахым жараланғаннан кейін далада көп жатып қалды. Қансыраған, әлі кеткен адам шатасуы мүмкін емес пе? Осындай көпе-көрінеу ақиқатқа қарсы келіп, осындай шындықты ашқаныңызға таңым бар.

— Мұнда пәлендей сикырлық жоқ, Әлихан Ділдәбекович. Мен осында келгеннен кейін Нұржан екеуміз аурухананың журналын алып, бірнеше күндер бойы қарап шыққанымызды білесіз. Ауруханадағы барлық күрделі операцияларды Айша Сейітқұлова және басқа дәрігерлер жасаған. Цой соңғы бір жылдың ішінде төртінші кластың оқушысына операция жасап, оның өзі сәтсіз біткен. Соқыр ішегін таба алмаған. Оның беделін жасаған аурухананың коллективі, Цой соны шебер пайдалана білген. Екінші сұрағыңызға келетін болсақ, сіз оны күні бойы ауруханада операция жасаумен жүрді дейсіз. Шынында, олай емес, ол ауруханада сағат күндізгі төртке дейін ғана болған. Ал сарапшылар Рахымның жаралануы сағат бес пен алтының арасы демеп пе еді. Бір сағаттың ішінде Сарғабанға еркін барып қайтуға болады. Және Цой ол жақтан келгеннен соң, журналды алып, “Сағат бес жарымға” дейін операция жасалды деп, цифрды өзгерткен. Есіңізде ме, сіз мұны Цойдан сұрағаныңызда, ол: “Маған адам өмірі қымбат. Сан жазумен шұғылданбаймын”, — деп, сөйлеспей трубканы іліп қойғаны. Сол жерде мен ағаттық жасаған едім. Рахымның өліміне Цойдың қатысы жоқ шығар деген ниетпен, оның көмегін тілеп едік қой. Мұндай абайсыз сұрақтың істің бетін ашуға себебі тиді ме деп те ойлаймын. Бұдан соң және тергеуден Аида Глухованы босатқаннан кейін Цой Рахымның тыққан алтынын тауып алуға жанталасты. Сірә, ол ізін білдірмей, жасырынып қашып кетуді мақсат еткен секілді. Біз мазаламағаннан соң көңілі жай тапты ма, тыныштала бастады. Ал үшінші сұрағыңызға жауап берейін. қансыраған, әлі кеткен адам еліріп, шатасуы ықтимал дедіңіз. Соғыста өз басымнан кешкен тәжірибем бар: жаралы адам бір сәт есін жиғанда ол сандырақтамайды, есі түзу болады. Алғаш Рахымның сөзіне ден қойғаным содан еді. Тек ұзақ ауырған, қызуы жоғары адам ғана есін білмей сандырақтайды.

— Милицияның жұмысы үнемі ойлану, толғануды керек ететінін тағы бір аңғарғандаймын, — деді Ділдәбеков үлкен

папканы сейфке салып жатып.— Цой алтынды кім арқылы өткізеді деген сұрақ көкейімнен кетпейді. Тіс салушы техниктің бұл іске қатысы бар ма?

Талғат күлді.

— Жолдас майор, кейде сіз маған сондай қиын сұрақтар беріп қинайсыз. Қалай жауап қайтарарымды білмей қаламын. Оның қатысы бар ма, жоқ па, ертең өз көзіңізбен көресіз.

Шынында, екі күннен кейін майор Ділдәбеков қызықты көріністің куәсі болды. Таңертеңгі обходты жасай салысымен Цойдың Көксу станциясына қарай кеткені хабарланған еді. Майор Ділдәбековтің кабинетінде шұғыл оперативтік кеңес өтті. Әр жолы таксимен не жүк машинасымен ілесіп, қуып жүру күдік туғызады. Оның үстіне Көксу станциясы қалаға қатынайтын орталық жолдан шеттеу жатыр. Ол жаққа такси өте сирек жүреді. Не істеу керек? Деген майор Ділдәбековтің өз машинасын әзірлеуді мақұл көрді. Олар бұрын жол үстінде де, жиналыста да кездесіп жүрген адамдар. Жолығыса қалғанда күдік туғыза қоймас деген қорытындыға келді. Цой жолаушы әйел әкелген алтынды өзінде ұзақ уақыт сақтай алмайды. Оны біреулер арқылы өткізуге тырысады. Мұндайда майор Ділдәбеков секілді тәжірибелі қызметкердің барғанын мақұл санады, әрі ол қаланың тұрғындарының көбін таниды. Көксу станциясының түбінде үлкен көпір бар. Машиналар судан сол темір жол көпірінің астындағы өткелден өтеді. Сол тұсқа жеткенде Ділдәбеков Цойдың қарасын таныды. Машинасының дөңгелегін алып, ауыстырып жатқаны байқалды. Қасында Шерәли Мирзоев деген чечен жігіті жүр. Екеуінің де машинасының артқы жүк салғышы ашық. Цойдың машинасының қасында екі дөңгелек жатқан. Мирзоев сол дөңгелектің біреуін өз машинасының жүк тиегішіне салды да, одан бір дөңгелекті алып, Цойдың машинасына қоя салды. Сырт қараған адамға дөңгелекті ауыстырып, бір-біріне көмектесіп жатқан адамдар сияқты. Цой машинасын жөндеп алғаннан кейін көп аялдамай қалаға қарай бет алды.

Майор Ділдәбеков бір сағаттан соң Бестөбеге оралды. Кабинетіне кіргенде, телефонның дамылсыз шырылдап жатқанын көрді. Шешінбестен трубканы көтерді.

— Майор Ділдәбеков тыңдап тұр.

— Жолдас майор, бұл мен, Майснер,— Олегтің сыбырлаған үні естілді.

— Сізді тыңдап тұрмын, Олег.

— Жолдас майор, шапшаң жолығуым керек. Айтатын үлкен құпия әңгіме бар.

— Мен өзімде отырмын. Бөлімшеге келіңіз.

— Бара алмаймын. Түсінесіз бе?.. Солай, мені аңдып жүр. Мен емханадан телефон соғып тұрмын. Жо-о-о-қ, сізге келуге болмайды. Олар дереу біліп қояды. Жұрт танымайтын біреуді жіберіңіз.

— Жаксы, он минуттан кейін сізге капитан Майлыбаев келеді. Жасырмай, бүкпей оған бәрін айтыңыз. Мақұл ма?

— Жарайды.

Он минуттан кейін Талғат тіс салушы техниктің кабинетіне кірді. Олег өзімен Мирзоевтың арасында болған әңгімені айтып берді. Бүгін таңертеңгісін жұмысқа келе жатқанда оған Мирзоев жолығады. Егер Олег алтыннан тіс салып, пайда тапқысы келсе, Мирзоев арзан бағамен алтын сататын адамды тауып береді. Майснер алтынды алсын, мейлі алмасын, ол бұл әңгімені тісінен шығармауға тиіс. Егер оны сезсе, Мирзоев Олегті тірі қалдырмайды, көріп қой дегендей тон ішінен қанжарын көрсеткен.

— Қанша алтын сататынын айтқан жоқ па?

— Мен оны сұрамадым. Жай, килограммын қанша сомнан сатасың деп едім, ол: “Алтынның аты алтын, құны өлмейді. Сен таныс адамсың, пайдаң тиер. Шын алғың келсе, килограммын он сегіз мыңнан беремін. Сен одан тіс жасасаң, кемі төрт-бес мың сом пайда табасың. Ол аз ақша емес. Келістік пе? Әкел қолыңды”,— деді, мен қолымды тартып алғанда, “Немене, қорқасың ба?”— деп қадала түсті. Мен оған ақшамның жоғын айттым.

— Егер ол тағы да жолығып, алтын аласың ба деп сұраса, сіз одан бас тартпаңыз,— деді Талғат сәл ойланып.— Тек өзі ұсыныс жасаса ғана айтыңыз.

— Менің ондай ақшам жоқ, әкел тиыныңды десе, не айтам оған?

— Тыңдап алыңыз, Олег, бізге оның қолында қанша алтын бар екенін білу қажет. Егер ол алтын жайында сөз қозғайтын болса, “Қанша алтын болса да сатып аламын. Жақында шешем көшіп келеді. Оның жинаған ақшасы бар”,— деңіз. Сіз жақында үлкен үй сатып алдыңыз. Шешеніздің ақшасы жоқ деп ешкім ойламайды. Біз сол алтынның сатылуын қайткен күнде де кідірте тұруымыз керек. Егер келіспейтін түр көрсетсе, бағасын асырыңыз. Мәселен, он сегіздің орнына он тоғыз не жиырма мың ұсыныңыз.

— Жақсы, жолдас...

— Тсс...— Талғат саусағымен ернін басты.— Ақырын, қабырға сыбыр жеткізетінін ұмытпаңыз.

Талғат есіктен шығып бара жатқанда ауызғы бөлмеде отырған Мирзоевты көрді.

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

Олар пойыз үстінде танысты. Екеуі де сыңар аяқ, екеуі де Отан соғысының мүгедегі. Оның бірі Рысбек Тілеуов те, екіншісі Борис Натанович Самсонов. Рысбек болса біреудің атымен жүрсем жаңылысып қаламын, одан да жастайымнан бірге өскен сұйық көже мен жартылықты бөліп ішкен Ақжолтайымның атымен жүрейін деп, Омск жаққа ағаш дайындауға аттанғанда Ақжолтай Сартаев болып куәлік алып кеткен. Биылғы қыстың ызғары қатты болып, Рысбек мұндай суыққа үйренбегендіктен бе, аяғының жарасы ашылып, біраз азап шеккен еді. Бестөбеге “күпшек аяқ” кісінің орнына байланысшы ретінде Архипова келіп, Рахымды өлтірген кісілер айқындалып, қылмыстың беті ашыла бастаған соң, Рысбекке ауылға қайтуға рұқсат етілген. Ауыл-аймағын, балашағасын көрмегеніне екі айдың жүзі болып қалған. Елге қайтқанын қуаныш көріп, жарасының ашылғанын елемей, көңілі толқып, қасындағы адамдарды алаламай дос санап келе жатқан. Сондай шалағай шаттық үстінде жотасын қабырғаға тіреп, көзін жұмып, мүлгіген Самсоновқа:

— Ей, Борис, қандай ойға кеттің? Фашистің оғынан аман қалып, тіршілік кешкенімізге талай жылдар өтіпті. Құдайдың мұнысына да шүкіршілік дейік. Ендігі түңілгеніміздің қисыны жоқ,— деп, күс басқан саусақтарын Самсоновтың иығына салды.— Міне, вагонның іші ысып, кісіні жалықтырып жіберді. Жол қысқарсын, әңгіме айт.

Самсонов жол үстінде Рысбектің өздері алтыннан айырылған Сарғабан жерінен, “Шұғыла” колхозынан екенін сұрап білген, Рахымды өлтірген ақсаққа сот болып жатыр деп, Цойдан баяғыда естіген еді. Сол жайында сұрағысы келіп, қаншама оқталды. Қисынын таба алмады. “Ақжолтайдың” өзі де бұл жайында ләм демейді. Самсонов осы жайында қалай әңгіме қозғауды ойлап, тынышы кеткен. Оған “Ақжолтайдың” әлгі өтініші саңылау ашты. Ол Рысбекке бұрылып, шолақ аяғының күлтесін сау тізесіне салып, оңтайланып отырды:

— Ақжолтай, сен ақ көңілмен әңгіме айт деп қоймайсың. Менің күйімді, қайғымды ұқсаң, олай демес едің. Жалғызымнан айырылып, ол басқан, жүрген жерді көрсем өксігім басылмас деп, өскен жұртымнан безіп, бетім ауған жаққа лағып келе жатқан жанмын. Соғыстың қиын-қыстау кезінде ащы-тұщыны бірге татқан, тілектес, мұңдас, өзім секілді сыңар аяқ сені көрген соң, көңілім алаң болып, сол қайғыны бір сәт ұмытқандай едім. Жаралы жүректі ашайын дедің бе, бұл қай қажағаның?— деп, көзінің жасын сұртті. Самсонов өз өмірінде көзінен жас шығып көрген пенде емес. Соғыстың ауыр кезінде арақ ішіп, қардың астында қалып, суыққа шалдыққаны бар еді. Содан бері оң көзі жыламсырап, жасаурап тұратын. Рысбекке көрсеткені сол жылауық көзі. Рысбек оны шын жылап отыр екен деп ойлап қалды. Жаны ашыды.

— Бала неден қайтты? Өз ажалымен кетті ме?— деді, аяушылық көрсетіп.

— Құдай алса арман жоқ қой, өзі берген жанын өзі алады. Мынау құдайдың ажалынан емес, қаскөй адамның қолынан қаза тапты. Байғұс баланың қандай жазығы барын білмеймін, түнде кинодан қайтып келе жатқанда бұзақылар пышақтап өлтіріп кетті.

— Ойпырай-ә, не деген сұмдық жауыздық еді,— деп, қабағын түйіп, сұрланып, тықыршып кетті. Сарғабанда қылмыскердің Рахымды аяусыз пышақтап, өлтіріп кеткенін есіне алды. Аяғының жарасы ашылып, азап шегіп жүргені сол алапес бұзақыларды әшкерелеуге себебім тие ме деген еді. Ол оқиғаның немен тынғанын білмейді, бейхабар. Қайтуға рұқсат еткенде: “Сақ болсын”,— деп бір-ақ ауыз сөз айтыпты. Рахымды ойлап, Рысбек көзіне шын жас алды.

— Бұл бұзақылардың жүрмейтін жері жоқ. Менің інімді де пышақтап өлтіріп кеткен,— деп күрсінді.

— Не дедің, байғұс-ау, өлтіріп кетті деймісің? Құдай ексеуміздің маңдайымызға сор жазған екен. Соғыста көрген азап аздай, мұнысын тағы аямапты. Біз бейшараның күні осы ғой.— Самсонов қайғыға ортақтасқан кісі секілді басын төмен салып, тұнжырап отырып қалды. Әлден уақытта күрсініп:— Кісі өлтірушілер сазайын тартты ма? Ондай сұмдарды еркіне жіберсе, тағы біреулердің көз жасына қалады ғой,— деді де, өзі жауап күткендей құлағын түріп ентелей түсті. Оңаша қолына түссе, кеңірдегін өзіп, қан ытқығанша шынын

айтқызбай қоймас еді. Амалы құрып сыпайылық жасап отыр. Оның үстіне қарсы жақ полкада, төбесінде жас жігіт жатыр. Ұйқылы-ояу екені белгісіз. Көзін бірде ашып, бірде жұмып, бұлардың сөзіне құлақ түретін секілді. Бұл — Нұржан еді. Цойға делдалдыққа келген әйелдің кім екенін анықтау үшін әдейі С. қаласына барып, қайтып келе жатқан беті болатын. Варвара Архипова өзен жағасындағы ресторанда буфетші, жақын ағасы мезгілсіз қаза тапты деген телеграмма алады да, дереу ақысыз демалыс сұрап, аялдамай Алматыға жүріп кетеді. Бірге қызмет істеп жүргендер оған жаны ашып, орталарынан ақша жинап берген. Олардың ешқайсысы Варвараның Бестөбеге барып қайтқанын білмейді. Нұржан С. қаласындағы милиция бөлімшесіндегі қызметкерлердің көмегімен Архипованың кімдермен байланыс жасайтынын түгел анықтап байқады. Бірақ олардың арасында күпшек аяқпен жүретін адамды кездестіре алмады. Алтынды қандай жолмен ұрлайтыны да ашылмай қалды. Тегі алтынмен айналысатын негізгі топ Архиповаға сырын айтпай, тек бір-ақ рет ақысын беріп, дәнекерші ретінде Бестөбеге жібергенге ұқсайды. Бәлкім, Цойдың жағдайын білу үшін жіберуі мүмкін. С. қаласындағы қылмысты іздеу бөлімі қызметкерлерінің бұл жорамалы Талғаттың о баста айтқан күдігін қуаттай түседі. Кім болса да, негізгі қылмыскер күпшек аяқпен жүретін адам. Алтынды кімнен, қайдан алатынын тек сол ғана біледі.

Нұржан Рысбекті сырттай, Талғаттың айтуымен білетін. Оның қасында отырған еңгезердей, жалғыз аяқты кісіні көргенде, Талғатпен екеуінің Сарғабанға барған кездегі күпшек аяқтың темір өкшесі батқан шұңқырды іздеген әурешілігі есіне түсіп, ойына күдік алды. Нұржан қазір Рысбек шынын айтып қоя ма деп, тынышы кетіп, қипақтап жатыр. Рысбек дәл қазір шындық әңгімені қозғап, өзінің сыртта жүргені милицияның жасап жүрген құр тәсілі екенін айтса, онда қылмыстыларды ұстау жөніндегі айла-амалдың күл-талқаны шығатындай көрінді. Мұндай кезде қандай айла жасау керек? Рысбектің бір сәт ойланғаны Нұржанға жылдай көрінді.

Рысбек өзі секілді мүгедек, мұндас адамды алдағысы келмей, бар шындықты айтуға оқталып отырды да, Талғаттың: “Өзімізден хабар келмей, бүркеншік атпен жүргеніңнің себебін жан адамға айтушы болма, әйтпесе бәрі бүлінеді. Еңбегіміз зая кетеді”, — деп, қайта-қайта нығыздап айтқан сөзін есіне алды. “Бұл сорлы менің өтірік айтқаныма

өкпелемес, қайта білсе осыны жөн көріп, майдандас жолдасының бір өтірігін кешірет, бәрі қылмысты табудың қамы ғой”, — деп күрсіне отырып, Талғатпен келіскен аңызын айтты:

— Өкіметтің құрығы ұзын, қылмысты таппай қоя ма, тәйірі. Сол кезде-ақ ұстаған. Аузына арақ тисе көрінгенмен байланысатын мен секілді сыңар аяқ Рысбек дейтін болған. Өрістегі қанды сойқан соның зұлымдығы деп тапты.

Нұржан үстінен ауыр жүк түскендей жатқан полкасының түкпіріне қарай аунай түсті. Рысбек бұдан соң сөйлесуді қаламай, теріс қарап бұрылып есік жаққа жотасын беріп, бүк түсті. Тістеніп, Рахымның өліміне қайғырып, іші жылап жатыр. Жас қыршынның арманда кеткеніне егіліп, күйініп кетеді. Жолаушы пойызы Бестөбе станциясына жеткенде вагондағылардың дабыры көбейді. Рысбек басын көтерді. Көзінің ұшында бір тамшы жас бар еді. Ол орнынан тұрып, кеудесін керіп жан-жағына қарады. Жүктерін жинастырып жатқан Самсоновқа:

— Бетің біздің ауыл екен. Бір күнгі танысқа қырық күндік сәлем деген. Үйге жүр, қонақ болып кет, — деді.

— Ауылың осы қаладан алыс емес пе?

— Құдай-ау, мына тұрған жер. Автобус күніне екі рет қатынайды. Рыс... Ақжолтайдың үйі қайсы десен бәрі айтады.

— Жана сен не дедің? Рысың не?

— Рыс дегенді ұқпадың ба? Байлық ол Қонағым бол, рысым бол деймін.

— Ә-ә, — деп Самсоновтың көңілі жай тапты.

— Қойынды дайындай бер. Өзіміз кең отырып, сыр шертелік. Сөзсіз келемін.

Нұржан поездан түскен бойда майор Ділдәбековке телефон соқты. Ешкім жауап катпады. Әлден уақытта алдында отыратын хатшы қыз трубканы көтерді.

— Қалалық ішкі істер бөлімі тындап тұр.

— Алла, бұ мен, лейтенант Мақатаев. Маған майор керек еді. Қайтсең де, шапшаң тап.

— Олардың бәрі кетіп қалды. Осында бір әйел асылып өліпті. Аты-жөнін білмедім. Прокуратураның адамдары бар, бәрі сол жаққа кетті.

— Кезекшілерден кім бар? Вокзалға шапшаң жетсін, мен бақтың сыртында күтемін. Бір минут қымбат. Түсіндің бе?

Алла Нұржанның айтқанынан дәнеңе ұқпаса да, істің маңызды екенін білді. Кезекші старшина мотоциклін от алдырып жатқанда, екі жұдырығын түйіп, оны асықтыра түсті.

— Мақатаев бақтан шыға берісте күтеді. Оны дереу майорға жеткіз. Олар өрт шыққан үйдің тұсында, солай қарай кеткен.

Старшина жайдарылана күлді.

— Хатшы қыз, айтқаныңыз орындалады!— деп мотоциклмен зымырап жөнелді.

Ділдәбеков бір топ адамның қоршауында әлдекімдермен әңгімелесіп тұр екен. Нұржан қасына тақау келіп:

— Жолдас майор, ден қоярлық маңызды хабар бар, — деді.

Майор Ділдәбеков қолын көтеріп, оны бөгеді де, Мәруәға қарап:

— Хаттың фотокөшірмесін алып, Майснерге беріңіз. Хат соған арналған. Өзі оқысын. Егер қандай бір жаңалық болса, телефон соғарсыз. Мен өзімде отырамын, — деді. Машинаның ішіне отырғаннан кейін Талғат екеуі Нұржанды ортаға алып, екі жақтап сұрай бастады.

— Рысбектің інімді қылмыстылар өлтіріп кетті деген сөзіне қалай қарады? Өңі құбылмады ма? Рысбек өзін ұстай білді ме? Сен өзің жөндеп, асықпай айтшы, — деді Талғат.

Нұржан жолда өз көргендерін баяндады:

— Ол өзін купедегілерге Самсонов Борис Натанович деп таныстырды. Қызыл күрең сақалы бар, еңгезердей толық кісі. Бірақ спетейсіз семіз деп айтуға келмейді. Денесі шымыр, тұтас, сом тұлға секілді. Мен оған тіпті назар аудармас едім. Ондай адамдар кездесіп жүр ғой. Ал мынау протез аяқпен, әрі балдақпен жүруге мүлде дағдыланбаған. Рысбектей шапшаң емес, жүріс-тұрысы тым сылбырлау көрінеді. Соғыстың біткеніне талай жылдар өтті. Мүгедектердің протезге үйренгені сонша, кейде аяғы жоқтығын аңғармай қаласың. Әуелде ол қолдан жасалған күпшек ағаш аяқпен жүрген бе деп ойладым.

Майор Ділдәбеков Талғатқа жымыып қарады:

— Жолдас капитан, Нұржанға сіздің тәсілдеріңіз жүкқан ба, қалай?— деп, тәнтілік белгісін білдірді. — Айта бер, құлағымыз сізде.

Нұржан сөзін жалғастырды.

— Тағы бір байқағаным, Рысбектің “Шұғыла” колхозынан екенін білгеннен кейін Самсонов бұзақылар жайында сөз

қозғап, өзінің баласын біреулердің өлтіріп кеткенін айтты. Рысбек те: “Менің інімді де пышақтап, өлтіріп кеткен” дегенде, ол: “Кісі өлтірушілерді ұстап па екен?” деп, құлағын түріп ентелей түсті. Өз қайғысын ұмытып кетті. Рысбекті бас салып, түйгіштеп алатындай оқталып дайын тұр. “Өкіметтің құрығы ұзын, қылмыстыны таппай ма, тәйірі” дегенде барып, шалқалақтай түсіп, көңілі жай тапқандай жыпың ете қалды.

— Ол пойыздан түсті ме?—деді Талғат сағатына қарап.— Екі минуттан кейін жолаушы пойызы жүреді. Бұл адамның кім екенін анықтап білу теріс болмас.

Нұржан өзінің пікіріне капитанның қосылғанына қуанып кетті. Көтеріңкі үнмен:

— Бестөбеге түсемін деп жүктерін жинап жатқан, жолдас капитан. Мен сіздерге хабарлайын деп, ерте түсіп кеттім. Вокзалдан ұзап кете қоймаған шығар,— деді. Майор Ділдәбеков бөлімге келгеннен кейін барлық бақылау постарына хабар берді. Ондай адам Бестөбенің маңайында тоқтамаған болып шықты. Ешкім көрмеген. Самсонов Бестөбеге тоқтамай өтіп кеткен.

— Не істейміз, жолдас капитан?— деді Ділдәбеков Талғатқа қарап.— Ол әлдекімнен сескеніп, үріккен тәрізді. Бас амандығында ізін білдірмей, құтылудың қамын жасаған. Қалай, Көксу станциясынан тосамыз ба?

Нұржан өзіне майордың мін тағып отырғанын сөзді. Ол осы бір минутта жол үстіндегі барлық оқиғаларды есіне алды. Ол купедегілерге Новосибирск университетінде оқимын, каникулға шығып келе жатырмын деп таныстырған. Бұдан кейін одан жөн сұрамады. Күдік туғызатын оқыс іс жасаған жоқ сияқты. Талғат жас шәкіртін қорғаштады ма, әлде өзінің ойы солай ма, Самсоновтың тоқтамай өтіп кеткеніне абыржи қоймады.

— Бізге кім де болса, Цоймен байланысы бар адам керек. Нұржан күдік алған Самсонов сондай кісі делік. Бәрібір ол Цойға жолықпай кете алмайды. Өйткені Цой баяғы қалпында, сол беделімен жұмыс істеп жатыр. Әуелі Глухованы жұмысқа қайта алу жөнінде шығарған соттың билігін орындамай жүр. Ол өзін заңнан биік санайды. Самсонов біз ойлағандай адам болған күнде, ол Цойдың қандай қабілеті барын білмейді дейсіз бе? Оның әр қадамын жақсы біледі. Алтын қаншама бағалы болғанымен, ол тас, оны әжетке жарату үшін пұлдап

өткізу керек. Самсонов оны аркалап, ұзақ уақыт жүре алмайды. Қайткенмен ол Бестөбеге соғады.

— Оның жиналып тұрып, Бестөбеге сокпай кеткеніне таңқаламын. Әрине, мен сіздің пікіріңізге қарсы емеспін. Әйткенмен, полковникпен ақылдасқан жөн.

— Дұрыс айтасыз, біздің бұдан былайғы іс-әрекетіміз жөнінде Мұқан Дайыровичпен әрбір пунктіне дейін келісіп алалық. Ал Самсонов Бестөбеге түсейін деп тұрып, неге тоқтамай өтті дегенге келсек, мұның астарлы жағы бар ма деймін. Ол мұнда даланы қанға бояп, жазықсыз адамды өлтірді. Сондай жерге қайта келген соң, ол сескенбей тұрмайды. Бәлкім, андушының бар-жоғын білу үшін әдейі өтіп кетуі де ықтимал. Жолдас майор, менің сөзіме сеніңіз, егер Самсонов Цойға келген кісі болса, оған сөзсіз жолығады.

— Сонда Самсоновты Бестөбеден тос дейсіз ғой?

— Енді Цойдың әр қадамы тыс қалмауы тиіс. Бір минут та көзден таса етпеуіміз керек. Мұнда істің түйінін минут емес, секундтар шешуі мүмкін.

Жарты сағаттан кейін майор Ділдәбеков пен капитан Майлыбасов өздерінің жоспарлары жөнінде полковникке баяндап, онымен келісіп алды.

Келесі күні екінші постағы оперативтік топтың адамдары “Қызылжар” колхозына сондай бір адамның келгенін хабарлады. Бет-пішіні, жүріс-тұрысы іздеген адамға ұқсайды. Поселкенің шетінде, көлге жақын қабақтың тасасында Данил дегеннің үйі болған екен. Баласы егін жинау кезінде Ақмолаға кетіп, сонда үйленіп, қалып қойыпты. Данил үйін қойшыға сатып, өзі баласының артынан кетіпті. Іздеп жүрген адам Ермек дейтін қойшының үйіне тоқтаған. Үй иесі малда, үйінде кемпір шешесі ғана болуы мүмкін. Бұл хабарды естігенде, майор Ділдәбеков:

— Мен оны қаладан күтсем, қайдан келіп шыққанын қарамайсыз ба?— деп, басын шайқады.— Мен Ермектің семьясын білемін. Ол өзінің сондай жақын адамы барын айтқан жоқ. Қайран қаламын.

— Үйдің бұрынғы иесін Цой білетін бе еді?

— Сол колхозда аяғын шалғы кескен біреуді қалаға әкеп, ауруханаға жатқызғаны есімде бар. Жедел жәрдемнің көлігі бос болмай қалып, ол адамды біздің машинамен жолшыбай әксіп тастаған еді. Қазір білейік.— Ділдәбеков трубканы көтеріп, әлдекімге телефон соқты.— Иә, фамилиясы Прохоров

болуға тиіс. Қай мезгілде дедіңіз? Жаксы, рақмет.— Ол Талғатқа қарап:— Данил Прохоров Ақмолаға кетпестен бұрын қалалық ауруханада жатып емделген. Үйдің адресін Самсоновқа Цой берген болды. Самсонов бұрынғы үй иесінің көшіп кеткенін біле ме екен?

— Самсонов жүрген жерін аңдамайтын алаңғасар емес. Бұл үйге келместен бұрын әбден сұрап алған шығар.

Шынында, Ермектің үйінде шешесінен басқа жан жоқ еді. Баласы мен келіні малда екенін Самсонов көршілерінен сұрап алған. Әйткенмен, үйге кіруге бата алмай, есік алдында томардың үстінде отырып темекі тартты. Бір кезде қолында құманы бар Сақбала шешей шықты. Есік алдында шоқшиған бөгде кісіні көріп, қасына тақау келіп, үңіле қарады.

— Ей, сен кімсің? Қайдан жүрген адамсың?

— Жеңгесі, мен құдайы қонақпын. Осында жақын туыстарымызды іздеп келіп едім. Адресі осы үй болатын. Әрі-бері қараймын. Бірақ таныс адамды ұшырата алмай отырмын.

— Сен әлгі Данилдың туысы екенсің ғой. Алда құдай-ай, олар жақында ғана көшіп кетіп еді. Сәл ертерек келмеген екенсің. Онда табысатын едің.

— Осы күні өкіметтің жұмысынан қол босай ма? Демалыс алып, шыққан бетім осы. Тіпті хат жазып, хабарласа алмап едік.

— Бұл жерде де ел-жұрт бар. Далаға келгендей болма. Үйге кір. Құдайы қонақтың жөні бөлек. Барымызға риза боласың.

— Кембағал адамға жол жүру қиын екен. Машинамен жүрсем де болдырып қалған тәріздімін.

Сақбала Самсоновтың аяғы жоғын енді байқады. Жаны ашып:

— Бұлай далада отыруың келіспейді. Үйге кіріп дем ал. Мен тездетіп шай қойып жіберейін,— деді.

Самсонов қарсылық көрсетпеді.

Жарты сағаттан кейін қой етінің қуырдағы мен қазақтың қызыл күрең шайы дайын болды. Самсонов кешеден бері жөнді тамақ іше алмаған. Шай тұла бойын жадыратып жағып барады. Асықпай баптап ішті, Сақбала шешей өзіндей шайшыл кісінің табылып, серік болғанына қуанды. Сары майға пісірілген быртыған бауырсақтарды Самсоновтың алдына сырғытып:

— Көктемгі күземге дейін үйді сатып алмай қоя тұрайық деп едім. Қолда ақша бар, мұндай ағаш үй кездесе бермейді

деп келінім болмады. Сәл қоя тұрғанда туысыңмен табысатын едің,— деп Сақбала Самсоновтың “туысымен” кездесе алмай қалғанына өзі кінәлі адамдай қынжылды.— “Жақсының жаттығы жоқ” деген. Данил туысың болса, бұл үйді де өз үйіндей көр. Қанша жатып, қонамын десең де еркің. Біз кісі жатырқамаймыз.

— Жеңгесі, ниетіңізге рақмет.— Самсонов терін сүртіп, орнынан тұрды.— Жеңгесі, қалада таныс кісілер бар секілді еді. Соларға телефон соқсам деп едім. Қалай байланысар екенмін?

— Мынау жерде, Советтің кеңсесінің алдында автомат бар. Жұрт соқыр тесігіне тиын салып сөйлесіп жатады.

Самсонов он бес минуттан кейін Цоймен сөйлесіп жатты.

— Бұл Цой жолдас па?

— Ия!

— Мен көп жылдан бері демікпе ауруына шалдығып, жапа шегіп жүрген жан едім. Сіз соны емдеудің әдісін тапты деп естіп, әдейі жолаушылап келемін. Ауруым күн сайын асқынып барады. Қабылдай аласыз ба?

— Демікпе ескі ауру. Бұл дерттің емін таппай әуреге түскен ғұламалар көп. Біз дала дәрігеріміз. Қолымызда қазіргі заманның аспаптары жоқ. Әйтеуір, бірдеңені долбарлап жасаған боламыз. Сірә, менің жасаған емім сізге қонар ма екен?

— Оны сіздің ықыласыңыз біледі.

Жолығысудың шартты белгілерімен жауаптасқан соң, Цой:

— Қазір қараңғы түсіп кетті. Уақыт тым кеш. Қабылдай алмаймын. Ертең хабарласыңыз,— деп трубканы іліп қойды.

Бес минуттан кейін бұл екеуінің магнитофонға жазылған сөздерін майор Ділдәбеков пен капитан Майлыбаев екеуі тындады. Оларға Самсоновтың кім екені енді мәлім болды. Рахымды өлтірген, күпшектей ағаш аяғы бар, Цойдың серігі. Капитан Майлыбаев қылмыскердің кім екенін анықтау үшін талай күндер мен түндерді мазасыздықпен өткізген еді. Енді, міне, сол алапес бұзақы “Қызылжарда” қол жетер жерде отыр. Талғат жұмсақ орындыққа жотасын тіреп, кең тыныс алып шалқалай отырды. Осы бір сәт бүкіл тұла бойы ауыр жүктен арылғандай, жеңілденіп, босаған секілді көрінді. Ділдәбеков осы күйін ұқты ма:

— Капитан, сізді құттықтауға болатын шығар,— деді.

— Қылмыскер әлі ұсталған жоқ, бостандықта жүр, құттықтауыңыз әлі ерте, жолдас майор. Біз оны залал

жасатпай, дабыра қылмай қолға түсіруіміз керек. Цой ертен хабарлас деп трубканы іліп қойды, әрі қарай сөйлеспеді. Бұған қарағанда ол Самсоновтың қайда тоқтағанын білетін сияқты. Бірақ қай кезде, қай жерде кездесетіндерін айтпады. Олар Бестөбеде ме, әлде қаланың сыртында жолығыса ма? Мұны қайткенде де білуіміз керек. Соған қарап ұстаудың шарасын ойластырайық.

— Сіз осы істі басынан бастап алып келесіз. Маған сіздің пікіріңіз ауадай қажет,— деді Ділдәбеков.

— Жолдас майор, танымайтын адамдар да бір-бірімен ұшыраса береді. Бұл екеуінің ондай кездесуінен пайда таппаймыз. Бізге алтынмен сауда жасайтынын әшкерелейтін сәтін күтіп, тап сол мезетте ұстауымыз керек. Бұлтармайтын болсын. Олар кулық-сұмдығы мол әккі адамдар. Әйтпесе, кейін мойындамай, танып кетеді.

— Қандай ұсыныс айтасыз?

— Бұл екеуі қашан жолығады екен деп күтіп отырамыз ба? Олардың кездесуін неге шапшандатпаймыз?

— Қалай?— деді Ділдәбеков таңданып.— Сіз оларға өз ұсынысыңызды ұсынасыз ба?

— Мұны жай ғана жасауға болады,— деді Талғат майорға қарап.— Жақында облыстық денсаулық сақтау бөлімі осы ауданның жұмысын тексеріп кеткені мәлім. Комиссияның қорытындысы бүрсігүні коллегияның мәжілісінде қаралады десін. Аудан жұртшылығының денсаулығын көтеруге аурухананың да қатысы бар. Сол мәжіліске Цой да шақырылсын. Әрине, Цой Алматыдан оралғанша Самсонов мұнда қала алмайды. Олар кездесуге асығады. Кісі асыққанда, әдетте ағаттық жібереді. Біз сол сәтін пайдалануымыз керек.

— Мынау тамаша идея екен,— деп, майор Ділдәбеков шын ризалық пейілін білдірді.

Осы ұсыныс қабылданды.

Бестөбеден Алматыға баратын жол біреу. Алматыға баратын машиналардың бәрі Айнабұлақтың жотасын басып, Арқарлының асуы арқылы өтеді. Бұл тұста басқа жол жоқ. Келесі күні Самсонов автомат арқылы телефон соққанда, Цой: “Үлкен жолда кездесеміз” деп, жауапты қысқа қайырды. Бұлардың Алматыға баратын жолда жолығатыны айқын. Қай тұстан тосу керек дегенде алғаш Арқарлының асуы белгіленді. Жол қос таудың қуысынан өтеді, бұрылыс-қалтарысы көп, байқатпай ұстауға ыңғайлы. Бірақ бұл жоспардан шапшан

айнуға тура келді. Өйткені Арқарлы асуына жеткенше Айнабұлақ, Сарыөзек секілді ірі темір жол станциялары бар. Самсонов осының біреуінде қалып қоюы мүмкін. Қылмыскерлерді ұстаудың ыңғайлы жолы Ай-набұлақтың қырат, жоталары десті. Айналаның бәрі тықыр, жайдақ, жүрген жүрістің бәрі алақанға салғандай айқын көрінеді. Темір жол станциясына тақаған жердегі еңіске түсе берісте асфальт жол как айырылады. Бестөбеден келс жатқан машина жотаның дәл түбінен өтеді де, Алматыдан шыққан машина етекте ала құлама жарды қиялап жүреді. Екеуінің ортасында шошайған кішкентай төбе бар. Қатар өткен машиналар төбенің тасасынан бір-бірін көрмейді. Дәл осы тұста Самсоновтарды ұстау жөн саналды. Майор Ділдәбеков бастаған топ төбенің тасасында күтіп тұрған. Оған Цойдың Бестөбеден шығуға қамданып жатқан кезінен бастап, бүкіл жүрген жолын әр бес минут сайын хабарлап отырды. Алғашқы хабарды майор сағат 10-ға бес минут қалғанда естіді.

— Сөйлеп тұрған “Қыран”. “Доктор” ауруханадан әлі шыққан жоқ, сірә, жедел жәрдем машинасымен жүретін түрі бар. “Волга” машинасы есіктің алдында тұр. Қазір аурухананың алдына Жұрымбаев әйелімен келді. Цой сыртқа шықты, үшсуі сөйлесіп тұр, “Докторды” шығарып салуға жиналғандар бұларға қосылмай, бөлек әңгімелесіп, машинаның жанына келді.

Екінші жақтан майор Ділдәбековтің дауысы естілді.

— Жаксы ұқтым, сізді. Ізін бағып ілесіп отырыңыздар.

Цой кеше кешкісін оңашада Аймангүлге телефон соғып, өзінің Алматыға шұғыл жүретінін, егер Аймангүл күйеуін көндірс алса, бірге әкестікісі келетінін білдірген. Аймангүл түні бойы бұртындап ұрсып күйеуіне маза бермеді. Ең болмаса Алматының үлкен дәрігеріне шамасы келмейтін ынжық, сорлы екенін де айтып қалды. Бұлай бедеу боп өткенше, өлген артық деп жылап та алды. Ахат әйелінің бұл қылығын шенемеді. “Әйел болған соң бала сүйгісі келетін шығар. Енді қайтсін, байғұс. Маған тием деп бағы байланды ма, қалай?” — деп жаны ашитын. Цойдың Алматыға жүретінін естігенде қуанып кетті. Аймангүлдің айласын ұқпай, Цойға келіп өзімен бірге ала кетуді өтінгенде, ол:

— Жол ұзақ, иссіз далада иемденіп кетеді деп қорықпайсың ба, Ахат Жұрымбасвич, — деп шын көңілін әзілмен айтып білдірді.

Жұрымбаев Цойдың әзіліне кәдімгідей көтеріліп қалды. Ауданның беделді адамымен, бас дәрігерімен көңілі жақын адамдар екенін көрсін дегендей, машинаның қасында топталып тұрған жұртқа естірте, даңғырлап сөйледі:

— Өй, сығырайған көзіңе болайын, қолыңнан келсе, баяғыдан бері қайда жүрсін? Шамаң келсе, қызғанышым жоқ. Бірақ сен шәлтіктен не шығушы еді,— деп қарқылдап күлді. Аймангүл қызарып кетті. Ол өзінің күнәсін күйеуі білді-ау деп қысылмады, оның дәлдірлек алаңғасарлығынан ұялды.

Дәл сағат 10-да Цой Аймангүлді қасына отырғызып алып Бестөбеден жүріп кетті. Талғат қаладан шыға берісте бүйірден қосылды. Жеке меншік “Волгасымен” келе жатыр. Араға бес-алты жүз метр салып, жүрісін үдетпей, жайымен ілесіп келеді. Айнала төңірек ақша қар. Қарайған бұта көрінбейді. Теп-тегіс қар басып жатыр. Айнабұлақтың жотасына көтеріле бергенде алыста қарайған бірдеме көрінді. Қардың үстіне баттатып қадап қойған қара томар секілді. Бұл Цойды күтіп тұрған Самсонов еді. Цой қолын көтеріп, жолға қарай ентелей түскен адамды кергенде қасында отырған Аймангүлге қарап:

— Қарсы болмасаң алып кетейік. Машина бос келе жатыр,— деді.

Аймангүл өзінен ақыл сұрағанына дардай болып қалды. Көңілі тасыды. Өзін Цойға билік жүргізетіндей көрінді. “Қайдағы біреуді желкемізден қызыл көз ғып қадап қайтеміз. Өзіміздің осылай оңаша отырғанымыз жақсы”,— деп көнбей еркелеп, қиғылық салғысы келді. Нәзік саусақтарын Цойдың кіндік тұсына қарай жүгірте беріп еді. Ол Аймангүлдің қолын қағып жіберді де, машинаны жаяудың қасына әкеп тоқтатты. Жүк салғышты ашып, жалма-жан оның жүктерін салды. Сол кезде Самсонов күңк етті:

— Мына бәлені қайдан сүйреп жүрсін?

— Маскировка, дымың шықпасын.

Цой жүріп кеткенде Ділдәбеков жаңа хабар алды.

— Сөйлеп тұрған “Қыран”. “Доктор” жолда “Шалға” кездесіп, оны өзімен бірге ала кетті. Қасында әйел бар.

Майор “доктордың” қасындағы Аймангүл екенін білді.

— Осы қатынның-ақ желігі басылмады-ау!— деп, қолын бір сілікті. Қасында әйел отырған соң, оның қауіпсіздігін сақтау үшін дереу басқа шешім қабылдауға тура келеді. Әрине, бұл оперативтік қызметкердің өміріне қауіп төндіреді. Бірақ басқа амал жоқ...

Цой бар екпінімен келе жатқан. Бөктерді айналып еңіске түсе бергенде, жапырлаған машинаны керді.

— Бұл не бәле? Неғылған машина?— Самсонов еңсесін алға беріп, қойнындағы нағанға қол жүгіртті. Аймангүл алдыңғы жаққа мойнын созып:

— Авария болған сияқты,— деді. Оның бұл сөзі Самсоновтың қырағылығын сәл бәсеңдеткен секілді. Жедел жәрдем машинасының тоқтағанын көргенде жас жігіт төбенің астынан далбақтап жүгірді.

— Жолдас доктор, көмектесе көріңіз. Адам өлейін деп жатыр.

Цой машинадан шыққан сәтте жедел жәрдем машинасының артқы есіктері айқара ашылды да, еңгезердей екі жігіт тыпыр еткізбей Самсоновтың қолына кісен салды. Сол жігіттермен машинаға қабаттаса кірген Нұржан жедел жәрдем машинасын шапшаң кері бұрып, қара жолға салды. Аймангүл жан-жағында не боп жатқанына көз ілестіре алмады. Жолды бөгей, жыпырлап тұрған машиналар лезде бытырап бет-бетімен кетті. Жол ашылды да қалды. Рульде отырған жігітке қарады. Жүзі таныс секілді. Ия, солай, Сарғабанның сазына барғанда, өзен жағасында тұрып, тәтті әзіл айтқан жігіт. Олар өздерін аңшымыз деп таныстырған еді. Мұның қасында тағы бір жігіт бар емес пе? Ол қайда? Аймангүл қапталдаса өткен машинаға қарады. Рульді ұстап отырған жігіт Сарғабанда көрген ұялшақ момын жігіт. Машинаның артқы жағында тағы бір таныс адам отыр. Еріксіз мойнын созды. Ия, сол, өзінің сүйіктісі. Цойдың өзі. Өр кеуде, паң мінез, сылқым кісі секілді еді. Қазір бір уыс боп, бейшара қалыпқа түскен. Еңкілдеп жылап барады.

Аймангүл ұялғанынан бетін басты. Қып-қызыл жалын бетін қарып бара жатқан сияқты.

ОНЫНШЫ ТАРАУ

...Күзетші Самсоновты алып келгенде, кабинетте майор Ділдәбеков пен капитан Майлыбаев отыр еді. Майор алдында жатқан қалың папкадан басын көтеріп, оны сырғытып қойды да:

- Мына екі чемоданның қайсысы сіздікі?— деді.
- Білмеймін.
- Әйткенмен де.

— Бәлкім, мынау шығар.— Самсонов шетте тұрған қара чемоданды саусағымен нұқыды.

— Дәлірек айтқанда.

— Осы чемодан.

— Ашыңыз.

Самсонов чемоданды ашқанда кесек алтындар тот басқан мыс секілді бұрыш-бұрыштары жылт-жылт етеді. Алтынның екінші кішкене бөлігі оралған, онда “Студентке” деген жазу бар.

Самсонов ақтала бастады.

— Азамат начальник, бұл біреудің аманаты еді. Бере сал деген соң, алып келе жатыр едім.

— Бұл чемоданды кімге бермекші едіңіз?

— Беретін кісім колхоздан көшіп кетіп қалыпты. Қайда кеткенін білмеймін.

— Сөйтіп, чемодандағы заттар өзіңіздікі екенін мойындамайсыз ғой. Біз бәрібір шындық түбіне жетеміз. Өтірік айтсаңыз, кейін өзіңізге қиын тиеді.

Самсонов сәл ойланып отырды да:

— Айтқаныңыз болсын, шынымды айтайын. Осымды протоколға жазып қойыңыз. Бұл чемодан менікі. Алтынмен сауда жасап табыс тапқаным рас. Бұл үшін мені дарға аспас. Күнәмді мойныма алып, қол қоюға әзірмін.

— Бұл алтынды кімге бермекші едіңіз?

— “Студентке”.

— Оныңыз кім?

— Оны өзіңіз білесіз. Аурухананың бас дәрігері Цой Борис Вениаминович. Екінші чемодандағы ақша соныкі. Мен алтынды алып келгенде, ол ақшасын дайындап қояды. Осылай алыс-беріс жасап жүрміз...— Самсонов ойланып, бөгеліп қалды.

— Азамат Самсонов, айта беріңіз.

— Менің басқа айтарым жоқ.

— Сіз асықпаңыз. Алдымен істі бастамастан бұрын танысып алайық. Менің фамилиям — Ділдәбеков. Атым — Әлихан, милиция майоры. Мына жігіт милиция капитаны Майлыбаев Талғат. Ал енді өзіңіздің аты-жөніңізді айтыңыз.

— Мені қамамастан бұрын білген шығарсыздар. Өз аузымнан естігілеріңіз келсе, айтайын. Самсонов Борис Натанович. 1910 жылы туғанмын.

Майор оның сөзін бөлді:

— Сіз өзіңіздің шын фамилияңызды айтыңыз. Ал Самсоновтың кім екені бізге онсыз да мәлім.

— Азамат начальник, сіздің не айтып тұрғаныңызды ұқпадым. Самсонов деген мына мен боламын. Барлық документтерім алдыңызда жатыр. Суретім ұқсайды. Басқа не керек?

Талғат папканың ішінен екі жасар баланы құшақтап түскен сресек кісінің суретін көрсетті.

— Мынаны танысыз ба?

Самсонов жақын келіп үңіле қарады.

— Жоқ, білмеймін.— Кейін шегініп орнына отырды.— Ондай адамды танымаймын.

— Мен оған таңданбаймын,— деді Талғат суретті папкаға қайта салып жатып.— Сіз суретке 1941 жылы соғысқа жүрер алдында түстіңіз. 1942 жылы майданға жіберді. Жолда әскери эшелон жау самолеттерінің бомбасына ұшыраған кезде сіз өзіңіздің әскери билетіңізді қаза тапқан Самсоновтың қалтасына салып, оның документтерін өзіңіз алдыңыз. Мұның алдында ғана Самсонов бір жетіге демалыс алуға рұқсат алған еді. Сіз бұл документпен де алысқа бара алмайтын едіңіз. Орманға тығылып, қашып жүрген кезіңізде үсікке ұшырап, ес-түссіз жатқан жеріңізден колхозшылар ауруханаға әкеп салады. Көгеріп үсіген аяқты кескеннен кейін есіңізді жидыңыз. Кембағал Самсоновпен ешкімнің жұмысы болмады. Қиын жылдардың көлеңкесінде қала бердіңіз. Міне, содан бері жиырма екі жыл өтіпті. Солай ма, азамат Майснер Борис Адольфович?

— Мен Майснер дегенді білмеймін. Аздан кейін өздеріңіз таба алмай жүрген бірсуді әкеп таңарсыз. Самсонов деген мына мен. Басқаны білмеймін.

— Азамат Майснер, сіздің жеке басыңызды анықтау үшін біз куәларды шақыруға мәжбүр боламыз. Әлгі суреттегі кішкене бала өзіңіздің ұлыңыз Олег. Ол осы қалада тіс салушы техник болып жұмыс істейді. Жоғары білімі бар, дәрігер. Сіздің жұбайыңыз Маргарита, ұлыңыз Олег екеуі де сізді майданда қаза тапқан деп есептейді. Қадір тұтып жүрген адамының кейпін көрсін олар.

Майснер басын төмен салып, саусақтарын мыжғылап, ақырын мінгірледі.

— Эвакуация кезінде жолда бомба астында қалды деп еді, бұл қалай? Шынымен олар тірі ме? Өліктерін өз көзіммен

көрдім деген әке сөзі қайда. Жоқ, сенбеймін.— Майснер басын көтеріп Талғатқа сығырая қарады.— Сіздер мені алдап қармаққа түсіргілеріңіз келеді. Ондай айла іске аспайды. Сіздердің кулықтарыңыз мәлім маған.

Талғат майорға карап еді, Ділдәбеков трубканы көтерді.

— Сенбейтін болсаңыз қазір Олегті шақырайық, — деді де, тиісті номерлерді терді.— Бұл Майснер жолдас па? Олег Борисович, бұл мен, майор Ділдәбеков. Сіздің көмегіңізге рақмет. Ие, біз Мирзоевті қамадық. Қазір уақытыңыз болса, бірер ми-нутқа келіп кетсеңіз қайтеді.

— Қазір келем, жолдас майор.— Олегтің нәзік, ашық үні осында отырғандардың бәріне естіліп тұрды.

— Олег алтынмен сауда жасаушыларды әшкерелеуге көмектесті,— деді майор.— Ал сіздің сыбайластарыңыз оны бауыздап өлтірмекші болды.

— Мүмкін емес, жоқ бұлай жасай алмайды!

— Оған несінс таңданаңыз? Сіздер Рахымды өрісте сондай тәсілмен кинап өлтірген жоқсыздар ма? Өз адамдарыңыздың сыры сізге мәлім болса керек-ті. Оны Олегтің өз аузынан естисіз. Әкесінің кісі өлтіруші екенін көрсін.

Майснер тізерлеп, жерге шөгіп отыра кетті:

— Азамат начальник, құдай үшін Олегке мені әкесі екенімді айта көрмеңіз. Ол әке қылмысын, әке тағдырын білмей-ақ өтсін. Мен сізге бәрін айтып берейін. Тек Олегке айта көрмеңіз. Менің Майснер скенім рас.

— Азамат Майснер, шапшаң тұрыңыз. Орныңызға отырыңыз!

— Азамат начальник, сізден өтінемін...

Осы кезде таза, әдемі киінген Олег Майснер кірді. Ол қолы-басы дірілдеп, көзі жасаурап, күзет астында отырған кісіге жирене көз қиығын тастады да:

— Мен сізді тыңдап тұрмын, жолдас майор,— деді. Олег өзі тыжырынған адам әкесі екенін танымады.

Майор Ділдәбеков Пименованың хатын берді.

— Мынау Дарьяның өлср алдындағы сізге арнап жазған хаты еді. Алтынмен айналысқан бандыларды ұстаймыз деп, әуре боп жүргенде, тіпті тапсыруға қол тимеді. Кешіктіргеніміз үшін кешірім сұраймын.

Олег дәптерді әрі-бері аударыстырып қарады. Әр бстінс кідіртп көз тоқтатты. Майор оған:

— Хаттың тексті көп емес, дауыстап оқуыңызға болады,— деді. Олег қалай болар екен дегендей, Майснерге карап еді,

Ділдәбеков:— Ол енді бізге кедергі келтіре алмайды, Олег Борисович, оқи беріңіз.

Олег хаттың әр жолын тебірене оқыды.

— Мен хатты оқымай тұрып-ақ, бейшараның сондай қасіреті барын байқаған едім. Жерлеген кезде басы-қасында болдым. Жас қыздың өмірін қор еткен сондай сұмдар қалай жазаланбай қала береді? Соларды тауып, жазалауға милицияның күдірсті жетпей ме, осы?— деп кіжінді.

— Қайда жүрсе де қылмыстыларды таппай қоймаймыз, Олег Борисович. Бізге сеніңіз.

— Дарьяны тірідей өлтірген жауызды маған ұстаған кезде көрсетіңізші. Ол адам ба, жоқ әлде хайуан ба, көрейін.

Олег кеткенде үлкен Майснер көзі жасаурап төмен қараған бойы тістеніп отырып қалды. Майор Ділдәбеков столды тықылдатып:

— Азамат Майснер, әңгімемізді жалғастырайық. Сонымен сіз қаза тапқан жауынгер Самсонов Борис Натановичтің куәлігін алып, майданнан қашқаныңызды мойындайсыз ғой?— деді.

— Бәрі де дұрыс. Солай болған.

— Соғыс кезінде Отанға опасыздық жасап, майданнан кашу үлкен қылмыс. Соғыс заңы бойынша ең ауыр жазаға тартылады. Бұл түсінікті шығар сізге?

Майснер оңай берілгісі келмеді, жауап берген боп өз қылмысын ақтап, қарсы дау айтады.

— Азамат начальник, менің ондай қылмыс жасағаным жиырма жылдан аса уақыт өткенін өзіңіз еске салдыңыз. Мендей қылмыс жасағандарға Совет өкіметі рақымшылық жасап, әлдесқашан кешірім берген жоқ па еді? Олар сондай қылмыс жасағандарын ұмытып кетті. Ал мен сол қылмысымды жасырамын деп жиырма жылдан астам азап шегіппін. Тән жарасынын емес, жан жарасының азабын тарттым. Менің осы азабым бір кісінің басына жетпей ме? Өткендегімді бетіме салық етіп несіне қажайсыз?

— Сіз өте дұрыс айтасыз,— деді майор Ділдәбеков орнынан тұрып.— Совет заңы адамгершілікке негізделген. Өзінің жасаған қылмысын мойындап, адал еңбек еткендерге кезінде кешірім берілді. Бірақ сіз өз қылмысыңызды бүгінге дейін бүгіп келдіңіз. Мұндайды заң жазалайды.

Майснер көзі жыпылықтап, үндемей қалды.

— Пимснованың хаты жөнінде не айтасыз?

— Өлген кісімен таласпаймын. Күнәкар санаса, соның айтқаны болсын. Мен айыптымын. Бірақ өзіме күмәнді жері бар. 1943 жылдың қиын кезінде тойып тамақ ішу үлкен арман секілді еді. Нанды көргенде сілекейіміз ағып, ауыз толтырып шайнауға зарығып тұратынбыз. Базардан шыланған қара булка сатып алып, ішін үңгіп, ауызға бұралап тыққанда, қалай таусылғанын білмей қалатынбыз. Жұмырыңа жүк болмайтын. Осындай қысылшаң шақта Алматының Никольский базарынан пальто іздеген Дарьяға кезіктім. Сауда жасап жүретін адамда арзан бағамен қолға түсірген киім-кешектер жетеді. Мен жалғыз тұрдым. Тамақтың таршылығын тартпадым. Алма, кепкен өрік, мейіз секілді әуес жеміс баршылық еді. Дарья үйге келген соң, осындай молшылықты көріп қайта қойғысы келмеді. Мен де кет демедім. Осы үйдің иесіндей ыдыс, едендерді жуып, білек сыбанып кірісіп кетті. Дәл сол күні Цой біздің үйде болған. Онда оның студент кезі ғой. Мен олардан тамақ, арак аяғаным жоқ. Мен таңертең базарға кеткенде олар Цой екеуі үйде қалған.

— Сіз Цоймен қалай таныстыңыз?

— Оны мен сол базарда кездестірдім.

— Ие, Пименова жайындағы әңгімеңізді айта беріңіз.

— Менің таңқалатыным, сол қысылшаң кездерде жас қыздар еркек атаулыны таңсық көріп, кәрі-жасына қарамай, күйеуге шығып жатты. Дарья өзінің жоғын жиырма жылдан кейін іздегеніне таңым бар. Өмірінің бақытсыздығын менен көргісі келеді. Оған кінәлі мен емес, соғыс. Соғыс кезінде пұшпақ қанамақ түгіл, бүкіл семья үрім-бұтағымен құрып, жоғалып кетіп жатты. Бәлкім, қазіргі жастарды көріп, Дарья кенже тумағанына іші күйетін шығар. Оны менен емес, ата-анасынан көрсін. Кісіге айып таққанда бүгінгінің рақат тұрмысымен мөлшерлемей, кешегі күннің келбетін еске алсын. Менің азғын жолға түсуім сол соғыстың лебі шығар. Әйтпесе қазір баламның қызығын тамашалап отырмаймын ба?

— Сіздер Сарғабанның сазында өрісте жүрген қойшыны жазықсыз өлтіріп, бір үйдің қызығын өшірдіңіздер. Бұл да соғыстың лебі ме?

Майснер қыбыжықтап қалды.

— Біз оны өлтіргеніміз рас.

— Өкпесіне шеге тығып азаптаған қайсың?

— Цой екеуміз қосылып жасадық. Ал тырнақтарын жұлған Цойдың өзі.— Майснер еңсесін көтерді.— Азамат начальник, айыбымды мойныма аламын. Алтынмен айналысатындардың санын тізіп беремін. Жазамды жеңілдетуге көмектесуіңізді сұраймын.

— Сіздің сыбайластарыңыздың бәрі ұсталды. Әрқайсысы шындықты айтып, өз кінәсін жеңілдетуге тырысуда. Байқауымша, сіз, тым кеш қалған сияқтысыз.

Майор Ділдәбеков Цойды алып келуге бұйырды. Цой кірген бетте оған Майснерді көрсетті.

— Сіз мына азаматты танысыз ба?

Цой түкірігі шашырап, қалшылдап кетті.

— Мұндай сұмдық комедияны токтатуыңызды талап етсін. Отпен ойнамаңыз. Бұл үшін әлі жауап бересің. Менің кім екенімді ұмытпаңыз.

— Сіздің кім екеніңіз енді бізге мәлім. Кісі өлтіруші қылмыскерсіз. Отырыңыз!— Майор бұрыштағы орындықты ұсынды. Майснерге қарап:— Қалай екенін ұқтыңыз ба, азамат Майснер. Алтынды көргенде сізбен ортактасады. Ал қармаққа түскенде сізді жалғыз тастап, өзі құтылғысы келеді. Осы адалдық па? Сіз бұл кісіні танысыз ба?

— Аты менімен аттас, әкесінің аты Вениаминович, фамилиясы Цой. Мен ұрлаған алтынды ылғи осыған әкелетінмін.

— Бұл жалған. Оның сөзіне сенбеңіз. Мен оны жолда бірінші рет көрдім.

— Жалған айтып, жалтару қылмысты ауырлата түседі. Мынаны тындап көріңіз. — Майор магнитофонның кнопкасын басты. Майснердің дауысы естілді: — Бұл Цой жолдас па?

— Ия.

— Мен көп жылдан бері демікпе ауруына шалдығып, жапа шегіп жүрген жан едім. Сіз соны емдеудің әдісін тапты деп естіп, әдейі жолаушылап келемін.— Майор магнитофонды үзіп жіберіп, Цойдың жауабын қосты. “Демікпе ескі ауру, бұл аурудың емін таппай әуреге түскен ғұламалар көп. Біз дала дәрігеріміз...” Майор Цойға қарап:— Сіз өз дауысыңызды танысыз ба?

Цой өңі қуарып, басы салбырап, сылқ түсті де қалды. Әлгі айбаты жоқ. Майснерді алып бара жатқанда ол есік алдында бірер секунд кідіріп:

— Біздің әуеніміз жырланып бітті, Цой. Енді жан сауғалаудың қамын қарастыр,— деді.

Цой мүләйім пішінде үн қатты.

— Азамат начальник, мен не бары арадағы делдал адаммын. Әкелген алтынды Мирзоев арқылы өткізіп жүрдім. Басқа жан адамға қиянатым тиген жоқ.

— Машинаның дөңгелегін айырбастаған болып, алтынды Мирзоевқа бергеніңіз бізге мәлім. Сіз Майснермен қалай таныстыңыз. Соны айтыңызшы.

Цой саусақтары дірілдеп, алақанымен бет-аузын сипалай берді.

— Бұл соғыстың аса қиын жылы еді. Тамақ ішуге ақшам болмай, көптен бері киюсіз жатқан бастон костюмді базарға апардым. Саудагерлер саудаласпай ақшасын берді. Манти, самса сатушыларды жағалап жүргенде осы Майснер қасыма тақалып келіп: “Мен де күні бойы нәр татқаным жоқ. Ішім ұлып тұр, жүр бірге тамақтанайық”, — деп сыбырлағанда, “Сен кімсің?” — деп жалт қарадым. “Қорықпа менен. Кембағал адам екенімді көріп тұрсың, үй бұл жерден алыс емес. Мен жалғыз тұрамын. Серіктесіп тамақ ішейік”, — деді.

Мен сол күні тамақ іштім бе, жоқ па, оны білмеймін. Ертеңіне тұрғанда кір еденнің үстінде жатырмын. Кешегі сән-салтанаттың ұштығы да жоқ. Кір стол баяғы қалпында қаңырайып тұр. Өзегім талып, қарным ашып барады. Майснер қимылдап, қозғалақтап жатқанымды көріп, қасыма келді.

— Ояңдың ба, жігітім? Мен сені салмақты естияр жігіт пе деп едім. Аузыңа арақ тисе, құтырып кететін әдетің бар екен. Осында Советті балағаттап жағың сембеді. Біреу-міреу естіп қоя ма деп зәрем кетті. Қазір соғыстың уақыты. Кісі байқамаса, бекер күйіп кетуі мүмкін. Дарья байғұс саған жаны ашып, тыныш жатқызам деп жүргенде, оның өзіне қол жүгіртіпсің. Мен қақпаны кілттейін деп сыртқа шығып кеткенімде үсті-басын көк ала қойдай ғып әбден қорлапсың.

Мен Майснерден жалынып, кешірім сұрадым. Майснердің ағаш аяғын құшақтап, жалынғанда ол: “Мені қайтесің, сенің сөккенінді көтерем, мас кісі не демейді. Бәрінен қызды зорлағаның қиын болды. Ондай кісілер ату жазасына бұйырылады екен ғой. Оны кім білген. Әлгі қыз сөйдеп жүр. “Іні секілді үйреніп қалып еді. Бір жолға кешіре сал. Етегінді ашса, абыройыңды төгіп, байбалам салып қайтесің. Бәлкім, үйлесіп, бірге тұрып кетерсіңдер” деп, өзіңе ыңғайлап көріп едім. “Советке қарсы адаммен тұр деп айтуға қалай аузың барады” деп бейбақ неме өзіме тап берді. Сені қорғайын десем де оның сөзі зәремді алды”.

— Совет өкіметіне қарсы листовка таратқанда баспаханының әрпін қайдан алдыңыздар?

— Оны да айтайын, азамат начальник, әлгі оқиғадан соң, мен күні бойы Майснердің босағасын аудитын болдым. Дарьяның жауабын күттім. Екі кештің арасында Майснер келді. Көше жақтағы қақпадан жүрмей, бақша жақтағы есіктен ұрлана кірді. Күпшек аяғымен жерді тық-тық басып, жеткізер емес. Аркалап алған дәу чемоданы бар. Чемоданды маған ұстатып жатып:

— Мынаны қазір жатақханаға апар да тығып қой. Ешкім көрмесін, Дарьяның саған берген тапсырмасы осы,— деді. Жатақханаға келіп чемоданды ашып қарасам, лық толған баспаханының әріптері. Екі күннен кейін Майснердің чемоданын апарып бердім. Аз уақыттан кейін Никольский шіркеуіне келген адамдардың арасына Советке қарсы листовка тарады.

— Тиісті орынға неге хабарламадыңыз?

— Қорықтым.

Талғат қолын көтеріп, майордан рұқсат сұрап, сауал қойды:

— Сіз төртінші кластың оқушысы Наташаны білесіз бе?

— Қандай Наташаны?

— “Васса” деген атпен телеграмманың текстін жаздырып алғаннан кейін укол жасап әлсіретіп өлтірген қызды айтамын. Сіз текстіні жаздырып жатқанда, Наташа: “Қандай қорқынышты сөздер. Доктор, атамыз өлді деп жазбай-ақ қояйықшы”,— деп жалынғанда “шапшаң жаз” деп зіркілдегеніңіз есіңізде ме?

Цой Талғатқа қысық көзін қадады. Шырамытты. Ия, Сарғабанның сазына Аймангүлді ертіп барғанда көргені бар. Сол кезде бұлар ізіне түскен екен ғой... Ол Талғаттың әлгі сұрағына:

— Азамат тергеуші, менің қолымнан күніне талай кісі өтеді. Олардың сөздері жадымда қала бермейді. Ал жасалған уколға келсек, дәрі-дәрмекті біз өзіміз шығармаймыз. Ұсынған препаратты қолданамыз.

— Ұсынған препаратты дәл сол ауруға қолданбасаңыз, оның кері әсер ететінін ұқсаңыз керек-ті. Уколдан соң Наташа тұншыға бастады, демі тарылды, бір сөзбен айтқанда қинап өлтірдіңіз.

— Мен дәрінің құрамын білмедім.

— Әрбір дәрінің қандай қасиеті бары нұсқауға жазылған.
— Өз басым оны қараған емеспін. Маған оны сестралар оқып беруші еді. Сірә, солар шатастырған ғой деймін.

— Укол дәрігердің тағайындауымен жасалады, оны ұмытпаңыз.

— Дәрігер — адам, оның қателесуі ықтимал.

— Рахымның өкпесіне шеге тығып, тырнақтарын жұлып азаптап өлтірдіңіз. Дәрігердің қатесі ме бұл?

— Біз оны өлтірген.

— Медсестра Глухованы қудалауыңыздың мәнісі қалай?

— Жұмыста кемшілік жіберген қызметкерді жазалау әкімшіліктің правосына жатады.

— Бұл қылмысыңыздың ізін жасыру үшін жасалған айла-әрекет. Қойманы ұрлаған адамды әйел етіп көрсету үшін өз әйеліңіздің туфлиіне қара күйе жағып, қабырғаға қолмен басып ізін түсірдіңіз. Сіз қайткенмен Глухованы ұры етіп көрсетіп, одан құтылғыңыз келді. Оған өшігіп жүргеніңіздің мәнісі белгілі. Рахым өлер алдында өзін азаптаған адамды таныды. Оның айтқан сөздерін Аида Глухова естіген еді. Сіз үшін медсестра Глухова қауіпті куәгер болатын.

— Олег Майснердің үстінен домалақ арыз жазғанын айтсын,— деді майор.

— Қылмыс іздеушілердің назарын басқаға аудару үшін бұл да керек тәсіл еді. Одан да дәнеме шықпады. Сонымен сіз екі адамды өлтірдіңіз? Солай ма?— Талғат екі саусағын көрсетті. Цой төмен қарады.

— Рас, мен өзімді айыпты санаймын.

Күзетші Цойды алып кетті.

Майор Ділдәбеков Талғатқа темекі ұсынды.

— Бүгінгі әңгімемізді осымен бітіре тұрайық.

Талғат үнсіз бас изеді.

8 октябрь — 9 ноябрь, 1972 жыл.

ТҮНДЕ АТЫЛҒАН ОҚ



Түн Дала шырттай қараңғы. Жауын себелеп тұр. Аспан төрінде найзағай жалт етіп, бұлтты тіліп, шатыр-шұтыр ете қалады. Мүлгіген орман үсті бір сәтке жарқырап ашылып қайта түнерді. Мырзаш қосауыз мылтығын асынып, босағада тұрған. Ол жан-жаққа көз тастап, құлақ түрді. Жауған жаңбыр сенектің төбесіне тырс-тырс тамады. Жат дыбыс жоқ. Әлден уақытта шакпақ тағы шақты. Өткір жарықтан әуеден құлдилап түскен адамның тұлғасы көрінді. “Бұл не? Адам ба өзі?” — Мырзаш мойнын созып, анықтап қарап алмақ еді. Орманды мылқау қараңғылық басты. “Самолеті апатқа ұшыраған біреу болды. Мынадай найзағай ойнаған күні кісі ұша ма, тәйірі. Жазым болса қайтеді?” — Мырзаш әбігерленіп қараңғы аспанға қадала қарады. Кісі түскен орман тұсын шапшаң болжап алды да, солай қарай беттеді. Қара орманның сол жақ тұмсығында “Қорқау үңгір” аталатын алаң бар. Ашаршылықта қорқау қасқыр ұя салып, күшіктесе керек. Айналасы жылым, батпақ. Мырзаш қарт “Қорқау үңгірін” шамалап, төте жолмен қия тартып келеді. Бірталай жүрді. Токтап-тоқтап құлақ түреді. Әлден уақытта жылым жақтан біреудің ырсылдап, ендіккен үні естілді. Мырзаш дауыстады.

— Ей, бұ қайсың? Бермен қарай жүр. Ар жағың жылым, өлесің.

Қарт сәл бөгеліп жауап күтті. Ешкім үндемеді. “Әлгінде дыбыс беріп еді. Осы немені жылым тартып кетті-ау!” — деп, өкінішпен асыға басты. Төбеде найзағай ойнады. Біреудің бүкшендеп жүгіріп бара жатқаны көрініп қалды.

— Әй, бері кел, қорықпа! Мен орманшымын! — деді.

Орман іші қара түнек. Аяқ астында қураған шыбықтар шырт-шырт сынады. Мырзаш қарт ұйысқан қалың бұталарды көтеріп, өзіне жол аршып, кісі көрінген жаққа бұрылды.

— Тоқта, атам!— деген даустан қатты шошып, селк етті. Қарсы алдынан біреу бетіне жарық түсірді. Шал шақшиған жарықтан бетін қалқалап, қарағайды тасалай берді. Иығынан мылтығын сыпырды.

— Қозғалма, атам!— деген әмірлі үн тағы естілді.

— Кімсің өзің! Мұнда неғып жүрсің?— Қарт мылтығын кезей бергенде, жарық жақтан оқ атылды.

2

Түнде атылған оқ қара орманды жаңғыртты. Мырзаш кеудесіне біз сұғып алғандай сезінді. Жандырып күйдіргендей. Сол сәтте есінен айырылып, талықсып құлап бара жатты.

Қала түні жайлы, жарық. Алатаудың өркештенген қарлы шындары ай астында алысқа тіккен шатыр секілді тізбектеліп әдемі көрінеді. Қатпар-қатпар жоталар осы ақ шатырларды желпіп, көтеріп тұрғандай. Тау етегі күнгірт, әр тұста электр шамдары жылт-жылт етеді. Генерал ашық терезе алдында тау жаққа қарап тұрған. Ол табиғат тамашасынан аулақ, ойға шомған түрі бар. Имек трубкасынан көк түтін әлсін-әлсін шығады. Лезде самал жел үрлеп, қуып әкетіп, түпсіз қараңғылыққа сіңіп жоқ болуда.

Телефон шылдырлады. Генерал самсаған аппараттардың қасына шапшаң басып келіп, қызыл трубканы көтерді.

— Сізді тыңдап тұрмын!

Трубкадан біреудің күмбірлеген дауысы естілді:

— Жолдас генерал, баяндап тұрған “Жиырма төрт”. Әуе шабуылына қарсы қорғаныстың қызметкерлері шекарадан өткен дұшпан самолетін байқады. Бәлкім...

— Сізді ұқтым, жолдас полковник. Бұл жайында қазір Москвамен сөйлестім. Рақмет, бар шараны қолданамыз.

Кабинетке лейтенант жігіт кірді.

— Жолдас генерал, оперативтік топ түгел жиналды!

— Кірсін!

Кабинетке Бөгенбаев, Лопатин, Алтаев және жай киім киген бір топ адам кірді. Генерал Байтоқов таяқшаны карта бетіне жүгірте отырып сөйледі.

— Бұдан он бес минут бұрын әуе шабуылына қарсы қорғаныстың адамдары шекара шегінен ауытқыған жат елдің самолетін байқаған еді. Ол бұл бағытты бекер таңдамаған. Айналаның бәрі қалың орман. Сай-саласы ит тұмсығы

батпайтын қалың жыныс. Бұл тұстан темір жол қашық емес. Ар жағында қала да жақын. Қазір жергілікті оперативтік қызметкерлер самолет ұшқан аймақты торуға шықты. Үлкен жолдарға, разъездерге, бұрылыс соқпақтарға кісілер қойылды. Дегенмен ондағы жолдастарға көмек керек.— Генерал сұңғақ бойлы ақ құба жігітке қарап:

— Жолдас майор, қасыңызға кісі алып қазір ұшыңыз!— деді.— Самолет дайын.

— Құп болады, жолдас генерал!— деді Бөгенбаев.

— Ал, сіз, Лопатин жолдас, шекара постарымен байланысып, жалпы жоспар әзірлеңіз. Таңертең сағат тоғызда дайын болсын.

3

Күн арқан бойы көтерілген. Жасыл орман жауыннан кейін мүлде құлпырып тұр. Жердің көгі де қалыңдай түскен секілді. Бақытжан Алтаев оперативтік топтан жарты шақырымдай ұзап кеткен еді. Көк шалғынның ортасымен келеді. Тізеге дейін суға малынған. Тоқтап тұрып, жан-жағына көз тігеді. Орман іші үнге толы. Бақытжан көк бұтаққа үймелеген торғайды үркітіп, тағы алға қарай жүрді. Табанның асты былқылдақ айнала саз секілді. Үй орнындай тарбиған қалың жынысты айналып өткенде, сұлап жатқан адамды көрді. Жуан қара шал шалқасынан құлаған. Омырауы қан. Қосауыз мылтығы жанында жатыр. Бақытжан алыста қалғандарға қолын бұлғап белгі берді. Шалдың қасына тізерлеп отырып, оны қозғамастан кеудесіне құлағын тосты. Демін алмай ұзақ тыңдады.

— Жаны бар ма?— деді топтан озып, бұрын жеткен Бөгенбаев.

— Жүрегі соғатын секілді, жолдас майор.

— Былай тұр!— деп Бөгенбаев өзі отыра қалып шалдың жүрегін тыңдады.— Тынысы бар, дереу машина шақырт!

Майор Бөгенбаев пен Бақытжан Алтаев төңіректі абайлап шолып шығып, шалдың қасына қайта оралды. Жауын шайған көмескі із бұл маңда орманшыдан басқа бөтен біреудің болғанын аңғартады. Аяқ киім шалдікіне ұқсамайды, бұжырлы қалың табан бәтіңке. Өкшесі жалпақтау. Нәлсіз. Сірә, ол жауынды қараңғы түн қара орманның қақ ортасында күзетшіге ұрынам деп ойламаған. Әйтпесе із қалдыратын мұндай қалың бәтіңке кимес еді.

Майор Бөгенбаев өзінің оперативтік тобымен орманның кісі бара алатын аймағын күні бойы шарлады. Әр тұсқа қойылған постардан да хабар алып тұрды. Ешқайсысы жат, суық жүрісті байқамады. Жер жұтқандай ғайып болып кеткен...

Майор Бөгенбаев сол күні облыс орталығына жүріп кетпек еді. Оқыс жаңалық кідіртті оны. Темір жол асханасының жанындағы шұңқырдан пистолет табылған. Аз уақыттан кейін лейтенант Алтаев телефон соқты:

— Жолдас майор, перронда пойыз күтіп тұрған жерінен Амир Якупов деген ұсталды. Жастық тысына салып жүрген бөлке нанның ішінен 7 600 сом ақша, компас шықты. Сұйық зат құйылған құмыра табылды. Ұсталған адам темір жол линиясындағы милиция бөлімінде отыр. Не бұйырасыз?

Бөгенбаев қысқа жауап қатты:

— Қазір келем!

Якупов бөлме бұрышында, орындықта теріс қарап күжірейіп отыр. Ұстарамен алдырған шашы өсіп, үрпиген. Мұрнын тартып, бармағының басын тістелей береді.

— Кімсіз? Қайдан жүрсіз?— деген Бөгенбаевтың сұрағына:

— Мен жұмысшы адаммын,— деді тайқы қатпар маңдайын сипалап,— осында милицияның істейтін жұмысы жоқ білем. Қарап жүрген адамға тиісіп, босқа әкеп қамады.

— Қайда жұмыс істейсіз?

— Андағы қағазда бәрі айтылған.

— Мен сізден сұрап тұрмын!

— “Ява” темекі фабрикасында кочегар боп істейтін едім. Кезекті демалысымды алып шыққан бетім осы.

— Қай жаққа бара жатырсыз?

Якупов күрсінді.

— Мұның тарихы ұзақ. Біз ағайынды екеу едік. Егіз қозыдай тете өстік. Анау ашаршылық жылы Акрамнан айырылып қалдым. Қазақ ағайын балажан ғой. Кісінің баласын жат санамайды. Осында біреу бала ғып алды дегенді есіттім. Жатқа қанша жақын боп кеткенмен — маған бауыр ғой. Туысынан безбес деп ойлаймын.

— Мынау сіздікі ме?— Бөгенбаев стол үстіндегі шашылып жатқан ақшаны көрсетті.

— Ия.

— Өз еңбегіңізбен тапқан ақша ғой.

— Аралас ақша, ішінде темекі жасап сатқаным да, заемнан ұтқаным да бар. Інімді іздейін деп әдейі жинаған едім.

— Мына кұмыраның ішінде не бар?

Якупов қысық көзін сығырайтып бір шекесінен қарады.

— Ол ма? Ол — желім.

— Бұл желім емес, азамат Якупов. Иісшіл ит ізге түскенде адастыру үшін табанға жағатын кәдімгі у дәрі.

— Қойыңызшы! Маған жалдап неме, желім деп сатып еді. Алдаған екен ғой.

— Сіз өзіңізді алдап отырсыз. Мына пистолетті қайдан алдыңыз?

— Атай көрмеңіз!— Якупов қолын ербеңдетті.— Тумысымда қолыма ұстап көрген нәрсем емес.

— Жақсылап тінтіңіздер, киімдерінің тігісін сөгіп, ақтарып қараңыздар!— дегенде Якупов орнынан атып тұрды.— Қозғалма, отырыңыз!— деп Бөгенбаев әмір етті.

Пиджагінің астарын сөккенде “Ява” темекі фабрикасының жұмысшысы екенін, демалыста жүргенін көрсететін тоғыз куәлік табылды. Куәлік Амир Якуповтың атына берілген. Куәлік мерзімі бірінен соң бірі жалғасып отырады. Бұған қарағанда ол сегіз ай бойы “демалыста” жүруге тиіс.

Майор Бөгенбаев аудандық партия комитетіне келіп, генералмен байланыс жасады.

— Сарапшылардың қорытындысын күтіп отырмын. Якуповтың аяғындағы бәтіңкенің размері, табанының бұжыры орманшы шалдың жанынан байқаған ізге дәл келеді,— деді.

Генерал сәл бөгелді. Ойланған секілді. Аздан соң:

— Сіз қазір қайда боласыз? Жақсы, қазір мен Москвамен сөйлесейін. Өзім телефон соғамын,— деді.

Генерал Байтоқов бір сағаттан кейін телефон соқты. Трубқаға асыға жармасқан Бөгенбаевқа:

— Москвамен сөйлестім. Сіздің Якуповыңыздың сырт пішіні қашқын Наматхановқа ұқсайды. Ол Т. қаласында қызмет еткен. Бір жолы сол қаланың базарында Совет әскери бөлімшелерінің азық-түлік қоймасынан ұрланған өнімдер сатыла бастады. Ұсталған саудагерлерден жауап алынғанда Наматхановтың түр-түсін сипаттап береді. Наматханов бір түнде жоғалып кеткен. Одан хабар жоқ. Оның бүркеншік аты — “Қара базаршы”, осыған зейін қойыңыз,— деді.

Сол күні түнде сарапшылар жуынды маңынан табылған пистолеттің, тағы басқа заттардың бәрінде Якуповтың қол

таңбасы барың, оған тиесілі екенін анықтап берді. Пистолеттен оқ екі рет атылған. Ұнғы ішінде қалған тозаң оқ 10—12 сағат бұрын атылғанын көрсетеді. Бұл шекарада самолеттің көрінген уақытымен дәл келеді.

Жауап алуға әкелгенде Якупов тізерлеп отыра қалып, жалбарынды:

— Ағатай, шыбын жанымды қиыңыз. Мен.. Мен бәрін айтам. Мені өлімге жібермеңіз. Мен ақымақ болдым.

Бөгенбаев дауысын көтеріп:

— Шапшаң тұрыңыз! — деді.

Якупов ебелектеп атып тұрды.

— Отырыңыз! — майор алдындағы орындықты нұскады да: — Шын фамилияңыз кім?— деді.

— Наматханов... Жоқ, ойбай... Якупов.

— Мен сіздің нағыз фамилияңызды сұрап тұрмын!

Якупов басын салбыратып, міңгірледі:

— Наматханов...

— Бүркеншік атыңыз “Қара базаршы” ма?

— Саудагерлер өздері сауда жасайды да мені “Қара базаршы” дейді. Мұнысы, жүдә, әділеттік емес.

— Армиядан неге қаштыңыз?

— Соғыс трибуналынан қорықтым.

— Американдықтарға қалай тап болдыңыз?

— Батыс Германияның полицайлары ұстап, апарып берді.

— Шпиондық іске американдықтар тартқан екен ғой.

Солай ма?

— Ия.

— Мұнда қашан түсірді?

— Өткен түні түнде.

— Қайдан түсірді?

— Мен Мюнхенде болған едім. Одан Афинаға келдік.

Афинадан бері төрт жарым сағат ұштық.

— Сіз жалғыз ба едіңіз?

— Самолеттің мен отырған бөлігінде екі кісі ғана болдық.

— Екіншісі кім?

— Инспектор Вольф. Мектепте парашюттан секіруді үйреткен сол.

— Тағы кімдер болды?

— Басқа кісіні көрмедім.

— Орманшы шалды атқан сіз бе?

Наматхановтың көзі шарасынан шығып кетті.

— Мен кісі атыппын ба? Айта көрмеңіз. Сауда жасағаным, қашқаным рас. Бірақ кісі қанын мойныма жүктеп көрген емеспін. Құдай сақтасың, жалаңызды жаппаңыз.

— Онда оны кім атты?

— Білмеймін...

— Мына пистолетте сізден басқа бөтен кісінің қолының таңбасы жоқ. Оқ түнде осы пистолеттен атылған. Мойындағыңыз келмей ме? Әуелі ұңғысын тазаламағансыз.

— Алла атымен ант етем. Орманшыны атқан мен емес. Сеніңіз маған.

— Аузыңызда — алла, қолыңызда — қару, бұл қалай?

Наматханов төмен қарады,

— Қай жаққа бармақ едіңіз?

— Маған әскери зауыттар жөнінде асықпай мәлімет жинау тапсырылған еді. Түскен бетте Тюмень жолын айналып, Омск арқылы Қазақстан өтпек болғам. Мен мұны бәрібір жасамас едім. Өкіметке өз еркіммен берілуге бет алған болатынмын.

— Онда парашютті, рацияны орманға көмудің қанша қажеті бар еді? Жасырынбақ ойнағыңыз келе ме? Одан түк шықпайды?

Күзетші Якупов-Наматхановты алып кеткенде:

— Жолдас лейтенант, сіз постарды тексердіңіз бе? Абай болсын, өткен-кеткен көлік, адам тексерусіз қалмасын. Ұқтыңыз ба?— деп Бөгенбаев өзінің тапсырмасын қайталап, Бақытжанға тағы ескертті.

4

Айдалада елсіз қара жолмен машина зымырап келеді. Кабинаның ішінде екеу отыр. Шофердің қасындағы бұжыр бет семіз қазақ мойнын ішіне тығып ұйқыға кеткен. Шофер серігіне жымия қарап, басын шайқады:

— Қызық дәурен сенікі-ау, Жүке! Уайым жоқ, қайғы жоқ, істеп жатқан жұмысың тағы жоқ. Құдайдың еркесісің.

Семіз қазақ жауап орнына қор ете қалды. Машинаның жүрісі бұлтаң, доңғалақтары ауытқып, кемерге соғады да қайта жолға түседі. Серігі жауап қатпаған соң, зерікті ме, шофер ысқырып ән сала бастады.

Алыстан жол тосып тұрған екеуді көріп берекесі қаша бастады. Екеуі де қызыл шүберек байлап алған. Қасындағы Жүндібайды түйгіштеп оятты:

— Ойбай, Жүке, құрыдық. Ішпейін десем қоймап едіңіз. Енді қайттік.

Жүндібай Сатпақов көзін жыпылықтатып ашты.

— Ой, немене? Не боп қалды?

— Өздері инспектор ма деймін. Байқап қараңызшы.

Жүндібай мойнын созып, әрі-бері қарады.

— Мен кісі танысам, осылар ақша тапқысы келген кулардың нақ өзі. Қорықпа, бала, ұйқы алдында ішкен арақтың иісі шықпайды. Бұларды маған жібер, әкесін танытайын!— Сатпақов түзеліп, қодырайып отырды.

— Ағатай, бұлардың ашуына тие көрме!

— Сен бала, мені кім деп ойлайсың. Мына ағаң кара жаяу, кара бақыр емес. Бұл өңірде Сатпақовтың барын біліп қойсын. Әйтпесе өздерінің басынып кететін әдеті бар.

Машина қызыл жалау көтерген екі кісінің жанынан өтіп барып тоқтады. Бақытжан Алтаев машинаның табалдырығына көтеріліп, алдымен өзінің куәлігін көрсетті.

— Документтеріңізді көрсетуге рұқсат етіңіздер!

— Мен де ме?— Сатпақовтың көзі шарасынан шықты.

— Ия.

Шофер ақталып жатыр:

— Ағай, бұларыңыз не? Құдайдың ен даласымен келе жатырмыз. Көше тәртібін бұзғанымыз жоқ.

— Жолдама қағазға неге белгі соғылмаған?

— Ағай, аудан іші болған соң, путевканы барған жерде өзіміз толтыра саламыз.— Шофер бала бірдеңе десеңші дегендей Сатпақовты шынтағымен түрткіштейді. Сатпақов қипақтап:

— Шырақ, мені шынымен танымай тұрсыз ба? Мен аупотребсоюздың сатушысы Сатпақовпын ғой. Иә, кәдімгі Жүндібаймын!— Саусақтары дірілдеп, қалтасына қол жүгіртті.

— Машинадағы не?

— Қойшылардың кант-шайы ғой.

Бақытжан машинаның үстіне шығып, қарап шықты да, жерге қайта секіріп түсті.

— Сіздер жол-жөнекей жалғыз дара жүрген кісі көрген жоқсыздар ма?

Сатпақов көзінің күйрығымен шофер балаға қарады. Өзіне кадалған көзден тайқып:

— Жоқ, біз дәнене көрмедік!— деді.

— Сіз есіңізді жинап, айыққаныңыз жөн.

— Мен бе? Иә, солай... айыққан жөн. Дұрыс айтасыз.

Машина тергеу постан өтіп, біраз жер жүргенде Сатпаков қозғалақтап жөтелді.

— Бала, ағанның қасында жүрсен қор болмайсың!— деді.

5

“Алға” колхозының орталығы “Құшай” селосы Ешкіөлместің баурайына орналасқан. Қызыл қышпен жабылған жаңа үйлердің көбі беткей жақта, етектегі — ескі тамдар. Жердің көгі мол. Жалпақ сазды өрнектеп өзен ағып жатыр. Суы тұнық, табанындағы малта тас көрінеді. Қолдағы малдар өзенді жағалап, бытырап жайылып жүр.

Черноносков пиджагын иығына желбегей жамылып, жай демалған кісідей өзен жағасына отырды. Өзен суы тұнық. Анда-санда суға тас лақтырып, қаймақ жалатады.

Қалампыр әрі-бері шүкшия қарап:

— Қай баласың, танымадым ғой?— деді.

— Ауданнан жүрмін, шеше! Жұрттың тері-терсектерін жөндеп берссің деп жіберген еді. Жолда машинасы құрғыр кирап, жаяулап келем.

— Анау қисық мұрын Пәшкенің баласы емессің бе?

Черноносков жымыды.

— Таныдыңыз ба?

Қалампырдың Пәшке деп отырғаны ауданның ұстасы Павел Орманшы шалдың үй ішімен жегжаттығы бар кісі.

— Әнеүгүні әкең ауылға келгенде біздің үйден түстік жеп кеткен. Өзі біздің шалмен құрдас қой. Пәшке-ау, мұрның неге қисық десем, өйтпесем ұста болам ба деп, антұрған неме сылқ-сылқ күледі. Қалай, әкең аман ба?

— Құдайға шүкір, жүріп жатыр.

— Аман болсын!

Черноносков абайлап сұрады:

— Ақсақал қалай? Денсаулығы мықты ма?

— Шал орманда, күзетінде ғой. Құдайға шүкір, әлі тың. Мен мұндағы балаларды сағынған соң келіп едім.— Қалампыр Черноносковтың бас-аяғына үңіліп:— Әлгі Пәшке “балам бар, басқа қалада тұрады, менен де іскер, орын-басарым” деп отыр еді. Сол баласы сен екенсің ғой,— деді.

— Иә, шеше, Павелдің тұңғышымын.

— Шаруа басын карауға жарап қапсың. Өзің плитка жөндей аласың ба?

— Неге жөндемейін. Кәсібіміз ғой.

— Құдай тілеуінді берсін, шай іше алмай әбден қор боп отыр едік.

Жотасы еңкіштеу кесек сары жігіт иығындағы екі шелек суды бұйым көрмей, жортақтай жөнелді.

Бұл кезде село шетінен машина көрінді. Черноносков түсі қашып сұрланып кетті. Басын бұғып, жүзін көрсетпей:

— Шеше, қайсы үй еді? Анау көк қақпалы үй ме? Мен бара берейін, иығымды киып барады,— деді.

Черноносков шапшаң басып, қақпа ішіне зып беріп кіріп кетті. Шелекті қойып қақпаның саңылауынан сығалап қарады. ГАЗ-69 машинасы келесі көшенің бойымен бұрылып өтіп бара жатты.

Асылбаев ерінің артқы айылын тартып, жайлауға жүргелі тұрған. Ауылдық Советтің кеңсесіне туралап келе жатқан машинаны көрді де, кідірді. Машинаны капитан Сарбасовтың өзі айдап келе жатқан.

Асылбаев машинадан түсіп жатқандарға қарсы жүрді. Қысқа айтылған амандықтан соң Бөгенбаев:

— Сәке, шұғыл шаруамен келе жатырмыз. Телефонмен байланыса алмадық.

— Кешегі жауынды түндері қатты дауыл тұрып еді, линияны бұзып кетсе керек. Ауданмен де сөйлесе алмай отырмыз,— деп Асылбаев телефонның жұмыс істемей қалған себебін түсіндірді.

— Ауылдағы бар активтерді, депутаттарды шапшаң жинаңыз. Қажет болса мына машинаны пайдаланыңыз.

Аздан соң кеңсеге ауыл активтері жинала бастады.

6

Ауылдың іші күбір-күбір әңгіме. Үш-төрт кемпір шүйіркелесіп тұр. Бұларға кимешегінің жағын түріп, Қалампыр да қосылды. Кемпірдің бірі:

— Қалампыр-ау, не білгенің бар?— деді.

Қалампыр танданды.

— Не білуші едім, жарықтық.

— Жә, пәлсінбей естігенінді ортаға сал. Біз де тыңдалық. Балаң Советтің хатшысы боп тұрып, сенің білмей қалғаның.

— Бүгін Бекенжан түсте тамаққа келмеді. Жұмысы боп қалды ма, білмеймін. Естісем құлағым тас керең болсын!

Кемпірдің бірі ерінін сылп еткізді:

— Мына байғұс шынымен дым білмейді екен, — деп біреу естіп қоятындай сыбырлап сөйледі. — Сарықойшыда әлгінде жиналыс бопты. Дұшпан бізге ышпионын жіберіпті.

Қалампыр шошып кетті.

— Қойшы-ей, пышпион деген не бәле?!

— Ышпион де! — Кәрі әже білгіштік көрсетті.

— Онысы қандай болады екен?

— Оны ит біле ме? Өзі іші-бауырына кіріп, қазан-ошағына араласып кетеді дейді ғой.

— Қойшы! — Қалампыр шегіншектеп, үйіне қарай жүгіре басып жөнелді.

Кәрі әже ерінін сылп еткізді:

— Мына шіркінге не болған?

Қалампыр үйіне келгенде жиналып жатқан баласын көрді. Екі көзінен жас мөлт-мөлт ағады.

— Бекенжан, не болды?

— Апа, жиналыңыз, қалаға барамыз. Әкем ауруханада жатыр.

— Не деп тұрсың, жаным-ау! Өзі тірі ме? Аман ба?

— Жаңа ауданнан кісілер келді. Солар айтты! — Бекен көзінің жасын сығып алды.

Қалампыр орамалын ала салып, тысқа жүгіре шықты. Сәлден соң қайта кіріп көк сандықты ақтара бастады. Қаттап жиналған киімдердің бірін алып, бірін салды. Өзінде өң-түс жоқ. Шалының құндызбен жиектеген кеудешесін қолына ұстап:

— Жүр, балам, шапшаң кетейік! — деді.

ГАЗ-69 машинасы ауылдан ұзап, шығысқа қарай зымырап бара жатты. Қалампырға машинаның жүрісі тым баяу көрінді.

* * *

Ешкіөлместен өткенде жайлауға баратын кара жолдың батыс жағы терең сай да, іші ит мұрыны өтпейтін қалың жыныс. Бұл жерді “Перісокқан” деп атайды.

Перісокқанның бойымен біреу сүрініп-қабынып, жүгіріп келеді. Қуғыншы жоғын байқап демін басты. Сай жиегіне шығып, жолға жақындау отырды.

Бұл Чернонос еді. Ол ылдидан көтерілген машинаны кеш байқап, не істерін білмей бұта түбіне бұғына қалды. Пистолетін оқтап тістеніп жатыр. Келе жатқан үстін

брезентпен қораптап жапқан жүк машина екен. Арты ашық. Кабинада екі кісі, шофердің қасында біреу отыр. Таудағы малшыларға азық-түлік алып бара жатқан Сатпақов қой бұл Тауда ашына келіншегі бар. Сол ойына түсіп, жүрегі лүпілдеп, қуанып ыңылдап ән салып келе жатқан. Бір кезде рульге жармасып:

— Ей, бала, безілдете бермей токтасаң қайтеді. Кішкене жүрек жалғап алалық. Аузымыз қара суға толып кетті,— деді.

— Ағай, мына Перісоққаннан өтелік, жазым боп жүреміз!— деп еді шофер, Сатпақов бой бермеді.

— Арақ жүрген жерде сайтан жүрмейді. Қорықпа, бала. Енді алдымыз кең жайлау. Бұл тұста бізді тексеретін құдай жоқ,— деді.

Жәміш машинаны жолдан шығарып, көк шалғынның ортасына қойды. Жерге брезент жайып, дастарқан жасады. Кеспелтек шұжық, білем-білем құйрықтар, тұздалған көк қияр кесек-кесек туралып, дастарқанға үйіліп жатыр. Жәміш машинаның қорабына көтеріліп, жәшіктен бір бөтелке коньяк әкеп қойып еді. Сатпақов жақтырмады:

— Әй, бала, мына сасық бәлсенді тарт, анау ақаңның өзін әкел!— деді. Жәміш арақты әкеп қойғанда:— Сырын білмейтін бәлеге әуестеніп қайтесің? Онан да өзімізге үйреншікті кәрі серік жақсы,— деп бөтелкенің түбінен бір ұрып, тығынын ытқытып жіберді де, қырлы стақанға арақты белдеулетіп құйып, қылқ-қылқ жұтты. Қиярдан бір тістеп, құйрықтан аузын толтыра асап жіберді.

Черноносов тамсанып көз алмай жатыр. Қаннен-қаперсіз айдалада рақат тауып отырған екеуді табанда жайратып салып, тамаққа тойып алып машинаны айдап кетпек болды да, бұл ойынан тез айныды. Абайсызда кемпірге жолығып, одан құтылғаны жетер. Тағы із қалдырып қайтеді? Бір-екі күн аштыққа өлмес...

Сатпақовтың екі ұрты бүлкілдеп тыным таппайды. Дәу жамбастың етін кесек-кесегімен аузына тығып, сүйегін лезде жалаңаштады.

Арақ ішіп, етке тойып алған Сатпақов былайырақ барып, теріс қарап ыңғайлана бергенде, бұта арасынан қалтақтаған басты көрді. Бұл не бәле, сайтан ба, пері ме? Көзі шарасынан шығып шегіншектей берді.

— Ойбай, бала, машинаны тез от алдыр! Кетеміз!

Жәміш астыға төсеген брезентті қағып жатқан Шалбарына оралып, кабинада отыра алмай әлектенген Сатпақовты көріп күлді:

— Жүке, бұ не? Жайлауға шешініп барайын дедіңіз бе?

— Мелшмей, машинаны жүргіз, неғып тұрсың!

Машина бұралаңдап жолға түскенде Черноносков қорапқа жармасып, қарғып мінді. Тысырды есітті ме, әлде қорықты ма, Сатпақов бұрылып артына қарады.

— Е-е, жасаған ием, өзің сақтай көр. Ақ жолыңа ақсарыбас!— деп күбірледі.

Жәміш үкпады.

— Жүке, бірдеме дедіңіз бе?

— Ей, сен де мылжың екенсің, қақсамай машинанды тез айда. Перісоққан жын-сайтанның ұясы деуші еді. Осы жерден аман кетсек... О, алла-тағала...

Жәміш қылжак етті:

— Жүке, көзіңізге бірдеңе көрінді ме? Жын-шайтан дегендерің біздің ауылдағы таз инспектор секілді, машинаны тоқтатып қоятын мықты ма?

Сатпақов күйіп кетті:

— Ей, сен бала, оттамай отыр!

7

Майор Бөгенбаев шекараға барып қайтқан сапар жайын генералға түгел баяндады. Бұл уақыттың ішінде Якупов-Наматхановтан бірнеше рет жауап алынды.

Ауа райы бұзылып тұрса да, арнаулы қондырғылар самолеттің өткенін білмей қоймайды. Ұшқан бағыты бақылауға алынады. Осы жағдайды біле тұрып, дұшпанның ашық әрекет жасауы қалай? Соншама уақыт шығынданып, даярлаған жансызын оп-оңай қолға бере қойғаны несі? Әлде мұнысы көз бояу ма? Олай десе, негізгі көздеген мақсаты не? Майор Бөгенбаевтың хабарын тыңдағаннан кейін, генералмен арадағы әңгіме осы жайлы еді. Байтоқов орнынан тұрып, столды айналып өтіп, майордың қасындағы креслоға келіп отырды. Ол елеусіз саналған нәрсенің өзін білгісі кеп, тәптіштеп сұрады.

— Оқтың тек біреуі жетпейді. Сонда пистолеттен бір ғана оқ атылған секілді. Ал сарапшылар ұңғыдан екі оқ шыққан дейді. Солай ма?

— Ұңғыда тұрып қалған тозаң соны көрсетеді.

— Бәлкім, пистолет бұрын тазартылған шығар.

— Якуповқа пистолетті ұшар алдында берген және өзін бір-ақ рет атқызып көрсеткен.

— Пайдаланатын қаруын әбден сынап алмағаны қалай?

— Самолетке асықтырыпты.

— Көңілге қонбайтын секілді.— Генерал Байтоқов орнынан тұрды. Кабинет ішінде әрі-бері жүрді. Қайтадан креслоға отырды. Осы сәт тынымсыз ой үстінде еді. Ол майор Бөгенбаевқа тура қарап:— Жау өзінің агентін самолеттен ашықтан-ашық парашютпен тастаған. Оның бұл тәсілін қалай ұғасыз?— деді.

— Сәті түсіп өтіп кетер деген шығар.

— Кездейсоқ сәттілікті көздеді дейсіз бе? Мен олай ойламаймын. Мұнда астыртын сыр бар. Бізді Якупов-Наматхановпен алдандырып қойып, басқа жақтан елеусіз тиіспек пе деймін. Дұшпан самолеті әуеде жанып кетпей, бүтіндей қолға түскенде, бұл сұраққа аз-кем жауап алар едік.

Майор Бөгенбаев генералдың ойын ұқты. Өзі де сондай жорамал құрып, орман маңына, соқпақ жолдарға күзет қойғызған еді. Ауданға баратын кісі пойызбен жүрмей, жаяулатса Ешкіөлместі аспай кете алмайды. Соңғы күндері бұл маңнан ондай күдік байқалмады. Дұшпанмен бетпе-бет кездескен адам — орманшы шал Мырзаш. Ауру есін жимаған. Самолеттен біреу емес, екі адам түсірілген дейін десе, шал жараланған тұста қалған көмескі іздер бір адамдікі екенін байқатады. Іздердің көлемі, жерге түскен таңбасы бірдей.

Генерал Байтоқов Бөгенбаевтың қазіргі сәттегі ойын жатқа білгендей:

— Екі адам бірдей аяқ киім киюі мүмкін ғой, — деді де, қабырғаға ілінген карта алдына келді.— Біреуі, айталық, мына тұстағы былқылдақ жылымды жағалап, орманның екінші тұсынан шықты делік. Кейбір жайды шамамен анықтауға болады. Тергеуді кім жүргізіп жатыр?

— Аға тергеуші подполковник Лесечко.

— Тағы кім?

— Капитан Майлыбаев көмекші ретінде іске қатысып жүр.

— Милициядан келген жігіт пе?

— Иә, соның өзі.

Подполковник Лесечко мен Талғат кезекпе-кезек жауап алып жатқан. Якупов-Наматханов қайткенмен де жан сақтаудың қамын жасады. Білгенін бүкпей, жасырмай айтуға тырысты. Ар жаққа өткен бетте американдықтармен онай келіседі.

Сегізінші күні Совет өкіметіне қарсы американ разведкасында жұмыс істеу үшін тілхат береді. Шпиондық курсті Мюнхенде өтеді. Шефі батыстың “ләззатты” өмірін көрсетеді.

Генерал Байтоқов пен майор Бөгенбаев тергеушінің кабинетіне кіргенде Якупов-Наматханов өзінің осы жауаптарын қайталап жатқан.

Генерал Байтоқов Якупов-Наматхановтың берген жауаптарының аңғарын байқап, келген сәтте сөзін бөлді.

— Қайталаған сөздің қадірі жоқ, бұл айтқандарыңыздың бәрі белгілі жайлар. Қорғаныс маңызы бар құпия деректерді жинап алдыңыз делік. Оны өзіңізде сақтағанда ешқандай құны болмайтыны белгілі. Солай ма?

Якупов-Наматханов көзі жыпылықтап, басын изеді.

— Онда бұл мәліметтерді кім арқылы бермек болдыңыз?

— Азамат бастық мен ешқандай құпия материал жинағаным жоқ. Құдай ақы... Өз білгенімді түгел айттым.

— Жинаған құпия мәліметтерді кімге табыс етпек едіңіз?

— Маған кісі келуге тиіс.

— Қашан?

— Берілген маршруты бойынша қорғаныс заводтары жайында деректер жинап алғаннан кейін ар жаққа хабарлауға тиісті едім. Олар кіммен жолығатынымды айтатын болған.

— Сізбен жолығатын кісі ар жақтан келе ме, әлде осында тұра ма?

— Ол арасын білмедім.

— Қай жерде жолықпақшы едіңіздер?

— Қаланың Орталық паркі деп белгіленген.

— Кездесудің шартты белгілерін айтыңыз.

— Паркке батыс жақтан кіретін жолмен елу қадам жүргеннен кейін жолығатын адам сол жаққа қарайды. Мен осы тұстағы орындықтардың бірінде газетті түгел жайып жіберіп оқыған болып отырам. Сол жағымда журнал жатады. Маған келетін кісінің де сол жақ қолтығында қысып алған журналы болады. Ол менің тұсымнан өте беріп, сигаретін тұтатады. Екі рет шырпы жағады. Сіріңке тұтанбайды. Ол бос қорапты лақтырып жіберсді де, менің қасыма келіп: “Сіріңкеніз бар ма?”— дейді. “Темекі тартатын кісінің қалтасында оттығы болуға тиіс”,— деп сіріңке ұсынам. “Магазин жабық боп ала алмадым”,— дегенде: “Біздің қасымыздағы дүкен әрдайым ашық”,— деуім керек. Жолығысудың шартты белгісі осы. Мен берген сіріңкені ұмытқан боп қалтасына салады да, басқа сіріңкемен ауыстырып береді. Менің алдағы уақытта не

істейтінім туралы сірінке ішіне салған нұсқауда айтылуға тиіс. Мен сейсенбі күндері күндізгі сағат бір мен екінің арасында тоспақ болғам.

— Ол адаммен қай мезгілде жолығу көзделді?

— Маған тапсырма берген кезде мұнда орналаса қоюдың қиындығы ескерілді. Маршрут бойынша жол жүрісі, мәлімет жинаудың оңай емес екені есепке алынды. Шамамен жеті-сегіз айдан соң деп белгіленді.

Генерал Байтоқовты жолығысудың мұндай ұзақ мерзімі тандандырмаған сияқты. Ол қайтадан сұрады:

— Жеті-сегіз ай дейсіз бе?

— Иә.

— Солай де!— Генерал Байтоқов Бөгенбаевқа қарады.— Байқайсыз ба, шефі асықпайды, жеті-сегіз ай бойы күтеді. Сірә, өзі құрған торға өзінің шатылатынын білмеген.

— Азамат бастық, менің шыбын жанымды қиыңыз. Құдай ақы, бәрін айттым.

Бір сағаттан кейін майор Бөгенбаев бастаған оперативтік топ Т. қаласына жүріп кетті. Оның ішінде Талғат Майлыбаев пен Бақытжан Алтаев та бар еді.

8

Көкжиек бұлыңғыр тартып, сағымданып тұр. Жиектен шуатылған көк түтін, сонан соң жолаушы пойызы көрінді. Вагон сәл кідіріс жасаған сәтте бір жас жігіт өзін ұстай алмай, ұйықтап жатқан шұбар қазақтың үстіне тәлтіректеп барып құлады.

— Астапыралла, бұл не?— деп, ұшып тұрып, жан-жағына алақтап қарады. Жерге түскен кепкасын ала алмай жатқан жігітке үңіле қарап:

— Бәтір-ау, кісінің соншама зәресін алғаның не? Кісі ішпей жүрсе, аштан өле ме, осы!

— Кеш-шір-іңіз, ағ-ғғай!— Талғат тілі күрмелген кісі боп әрең тіл қатты. Вагонда келе жатқандардың көбі Т. қаласының тұрғындары еді. Елден жырақ кеткен, алыс ауданда істейтін қызметкер ағайыны Еңбек Ері атағын алып, соның тойын жасасып, қайтып келе жатқан беті. Талғат осы қалада біраз уақыт тұрып, жұмыс істейтін болғандықтан оның жолаушылап жүрген тұрғындарымен осылай танысуды жөн көрген. Ол өзіне бажырая қараған шұбар қазаққа:

— Кеш-шіріңіз, құдай ақы кінәлі мен емеспін. Поезд шайқалмаса, мен құламаған болар едім. Бәріне кінәлі кочегар. Ол мұнда кісі құлап қалады деп ойламайды. Сіздің ашуланатыныңызды білмеген.

Үстінгі полкада жатқан қыз сықылықтап күлді.

— Кочегар дегеніңіз не? Ең болмаса машинист десеңізші. Кочегар деп от жағатын кісіні айтады. О байғұстың айыбы жоқ.

Талғат төбесіне қарады:

— Қарындас, оты болмаса ол қалай айдайды?

Қыз қызарып, газетпен бетін басты.

— Жігітім, сен өзің ептеп жұтып алған екенсің. Орнына бар да жат, жұрттың мазасын алма!— деді шұбар қазақ.

— Сіз ептеп дейсіз бе? Оныңыз бекер, мен кәдуелгідей мықтап тұрып іштім. Ие, солай.— Жігіт ықылық атып теңселе сөйледі.

Карта ойнап отырған кісілердің бірі шұбар қазақты жақтап сөзге араласты.

— Мұнша ішпесең өлесің бе? Жас басыңнан ненің күйігі алып барады?

— Бұл жігітте нелеріңіз бар? Ішсе, аздап ішкен шығар. Сөйлеп, өршіте беріп қайтесіндер!— деп бала ұстаған жас келіншек ақ көңілмен арашаға түсті. Талғат келіншектің сөзін естімегендей, карта ойнаған кісінің қасына тәлтіректей басып барып:

— Ненің күйігі дейсіз бе? Әрине, сіз ұқпайсыз. Бәлкім, махаббаттың не екенін ұмытқан боларсыз. Ие, солай! Ғашықтық күйігі оттан жаман, шыдамайсың. Райханды көрсен бәрін ұмытып кетер едіңіз. Өзі де әдемі гүл секілді... Солай, бауырым. Ол мені менсінбейді. Неге күлесіз? Мені мазақтағыңыз келе ме? Қайғысыз адамға дүние қызық екенін білсмін.

Пойыз үлкен станцияның бірінен өткенде карта ойнап отырған кісі далаға шығып кетіп, жұртқа естіртіп жаңалық айтты:

— Көрші вагонда бірсудің чемоданын ұрлап кетіпті.

— Қашан алыпты? Күндіз бе?

Шұбар қазақ орнынан атып тұрды:

— Ұрыны ұстап па екен?— деп пиджагының ішкі қалталарын жалма-жан түймелей бастады.— Шаңқай түсте кісі тонады деген не сұмдық!

Ұрының кім екенін сұрастыра келгенде, Талғатпен ресторанда бірге отырып, арақ ішкен жігіт боп шықты. Шұбар казак Талғатты жұлқылап, түйгіштеп оятты. Алматыдан шыққалы бері Талғат жөнді ұйықтай алмаған. Жаудың агенті жалғыз Якупов-Наматханов қана емес, екеу деген күнде, қайда бет алуы мүмкін деген жорамал жасалып соның маршрутымен Бақытжан Алтаев екеуі екі бағытпен кетті де, Т. қаласында табыспақ болды. Онда майор Бөгенбаев күтіп алмақ. Талғат пойыздан пойызға ауысып мінем деп жүріп әбден қалжыраған еді. Басы жастыққа тиісімен ұйықтап кеткен. Көзін ашқанда:

— Мына күшіктің жолдасы ма? Ұрының қайда екенін шапшаң тауып берсін. Ей, тұр деймін саған. Ит неменің бақыраюын қарашы,— деп, қарулы қол омырауынан бүріп ұстап тік көтерді.

Талғат ұқпады.

— Қандай ұры?

— Қарай гөр, өзі білмегенсиді?— Шұбар казак қасында үймелеп тұрған кісілерге қарады. Талғаттың омырауынан ұстап сілкіп:— Ұры қайда? Тап қазір!

— Тарт қолыңызды!— деп Талғат шұбар казакты ала көзімен атып жібере жаздады. Омырауының түймесін салып, түзсіліп отырды.— Чемодан ұрлаған кісі менің жолдасым десеңіз, ол мына сіздің де серігіңіз!

— Менің бе?— Шұбар казак шошып, шегіншектей түсті.

— Алдымен ол жігіт сіздің қасыңызда отырды. Сіз оны неге білмейсіз? Менің қасымда отырса, сіздің жақын ініңіз екен дедім.

— Ей, жігіт, сен бәленді жаппа!

— Онда ұрыны маған қалай таңасыз?

Карташы кісі Талғаттың сөзін құптады:

— Біреуді бекер күйдірмейік. Осы жігіттің айтқаны жөн. Ол бәріміздің қасымызда отырды. Ұры екенін қайдан білейік...

Түн. Пойыз әлі жүріп келеді. Аспан төрі бозғылттау. Шығыс жақ жиекте болымсыз қызғылттау нұр бар. Мезгіл таңның атып келе жатқанын білдіріп тұр. Вагон іші жымжырт. Жұрт қалың ұйқыда. Черноносков ұйықтамаған. Ойда жоқта өзен жағасында казак кемпіріне кезігіп қалғанына

іштей күйініп, құса боп келеді. Чекистерге кемпірдің айтуы бойынша түр-түсін келтіріп, портретін жасап шығу қиын емес. Онда ол сол күннен бастап олардың бақылауына іліккен. Нысанаға жетпей оп-оңай торға түсті деген сөз. Ал егер чекистер ізіне әлі түсіп үлгермесе қайтеді? Онда бет-аузын мүлдем өзгертетін қаракет жасау керек. Мұндағы дәрігерлер ақшамен пластикалық операция жасамайды. Олай ұсыныс жасаудың өзі қауіпті. Сонда не істей алады. Ар жақтан түскен кезде ол бұл жайында ойламаған еді. Шұғыл тапсырмамен жібере қоятынын да білмеді. Барлығы Черноносостың өзінің ақымақтығынан болды. Қазақ тілін білем деп қайдан мақтана қойды десеңші. Барлау мектебінде Орта Азия мен Қазақстан жөнінен маман саналатын. Осы қырсықтың бәрі шефтің сабаққа ойда жоқта қатысуынан болды. Тыңдаушыларға қазақтың әдет-ғұрпын, дәстүрін түсіндіріп жатқанды. Шеф:

— Скотников мырза, сіз Азия халқының қай тілін түсіне аласыз?—дегенде, мақтау естігісі келген Черноносост:

— Өзбекпен ұғысып, қазақпен тілдесе аламын!— деді.

— Бұл біздің жағдайда кездесе бермейтін қасиет. Мен сіздің бұл ерекшелігіңізді жоғары бағалаймын.— Ол барлау мектебі бастығының орынбасарына қарап:— Сирек мамандығы бар мұндай кісілерді әрдайым көтермелеп отырған жөн. Сіз менің бұл пікіріме қосылатын шығарсыз,— деді.

— Дәл солай, полковник мырза. Скотников бізде ерекше есепте тұр,— деп қырыс қабақ қырсық майор өзін көтеріп тастады. Черноносостың төбесі екі елі көкке жетпей қалды. Шефі Черноносостың күйін байқап:

— Сабақ соңында маған кіріп шығыңыз!— деді.

Черноносост сабақтың бітуін асыға күтті. Шефі бүгін ерекше қабылдау жасап, қошемет көрсетеді деп ұқты. Тәуір костюмін киді. Өзінен сасық тер иісі шығып тұратын. Қасына отыра қалғанда шеф жирене ме деп әтірмен қолы-басын сүртті. Шеф өзінің үлкен бөлмесінде қалай қабылдайтынын көз алдына елестетіп келе жатқан. Кабинетке кіргенде не істерін білмей босағада состиып тұрып қалды. Кабинет іші қараңғы. Бәрі киножурнал ма, бірдемені көріп отыр. Қылтиған бастар экранға қадалып қалған. Черноносост алғашқы кезде не көрсетіп жатқанын жөнді ұға алмады. Бір кезде экраннан өзін көрді. Үстінде судай жаңа СС формасы. Жар басында жағалай тізіліп тұрған адамдардың алдынан өтіп, әрбір бесіншісін атып жүр. Айызын қандырып, жақыннан атады.

“Керек болса, мені бауызда, өлтір! Тіпті пісіріп же!.. Баламның не жазығы бар?” — деп шашы жалбыраған жас ана алақанын оққа тосып, сәбиін қорғаштап Черноносовқа таптап береді. Черноносов ыржиып, суық күліп тұр. Пистолетін тура сәбиге кезейді. Торсықтай шекесінен қан саулап ағады...

Черноносов тықырши бастады. Артында тұрған біреу екі иығынан басып, жаншып отырғызды. Оны елеген жоқ. Ол бұдан он бес-он алты жыл бұрын өткен оқиғаны не үшін көрсетіп жатқанын ойлады. Көңілі қобалжиды. Аздан соң: “Шеф мені жете білмейді. Совет өкіметін жек көретінімді өз көзіммен көріп, жоғарылатқысы келген шығар”, — деп үміттенді. Черноносовтың 42-45 жылдардағы қанды жорығы бастан-аяқ көрсетіліп жатыр. Бүкіл деревняны өрт шалған. Жалаң аяқ, жалаң бас қашқан панасыз адамдар оққа ұшуда...

Шефтің дауысы естілді:

— Жетеді, болды!

Бөлме ішіне шам жағылды. Шеф төрде, жұмсақ креслода отыр. Қара көзілдірігін түзеп орындығымен қоса айналып, Черноносовқа бұрылды.

— Сіздің өмір тарихыңызды шолған адам сүйсініп, қызғанышпен қарар еді. Мен өзім тәнтімін. Әркім бұлай тіршілік кешсе өмір зая өтпеген деп мақтан ете алады.— Шеф тартпадан бір топ суретті алып Черноносовқа ұсынды.— Бүгін сізді ақылдасайын деп әдейі шақырдым. Андағы суреттерге анықтап қараңызшы.

Черноносов суреттерді талдап, анықтап қарай бастады. Суреттер бір-біріне ұқсас. Бірінде үш самолет жанса, екінші біреуінде алты самолет қатарынан жанған. Фотоның өн бойына ақ жолақ сызық өтеді. Сызықтың ұшы ұшқыр. Суреттер аса биіктен түсірілгенге ұқсайды. Бейнелер анық көрінгенмен, тым ұсақ.

Черноносовтан көз алмай қарап отырған шеф:

— Кәне, не байқадыңыз?— деді.

— Бір мезгілде өртенген самолеттерді көріп тұрмын.

— Ол самолеттер немен атып түсірілген?

— Байқауымша, снарядпен атқан секілді. Бірақ...

— Дәл таптыңыз, Скотников мырза,— деп шеф ризалық білдіріп, басын изеді.— Бұл суреттер спутник арқылы түсіріп алынды. Қолыңыздағы бақылау ретінде алынған соңғы сурет. Осы суреттің төменгі жағына зер салыңызшы. Жерде лапылдаған от бір-ақ жерден шыққан. Басқа жалын байқалмайды.

— Сонда әуедегі самолеттің алтауын да бір снарядпен атып түсіргені ме?

— Скотников мырза, сіз өте зерек адамсыз. Мен қуанып отырмын. Суретке сенсең солай болып шығады. Сіздің күдігіңізді сезіп отырмын. Снаряд самолетке жоламай, қас ортамен кеткен. Мына ақ жолақ сызық соны көрсетеді. Меніңше, бұл снаряд емес, снарядты тасушы негізгі блок. Жол-жөнекей самолет кезіксе, сол негізгі тасушы блоктан снаряд бөлініп шығады да нысананы жояды. Суретте үш және алты самолетті жойғаны түсірілген. Бәлкім, алтау емес, он-он бес самолетті бірден атып түсіруге болатын шығар. Оны біз білмейміз. Біз қайткенмен де бұл қарудың құпиясын білуіміз керек.

— Мен сізді түсіндім, полковник мырза.

— Спутниктен берілген координатты есептегенде тағы да Қазақстан деп аталатын жерде боп шықты. Шамамен мына тұста,— деп полковник картадан Т. қаласын көрсетті.— Бізге сол елдің әдет-ғұрпын білетін кісі керек. Шәкірттеріңіздің ішінде ыңғайлы адам бар ма?

Скотников күмілжіп қалды.

— Тапсырма күрделі әрі кешеуілдеуді көтермейді. Бірақ...— полковник саусағын шошайтты.— Барған кісі өкінбейді. Дүниедегі ең бай адам боп шыға келеді. Біз бұл іске ақша аямаймыз.

— Егер рұқсат етсеңіз...

— Черноносков мырза, жақсылап ойланып алыңыз. Ықыласыңыз соқпаса қыстамаймыз. Сіз мұнда да керек адамсыз.

Черноносков соншама мол байлықты уысынан босқа шығарғысы келмеді.

— Мен ойландым, полковник мырза. Жергілікті халықтың тілін білем. Бұл — сапардың сәтті болуына көмектесер деймін.

— Онда жолыңыз болсын. Әзірге тынығып, дем ал Жүріс камын майордың өзі жасайды.

— Сеніміңізге рақмет.

Сөйтіп, Мюнхендегі Американың барлау мектебінің оқытушысы Скотников Черноносков болып шыға келген еді. Егер станция басында Зинаида Рябовамен танысып, көңіл қоспағанда, оның оңай сіңісе қоюы екіталай еді. Қазір ол қарсы полкада пырылдап ұйықтап жатыр. Оған өзін Черноносков Аркадий Антонович деп таныстырды. Жас

қыздың жомарт жігітке ықыласы ауды. Черноносостың қорғаны секілді. Әйткенмен ол қауіп ойлайды. Қалаға жетісімен әлгі амалды қайткенмен іске асыру керек...

Черноносост ұйықтаған болып, көзін жұмды.

10

Талғат Майлыбаев пойыздан түскеннен кейін Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің облыстық басқармасына келді. Онда майор Бөгенбаев күтіп отыр еді. Талғат есіктен кіргенде орнынан тұрып, қолын ұсынып қарсы жүрді:

— Жолдас капитан, халің қалай? Жол қинаған жоқ па? Қане, не жаңалығың бар?— деп, жайдары шыраймен иығынан құшақтап, креслоға әкеп отырғызды.

Талғат Алматыдан шыққанда Бақыжтан Алтаев екеуі екі бағытпен ұшқан-ды. Алтаев Астрахань қаласына кетті де, Талғат Саратовқа бет алды. Якупов-Наматханов жалғыз түспей, қасында серігі болса, бұл мезгілде осы қалаларға жетеді, ары қарай Қазақстан асады деп жорамалдаған. Талғат Ташкент пойызына отырған. А. станциясына жеткенде аялдап, Ташкент пойызын өткізіп жіберді де, шығысқа бет алған басқа жолаушы пойызына отырды. Пойыз үстіндегі өмірдің өзінше ерекшелігі бар. Жұрт бір-бірінен тосырқамайды, лезде танысып, астасып кетеді. Әңгіме, ойын-күлкі бәріне ортақ құпия болмайды. Жол үстінде Талғат оқшауланып, топтан бөлек жүрген, сыйыса алмаған адамды көре алмады. Жұрт таныстарымен, семьяларымен келе жатты. Талғат майордың жаудырған сұрақтарына күліп жауап қатты.

— Шаршауын шаршаған жоқпын-ау, Нәсір Бөгембасвич, бірақ ауыз тұшырлық жаңалығым жоқ. Пойыз үстіндегі сапар бір қалыпты, бір сарынды өтті.

— Шұбар қазақ сізге неменеге тиісіп жүр? Ол не қылған жанжал

Талғат күлді.

— Жолдас майор, мен сізге таңертеңнен бірінші боп келдім бе деп едім. Менен де бұрын жеткен хабаршы бар екен.

Майор Бөгембаев салқын сөйледі:

— Сіз келместен бұрын, жолдағы станцияның милиция бөлімшесімен сөйлескен едім. Қандай жаңалық, оқиғалар бар дегенімде өзіңіз отырған вагондағы әңгімені айтты. Сірә, бөлімшенің қызметкерінің бірі сізбен бірге сол вагонда келе

жатса керек. Ол не қылған ұры? Чемоданның жоғалғаны шын ба?

— Чемодан ұрланған жоқ. Осыған кейбір адамдар қалай қарайды екен деп әдейі бос сөз таратып едік. Әрі ұрыны өзімнің серігімдей көрсеткен едім.

— Сіздің бос сөзіңізге мән бермеді ме?

— Солай болған секілді.— Талғат сәл ойланып:— Мен осы бүлдіріп алған жоқпын ба, жолдас майор?— деді.

— Қайта дұрыс жасадыңыз ба деймін. Осы жердің тұрғындарымен бірге келе жаттыңыз. Олармен әлі талай табысасыз. “Мас адамның” сондай шикілігі болу керек қой. Вагон ішіндегі осы әңгімені естігеннен кейін маған қызық ой келді.

— Қандай?

— Алдымен менің сұрағына жауап бер: көрші болған шұбар казак қайда істейді? Біле алдыңыз ба?

— Осы қаладағы такси автопаркінің директоры көрінеді?

— Қызметі жоғары екен. Аты-жөні кім?

— Фамилиясы — Дауылбаев, аты — Қайрақбай.

Майор Бөгембаев орнынан тұрып терезе алдына барды. Кабинет ішінде әрі-бері жүрді. Креслоның шынтақ қоятын қанатына жамбастай отырып:

— Аудан орталығы Көкталға баратын жол полигонның тұсымен өтеді. Әскери бөлімше қалың құмның ар жағына орналасқан. Жол жақтан байқалмайды. Бірақ ашық аспанда снарядтың нысанаға дәл тиіп жатқанын жасыра алмаймыз. Алыстан айқын көрініп тұрады. Әрбір нысана — самолетке снарядтың қандай күшпен, дәлдікпен тигенін тіркейтін арнаулы аппарат бар. Нысана күйрегенде аппараттың жерге түсетіні ешкімге құпия емес. Мұндай “есеп-көрсеткіштер” Американың самолеттерінде де бар. Құпияның бәрі осы “есеп-көрсеткішінің” ішінде. Осы шағын аппараттың жау қолына түсіп қалмау жағын қарастырғанымыз жөн. Сізге өзімді қызықтырған әлгі ойымды айтайын. Сіз Дауылбаевтың “қарамағына қызметке” көшсеңіз қайтеді? Өзі іше ме?— деді.

— Бауырым ауырады деп шағынып келе жатты. Оқасы жоқ, оның қыбын табармын. Ертең таңертеңгісін барып жолығам,— деп Талғат орнынан тұрды.

Ертеңіне сағат дәл тоғызда кабинеттің алдында күтіп отырды. Жан адам жоқ. Әлден уақытта секретарь әйел келді. Бетінің қызылы болғанымен, дене бітімі ұсқынсыздау екен.

Екі жағына теңселіп жүреді. Талғатты облыстан жүрген тергеуші деді ме, ақтала бастады.

— Кешіріңіз, шофер кұрғыр бүгін де кеш келді.

Директордың машинасы алдымен Ләтипаны жұмысқа әкеп тастап, сонан соң Қайрекеннің өзіне барады екен. Талғат бұл жайды кеше білген. Ләтипаның жерлеп отырғаны сол Қайрақбайдың шофері. Ләтипа Талғаттың бас-аяғына қарап:

— Қайдан келдіңіз?— деді.

— Мен директорға келіп едім. Жұмыс іздеп жүргенім.

— Қайрекен командировкадан кеше келді. Шаршап қайтты. Жұмысқа жай шығады. Өзіңнің мамандығың не? Шофер ме? Бізде ыңғайлы орын жоқ. Жүк машинасына бармасаң, таксидің шоферлері түгел— Ләтипа Қайрекеннің машинасы ғана емес, оның өзі де меншігіне тигендей билеп-төстеп сөйледі.

— Қайрекенді өзіміздің ауылдың кісісі деп естіп, паналап келіп едім,— деп Талғат аянышты түр көрсетті.

Сағат онға тақағанда Дауылбаев келді. Бұрышта отырған Талғатқа бір шекесінен одырая қарады. Сәлемін алған жоқ. Талғат ілесе кірейін деп еді. Ләтипа тоқтатты.

— Отыра тұр. Қазір қабылдамайды. Сенен басқа да жұмысы жетеді,— деп, маңғазданып орнынан тұрды да, директормен бірге кабинетке кірді.

Ләтипа ұзақ отырды. Сықылықтаған күлкісі анық естіледі. Кейде қолын шапалақтап мәз болады. Кабинеттен де күлс шықты.

— Кіріңіз!— деп, столдың үстіне айна қойып, үстін түзеп тарана бастады.

Талғат есіктен кіргенде Дауылбаев ала көзімен сүзе қарап:

— Жұмыс іздеп жүргеніңді айтты маған. Қазір бос орын жоқ,— деді.

— Осында сіз бар деп естіген соң, алыстан арқа сүйеп келіп едім. Жұмыс болмаса қайтем, кетем де.

— Мұнда қайдан жүрсің?

— Біз бір кұрсақтан екеу едік. Әпкем шөмекей руындағы біреуге тұрмысқа шығып, соны жалғызсыратпайын деп барған едім. Сонда жүріп өзім де шөмекейдің бір қызына үйлендім. Біраз жыл колхоз бастығын тасыдым. Сонан соң фермаға ауыстырды. Ақыры жүк машинасын айдауға қойды. Кінәм болмаса да шеттете берді.

— Әйел қалқан боп жарытпайды. Оның тіліне срмеген жөн,— деп коңырау соғып хатшысын шақырды. Ләтипа

кіргенде оған жұмсақ үнмен: — Ләтипа, мына жігіт өзіміздің ауылдың баласы көрінеді. Осыған жұмыс тауып берсек қайтеді?— деді.

— Бізде бос орын жоқ қой.

— Тоқсан бесінші номерлі көк “Волганы” бермейміз бе?

— Машина жаңа, бүлдіріп алып жүрмесе,— деп Ләтипа Талғатқа қарады.— Қай кластағы шоферсің?

Талғат бірінші класын жасырды.

— Екіншіге талаптанып жүрмін.

Директордың орнына Ләтипа сөйледі.

— Арызың бар ма?

— Міне, дайын.

— Қазір бұйрықты аласың. Жұмысқа бүгін кірісуіңе болады.

Екінші күні Талғат көк “Волгамен” жолаушыларды тасуға шықты.

11

Ұзын дәліздің бір бұрышында, есік алдында, кісілер үймелеп тұр. Палатадан шыққандардың халатын алып, кезекпен ішке кіріп жатыр. Бұлар — Мырзаштың көңілін сұрауға келген ағайын, туыстары. Мырзаш ауруханаға жатқалы бері дәрігер оған бөтен адамдардың жолығып тұруына тыйым салған еді.

Майор Бөгембаев дәрігерді шетке шығарып, оңаша сөйлесті. Дәрігер түсінгендей басын изеп:

— Жарайды,— деді де, қасынан ілесіп қалмай жүрген сестраға:— Мына кісіге халат әкеп беріңіз,— деді. Нәсір ақ халатты киіп жатқанда оған да ескертті.— Үш минутқа рұқсат стем. Одан артық сөйлеспеніз. Ауруды кинамаңыз.

Ұста шал ішке кіріп кеткен скен. Майор Бөгембаев оның шығуын күтіп есік алдында тұрды. Харитонов кірген бетте Мырзаштың төсегіне шапшаң басып келіп, кеудесінде бос жатқан тарамыс қолын дәу алақанына салып қысып:

— Құмалақтай қорғасынға дөңбекши қалғаның не? Арғы атаң Жылқыайдар кеудесіне алты қарыс найза сұққанда мыңк стпеген батыр емес пе еді? “Жақсыдан жаман туады” деген осы-ау, ой, жаман жасық неме!— деп, әзілдеп, құрбысының торсықтай маңдайына дүрдиген қызыл ернін тигізді. Дұға қайтарғандай ишарат жасап, бетін сипады.— О, жаратқан, мұныға шүкір!— деп күбірледі.

Мырзаш Харитоновқа күлімдей қарады. Құрдас құрбысының келгеніне қуанып қалған секілді.

— Пәшке, өзіңнің денің сау ма? Үй-ішің аман ба?—
Ентігіп, дауысы қырылдап шықты.

Харитонов Мырзаштың аузына алақанын тақап:

— Сен күйек сақал дымынды шығарма, сен сөйлесең мені қазір қуып жібереді. Мен басқан көріктей пысылдап сөйлей берейін. Сен тыңдай бер. Біз мұнда, құдайға шүкір, түгел аман-есенбіз. Жақында үлкен бала келінмен екеуі келіп кетті.

Шалының құрдасы келгеніне Қалампыр да қуанып қалды. Харитоновтың сөзін жалғап тірілте түсті:

— Пәшкенің үлкен баласы соқталдай азамат екен. Плитка бұзылып қалып, шай іше алмай әбден қор боп отыр едік. Құдай тілеуің бергір әп-сәпте жөндеп бергені бар емес пе?

Харитонов Мырзашпен әзілдесіп ойнай бергенімен Қалампырмен қисық қалжыңы жоқ-ты. “Бұл не айтып тұр?” дегендей танданған пішінмен Бекенге қарады. Ол ернін бұлттып, екі иығын бүлк еткізді. Шешесіне еңкейіп:

— Апа, сен Павел ақсақалдың қай баласын айтып тұрсың?—
деді.

— Иегінде шошайған қызыл сүйелі бар үлкен сары баласын айтам.

— Иегінде сүйелі бар дейсің бе, апа?

Харитонов не айтарын білмей бөгеліп қалды.

“Кемпір екі жұма бойы Мырзашты күтіп ұйықтамай есеңгіреп қалған ғой”,— деп ойлады.

— Бәйбіше, үйде шай дайын. Анаугүні Сатпақовтан он пәшке қорғасын шай алдырғанмын. Соны бұзбай Мырзаш екеуіңе сақтап отырмын.

Мырзаш Қалампырға бұрылды.

— Мен енді тәуірмін. Құдай қаласа, екі-үш күнде тұрып кетермін. Қорықпа, балалардың қасында бол. Өзің де есінді жи,— деді.

Қалампыр шалының бетіне қарсы сөйлеп көрген кісі емес. Ләм демей сөзін құп алды. Майор Бөгембаев ішке кіргенде бұлар бала-шағасымен Харитоновтың үйіне беттеді.

Ұстаның үйі ауруханадан алыс емес-тін. Үйге кіргенде Қалампыр жас құйқаның иісін сезді. Жаңа сойылған кара қойдың терісі далада жаюлы тұр. Дәу тай қазанда бұзбай мүшесімен салынған кесек-кесек еттер бұрқылдап қайнап жатыр. Ауданның ұстасы көңілі жақын ауыл адамдарын

түстік жеп кетуге үйіне шақырған екен. Бір үйін киіз, сырмақ төсеттіріп, шәйі, дүрия көрпе жайдырып қазақша ұстайтын. Аздан соң шақырған қонақтары жиналды. Дастарқан жайылып, қымыз құйылды. Харитонов Қалампырға жақын отырып, кесесін өзі алып беріп қызмет көрсетті. Қонақтар шөлін басқанда Харитонов қозғалақтап, Қалампырға қарай сырышып:

— Бәйбіше, менің үлкен ұлымды көрдім дедіңіз бе? Ол сіздің ауылға қайдан барып жүр?— деп, таңқалған пішінмен сұрады.

Бекен шешесінің қасында бауырына ақ мамық жастық төсеп, шынтақтап жатқан. Ол басын шапшаң көтеріп шешесіне үңіле түсіп:

— Бәсе, апа, оның кім?— деді.

Қалампыр өзен жағасында Черноносковпен қалай кездескенін әңгімелейді.

— Ол біздің Костя болмаса керек еді. Ойпырмай, ол кім болды екен-ә?— Харитонов басын шайқады.— Біздің бала Теміртауда ғой. Сол күні оларды пойызға шығарып салғанмын. Бәйбіше, сіздің көргеніңіз бөтен біреу.

Қалампыр ернін сылп еткізді.

— О шіркіннің мені алдағаны несі?

— Онда ол кім?— Бекен ұста шалға қарады.

— Өзім де қайран қаламын.

Бекен орнынан атып тұрды.

— Қайда барасың, балам?— деген Қалампырдың сұрағына:

— Қазір келсем, апа!— деп есіктен шыға жөнелді.

Сол күні кешке майор Бөгембаев қасына Қалампыр мен Бекенді алып, Т. қаласына ұшып кетті. Сол күні Т. қаласына Алматыдан бір топ сарапшылар, мамандар келді. Қалампырдың айтуымен Черноносковтың “ауызша портреті” жасалды. Жасаған суреттерді Қалампырдың өзіне көрсеткен “Мынауыңыздың маңдайы келмейді, ұрты салбырап кеткен”,— деп жаратпай тастады. Қалампырдың көкірегінде Черноносковтың бет-пішіні сайрап тұр. Соны жеткізіп айта алмайды, тіл жетпейді. “Кәдуілгі көк көз, сары кісі. Иегінің астында шошайған қызыл сүйелі бар”,— дегеннен басқаны білмейді. Қалампыр жай қарындашпен салған суреттерді тани алмаған соң, бояумен салды. Топ суреттерді алдына әкеп қойғанда, соның арасынан біреуін саралап ұзақ қарап:

— Осы біреудің ұсқыны аздап ұқсайды, шүңет көз емес ол, қабағын дүрдитпей дұрыстап салсаңдаршы!— деді.

Талғат бұл күндері қалада жоқ болатын. Автопарктің директорын Көкталға алып кеткен. Т. қаласы мен Көкталдың арасында қатынап тұратын жаңадан такси жолы ашылған еді. “Жаңа трассаны, әрі аудандағы такси тоқтайтын аялдаманы көрем”, — деп Дауылбаев Көкталға кетсе керек. “Жол ұзақ, сенімді машинамен жүрмесек, айдалада қаламыз”, — деп Талғаттың машинасына отырып кетіпті. Бұлар бір жетіден кейін оралды. Талғат автоматтан телефон соққанда:

— Біз қайткенмен де жолығуымыз керек, — деді майор Бөгембаев.

— Қай жерде кездесеміз?

— Машинаңды гаражға қойған жоқсың ба? Онда Держинскийдің бойынан, ескерткіштің тұсынан күтем.

Жиырма минуттан кейін Талғат екеуі машинаның ішінде отырды. Қысқа амандық сөздерден соң, майор Бөгембаев:

— Біз жат адамның портретін таптық, — деп Қалампырдың айтуы бойынша жасалған кісінің суретін ұсынды.

Талғат машинасын жолдың шетіне тоқтатты да, әрі-бері төңкеріп қарап:

— Бұл кімнің суреті? — деді.

— Бұл біз үшін жұмбақ? — деп майор Бөгембаев Қалампырдың әңгімесін бастан-аяқ айтып шықты. — Неге тұрмыз, Талғат? Жүре сөйлесейік. — Маша орнынан қозғалғанда: — Генералдың агент біреу емес, скеу деген жорамалы дәл келді. Алғаш мен бұған ден қоймаған едім. Интуиция — сезу дегеніміз осы екен-ау, — деді.

— Бұл адамды қайдан іздеуге кеңес бересіз?

— Агент қайткенде де өзінің нысанасына жақындауға тырысады. Егер оған “Дала полигонының” жайын білу тапсырылса, осы маңнан іздеуіміз керек.

— Осы сурет кемпірдің айтуы бойынша дәл жасалған ба?

— Ол арасын айта алмаймын. — Майор Бөгембаев Талғатқа қарады. — Оны неге сұрадың?

— Жай, әншейін. — Талғат аздан соң: — Осы ма, әлде басқа ма, әйтеуір, осыған ұқсас бірсуді көрген сияқтымын, — деді.

— Қай жерде көріп едің?

Талғат басын шайқады:

— Есіме түспей тұр!

— Бәлкім, Көкталға апарған жолаушылардың бірі шығар, — деп, майор Бөгембаев асықтыра түсті. — Осы қаланың өзінен көрген боларсың. Ойлансаңшы.

— Шаршаған болармын, басым алмай тұр. Кейін сізге телсфон соғайын.

— Мен күтем!— деп майор машинадан түсіп қалды.

12

Черноносков қойманың меңгерушісі Глиновпен кездейсоқ танысты. Зинаида Рябова шешесімен екеуі тұратын. Таисия Каменовна ұзақ жылдар аяқ киім фабрикасында қызмет істеген. Өз басы қарапайым еңбектен артық қасиет жоқ деп білетін. Зинаны сегізінші класты бітіргеннен кейін, кәсіптік-техникалық училищеге жіберді. Оны бітірген соң өзінің қасына алды. Етік пішуді, ұлтан қағуды үйренді. Бүкіл цех оған көмектесті. Аз уақыттың ішінде алтыншы разрядқа жетті. Зинаида Ленинградта өтетін өндіріс озаттарының кеңесіне кеткен. Одан қайтқанда соқталдай бір жігітті үйіне ертіп келді. Ас ішіп болып, ыдыс-аяқтарды жуып жатқанда Таисия Каменовна қызына:

— Мынауың кім?— деп күңк ете қалды. Зина шешесін өтірік айтты:

— Мама, біз Аркашамен Ленинградта, кеңес кезінде таныстық. Мәжіліс біткеннен кейін мен оны бізге қонаққа шақырдым. Аркаша — көңілшек, жайдарлы жігіт. Менің сөзімді жықпады. Деген кезекті демалысын алып, осында келді.

— Ол қайда жұмыс істеген екен?

— Мен сияқты аяқ киім фабрикасында істейді.

— Ұлтан қаға ма?

— Жоқ, ол мотордың маманы. Механика цехында істейді.

Зинаида шешесінің мотор жағына жетік емес екенін білетін. Қазбалап, сұрай алмайтынын сезіп, әдейі айтты. Қонақты қууға болмайды. Черноносков алғашқы күндері Рябованың үйінде тұрды. Күндіз ешқайда шықпайды. Алғаш пойыздың қажытқанын, шаршағанын сылтау етсе, кейін: “Зинасыз қыдырғаным келіспейді, жалғыз жүре алмаймын”,— деп Зинаға шын берілгендігін көрсеткісі келді. Зина да жұмысын апыл-кұпыл шала істеп, ерте кетіп қалатынды шығарды. Таисия қызының берекесіз жүрісін сезіп:

— Сен, Зина, тиетін күйеуің болса, тиіп ал Қарсылығым жоқ. Енді бой жеттің. Ал бүйтіп, шошандауынды қой,— деді.

— Кісімен бірге тұрып, өмір сүру оңай емес, мама. Біз жана танысқан адамдармыз, бір-бірімізді әлі жақсы білмейміз,— деп, жуып-шайғысы келді.

Үй ішінің күнкіл сөздерін Черноносков та есітіп жүрген. Черноносков өзінің бұл үйде ұзақ тұра алмайтынын аңғарды. Ол баяғыда кетіп қалатын еді. Бұл қалпында кісі көзіне көрініп, ашық жүре алмайды. Қазір кемпірдің айтуымен жасалған “ауызша портретпен” кез келген минутта ұстап әкетуі мүмкін. Не істеу керек? Таисия Каменовна қуырған балықты тәуір көреді. Соған у қосып, қыңқылдатпай қатыра салса қайтеді? Онда Зина екеуі алаңсыз тұра берер еді. Бірақ сарапшылар мұның әдейі жасалғанын біліп қойса, арты тергеуге ілінеді. Онда Черноносковтың өзі әшкереленіп қалуы мүмкін. Жоқ, мұндай тәсіл жарамайды.

Черноносков ойланды. Не істерін білмей қиналды. Черноносковты осы қатерлі жағдайдан Зина тағы құтқарды. Зина жұмыстан келгенде, Черноносков төсекте шалқасынан жатқан. Зина ауыз үйге орамалын лақтырып жіберді де, Черноносковтың қасына жүгіріп келіп, тізерлеп отыра қалды. Черноносковтың мойнынан құшақтап, бетін бетіне үйкелеп құшырланып сүйді.

Черноносков аударылып түсіп, қыздың шашынан сипалады.

— Не істерімді білмеймін, Зина. Кетіп қалайын десем сені қимаймын. Жалғыз жүргенмен, сенсіз кісі бола алатын түрім жоқ. Сен жұмысқа кеткенде слегізіп отыра алмаймын, ынтығып, сағынып күтем. Маған не бұйырасың?

— Біз бірге боламыз.— Зина Черноносковтың құлағына сыбырлады.— Мен осында саған жақсы пәтер таптым. Үйдің иесі жалғыз тұрады. Өзі ақшадан қысылып жүрген секілді. “Пәтерші жібере аласыз ба?” деп едім. “Бір жылға алдын ала төлесін, маған ақша керек боп тұр!” деді. Үйін көрдім. бөлмелері кең, оңаша.

Черноносков Зинаны құшақтап, көтеріп үстіне жатқызды. Құшағын жазбай мейірлене сүйісті. Таисия Каменовна көк базардан картоп, жуа, бұрыш алып қайтқан еді. Төсек үстінде ума-жума жатқан екеуді көріп, қабағын түйді. Қызына қарап:

— Зина, мұнда неғып жүрсін? Жұмыстан неге ерте келдің?— деді.

— Мама, ертең Аркаша үйіне кетеді. Бүгін жұмыстан әдсіі сұранып шықтым. Қонақты жолға әзірлеп, қам жасамаймыз ба?— деді түрілген етегін түсіріп.

— Қашан жүресіз?— деді Таисия Каменовна салқын жүзбен Черноносковқа.

Черноносков сыпайылық білдіріп түрегеп отырды. Ұялған боп, төмен қарап:

— Таңертенгі Москваның пойызымен кетем. Менің де өзіңіз секілді шешем бар. Бүгін телефонмен сөйлесіп едім. Жылайды. Жұбатып қайтпасам, шөгіп қалатын түрі бар,— деді.

— Ананы алдап, тастап кету жарамайды. Ана қарғысы қиын,— деді. Бұл сөздің Зинаға айтылып отырғанын скеуі де ұқты. Бірақ түсінбегенсіді. Таңертенгісін, тауық шақырған кезде Черноносков псп Зина “пойызға шығуға” жиналды.

Содан бері екі жұма өтті. Черноносков Глиновтың үйінде пәтерде тұрып келеді. Глинов қалалық азық-түлік қоймасының меңгерушісі боп істейтін. Аяқ астынан қойманы тексергенде үш мың сомның азық-түлігі жетпеді. Оған ақша керек еді. Черноносков пәтер ақысын алдын ала төлегенде Глиновтың ділгерлігін сезіп еді.

— Бір жылға екі жүз сом ба? Мә, алыңыз!— деп, бір қат ақшаны столдың үстіне тастай салды. Глинов ақшаның белдеуіндегі баттиған “500” деген цифрды көріп:

— Мынау көп қой,— деп қос қолдап алақанымен басып, өзіне қарай сырғыта берді.

Черноносков мән бермегендей:

— Өзіңізге керекін санап алыңыз,— деді.

Зина кеткенде Глинов жалма-жан столдың үстіне арақ қойып, шұжық турап жаңа пәтершісін сыйлауға кірісті.

— Сен менің қонағымсың,— деді Глинов екінші бөтелкені бастап жатып.— Жөнді танымайтын кісіге сыр ашу қиын. Бірақ сен маған көптен сыралғы кісі көрінесің. Сыртқы пішінің кісіні тартып тұр. Осы бір қыспақтан шығуға көмектессерсің деп ойлаймын.

Черноносков әңгіменің не жайында екенін сезсе де, білмегенсіп сұрады:

— Кісіге көмектесу үлкен қасиет, Сидор Найденович. Сізге көмек көрсетуге жарай аламын ба?

— Жарамасаңыз айтпас едім, Аркадий Антонович. Маған ақша сондай қажет боп тұр.— Глинов қолының қырымен кенірдегін көрсетті.— Ол жағы сенде жетерлік көрінеді.

— Көп жылдан бері машина сатып алам ба деп жинап жүрген едім. Кезегім жақындап қалды. Ұзаққа созбасаңыз қарызға бере тұрайын. — Черноносков ақшаның мөлшерін білгісі келіп.— Қанша керек еді?— деді.

— Үш мың сом.

— Үш мың сом дейсіз бе? Мұнша ақшаның керекі не?

— Аркадий Антонович, мен сіздің тәуір адам екеніңізге, сыр сақтай білетініңізге сенем,— деді Глинов күрсініп.— Өзін білесің, бізде балықтың уылдырығы емге таптырмайды. Соның жүз елу килограммын басқа жаққа жіберген едім. Бүйтіп аяқ астынан тексеріс болады деп ойламадым.

Черноносков бір кат ақшаны шығарып, қалтасына қайта салды. Глинов үніліп, ентелей түсті:

— Бермей кетеді деп қорқасың ба? Бір жұмадан кейін түгел қайтарамын. Мына тексеруден құтылсам болғаны.

— Кешір, Сидор Найденович, соншама ақшаны бостан босқа ұстата салу оңай емес. Көп жыл тірнектеп жинадым.

— Түсінем, Аркадий Антонович. Танымайтын кісіден ақша сұрау маған да оңан тимей отыр. Басқа амалым жоқ. Саған тілхат жазып берейін.

Черноносков ойланды.

— Мейлі, жазыңыз.— Ол Глиновтың апыл-құпыл жазып берген тілхатын естіртіп оқыды.— “Азамат Черноносковтан үш мың сом алдым”. Сидор Найденович, осындай тілхат бола ма? Мынауыңыз адалдыққа жатпайды. Көп жанды адам емессің. Қарағайдай үй-жайың бар. Ішім-жемің тегін. Үш мың сом қарыз алды дегенге кім сенеді? Ақша керек болса, не үшін алғаныңызды айтып жазыңыз. Менің көңілім тоқ болсын.

Глинов қызу кісі секілді сөйлеп отырған. Қазір су сепкендей басылды.

— Кейін прокурорға жазып бермейсің бе?

— Маған арыздан гөрі ақша жақын.

Глинов екі жеті өтсе де, қарызға алған үш мың сомды қайтарған жоқ. Ол жайында, тіпті ләм демейді. Черноносков та қасақана сұрамады. Глинов жұмыстан әрдайым кеш қайтатын. Үйге қараңғы түскенде келіп, шаршағанын сылтауратып, өз бөлмесіне кіріп, қайтып шықпайды. Ақшасын сұрай ма деп қорқа ма, сөйлесуден қашады. Бірақ бүгін ол ерте келді. Қолтығында коньяк, құтыға салған балықтың уылдырығы бар. Черноносковтың асты-үстіне түсіп жалпақтайды.

— Аркадий Антонович, сізге әдейі армян коньягын әкелдім. Және қандайын десеңші? “КС”-тің нағыз өзі. Бүгін адам сияқты отырайықшы. Жұмыс деп-ақ өлетін болдық ғой.

Черноносков үй иесінің жылпылында бір бәленің барын аңғарды. Оның әр қадамын, қимылын бағып, аңдып отыр. Глинов стол үстін жайғап жатқанда:

— Осы үйдің хозьякасын көрмедім. Қонақтап кеткен бе?— деді Черноносков. Глиновтың әйелінің өлгенін Зинадан естіген. Әдейі сұрады.

— Әйел ме? Байғұс момын жан еді. Дәм-тұзы таусылды ма, дүние салды.

— Өлгеніне көп болды ма?

— Айдан асты. Қазір жаз мезгілі. Бұзылған консерві жеп, уланып қалған. Содан байғұс оңалмады.

— Қазір қонағынды бұзылған консервімен сыйламайтын шығарсың!

Глинов түсі кашып, бажырая қарады. Үндемеді. Коньяк құйғанда қолы қалтылдаған секілді. Черноносков бөтелке бітпей мас болған кейіп көрсетті. Басы бұлғалақтап, көзі жұмыла берді. Бір-скі мәртебе столға басын соғып алды. Глинов стаканға шыбын түскенді сылтауратып, шайып әкелмек боп, ас үйге шықты да, біраз бөгеліп оралды. Коньякты стаканға белдеулетсе құйып, Черноносковтың алдына қойды.

— Аркадий Антонович, кел, денсаулық үшін алып жіберейік!— деп, күліп стаканын көтерді. Черноносков ұшып тұрып, аса тез шапшандықпен оның қолындағы стаканды жұлып алды да, өзінікін ұстата салды.

— Біз дос адамдармыз. Денсаулыққа көтерген соң, осылай ауыстырып ішейік!— деп Глиновтың қалтыраған қолын мығымдап қысты.— Неменс, мен үшін алғың келмей ме? Кәнес, көтер!

Глинов у қосқан стаканды жерге тастап қиратайын деп еді. Черноносковтың қарулы қолы ерік бермеді. Бүріп ұстап алған. Глинов бұғынып, шегіншектей берді.

— Ішпейсің ғой? Солай ма?— Черноносков стаканды жұлып алып, шықшыттан түйіп-түйіп жіберді. Глинов отырған орындығымен қоса домалап түсті. Тілі байланып қалған секілді. Үндемейді. Бақырайып қарайды. Черноносков коньякты аузына тосты.

— Мә, іш!

Глинов стаканды шынтағымен қағып, жалынышты түрмен скі қолын көтерді. Черноносков осы бір ыңғайлы сәтті пайдаланғысы келді. Қорқытып, жаншып Глиновты еркінс көндіріп алмақ. Дәл бүйірден келістіріп бір тепті. Глинов ішін ұстап, бүк түсіп жатып қалды. Черноносков желкесінен бүріп ұстап, орындыққа түйгіштеп отырғызды.

— Қазынаның тамағын талан-таражға саласың, ұрлайсың. Онымен қоймай кісі өлтіргің келеді. Енді менс жақсылық

күтпе. Тілхатыңды прокурордың өзіне апарып берем. Шаянның қайда қыстайтынын көрсетейін саған.

— Аркадий Антонович, кешір мені. Сенің құлың болайын. Айтқаныңның бәрін істейін. Тек мені ұстап бере көрме. Қаласаң, осы үйдің бәрін саған мұра етіп қалдырамын. Ақылынан адасқан шалды ая!

— Мен сенің сөзіңе сенбеймін. Темір тордан, абақтыдан құтқарған адамға көрсеткен жақсылығың осы ғой!— Черноносков қағаз, қалам берді.— Мә, жаз. “Мен орталық қойманың меңгерушісі Глинов С.Н. ұрлықтың орнын толтыру үшін пәтерімде тұрған азамат Черноносковтан үш мың сом қарыз алдым. Ол ақшаны қайтарғым келмеді, иесіне у беріп өлтіргім келді. Оған у бердім...”

Глинов қаламын лақтырып жіберді.

— Менің ақымақтығымды кешір. Тілхатсыз сенің айтқаныңды орындайын. Құдай атымен ант етем!

— Жазбасаң, мен қазір милицияға хабарлаймын. Қалауың білсін!— Черноносков орнынан тұрды.

— Әпкел!— деп, Глинов тоқтаусыз Черноносковтың айтқанын жазып шықты. Черноносков қағазды қалтасына салып:

— Сен, Сидор Найденович, кешір мені. Қаталдық жасасам, бұл өзімді қорғаудың әрекеті. Басқа амалым жоқ. Енді ажалым жетіп өлсем де оған итім сенбейді. Сол сәтте сені қамайды. Берген тілхаттарыңды “мен өлген күні аш” деп сенімді кісіге қалдырамын. Кісі өлтіруші қылмыскер өлім жазасына кесілетіні өзіңе белгілі. Енді екеуміздің тағдырымыз бір. Менің қазам жеткен күні сен де өлесін! Осыны есінде мықтап сақта.

Глинов үнсіз орнынан тұрып өзінің бөлмесіне кіріп кетті. Келесі күні ол жұмысқа бармады. Черноносковқа да көрінбеді. Жексенбі күні текпішек табалдырықтың үстінде отырғанын көрді. Темекіні көп тартқан. Төңірегінде папиростың қағаздары шашылып жатыр. Оның бұрын темекі тартқанын байқаған емес-ті. Черноносков Глиновтың иығына қолын салып құшақтай қасына отырды.

— Темекі тартамыз ба?— деп, қасында жатқан “Беломордың” біреуін алып тұтатты. Глинов бүкірейіп төмен қараған бойы үндемеді. Черноносков көз қиығын тастап:— Бауырым, өмір сүру деген оңай емес. Оның қапы қылар қалтарысы, бұрышы көп. Әйткенмен, біз өз тағдырымызға өкпелемеуге тиіспіз. Бүгін күн жексенбі екен. Осылай күр

бекер отырамыз ба? Бүгінгі сый-сыяпат менен болсын!— деп Глиновтың қолына жүз сом ұстатты.— Сен базарға барып жас ет әкел. Зина келетін шығар. Бізге пельмен пісіріп берер. Жолшыбай магазинге соғарсың. Ішетін бірдеме қарастыр. Сен келгенше мен алма, шис үзіп қояйын.

— Магазиннің керегі не? Осы үйде арақ-шарап бар ғой.

— Онда арақ-шарапты әкелдім деп есептей бер.— Черноносков қалтаңа сала сал дегендсі Глиновтың ақша ұстаған қолын алақанымен басып қысты. Глинов пәтершісінің бетіне қарап жымыды. Ақша көңілін жібіткен секілді.

Глинов базардан қайтқанда өз көзіне өзі сенбеді. Табалдырықтың үсті, үйдің іші қызыл ала қан. Черноносков босағада жатыр. Түрінен кісі шошиды. Бет-аузы дала-даласы шыққан. Оң жақ көзі зақымдалған секілді. Бітеліп, жұмылып кетіпті.

— Аркадий Антонович, тірімісің? Саған не болды?— Глинов жүресінен отырып басын көтерді. Черноносков ыңырсыды. Демін әрең алады.

— Күдай-ай, мен өлтірді дейді-ау енді!— Глинов үйдің ішінде әрі-бері жүгіріп жүр.— Мен дәрігер шақырайын. Кішкене шыдай тұр. Қазір келем!— Глинов ссіктен шығып бара жатқанда:

— Токта, қайда барасың?— деген өктем үн естілді. Өлік тіл қатқандай, Глинов шошып кетті. Артына бұрылып қарады. Черноносков басын көтерді.

— Дәрігердің керегі жоқ. Үйде йод, спирт бар ма? Спиртпен жақсылап жуып, тазалап таңарсың.— Глиновтың таңқалғанын байқап:— Бүгін күн жексенбі. Кейін шақырарсың,— деді.

Зина сағат он шамасында келді. Черноносковтың бетін таңған дәкеснің сыртынан қызыл қан шығып жатқан. Сол жақ қолы да таңулы.

— Аркаша, жаным, саған не болды?

Глинов түсіндіріп жатты:

— Мен базарға кетіп едім. Сатының бір шабағы сынық скен. Ағаштан алма үзем деп құлапты.

Черноносков ыңырсып тіл қатты.

— Зина, келдің бе, жаным? Мен бақытсыздыққа ұшырадым. Енді бет-аузымнан кісі шошитын шығар.

Зина Черноносковтың көкірегіне басын салып, солқылдап жылады.

— Бұл қайдан? Гараж ба? Бұл Ләтипа ғой. Маған әлгі Қоржынбай керек еді. Қайда жүр? Соны шапшаң тауып шақырып берші!— Ләтипаның Қоржынбай деп тұрғаны Хоружний.— Ей, бұ кім? Қоржынбаймысың. Мен Ләтипа ғой. Әлгі көк “Волга” қайда? Бүгін кім айдап жүр? Талғат па? Әй, Қоржынбай, сол машинаны Көкталға дайында. Мұнда кісілер жүреді. Онда сенің жұмысың болмасын. Мен бастығыңмен келістім.

Талғаттың такси автопаркінде істегеніне айдан асқан. Баяғыда Қайрақбайды апарғаннан кейін онда барған емес. Майор Бөгембаев аудан орталығына шұғыл жүрудің қажет екенін айтқан. Бақытжан Алтаев Көкталда еді. Шөп шабу, сгін жинау кезінде де Көкталға түс-тұстан көмек көп келеді. Қаланың студенттері, әскери бөлімшенің адамдары қаптап кетеді. Аудан орталығында жалғыз асхана бар. Қауым жұрттың ауқаттанатыны осы жер. Науқан басталарда асханаға көмекші жұмысшылар қабылдайтын. Бақытжан сонда орналасқан. Аудан шалғай. Телефон линиясы бұзылып қалып, майор Бөгембаев хабар ала алмай отырған. Оның үстіне Бақытжанға оңаша айтатын оқшау тапсырма бар еді. Талғат өзінің Көкталға баратынын естігенде қатты қуанды. Бірақ сырттай қиналған пішін танытты. Терезеден басын сұғып, нұсқау беріп тұрған Ләтипаға:

— Тәте, сіздің ілтипатыңызға ілікпей-ақ қойдым. Не жазғанымды білмеймін. Қайдағы киын жолға мені жұмсайсыз. Күннің мына ыстығында жүру оңай ма? Машина тоқтап қалса айнала қу тақыр, бір тамшы су таппайсың. Со жаққа барып көрмеген шоферлер бар. Соларды жұмсамайсыз,— деді.

— Сен тілің мен жағыңа сүйенбе!— деді Ләтипа қолын сермеп.— Осы жолы барып қайтсаң, қызыл тактаға ілігесін, ударник боласың.

Бұлардың сөзін Қайрақбай естіп тұрған. Ол Талғаттың қасына келіп, иығына қолын салды:

— Бізді машинасы көп мекеме санайды. Мынадай алыс жолға жүретіні кемде-кем. Айдалада машина тоқтап қалса, жолаушылар азап шегіп қалуы мүмкін. Сенің машинан сенімді, жаңа. Бұл күндері о жаққа самолет қатынамай қалды. Қонатын алаңын су алып кетіпті. Мына кісілерді ауданға тез жеткізу керек,— деп өзімен кеңседен ере шыққан үш әйелді

көрсетті.— Бұлар дәрігерлер. Балаларға қызылша шығыпты. Шұғыл жәрдем сұрайды.

Талғат үш әйелге енді зер салды. Екеуі орыс әйелі, біреуі қазақ қызы. Білектей бұрымын босандау өріп, томпақша төсінің үстінен төмен қарай құлата түсірген. Қара қас, қара көз, нағыз сұлудың өзі. Жүзі қоңырқай емес, ақшылдау. Екі бетінің ұшында қызыл нұр бар. Талғат бұл қызды айнымай таныды. Өзімен бірге бір вагонда отырған, жоғары полкада жатқан қыз. Сынғырлаған күмістей таза күлкісі құлағынан кетпейді. Атының Алтыншаш екенін де біледі. Талғатқа осы сәтте: “Мас кісі есін білмейді, көргенін ұмытып қалуға тиіс” деген ой келді де, жүзін бұрып, тез басқа жаққа қарап кетті. Алтыншаш нұрлы көзін қадап, сәл езу тартты. Талғат байқамады. Қайрақбайдың сөзіне жауап қатқан болды.

— Қайреке, мен жұмыстан бас тартпаймын ғой. Қайда жұмсасаңыз да барам. Жай, әншейін айтып жатқаным ғой,— деді.

Көп ұзамай жолаушылар Көкталға бет алды. Алтыншаш Талғаттың қасына отырды. Жол-жөнекей Талғат екі әйелдің қайда істейтінін біліп алды. Алтыншаштың нақ желкесінде, оң жақта отырған семіз сары әйел Алматыдан келген екен. Денсаулық сақтау министрлігінің қызметкері көрінеді. Қасындағы қатпа әйел осы қаланың тұрғыны. Балалар емханасының дәрігері, Алматыдан келген кісіге әдейі қосыпты. Алтыншаштың медицина институтында оқитынын, практикада жүргенін Ләтипадан естігені бар. Сонда да Талғат білмегенсіп сұрады:

— Сіз де дәрігерсіз бе?

— Мен әлі шәкіртпін.

— Бір жылдан кейін дипломы бар дәрігер боп шығады,— деді министрліктен келген әйел.

— Бәрімізді тергеп біттіңіз. Енді өзіңізді таныстырыңыз. Кәсібіңіз не? Машинаны көптен бері жүргізіп жүрсіз бе?

Талғат кәсіп жайын қадағалап сұрағанда көңіліне секем алды. Бірақ оны елемеген болып, күліп жауап қатты.

— Мен еңбекке араласқалы бері рульді айналдырудан басқа кәсіпті білмеймін.

— Сіз мені шынымен танымадыңыз ба?

Талғат әзілдеді:

— Сізді бұрын білмесем де, сіздей аруды көрмедім деуге аузым бармайды.

Алтыншаш екі беті қызарып, томсара түсті. Қаладан шыққан кездесгі көңілді дабыр әңгіме бір сарынды жайдақ жолға түскенде, үзіліп, тоқтап қалды. Әркім өз ойымен болып, қалғи бастады. Күн екіндіге жеткенде алыстан элеватордын төбесі, зауыт трубалары, аздан соң қалың орман көрінді. Талғат:

— Міне, Көкталға да жеттік!— дегенде әйелдер қозғалақтап, бастарын көтеріп, мойындарын созып, алға қарасты. Алтыншаш үлкен нұрлы көздерін қиғаштау бұрып:

— Сізбен бір вагонда келгеніміз есіңізде ме? Өзіңізді ұстай алмай теңселіп жүргенде қатты күлгенім бар. Неге күлгенімді білесіз бе? Онда сіз мас емес едіңіз,— деді.

— Оны қайдан білдіңіз?

— Мастың көзі өлексе қойдың көзіндегі солғын, ажарсыз болса керек еді. Сіздің жанарыңыз ашық, ұшқын атып күлімдеп тұрды.

— Сізді көргеннен соң айығып кеткен ғой.— Талғат қыздың сөзін елеусіз қалдырып әзілдегенмен, “Мен дүмбілез екенмін, жас қыз сырымды айнымай тапқанда, дұшпан алдында оңай ашылып қалады екенмін. Өзімді жаттықтыра түсуім керек екен” деген ой келді.

Алтыншаш өзінің пікірін дәлелдегісі келіп:

— Сізді аз уақыттың ішінде танып білгенде менің байқағаным: тұйықсыз, шын нист, ықыласпен жаркылдап кетпейсіз. Бүгін Ләтипа жеңгеймен сөйлескенде, ол бейшаранын топас қылығын мінеп, күліп тұрдыңыз. Шын кәсібіңіз шофер ме?— деді.

— Мені тым көтермелеп жібердіңіз. Ондай бағаңызға рақмет. Бірақ сіз өте қиялшыл адам екенсіз.

— Менің дәрігер екенімді, психолог екенімді ұмытпаңыз.

— Бізде шоферлер арасында, “псих” деген нашар ұғым бар. Оған кісінің өз еркімен қалай маманданатынына миым жетпейді.— Талғат маңдай тұстағы айнананы түзеп, қыздың жүзі көрінетіндей қиғаш қойды. Алтыншаш “псих” пен “психология” деген сөздердің айырмасын айтып, теріс ұғымды түсіндірсен деп еді, ол томсарып үндемеді.— Сіз менің кәсібіме шүбә келтірессіз. Жайлы орынға қолым жетсе, мына шыжыған ыстықта қаңғып кайтем. Бірақ сіз жас мамансыз, көңіліңізді жықпай, айтқаныңыздың бәрі дұрыс дейін.

Аздан соң машина поселкенің шетіне ілікті. Кірсен берісте, аялдамада топ адамның ішінде Бақытжан да тұрған. Ол

Талғаттың машинасын анадайдан таныды. Қасынан өткенде қапталдаса жүгіріп, тұтқасына жармасты. Машина біраз жүріп барып тоқтады.

— Жігітім, сен есікті тұтқасымен жұлып алып жүрме!— деді Талғат.

Бақытжан Талғатты көргенде қатты қуанды. Бұл сезімін жасыра алмады.

— Жолдасымның әйелі босанған еді. Автобуска үлгере алмадым. Не бары алты-ақ шақырым жер. Апарып тастай қойыңызшы!— деді.

— Жолаушымен келе жатқанымды көріп тұрсың. Менде билік жоқ.

Алтыншаш Бақытжанның қуанышты түрін байқап:

— Жолдас үшін қуануға, күйінуге болады. Біз қазір қонақ үйге түсіп қаламыз. Өзіңіз шаршамасаңыз апарып тастаңыз,— деді Алтыншаш Талғатқа.

Талғат отыр дегендей бас изеді. Ол Қалампырдың айтуымен жасалған суреттің біреуін Бақытжанға әкеле жатқан. Осы сәтте есіне алғандықтан ба, әлде қасында отырған қыздың баяғыдағы пойыз үстіндегі әңгімені қозғағандығынан ба, суреттегі кісіні қайда көргенін енді есіне түсірді. Ия, ол да өзімен бірге сол вагонда келе жатқан. Бәрі пойыздан бірге түсті. Талғат осы сәтті толғаныстан өзін ұстай алмады.

— Түү, Алтыншаш, өзің нағыз алтын скенсің-ау!— деп, қыздың қолын бүріп қысты. Алтыншаш қызарып кетті. Қолын тартып алды. Талғат әндете жөнелді:

— Спасибо, аист, спасибо, птица!

Алтыншаш жігіттің әп-сәтте құбылғанына таңданып, карап қапты. Қонақ үйдің алдына келгенде күліп тұрып қоштасты:

— Қош бол, жұмбақ жігіт!

Талғат сол күні түнде қалаға қайта оралды.

Нәсір қонақ үйге тоқтамай, пәтер жалдап тұрған. Талғат машинаны көшеге қойып, кораға кіргенде Нәсірдің терезесіндегі шамды көрді. Есікті қақты.

Іштен:

— Бұл кім?— деген байсалды үн естілді.

— Бұл мен! Таксиді сіз шақыртып па едіңіз?

Нәсір есікті ашты. Талғатты иығынан күшактай үйге кіріп:

— Тез қайттың ғой, бірдеме боп қалды ма?— деді.

— Оңбаған неме, енді ғана есіме түсті!— деп Талғат суреттегі адамды қайда көргенін айтты.

— Сөйтіп, ол осы қалада екен ғой.

— Пойыздан түскенін өзім көрдім.

— Жалғыз ба еді?

— Қасында жас әйел бар болатын.

— Оның түр-түсін білесіз бе?

— Есімде жоқ. Жасы 22-25 шамасындағы сары қыз екенін білемін. Бірақ менің көрген кісім мына суреттегідей емес, бст пішіні кесектеу, қырыққа тақап қалған кісі.

— Түр кескінін сипаттап толық жазшы,— деп майор қағаз-қалам ұсынды.

Бір жетіден соң Талғаттың айтуымен жасалған белгісіз адамның суреті дайын болды. Нәсір суретті алып, шекаралық ауданға ұшты. Мырзаш ауруханадан шығып аулына кеткен екен. Ауданға аялдамай “Алға” колхозына қарай бст алды. Қасына кісі ертпей жалғыз кетті. Мырзаш қысқы тамнан шығып, Қарабұлақтың стегіне киіз үйін тіктіріп отыр екен. Нәсірді көріп Қалампыр екеуі өре тұрды.

— Мынау анаугүнгі бала ғой,— деді Қалампыр.

— Жоғары шық, балам. Қайдан жүрсің? Ат-көлігің аман ба? Бұл жаққа қашан келіп қалдың?— деп Мырзаш қол беріп амандасып, қасынан орын берді.

— Келген бстім осы. Қазір ғана автобустан түстім.

Қалампыр керсегедегі торсықты шайқап, пісіп, тегешпен қымыз әкелді. Баппен күтіп ұстаған қымыз балдай тәтті. Қымызды қышқылтым сусын санап, дәмін жақсы ажырата білмей тұшырқанатын Нәсір тоқтамай екі кесесін қатарынан сімірді. Қымыз ішіп, шөлді басқан соң, Мырзаш Қалампырға қысқа бұйрық айтты.

— Кемпір, әлгі Бекен қайда? Шапшаң мал алдыр. Өзін отын-суынды камдап ал,— деді.

Жер ошақта дәу қазан ет асылып жатқан. Нәсір даяр тамаққа ризашылық білдіріп, мал союға қарсы болып еді. Мырзаш бой бермеді.

— О не дегенің, балам. Сен қонақсың. Мейманды құрметтейтін әдетіміз бар. Құдайға шүкір, қазақтың малы қонақасыдан кеміп көрген емес. Атамыздан қалған сый-құрметті бұзбайық,— деді.

Нәсір бұл кеште әңгімелесе алмады. Келім-кетім кісі көбейіп, үй толып отырды. Ертеңгісін жүрер алдында сөйлесті. Топ адамның суретін Қалампырдың алдына жайып тастағанда, ол:

— Мынау!— деп, Талғаттың айтуы бойынша жасалған суретті ұстады.— Осының тап өзі. Бү шіркіннің иегінде қызыл сүйелі бар еді. Онысы қайда?

Жау агенті жасанды белгілер жасап, түр-түсін өзгерте беретіні аңғарылды. Ол өзінің суреттегі кейпін сақтамай бұдан былай да күбылуға тырысатыны белгілі. Алдағы кезде қандай түске енеді? Оны қандай жолдармен іздеген жөн? Нәсір қалаға келісімен Талғатпен осы жайында ақылдасты. Агент қалай болғанмен де қол қусырып карап отырмайды. Егер ол “Дала полигонымен” әуестенетін болса, қала ішінде тығылмай Көкталға баруға тиіс. Жол бойын торып жүруге Талғаттың қазіргі “қызметі” оңтайлы десті. Сонымен бірге мынадай тоқтамға келді: сурет бойынша белгісіз кісіні іздей береді, әрі оның қасына ерген қызды тауып, кездейсоқ оқиғалардан сақтандырады. Қыздың жасы 22–25 шамасында, ол осы қалада жұмыс істеуге тиіс деп жорамалдады.

Осыдан соң арада бір жеті уақыт өтті. Нәсір күндіз қала кәсіпорындарын араласа, түнде қалың том істерді алдырып өндіріс бойынша берілген жарлықтарды, бұйрықтарды қарайды. Бұдан екі жарым ай бұрын демалысқа кеткен, командировкаға шыққан әйелдердің жалпы тізімін алды. Өндіріс орындарында істейтін әйел азаматтар еркектен көп. Фабрика жағындағылар ылғи жас қыздар екен. Нәсір мұндай айырмашылықты бұрын байқамаған еді. Қаладан тыс жерде дем алған және сол мезгілде қызмет бабымен сапар шеккендердің ұзын саны екі жүзге жетті. Соның ішінде батыс жаққа бет алып, оралғандардың тізімі алынды. Нәсір асықты. Бұл адамдардың қайсы жерде, қай уақытта болғанын дәл анықтау үшін талай түндерді ұйқысыз өткізді. Түнде бір мезгіл Талғат келіп көмектесетін. Тізім сұрыпталып, аз адам қалды. Алғашқы қатарда Зина Рябованың есімі тұрды. Істі осыдан бастамақ болды. Таңертеңгісін аяқ киім фабрикасына телефон соғып, сөйлескенде, Нәсір өз құлағына өзі сенбеді. “Озат қызметкеріміз еді. Үлкен үміт күтіп Ленинградқа жіберіп алған едік. Аяқ астынан қайғылы өліммен қаза тапты. Суға кетіп өлді” деген хабар алды. “Қашан? Қай уақытта?” деген сұрауға қысқа жауап берді. Бұдан төрт күн бұрын қаланың түбіндегі жасанды көлде суға кеткен. Сүйегін бір тәуліктен кейін тауыпты. Бұзау бағып жүрген балалар қалың балдырдың арасынан байқаған. Өлікті ашқан кезде спирт ішімдігін ішкенін анықтапты. Денесіне дақ түспеген. Зорлық

жасалмаған. Өлік алдыңғы күні жерленген. Нәсір күні бойы фабрикада болып Зинаның күрбыларымен әңгімелесті. Кісіге сенгіш, ақ көңіл жарқылдақ жан. Оның соңғы кезде бөтен мінезін байқамаған. Бір жолы ол өзінің күйеуге шығатынын айтқан. Асхана ішінде отырғанда: “Мынаған қанша кісі сыяды? Жүз елу ме? Аз екен. Үйлену тойын жасаймын. Бүкіл фабриканы шақырамын”, — десе керек. Қыздар: “Күйеу қайда?” “Тәуір ме өзі? Оны көрейік!” — деп қоймаған соң: “Қойындаршы, жай әзілдедім”, — дей салған.

Нәсір фабрикадан қайтқанда Зинаның үйіне соқты. Мезгіл күн батып бара жатқан шақ еді. Үйдің іші қара көлсеңкелеу. Қара шәлі жамылған әйел терезе тұсындағы столға шынтағын тіреп, бір бұрышта жалғыз қисайып отыр. Алдындағы суреттен көз алмайды. Қызының суреті. Телміре ұзақ қадалады. Есіктен кірген адамға зер салмады. Нәсір қасына тақап келіп:

— Таисия Каменовна, кешіріңіз мені. Қазаның ауыр екенін түсінем. Біздің ойымызша, Зина суға кетпеген, оны қасақана өлтірген, — деді.

Таисия Каменовна бұрылып бажырая қарады.

— Өлтірді дейсің бе? Кімге жамандық жасапты ол?

— Осы жайында сізбен сөйлессейін деп келіп едім.

Таисия Каменовна тұрып шам жақты. Отырыңыз дегендей Нәсірге ишарат етті. Өзі қолын қусырып түрегеп тұр. “Өлтірді” деген сөз жүрекке кек ұялатып, бір сәтке қайғыны серпіп, ширатқан секілді.

— Қызымды кім өлтірді? Жауыз қайда? Айтуыңызды өтінем!

— Бұған сіздің көмегіңіз керек, Таисия Каменовна, — деді де, Нәсір қалтасынан бір топ суретті алып, жүздерін көрсетпей төңкеріп столдың үстіне қойды. — Сіздерге жасы 35—38 шамасындағы еркек соқпады ма? Мен оның ерекше белгілерін тізбеймін. Бұл үйге келген болса, өзіңіз айтыңыз.

Таисия Каменовна әлдене есіне түскендей үрейлене қарады:

— Шынымен сол ма? Жоқ, мүмкін емес.

— Кім еді ол?

— Осында демалыс алып келген жігіт.

— Мұнда қашан болды?

— Оған бірталай уақыт өтті. Екі айдан асты ғой деймін.

— Дәл екі ай ма? Таисия Каменовна, анық еске түсіруіңізді сұраймын. Мұның айрықша мәні бар.

— Жок, ол одан сәл ертерек келген. Зина екеуі Ленинградтан бірге келді. Онан соң біздің үйде екі жеті тұрды,— деп Таисия Каменовна Черноносков жайындағы әңгімені түгел айтып шықты.— Тым тымырсық неме екен, суканым сүймеді. Көргеннен-ақ жақтырмадым. Қызымның басын айналдырып алған ба, байғұс есін білмей күлап түсті. Аузы-басын жалап қасынан шыкпайды. Мен күнкілдеп маза бермеген соң, үйіне — Ленинградқа кайтып кетті.

— Аты-жөні кім? Есіңізде жок па?

— Неге білмейін. Аркадий Антонович деген. Фамилиясы — Черноносков. Шашын кірпі етіп қойған, шүңет көз, дембелше жігіт.

— Черноносков дейсіз бе?

— Иә.

— Соған ұксас кісі мыналардың ішінде бар ма?— деп алдында жатқан бір топ суретті жайып тастады. Таисия Каменовна Қалампырдың айтуы бойынша жасалған суретке бір сәт көз тоқтатты да:

— Мына скеуі қандай ұксас, егіз бе өздері!— деді де Талғаттың айтуымен жасалған суретті ұстады:— Біздің үйде жатқан кісі осы. Бедіреюін карашы өзінің.

Қалампыр мен Таисия Каменовнаға жолыққан әр түрлі атпен жүрген бір-ақ адам болды. Өзін бар жан-тәнімен сүйген кызды жауыздық жасап тұншықтырып өлтіруі қалай? Сірә, Черноносковтың бұдан баска амалы қалмаған. Өйткені Зина оның қайда және кімнің үйінде тоқтағанын біледі. Қыз табыла қалған күнде онай әшкереленеді. Черноносков осыдан қорықты.

Таисия Каменовна суретті саусағымен шұқып көрсетіп:

— Менің кызымды өлтірген жауыз осы ма?— дегенде, Нәсір ойдан серпіліп:

— Бұл адамды тапқан соң айтайын сізге,— деді.

Таисия Каменовна күрсініп көзінің жасын сығып алды.

Рябованың үйінен шыққанда қас карайып қалған еді. Кошенің шамдары жағылған. Магазин тұсында жарық мол. Нәсір шакшиған жарыққа жоламай, келесі шолақ көшеге бұрылды. Талғатпен осы жерде кездесуге сөз байласқан. Ол Нәсірдің тұлғасын анадайдан танып, машинасын солай карай бұрды.

— Рябова біз іздеп жүрген кісіні айнымай таныды. Фамилиясы Черноносков. Ол осы қалаға тоқтаған,— деді Нәсір машинаға отырып жатып.— Тегі, ол бұл жерден жуық арада кеткісі келмейтін түрі бар. Әйтпесе соңына мұндай қанды із қалдырмас еді.

— “Жалғандық түбі — жазым” деген, өкінішті-ақ,— деді Талғат.

Дәл осы мезгілде Глиновтың үйінде де әңгіме Зина жайында болып жатқан еді. Глинов өзінің пәтершісін тағдыры бір ниеттес кісі санады ма, стақанға у салған оқиғадан кейін оған қарсы келіп көрген емес. Айтар сөзін қабақпен ұғып, ығында жүретін. Кешкі ас үстінде ішкен арақтың буы ма, әлде адамгершілік сезімі оянды ма, бірақ бүгін ол ерекше мінсз көрсетті. Стол басында төмен қарап, түйілген бойы:

— Бүгін Зина неге келмейді?— деп күнк ете қалды, Черноносков диван үстінде бетінің жарасын тазалап, байлап жатқан. Таңқалған пішінмен адырая карады.

— Зинаның неге келмей жүргенін мен қайдан білейін. Оны өзінен сұра!

— Өзінен дейсің бе?— Глинов жұдырығын түйіп орнынан ұшып тұрды. Ындыны жасық қой, Черноносковқа тік қарай алмады. Басын салбыратқан қалпы:— Өлген кісі қалай жауап берсді? Жазықсыз жанды неге өлтірдің? Ол байғұстың айыбы не?

Черноносков иығынан жұлқып қалды:

— Сен ит аузынды жап. Мен өлтірді деп кім айтты саған?

— Білемін, көлге екеуің бірге барғансыңдар.

Черноносков көмейін ашып, қарқылдап күлді.

Глинов басын көтерді. Черноносковтың бетіне көзі түсіп, сескеніп шегіншектейді. Таңған бинті тарқатылып кеткен екен. Қызыл шақа жара ырсиып, тілім-тілім боп кісінің зәресін ап, шошындырды.

— Неге қадалдың?— деп Черноносков шынтағымен бүйірден нұқып қалды.— Қызды сен өлтірмей, неге мен өлтірген боламын. “Маған ти, қор болмайсың, бар дүниемді, үй-мүлкімді өзіңе мұра етіп қалдырам, қаңғыған жалғыз-бастыдан не табасың?”— деп, Зинаны азғырып, сөз салған сен емес пе едің? Көл жағасында зорлауға ниет қылдың. Әуелі өлтірем деп қорқыттың. Қаласан, Зинаның сотқа жазып, қалдырып кеткен арызы бар.

— Мұның бәрі өтірік, жалған. Оған ешкім сенбейді.

— Оның рас, Сидор Найденович, маған сенбеуі мүмкін. Бірақ өлген адамның шағымына сенетініне күмәнданба!

— Қадалып соңымнан қалмайсың. Осы сенің менде нең бар? Соны айтшы! Саған керегі ақша ма?

— Маған керегі не екенін кейін айтам. Бәлкім, өзің де аңғарып жүрген шығарсың,— деп Глиновты иығынан басып отырғызды.— Қарызға берген ақшамды алғаным күнә емес шығар. Мандай термен тапқан пұлымды бекер ұстата салады деп ойлама.— Чернонос Глиновтың иығына қолын салып:—Менің мойныма түскен қыл арқан, Сидор Найденович, сенің де мойныңды үзеді. Осыны ұмытпа. Енді екеуіміздің тағдырымыз бір.

— Мен Зинаны аяймын. Жас қыздың айыбы не? Жазығы сені сүйгені ме? Сен қандай катал адамсың?

Чернонос қалтасынан темекі алып, асықпай тұтатып тартты. Глиновқа көзінің қиығымен қарап:

— Зинаның қандай айыбы бар дейсің бе? Иә, оның күнәсі көп еді. Ол сенің қылмысыңды білетін еді. Бір жолы мен оған сенің соңғы жазған “уәденді” көрсеткенімде, бейшара шошып кетті. Қолымнан қағазды жұлып алып: “Кез келген сәтте саған у беріп өлтіруі мүмкін. Тергеу орнына шапшаң хабарлайық!” деп, тұра жүгірмесі бар ма. Қақпа сыртында әрең қуып жетіп, тоқтатып ешкімге айтпа деп жалындым. Кейін осыны есіме салып, күңкілдеп қоймаған соң: “Осы сырды аузыңнан шығарсаң, сен мені сүймеген болдың, достығымыз үзілді” дедім. Зина сол сәт менің сөзімді тыңдап сабырлық жасағанмен сөз арасында: “Глинов — арам адам. Сені сүйетінімді біле тұрып, астыртын сөз салып жүр. Қыр соңымнан қалмайды. Сенің көзің тайсақ маған кеп жармасады. Әуелі зорламақ болды. Мен кәрі қақпастың жынын қағып алайын деп тергеу орнына арыз жазып қойдым. Сен оған сенбе, милицияға хабарлайық” дей берді.

— Милиция дейсің бе?

— Иә.

— Сен неге бөгет жасадың?

— Сені ұстап қамауға алғанда, одан маған қандай пайда бар. Қайткенмен де сен қарыздар адамсың, қасымда жүргенің артық емес пе?

— Зина өзінің арызын сотқа беріп қоймап па екен, білмедің бе?

— Меніңше, ол арызын беріп үлгере алмады. Өйтсе маған айтқан болар еді.

Глинов тәнтiлiк белгiсiн бiлдiргендей қолын Черноносовтың тiзесiне салып қысты:

— Мен оны момын, аңқылдақ жан ба десем, нағыз әпжыланның өзi екен ғой. Тiфу, бәлекет, өзiмен кетсiн! Әйел өлiмiне өкiнбейiк.

— Зинаның қайғысы маған қатты батты,— деп Черноносов күрсiндi.— Оның өлiмiн естiгенде суға тұншықтырған сен емес пе деп ойлады.— Глинов шапшаң бұрылып бажырая қарады.

— Неге қарайсың? Ырқыңа көндiрiп алмақ боп, соңынан қалмай қудалап жүрдiң ғой.

— Аркадий Антонович, сен екеуiмiз жасырынбақ ойнауды қоялық. Екеуiмiздiң де күнәмiз аз емес, бастан асады. “Кемедегiнiң жаны бiр” деген. Онанда бас амандығын ойластырайық.

Черноносов күлiп тұрып Глиновтың қолын алды.

— Бiз ендi ғана бiр-бiрiмiздi ұққан ескiлдiмiз.

Осы кезде көшеден айқай естiлдi. Глиновты шақырып тұр. Дамыл-дамыл қақпаны қағады. Екеуi орнынан ұшып тұрды. Глинов сыртқа шығып бара жатқанда, Черноносов пистолетiн қамдап жатып:

— Үйге жiберме, бөгей тұр,— дедi.

— Бiлемiң, қорықпа!— деп Глинов есiктi сыртынан кiлттеп жатты.

Рафида деген татар кемпiрi Глиновқа қоралас, көршi тұратын. Құлағының аздап мүкiсi бар. Бiреумен сөйлесе сау құлағын төсеп, соған қарай бұрылып соқыр аттай айналшықтай бередi. Қақпаны қағып тұрған сол Рафида екен. Глинов есiктiң жарықшағынан сығалап қарады. Жалғыз екен. Танымаған боп:

— Ей, түн iшiнде жүрген бұл қайсың? Саған кiм керек?— дедi.

Рафида қараңғы кештi басына көтерiп, айқайлап сөйледi:

— Әй, Сидор сосед, аш, бұл мен!

Глинов Рафиданы жақтырмады. Оның айқайынан сескенiп, амалсыз есiк ашты.

— Ә, Рафида апаймысыз? Келiңiз.

— Аман, Сидор. Әй, көршi, сен жалғызсың, бiлсiмiн. Күндiз үйде болмайсың. Саған бүгiн бөтен бiреу келiп жүр. Оны өзiм

көрдім. Басын былай таңып алған,— деп Рафида қолын орап көрсетті.

— Сен милицияға хабарла, үйінді тонап кетуі мүмкін. Осыны өзіңс айтайын деп келдім.

Глинов кемпірді көп сөйлетпей одан құтылғысы келді:

— Жақсы, рақмет, апа,— деп шынтағымен итермелеп, ссікті жабуға ыңғайланды.

— Көрші ақысы ауыр, кейін айтпай қалды деп жүрме.

— Мықты құлып салып қоям, сшкім кірмейді, рақмет, үйіңізге бара беріңіз.

Рафида үлкен міндеттен құтылғандай томпаңдап кетіп бара жатты, Глинов көшені шолып, сәл тұрып үйге кірді.

— Ол кім? Екі кештің арасында мұнда неғып жүр?— деп Черноносков дегбірсіздене сұрады.

— Қарсы үйде татар кемпірі тұрады. Сенің осы үйден кіріп-шығып жүргеніңді көріпті. Бст-аузын әдейі жасырып, таңып алып жүрген ұры деп ұкса керек. Милицияға хабарлап кой деп сактандырады.

— Мен сшқандай кемпірді көргенім жоқ.

— Сен көрмессең де, ол байқаған.

Черноносков абыржып, ойланып қалды.

— Кемпір жалғыз тұра ма?

— Жалғыз басты әйел.— Глинов Черноносковтың ниетін түсінді:— Сен ондай коқырсық ойды басыңнан мүлде шығар. Егер кемпір бір бәлсге ұшыраса, скеуімізді бүйтіп жайбарақат қалдырмайды, қазбалап бізге де жетеді.

— Алжыған кемпірден қорқасың ба?

— Әңгіме кемпірдің өз басында смес. Ол үрім-бұтағы мол кісі. Соның бірсуі осында газетте істейді. Ол мұнда жиі кеп тұрушы еді. Қазір окуда көрінеді. Тұзаққа ертерек түссем дессең, мейлің, өзің біл!

Черноносков үйдің ішінде әрі-бері жүрді. Столға келіп, графиндегі арақты стаканға белдеулете құйып, бір-ақ қағып салды да:

— Маған енді мұнда қалуға болмайды, Сидор Найденович. Мені қорқады екен деп ойлама, тек сені аяймын. Қырсығым тиіп кетуі мүмкін.

— Саған біржола жазылып шықпай, мына түрмен кісі көзіне көрінуге болмайды. Дүние кең, айыққан соң бір амалын табармыз.

Сол амал табылған еді. Бір жолы Глинов күндегі әдетінше таңертеңмен жұмысқа келгенде аула сыртында тұрған жүк

машинасын көрді. Қарыны кеңірдектеп кеткен тапал семіз кісі шофермен екеуі қақпа алдында отыр. Қойманың кісі кіретін жанама есігі бөлек еді. Глинов солай қарай бұрылғанда Сатпаков қол бұлғап шақырды:

— Әй, жолдас, неге үріктің? Бері кел— Глинов қасына келгенде, бас-аяғына шұқшия қарап,— мына иттің бас терісі келіспеген бірдеме екен. Маңдайын карашы, біздің үйдегі қасқа тана секілді,— деді де:

— Сен біздің тамырдың қайда екенін білмедің бе?

Глиновтан бұрын Бөрітай Қарабаев деген біреу қойма бастығы боп істеген еді. Мойнына ақша мініп, сотты боп шаталып жүрген. Кепілге шыққанда Сатпаковқа жолығып, өзін үлкен қойманың меңгерушісі етіп таныстырған. Қарызға деп Жүндібайдан азын-аулақ ақша алып кеткені бар. Глинов әңгіменің кім жайында екенін білсе де:

— Оның кім?— деді.

— Сен менің тамырым, кәдімгі Бөрекенді білмейсің бе?

— Жоқ.

— О, тоба, бұл жұрт Бөрекеннің кім екенін білмей қалай күн көріп жүр? Ей, кеше, мен сенен мына қойманың бастығын сұрап тұрмын.

— Ол қазір жұмыс істемейді, түрмеде отыр.

— Не дейді, жаным-ау? Түрмеде дейсің бе?— Сатпаков шошып кетті де шоферге, біресе Глиновқа қарап:— Сен шын айтып тұрсың ба?— деді.

— Өтірік айтып қайтем.

— Бәсе, өзім де солай ойлап едім. Жемсауы кең еді, ит немснің, сауап болған екен. Бұл қойманың бастығы өзіңіз боларсыз?

— Иә, мен. Не айтайын деп едіңіз?

— “Түсі жылыдан түңілме” деген мақалымыз бар. Өзіңізді көріп, қуанып қалдым. Кешіріңіз, аты-жөніңізді білмей ұятты боп тұрмын. Сидор Найденович пе? Бек жақсы, мені Жүндібай Сатпаков дейді,— деп азық-түлік алуға берген сенім қағазын ұсынды.

— Көрмеген адамым секілдісіз. Сатушы боп істегеніңізге көп болды ма?

— Оныңыз рас, біз мына шофер бала екеуміз бұл жаққа жуырда келдік. Еліміз алыста, теңіз бойын жайлайды. Жамағайынның әйелімен ашына боп қалып, жұртқа жайылып, ұятты боп елден бездік. Мына Көкталда нағашым

бар еді. Соны паналап келдім. Мына бала осы жаққа техникум оқуын іздеп келіп еді. Емтиханнан құлап қалса керек. Бұл да елге қайтуға ұялып осында әпкесінікінде қалды.

Глинов сенім қағазды Сатпақовтың өзіне қайтарып берді:

— Қазір менде тексеру жүріп жатыр. Заявкадағы заттың бәрін бере алмаймын.

— Жайшылықта ләм демес едім. Қазір науқан уақыты, бұлай құр қол қайтсам, сенімнен айрылам ғой.

— Ой, Жүке, өзің мылжың екенсің-ау,— деп Глинов бүйірден нұқып қалды.— Сарнай бергенше машинаны қораға кіргізсеңші. Саған деген бірдеме табылар.

— Бәсе, сөйдесеңші,— деп Сатпақов көтеріліп қалды. Қасындағы шоферге зекіді.— Ей, сенікі не тұрыс. Машинаны қораға шапшаң кіргіз.

Машинаға жүк тиеліп болғанда, Сатпақов Глиновтың қолын томпақ алақанына салып, жібермей ұстап тұрып:

— Қаланың шаңын жұтып отыра бергенше, біздің ауылға да келіп қайт. Еліміз ең жайлау, көк майса, аунасаң үстіңе шаң жұқпайды. Сыпайыгершілік емес, мұны шақырғаным деп біл. Ауылға келіп, Жүндібайдың сыйын көр!— деді.

— Ә, рақмет, дәм айдаған күні барып қалармыз.

— Өзінді күтем.

Глинов Жүндібайдың жеңінен тартып, шетке оңаша шығарып алып:

— Жөке, кішкене өтінішім боп тұр. Біздің үйде әйел жоқ, мен жалғызбын. Үйге мейман келген еді. Майданда бірге боп, ботқаны бөліп жеген дос едік. Жолы түсіп осында келіп қапты. Қонағымның күйі болмай тұр. Ел-жұртты көрсетіп қайтайын десем қол тимейді. Соны ала кетсең қайтеді?

— О, не дегенің машинаны аяйды дейсің бе? Бізбен бірге жүрсін! Сенің мейманың, менің қонағым емес пе?

— Көкталда қарындасым бар. Сонда тоқтар. Ол кісінің саған ауыртпалығы түспейді.

— Ой, Сидор, қайдағыны айтады екенсің. Қонақтан Жүндібай ортаймайды. Келсін, жүрсін, ауыл тамашасын көрсін.

— Қашан қайтасың?

— Күн қызбай тұрғанда Жетібайға жетіп алсақ па деймін. Онда аялдап, кешкі салқынмен әрі жүріп кетерміз.

— Ол өзі шайхананың алдынан сіздерді тосып алар. Мен бармай-ақ қояйын. Қойманы тастап кете алмаймын. Біреулер іздеп қалар.

— Кісіден қашпаймыз, кам жеме.

Машина қоймадан ұзап шыққанда, Жүндібай ыңылдап ән салды. Көңілді. Шайхананың тұсына тақағанда:

— Бала, алдында ит көпір бар, ені тарлау еді. Байқап өт, омақасып жүрмейік,— деді.

Шайхананың алды шалшық су екен. Көше арығының суы тасып, жолды лайлап тастапты. Машина өтіп барып, құрғақ дөңеске тоқтады. Жүндібай кабинадан басын сұғып:

— Күн қызбай жүріп кетсек тәуір болар еді. Әлгі неменін қонағы қайда?— деп жан-жағына қарады.

Черноносков теректің қалқасында, көлеңкеде тұрған. Машинаның тоқтағанын, ондағы кісілердің әр қимылын бағып тұр. Өзін күткенін байқап, аздан соң машинаға қарай аяндады. Бет-аузы тілім-тілім, қызыл шақа кісіні көргенде Жүндібай шошып кетті.

— Бала, мынау не ғылған адам? Түрін қарашы, мынау құбыжық сайтан ғой!— деп Жәмішке тығыла түсті.

Черноносков Жүндібайдың қимылынан өзін ұнатпағанын сезді. Бірақ сыр бермеді. Тақап келіп сыпайы амандасты.

— Сәлеметсіз бе?— деп басын иді.— Көкталға жүретін машина осы ма екен? Мені Сидор Найденович жіберіп еді.

— Ашырапов деген сен бе? Атың Ғанауди ғой?

Черноносков басын изеді.

— Отыр, кеттік,— Жүндібай иегімен бортты нұсқады.

Түс ауа машина Жетібайға жетті. Көк шалғын төбенін үстінде көк сырлы күмбезі бар төрт құлақты мазар құлазыған даланың сақшысындай алыстан жарқырап көрінеді. Айналасы қалың құрақ, көл Жабайы үйрек, қаздардың қиқулаған үні естіледі. Бұл маңның ауасы да бөлек. Жүрек қабатын ыстық леп емес, сарайыңды ашып, сергітетін теңіз ауасындай жұмсақ, нәрлі.

Черноносков жақын ксп қарады. Мазар екі қабат үйдін биіктігіндей, қызыл және көк кірпіштен өріліп, қиюлап салынған. Бояулары шыны секілді, жылтыр, кісінің көлеңкесі түседі. Қабір үстіне ақ мәрмәр тас қойған екен. Айна секілді. Черноносков үңіліп қарап тұрды да, өзінің жүзін көріп, шошып, мазардан шапшаң шықты.

Жәміш көлеңкеде қоржыннан тоназыған ет алып, консерві ашып, тамақ қамын жасап жатты. Черноносков қызыл алашаның үстіне қисая жатты. Бір рюмкадан ішіп, етті ала бергенде, бұлардың үстіне мотоцикл айдаған екі жігіт келді.

Чернонососов бұлардың қарасын көргенде абыржып, дастарқаннан сырыла берді. Жүндібай:

— Ей, Ғанекс, тамақ алмадың ғой,— деп, Чернонососовты дастарқанға жақын отыруға өтініп, келген екі жігітті таныстырды.

— Мына мотоцикл айдап келген жігіт біздің райпотребсоюздың бастығының баласы, аты Әріпбай, өзі мұғалім. Ал қасындағы бала аудандық асханада істейді. Атасы Жолбарыс аруақты кісі болғанымен, бұл шірік неме оқудан кенже қалыпты. Бакытжан палуан деген осы, төрт кісі көтере алмайтын қанарды иығына салып жүрс береді. Қызкеліншектердің қызғанышы,— деп, Жүндібай ішегін тартып, шикылдап күліп сөзін аяқтады.

Чернонососов дастарқан үстінде екі жігіттен көз алмады. Олар мұнан жиіркеніп, қарамай, теріс қарап тамақ ішіп отыр. Әйткенмен қатер барын сезгендей Чернонососовтың жүрегі қобалжи берді. Арақ та батпады.

— Күннің қызуы қайтқанша көз шырымын алайық, салқын түсе шықпасак, бәрібір жүріс өнбейді!— деп, Жүндібай қазір жолға шықпайтынын айтқанда, Чернонососов “Елсіз иен далада мені кім аңдиды дейсің, соншама үрейленгенім не?” деп ойлап, плащын төсеп, мазардың түбіне қисая кетті. Арақ бойын балқытып, көзі ілініп кеткен екен. Гүрілдеген дыбыстан шошып оянды. Көкшіл аспанды тіліп, ақ шуда із қалдырып нысана-самолеттер ұшып барады, бағыттары бөлек бытырап, жан-жаққа ұшқан. Ұзын саны алтау. Чернонососов ішкі қалтасынан қара көзілдірігін алып, жалма-жан киді. Дәл қазір таңғажайып оқиғаның болатынын іші сезгендей еді. Солай да болды. Қарсы қыраттың астынан жер-дүниені сілкіндірген ракета атылды. Аспан төріне жақындағанда жалын жарқ ете түсті. Әп-сәтте алты нысана-самолет аспанда жанып жоқ болды. Чернонососов өз көзіне өзі сенбегендей қимылсыз біраз уақыт жатты. Бір снаряд көтергішпен алты самолет атып түсірілді.

Чернонососов жан-жағына абайлап қарап, көзілдірігін алып, бүктен қалтасына салды. Ол мотоциклдің түбінде сығалап, аңдып жатқан Бакытжанды ұйықтап жатыр деп ойлады. Әріпбай:

— Күн қайтты, жүрейік!— деп, жұлқылап оятқанда, Бакытжан тәтті ұйқыны қимаған кісі секілді ыңыранып, керілді, жуық арада тұра қоймады. Әріпбай мотоциклді от

алдырып, дырылдатқанда ғана басын көтерді. Черноносовқа қараған жоқ, жуынып жинала бастады.

Черноносов айдалада, мынадай “аңқау адамдардан” қорыққанына күліп, өзін-өзі мысқылдағандай басын шайқады. Асфальт жолмен төмен зымырап бара жатқан Бақытжандарға қарап тұрып, танауын тыржитты.

Дұшпан агентінің қалада екенін және Черноносов деген атпен жүргенін әбден анықтап білгеннен кейін майор Бөгембаев Көкталдан Бақытжанды шақырып алып, оны оқиға жайымен таныстырған еді. Жау агенті ынжық емес, үрікпей, өршелене қимылдайтын қатал, жауыз адам. Одан бар жамандықты күтуге болады. Ол әр түрлі атпен, әр түрлі жағдайда кездесіп қалуы мүмкін. Қазак тілін білуі де ықтимал. Бақытжанның осы жағына назар аударғаны жөн. Бірсу күдік туғыза қалған күнде дабыра көтсермей, әбігерленбей, ақылмен әрекет жасауға кеңес берілді. Ең дұрысы Нәсірге алдын ала телефон соғып, онымен ақылдасқан дұрыс десті.

Жас мұғалім Әріпбай “Урал” мотоциклін сатып алып, көшеде қикалақтап жүрген жерінде Бақытжанға жолығып, ол жүрудің әдістерін үйреткен еді. Содан екеуі жолдас боп кеткен. Бақытжанды шақыртқанда, қалаға шапшаң барып қайтуға оңтайлы көлік мотоцикл деп білді. Екі кештің арасында жол жүруге ұсыныс жасағанда, Әріпбай:

— Түнде жүру қауіпті емес пе? Соншама асыққаның не?— деп таңқалды.

— Асхана меңгерушісі мені бір-ақ күнге босатты. Ертен қайтып оралуым керек. Түнде жүріп кетпесем, үлгермеймін. Маған қалай да қалаға бару керек. Өзің білесің, ол қызбен танысқаным біраз күн өтті. Лайықты сый тарта алмай жүрмін.

— Мен түнде жүріп дағдыланғаным жоқ, мотоциклді өзін айдайсың,— деді Әріпбай.

— Қам жеме, жол түнде де жақсы көрінеді!

Қаладан Бақытжан ескеуінің қайтқан бесті осы еді. Жетібай қыратынан асқаннан кейін Бақытжан мотоциклді өзі айдады. Ойпаңнан орғытып, төмпешік жерден секіртіп, бар шапшаңдықпен ағызып келеді. Әріпбай әрең отыр. Бірақ жай жүрейік деп тілек айтпады. Алтыншаштай ару күтіп тұрғанда бұл қалай ақырын жүрсін деп ойлады.

Ғанауди Ашыраповтың отырыс-тұрысы Бақытжанға ұнамады, күдікті көрінді. Қара көзілдірікті ол радиомен басқарылатын нысана-самолеттер жан-жаққа бытырап

ұшқанда салды, көзінің алыстан көрмейтін кемдігі болса, неге ол көзілдірікті үнемі киіп жүрмейді? Нысана-самолет ұшқан кезде кигені қалай?

Үш сағаттан кейін олар Көкталға жетті. Он бес минуттан соң Бақытжан майормен сөйлесті. Жетібайда өзінің нағашысына ұқсас бірсуді көргенін, жіті тани алмай қалғанын айтқанда, Нәсір қысқа жауап қатты:

— Ертең аған барады, оны тосып ал!—деді. Күн жексенбі еді. Үлкен екі қабат үйдің астыңғы жағы асхана іспетті де, бүкіл үстінгі этажи “Рахат” рестораны аталатын. Ресторанның іші кұжынаған халық, сыртта есік алдында кезек күтіп тұрғандар бар. Бақытжан бұрыштан, кісі көзінен тасалау жерден Талғатқа орын сайлап қойған. Ал өзі Алтыншаш екеуі екі кісілік столда тамаққа заказ беріп, салқын сусын ішіп отырған. Қабырға тұтас әйнек. Көшедегінің бәрі көрінеді. Есік алдында машинасын тоқтатып, жолаушыларын түсіріп, ақшасын есептеп жатқан Талғатты Алтыншаш көріп қалды. Бақытжанға ымдап, әйнекті саусағымен тысырлатып:

— Бақытжан, сіз мына жігітті таныдыңыз ба? Сізді шілдеханаға кешігіп қалғанда апаратын шофер емес пе?—деді.

Бақытжан орнынан тұрып, көшеге қарады. Капитан Майлыбаев Талғат келген еді. Ол Бақытжанға жолықпай кайтпайды. Оны қалай ресторанға кіргізіп алады? Қасында Алтыншаш отыр. Бақытжан ойланып, сылтау тапқанша, Алтыншаш өзі ұсыныс жасады:

— “Бір күнгі танысқа қырық күн сәлем” де. Сонау ыстықта бізді шаршатпай, жалықтырмай әкелген еді. Егер сіз қарсы болмасаңыз, мен ертіп әкелейін,—деді.

Талғатпен әңгімеде Алтыншаштың отырғанын Бақытжан қаламап еді. Бұған Талғаттың қалай қарайтынын кім біледі. Бақытжан қызғаныш жасаған болып:

— Қасымызда орын жоқ қой,—деп сылтау айтты.

— Мына жерге орындық қоюға болады,—деді Алтыншаш танқалғандай қасын керіп.— Сіз сауық кештен кешігіп қалғанда, алыс жолдан өзінің шаршағанына қарамай қызмет жасағанда, сіз бос орынды қимайсыз. Бұл қалай?

Талғат бұл мезгілде ресторанға кіріп те үлгерген еді. Кісі көп кезде швейцардың күтырып кететін әдеті ғой.

— Әй, кәззап, кісін қайсы? Сен өтірік айтасың?—деп, енгезердей дәу қара швейцар Талғаттың көкірегінен итеріп, ішке жібермей, ұрсып тұр.

Алтыншаш швейцарға жетіп барып:

— Сіз айқайламаңыз, мына кісіні жіберіңіз! Мен күтіп отырмын!— деп Талғаттың жеңінен тартты. Швейцар су сепкендей жуаси қалды.

Ресторан ішінде бір топ серігімен Жүндібай да отырған. Столы Алтыншашқа тақау еді. Қыз бен жігіт арасындағы әзіл-әңгімені естіп іші удай ашыды. Сұқ қолын шошайтып, көтеріп белгі беріп официант әйелді қасына шақырды. Балтыры келсаптай домаланған семіз әйел еңкейіп, жабысып Жүндібайдың сөзін тыңдады.

— Сәлима, мына қыз қайдан келген? Бұл өңірде көрмеген адамым ғой. Аулында мұндай періште барын неге айтпай жүрсің. Көмейіңе тыққаным аз ба еді?

— Бұл қыз — алматылық, осында практика өткізуге келіпті.

— Аты кім? Өзің, былай, танысың ба?

— Неге танымайын. Мына “Көлбастауда” жақын құдамыз тұрады. Соларға жиеншар көрінеді. Аты Алтыншаш, атына лайық өзі де әйбәт қыз. Құданың келіні босанған еді. Шілдеханада бірге болды,— деп, Сәлима қыз жайында өтірік-шыны аралас бірталай әңгіме айтып тастады. Сәлиманың өз басы Алтыншаштың “Көлбастау” колхозында балаларды емдеп жүргенін естігені болмаса, онымен ауызба-ауыз сөйлескен емес. Жүндібайдың катын-баласын тастап, бұл жаққа салт келгенін білетін-ді, мәгаріш дәмстіп әдейі айтқан. Жүндібай Сәлиманың саусағының арасына қызыл құлақ он сомды бүктесп тығып жіберді де, ақша ұстаған қолын жібермей:

— Осы қызға сөз салып берсең қайтеді?— деп, тілск айтты.

— Ойбай-ау, ол ауылдың кең стек қызы емес, оқыған неме, айтқаныңа көне ме?!

— Өзінің мамандығы не?

— Бала емдейтін дәрігер.

— Дәрігер ме? М-м-м.— Жүндібай ернін жымқырып, ойланғандай басын қисайтты.— Анау қасындағы кісісі кім?

— Танымадың ба, төменгі асханада істейтін бала емес пе?

— Қойшы, оны білем ғой. Жаңа есіктен кіргізіп алған жігітті сұрап тұрмын.

— Ол қала мен аудан арасында кісі таситын таксидін шофері. Одан несіне сескенесің,— деп Сәлима Жүндібайды қайрап қойды. Стол басындағы жігіттер бұл екеуінің сөзіне

мән бермей, өзара күжілдесіп, бірінің сөзін бірі қакпайлап, жоқтан өзгені сөз етіп таласып отырған. Әңгіменің не жайында скенін ұғып, ден қоя бастады. Жапырыла бұрылып құлақ түрісті. Жүндібайдың қасындағы күжірейген қара жігіт Кәрім Сәлиманың қолтығына қолын жүгіртіп, бөксесін сипалады. Сәлима құр қолды қайтсін:

— Кісінің денесін босқа жыбырлатпашы!— деп Кәрімнің қолын қағып жіберді.

— Еркек көрмегендей мұнысы несі екен-ә!— Кәрім жан-жағына қозғалақтап қарап, кеңкілдеп күлді. Серіктері желігіп іліп әкете ме деп еді, ешкім қостай қоймады.

Жүндібайдың көңілі Алтыншашта еді. Ол креслоның қырына шынтағын тіреп, жантая қисайып, Алтыншашқа естірте:

— Шікірсейіп отырғанға мыналар кім десем, асхананың жуындысын төгіп, алыпсатарларды тасып жүрген өзіміздің ауылдың мырзалары екен ғой,— дегенде Кәрім құлап кете жаздап, шалқасынан түсіп карк-карк күлді.

— Әй, Жөке-ай, қатырдың-ау мыналарды. Бұл шіркіндер аяғын дұрыс баса алмай жүріп қызды қайтеді екен-ә?— Кәрім тауып айттым ба дегендей өзінен-өзі тағы ыржалақтап күлді.

Алтыншаш екі беті дуылдап, көзінен ұшқын атып, мас тобыр топқа ашулы көзбен жалт қарады. Осы сәтте Бақытжан Талғатқа бұрылып, сыбырлады:

— Анау ортадағы Сатпақов деген сатушы, кеше Ашырапов осылармен қаладан бірге келді. Бірақ бүгін оны ешқайдан көре алмадым.

Талғат түсінгендей басын изеді. Алтыншаш Талғат пен Бақытжанның күбірлегенін байқап, төбелескелі отыр деп ойлады ма:

— Мас адамдарға тиісіп қайтесіңдер, әңгіменің шырқын бұзбай тыныш отырайық. Өздері босқа сөйлеп, шаршап қояр,— деді.

— Осы жолы тіліңізді алам, ал олар мазақтап тиісіп, қоймайтын болса, қарымын қайтаруға тырысам. Қыз алдында ынжық болғым келмейді,— деп Талғат күлді.

— Сіздің көрген Ашыраповыңыздың ұлты татар, оны орталық қойманың меңгерушісі Глинов деген біреу

Сатпақовқа таныстырған,— деп Талғат машинаға отырып жатып милициядағы әңгімені Бакытжанға бастан-аяқ айтып шықты. Ашырапов аудан орталығына кіре берісте, бұрынғы шошқа фермасының тұсында түсіп қалса керек. Қоштасқан кезде Сатпақовтың телефонын жазып алыпты. Бірақ әлі хабарласпаған. Талғат жас серігіне бұрылып:— күдіктенген адамыңды тексергенде білгенім осы. Кәсібі — шофер, әрі сағат жөндей алатын көрінеді. Сатпақовтың ескі сағаттарын жөндеп беруге уәде беріпті.

— Ашыраповтың кімнің үйіне тоқтағанын Сатпақовтың білмегеніне таңым бар. Олар біріне-бірі жанашыр, жақын әмпей кісі секілді еді. Әуелі “Көлбастау” колхозының жайлауына бірге қыдырмақ боп отырған. Енді оның қайда кеткенін Сатпақов білмей қалған. Түсінбеймін.

— Сатпақовқа күдігің бар ма?

— Мен оны шекаралық ауданнан білемін. Кәрі мылжын. Бір жолы документін тексергенім бар.

— Мұнда сені танымады ма?

— Алғаш көргенде бас-аяғыма қарап: “О, тоба, адамға адам ұқсайды екен-ау”,— деп таңқалып кеткені бар. “Таныдыңыз ба?” дегенімде: “Жоқ, ол сендей тұрпайы емес”,— деп, қарамай жүріп кетті, соған қарағанда, шырамыта алмаған секілді.

— Сатпақовтың сені білмегені жақсы.— Талғат машинаны аудан сыртындағы өзен жағасына қарай бұрды.— Қайткенмен де, Ашыраповтың қайда аялдағанын білгеніміз жөн. Сенің күдігіңді анықтамай, маған қайтуға болмайды. Қылығына қарағанда “сол Ашыраповың Черноносое емес пе екен” деген ой келеді. Сатпақовтың сөзіне нансақ, ол мұның бәрін Глинов үшін жасадым, соған ісім түсіп қала ма деген айлам еді дейді. Алғаш Ашыраповтан өзі де шошып кетсе керек. Түсінен кісі қорқады дейді. Сол рас па?

— Ұсқынсыздығына дауа жоқ. Бірақ кісі үрейленстіндей емес. Менің бір байқағаным жара қызыл шақа, әлі жазылып бітпеген. Әсіресе қасын тіліп өткен сол жақ жарасы майы шығып ырсиып тұр. Көзінен жас тыйылмайды. Сірә, зақымданған сияқты. Сөйлер алдында тілін жылмандатып, ерінін жалап алатын әдеті бар.

— Иегінің үстінде сүйелі жоқ па?

— Сүйел түгіл, сақалды да байқай алмадым. Иегі жып-жылмағай.— Бакытжан Талғатқа таңқалған пішінмен бажырая қарап:— Оны несіне сұрадыңыз?— деді.

— Қуғыннан құтылу үшін арнайы жасаған пастамен бет-ауызды құбылтып, өзгертіп алуға болады. Ашыраповтың бетінің кісі көргісіздігін айтқанда, Қалампырдың сөзі есіме түсті. Черноносостың иегінің үстіне жасанды сүйел жасап алғанын алғаш көрген сол ғой.

— Ашырапов деген атпен жүрген Чернонососты демексіз бе?

— Өзің қалай ойлайсың?

— Суретке карағанда, бұл екеуінде ұқсастық бар секілді.

— Мен Ашыраповты әлі көргенім жоқ. Сондықтан айта алмаймын. Мынадай шүбәлан кезде біреу күдік қалдырса, оның кім скенін тексеріп, анықтаған жөн. Егер Жолбарыс мазарының басында көргенің шын Ашыраповтың өзі болмай, басқа біз іздеп жүрген Чернонососты кезіксең, одан барлық қулық-сұмдықты күтуге болады. Бәлкім, ол Сатпақовқа бұдан былай жоламауы ықтимал.

— Жоламағаны қалай?

— Біріншіден, Сатпақов оның қалада қайда тоқтағанын біледі. Екіншіден, ол аузында сөз тұрмайтын мылжың адам. Кез келген сәтте арандатып кетуі мүмкін.

Бақытжанға Талғаттың сөзі қисынды көрінді. Ол біраз ойланып отырып:

— Чернонососты бұл өңірді жақсы білмейді. Өзіне сәрік іздеп бір жерге табан тіреуді көздейді. Сонда ол қайда тоқтайды деп ойлайсыз?— деді.

— Оның қайда аялдайтынын айту қиын. Меніңше, ол слеусіз адаммен танысуға тырысады.

— Сонда кімді паналайды деп ойлайсыз?

— Бәлкім, тура саған келуі ықтимал.

— Маған ба?

— Иә!

— Жолдас капитан, сіз әзілдеп отырсыз ба?

— Шын айтып тұрмын, Бақытжан. Мұнда таңданатын ештеңе жоқ. Сен қарапайым, слеусіз адамсың. Үйің бөлек, оңаша тұрасың. Бойыңда қайрат, күш бар. Көмек көрсетуге жарайсың. Ондай адаммен неге “таныспасын?” Генерал сенің осында қалуыңды мақұлдағанда, әуелде осыны ескерген бе деймін.

— Мен бұрын бұлай ойлаған жоқ едім. Егер жау агенті кезіге қалса қайтем?

— Біз Чернонососты іздеп жүрміз. Ал Ашыраповтың кім скенін, қайдан келгенін білмейміз. Сондықтан күн ілгері кеңес

айту қиын. Жазықсыз жанға жабысып, босқа уақыт өткізудің де жөні жоқ. Бір сөзбен айтқанда, өзің байқап көр. Егер Ашыраповты көре қалсаң маған дереу хабарла, мен гаражда болам. Ертең сағат онға дейін сенің телефон соққаныңды күтем.— Талғат өзен жағасында кеуделерін жалаңаштап, күнге қақталып жатқан адамдарды көріп:— Сені мына жерге түсіріп кетейін. Ақшаны машинадан шыққан соң төлсерсің. Такси ақысын төлегенінді мыналар көрсін. Әзірге, қош бол!

— Егер мен телефон соға алмасам, онда өзің асханаға келіп білерсің.

— Мақұл

Бақытжан таксимен есеп айырысып, өзенге келді де, шапшаң шешініп суға түсті. Қас қарайғанша өзен жағасында жатты. Ашырапов деген атпен жүрген Черноносков болса қайтеді? Оның алдында өзін ұстай ала ма? Қандай әрекет жасағаны жөн? Оңашада осындай ой маза бермеді. Түнді де тынышсыз өткізді. Таңертеңмен асханаға келгенде, ол өз көзінс өзі сенбеді. Ашырапов бұрышта жайбарақат тамақ ішіп отыр. Бір жақ шекесін, көзін таңып алған. Дәкенің шетінен жаңа жараның таңбасы білінеді. Аспаз есік алдында состып тұрып қалған Бақытжанды көріп:

— Әй, жігітім, бері кел!— деп қасына шақырды. Бақытжан жанына келгенде:— Әлгінде менгеруші келіп кетті. Байғұстың жар құлағы жастыққа тимей зыр жүгіріп жүр. Бүгін-ертеңдер әскери бөлімшеден бір батальон әскер келетін көрінеді. Егін жинауға көмекке келе жатса керек. Өздерінің машина құралдары бар дейді. Өзін білесің бізде жас картоп, капуста аз. Әскер келсе, тамаққа салуға жетпей қала ма деп, менгеруші базға кетті. Сен ешқайда кетіп қалып жүрме, анау-мынау әкелсе түсіруге көмектесерсің, осында бол,— деді.

— Шайыңыз бар ма? Бір шайнек қара шай берші,— деді Бақытжан аспаздың сөзін мақұлдағандай басын изеп.

— Таң атпай шөліккеснің не? Тамақ ішпейсің бе? Өкпе-бауырдан ащы қуырдақ қуырып қойдым.

— Рақмет, ағай, тамаққа зауқым жоқ. Қара шай берсең жарайды, кеше ресторанда аздап ішіп едік. Басым ауырып тұр.

— Білдім, көкем, айтпасаң да білдім!— деп, аспаз ішегін тартып шикылдап күлді.— Бәсе, кешс келін бала келген екен ғой. О, шіркін, жалт беріп неге жоғалып кетті деп едім. Шыдамай, өзі іздеп келіпті ғой. Жарайсың, жігітім!

— Ағай-ай, сіз де қайдағыны таңа береді екенсіз. Қаланың хас сұлуы даланың далбақ үлегін қайтсін.

— Өй, жаман неме, өзін қыздан төмен санағаны несі, ол да сен туған жерден шыққан. Былжырамай еңсенді көтеріп жүр. Қолыңа қонған бақыттан айырылма, артқы айылыңа берік бол!— деп аспаз зекіген болды.

— Жарайды, ағай, ақылына күп!— Бақытжан қызарактап күліп, басын изеді де, шайнекті алып, ыңғайлы бос орынды іздеді. Ашыраповтың қасынан өте бергенде, ол орындықты сырғытып, отыр дегендей ишарат етті. Бақытжан:

— Рақмет,— деп бас изеді де, шай ішуге кірісті.

Ашырапов әлден соң тіл қатты:

— Біз сізбен таныс адамдар сскілдіміз. Мені танымадыңыз ба?

— Бір жерде көрген сияқтымын. Есіме түсіре алмай отырмын.— Бақытжан жорта топастана ыржиды.— Бізге асханаға кісі көп келеді. Оның қайсыбірін жадында сақтай бересің.

Ашырапов жалғыз шегір көзін қадап:

— Жас жігіттің мұндай ұмытшақ болуы жараспайды,— деді де алдындағы кара кофеге ернін тигізіп қайта қойды.— Біз жолда, Жетібайда жолыққан сскілді едік.

— Жетібайда дейсіз бе?— Бақытжан ойланғандай түр көрсетті.— Түу, енді есіме түсті. Сатушы Сатпақовпен бірге келген сіз екенсіз ғой. Атыңыз кім еді? Ғанауди ме? Иә, солай. Жаңылмасам, жақын жекжатыңызға келе жатқан сияқты едініз. Қалай, туысыңызды таптыңыз ба?

— Табуын таптым-ау, бірақ үйінде жоқ. Колхозға жұмысқа жіберіпті.

— Онысы қиын болған екен.— Бақытжан өкініш білдіргендей орнынан тұрды да, таза кесе алып, Ашыраповқа шай кұйды.

— Ақыры келген соң, жолығып қайтсам деймін. Қазір қолым бос, не бітірем.

— Демалыста жүрсіз бе?

— Мен автобазада шофер боп істейтін едім. Қазақстанға келгендер астық жинауға қатысып, мол табыс тауып қайтады екен. Біздің базаның шофері тың жерде екі жыл жұмыс істеп, ауылға барған соң, судай жаңа машина сатып алды. Мен де өз бақытымды сынайын деп келдім.

— Осында жұмыс істеуге қалмақшы екенсіз ғой.

Ашырапов көзін тайдырмай:

— Кеше радиодан берілген хабарландыруды естіп, шофер керек деген соң, осындағы автобазаға барып едім. Колхозға жұмысқа жіберетін кісі таба алмай әбігерленіп, зарығып отыр екен, “Колхозға барасың ба? Көп ақша тауып қайтасың!” — деп жатып жабысты. Ойланып көрейін дедім. Табыс іздеп келген соң, асықпай орналасқаным жөн ғой. Ауданнан барып тұрғаным пайдалы ма, әлде колхоздың өз ішінде жұмыс істегенім дұрыс па? Осы арасын ажырата алмай жүрмін.

Бақытжан өзіне қадалған шегір көзден тайсалмай Ашыраповтың әр қимылын бақты. Оның түр-түсінен Черносовқа ұқсастық барын байқай қоймады. Осы маңға пұл қуып, табыс іздеп келгендердің бірі сияқты көрінді. Осындай ойдан ба, өзін бір сәт босандау, қаперсіз ұстады.

— Меніңше, ауданнан барып жұмыс істеген пайдалы ма деймін. Мұнда айлығың сақталады, әрі жолыңа, күнделікті тамағыңа ақша төлейді.

Ашырапов оқыс сұрақ қойды:

— Сіз неге шоферліктен қаштыңыз?

— Қашқаны қалай? Түсінбедім.

— Байқауымша, сіз техниканы жаман меңгермейсіз. Қалыңдығыңыздың колхозда тұратынын есіттім. Сізге шофер боп істеу пайдалы емес пе? Дені сау, соқталдай жігіттің жүк түсіріп, жуынды төгіп жүргені қалай?

Бақытжан мұндай тосын сұрақты күткен жоқ-ты. Шапшаң ессін жиып, ширығып, аз-кем ойланды. Уақытты ұту үшін қарқылдап күліп, шашалған боп ұзақ жөтелді де:

— Бар табыс машинаның үстінде деп ойлайсыз ба?— деді аузы-басын орамалмен сүртіп,— менің мұнда елден кем табыс табатынымды қайдан білесіз? Өзіңіз көріп отырсыз, денім сау, еңгезердей жігітпін. Күніне скі-үш кісінің ішкен тамағын бір өзіме көп демеймін. Айына жүзден асырып теңге таба қояйын. Ол несе жетеді. Мұнда ішіп-жемім тегін, көлденең табыс та түсіп қалады. Айлықтың мұрты бұзылмайды.

— Ауыр, былғаныш жұмыс қой.

— Официанттық жұмыс ауыр. Күні бойы зыр жүгіріп жұмыс істейді. Бірақ оны басқа жұмысқа ауыстыра алмайсыз. Әуелі көшедегі су сатушы да машина айдауға ықылас білдірмейді. Өйткені оның су үстіннен тапқан табысы аз емес. Бауырым, табыс табудың әрқилы жолы бар. Кім қайсыған дағдыланса, соны кәсіп етеді.

— Оның рас,— Ашырапов басын изеді.— Официанттар ешкімнен кем таппайды. Күніне үш-төрт қызыл сары күлақтан айналдыратын көрінеді.

— Өздерінің жұмыстары да ауыр. Байғұстар күні бойы тыным таппайды. Оның үстіне мастар да кикақтап мазасын алады. Бұл бейшаралардың алған ақшасы адал ғой.

— Кәсібіңіз жақын-ау, мақтап жатырсыз. Тіпті шаң жуығатын түріңіз жоқ,— Ашырапов ащы шайды сімірді де:— Кеше ресторанда төбелес бопты деп естідім. Сірә, официантканы біреулер қызғанған білем. Неғылған жанжал, білмедіңіз бе?

Ресторан ішіндегі кешегі керістің неден басталғанын көргендер көп. Дәрігер қызға таласып, қырсық бәле содан басталыпты деген сыбыс тарап кеткен. Оны Ашыраповтың естімей қалуы мүмкін емес. Жорта сұрағанын байқап, Бақытжан шындықты бүккісі келмеді.

— Дабыра қылатын дәнсеңе жоқ. Ауылдан келген бір-екі жігіт жай отырмай ішіп алып бізге тиісті. Жұрттың таратып жүргені сол шығар.

— Сіздің қалыңдығыңыз сол ма еді?

Бақытжан оның сұрағын естімегенсіп, сөзін жалғастырды.

— Шофер қасымдағы қызды әңгімемен үйіріп әкетіп барады. Мен байғұс жайыма қалдым. Қаңғыбас шоферден қалай құтыларымды білмей, тиісуге желсеу таппай зығырым қайнады. Тілеуің бергір, сол кезде әлгі жігіттердің шоферге ұрынғаны бар емес пе! Айтқандай, олардың арасында жүрген сіздің танысыңызды көрдім.

Ашырапов таңданған пішінмен иығын көтерді.

— Менің бе? Ол кім? Қайдағы таныс?

— Осындағы райпотребсоюздың сатушысы. Есіңізде ме, сіз оның машинасымен қаладан бірге келдіңіз ғой деймін.

— Ә-ә, анау семіз екен ғой.

— Ол төбелеске қатысқан жоқ.

Черноносов таңертемен Бақытжанның жолын тосып, асханаға келгендегі мақсаты осы жайды анықтап біліп алу еді. Милиционерлер мен халық жасақшылары айдап бара жатқан кісілердің ішінен Сатпақовты көріп, зәресі кеткен. Оны қамап, тергеуге ала ма деп қорықты. Сатушы Сатпақов Глиновтың атын атаса, Зинаның ол үйге келіп жүргені оңай әшкесреленеді. Глиновқа іші сенбейді.

Сатпақовтың тергелмей құтылғанын естігенде, көңілі жай тауып, жадырап көңілденді:

— Тамам жігіт көз тігіп, таласып жүрген қызда, сірә, арман бар ма? Солардың арасында байғұс сатушыға не жоқ екен? “Бұканың өзі қартайса да, мұрыны қартаймайды” деген осы-

ау!— Ашырапов селкілдеп күліп, кесесін көтере бергенде асханаға Талғат кірді. Кешегі уәде бойынша олар сағат 10-да орталық магазин ішінде кездеспекші еді. Бақытжан хабарласпаған соң, Талғат өзі келді. Асхана ішінде адам толып отыр. Көбі осы маңдағы колхозға баратын автобус күткен жолаушылар. Талғат кірген сәтте Бақытжанның Ашыраповпен шай ішіп отырғанын байқады да, жүзін тайдырып, шапшаң бұрылып:

— Кім қалаға барады? Бір орын бос, кейін такси таппай өкінесіздер! Қане, қалаға барғысы келетіндер бар ма?— деп, айқайлай бастады.

Ашырапов тік отырған бойы, қозғалмай ақырын сыбырлады:

— Кешегі төбелескіш шофер осы ма? – Бақытжан бас изсп, жақтырмағандай танауын тыржитты. Есіктен жылаған баласын жетектеп әйел кірді. Талғатқа:

— Қайным, мына боздақты тамақтандырып алайын. Жүдә, жылап мазамды алды. Кішкене күте тұрасыз ба?— деді.

Талғат желкесін қасып:

— Ертсерк жүріп кеткеніміз өздеріңізге жақсы. Күн шыжыған соң, машинаның ішінде отыра алмайсыздар. Тамағын тезірск ішсін!— деді.

— Көп жаса, қалқам!— деп Ұлша риза болды. Шофердің жылы шырайын байқап:— Жолда Жолбарыс атам бейітіне соға кстетін шығармыз.

— Ақысын төлесеніз Бұхар мазаратына да апарам,— деп күлді.

Ашырапов отырған қалпын өзгертпестен:

— Ақшақұмар сайтан екен!— деді.

Бақытжан қалыңдығынан “дәмелі” шоферді көргісі келмегендей орнынан шапшаң тұрып ас үйге кетті.

Черноносов Талғаттың қасына келіп:

— Бос орын бар екен, мені “Пригородный” совхозының үшінші фермасына апарып тастамайсың ба? Осыдан отыз шақырым жер, дәл жолыңда,— деді.

— Артқы кабинаға отырасың. Қасымда мына жеңгей бар,— деді де официантты шақырды.— Ақшаны аяғаным болмас. Мен де жүрек жалғап алайын. Қарағым, маған күріш ботқасын бере қойшы. Шайды қантсыз әкел!— деді.

Ашырапов тысқа шығып кеткенде Талғат қалтасын сипалап:

— Темекі алу керек екен!..— деп буфетке беттеді. Онда көп бөгелмеді. Столға отырып, ботқаны жеуге кірісті.

Асхананың сыртқы есігі жартылай ашық еді. Ашырапов шофердің буфетке барғанын, тамақ ішкенін есіктен сығалап көріп тұр.

Машина қала жолына түскенде, Ашырапов қалтасын сипалап:

— Темекі алуды ұмытып кетіппін,— деді де Талғатқа:— сигаретіңіз жоқ па?— деді. Талғат қалтасынан басталмаған сигаретаны ұсынды. Ашырапов шофердің буфеттен темекі алғанын, не алмағанын білу үшін әдейі сұраған еді. Сигаретаны алып, тұтатып:— Сіз тартпайсыз ба?— деді.

Талғат қанша әуреленсе де темекі тартуды үйренсе алмай-ақ қойған. Ол Ашыраповтың өзіне:

— Мені өзімнің темекіммен сыйламақсың ба? Жомарт екенсің!— деп ұсынған сигаретаны құтысымен қолынан жұлып алды да, қалтасына салды.— Біреудің ессбінен сыйлауды қойғын!

— Кешір, машина айдап келе жатқан соң, қолы босамай отыр ғой деп едім.

Талғат шамданғаны басылған кісідей:

— Тәтті ботқаның дәмін аузымнан кетіргім келмейді. Кейін тартармын,— деді.

Бұдан кейін Ашырапов сшкіммен сөйлескен жоқ. Колхоз фермасының тұсына келгенде, рақмет айтып, машинадан түсіп қалды. Жол ақысына бір сом төледі. Асыққан кісі секілді ұзын жолдан жүгіре жалғыз аяқ соқпаққа түсті. Шынында, оның фермаға баратын сшқандай жұмысы жоқ еді. Ресторан ішіндегі жанжал, Сатпақовты милиция бөлімшесіне шақыртуы, дені сау соқталдай жігіттің асханада жұмыс істеп жүргені оған үлкен күдік қалдырған еді. Оның шекарадан өткеніне үш айға тақап қалды. Осы уақытқа дейін ол күдіктенумен, қоркумен тіршілік кешіп келді. “Дала полигонының” скі сынақ маневрі өтіп кетті. Енді одан әрмен күтуге уақыт тығыз. Жетібайда түсіріп алған суреттері үлкен маневр алдындағы сынау сабақтар.

Әрине, осы суреттердің өзін шефке жеткізсе, тәуір-ақ пұлдап, ақысын алар еді. Күз айында “Дала полигонының” шешуші үшінші маневрі басталады. Соған дейін Көкталда қалмақ. Тіпті бұл маңайдағы колхоздардың біріне кеткеннің өзінде осындағы адамдармен амалсыздан жолығуға, қарым-қатынас жасауға тура келеді. Олардан жасырына алмайсың. Такси қырдан асып, қарасы көрінбей ұзап кеткенде,

Ашырапов тас жолға шығып, Көкталға баратын автобусты тосты. Жарты сағаттан кейін ол автобуска отырып, аудан орталығына оралды.

16

Өткен түні Талғат қаламен байланыс жасап, Нәсірмен сөйлескен. Ашырапов жайында қысқа баяндап берген. Ашыраповтың нағыз Чернонос екенін дәл білмегенімсің, майор Бөгембаев полигон маңын нығайту мақсатымен Мемлекет қауіпсіздігінің облыстық басқармасынан екі адамды Көкталға жіберген. Бұл жайында телефонмен сөйлескенде Талғатқа айтқан. Және таңертеңгі рейспен қаладан жүртінін ескерткен. Талғат алыстан автобустың келе жатқанын байқап, сңіске түсе бергенде машинасын бұрып, жолдың ортасына кесе көлденең қойды. Капотты ашып, моторын шұқылап, жөндеген боп жатты. Автобус жақын келіп тоқтады. Шофермен қабаттас бір адам түсіп, Талғаттың қасына келді. Шофер жайраң жігіт екен. Қара май сіңген шүберекпен қолын сүртіп:

— “Қартайғанда әйелің өлмссін, орта жолда атың өлмссін” деген. Қане, не боп қалды? Көрелік,— моторға үніле бергенде Талғат:

— Стартерді басып көрінізші, от алар ма екен?— деді де, қасында оңаша қалған жігітке сыбырлады:— Отызыншы километрге түсіріп кеттім. Сол жақ көзін таңып алған.

— Сізді түсіндім.

Таксидің моторы от алды. Талғат капотты жауып:

— Жолдан шығуға сәл қалдым, дәл еңісте мотордың сөнгенін қарашы. Сіздерге рақмет,— деді де, машинасын жолға салып, жүріп кетті. Белгіленген графикте, сағат үште қалаға келді. Машинасын гаражға қойды да, Нәсірге шартты белгімен телефон соқты. Бір сағаттан кейін Ашыраповтың әр қырынан түсірген суреттері дайын болды. Бұларды Талғатқа буфетке кіргенде Бақытжан берген еді. Нәсір суреттерді столға жайып тастап үлкейткіш шынымен үніліп ұзақ қарады.

— Сурет өте жақсы түсірілген. Бет-аузының түгіне дейін айқын шығыпты. Байқайсың ба, оң жақ бетіне мүлде дақ түспеген,— деді де, столдың тартпасын ашып Черноносның суретін алып, Ашыраповтың суретімен қатар қойды. Сол жақ бетін ақ шүберекпен жапты.— Қарашы, скеуі ұқсай ма?

Екі сурет бір-бірінен айнамайды, бір кісінің жүзі секілді. Талғат әрі-бері қарап:

— Мынау Черноносостың өзі ғой,— деп орнынан атып тұрды,— қалай, дереу тұтқынға аламыз ба?— деді.

— Таксиге төлеген бір сом ақшасы қайда? Соны шапшаң экспертизаға жіберіңіз. Рябованың үйінен алынған Черноносостың саусақ таңбасымен салыстырсын. Сіз әзірге осы мәселемен шұғылдана тұырыңыз. Мен Рябованың үйіне барып қайтайын. Сонан соң қандай әрекет жасайтынымызды ақылдасып көрелік.

Жарты сағаттан кейін Нәсір Рябовамен сөйлесіп отырды. Топ суреттердің ішінен Ашыраповтың суретін алды да:

— Сіздер менің кызымды өлтірген мына жауызды ұстадыңыздар ма? Сірә, жараланған-ау, басын байлап алыпты. Бұл сұмырайды менің көзіме бір рет көрсетіңіздерші. Тілегім осы!— деді.

— Жаксы, мен өзім келіп сізге хабарлаймын.— Нәсір Көкталда жүрген Ашыраповтың кім екеніне әбден көзі жеткен соң, облыстық басқармаға келіп, генералға телефон соқты. Сол сәтте генерал Байтоқов Москвамен сөйлесті. Бір сағаттан кейін Нәсір Көкталға жүруге камданып жатты. Телефонның қасында тұрған Талғатқа:

— Бәлкім, Жетібайға дейін шығарып саларсың. Жолда ақылдасайық,— деді.

— Менің кезекті рейсім екі тәуліктен кейін келеді. Сол күнді күтейін бе?

— Бұрынғы қалпыңызша, кезегіңіз келгенде ғана жолға шығатын болыңыз! Асықпаңыз, әйтпесе Чернонососты шошытып алуымыз ықтимал.

— Мұнда мен не істеуім керек?

Осы мезгілде телефон шылдырлады. Талғат трубкуны көтерді.

— Сізге кім керек?— Телефон соғушы қалалық почтаман екен. Нәсірді сұрады. Талғат майорға трубкуны берді.

— Алло, бұ кім екен? Иә, мен. Ие, ие. Қашан әкелді?.. Текстін оқыңызшы. Телеграмманы жіберген жоқсыз ба? Жаксы, мен қазір барам,— деп трубкуны қойды да:— Не істеймін деп қиналып едіңіз. Жұмыс табылды. Бұдан он бес минут бұрын біреу Көкталға Ашыраповтың атына телеграмма берген. “Жеңген науқас, келіп қайт” депті.

— Телеграмманы берген кім?

— Орта жастағы арық кісі дейді. Жүріңіз, почтамтка шапшаң барып қайтайық.

Он минуттан кейін Нәсір мен Талғат қалалық телеграфқа келіп телеграмма қабылдаушы қызбен сөйлесті. Телеграмманы берген Глинов скен. Оның суретін көрсеткенде қыз таныды. Нәсір қызға рақмет айтып, Талғат екеуі тыска шықты. Көкталға жүретін машина бұларды күтіп тұрған. Нәсір кабинаны ашып:

— Кеттік пе?— деді. Қала сыртына шығып, үлкен жолмен Көкталға бет алғанда Талғатқа бұрылып, бір қырымен отырды.— “Жеңген науқас” — бұл сөздерді қалай түсінуге болады? Жеңгесі кім?

— Мен де осы жайында ойлап келемін. Глинов, әйтеуір бірдемені сезіп абыржи бастаған.

— Сірә, ол Рябованың үйін торып жүрді ме, менің онда барғанымды көріп қалған. “Жеңген науқас” деген сөздің мағынасы осы ма деймін.

— Ересек адам шаңқай түсте көзге түсіп, көлбендеп жүре алмайды. Көрші қатын-қалашты алдап жұмсап, аңдытып қоюы мүмкін.— Талғат кабинаның әйнегін төмен түсіріп:— Телеграмманы жібереміз бе?— деді.

— Әзірге жібермей, қоя тұрыңыз. Телеграммадағы сөздің шешуін әлі тапқамыз жоқ. Менің әлгі айтқаным жай жорамал ғой. Бірақ Глинов абыржымау үшін Көкталдан оның атына телеграмма салған дұрыс.

— Телеграмманың тексті олар келіскен шартты белгіге сәйкес келмесе қайтеміз?

— Егер Глинов өзінің жіберген телеграммасына жауап алғаннан кейін, тықыршып әбігерлене бастаса, оны дереу қамауға алуға тура келеді. Черноносоты шошытпау үшін азық-түлікті талан-таражға салғаны жөнінде жергілікті газетке хабар береміз. Черноносоты Глиновтың талан-таражымен қамалғанына сескене қоймайды. Глиновтың үндемейтінін біледі.

Талғат Нәсірдің генералмен арадағы әңгімесін, Көкталға шұғыл жүрісінің мәнін сұраған жоқ. Біраз отырыстан соң:

— Глинов қаладан біржола кеткісі келсе қайтеміз,— деді.

Нәсір Талғаттың түпкі ойын аңғарып, күле қарады:

— Біздің оңаша әңгімелесуге уақытымыз болған жоқ. Бізге әзір Черноносоты ұстап, қамауға алуға рұқсат стпейді. Оның келген мақсаты бізге айқын емес. Наматхановты ұстап

камауға алдык. Ол Черносовты жасырып: сақтап қалу мақсатымен жіберілген бүркеме жансыз боп шықты. Черносовты қолқалап жүрген тағы кімдер бар? Глиновпен қалай кезігіп жүр? Оны біз білмейміз. Бұл күнде әскери маневрді жасырып, құпия өткізе алмайсың.

Черносовтың “Дала полигонына” келуінің өзгеше сыры бар. Оны біз қайткен де білуіміз керек. Мен Көкталға жүретін кезегіңіз келмей сізді жібере алмаймын. Ал Бақытжан көңіліне күдік алғанымен тек Ашыраповпен кездесіп жүрмін деп ойлайды. Черносов екенін дәл білмейді. Меніңше, Черносов оның әр қимылын, жүріс-тұрысын бағып жүр. Бұл іске Бақытжанның өзін асықпай дайындаған дұрыс. Менің Көкталға шұғыл жүруімнің мәнісі осы. Кезекті рейске шыққанша мұндағы іске өзіңіз ие болыңыз. Жаңа Глинов қаладан кететін болса қайтеміз деп сұрадың. Меніңше, бөгет жасамаған жөн. Кеткісі келсе жүре берсін. Бәрібір оралады. Черносов оған кетуге рұқсат етпейді. Әзірге қош-сау бол, екі күннен кейін сізді Көкталда күтем.

Олар Жолбарыс мазарының тұсында қаланың Көкталға баратын автобусын қуып жетті де, Нәсір соған отырды. Талғат Т. қаласына кейін қайтты. Ресторанның тұсында түсіп қалды. Маңдайшадағы қызылды-жасылды отпен жазылған жарнаманы көргенде Талғат қарнының ашқанын білді. Тамақ үстінде өзін босандау ұстап, кәдімгідей тынығып қалатын. Өткен күнгі ісіне қорытынды жасайтын. Бір сөзбен айтқанда, осы азғана оңашалықтан үлкен ләззат алатын. Ол жайбарақат ресторан ішін аралап, шет жақта газетпен бетін бүркеп, үнілген кісінің қасындағы бос орынға келіп отырды. Қасындағы кісінің қимылы, сауақтары бір түрлі таныстау сияқты көрінді. Қозғалақтап, жантая түсіп қарады. Талғат айқайлап жібере жаздады. Нак алдында Черносов отыр. Сол жақ көзін қара шүберекпен байлап алған. Бұл қайдан жүр? Мұнда қалай келіп қалған? Әлде Глиновтың жіберген басқа бір телеграммасын алды ма? Жігіттер оның Көкталдан кеткенін неге хабарламаған? Бұл оқыс кездесуде өзін қалай ұстағаны жөн? Әлде Черносов өзінің соңына түскенін байқап қалып, бұл жерден біржола кетуге жиналған бәсті ме? Осы бір сәтте Талғатқа сан қилы ой келді. Черносов қасындағы кісіге қазіргі сәтте қараса, оның қобалжып, түсінің өзгергенін бірден сезетін еді. Осының бәрі ондаған секундтің ішінде болды. Талғат официант әйелді саусағымен ымдап шақырды.

Черноносков қасындағы кісіні енді ғана байқады. Бір танауын тыржитып, алдында күлсалғышта жатқан шала тартылған сигаретті алып тұтатты. Талғат көзінің қиығымен байқап отыр. Оған назар аудармаған кісідей официант әйелге:

— Таңертеннен бері нәр татқаным жоқ. Ішімді жылан жалағандай боп барады.

— Қазақша жасалған ет дайын.

— Мейлі, дүңғанша, орысша жасалса да әкел, үздігіп барамын.

— Шофердің де жұмысы кұрысын, күні бойы рульде қақайып отыру оңай ма?— деп официант әйел жан ашу білдірді.— Жүз грамм әкелейін бе?

— Әкелсен әкел, тек, жаным, тезірек бер.

Официант әйел жымия күліп, бөкссін бұлталаңдатып бара жатқанда Черноносков:

— Жаман әйел көрінбейді,— деп иегін бір көтеріп қалды. Талғат Черноносковтың аяқ астынан қалада жүргеніне мән бермегенсіп, немқұрайды жауап қатты:

— Қалтаң болса, әйел де іздеп әуре болмайсың.

— Махаббаттың ақшаға айырбасталған заманы десенізіші!

Черноносков қалтасынан әлдене алып. Талғаттың алдына қойды.

— Таңертенгісін ренжіп едініз, енді өз сигаретіммен сыйлайын. Темекі тартыңыз.

Черноносков өз күдігін анықтау үшін бес жүз шақырым жерден әдейі ұшып келгені ме? Талғат темекіні сырғытып:

— Күні бойы аш қарынға тартам деп басым айналды. Тамақ ішіп алмасам, буын-буыным дірілдеп, әлсіреп, әлім кетіп барады.

— Осы жердікісіз бе?

— Иә, осы қалада туып-өскем.

— Үйленгенсіз бе? Әйеліңіз бар ма?

— Немене, мені әтек деп пе едің?

— Жай дастарқандас болған соң, сұрап жатқаным ғой. Айыпқа бұйырма.

— Әйелімнің бауыры ауыратын еді. Курортқа кетті.

— Қырым жаққа ма?

— Өзіміздің “Сарыағаш” санаторийінде демалып жатыр. Алысқа жіберіп қайтсем, жұрт осының суы тәуір дейді.

Талғат тамақ ішіп бола бергенде, алдындағы швейцармен жағаласып, аяғын тәлтіректей басып, жас жігіт кірді. Шалбары лай-топырақ.

— Елдің ақшасы адал да, менің ақшам арам ба? Мен өз ақшама ішем. Сіздер кедергі келтірмеңіздер.

Талғаттың қасындағы бос орынға сүріне отырды.

— Темекі берші!— Чернонососқа қолын жайды. Сигареттің біреуін алып, шайнап түкіріп тастады да, екіншісін басы қалтылдап зорға тұтатты. Талғат бұл жігітті танып отыр. Майор Бөгембасовтың кабинетінен көрген. Нәсірдің таныстырғаны бар. Аты — Айдар, фамилиясы — Қыдырбаев. Сірә, Бақытжан Көкталдан Чернонососовтың қалаға кеткенін облыстық басқармаға хабарлап үлгерген секілді. Айдар өзін ұстай алмаған кісідей столға иегін соғып алды. Нағыз артист екен деп Талғат тәнті боп отыр. Есеп айырысып жатқан официант әйелге қанталаған көзін қадап:

— Маған жүз грамм әкел!— деп өтінді.

— Неғылған жүз грамм? Саған жүз грамм емес, төсек керек.

— Төсек дейсіз бе? Қатыным жоқ. Оны қайтем?

— Сіз массыз, үйіңізге барып жатыңыз.

— Мен маспын ба? О, тоба, Күшікбай жартылық ішсе де мас болмайды, ал мен карап жүріп мас болам. Тіпті бүгін аузыма алғаным жоқ. Бәлкім, кешегі арақтың иісі шығар.

— Күннің ссебінен де жаңылып қалғансыз, қашан ішкенін білмейді. Сізге арақ бермеймін. Түсінікті ме?

— Сенен тегін арақ сұрап тұрғаным жоқ, өз ақшама бер деймін. Осыдан әкелмей көр!— деп, столды тоқпақтата айқай салды. Графинге шынтағы тиіп кетіп, қирап күл-паршасы шықты.

Официант әйел бажылдап жүр:

— Милиционерді шақырыңдар!

Семіз қазақ милиционер Айдарды түйгіштеп, еркіне қоймай, сүйреп алып кетті. Айдар аяғын бұралаңдап әрең басады. Милиция куә ретінде Талғат пен Чернонососовты шақырды. Чернонососовтың абыржыған түрі байқалмайды. Асықпай отырып, протоколға қолын қойды.

Талғат милиция бөлімшесінде Чернонососовтың қалаға қалай тез келіп қалғанын білді. Жаңашар қаласына бет алған самолет ауа райының қолайсыздығынан кейін қайтып, жолда Көкталға қонуға мәжбүр болған. Ұшу графигі өзгерген соң, экипажға Т. қаласына соғып, әрі қарай Жаңашарға бет алу бұйырылыпты. Самолетте бос орын болғандықтан Т. қаласына баратын кісілерді отырғызыпты. Солардың ішінде Чернонососов та кеткен. Бұл жағдайды анықтағаннан

кейін Бақытжан облыстық басқармаға дереу хабар беріпті. Айдар бастаған оперативтік топ қаланы біраз шарласа керек. Чер-ноносовты тапқаны осы екен.

Милиция бөлімшесіндегілер Черноносовты көп бөгемеді. Эксперттер Черноносовтың жазуын зерттеп, қағаздағы қолының таңбасын Талғатқа таксиге төлеген бір сом қағаз ақшадағы қол таңбасымен салыстырып жатқанда, Черноносов жүк машинасының кабинасына отырып Көкталға кетіп бара жатыр еді. Ол қалада Глиновқа жолыққан жоқ. Бұл жай Талғатты таңқалдырады.

Черноносов қалаға неменеге келді? Мұнда әдейі келіп тұрып, Глиновқа жолықпағаны қалай? Әлде өзінің соңына түскен іздің бар-жоғын байқағысы келді ме? Бұл жайдың сырын Талғат кезекті рейсі жетіп, Көкталға барғанда майор Бөгембаевтан білді. Көкталдан самолет ұшқан күні пеленгатор қысқа толқында берілген сигналды ұстады. Бұл жайында дереу Москваға, ол жақтан Алматыға барлаған. Сигнал берілген аймақты зерттеген қиыршық, тастақ төбе, елсіз мекен болып шыққан.

— Сірә, хабар самолет үстінде берілген сияқты. Және не бары 20 секундқа созылған. Бұл хабарды самолет үстінде қалай бергені мәлімсіз,— деді бензин құятын жерде Талғатқа жолыққан Нәсір. — Черноносов қаладан келгеннен кейін, асығып, ашық қимыл жасай бастады. Ол осындағы автобазалық қызметке тұрды. Көзінің ақауы бар деп медкомиссия машина айдауға жібермеді. Қазір механик болып жүр... Бақытжанды өзімен бірге жұмыс істеуге шақырып, қолқалап қоймайды. “Қыруар ақшаның көзі көрініп тұр. Тек ниет білдірсең болды, қалтаңа түсіп жатыр” деп ескертетін көрінеді.

— Қалай шештіңіздер?

— Әзірге ешқандай тоқтамға келгеніміз жоқ. Черноносовпен бірге жүру аса қауіпті. Ол кез келген минутта қастандық жасауы мүмкін. Ақылдасып көрелік дедік. Сізді күттік. Бақытжанға көмектесетін кісі керек.

— Бақытжан өзінің кіммен кездесіп жүргенін білсе ме?

— Біз айтпай-ақ, өзі де сезсе керек. Сіздің жолығып жүрген кісіңіз Ашырапов болмай, бүркеншік атпен жүрген Черноносовтың өзі болса қайтесіз деп сұрағанымда Бақытжан абыржып, таңқалған жоқ. Оның Черноносов екенін баяғыда білгенмін дейді.

Талғат майлы шүберекпен қолын сүртіп:

— Нағыз жігіт екен! Ал мен ресторанда Черносовты көргенде алғаш не істерімді білмей сасып қалдым. Таңертең көрген адамды бес жүз шақырым жердегі қаладан кездестірем деп кім ойлаған,— деп ресторан ішіндегі оқиғаны түгел айтып шықты.— Айдар дәл кезінде келді. Тамақ ішіп болған соң, Черносов темекі ұсынып отырған. Менің темекі түтінінен жиіркенетінімді білгенде оның не істейтінін айту қиын. Бәлкім, бүкіл операцияны бүлдірген болар едім.

Нәсір өзінің әдетінше басын бір жағына қисайтып үнсіз тындады. Талғат сөзін аяқтағанда:

— Черносов сияқты әккі жауды әрдайым бүйтіп алдап, құтыла бермейсіз. Ол қайткенмен де торға түсіруге тырысады. Айталық, сіздің машинанызды бағып жүріп, жақын маңайға апарып тастауды сұрауы мүмкін. Милицияға бірге барған ескі таныс адамсындар. Бас тарту ыңғайсыз. Бүйтессіз мұның өзі оған күдік қалдырар еді. Амалсыз машинаға отырғызасыз. Ол тағы да темекі ұсынады. Өткен жолы “ботқаның дәмін аузыңыздан кетіргіңіз” келмеді, “ашпын, басым айналып барады” дедіңіз. Ал бұл жолы қандай сылтау айтасыз? Сондықтан темекіні біржола қойғаныңыз дұрыс.

— Темекі тартпайтын адамның қойғаны қалай? Мен түсінбедім, жолдас майор.

— Сіз біреумен, айталық, Бакытжанмен бұдан былай темекі тартпауға бәс тігесіз. Бәс сылтауын өздеріңіз табыңыздар. Сіздердің әңгімелеріңізді Черносов еститін болсын.

— Бакытжан қай мезгілде Черносовпен кездеспек еді?

— Бүрсігүні түскі тамақ кезінде асханада жолығысады. Бакытжан қазір ауданда жоқ, ол “Көлбастау” колхозына кетті.

— График бойынша мен бүрсігүні қалада болуым керек. Бакытжанға қалай жолыға алам?

— Амалын өзіңіз табыңыз.

Келесі күні кешінде ауданның қас ортасындағы ресторанның тұсында қатты шапшаңдықпен келс жатқан такси жүк машинасымен соқтығысып, бір жақ көзі қирады. Алдыңғы қаңылтыры майысты. Мемлекеттік автоинспекцияның адамдары апатты тексеріп, таксидің шофері Майлыбаевты кінәлі деп тапты. Аузынан арақ иісі шығып тұр деп кінәлады. Осының бәрі топырлаған жұрттың көз алдында жасалды. Бакытжанның Черносовпен жолығысатын күні таңертеңгі сағат онда Талғат асхана ішінде отырды. Сырт пішіні мүсәпір, қапаланған кісі секілді. Алдында арақтан босаған бос графин

түр. Бакытжан қасына келіп, орындыққа тізесін қойып сүйкене отырды.

— Амансыз ба, жолдас майор! Атақ алғаныңызбен құттықтаймын!

— Оны саған кім айтты?

— Майор Бөгембаевтан естідім.

— Нәсірмен кездесіп те үлгеріпсің ғой. Қашан келдің?

— Бүгін таңертеңгісін, әскери бөлімшенің жүк машинасымен келдік.

— Қасында біреулер бар ма еді?

— Алтыншаштың ауданда жұмысы бар екен. Дәрі-дәрмек алып қайтатын ойы бар білем. Сол екеуміз бірге келдік.

— Ол ақылды, байсалды қыз. Менің кәсібім шофер екеніне иланбай-ақ қойды.

— Әуелі маған да сенбейді. Бір жолы Алматыға қашан қайтасыз деп сұрады.

— Не жауап қаттың?

— Не дейін, Алматы алыс қой дей салдым.

— Қыз не деді?

— Жай күлді де қойды.

— Ол қыздың Черноносспен кездесіп қалмау жағын ойластырған жөн. Черноносоз залым адам, сезіктеніп қалып, барлық ісіміз зая кетуі мүмкін. Әйтсеуір, сақ бол.

— Түсінем, майор жолдас.

— Гаражға қашан ауысатын болдың? Нәсірмен бұл жайында әңгімелестіңіздер ме?

— Майор маған бәрін айтты. Қазір асхананың менгерушісін күтіп отырмын. Арызға қол қойса, бір минут та қалмаймын мұнда.

— Черноносспен бүгін кездеспекші ме едіңдер?

— Түскі ас кезінде осында келуге тиіс.

Осы мезгілде терезе тұсынан өтіп бара жатқан Черноносозтың тұлғасы көрінді. Бакытжан абыржи бастады.

— Неге ол ерте келді?

— Саспа, Бакытжан, — деп Талғат сыбырлады да, сигарета мен сіріңкені столдың үстіне лақтырып тастады. — Тартпаймын деп айттым ғой, болды, шоферлер екі сөйлемейді. Темекі тартпаймын! Сенбейсің бе? Әкел қолыңды!

Бакытжан қолын беріп:

— Осыдан уәдені бұзсаң, айтпады демсе, қолыңдағы алтын сағатты шешіп алам! Ей, официантка, бір жартылық әкел, мен

мұның темекі тартпайтынын көрейін!— деді де бәсті ажырататын куә іздеді. Есіктен кірген Чернонососты көріп:— Ғанеке, бері кел, мына жігітпен темекі тартпауға бәс тігісіп жатырмыз. Қолды қиып жіберіңіз.

Талғат мас кісі секілді басы қалтаңдап:

— Не, мені жеңілді дейсіз бе? Одан да сен жүз елу сом ақшаны менің мына қалтама салуға дайындала бер,— деп ішкі қалтасының аузын ашты. Чернонососты стол үстіндегі арақ құятын графинді көріп, Талғатты шынымен мас деп ойлады.

— Уәдесінде тұра алмайды, бірнеше минуттан кейін темекі сұрайды,— деп Бакытжанның жеңетінін білдіріп көзін қысып қойды.

— Маған да керегі сол, менің қалыңдығыма қылжақтап қоймайды. Бұл сараң ит сағатын қимайды. Сонда қабырғасын уатам!— деп Бакытжан күбірледі.

Чернонососты бәстесудің мәнісін ұққандай басын изеді. Официантка әкелген арақтың үстіне “өзінің нормасын” қосып, ықыласпен ішті. Машинасы қирап қалған шофер мен асхананың түйсдей қара жігітінің арасына от жағып, ушықтырып, ұрыстырып алмақ. Шофердің ресторан ішінде екі-үш жігітті сұлатты деген жұрттың таратып жүрген сөзіне сенсе, онда оның дзюдо тәсілін білгені. Қарапайым шофер оны қайдан үйренген. Екі жігіт ұстаса қалса, өзінің осы күдігін анықтап алмақ.

Талғат бойына арақ тарағанда қиялданған кісідей өзімен-өзі, ешкіммен сөйлеспей бір сәт отырды. Қалтасын сипалады, темекіні іздеді. Чернонососты алдында жатқан құтыны ақырын сырғытты. Талғат жалма-жан сигаретаның біреуін алды да, Бакытжанға, сонан соң Чернонососты қарады:

— Әй, кулар, дым білмегендей тымыраюларың қарай гөр! Менің алтын сағатымды оңай олжаламақ сендер ғой. Мә, аласыңдар!— деп саусақтарын бүгіп, сүк қолының арасынан бас бармағын қылтитып көрсетті.— Шофердің сөзі — заң, айтты болды!

— Сен, жігітім, байқа!— деді Бакытжан сеспен дәу жұдырығын столдың үстіне қойып.— Екеуіміз серттестік, бәс тігістік. Шартты бұзсаң ұтылғаның! Тепкілеп тұрып, қолыңдағы алтын сағатты шешіп алам.

Талғат сигаретаны әрі-бері ііскеп, күлсалғыштың жиегіне қойды.

— Мен, жай, қолыма ұстадым. Оған несіне шамданадың?

— Аузыңа салсаң да бәстесі жеңілді деп білем. Бұл насыбай атқанмен бірдей.

— Әй, оныңды қой, біз насыбайға бәстескеніміз жоқ.

Бақытжан ас үйге кірген меңгерушіні көріп, асыға жүгірді. Орта жолдан қайта бұрылып, Черноносковқа:

— Сіз мына дәйісті жібермеңіз. Бізді ақымақ еткісі келеді. Насыбай атып алдамақ,— деді.

Черноносков өзін қазақ дәстүрін білгір санағанмен насыбайдың не екенін, оны қалай ататынын білмейтін еді. Бақытжанның сөзіне келіскендей, ыржалақтап күліп, басын изей берді.

Аздан соң меңгерушінің айқайлаған дауысы естілді. Ол жабысып қалмаған Бақытжанға:

— Сұрама, мен сені ешқайда жібермеймін. Мынадай қауырт кезде қалай босатам? Өзіңнің есің дұрыс па? Осы жерге өзіндей жігіт тауып алған күні ғана сөйлесуге болады.

Бақытжан жалынып жүр:

— Асеке, өзіңіз де жас болдыңыз, жігіт болдыңыз. Менің жолымды байлап қайтесіз. Мен гаражға ауысам, “Көлбастауға” жиі барып тұрам. Оны күніге көрсетін боламын. Мұнда аптасына бір күнге жібермейсіз.

— “Көлбастаудан” бүгін ғана келдің ғой. Немесе, үздігіп, өліп бара жатырсың ба? Көрмесе тұра алмайтын ол бір хордың қызы ма еді?

Асханаға Алтыншаш кірді. Ол меңгеруші мен Бақытжанның арасындағы сөзді естіген секілді. Жігіттің қасына келіп, қолын ұстап:

— “Көлбастауға” баратын машина табылды. Мен қазір жүрем. Сенімен қоштасқалы келдім,— деді.

Асхана меңгерушісі Алтыншаштың бас-аяғына қоз тоқтатып, қалыңдығың осы ма дегендей Бақытжанға қарады. Ол басын изеді. Меңгеруші мұртын ширатып:

— Қоймадың ғой, бала, арызыңды әкел, қол қойып берейін,— деді.

Бақытжан қуанған пішінмен арызын жоғары көтеріп, бұлғап, Алтыншашты қолтықтап столға оралды. Черноносковты нұсқап:

— Танысып қой, Алтыншаш, мынау біздің гараждың механигі Ғанауди Ашырапов ағаң. Бұдан былай мені “Көлбастауға” жіберу, жібермеу Ғанекеннің қолында!— деді.

Черноносков орнынан тұрып амандасты.

— Сіздей ару қалыңдығы бар жігітті мынадай шаңдақ селода қамап ұстау үлкен күнә. Менің қолыма билік тисе Бақытжанды колхозға біржолата босатар едім.

Алтыншаш ашық күлкімен ризашылық білдіріп жауап қатты:

— Ағай, оныңызға рақмет. Біз Бақытжан екеуіміз сіздің мейірбандығыңызды пайдаланамыз.

— Мен қолымнан келгенді аямаймын. Бірақ қауқар, күш жетпейді ғой.

— Кісіні колхозға жіберу үшін қауқар, күштің қажеті қанша?— деді Алтыншаш таңқалған пішінмен.

Черноносков өзінің қатесін сезді ме, шапшаң ақтала бастады.

— Ағанның сөзін бағып қайтесін, шырақ. Бізде қайбір терен білім бар дейсің. Ауызға келгенін айта саламыз. Екеуіңізді көріп тұрып, қайран қаламын. Қара жұмысшы мен оқыған дәрігердің оңай үйлесіп кетуі қалай? Білім дәрежелеріңіз алшақ, қалай тіл тауып сөйлессіздер!

Талғат ішкен арағын көтере алмаған кісі секілді басы салбырап қалғып отырған. Черноносковтың сұрағын естігенде қалтасына қолын салып оңтайлана бастады. Қыз Бақытжанға айтқан өзінің күдігін білдірсе, бүкіл операция бүлінген болар еді. Черноносковты осы жерде табанда қамаудан басқа лаж қалмайды. Бақытжан да осы жайды сезгендей Черноносковты ту сыртынан қапсыра құшақтағандай боп тұр. Черноносков пен Алтыншаш кездеспейтіндей болсын деп Талғаттың айтқаны осы еді.

Алтыншаш Черноносковтың сұрағының қисынсыздығына ұзақ күлді.

— Ағай, сіз аспаннан түскен кісі құсап сөйлесіз ғой. Марстан келдіңіз бе? Сүйген кісіге қандай тіл керек. Махаббат пен тандамайды.

Талғат пен Бақытжан үстінен ауыр жүк түскендей болды. Черноносков оны сезген жоқ. Алдындағы арақ құйылған стаканды көтеріп:

— Білімділігіңді білдіріп, алды-артымды орай бердің-ау, қойдым енді, бақытты болыңдар,— деп кеңірдегіне құя салды.

Алтыншаш теріс қарап ұйықтап отырған адамның Талғат екенін танып:

— Сізге не болған?— деп иығынан жұлқылады. Талғат қолын қағып жіберді.

— Менен сағатты ала алмайсыңдар. Айттым, болды. тартпаймын!

Талғаттан арақ иісі мұңкіп тұр. Алтыншаш Бақытжанға қарады.

— Мына кісі мас, не боп қалғанын білмейсіз бе?— деді. Оның орнына Черноносков жауап берді:

— Кеше авария болып машинасын қиратып алды. Мұның өзі кінәлі деген сөз бар. Соның күйігіне шыдай алмай ішіп жүргені де! Сотқа тартылмаған күннің өзінде, судай жаңа машинаның қираған бөлшектерін төлеу оңай емес. Оның өзін табу қиын. Қыруар ақша тұрады. Іші күйіп ішіп жүргені ғой.

Алтыншаш орнынан шапшаң тұрып:

— Бақытжан, мені қазір шығарып салмай-ақ қойыңыз. Бала емеспін, жолды білем. Мына кісіні үйіңізге апарып, жатқызыңыз. Мастығы тарағанша қасында болыңыз. Сізден өтінем!— деді.

— Бұл ерікке көне қояды дейсіз бе? Сүйрегенде жүрсе жақсы.

— Сізден сұраймын.

— Мейлі, сіздің айтқаныңыз болсын.

Бақытжан Талғатты сүйрелеп кіргізіп, есікті жапқанда, майор құлашын жайып, түзеліп, креслоға отыра кетті.

— Бақытжан, сен бұл қызды қастерлей біл. Ыстық-суығына көнетін асыл жар болады!

Бақытжан төмен қарап жымың-жымың етті.

17

“Дала полигонының” күзгі сынағы өтіп жатқан. Ертемен топ-топ боп ұшқан самолеттер ауданның үстінен ағып өтеді де, солтүстікке ұшқан бетінен қайтып оралмайды. “Мұншама көп самолет қайда қонады? Оларды бірден қабылдайтын жақын маңда аэродром бар ма? Егер бола қалса аудан орталығы Көкталдан қанша шақырым жер? Бұл маңға әскери самолеттерді шоғырландыру себебі не? Дабыл қағылған күнде мұншама мол соғыс күшінің негізгі бағыты қайсы?” Черноносков осы секілді сұрақтарға жауап алуы керек еді. Құмда құпия соғыс күшін басқаратын кім? Оның ғылыми атағы бар ма? Әскердің қай түрінен қанша орынбасары бар? Олардың дәрежесі қандай?— Міне, бұларды да білуге ынтықты. Ол ауданның колхоз-совхоздарына егін жинауға барған жұмысшы батальондардың қай бөлімшеге қатысы

барын термелеп жинап көрді. Бірақ сұраққа мардымды жауап ала алмады. Көкталдың маңында реактивтік самолеттердің орналасқаны ешкімге құпия емес-тін. Оны қосақтасып ұшқан самолеттерден Черноносостың өзі де көріп жүр. Жинаған мәліметтері осындай жалпы түрде үстірттеу боп шықты. Анық мәлімет алатын жер “Көлбастау” колхозының маңы деп білген. Механик ретінде ол жаққа бара алмайды, сылтауы жоқ. Бақытжанды автобазаға тұруға “көндіріп, еліктеткені” сол еді. Бақытжан машинасының доңғалақтарын ауыстырып жатқанда Черноносостың қасына келді:

— Пайда тапқың келе ме?

— Кім ақша тапқысы келмейді. Қолға ұстатқандай көп ақшаның көзі көрініп тұр деп едіңіз. Сол ақшаның көзі түгіл, өзін де көрс алмай тұрмын-ау.

— Мен де азын-аулақ тиын тапқым келеді. Осы жаққа ақша үшін келдім ғой.— Черноносостың темекісін тұтатып, Бақытжанға көз астымен сынай қарады.

— Менің бір ғалым танысым бар. Өзі қалада тұрады. Сырт қараған кісіге оқымыстылығы жоқ, әпенде адам секілді. Сол қатты металды қорыту жолымен емес, соққылау әдісімен де алуға болады деп есептейтін көрінеді. Мұны естіген әріптестері мазақтайды екен. Ғалымдарда ақша көп қой, ақшасы сандыққа сыймай көпір боп жатыр. Сол кісі металл сынығын тауып бер деп өтініп еді.

Бақытжан күліп жауап қатты:

— Ғанеке, мен ұқпайтын қайдағы соққы-поққыны соқтыңыз ғой. Ол оқымыстыңызға қатты металл керек болса, осы гаражда темірдің сынығынан көп нәрсе жоқ. Жинап апарып бермейсіз бе?

— Әй, маубасым-ай, осы түріңмен сені дәрігер қыз қалай сүйіп жүр?— Черноносостың қарқылдап күлді де, Бақытжанның қабақ шытқанын байқап, нығынан қақты.— Ренжіме, бауырым. Жай әзілдедім. Жұрт ақшасын бізге тегін бере ме? Менің оқымыстыма жай темір емес, снаряд тиіп өртенген самолеттің сынығы керек көрінеді. Соны тауып бер дейді.

— Оны қайдан аламыз?— Бақытжан осы сәт Черноносостың самолеттің қандай сынығы жайында айтып тұрғанын дәл ұға қоймады, сұрауды қисынсыз көрді.

— Қазір “Көлбастау” колхозының маңында үлкен сынақ жүріп жатса керек. Сәулелі жана снарядтарды сынап жатыр дейді ғой. Күніге талай самолеттерді қиратады екен. Соның бір сынығы бізге бұйырмас дейсің бе?

Бақытжан ойланды. Әлден соң:

— Гараж бастығы жібере ме?—деді. Черноносовка бұл сұрақ алаңғасарлау, ойсыз адамның сөзі сияқты көрінді.

— Қалыңдығың “Көлбастауда” тұрады емес пе? Ауырып қалды дейсің бе, бір сылтауын тап.

— Ғанеке, қайдағы жаман сөзді айтпаңызшы. Ауырды деген не бәле?

Черноносов күліп тұрып, Бақытжанның қолына бір буда ақша ұстатты:

— Қорықпай ала бер. Жаман сөз ақшаға жұқпайды, қалай жұмсасаң да өтеді. Сонымен, қалай, келістік пе?

Бақытжан ақшаны жалма-жан қалтасына салды:

— Сенің сол оқымыстыңа басына қоятын темір жинап берейін. Тек ақшасын әкеле бер?— Бақытжан көңілденіп күлді де:— Ойбай-ау, біз мұнда мәз боп отырмыз. Әлгі гараждың бастығы босата ма?— деді.

— Қалтаңда ақшаң бар, амалын тап.

— Ол неменің діні қатты еді. Сұрап көрейін.

— Сөзің нық, дәмді болсын!

— Гараждың бастығына ақша ұсынсам қайтеді!

Черноносов ақшаны бергеннен кейін бұйыра сөйледі.

— Онда менің жұмысым жоқ. Ертес кайткенмен де “Көлбастауға” жүріп кететін болайық!

Бақытжан сол күні кешінде Талғатқа жолығып, Черноносовпен арадағы әңгімесіні түгел айтып шықты. Талғат бір сәт ойға кетті:

— Самолеттің сынығы дейсің бе?— деп қайталап сұрады.

— Иә.

— Черноносовқа өртенген самолеттің сынығы неге керек? Әлде сәулелі снарядтың қуатын сол арқылы білмекші ме?

— “Көлбастауға” жетуге асығып отыр. Онда бара қалғанда не істейтінін білмеймін.

— Самолеттің сынығы болса, ол дәнеңе емес. Бірақ Черноносов өз ойын ашып айтқысы келмейтін секілді. Сенен сұрайтыным, сақ бол Бүгін Нәсір “Көлбастауға” жүріп кетті. Жуықта сәулелі ракетаның жаңа түрі сыналады. Сынаққа белгілі ғалымдар қатысады. Соларды анау-мынаудан сақтандырудың қамын жасап жүр. Егер бүгін біздің гараждың бастығы Дауылбаев келсе, мен қалаға кетуім мүмкін. Мұнда жалғызбын деп ойлама, жігіттер бар, олар қиындық түссе сен айтпай-ақ көмекке келеді. Кенет өзгеріс, жаңалық болса,

ақырын күт, асықпа. Байқауымша, бізге біреу көз тігіп тұр. Шапшаң ажырасайық. Сен маған қалтаңнан шығарып ақша бер. Әзірге қош?— Талғат ақшаны бір сүйіп, дүкенге беттеді.

Шынында да, Бақытжанның алдын кес-кестеп біреу тұрғанын Черноносков анадайдан байқап қалған еді. Кім екенін қараңғыда шырамығта алмады. Бақытжанды бұрыштан тосып алып:

— Анауың кім?— деп Талғатты ту сыртынан көрсетті.

— Әлгі таксидің шофері ғой. Қарызға ақша сұрап жабысып қалмайды. Бес сом бердім. Директорын күтіп жүрсе керек. Мұндағылар таксидің шоферін кінәлап, авария шығындарын содан түгел төлетпекші көрінеді. Айына сексен-тоқсан сом табатын кісіге төрт-бес жүз сомды суырып беру оңай ма? Ол бейшара келіспей, қаладан сарапшылар шақыртыпты. Сол әңгімесін мұң етіп айтады. Олармен ілесіп автопарктің директоры келетін сияқты.

— Машинаның қирағаны өтірік, бекер!

Бақытжанның гүла бойы түршігіп, өңі құп-қу боп кетті. Қол-аяғы қалтырайтын секілді. Күндізгі кезде Черноносков мұндай құбыла қалудың мәнісін айтпай-ақ түсінген болар еді. Бірақ ымырт қараңғылығы бүркеп, байқатпады.

“Машинаның қирамағанын ол қайдан біледі? Оған кім айтты?” Бақытжанға келген ой осы болды. Ол өзімен қатарласып, шынтақ қағысып келе жатқан Черноносковқа:

— Машинаның қирағаны өтірік дейсіз бе? Ресторан алдында жүк машинасымен соқтығысып қалғанын жұрттың бәрі көрді ғой! — деп таңқалған пішінмен бұрылып қарады.

— Оның бәрі сырт көрімге жасалған алдамшы әрекет. Машина гаражда тығулы тұр. Таксидің шофері сенің танысың. Мұндай бүркеншік әрекет жасаудың мәнісі не? Бәлкім, мұның жайын сен айтып түсіндірерсің.

— Ғанеке, сіз мастан саумысыз? Біреудің машинасының қирағанын, не қирамағанын мен қайдан білейін? Күмәніңіз болса, әрі білуге құмарланып тұрсаңыз шофердің өзінен сұралық. Ол дүкенге арақ сатып алуға кетті.

— Жә, соның машинасы құрысын, қирамаса күл-талқаны шықсын. Онда біздің жұмысымыз қайсы. Онан да машинанды жолға қамда, ертең жүріп кететін болайық,— деді де Бақытжанға ілесті, қараңғы көшемен бұрылып кетті.

Бақытжан түні бойы дөңбекшіп, ұйықтай алмады. “Черноносков машинаның қирамағанын, гаражда тығулы

тұрғанын қайдан білді?” — Осы бір сұрақ көкейінен кетпей қойды. Ертеңіне “Көлбастау” колхозына келе жатқанда Черноносков өзінің күдігін анықтағысы келді ме:

— Сен қайда жүрсең де таксидің шоферімен жанасып жүргенінді байқаймын. Асхана ішінде, болмаса түзде табысып қаласындар. Екеуің, осы не сөйлесесіндер? — деді.

— Сізбен де күніне талай рет жолығам. Біреулер Ғанекенмен қандай қатысың бар деп сұрауы мүмкін ғой.

— Сен өйтіп былжырама, егер біз екеуіміз жолығып жүрсек, екеуіміздің қызметіміз бір, оның ешқандай сөкеттігі жоқ. Ал сенің қаланың қайдағы қаңғыған шоферінде қандай жұмысың бар? Екеуіңді табыстырып жүрген не? Соны білгім келеді.

Бақытжан ашық терезеге сол жақ шынтағын қойып, рульді жалғыз қолымен ұстап, айдап келе жатқан. Ол Черноносковтың көз алмай, әрбір қимылын бағып отырғанын байқап:

— Бізді араздастырып та, табыстырып та жүрген “Көлбастаудағы” қыз емес пе? — деді сабырлы қалыппен. — Өзіңіз білесіз, мен өнерден кенде, қараңғы адаммын. Бақыт, махаббат не екенін ұқпайтынмын. Қазан-ошак ұстай білетін, өзінің міндетін орындайтын шүйкебасты алсам болды дейтінмін. Сөйтсем, бұл дүниеде қызық, ләззат бар екен. Оны маған Алтыншаш танытты. Ол менің қасымда жүрсе де, аймалап құшса да, қол жетпейтін шынар секілді, айырылып қалатындай болып тұрам. Ылғи үздігіп, талып көрісем. Кейде осының бәрі маған түс сияқты көрінеді. Бетіне қарсы келмей, айтқанын орындағым кеп тұрады. Сөзін екі ету маған күнә секілді. Ал таксидің шофері жас қыздың тілін тапты білем, әйтеуір, соған жаны ашып қиылып тұрады. Оның шет жағасын өзіңіз көрдіңіз. Мас адамды медициналық айықтыру орнына апарудың орнына, үйіме әкелдім. Соған сенбей қыздың келгенін қайтерсіз. Сол итті көрсем, ішім ашып, зығырым қайнайды. Бірақ іштен тынам да қоям.

Бақытжан Алтыншашты шын сағынып жүрген еді. Сондықтан ба, оның сөзі нанымды естілді. Черноносков жаны ашыған кісі секілді Бақытжанның білегінен қысып:

— Суқаның сүймесе, ол бәлені маңыңа жуытып қайтесің, көзін күртпайсың ба? — деді.

Бақытжан шынымен таңданды:

— Қалай?

— Сен бала екенсің, өзің түсінуің керек.

Черноносков Талғатқа күдіктенген. Осы Бақытжанның қолымен жолдан тайдырғысы келеді. Бақытжан аңқау түрмен:

— Мен кісі өлтірсем, сотталып кетем ғой. Өйтсем, Алтыншашты көре алмай қаламын. Одан да шыдай тұрғаным дұрыс. Шофердің құр тілінен басқа дәнеңені сезгенім жоқ. Енді он бес-жиырма күннен кейін Алтыншаштың өзі де кстеді. Азын-аулақ тиын-тебен жинап алсам, мен де кешікпеймін,— деді де, Черноносковқа қарап:— Ғанеке, қалада кісі ақшаға тоймайды дейді. Мен өзім үлкен қалада тұрып көрген жан емеспін. Пәтерге ақшаны сондай көп ала ма?

— Ей, сен де өз пайданды білмейтін сорлы неме екенсің!— Черноносков темекісінің сабағын шайнап түкіріп жіберді.— Ақшадан бұрын қалыңдығыңды ажыратып ал. Қызығын көрмейтін құр пұлды қайтесің!

— Тышқан мұрнын қанатып көрмеген басым, кісі қанын қалай көтерем? Атай көрмеңіз.

— Мен сені ер жігіт пе десем, ер екенсің ғой. Саған ешкім кеңірдегінен ұстап, лақша бауызда демейді. Оның ішкілікті тәуір көретінін білесің. Соған бір атым дәріні қоссаң, жетіп жатыр.

— Дәріні іше салысымен сеспей өле ме?

— Оны өлтіріп, бәлесіне қалып қайтесің. Есалаң боп, құтырып кеткені жөн емес пе? Ауру табанда жықпай, арақпен бойға біртіндеп жайылады. Дәрімен улады деп ешкім ойламайды.

— Біліп қойса қайтессіз?

— Арақпен араластырған дәрі бойға із қалдырмайды. Дәрігерлер “арақтан өлді” деген әуес, қазбалап әбігерленіп жатпайды. Сөйтіп, бауырым, қимылдап қал, өрімдей аруды қаңғыбас шоферге сипатқанша өлген жақсы.

— Шіркін-ай, ертерек айтпаған екенсіз. Өзін анау қақсауық аспазға беретін нәрсе екен, таң атпай кісінің жер-жебіріне жетіп, ұрсатын еді.

— Жігітім, ондай дәрімен ойнама, оның құны алтынмен тең. Оңайлықпен қолға түспейді.

— Ғанеке, кісі өлтіріп ойыншық стетін осындай сирек затты қайдан табасыздар? Бір дорбасын алуға бола ма?

— Әй, жігітім-ай, алтынды дорбалап берген кісіні көрдің бе? Бұл да сол секілді емес пе?

— Сірә, ол — дүниедегі ең бай адам шығар.

— Дүниедегі ең сұлу адам деңіз.

— Қойшы, әйел ме өзі?

— Әлгі өзіңе айтқан оқымыстының жас келіншегі бар. Қараса кісінің көзі тоймайды. Көзіме тамызатын дәрі іздеп жүріп таныстым. Аптектен істейді.

— Ол әйелің сенімді ме? Дәрі алсақ, кейін бәлеге калып жүрмейміз бе?

— Қаншама езгілеп, жанышсаң да мыңк етпейді.— Черноносков күліп көзін қысты.— Оқымыстылар кітап тіліне жетік болғанмен, әйелге салақ қой.

— Дәріні қазір алуға бола ма?

Черноносков көз тоқтатып, тесіле қарады:

— Таксидің шофері қасында жоқ, қазір оны қайтесің?

— Машинамен жүрген кісіге аудан алыс емес, тұтқиылдан келіп қалса сізді қайдан іздеп жүрем.

— Немене, ол “Көлбастауға” келмекші ме еді?!

Бақытжан абайламай сөйлегенін аңғарды, Черноносковтың күдігін сейілтетін желеу іздеді:

— Мен уәде байласпай-ақ оның келуі ықтимал,— деп күрсінді.— Оның да Алтыншашта көңілі бар секілді. Қыздың әрі кет демейтінін өзіңіз көрдіңіз. Қолына машина тисе ол бір минут та аялдамайды. “Көлбастауға” жетуге асығады.

— Енді ұқтым,— Черноносков қарқылдап күлді.— Арқауы бос, ынжық немсе ме десем, қыры бар қызғаншақ жігіт екенсің ғой. Сүйе білген, қызғана да біледі. Оның сөкеттігі жоқ. Бірақ дәріні “Көлбастауға” барған соң аласың. Оған менің көзімше берссің.

— Жарайды.— Бақытжан алыста, жол шетінде тұрған “Москвичті” көріп, машинаның жүрісін баяулатты. Шофері жас орыс жігіті екен. Аңадайдан қолын көтеріп, машинаның алдын кес-кестей берді.

— Неге тұрсын?— Бақытжан кабинадан басын сұғып айқайлады.

— Аккумуляторы өшіп қалды. “Көлбастауға” дейін сүйреп ала кетші. Ақшаңды төлейін.

Бақытжан бұрылып Черноносковқа қарады. Ол жауап қатқанша шоферге айқайлады:

— Жетекке алатын тросың бар ма?

— Трос алуды ұмытып кетіппін.

Бақытжан мен “Москвичтің” шофері трос тартып, машинаны тіркеп жатқанда Черноносков бұларға қосылмай шеттеу тұрды. Бүгін “Көлбастауға” баратын қара жолдың

үстінде машина, мотоцикл жиі көрінді. Бір жолы такси де өтті. Енді, міне, “Москвич” көлденең тұра қалған. Осы көріністердің бәрі оған ұнамады. Машинаға қайта отырған кезде:

— Көрінген жерге тоқтауды қой, аялдамай, ауылға күн жарықта жетіп алалық!— деп, Бақытжанның “Москвичті” тіркесп алғанын жақтырмады. У дәрі жайында да әңгіме қозғамады. Сірә, Черноносков өзінің күдігін тексергісі келді ме, “Көлбастау” колхозына қонған күннің ертеңіне Т. қаласына телеграмма берді. Телеграмма Тарасов деген біреудің атына жазылды. Тарасов деген кім? Қайда жұмыс істейді? Ол Черноносковпен қалай байланыс жасаған? Черноносковтың телеграммасымен қоса, сондай қағаз Т. қаласындағы Талғаттың атына кеткен еді. Телеграмма почтамттың өзінен документ арқылы берілетін етіп жіберілген еді. Және оны алған кісі дерсу жауап қайтаруға тиіс. Черноносков өзінің телеграмма бергенін Бақытжаннан жасырған жоқ. Колхоздың почта бөлімшесінен шыққанда:

— Бұл жақ қанбақ ұшқан мидай дала ма десем, жеміс-жидегі көп, бай өлке скен ғой. Қазір қалада қайбір жеміс бар дейсің. Онда таныс жолдасым бар еді. Қалада болса, посылка жіберейін деп ойладым. Сенің қалада танысың бар ма?— деп сұрады.

— Мен ауданнан ұзап шықпаймын. Қызға анау-мынау бірдемелер сатып алайын деп бір-екі мәрте барып едім. Жүдә, дүние удай қымбат екен. Қала ақшаның соры ма деймін. Онда мен танитын ешкім жоқ.

Черноносковтың телеграммасында сырт караған кісіге күдіктенетіндей сөз жоқ-тын. “Мұнда жеміс мол. Қалада болсаң осы жетінің аяғында посылка жіберем. Ашырапов”. Бақытжан өз ішінен телеграмманың текстін бірнеше рет қайталады. Майор Бөгембаевтың осы жақта жүргенін Талғаттан естіген. Колхозда әскери киім киген адамдар көп. Жүріс-тұрыстары асығыс. Топ-тобымен машинаға мініп кетіп жатыр. Олардың арасында көмекші жұмыскерлер секілді жай киім киген адамдар да бар. Бірақ Нәсірді ешқайдан жолықтыра алмады. Талғат “Көлбастауға” жүрер алдында: “Өз бетіңмен әрекет жасама, қажет кезде жігіттер өздері іздеп табады”,— деп ескерткенімен Бақытжанның көңілі дауа таппады. Ол Черноносковтың Т. қаласына жедел телеграмма бергенін қайткенмен де жеткізуі керек. Черноносков қасындағы серігінің тықыршып, әбігерленіп жүргенін байқап қалып:

— Берекең кетіп, күтың қашты. Қане, нендей жаманатты сездің? Сонынды айтшы?— деді Бақытжанды қолтықтап, машинаның қасына оңаша алып шығып.

— Сіз секілді мұнда жеміс-жидек жинауға келгенім жоқ. Менің мұнда пісіп тұрған өз жемісім бар. Мұнда жүргеніме екі күн болды. Оның қайда екенін білмеймін. Енді сіздің жетегіңізге ермеймін, Алтыншашты тауып алам.

Черноносков көңілі орнына түскендей кең тыныс алды.

— Мана басқармаға барып жүр едің ғой, олар не айтты?

— Бұл жерде кісі жөн сұрап таба алушы ма еді? Біреулер фермаға кетті десе, екіншісі осында, орталықта жүрген дейді. Әскери адаммен жүрген секілді еді, солармен ілесіп кетпеді ме екен дегендер де табылды.

— Солай болуы да мүмкін ғой?

— Сіз де мені табалайын дедіңіз бе?

— Сен бекер ашуланба, жігітім.— Черноносков кабинаны ашып, рульге өзі отырды.— Бұл жақ қала емес, бізді ешкім тергей қоймас. Сен аздап тынығып ал, машинаны мен айдайын. Кісі ашуланған кезде рульге отыруы катер.

— Қайда барамыз?

— Әдейілеп машинамен келген соң, күр қол қайтқанымыз орынсыз болар. Біздің директоршамыз комағайлау әйел сияқты. Осыннан жеміс, картоп ала кетейік. Мен басқармадан қағаз жаздырып алдым. № 3-ферманың алмасы тәуір дейді. Соған барып қайтайық. Бәлкім, сіздің қызыңыз да сол жақтан табылып қалар.

Черноносков түс ауа колхоз фермасына жеткенде, Глинов почтаamtтан телеграмма алу үшін келіп кезек күтіп тұрған еді. Черноносков колхоз бөлімшесінен телеграмма беріп шыққанда оның тексті сөзбе-сөз майор Бөгембаевқа айтылған болатын. Сол сәтте Т. қаласына Талғаттың атына қоса шифровка кеткен еді. Онда Тарасовтың кім екенін анықтаумен бірге, телеграмманың текстін шапшаң шешуді табыстаған еді.

“...Қалада болсаң, осы жетінің аяғында посылка жіберем”. Бұл сөйлемнің шешуі қалай? “Посылка” деген сөз нені аңғартады? Талғат жауап телеграмманың текстіне қарап, жазу сырын ашпақ еді. Ол почтаamtтан Черноносковтың телеграммасын кімнің алатынын күтті. Терезеге тақағанда Глинов Тарасовтың атына берілген куәлікті ұсынып, телеграмманы алды да табанда жауап қатты:

“Сенің посылқанды күтем. Тарасов”.

“Черноносостың “посылка” деп отырғаны нысана самолеттің сынығы ма екен?” деп Талғат жорамал күрды да, бұл ойынан дереу айныды. Өйткені Черноносост кираған самолеттің сынығын “посылкамен” жіберіп әуреленіп жатпайды. Қалаға самолет, машина қатынап тұрған шақта, самолет сынығын посылкамен жіберіп, уақыт өткізіп қайтеді. Ол мұндай сынықты өзімен бірге алып та кете алады.

Олай болса “посылка” деген сөздің телеграммадағы сыры мүлде бөлек. Ол Алматымен байланыс жасап, генерал Байтоқовпен сөйлесті. Генерал Талғаттың сөзін сабырлы қалыппен тыңдап, қысқа кеңес берді:

— Ол сөздердің мәнін тез шешуге тырысамыз. Шифрды шешетін мамандар бас қосып жатыр. Бәлкім, жауапты ертең алып қаларсыздар. Меніңше, “посылка” деп отырғаны кісі ме деп ойлаймын. Ол осы жетінің ішінде қалада бірсумен, айталық, Глиновпен жолықпақшы. Егер жолығатын кісі Черноносостың өзі болса, онда оның қасында жүрген жігіттерді кездейсоқ қауіптен сақтандырған жөн. Кетер алдында ол айналасын тазалауға тырысады. Телефонмен тілдесіп жатқаннан гөрі өзіңіз барып қайтқаныңыз дұрыс болар еді. “Көлбастау” колхозы аудан орталығынан қанша шақырым жер? Жүз елудей ме? Онда жолыңыз болсын, жолдас майор.

Талғат өзінше есептеді. Т. қаласынан аудан орталығы Көкталға дейін бес жүз шақырым жер. Оны бес жарым, алты сағатта қиып өтеді. Ар жағында тағы екі сағаттық жол бар. Кешкі салқынмен жүріп кетсе, ертең таңертеңгісін “Көлбастау” колхозында болады. Ол сол күні кешінде Т. қаласынан жүріп кетті. Талғат қаладан шыққан кезде Черноносост “Көлбастау” колхозының №3-фермасының маңында ашық машинаның үстінде отырған еді. Бұл күні “Дала полигонының” соңғы сынағы жүріп жатқан. Әлгінде бір көтергіш ракетамен он самолет-нысананы бірден жойды. Бір көтергіш ракетадан нысананың санына қарай бірнеше снарядтың қатарласа бөлініп шығатынын алғаш Жолбарыс көлінің тұсында көрген еді. Полигонда да нысана самолеттер сондай тәсілмен жойылады. Бірақ мұнда қираған нысананың саны көп. Күн ұясына тақаған шақта аспанға көтерілген айқыш-ұйқыш алып рельсті көрді. Сырттан қараған кісіге ондағы мұнаралы крандарды байлап, канат тағып ұшырған секілді. Әр тұстан қызыл оттар жылтылдайды. Аумағы кішігірім

самолет қонатын алаң секілді. Маңайында реактивті истребительдер ұшып жүр. Байланған алып рельстің қасында қалпаққа қонған шыбын секілді. Черноносков көзінен қара көзілдірігін алмай, ғажайып алып рельстің не екенін білмесе де, бөлшектеп, сонан соң тұтасынан бірнеше рет суретке түсіріп алды. Аздан соң алыстан саңырауқұлақ секілді қара бұлт аспанға көтеріліп шықты. Колхоз орталығынан шығар алдында Черноносков машинаның доңғалақтарын темір бұрандамен тесіп қойған еді. Фермаға жетер-жетпестен артқы доңғалақтардан жел шығып, машина шоңқиып шөгіп қалған. Бақытжан камераны суырып алып, жамап, әбігер болып жатқан Черноносков алыстан бомбаның жарылғанын көргенде үрейі ұшып, машинадан секіріп түсіп, астына тығылды.

— Ғанекке, сізге не көрінді? Машинаның астына тірідей жаншылып өлмексіз бе? Әрі кетіңіз!— деп, машинаның маңайына жуытпай аяғымен тепкіледі. Черноносков сөз катуға шамасы келмей, жиекті қолымен нұсқай берді. Бақытжан аспан төрін қаптаған қалың бұлтты көріп:

— Неден қорықтыңыз?— деді.

Черноносков таңқалған пішінмен үстін қағып, орнынан тұрды. Әлгінде жарылған бомба өзінің жойқын күшінен айырылып, кәдімгі зиянсыз қара бұлтқа айналып кеткен. Черноносков осындай көрініс қайталана ма деп машинаның үстіне қайта көтерілді. Алып рельс алаңы сансыз оттарын жарқыратып, көкжиектен асып бара жатты. Аспанда қала қалқып, көшіп бара жатқан секілді. Бұл атом бомбасын зиянсыздандыратын жаңа қару екенін Черноносков бірден ұқты. Машинадан шапшаң секіріп түсіп:

— Камераны жамап болдың ба?— деп, доңғалаққа жел толтыруға өзі көмектесті.— Ферма менгерушісін тапсақ, бүгін жүріп кетеміз.

Бақытжан Черноносковтың асығу себебін түсінді. Бірақ аңқаусып:

— Қауын-қарбыз алмай кетеміз бе?— деді.

— Жолдан сатып алармыз.

— Ғанске, мен бүгін ешқайда бармаймын. Алтыншашқа жолықпай кетпеймін.

Черноносков тістеніп үндемеді. Село жаққа көз тігіп тұр. Машина толған солдаттар, ағылып өтіп жатыр. Ұшы-қиыры жоқ. Құмнан, полигоннан оралған. Көңілдері көтеріңкі. Өлендетіп барады. Әнді үзбей зор дауыспен жалғап әкетеді. Бүкіл дала әнге толған. Черноносков қалтасына қолын салып:

— Болдың ба?— деді, Бакытжан Черноносостың пистолетке қол жүгірткенін сезіп:

— Отырыңыз, қазір жүреміз,— деді. Қару қолданғандай болса, алысып, қайрат жасау үшін жанасып жақын отырғанын дұрыс көрді. Кабинаға отырғанда Черноносостың:

— Осы тұста Т. қаласына баратын жол бар ма?— деді.

— Атты кісінің қалай өтетінін білмеймін. Ал бұл маңда машинаның жолы жоқ. Қалаға бару үшін ауданды басып өту керек.

Бұлар сол түні “Көлбастауға” қайта оралды. Алтыншаш фермада болып, Бакытжан келердің алдында колхоз орталығына қайтып кетсе керек. Сондықтан Бакытжан түнде жүріп кетуге қарсылық білдірген жоқ. Черноносостың таңертеңгісін тамақ ішейік деп, колхоз асханасына кіргенде, онда отырған Талғатты көрді. Черноносостың көңіліне секем алып, состиып тұрып қалды. Талғат қол бұлғап шақырды.

— Келіндер, мұнда отырыңдар,— деп қасындағы семіз қазақпен таныстырды.— Біздің автопарктің директоры. Қайрақбай Дауылбаевич деген кісіңіз осы. Обком осы ауданға өкіл етіп жіберді.

Черноносостың автопарктің директорын білетін. Т. қаласына келгенде таксиде жұмыс істеу ойында болып, Глинов оны сырттай таныстырған. Дауылбаевты көргеннен кейін бе, Черноносостың көңілі жай тауып, жайбарақат отырды. Талғат буфетке кеткенде, құлағына сыбырлады:

— Анаүнгі айтқан дәрі осы,— деп бармағына жұқа қағазды қыстырды. Бакытжан түсінгендей бас изеді.— Алтыншаштың осында екенін біліп, бұл дәйіс әдейі келген ғой. Бауырым, қамданып қал, өйтпесе қыздан айырылып қаласың.

Түс мезгілінде Бакытжан ауданға жүріп кетті. Жолда келе жатқанда Черноносостың:

— Жігітім, кісі өлтіргендер өлім жазасына кесілетінін білесің бе?— деді.

— Мен ешкімді өлтіргенім жоқ...

— Таксидің шоферіне у бергенінді өзім көзіммен көрдім ғой. Бұл кісі өлтіру емес пе?

— Қызғаншақтықтан жасалған іс қой, Ғанеке.— Бакытжан аяғының астында жатқан моторды айналдыратын темірге қол салды.— Және дәріні өзіңіз бердіңіз.

— Жігітім, түзу отыр, ол темірмен мені ұрам дегенше, жайратып салам!— деп, пиджактың астарынан пистолеттің тұмсығын қылтитып көрсетті.

— Сен кімсің? Менде не жұмысың бар?

— Кім екенімді қалаға барған соң білесің. Ауданға соқпай қалаға тура тарт, жолда дыбысыңды шығарам деп ойлама. Кісі өлтіргенді совет есіркемейді. Ұқтың ба?

Бақытжан амалсыз мойындаған кісідей үндемеді.

18

Нәсір мен Талғат “Көлбастау” колхозына кетіп бара жатқан жолда бұл екеуінің әңгімесін машинаға орнатылған аппарат арқылы тындап отырған. Нәсір қабылдағышты өшірді де:

— Пистолеттің оғын алғаныңды Бақытжан біле ме?—деді.

— Біледі, бәрін айттым.

— Олар қалаға қай мезгілде жетеді?

— Жүк машинасы қаншама шапшаң жүргенімен сағатына алпыс шақырымнан артық ала алмайды. Шамамен, түнгі сағат он екі-бірде жетер.

— Мен бүгін танертенгісін генералмен сөйлестім. Черноносостың берген хабарының шешуін айтты. “Қызғалдақ гүлдейді” дегені кеше өткен “Дала полигоны” жайында екен. Оның ауданға соқпай қалаға өтуіне қарағанда рация Глиновтың үйінде тығулы тұрған секілді. Сәулелі қарудың кереметін беруге асыққан.— Нәсір орнынан тұрды да:— Онда Черноносостың алдын тосайық. Ал қазір Қайрақбай Дауылбаевичке барып кешірім сұраңыз, өзіңіздің жүретініңізді айт,— деді.

Дауылбаев ауылдық Совсттің кеңсесіне кеткен еді. Талғат машинаның есіктерін құнттап жауып, кілттеп жатқанда, өзіне қарай келе жатқан Қайрақбай мен Алтыншашты көрді. Қыз анадайдан қолын бұлғап, жүгіріп қасына келді.

— Сіз Бақытжанды көрген жоқсыз ба?

— Көрдім, олар кетіп қалды.

— Қалай? Мені өзімен бірге ауданға ала кетем деп еді.

— Алмағаны — асыққаны болар.

Қыз мұңайған түрмен:

— Сіз Бақытжанды жуық арада көре аласыз ба?

— Жолығуым ықтимал, әуелі бүгін кездесуім де мүмкін.

— Сіз, өйтіп қылжак етпеңіз мені,— деп Алтыншаш шамданып қалды.

— Сеніңіз, дәл осы жолы шын айтып тұрмын.

Қыз көңілденді. Сумкасынан газет қиындысын алды да, бұрышына шапшаң жазу жазып, төрт бүктеп Талғаттың қолына берді.

— Оны күтетінімді айтыңыз.

Талғат бүктелген газет қиындысына әрі-бері қарап:

— Оқып қояды деп қорықпайсың ба?— деді.

— Онда құпия дәнеңе жоқ, оқуыңызға болады.

— Асықпай оқырмын,— деп Талғат қағазды төс қалтасына салды.

Қайрақбай бұлардың сөзінің шет жағасын естіп қалған еді. Талғатқа ренжіген түрмен:

— Жігітім, сен қыз жүрегін жәбірлеме! Мұндай нәрсемен әзілдеуге болмайды. Сен ол баланы көре алмайсың. Қазір біз бөлімшелерді аралап кетеміз,— деді.

Талғат автопарктің директорын оңаша шығарып алып, өзінің жеке куәлігін көрсетті. Қайрақбай куәліктегі суретке, біресе Талғатқа шұқшиып ұзақ қарады. Әлден соң беті күлімдеп:

— Жігітім, жолың болсын!— деді де, қолын алды.

Талғат қоштасып кетіп бара жатқанда Алтыншаш:

— Қайресе, бұл жігіт Бақытжанға бүгін жолығам дейді. Сонысы рас па?— деді.

— Біздің жігіттер екі сөйлемейді, айтқаны рас. Оның қолынан бәрі келеді,— деп Қайрақбай мақтанып, қорбаң-қорбаң етті.

Бір сағаттан кейін Нәсір мен Талғат әскери самолетке отырып Т. қаласына ұшты. Самолет биіктеп көтеріліп, қалаға бет алғанда Нәсір:

— Әлгінде сөйлескен қыз Алтыншаш па?— деп, Талғатқа бұрылды.— Аса ажарлы бала екен.

— Бақытжанды сұрап, хат жазып берді. Әуелі маған оқуға рұқсат етті.— Талғат төс қалтасынан бүктеулі газетті ашқанда өзі таңқалды.

— Өй, мынау Бақытжан ғой,— Нәсірге ұсына берді. Басына дулыға киген жас жігіт мотоциклдің қасында тұр. Сурет стадион ішінде түсірілген. Жыпырлаған халық қол соғып, Бақытжанды құттықтап тұрған секілді. Суреттің астына былай деп жазылыпты: “Биыл мотоциклистердің жарысы қызықты өтті. Оған жастар көп қатысты. Қазақ мемлекеттік университетінің студенті, спорт мастери Бақытжан Алтаев “Лениншіл жас” газетінің арнаулы жүлдесін жеңіп алды. Суретте: Бақытжан Алтаев”. Нәсір суретке қарап:

— Біз жігітімізді қара жұмысқа қосып, жасырып, бүркеп жүрсек, бұл қыз оны студент кезінен білсе екен ғой, неге айтпаған?— деді.

— Атқарып жүрген жұмысына бөгет жасамайын деген ойы шығар. Қызымыз ақылды екен. Мен бұл хатты иесіне табыс етейін,— деп, Талғат газет қиындысып бүктеп қалтасына салды.

Самолет бір сағат жиырма минуттан кейін Т. қаласының аэродромына келіп қонды.

Сол күні кешінде, жұмыстан қайтқан бетте Глинов қамауға алынды. Нәсір бастаған оперативтік топ Чернонососты Глиновтың үйінде күтті. Түннің біраз уақыты өтті. Черноносост келмеді. Талғат әбігерленіп, Нәсірге сыбырлады:

— Черноносост бұл үйге соқпай кетсе қайтеміз?— деді.

— Берген телеграммасына қарағанда, ол Глиновқа келуге тиіс. Рация, ақша осы үйде, оны алмай ешқайда бармайды.

Бұл мезгілде Черноносост бақ ішінде, шөптің арасында тығылып жатқан еді. Қалаға келгеніне бірер сағаттай өткен. Соңына түскен қуғыншыны байқай қоймады. Оның үстіне “қауіп жоқ” деген шартты белгіні білдіретін терезенің қақпағы жабық еді. Черноносостта үйдің екінші кілті болатын. Есікті жайлап ашып, түпкі үйге кіре бергенде, қарулы, мығым қолдар тапжылтпай ұстап, қолына темір кісен салды. Осының бәрі бірер секундтың ішінде жасалды. Жағасындағы улы ампуланы шайнап үлгермеді.

Машинаға алып келгенде Черноносост өз қолымен жолда “атып тастап” кеткен Бақытжанды көрді. Артқы кабинада жайбарақат отыр.

Түнде оқ атылмағанын, алданғанын Черноносост сонда ғана ұқты...

ТАУДАҒЫ ЖАҢҒЫРЫҚ



Алыстан жарқылдаған сәуле көрінді. Зымырап жақындап келеді. Жарығы молайып, жайыла түсуде. Тілек бойын әрең жинап, тәлтіректесп орнынан тұрды.

Зуылдаған машина тақап қалғанда, Тілек жолдың ортасына жүгіріп шықты. Сол сәтте кеудеден ұрған қатты соққыдан ұшып түсті. Анадй жерде бүрісіп, бір тұтам болды да қалды. Есін жиған кезде, әйтеуір, бір түсініксіз ызың құлағына талып естілді. Әлдебіреулер сүйреп бара ма, қалай?..

Шынында солай еді. Машина ішінде екеу отырған. Бұлар да араққа сылқия тойып алған. Көңілдері көтеріңкі. Күліп, дабырлай сөйлесіп келеді. Олар тас қараңғыдан жүгіріп шыққан Тілекті байқамай да қалды. Машинаның желдік әйнегінің күлпаршасы шыққанда ғана естерін жинады. Шофердің қасында отырған серігі жалма-жан кабинаның есігін ашып, ытып шықты. Шофер бетіне шашыраған әйнектің ұнтағын сүртіп:

— Жүгеріге түскен жабайы шошқа ма деймін. Өзін өлердей ғып соқтық,— деді.

Шофердің серігі ақырын, абайлап басып Тілектің қасына келді. Еңкейіп, үніліп қарады.

— Өй, мынауың шошқа емес, адам ғой! Біз кісіні қағып кетіппіз!— деп шошып кетті.

— Оттама, сөйтіп кісі ойнай ма екен! Айдалада, қараңғы түнде қаңғыған неғылған кісі!— деп шытынап, серігінің қасына келді.

— Шын айтам. Нанбасаң өзің көргін!

Шофер бүрісіп, бүгіліп жатқан Тілекті көрді. Серігі қолын ербендетіп:

— Біз кісі өлтірдік. Құрыдық енді. Түрме түбінде шіритін болдық! — деп жыламсырай шегіншектеді.

Шофер жүресінен отырды. Тілектің кеуде тұсын сипалап қарады. Құлағын тосты. Бірақ әлсіз жүрек соғысын ести қоймады. Серігі безектеп:

— Немсеге саған ілесе қойдым десенші! Сол тойда не жұмысым бар еді? Үйде жылымшы шарабымды тыныш қана ішіп отырсам қайтер еді? Кісі өлтіруге сенің де қатысын болды, арақты бірге іштің дейді-ау!— деп сөйлей бастағанда, шофер зекіп қалды.

— Әй, тұра тұршы! Неге түнілдің соншама. Мынау меніреу түнде кісі өлтіргенімізді кім көріпті. Мұны екеумізден басқа тірі пенде білмейді. Сен — қайнағамсың, әйелімнің бауырысың. Тілегі бір, ниеті бір туыстан аяған жан садаға кетсін. Мен тұтылсам қарындасыңның күні қараң болады. Екі бірдей баласымен шұбатып оны кім алады? Одан да бұл бәледен құтылудың қамын жасалық. Бекер тұрмай машинаға әкеп сал. Мен мына әйнектің сынығын сыпырып, жинап алайын,— деді.

Екеуі денені машинаға қарай сүйреп көтеріп келе жатқанда Тілектің бір сәтке санасы оянған еді. Тынысы тарылып, булығып, тұншығып барады. Әлдеқандай тарамыс мықты қол кеңірдегінен шеңгелдеп, бүріп ұстап алған. Айырылмайды. Бұл алыспақ боп бұлқынады. Бірақ дәрмен жоқ. Осындай жанталас күйде аласұрып жатқанда тамағын қысқан қол бір сәт ажырап, тынысы кеңейгендей болды. Алыстан дүбір естіле ме, қалай? Аспанда, ала бұлт арасында күн жарқ етіп көрінді де, сол күннің мол сәулесіне бөленген шешесі қолын созып, бұған қарай ұмтылып келеді. Басындағы жаулығы аппақ, өзі де тұтас ақ киінген. Тілек те ұмтылады. Әлгі тарамыс қол кеңірдегіне шап беріп жармаса түседі. Шешесі қараңғы бұлт арасынан бірде шығып, бірде көміліп, алыстап барады.

Бұл кезде әлгі екеу Тілекті тау қуысына, Талды өзеніне апарған еді. Бұлтты түн. Шақпақ, зеңгір тастар окшаулана түнеріп, зіл тартады. Тау қуысы ызғарлы, салқын. Осындай сәтте Тілектің санасы бір сәтке тағы оянып еді. Көкте ұшып бара жатқандай беймәлім сезім. Анасы қолын жая ұмтылады. Шақпақ шаққан қара бұлт екеуін екі жаққа айырып, бөліп жібереді.

Таудан жаңғырық естілді.

— Апа!

Шофердің серігі шошып кетті:

— Өй, мынау ит тірі ме еді?

— Өшір үніңді! Болар іс болды! Біз ешқандай адамды қаққан да, көрген де жоқпыз. Ұқтың ба? Бұл иттің әлгі бөтселкесі қайда еді?

— Оны қайтесің?

— Әкел бері!— Шофер құлаштап тұрып шөлмекті өзенге лақтырып жіберді.

Шофер ауылға тақағанда есін жиғандай болды. Желдік әйнегі жоқ машинаның алдынан соққан суық жел денені тоңазытып, айықтырып тастаған еді. Ол рульге маңдайын төсеп:

— Ойпырай, біз кісі өлтіріппіз ғой! Адамшылықтан кетіппіз-ау! Енді қайттік?— деді.

— Менің манадан бері зарлап жүргенім осы ғой!

— Ертең жұмысқа шығу керек. Ал мынаның әйнегі жоқ. Бастығыма не деймін? Қара басып осылай тұтылғанымыз ба?

Серігі иығынан түртіп:

— Әйнектің жарасы жеңіл. Мен машина құрап алам деп көптен бері артық бөлшектер жинап жүр емес пе ем. Үйде “Москвичтің” осындай желдік әйнегі бар. Қазір соны орнатамыз. Бәрінен де мына бәледен қалай құтыламыз? Соны айтсаңшы?— деді.

— Бізді ешкім көрген жоқ. Тек ауызға ие болайық.

— Милиция ізге түсе ме деп қорқам.

— Милиция, әулие емес. Кісі қаққанымызды қайдан біледі?

— Ізіңе түспесін де. Қармағына бір іліксең, құтыла алмайсың.

— Үрейің ұшпасын. Одан да әйнекті тезірек орнатайық.

Екеуі түн ішінде машинаның күйреген желдік әйнегінің орнына жаңасын салды. Жарқыраған әйнекті көргенде көңілдері жай тапқандай болды. Таудағы жаңғырықты ұмытқан ескілді.

— Шіркін, қазір жүз грамм болар ма еді. Шіміркенбей қағып жіберер едім!— деп серігі керіліп, құлашын жайғанда, шофер: — Қорапты қарашы, сонда бірдеме қалған сияқты,— деді.

Серігі машинаның жүк салғышын ашты.

— Е, мұнда бір бөтелке портвейн жатыр.

Екеуі асықпай бір бөтелке шарапты бөліп ішті.

Кенет шофердің есіне әлдене түскендей болды. Шекесін ұстап, тоқтай қалды.

— Айтқандай, әйнекке тас тиіп, шытынаған жері бар еді. Оны қайттік?

— Қай жері шытынап еді?

— Шамамен осы тұс,— деп шофер саусағымен нұқып көрсетті.— Шегемен ұрып, белгі салсақ қайтеді?

— “Москвичтің” әйнегі осал Қатты ұрсаң бәрі күйреп, уатылып түседі. Сен сол белгі түскен жерді саусағыңмен көрсетіп тұр. Мен үшкір тас тауып алып, лақтырып көрейін. Қане?

— Дәл көзде,— деп шофер сұқ қолымен әйнекті нұқып көрсетті.

Алыстан әлсіз лақтырылған кішкене тастан әйнектің беті шытынап шыға келді. Шофер қуанып кетті.

— Болды! Жетті!

— Күдіктен енді құтылған шығармыз. Алда татар дәм бар екен.

* * *

Ішкі телефон шылдыр ете қалды. Бұл — облыстық ішкі істер басқармасының бастығы полковник Ердәулетовтің бөлімдермен тікелей жалғасатын телефоны. Тұтқаны подполковник Шелковников көтерді.

— Сізді тыңдап тұрмын, жолдас полковник.

Сабырлы салмақты үн естілді.

— Андрсевка оқиғасының жайы қалай?

— Іздеу салып жатырмыз, жолдас полковник.

— Қашанға дейін іздемек ойыңыз бар?

Шелковников күмілжіп қалды.

— Сізді тыңдап тұрмын, Василий Ефсеевич,— деген Ердәулетовтің дауысы тағы естілді.

— Баланың үйіне қарай кетіп бара жатқанын жолдастары көрген.

— Мұны маған айтқансыз.

— Одан әрі не болғанын ешкім білмейді.

— Аудандағы жолдастар не тындырыпты? Ізіне түсе алып па?

— Оперативтік топ жұмыс жасап жатыр. Баланы іздеп, сұрау салуда. Әзірше ешқандай нәтиже жоқ.

— Меніңше, Василий Ефсеевич, баланы емес, қылмыскерді іздеу керек.

Шелковников абыржып қалды.

— Ұқпадым, Әбен Ердәулетович, сіз қылмыс жасалды демексіз бе?

Ердәулетовтің жауабы қысқа естілді.

— Маған кіріп шығыңыз.

Шелковников орнынан тұрды. Ойланды. Бұл қалай? Шынымен ауыр қылмыс жасалғаны ма? Солай деуге қандай негіз бар? Полковниктің бұлай шұғыл шешім қабылдауы қалай? Аудандағы жолдастар ешқандай оқиғаның болмағанына сендірген еді. Осы оқиғамен байланысты өткен жұмада өзі де Андреевкаға барып қайтқан. Баланың қай кезде қай жерде болғанын, кімдермен кездескенін сұрастырып білген. Қастандық жасалды дейтіндей ыңғай жоқ.

Оқиға былай басталған еді: өткен айдың демалыс күнінің бірінде Тілек жолдастарына барып қайту үшін Николаевка селосына кетеді. Ол Андреевкадан алыс емес. Тілек бұл селоға бұрын да талай барып жүрген. Онда бір класта оқыған, жасында бірге өскен достары, жолдастары бар. Мұнда келерде ылғи сәнді киімдерін киіп келеді екен. Оның бұл сырын анасы ғана біледі. Жаңа костюмін киіп, айна алдында таранып, сыланып тұрғанда шешесі Дариға:

— Балам, тағы бара жатырсың ба? Со шіркін саған тағат, тыным таптырмады-ау. Енді қайтейін. Әнегүнгідей кешіге қалсаң, түнделстіп жаяу жүргенді қой. Сонда ағаң Мырзатайдың үйі бар. Сол үйге қона кет. Өздері сені келмей кетті деп жүр ғой,— деп ақылын айтты.

Баласының Николаевкаға неге барғыштап жүргенін Дариғаның іші сезеді. Кішкентайынан бірге өскен Нұргүл дейтін қыз бар. Әдеміленіп, таралып бой жетіп келеді. Екеуінің жас арасы шамалас. Биыл оныншы класты бітіреді. Селоға барғанда Нұргүлді тауып алып, сонымен клубқа киноға барады екен. Бұл екеуінің жарасты жүріс-тұрыстарын көрген Дариғаның ол жақтағы абысындары: “Екеуі егіз козыдай жұбын жазбайды. Тойыңа қамдана бер”,— деп өздерінің қуаныштарын білдіріп, бір кездегі жастықтарын естеріне түсіріп, кәдімгідей әңгіме ғып айтады екен. “Тілек әлі жас. Жай құмарлық шығар. Жарды күту, тәрбиелесу, бағу парызың біле қояды дейсің бе? Осы күнгінің баласы оқумен, сауықпен тіршілік кешкен ғой”,— дей салатын. Артық сөз балаларға қырсығын тигізіп жүре ме деп ойлайды.

Сол күні Тілек клуб маңында біраз сенделіп жүріпті. Би басталғанда Нұргүлді тауып алып, онымен би билепті. Нұргүл: “Мына үйдің ауасы тарылып кетті. Басым ауырып тұр. Ертең шығарма жазатын едім. Соған дайындалуым керек. Үйге қайтайық”,— деген соң, оны үйіне шығарып салады.

— Өзің осында қаласың ба?— деген қыз сұрағына Тілек:

— Ауыл арасы жақын ғой. Үйге қайтатын шығармын. Апам күтіп қалар,— дейді.

Тілек сол күні кешкі сағат он шамасында үйіне қайтады.

Міне, сол Тілек жоқ. Алғашқы кезде Тілектің үй іші оны Николаевкада қыдырып жүрген шығар деп ойлайды. Ал мұндағы ағайындары үйіне кеттіге санайды. Осылай бір жеті өтеді. Бір күні әпкесі келіп: “Тілек қайда?”— деп сұрайды. “Бәсе, Тілек қайда? Қайда жүр өзі?”— деп іздей бастайды. Жақын ағайындарына сұрау салады. Алыстағы туыстарына хабар береді. Тілекті көрдік, білдік деген жан адам болмайды. Дереу милицияға мәлімдейді. Бұл хабар облысқа жеткенде полковник Ердәулетов Шелковниковты шақырып алып: “Андреевкадағы жолдастар сшқандай күрделі оқиға болған жоқ” деп, бізді сендірген еді. Азамат боп қалған бала жоғалып кеткен. Бұл оқиға маған ұнамайды. Осы іспен өзіңіз шұғылданыңыз”,— деп қатты тапсырғанды.

Полковник Шелковников осы уақытқа дейін “Тілек Алматыдағы ағайындарында қонақтап жүрген шығар. Ересек бала қайда кетеді?” деген әңгіменің ыңғайында жүрген еді. Ал полковник қылмыскерді іздеу керек деген сыңай береді. Сонда бұл қалай? Кісі өлтіргендей қылмыс жасалғаны ма?

Кабинетке кіргенде полковник Ердәулетов ауданмен сөйлесіп жатыр екен. Аудандық ішкі істер бөлімін подполковник Ысқақ Қайназаров басқарады. Қазақ, орыс, ұйғыр тлідеріне бірдей жетік, іскер азамат. Соңғы жылдары бұл ауданда ауыр қылмыс жасалған емес. Ел іші тыныш, жайбарақат. “Бұзақылық жасапты, үй тонапты” деген сөз мұнда сөкет естіледі. Ердәулетов телефон тұтқасын қойып жатып:

— Біздің кейбір жолдастарды ауданға жіберу керек. Қалай жұмыс жасау керек екенін подполковник Қайназаровтан үйренсін. Сабак алсын. Істі қалай ширақ жүргізу керек скенін білсін!— деді.

Шелковников бұл сөздің бір жағынан өзіне тиіп жатқанын сезеді. Тілектің бұл уақытқа дейін табылмауына ол да кінәлі секілді.

Полковник алдында жатқан папканы сырғытып қойып:

— Неге тұрсыз, Василий Ефсеевич? Отырыңыз. Кейде біз осы мәселеге жете көңіл бөлмейміз. Бізде қылмыстың көбі арақ ішудің кесірінен жасалады. Аудандағыларды неге

мақтаймыз? Олар көшеде мас боп жүруге тыйым салған. Ондайлар дереу айықтыру орнына апарылады. Сөйтіп үлкен қылмыстың алдын алады,— деді.

Бұл жай Шелковниковке белгілі еді. Мұны дәл осы сәтте айтудың мәнін ол аңғара қоймады. Соны сезген полковник:

— Баланы іздеп әуреге түспейік. Тілек жоқ. Мұның бәрі ішкіліктің қырсығы ма деймін,— деді.

— Қалайша?

— Қазір дәлін айту қиын.

— Сонда Тілек ішкілік құрбаны болды демексіз бе?

— Олай деу үшін дәлел керек. Менің қолымда ондай факті жоқ.

— Мен Тілекті Алматы не Семей кетіп, сондағы туыстарында қыдырып жүрген шығар деп ойлап ем.

— Аудандағы жолдастар солай сендірген ғой?

— Баланың туыстары солай деген секілді еді.

— Алыс жолға шығатындай оның қалтасында ақшасы жоқ емес пе?

— Иә, шешесі солай деген еді.

— Соңғы жолы Тілекті көргендер бар ма?

— Арбамен шөп артып келе жатқан қарт оны елсіз жазықтың үстінде кездестіріпті. “Түн боп кетті ғой, балам. Жазатайым бірдемеге ұрынып қалып жүрерсің. Кел, арбаға отыр”,— дегенде, Тілек: “Ауыл өзіміздікі. Маған кім тиеді? Үй алыс емес. Таза ауа жұтып барайын”,— деп бас тартқан.

— Мас емес пе скен?

— “Жүрісі түзу, ішпеген секілді” дейді.

— Алыс қаладағы туыстарына бармады десек, сонда қайда кетуі мүмкін?

Шелковников желкесін сипалады.

— Соған өзім де таңқалам.

Қалааралық телефон шылдыр ете қалды.

— Ердәулетов тыңдап тұр.

Трубкадан көтеріңкі дауыс естілді:

— Жолдас полковник, қылмыскерді таптық. Ол Трухин деген біреу боп шықты.

— Қайда істейді?

— Түрмеден босанған. Тиянақты кәсібі жоқ.

— Немене, өзін айыптымын дей ме?

— Түрме босағасын көрген әккі залым оңайлықпен көнеді дейсіз бе?

— Қазір сіздерге подполковник Шелковников барады. Бұл іспен тікелей шұғылдану соған жүктелген. Ұқтыңыз ба? Онда сау болыңыз!— деп телефон тұтқасын іліп қойды да,— Василий Ефсеевич, барлық фактіні тексеріңіз, титтей нәрсе назардан тыс қалмасын. Заңсыздыққа жол берілмесін,— деді.

Шелковников орнынан тұрды.

* * *

Түс әлетінде Ердәулетов аудан орталығына келді. Шелковников өз бастығының сырына қанық. Әбен екеуі көп жылдан бері облыста жұбын жазбай бірге қызмет істеп келеді. Бір кезде Ердәулетовтың өзі басқарманың қылмысты іздеу бөлімін басқарған болатын. Іске ширақ, қиын істердің, шытырман оқиғаның шешімін дәл болжап, оңайлатып әкетеді. Өзі қолға алған жұмысты тиянақтамай тынбайды. Әбеннің осы сырын білстін Шелковников оның бөгеле қоймайтынын сезіп, Трухиннен жауап алғаннан кейін сыртта, есік алдында күтіп тұрған Полковниктің машинасын анадайдан танып, қарсы аяндап жүрді. Машина жылжып келіп қасына тоқтай қалғанда, кішілік жасап, кабинаның есігін ашты.

— Кеңсеге соғасыз ба?

— Кеңсеге кейін келеміз ғой. Өзің машинаға отыр. Трухин мен Тілектің түн ішінде айдалада кездесуі маған жұмбақ көрінсін. Сол жерді көріп қайтайық. Бәлкім, істі ашуға септігі тиетін дәнекер бірдеме табармыз,— деді Ердәулетов қасынан ысырыла орын босатып.

Бүгін сол жерге Трухинді сәтті апардым. Пәлендей белгі із жоқ, жол әбден тапталып қалған.

— Менің ойымша, қылмыс сол тұста жасалған. Тілектің денесін алысқа апарып тастай қоймас.

— Мен мұқият шолып шықтым. Бірақ айғақты зат көзіме түспеді.

— Жүргенге жөргем ілінер дей ме? Тағы көріп қайталық,— деді полковник.

Машина село шетіне шығып, тастақтау жолға түсті. Кең жазықты бетке алып біраз жүргеннен кейін алдыңғы жақтан үйілген маялар көрінді.

— Анау көрінген шошак шөмеленің қасында отырған,— деп, Шелковников жолдан жырақтау жердегі үйілген шөпті көрсетті.

— Трухин Тілекпен қалай кездесіп жүр? Оның өзі не дейді?

— Шөмеле түбінде отырып арақ ішкенін жасырмайды. Басқа қылмысым жоқ дегенді айтады.

— Кісіні қылмысты деп тану үшін оны дәлелдеу керек. Сол фактіні қайткенде де табу керек,— деді Ердәулетов машинадан түсіп жатып. Ол төңірекке көз тігіп, бір сәт бөгеліп тұрды да, бір кезде Трухин мен Тілек отырған шөмелені айналып шықты. Шұқыр мен жыраларды, арықтарды қарады. Әлден уақытта таңқалған түрмен:

— Бос жатқан бір де бір шөлмекті көрмей тұрмын. Не сынып жатқан шынының қалдығы жоқ. Бұл қалай?— деп Шелковниковқа қарады.

— Мен де соны аңғарғанмын. Тегі, қылмыскер белгі қалдырмауға тырысқан.

— Олай болса қылмыс тап осы жерде жасалған.— Полковник машинаға қайта отырды.— Шәкір, жайлап жүргізіші. Осы манды мұқият шарлап шығалық.

Село аралығындағы жол күтімсіз. Бір кезде жалпақ төселген қалың асфальт тозып, мүжіліп ойдым-ойдым қара шұңқырға айналған. Кей жерге қиыршық құм төгіп толтырып тастапты. Шөмледен жүз метрдей жүргенде жолдың қас ортасында шұңқырдың ішіне моншақтай боп төгілген шынының сынықтары көрінді. Күн көзімен жалт-жұлт етеді.

— Шәкір, машинаны жолдың жағасына тоқтатшы,— деп Ердәулетов кабинаның есігін жайлап аша берді. Шынының үгіндісі жатқан шұңқырға беттеді. Шелковников та ілесе жүрді. Полковник жүресінен отырып, шыны сынықтарына үңілді. Желке тұсында түрегеп тұрған Шелковников:

— Әбен Ердәулетович, бір кезде тап осы жерде машина апатқа ұшыраған секілді. Мынау терезе сынықтарының қалдығы,— деді.

— Тым үгітіле сыныпты. “Москвич” машинасының әйнегі ме деймін. Экспертизаға жібер. Анықтап берсін.

— Сол түні Трухин сұқандай машинаны көрмеді.

— Олай болуы да ықтимал,— деді Ердәулетов ойланған түрмен.— Трухиннен тағы жауап алып көрелік.

Сол күні кешінде Трухиннен тағы жауап алынды. Орта бойлы, шымыр денелі ақ сары жігіт екен. Кабинетте отырған екеуге жалтақ-жалтақ қарайды. Полковник өзін таныстырды.

— Полковник Ердәулетов Әбен. Облыстық милиция басқармасының бастығы. Ал сіздің аты-жөніңіз кім?

Трухин иығын бір қозғап:

— Василий Иванович Трухин,— деді. Ердәулетов тесіле қарап:

— Тілек Боранбаевты бұрын білетін бе едіңіз?— деді.

— Жоқ, танымаймын.

— Танымайтын кісімен айдалада, түн ішінде қалай кездесіп жүрсіз?

— Ертеңгі күн демалыс болатын. Жұмыстан соң жолдастар жиналып, аздап арақ, сыра іштік. Менің әйелім зәрлі, шайпау адам. Үйге кіргенім мұң екен: “Арақ ішуді тағы бастадың ба? Сенің орның үй емес, түрме! Сонда жатып шіріп өлесің. Сенімен қосақтасып қойған құдай да ақымақ!”— деп беттен алып, төске шапты. Айтпаған сөзі қалмады. Мен жүлік те, баскесер де, өтірікші де боп шықтым. Менің қолым ауыр, балғадай. Осы әйелге қолым тиіп кетіп, сотты боп кетермін деп үйден шықтым да, Николаевқаға қарай кеттім.

— Неге?

— Сонда таныс келіншек бар. Байымен ажырасқан. Мінезі жайлы. Мені жақсы ұғады. Баяғы кезде бастауыш мектепте бірге оқығанбыз. Қабылдаса, соның үйіне біржола барып тұрмақ болдым.

— Сонан соң?

— Селодан шыққанымда жолда әлгі айтқан жігітке кезіктім. Өзі удай мас. Мені анадайдан көріп: “Әй, сен маған доссың ба? Тамырсың ғой? Онда бері кел! Арақ ішеміз!”— деді. Ішім өртеніп, ашуланып келе жатқан сорлы басым арақ дегенде елеңдеп кеттім...

— Сол шөлмектен ол да ішті ме?

— Бөтелке түбінде қалған арақты өзі ішті. Сонан соң жөніме кете бардым. Иә, айтқандай: “Жүрс алмасаң, үйіңе жеткізіп тастайын. Түн қараңғы ғой”,— дегенімде, маған реніш қылды. “Мені бала дейсің бе? Өз үйімді таба алам. Өйтіп тәлкек етпе! Әйтпесе қатты араздасамыз. Мен төбелессе білем!”— деп кіжінді. Ұрыс-жанжалдан қашып шыққан мен бейшара өз жөніме кете бардым.

— Жолда сшқандай машинаны көрмедіңіз бе?

— Байқамадым.

— Түрмеде не үшін отырдыңыз?

— Ұрлық үшін... Оңай мал тауып байығым келді.

— Бұл жолы не үшін ұсталып отырғаныңызды білесіз бе?

— Жөнді ұкпадым. Әлдебіреудің жоғалып кеткенін менен көргісі келе ме, қалай?

— Өлгенін деңіз!

Трухиннің көзі шарасынан шығып кетті.

— Өлгені несі? Оған менің қандай қатысым бар?

— Қатысыңыз бар ма, жоқ па? Оны дәлелдеуіңіз керек.

— Ондай істі айта көрмеңіз!

— Тілек Боранбасвты іздеп жатқанымыз белгілі болса керек. Соны білс тұрып өзіңіз милицияға хабар бермедіңіз?

— Ол жігіттің аты-жөнін білмеймін. Мені кісі өлтірген деп айыптамақсындар ма?

— Олай дегенім жоқ,— деп Ердәулетов орнынан тұрды.— Бірақ факті сіздің пайдаңызға шешілмей тұр.

— Білмеймін. Түк ұқсам бұйырмасын?— Трухин еңсесі түсіп бүрісіп кетті. Иегі кемседеп, көзінен жас шықты.— Бағым ашылмаған сорлы екенмін!

Трухинді алып кеткенде, Ердәулетов сәл ойланған түрмен:

— Василий Ефсеевич, қандай шешімге келдіңіз?— деп еңксейе бұрылды.

Шелковников жазған протоколын жинастырып жатып:

— Қылмыскердің “мен қылмыс жасадым” деп оңай мойындағанын көрген емеспін. Бұлтартпайтын дәлелді алдына тосқанда ғана “жаңылдым”, “жаңылыстым” деп мойындай бастайды. Соның өзінде білгенін бүгіп, жалтарып бағады. Трухин де солай жасауы мүмкін ғой,— деді.

— Оны бұл іске қатысы бар деп санайсыз ба?

— Актау да, қаралау да қиын. Алдағы істің барысы көрсетер.

— Екеуі отырған шөмеле маңын, екі ортадағы кең жазықты түгел шарлап, тінтіп, тексеріп шығындар. Жаяу адам өлікті алысқа апарып жасыра алмайды. Ол маңнан Тілекті таба алмасандар, онда Трухиннің айтқаны дұрыс. Оның сөзіне сенуге болады. Дерсу босатқан жөн.

— Кісі өлді десек, оның денесін басқа жақтан іздеу керек дейсіз ғой?

— Кісі өлімі болғанына күмәніңіз болмасын. Сарапшыларды асықтырыңыз. Шынылардың ұнтағы қандай машинанікі екенін де тез анықтап берсін.

— Ұғып тұрмын, Әбен Ердәулетович. Солай жасаймыз.

Полковник жүріп кеткеннен кейін Шелковников бүкіл оперативтік топты Тілек пен Трухинкездескен жерге апарды.

Күні бойы қазылған шұңқырларды, жар қуыстарды, жыраларды тінте қарап, бүкіл аймақты шарлап шықты. Жаңа қазылған төмпешік табылмады. Бұл кезде сарапшылар шыны ұнтағының қандай машинаныкі екенін анықтап та шықты. “Шыны сынықтары “Москвич” маркалы машинаныкі” деген қысқа қорытынды берді. Полковник Ердәулетов іздеу жұмысының барысын сұрап телефон соққанда, Шелковников:

— Әйнегі қираған машинаны іздестіріп жатырмыз. Аудандағы “Москвич” маркалы барлық машинаны тізіп шықтық. Бәрінің терезесі бүтін. Енді машина әйнегін жаңадан сатып алған не сұрастырған кісілер жөнінде мәлімет жинап жатырмыз.

— Шофер машинаның терезесін қиратсын делік. Оның өзінде сондай артық әйнек болуы мүмкін ғой?

— Осында бір шофер жөнінде дүдәмал күдік алдық. Қазір ақырындап тексеріп жатырмыз. Қалай анықтап болысымен өзіңізге жексе хабарлаймын. Аудандық финанс бөлімінің бастығы мініп жүрген “Москвич” машинасының желдік әйнегіне тас тиіп, аздап шытынаған екен.

Шелковников “Москвич” машинасын дәреу техникалық байқауға қойғызды да, оған сарапшылардың көмектесуін өтінді. Бұл істі шофердің өзіне айтпай астыртын жүргізді.

Сарапшылар күтпеген қорытынды жасады.

* * *

Виктор Жалакин өзін аудандық милиция бөлімінс шақырғанда қатты шамданды. Мұндағы қызметкерлердің көбін өзі жақсы таниды. Былай астасып, араласып тұрмағанымен әрі-бері өткенде көреді, кейде сұраған жеріне апарып тастайды. Олар да мұның финанс бөлімінің шофері екенін біледі. Кабинетке ашулана кірді.

— Мені іздеп жатқан кім? Кісіні жұмыстан қалдырудан басқа кәсіптерің жоқ па? Одан да анау жүліктер мен маскүнемдерді тыйсандаршы!

Шелковников жай киіммен отырған. Ол салқын, сабырлы үнмен:

— Жалакин деген сіз бе?— деді.

— Иә, мен.

— Отырыңыз.

— Ал отырайық. Бастығым облысқа жүретін еді. Уақытымның аздығын ескертіп қояйын.

— Күн әлі ерте. Асықпаңыз. Танысып қояйық. Облыстық ішкі істер басқармасының қылмысты іздеу бөлімі бастығының орынбасары подполковник Шелковников Василий Ефсеевич.

— Подполковник!— Жалакин басын шайқап мырс етті.— Менімен сөйлесуге осы ауданның пысықтарының әлі жететін еді ғой. Сізді бекер әурелеген екен.

— Өзіңіздің аты-жөніңізді айтыңыз.

— Виктор Жалакин.

— Әкеңіздің аты?

— Кішкентай адамбыз. Ешкім Виктор Наданбаевич деп дәріптесп, қолпаштап жатпайды. Қайда жүрсем де “Жалакин!” деп айғайлайды. Соған дағдыланып кеткенбіз де. Кешіріңіз.

— Виктор Наданбаевич, өзіңізбен сөйлесіп, кей жайттарды анықтап алайын деп едім. Қарсы болмайсыз ба?

— О не дегеніңіз?! Сұрай беріңіз.

— Сіз машинаны көптен бері айдап жүрсіз бе?

— Ес білгелі бері баранканы айналдырып келем. Басқа кәсіпті білмеймін.

— “Москвичті” айдап жүргеніңізге көп болды ма?

— Алғанымызға екі жылдан асты.

— Запас бөлшектерін ауыстырдыңыз ғой?

— Бұл жақтың жолы тегіс емес. Доңғалақ шақ келмейді. Бір-екі мәрте доңғалағын ауыстырғаным бар. Басқа бөлшектері өзінікі.

— Желдік әйнегін өзгерткен жоқсыз ба?

Жалакин сәл сескеніңкіреп қалды да, сол сәт бойын тез жинап алды.

— Жоқ-ә, ауыстырып қайтем.— Тас тиіп, аздап шытынағаны болмаса әйнегі әлі жаңа.

— Асығып отыр екенсіз. Бөгет жасамайын.

— Енді менің милицияға керегім жоқ па?

Шелковников күдік қалдырғысы келмеді. Қолын жая күліп:

— Сірә, ондай қажеттік туа қоймас. Ал шақыра қойсақ, бұлай ренжімейтін шығарсыз?— деді.

— О не дегеніңіз, Жалакин көмегін әсте аямайды,— Шелковниковтың жайдары жүзіне дәмелене карап, еңкейс сыбырлады.— Сізге бір сөз айтуыма бола ма?

— Айтыңыз.

— Мені жымысқы жалақор екен деп қалмаңыз. Кісіні даттау әдетімде жоқ. Әйткенмен сіз бастық адамсыз,

қарауыңыздағы кісілердің мінез-құлқын біліп қоюдың зияны тимес деймін. Мұндағы жігіттеріңіз тым дөрекі, мәдениеті жетіспей жатады.

— Бәрі сіз айтқандай сөз ұқпас ноқайттар ма?

— Бәрі демейін, ал ГАИ-ды басқарып жүрген аға лейтенантыңыз іші-сырты бірдей бұзық адам.

— Сізді ренжітіп пе еді?

— Маған қайдан тие қойсын. Аудан басшысының біреуін тасимын. Жалғыз оған ғана емес, басқаға да сөзім өтеді. Бірақ сол біздің жігіттерді бекер шырылдатып жатады. Орынсыз байланысады. Бірдеме дәмете ме, қалай? Сондай қылығы бар секілді.

— Ондай шағымыңыз болса жазба түрде беріңіз.

— Мен кісіге шағынбаймын. Бастық деп жай айтып жатқаным ғой.

— Жақсы, аға лейтенанттың өзімен сөйлесерміз.

— Өзін тәртіпке салып, аздап қысып қойыңыз.

— Кеңесіңізге рақмет.

Жалакин милиция бөлімінен шығысымен кеңсеге бармай, Банков жұмыс істейтін гаражға кетті. Оны оңаша шығарып алып, екі-үш минуттай сөйлесті. Машинасына отырғызып алып, оның үйіне келді. Мұнда көп аялдамады. Банков үйінен ақша алып шығып бергеннен кейін, Жалакин өз жөніне кетті. Сырт қарағанда, қарызға ақша алып жүрген кісіге ұқсайды.

Бұл жайды Шелковниковке хабарлағанда, ол:

— Банковтың Жалакинге қандай қатысы бар?— деп сұрады.

— Банковтың туған қарындасын Жалакин алып отыр.

— Жақын, туыс адамдар екен ғой. Онда Жалакинді бөгемендер, облысқа кете берсін.

Осы кезде полковник Ердәулетов телефон соқты. Трубканы көтергенде таныс дауысты естіді:

— Василий Ефсевич, қандай жаңалық бар?

— Жалакин дегенге күдік бар.

— Қайда істейді?

— Аудандық финанс бөлімінің шофері. Әлгінде шақырып алып сөйлестім.

— Не дейді ол?

— Доңғалақтан басқа машинаның бөлшектерін ауыстырғам жоқ дейді. Оның айтқаны сарапшылардың қорытындысына сай келмейді. Тергеуге алмай, сынап көрейін деп жіберіп едім. Осыдан шығысымен Банковқа барып жолықты. Ол да шофер, Жалакиннің туған қайнағасы.

— Екеуі қылмысты бірге жасаған дейсіз ғой?

— Сондай жорамал бар.

— Енді не істемек ойыңыз бар?

— Жалакин облысқа кетісімен Банковты шақырып алып сөйлеспекпін. “Москвич” машинасын жүргізіп жүрген ол емес. Кісіні басқан күнде әуелі Жалакин жауап беруге тиіс. Бір сөзбен айтқанда, оның кінәсіз екенін ұғындыруға тырысам.

— Сарапшылардың қағазын алдыңыз ба?

— Тағы мұқият тексеруді өтіндім. Бұл жолы қорытындысы дәл сондай болып шықса, облыстан қайтқан бетте Жалакинді қамауға алмақпын.

— Қазір Кировскіге жүргелі отырмын. Еңбекпен түзеу колониясынан аса қауіпті қылмыскер қашып шыққан. Оның туыстары Мұқыры жақта тұратын көрінеді. Осы жаққа із тастай ма деген жорамал бар. Кемірбаевқа бұл жағдайды айтып шықпақпын.

Аға лейтенант Мырзалы Кемірбаев жақында ғана Киров ауданындағы милиция бөлімінің бастығы болып тағайындалған болатын. Аудан республиканың батысы мен шығысын жалғастырып жатқан үлкен жолдың үстінде. Шаруашылығы мен өндірісі де мол. Мұндай жерде қызмет істеудің қиындығы әркімге аян еді. Бірақ облыс басшылары өжет жігітке зор сенім көрсетіп үлкен қызметке тағайындаған еді. Ол бұдан бұрын қылмысты іздеу бөлімінде істеп, өзін іскерлігімен таныта білген болатын. Оның қабілетін Шелковников жақсы білетін.

— Қылмыскер бұл жаққа аяқ аттаса, аға лейтенант Кемірбаев оңайшылықпен уысынан шығара қоймас. Оны білем ғой,— деді.

— Бет алысы жақсы. Әйткенмен жас жігітке көмек керек. Ал өзіңіз оқиға барысын хабарлап тұрарсыз.

— Міндетті түрде, Әбен Ердәулетович.

Сол күні кеште облыстан қайтып келе жатқанда Жалакин ұсталды. Оған тағылған айып: ылғи көше белгілерін сақтамайсың, жүріс ережесін бұзасың деген сылтау болды.

Жалакин оңайлықпен беріле қоймады. Алғашқы сәтте-ақ дауласа кетті. Инспектордың өзін кінәлады.

— Әй, сен көзіңді ашып қара! Машина кімдікі екенін білессің бе?

— Машина иесінде жұмысымыз жоқ. Ал сіз бөлімшеге барасыз. Жүріс ережесін қаншалықты білетініңізді бай-

қаймыз,— деді инспектор.— Өткен жолы да жаяу кісілерге жол бермей, осылай зымырап өткенсіз. Жазатайым біреуді басып кетсеңіз қайтесіз?

Бөлімшеге жеткенше Жалакин әлдекімге атаусыз тіл тигізіп, балағаттап отырды.

— Көше тәртібін мен емес, мына өздерің бұзасыңдар! Біздейге жасайтындарың зорлық, өктем жала, көренсу қорлық! Сендей дүмбілездерге тыйым, тұсау салатын кісі табылар. Күйлеріңнің қандай болатынын сонда көрермін!

Подполковник Шелковников отырған бөлмеге алып кіргенде, ол дағдарып қалды. Жұмсақ үнмен жалпылдап:

— Кешіріңіз, начальник жолдас. Осылардың маған әлі жетпейтіндей сізге сүйрелей берді-ау,— деп күлгендей болды.

— Көшенің жүріс ережесін бұзды дей ме?

— Мана таңертеңгісін аға лейтенанттың теріс қылығын өзіңізге айтып едім. Енді, міне, кешіне жетпей кек алып отыр.

— Мен олай ойламап едім. Отырыңыз. Сол таңертеңгі әңгімені жалғастырайық. Сіз машинаның желдік әйнегін ауыстырғаным жоқ деп едіңіз. Ал сарапшылардың қорытындысы бөлек, әйнек жаңадан салынған деседі. Бұған не айтасыз?

— Сарапшыларыңыз пенде емес пе? Олар да қателесуі мүмкін.

— Желдік әйнекті қайта салу себебіңіз қалай?

— Мен машинаның әйнегін ауыстырған емеспін. Өйтіп қиянат айтпасын!

— Желдік әйнекті ауыстырды дегеннен қандай қиянат таптыңыз? Экспертиза дәл көрсеткенін айтады. Әлде оны мойындай қойғаннан қатер келе ме?

— Өзім әйнек ауыстырғам жоқ. Соны ғана білем!

— Онда протоколға солай жазамыз.

— Немене, бұл тергеу ме, жауап алу ма?

— Сіз ауыр қылмыс жасағаныңыз үшін ұсталып отырсыз.

— Не қылмыс жасаппын?— Жалакин орнынан атып тұрды.— Шофер, қарапайым адам, әлсіз, оның қорғаушысы жоқ деп қамай бермексің бе? Өзің таппаған қылмысыңды маған жаппақсың ғой!

— Отырыңыз!

— Қылмысым жоқ. Бекер күйдірме!

— Өткен айдың он тоғызы күні қайда болдыңыз?

— Күн санайтындай күйге жеткенім жоқ. Алда жасайтын күнім бар.

— Сөйтіп, өткен айдың он тоғызында қайда болдыңыз?

— Он тоғызы қай күн еді?

— Жексенбі болатын. Сол күні қонақтан қайтып келе жатқансыз.

— Есімде жоқ.

— Онда сізге көмектесейін. Қырда отырған ағайыныңыздың баласы үйленіп, соған барып қайтуға машина сұрап алдыңыз. Қонақты сыйлау ежелгі дәстүр. Сіз рульде отырғаныңызды естен шығардыңыз. Түнep жатып іштіңіз. Қайтатын күні молырақ жұтып алдыңыз. Түнде ешкім көрмейді, білмейді деп ойладыңыз. Машинаны бар екпінімен айдап келе жаттыңыз. Сол кезде біреу жолдың қақ ортасына жүгіріп шықты. Токтатпақ боп қолын көтерді. Сіз жалғыз емес едіңіз. Қасыңызда кісі бар еді. Ол да мас. Екеуіңіз дабырласып, мәз боп келе жатқанда жолға шыққан кісіні қағып кеткеніңізді байқамай қалдыңыз. Машинаның әйнегі сол кезде күл-паршасы шықты. Әрине, қылмыс ізін жасыру үшін әйнек ұнтағын сыпырып алдыңыз. Бірақ апат болған жерде шыны ұнтақтары қалған еді.

— Бәрсекелді, беделді кісінің қайдағы ертегіні айтқанына таңым бар!

— Машинада қасыңызда отырған кім еді?

— Ешқандай кісіні білмеймін. Мен кісі қаққаным да, басқаным да жоқ. Ондай бәленді жаппа! Қылмысты десең дәлел айт, мойыныма қой, куәнді көрсет!

— Сөйтіп, қасымда ешкім болған жоқ дейсіз. Тойда кіммен бірге болғаныңызды сұрап білу онша қиын емес қой. Мұны өз аузыңыздан естіін деп едім. Бәлкім, Александр отырған шығар?

— Қандай Александр?

— Банковты айтам.

— Ешқандай Банковты білмеймін.

— Қалайша білмейсіз? Бүгін таңертеңгісін менімен сөйлескеннен кейін оған жолығу үшін гаражға іздеп бардыңыз.

— Немене, милиция әйелімнің ағасымен жолықтырғысы келмей ме?

— Кіммен жолығам десеңіз де өз еркіңіз. Онда милицияның жұмысы жоқ. Бірақ сіз Банковқа: “Облыстан келген Шелковников деген біреу әйнек жайында сұрады. Өзі де анық

білмейтін секілді. Аузыңа ие бол. Әйтпесе күримыз!”— деп ескертіп қойдыңыз. Сырт көзге қалаға бара жатқан соң, үйіне барып ақша алғандай көріндіңіз.

— Ағайын арасының алыс-берісінде милицияның жұмысы қайсы?

— Әрине, жұмысы жоқ. Бірақ қылмысты бүркеу үшін әдейі жасап отырсыз.

— Айып тағар айғағың жоқ. Қылмысты деп қорлама! Бұл кінәсіз жанға ауыр соққы. Нағыз бұзақтың сайрандап жүр. Соны ізде, соны тап!

— Сіздіңше қылмыскер кім?

— Ол — милицияның жұмысы. Сол үшін ақша алып, нан жейді.

— Бүгін облысқа барып, ұзақ жол жүріп қайттыңыз. Шаршаған шығарсыз. Бұл әңгімені кейін жалғастырайық. Бірақ ойланыңыз. Әлі кеш емес. Қасыңызда куә барын ұмытпаңыз.

Келесі күні Жалакинді жауап алуға тағы шақырды. Қарасұр қатпа адам онан әрмен түтігіп, қарауытып кеткен. Сабырлы қалыпта отырған Шелковниковке ашулы көзін қадап:

— Сендерде әділеттік жоқ, жұмыстарың ақты арашалау емес, күнкөріс қамы боп кеткен. Шеніңді көтеру, орныңды сақтау үшін қылмысты шұғыл ашқан боп жақсы атты көрінбексің. Мені қаралап, ұстап беруге ниет қылғансың. Күштеп көндіріп, мойындатам дейтін шығарсың. Оңай ала алмайсың. Ақтығыма арымды салып айқасып өтем. Соны біл!—деді де, қабырғаға жотасын тіреп жайпақ орындыққа отыра кетті.

— Зорлық жасаудан аулақпыз. Заң қоспайды. Оны білесіз. Сіз фактіден жалтара алмайсыз ғой деймін...— Шелковников стол тартпасынан фотосуретті алып, Жалакиннің алдына қойды. Жалакин ұлы Әлимен екеуі “Москвич” машинасының алдында тұрып түсіпті.

— Мынаны танысыз ба?

— Өзімді танымай соншама ақымақ боппын ба?

— Бала кім?

— Менің ұлым, Алик.

— Әли ме, Алик пе?

— Шешесі Алик дейді.

— Ал мына суретті қаранызшы,— деп Шелковников тартпадан екінші суретті шығарды. Мұнда Жалакин жалғыз түскен.

— Милицияға ұнаппын. Жалықпай түсіре беріпті.

— Алдыңыздағы бірінші суретке машинаның бұрынғы әйнегі алдында түскенсіз. Мұны үйіңізден таптық. Ал екінші сурет қазіргі машина әйнегі жанында түсірілген.

— Ерінбесе тағы түсіріп алсын!

— Енді оның қажеті жоқ, — деді Шелковников қара сиямен бұрыштап сызған үшінші суретті шығарып жатып. — Байқасаңыз, бұл суретте әйнектің тас тиіп шытынаған орны арасында үш жарым сантиметр айырма бар. Әрине, мұның бәрі желдік әйнектің қирағанын жасыру үшін жасаған әрекет екені айқын.

— Мұндай ертегіні естігім келмейді.

— Сізге фактіні көрсетіп отырмын.

— Мұндай қисық сызығыңнан хабарым жоқ. Сарапшың әдейі теріс түсіріп жүрген болар. Соның қатесіне ілесіп мені кісі қақты, кісі өлтірді жасамақсың. Адам тағдыры ойыншық сендерге. Түкке тұрмайтын қайдағы сызыққа қарап кісіні сызып, өшіріп тастағыларың келеді. Бұларың факті де, дәлел де емес.

— Фактіні мойындайсыз ба, жоқ па, өз ықтиярыңызда. Айтқандарыңыздың бәрін бұлжытпай жазып отырмын. Протоколға қол қоятыныңызды ұмытпаңыз. Кінәні мойындау жазаны жеңілдетеді. Кейін кеш қаласыз.

— Мұны кешеден бері айтып келесің. Қылмыс жасамасам несіне кеш қалам? Жазықсыз жанды ұстағаның үшін нағыз айыпты өзің боласың!

— Әзірге сұрақ-жауапты тоқтата тұрайық. Ойланыңыз. Сонан соң айтарсыз.

Тергеу жүргеніне біраз күн өткен. Шелковников қылмысты деп таныған ексуді бетпе-бет кездестірмесе де жауаптары ылғи бір ауыздан шыққандай дәлме-дәл шығып отырды. Олар сшқандай кісіні көрген де, қаққан да жоқ. Мұндай айып тағылғанына Банков қатты таңырқады.

— Қылмыс жасаған кісі осылай емін-еркін жүре ме екен? Сіз жаңылысып отырсыз. Тегі, кісі қаққан басқа біреулер болар, — деді.

— Арақ ішкендеріңізді жасырасыз ба?

— Қонаққа барғанымыз рас. Тойға барған соң...

— Сонан соң?

— Жайдары көңілмен ауылға тарттық.

— Тойға кім шақырды?

— Жалакиннің қазақ ағайыны. Өзім жақсы танымаймын. Мен атқосшы ретінде бардым.

— Сонда Жалакинді танымайсыз ба?

— Неге танымайын, ол менің қарындасымды алып отыр.

— Қайтар кезде машинаға отырып жатқанда қызу екендеріңізді білмеді ме?

— Бір қазақ шалы жолымызды кес-кестеп, “Әй, мына ноқайттарың жолда бірдемеге ұрынып қалып, жаласына қалып жүрерміз”,— деп жібергісі келмеді.

— Рульде қайсың отырдыңыз? Сіз бе?

Банков шошып кетті.

— Құдай сақтасын! Жалакиннің өзі отырған.

— Бұл сұраққа неге шошыдыңыз? Машина айдай білесіз.

Әлдс...

— Жай, біреудің машинасын жүргізуге әуес емеспін.

— Қай жолмен жүрдіңіздер?

— Төтесінен тарттық.

— Жайлаудан түсетін тіке жолмен бе?

— Иә.

— Азамат Банков, шындықты айтпай отырсыз.

— Неге олай дейсіз?

— Жайлаудан қайтқан күні қатты жауын жауды. Лайсан жолмен “Москвич” түгіл, ГАЗ-69 өте алмас еді. Сіздер Николаевканың үстін басып өтетін айналма жолмен жүрдіңіздер. Солай ма?

— Соны байқамаппын. Қай жолмен жүргенін Жалакиннің өзі жақсы біледі ғой.

— Оны сізден сұрап отырмын.

— Тауда жауын жауып тұрғанмен, село маңына келгенде күн ашық екенін білем.

— Жол үстінде машина нені соқты?

— Ондайын білмеймін.

— Желдік әйнек қалай қирады?

— Көрген емеспін.

— Әйнекті сол күні ауыстырдыңдар ма?

— Сұраған емеспін.

— Жалакинмен бетпе-бет жолыққыңыз келе ме?

— Көптен бері көргенім жоқ. Өзі аман ба?

— Оған кім тиюші еді? Дені сау, қуатты екенін қазір көресіз.

Аз уақыттан кейін милиционер Жалакинді алып келді. Ол отыра бергенде, Шелковников:

— Сіз Николаевканың жолымен жүрдік деп едіңіз. Банков басқаша айтады. Қайсына сенейік?— деді.

— Банков мас болатын. Жолды байқамаған. Қай жолмен жүрсек те сізге бәрібір емес пе?

— Айырма бар, азамат Жалакин. Екі село арасында машина аварияға ұшыраған. Кісі өлді.

Осы кезде Банковтың өңі құбылып, сұрланып кетті. Төмен карап, саусақтарын шыртылдатып үзе берді. Шелковников оған бұрыла түсіп:

— Азамат Банков, бірдеме айтқыңыз келді ме?— деді.

Банков басын шапшаң көтерді.

— Жо-оқ, құдай сақтасың, мен дәнене білмеймін.

— Ауырып отырсаңыз, дәрігер шақырайық.

— Қажыдым. Оңаша қалуға рұқсат етіңіз.

Жалакин еңсесін көтеріп, шиыршық атып, сөйлей жөнелді.

— Азамат тергеуші, сарапшы қорытындысы дәлелді. Желдік әйнекті ауыстырғаным рас,— дей бергенде, Шелковников милиционерді шақырып, Банковты алып кетуге бұйырды.

— Айта беріңіз.

— Болған істі несіне жасырам. Мойындаймын.

— Қашан ауыстырдыңыз?

— Өткен айдың аяқ кезінде.

— Дәлірек айтсақ.

— Жаңылмасам, жиырма бесі шығар деймін.

— Қалай қирады?

— Нәпсіге тойым бар ма? Жеңіл-жеңсік жүрістен тыйыла қойған жоқпын. Осында қаладан келген бір келіншекпен танысып едім. Соны қалаға апарып тастайын деп асығып бара жатқанымда, алдымнан қодығымен есектің шыға қалғаны. Соны қақпайын деп бұрыла бергенімде шарбаққа барып ұрындым. Желдік әйнек қирап түсті.

— Әйел қайда тұрады?

— Адресін білмеймін. Осында таныстым.

— Куәсіз жауап оңай. Әйткенмен сәтті қиыстырдыңыз. Сіз айтқан жерде машинаның апатқа ұшырағаны рас. Бірақ ол “Жигули” болатын. Бұл аңызды неге айтқаныңызды түсінем. Біріншіден, сарапшылардың қорытындысына қарсы шығу қиын. Бұлтартпайтын нағыз айғақ сол. Қайткенде сенімді себеп айту керек. Екіншіден, Банковтың әлгіндей құбылып шошынғанынан қатты сескендіңіз. Ойын бөлгіңіз келді. Мұның бәрі жарамсыз тәсіл, қылмысты бүркей алмайсыз.

— Қылмыскер деп танысаң, айыбымды мойныма қой. Құрғақ сөзді мен де көпіртіп айта аламын.

Осылай іштей арбасу, бір сарынды жауаппен тағы бір жеті өтті. Шелковников басқарма бастығына өзі телефон соқты. “Іс барысы қалай?” деген сұраққа:

— Жылжу жоқ. Баяғы қалпы, Әбен Ердәулетович,— деп қынжылғанын білдірді.

— Ал мен көп арыздың астында қалдым.

— Онда не жазады?

— Екеуіміз заңды бұзғанбыз. Жазықсыздар қамауда отыр. Бүкіл милиция жалған жолға түскен. Қанқор Трухин бостандықта жүр. Олай болу себебі — Трухин жерлес, ағайын. Тағысын тағылар.

— Мұның бәрі жалған!

— Жалған десек, дәлелдейік. Ал машинаға желдік әйнекті ауыстырып салған қылмыс емес, Василий Ефсеевич.

Шелковников ауыр күрсінді.

— Ұғамын.

— Бір сарынды қойылған сұраққа жауапкер үйреніп алады. Жауапты жаттағандай соғады. Адамның ішкі дүниесіне үңіліп, кісілік, адамгершілік тұрғысынан келіңіз. Сонда ісіңіз алға жылжиды.

Шелковников көп ойланды. Ол Жалакин мен Банковты қылмысты деп есептейді. Сонда тергеу ісінің тұйыққа тірелуі қалай? Әлде о баста істі дұрыс бастамай теріс желіге күрды ма? Екеуінің жауабы жіпке тізгендей бірдей шыға беретіні несі? Қайшылық таппауы қалай? Банковты Жалакинмен қатар қойып кінәлау дұрыс емес шығар. Жауап үстінде “Екі селоның арасында кісі өлді... Тірідей көміп тастады ма деп қорқам”,— дегенде, Банковтың рені бұзылды. Соншама абыржығаны қалай? Осы іске қатысы болған соң, шындықты айта алмай отыр ма?

Шелковников машинаны шақыртып алды да, село сыртындағы кең жазыққа бет алды. Тілек пен Трухин отырған шөмеленің қасына келді. Күні бойы сол маңды ұзақ кезіп шарлады. Оқиғаның қалай өріс алғанын шамамен тағы болжап өтті. Тілекті машина қаққаны даусыз. Денені алысқа алып кету себебі де сол. Мас адам өлікті көміп әурсленіп жатпайды. Одан құтылудың оңай жолын қарастырады. Сонда не істейді? Шыңырау құдыққа не суға тастайды. Тілектің денесін суға лақтырған. Бәлкім, ол өлмей есінен тана құлаған шығар?

Шелковников келген сәтте Банковты жауапқа шақырды. Кешегідей емес, Банковтың өңі сынық еді. Шелковников:

— Жауап алуға қарсы емессіз бе?— деді.

— Жок.

— Александр Кузьмич, тірі адамды суға қалай лақтырып жүрсіздер?— дегенде, Банков үнсіз бадырая қарап, көзі шарасынан шығып кетті. Әлден соң кеудесін кере кең тыныс алып:— Оны Жалакин айтты ма? Дымың ішінде болсын деп еді. Ақыры ары шыдатпаған екен де. Ойпырмай, шынымен кісі өлтірдік пе?— деп, екі алақанымен бетін басып отырып қалды.

— Айта беріңіз, тыңдап отырмын.

— Қалай кеш батса, таудан шыққан сол жаңғырық кұлағыма келеді. Түні бойы ұйықтай алмай шығам. Тергеуге, жауап алуға шақырса екен деп тілеймін. Сіз шақырғанда сөзге алданып, аздап тыныс алғандай болам, ауыр ойдан арылам.

— Жауап магнитофонға жазылады. Мұның бәрі қалай болды? Түгел айтып шығыңыз.

— Қайда жазсаңыз да мейлі. Тек үрей алған елестен құтылсам екен,— деп Банков сол бір түннің қайғылы оқиғасын айтып берді.

— Бірден мойындағанда мұндай күйге түсіп, қиналмас едіңіз.

— Жалакин жалғыз қарындасымды алып отыр. Одан басқа менде туыс жоқ. Әрі балалары жас. Күйеусіз әйелдің, әкесіз баланың күйі қалай болатыны мәлім. Соларды аядым.

— Суға тірідей тастаған Тілектің шешесі, туысы барын да ұмытпаңыз. Оларды да аяған жөн.

Банков үнсіз төмен қарады.

Келесі күні Жалакинді жауап алуға шақырды. Ол өзіне берік кісідей орындыққа нық отырды. Шелковников:

— Шындықты мойындайсыз ба?— дегенде, ол иығын қикаң сткізіп:

— Бскер ұстап отырсың. Мойындайтын қылмысым жоқ.

— Банковпен араларыңыз қандай?

— Ол — менің қайнағам, әйелімнің ағасы. Егіз қозыдай татумыз. Екі үйдің арасында жік жоқ.

— Сенемін. Ол да сізді қадірлейді. Оның мына сөзін тыңдап көріңізші,— деп магнитофон тетігін басып қалды. Банков сайрай жөнелді: “...Өй, мынауың шошқа емес, адам ғой! Біз кісіні қағып кетіппіз!.. Кісі өлтірдік. Құрыдық енді. Түрме түбінде шіритін болдық!..”

Жалакин жатып кеп тулады.

— Мұның сөзі жалған! Өтірік! Бұл шірікті жәбірлеп қорқытқансың! Жала жабуға күштегенсің! Мен кісі өлтіргем жоқ!— Жалакин подполковник Шелковников зекіп, қарсы дау айта ма дегендей сәл бөгелді. Шелковников Банковты алып келді.

Банков сынық, кінәлі түрмен:

— Сен, Виктор, өйтіп кісіні бекер даттама. Қылмыс үстіне қылмыс жалғап қайтесің. Ертең Талды өзенінің түбін сүзсе, өліктің денесі табылады. Біз тірі адамды суға тастадық.

— Өй, ит, сен не оттап тұрсың? Бүйтіп туыс болғанша құрып қал! Мені су түбіне кетіrmек екенсің ғой! Сен де жазадан құр қалмайсың. Екеулеп өлтірдік!

— Мейлі, сол жазасын алып тынайын. Арым таза болсын.

— Былшылдапсың!

* * *

Бұл өзі көп түйінді қиын іс еді. Милиция жұмысының тағы бір қиындығы қылмысты ашумен бірге, бұлтартпайтын айғақты дәлел табу керек. Тілектің денесі табылғанда ғана қылмыс айыпкердің мойнына қойылған болып есептеледі. Талды өзенінің табанын сүзіп шығу үшін Алматыдан әдейі сүңгігіштер шақырылды. Олар қайта-қайта өзенге түсіп, Талдының түбін кезді. Кісі денесі табылмады. Сүңгігіштер әр жолы тот басқан мылтық, жүзі қайрылған қылыш, шалшыққа көмілген пулемет алып шығады. Бұл 1920 жылдары атаман Анненков пен генерал Дутов Жетісу жерінен қашқан кезде қалған қанды күндердің ескерткіші еді...

Мамандар жиналып ақыл қосты. Салмағы кісі денесіне шамалас зат суға тасталды. Жалакин мен Банков көрсеткен жағадан екі шақырымдай барғанда су түбіне батып кетті. Сүңгігіштер сол жерге түскен кезде иірім түбінде жердің жарықшақ қуысында бүгіліп, бүрісіп қалған кісінің денесін тапты. Тілектің денесін жағаға алып шыққанда, Банков бетін басып жылап жіберді.

— Қандай қатыгез сорлы едік. Құрыдым ғой енді!

Шелковников естірте қысқа жауап қатты:

— Арақ түбі — азап!

Қадірлі оқырман!

Астанадағы мемлекеттік "Елорда" баспасы биылдан бастап қазақ әдебиетіндегі шытырман оқиғаларға құрылған шығармаларды оқырман қауымға кеңірек, жүйелірек таныстыру мақсатымен "Қазақ детективі" деген серия ашып отыр.

Міне осы игілікті істің, бағдарлы жүйенің алғашқы кітабы Кемел Тоқаев шығармаларынан құрастырылды. Өйткені кенжелеп дамыған бұл жанрдың қазақ әдебиетіндегі үлкен қайраткері осы К. Тоқаев еді. Артына мол әдеби мұра қалдырған жазушының шығармалары негізінен осы шытырман оқиғаларға құрылған, өзіндік өрнегі бар, оқырманын қызықтырып, еліктіріп отыратын туындылар болып келеді. Сөйтіп, ол туған әдебиетімізде детектив жанрының қалыптасып, дамуына көп үлес қосқан, шығармашылығы ешкімге ұқсамайтын, өзіне тән жазу мәнері бар дара қаламгерлеріміздің бірі ретінде белгілі болған.

"Түнде атылған оқ" аталған бұл кітапқа автордың мемлекет қауіпсіздігін қорғаушылар мен тәртіп сақшыларының қиын да қызықты өмірін баяндаған шығармалары енгізілді. "Сарғабанда болған оқиға", "Қастандық", "Түнде атылған оқ", "Таудағы жаңғырық" повестерінде еліміздің қауіпсіздігін, адамдардың тыныштығын қорғау жолында еңбек етіп жүрген сақшы қызметкерлердің Отан, халық алдындағы парыз-міндеттерін терең сезініп, күн-түн демай жан аямай жасаған табанды да жанкешті әрекеттері барынша шынайы суреттеледі.

Шығармадағы оқиғалардың бәрі де кеңестік кезеңді қамтығанымен кейіпкерлердің өз міндеттерін мінсіз атқарып, адалдық, әділдік, шындық жолындағы іс-қимыл-

дары табиғи көрініс беруі оқырманды баурап отырады. Сөйтіп олардан заман тынысы, уақыт шындығы көрініс береді.

Шығармалардың көркемдік құндылығы мен мән-маңызы да осы шынайылығында, ширақ, шымырлығында деп білеміз. Өйткені бұл туындылардағы әрбір штрих-детальдың дәлдігі, кейіпкер іс-әрекеттерінің шынайылығы мен образдарының толыққандылығы, көркемдік бояудың қапықтығы оқырманды иландырады.

Мұның өзі көркем шығарманың қай кезде де, қай заманда да ескірмейтінін, шынайы өнер ретінде оқырман жүрегіне жол таба білетінін көрсетсе керек.

Сондықтан жинаққа енген шығармаларды сол күйінде, еш өзгеріссіз, түзетусіз, түпнұсқа қалпын сақтай отырып ұсынғанды жөн көрдік.

Кітап редакторы.

МАЗМҰНЫ

Қастандық	3
Сарғабанда болған оқиға	139
Түнде атылған оқ	245
Таудағы жаңғырық	337

“Қазақ детективі” сериясы

Кемел ТОҚАЕВ

ТҮНДЕ АТЫЛҒАН ОҚ
Повестер

Кітаптың шығуына жауапты — **Т.С.Дуанбек**

Редакторы *Т.Мәмесейіт*
Техникалық редакторы *С.Бейсенова*
Корректоры *Г.Қуандықова*

ИБ № 418

Теруге 16.08.2007 ж. жіберілді. Басуға 20.09.2007 ж. қол қойылды.
Қалыбы 84x108^{1/32}. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі “Times”. Офсеттік
басылыс. Шартты баспа табағы 19,32. Есептік баспа табағы 21,0.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №2841.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат және мұрағат комитеті
“Елорда” баспасы, 010000 Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 87.
“Астана Полиграфия” акционерлік қоғамы,
010000, Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 87.

Елорда
2007

